

## Алғы сөз

---

Сатып алған SUBARU автокөлігіңіз құтты болсын. Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта SUBARU автокөлігіңізді тамаша күйінде ұстауға және пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті бүкіл ақпарат бар. Автокөлігіңіздің құрылымы мен жұмысын түсіну үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуға қадала кеңес береміз. Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта жоқ ақпаратты, мысалы, жөндеу немесе реттеу туралы мәліметтерді алу үшін өзіңіз автокөлік сатып алған SUBARU дилеріне немесе жақын жердегі SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

Осы нұсқаулықтағы ақпарат, техникалық сипаттамалар мен суреттер жариялау сәтінде өзекті болып табылады. SUBARU CORPORATION кез келген уақытта алдын ала хабарламастан және бұған дейін сатылған автокөліктерге дәл осындай немесе осыған ұқсас өзгертулер енгізу бойынша қандай да бір міндеттемені өзіне қабылдамастан техникалық сипаттамаларды және конструкцияны өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулық модельдің барлық модификацияларына қолданылады және зауытта орнатылатын опцияларды қоса алғанда автокөліктің бүкіл жабдықтарын қамтиды. Сондықтан кейбір түсіндірмелер сіздің автокөлігіңізде жоқ жабдыққа қатысты болуы мүмкін.

Автокөлікті өзге тұлғаға сатқан жағдайда осы нұсқаулықты оның ішінде қалдыруыңызды сұраймыз. Көліктің келесі иесіне мұнда қамтылған ақпарат қажет болады.

**ЕСКЕРТПЕ:** «SUBARU дилері» ұғымы SUBARU ресми дилерін және/немесе сервис орталығын білдіреді.


### SUBARU CORPORATION, ТОКИО, ЖАПОНИЯ

SUBARU және алты жұлдызды эмблема — SUBARU CORPORATION корпорациясының тіркелген сауда белгілері.

© SUBARU CORPORATION 2024



Осы нұсқаулықта автокөліктің келесі түрі сипатталады.



002206





## Мазмұны

<i>Кіріспе</i> .....	1	
<i>Суреті бар көрсеткіш</i> .....	23	
<i>Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары</i> .....	37	1-тарау
<i>Кілттер мен есіктер</i> .....	113	2-тарау
<i>Аспаптар мен басқару құралдары</i> .....	145	3-тарау
<i>Климат-контроль</i> .....	237	4-тарау
<i>Аудиожүйе</i> .....	251	5-тарау
<i>Салон жабдығы</i> .....	253	6-тарау
<i>Оталдыру және басқару</i> .....	273	7-тарау
<i>Көлік жүргізу бойынша кеңестер</i> .....	349	8-тарау
<i>Төтенше жағдайда</i> .....	365	9-тарау
<i>Автокөлікке күтім жасау</i> .....	395	10-тарау
<i>Техникалық қызмет көрсету</i> .....	403	11-тарау
<i>Сипаттамалар</i> .....	455	12-тарау
<i>Қосымша</i> .....	469	13-тарау
<i>Әліпбилік көрсеткіш</i> .....	521	14-тарау



● Кепілдіктер .....	2
● Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қалай пайдалану қажет .....	2
Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қолдану .....	2
Ескерту жазбалары .....	3
Қауіпсіздік белгісі .....	3
Қысқартулар тізімі .....	4
● Автокөлікте қолданылатын белгілер .....	4
● Көлік жүргізу кезіндегі сақтық шаралары .....	5
Қауіпсіздік белбеуі және қауіпсіздік жастығы .....	5
Балалардың қауіпсіздігі .....	5
Іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған газдары (көміртек монооксиді) .....	6
Алкоголь және көлік жүргізу .....	7
Дәрілік/есірткілік заттар және көлік жүргізу .....	7
Шаршаған және ұйқы келген күйде көлік жүргізу .....	7
Автокөлікті басқаша жабдықтау .....	8

Телефонды/мобильді телефонды пайдалану және көлік жүргізу .....	8
Навигация жүйесімен жабдықталған автокөлікті жүргізу .....	8
Үй жануарларын тасымалдау .....	8
Шиналардағы қысым .....	8
Аксессуарлар орнату .....	9
Автокөлікті басқару .....	9
● Жалпы мәлімет .....	11
Берілісті ауыстырып қосу индикаторы .....	11
● 2006/66/ЕО аккумулятор батареялары туралы ЕО директивасы .....	11
● e-BOXER жүйесінің сипаттамалары .....	12
Іштен жану қозғалтқышы мен электр қозғалтқышын тоқтату/оталдыру туралы жалпы мәлімет .....	12
Компоненттер .....	14
Сақтық шаралары .....	16
Жалпы мәлімет .....	18

### Кепілдіктер

Кепілдіктердің қолданылу шарттары мен есептен шығарылатын жағдайларды қоса алғанда, ұсынылатын кепілдіктер туралы бүкіл ақпарат «Кепілдік кітапшасында» берілген. Осы ақпаратпен мұқият танысып шығуыңызды өтінеміз.

### Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қалай пайдалану қажет

#### ■ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қолдану

Автокөлігіңізді пайдалануды бастамас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету және автокөлігіңіздің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін нұсқаулықта айтылған нұсқауларды орындаңыз. Осы нұсқауларды сақтамау ауыр жарақаттарға және автокөлігіңіздің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Осы нұсқаулық он төрт тараудан тұрады. Өр тараудың басында қысқаша мазмұны бар, оның көмегімен бұл тарауда сізді қызықтыратын ақпараттың бар-жоғы туралы түсінік алуыңызға болады.

#### Кіріспе

Бұл тарауда көлік жүргізуге кіріспес бұрын танысу қажет жалпы мәлімет келтірілген.

#### Суреті бар көрсеткіш

Бұл жерден автокөліктің көрнекі схемасын табасыз.

#### 1-тарау. Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары

Бұл тарауда орындық пен қауіпсіздік белбеуін пайдалану ережелері, сондай-ақ қауіпсіздік жастықтарына қатысты сақтық шаралары берілген.

#### 2-тарау. Кілттер мен есіктер

Бұл тарауда кілттерді, құлыптар мен өйнеккөтергіштерді пайдалану тәртібі келтірілген.

#### 3-тарау. Аспаптар мен басқару құралдары

Бұл тарауда аспаптар тақтасындағы сигнал және бақылау шамдарының сипаттамасы және бақылау-өлшеу құралдары мен ауыстырып қосқыштарды қолдану туралы нұсқаулар келтірілген.

#### 4-тарау. Климат-контроль

Бұл тарауда климаттық қондырғыны басқару туралы мәліметтер келтіріледі.

#### 5-тарау. Аудиожүйе

Бұл тарау автокөлігіңіздің аудиожүйесінің сипаттамасын қамтиды.

#### 6-тарау. Салон жабдығы

Бұл тарауда ішкі жабдықпен жұмыс істеу бойынша нұсқаулар келтіріледі.

#### 7-тарау. Оталдыру және басқару

Бұл тарауда автокөлігіңізді оталдыру тәртібі және оны басқару бойынша нұсқаулар сипатталған.

#### 8-тарау. Көлік жүргізу бойынша кеңестер

Бұл тарау әртүрлі жағдайларда автокөлікті жүргізу ерекшеліктері туралы ақпаратты және қауіпсіздік бойынша кеңестерді қамтиды.

#### 9-тарау. Төтенше жағдайда

Бұл тарауда шинаның тесілуі немесе қозғалтқыштың қызып кетуі секілді қиындықтар жағдайындағы әрекет ету тәртібі келтірілген.

#### 10-тарау. Автокөлікке күтім жасау

Бұл тарау автокөлігіңіздің сыртқы көрінісін қалай барынша жақсы сақтап отыру жолын айтып береді.

**11-тарау. Техникалық қызмет көрсету**

Бұл тарауда автокөлікке SUBARU сервис орталығында техникалық қызмет көрсету мерзімділігі және автокөлігіңіздің ақаусыз күйін сақтау туралы ақпарат берілген.

**12-тарау. Сипаттамалар**

Бұл жерде автокөліктің өлшемдері, сұйықтықтар құю көлемдері және өзге де деректер келтірілген.

**13-тарау. Қосымша**

Бұл тарауда кейбір елдер үшін міндетті болып табылатын қосымша ақпаратты табасыз.

**14-тарау. Әліпбилік көрсеткіш**

Қажетті ақпаратты іздеуді жеңілдету үшін осы нұсқаулықтағы барлық мәліметтің тізбесі осы тарауда әліпбилік тәртіппен келтірілген.

**EyeSight жүйесі туралы:**

EyeSight жүйесі туралы толық ақпаратты пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен бірге берілген EyeSight жүйесінің сипаттамасынан қараңыз.

Жинақтама нұсқаларының әртүрлі болуына байланысты суреттерде көрсетілген автокөлікпен сіздің автокөлігіңіздің арасында айырмашылықтар болуы мүмкін.

**■ Ескерту жазбалары**

Осы нұсқаулықта ЕСКЕРТУ, АБАЙЛАҢЫЗ және ЕСКЕРТПЕ жазбалары бірнеше рет кездеседі.

Бұл жазбалар сізге немесе басқа адамдарға жарақат келтіруі ықтимал қауіпті жағдайлар туралы ескертеді.

Автокөлігіңізді қалай қауіпсіз пайдалану қажеттігін жақсырақ білу үшін ескерту жазбаларының астында келтірілген ақпаратты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз.

**▲ ЕСКЕРТУ**


**ЕСКЕРТУ** жазбасы ескертуге мән бермесеңіз, ауыр жарақатқа немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін жағдайды білдіреді.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

**АБАЙЛАҢЫЗ** жазбасы егер осы жазбаны қаперге алмасаңыз, жарақатқа немесе автокөліктің зақымдануына немесе екеуіне де алып келуі мүмкін жағдайды білдіреді.

**ЕСКЕРТПЕ**

**ЕСКЕРТПЕ** жазбасы автокөлігіңізді барынша жақсы пайдалану жолы туралы ақпаратқа немесе ұсыныстарға қатысты.

**■ Қауіпсіздік белгісі**

Нұсқаулықта көлбеу сызықпен сызылған шеңбер кездесетін болады. Мәнмәтіңге байланысты бұл белгі «Тыйым салынады» немесе «Рұқсат етілмейді» дегенді білдіреді.

## 4 Автокөлікте қолданылатын белгілер

### ■ Қысқартулар тізімі

Нұсқаулықта қысқарған белгілеулер кездеседі. Қысқарған сөздердің мағынасы келесі тізімде келтірілген.

Қысқарту	Мағынасы
ABS	Тежегішті блоктау жүйесі
A/C	Кондиционер
ALR	Қауіпсіздік белбеуінің тартылып шығарылуын автоматты түрде бұғаттау құрылғысы
ALR/ELR	Қауіпсіздік белбеуінің тартылып шығарылуын автоматты түрде бұғаттау құрылғысы/апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеуінің тартқышы (ELR)
AVH	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы
AWD	Толық жетек
BSD	Көзден таса аймақтарды бақылау
CVT	Сатысыз беріліс қорабы
EBD	Тежеу күшін бөлудің электрондық жүйесі
ELR	Апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары (ELR)
EV	Электромобиль
GPS	Жаһандық позициялау жүйесі
HBA	Шалғай жарықты басқару көмекшісі
LCA	Қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісі
LED	Жарықдиод
LHD	Сол жағында орналасқан руль
MPW	Максималды рұқсат етілген масса
OBД	Борттық диагностика жүйесі

Қысқарту	Мағынасы
RAB	Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі
RCTA	Артқа жүру кезінде көлденең бағыттағы көлік құралына соқтығысу ықтималдығын ескерту жүйесі
MPAW артқы оське	Артқы оське түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме
RHD	Оң жағында орналасқан руль
RON	Зерттеу әдісімен анықталған октан саны
SI-DRIVE	Интеллектуалды жетек (SUBARU Intelligent Drive)
SRH	Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру (бейімделетін жарық)
SRS	Қосымша бекіту жүйесі (Supplemental restraint system)
SRVD	Автокөліктердің артқы жақтан жақындағанын анықтау (Subaru Rear Vehicle Detection)
TPMS	Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

### Автокөлікте қолданылатын белгілер

Мұндай белгілерді автокөлігіңізден көре аласыз.

Сигнал және бақылау шамдарының сипаттамасын 34-беттегі «Сигнал және бақылау шамдары» бөлімінен қараңыз.

Белгі	Мағынасы
	ЕСКЕРТУ
	АБАЙЛАҢИЗ
	Осы нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз
	Қорғаныс көзілдірігін киіңіз
	Аккумулятор батареясы электролитінің құрамында күкірт қышқылы бар
	Балалардан сақтаңыз!
	Оттан қорғаңыз!
	Жарылу қаупі бар!

## Көлік жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

### ■ Қауіпсіздік белбеуі және қауіпсіздік жастығы

#### ЕСКЕРТУ

- Автокөліктегі барлық адам автокөлік қозғалысы басталғанға **ДЕЙІН** қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек. Әйтпесе күрт тежеу кезінде немесе апат орын алғанда ауыр жарақат алу қаупі артады.
  - Жол-көлік оқиғасы жағдайында максималды қорғанысты қамтамасыз ету үшін жүргізуші және барлық жолаушылар автокөлік ішінде отырғанда қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс. Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерін тағу қажеттігінің орнын баспайды. Қауіпсіздік белбеулерімен бірге қауіпсіздік жастықтары ауыр жол-көлік оқиғасы кезінде оңтайлы қорғанысты қамтамасыз етеді.
- Қауіпсіздік белбеулерін тағу қажеттігін елемей, тіпті автокөлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, апат кезінде ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін арттырады.

- Қауіпсіздік жастығы өте тез және үлкен күшпен ашылады. Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс жайғаспау салдары қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығы ашылуы үшін орын жеткілікті болуы қажет, сондықтан жүргізуші рульден мүмкіндігінше алыс, бірақ сонымен бірге автокөлікті толық бақылауды сақтай отырып, орындықтың арқалығына сүйеніп, әрдайым тік күйде отыруы керек. Алдыңғы жолаушы орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытуы керек және орындықтың арқалығына сүйеніп тік отыруы қажет.

Нұсқаулармен және сақтық шараларымен танысу үшін келесі бөлімдерді мұқият оқып шығыңыз:

- Қауіпсіздік белбеулері жүйесіне қатысты «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімін қараңыз, ☎50-б.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты «Қауіпсіздік жастықтары» бөлімін қараңыз, ☎82-б.

### ■ Балалардың қауіпсіздігі

#### ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде балаларды тізеге отырғызуға немесе қолға ұстауға рұқсат етілмейді. Апат орын алғанда жолаушы баланы жарақаттан сақтай алмайды, өйткені бала жолаушы мен автокөлік

салонындағы басқа заттар арасында қысылып қалады.

- **SUBARU БАРЛЫҚ** нәрестелер мен үлкенірек балаларды (соның ішінде бала бекіту құрылғысындағыларды) **АРТҚЫ** орындықта тасымалдауды ұсынады. Олардың қалпы жасы, бойы және салмағы есепке алына отырып немесе сәйкес бала бекіту құрылғысында немесе автокөліктің қауіпсіздік белбеуімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін. Бұл жағдай әсіресе оған белбеу тағылмаса немесе дұрыс тағылмаса орын алады. Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қаупі жоғары болады. Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар өлдеқайда аз жарақат алады. Бала бекіту құрылғыларына қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде көлтірілген, ☎62-б.



Ескертуші жапсырма  
А AIRBAG

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс бағытына қарсы бағытталған бала бекіту құрылғысын алдында БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ бар орындыққа орнатуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ, себебі бұл баланың ӨЛІМІНЕ немесе АУЫР ЖАРАҚАТТАНУЫНА әкелуі мүмкін.
- Егер бала артқы орындықта отырса, міндетті түрде балалар құлпының ажыратқышын LOCK күйіне ауыстырыңыз. Егер бала кездейсоқ есікті ашып, жолаушылар есігінің жақын арада алуы мүмкін. «Балалар құлпы» бөлімін қараңыз, ☎137-6.
- Егер сіз балаларды автокөлікте алып жүрсеңіз, жолаушылар есігінің өйнеккөтергіштерін жауып тастаңыз. Әйтпесе электр өйнеккөтергішті пайдаланған кезде бала жарақат алуы мүмкін. «Өйнеккөтергіштер» бөлімін қараңыз, ☎137-6.
- Балаларды, ересектерді немесе жануарларды автокөлікте қараусыз қалдырушы болмаңыз. Олардың кездейсоқ іс-әрекеттері автокөлікті қозғалысқа келтіріп, салдарынан олар өздері немесе айналасындағылар жарақат алып қалуы мүмкін. Бұдан басқа, ыстық немесе шуақты күндері жабық автокөліктегі температура жылу соққысына немесе өлімге алып келуі мүмкін.
- Автокөліктен шығып бара жатып, барлық өйнектерді көтеріңіз және ескітерді құлыптаңыз.

Нұсқаулармен және сақтық шараларымен танысу үшін келесі бөлімдерді мұқият оқып шығыңыз:

- Қауіпсіздік белбеулері жүйесіне қатысты «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімін қараңыз, ☎50-6.
- Бала бекіту құрылғыларына қатысты «Бала бекіту құрылғылары» бөлімін қараңыз, ☎62-6.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты «Қауіпсіздік жастықтары» бөлімін қараңыз, ☎82-6.

### ■ Іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған газдары (көміртек монооксиді)

#### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Ешбір жағдайда іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған газдарымен тыныстамаңыз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында түсі де, иісі де жоқ көміртек монооксиді (иіс газы) болады, онымен тыныстау өте қауіпті, тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Кез келген жағдайда қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының автокөлік ішіне кіруіне жол бермеңіз.
- Сыртқа шығып кету немесе ішке кіру үшін қажетті қысқа уақыт аралығын қоспағанда, жабық үй-жайда, мысалы, көлікжайдың ішінде қозғалтқышты жұмыс істетіп қалдыруға тыйым салынады.



- е-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрғанда тұраққа қойылған автокөлік ішінде ұзақ уақыт болмаңыз. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөлік ішіне сырттан ауаның кіруін қамтамасыз ету үшін желдеткішті қолданыңыз.
- Желдеткіштің ауа қармайтын торын міндетті түрде қардан, жапырақтардан немесе желдету жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне басқа да кедергілерден босатыңыз.
- Пайдаланылған газдардың автокөлік ішіне кіріп жатқанын байқасаңыз, себебін анықтаңыз және оны мүмкіндігінше тезірек түзеңіз. Егер осындай жағдайларда қозғалысты жалғастыруға тура келсе, міндетті түрде барлық әйнектерді түсіріңіз.
- Пайдаланылған газдардың автокөлік ішіне кіруіне жол бермеу үшін қозғалыс кезінде жүксалғыш бөлімнің қақпағы жабық болуы тиіс.

## ■ Алкоголь және көлік жүргізу

### ЕСКЕРТУ

Алкоголь тұтынғаннан кейін көлік жүргізу өте қауіпті. Қан құрамында алкогольдің болуы реакцияны баялатады және қабылдауды, бағалау қабілетін және зейінді нашарлатады. Тіпті мүлдем аз ішкен болсаңыз да, егер алкоголь тұтынғаннан кейін көлік тізгініне отыратын болсаңыз, бұл күрделі немесе өмірге қауіпті апатқа ұшырау, өзіңізді, жолаушыларыңызды және басқаларды жарақаттап немесе жазым етіп алу қаупін

арттырады. Сонымен бірге егер апат кезінде жарақат алсаңыз, алкоголь бұл жарақат салдарының ауырлығын күшейтуі мүмкін. Алкогольді ішімдіктерді тұтынғаннан кейін көлік тізгініне отырмаңыз.

Алкогольден мас күйінде көлік жүргізу — жоп-көлік оқиғаларының ең жиі кездесетін себебі. Алкоголь барлық адамдарға әртүрлі әсер ететін болғандықтан, тіпті қаныңыздың құрамындағы алкоголь деңгейі заңда рұқсат етілген нормадан төмен болса да, ішілген алкоголь мөлшері автокөлікті қауіпсіз басқару үшін тым көп болып шығуы мүмкін. Ең үздік ереже — ешқашан алкоголь тұтынғаннан кейін көлік тізгініне отырмау.

## ■ Дәрілік/есірткілік заттар және көлік жүргізу

### ЕСКЕРТУ

Реакцияңызды баяулатуы және қабылдауыңызды, бағалау қабілетіңіз бен зейініңізді нашарлатуы мүмкін бірқатар препараттар (рецептсіз де, рецептпен де сатылатын) бар. Егер мұндай құралдарды қабылдағаннан кейін көлік тізгініне отырсаңыз, бұл өзіңіз, жолаушыларыңыз және өзге тұлғалар үшін ауыр немесе өмірге қауіпті апатқа ұшырау қаупін арттыруы мүмкін.

Егер қандай да бір дәрілер қабылдап жүрсеңіз, дәрі-дәрмекті қабылдау автокөлікті басқару қабілетіңізге қалай әсер етуі мүмкін екені туралы дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесіңіз немесе қолдану бойынша нұсқаулықтан оқып алыңыз. Ұйқышылдыққа алып келуі немесе автокөлікті қауіпсіз басқару қабілетіңізге басқаша әсер етуі мүмкін дәрі-дәрмектерді қабылдағаннан кейін көлік тізгініне отырмаңыз. Егер есірткілік әсері бар дәрілерді қабылдауды қажет ететін ауруыңыз бар болса, дәрігермен кеңесіп алыңыз.

Ес-түсіңізді өзгертетін қандай да бір тыйым салынған препараттың әсерінде болсаңыз, ешбір жағдайда көлік тізгініне отырушы болмаңыз. Өз денсаулығыңыз бен амандығыңыз үшін тыйым салынған есірткілік заттарды мүлдем қабылдамауға және егер оларға тәуелді болсаңыз, емдеу мекемелеріне жүгінуге кеңес береміз.

## ■ Шаршаған және ұйқы келген күйде көлік жүргізу

### ЕСКЕРТУ

Шаршаған немесе ұйқыңыз келіп тұрған кезде сіздің реакцияңыз баяулайды, ал қабылдауыңыз, бағалау қабілетіңіз бен зейініңіз бұзылады. Егер шаршаған немесе ұйқыңыз келіп тұрған кезде көлік жүргізіп келе жатсаңыз, ауыр немесе өмірге қауіпті апатқа ұшырау қаупі өлдеқайда ұлғаяды.

Қозғалысты доғарыңыз, автокөлікті тынығуға немесе ұйықтауға арналған қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Ұзақ сапарлар кезінде сапарды жалғастырар алдында сергек күйіңізді қалпына келтіру мақсатында мезгіл-мезгілімен тынығып алу үшін аялдап отыру қажет. Мүмкіндігінше автокөлікті басқа жүргізушімен кезектесіп басқарыңыз.

### ■ Автокөлікті басқаша жабдықтау

#### ЕСКЕРТУ

SUBARU түпнұсқа навигация жүйесін немесе аудиожүйесін шешіп алмаңыз. Бұл келесі компоненттер мен функциялардың жұмыс істемей қалуына әкелуі мүмкін:

- Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды)
- Көмекші сызықтары бар артқы жақ көрінісінің көрсетілуі
- Автокөлік баптаулары
- Климат-контроль
- Сағат

#### АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті басқаша жабдықтауға рұқсат етілмейді. Басқаша жабдықтау автокөліктің жұмысына, қауіпсіздікке немесе ұзаққа жарамдылығына әсер етуі және тіпті автокөлікке қойылатын заңнама талаптарын бұзуы мүмкін. Сонымен бірге кепілдіктер басқаша жабдықтаудың салдарынан зақымдалуға

немесе жұмыстың бұзылуына қолданылмауы мүмкін.

### ■ Телефонды/мобильді телефонды пайдалану және көлік жүргізу

#### АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік жүргізу кезінде автокөліктегі телефонды/мобильді телефонды пайдаланбаңыз; бұл сіздің зейініңізді автокөлікті басқарудан басқаға бұруы және апатқа алып келуі мүмкін. Егер автокөлікте телефонды/мобильді телефонды пайдалану қажет болса, телефонды қолданбас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Кей елдерде заңда көлік жүргізу кезінде тек дауысты байланыс режимінде дауыспен теру функциясы бар телефондарды ғана пайдалануға рұқсат етілген.

### ■ Навигация жүйесімен жабдықталған автокөлікті жүргізу

#### ЕСКЕРТУ

Дисплейдегі кескін сіздің зейініңізді автокөлікті басқарудан бұрмауы тиіс. Сонымен бірге көлік жүргізу кезінде навигация жүйесін басқаруға рұқсат етілмейді. Зейіңді көлік жүргізуден басқаға бұру жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін. Егер навигация жүйесінің басқару құралдарын пайдалану қажет

болса, алдымен автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып алыңыз.

### ■ Үй жануарларын тасымалдау

Жануарларды тасымалдау кезінде олар назарыңызды алаңдатпауы және автокөлік жүргізуге кедергі келтірмеуі керек. Автокөлік соқтығысқан немесе құрт тоқтаған жағдайда, жануарлар немесе жануарлар салынған бекітілмеген торлар салон ішінде қозғалатын болса, сізге, автокөлігіңіздегі жолаушыларға жарақат келтіруі мүмкін. Сонымен бірге мұндай жағдайларда тасымалданатын жануарлар да зардап шегуі мүмкін. Сондықтан жануарлардың қауіпсіздігі үшін тиісті шаралар қолданыңыз. Үй жануарыңызды қауіпсіздік белбеуінің көмегімен артқы орындыққа бекітуге болатын арнайы тасымалдау қарғысымен бекітіңіз. Немесе жануарларды тасымалдауға арналған контейнерді қолданыңыз, оны артқы орындыққа бекітіп, қауіпсіздік белбеуін контейнердің тасымалдау тұтқасынан өткізіңіз. Жануарларды немесе олар салынған контейнерлерді алдыңғы жолаушы орындығында тасымалдаушы болмаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін ветеринарға, жергілікті жануарларды қорғау қоғамына немесе зоодүкенге хабарласыңыз.

### ■ Шиналардағы қысым

Айына кемінде бір рет, сондай-ақ әрбір ұзақ сапардың алдында әрбір шинадағы қысымды тексеріңіз. Қажет болған жағдайда қысымды нормаға келтіріңіз.

Қысымды салқын шиналарда тексеріңіз. Қысымды автокөліктегі арнайы жапсырмада көрсетілген мәндерге сәйкес келтіру үшін

манометрді пайдаланыңыз. Толық ақпаратты «Шиналар мен дөңгелек дискілері» бөлімінен қараңыз, ☎428-6.

### ЕСКЕРТУ

Шиналардағы қысымның едәуір төмендеуі кезінде жоғары жылдамдықпен қозғалу шиналардың қатты деформациялануына және олардың тез қызуына әкелуі мүмкін. Температураның күрт өсуінен протектор қабыршақтануы және шиналар бұзылуы мүмкін. Нәтижесінде көлікті басқаруды жоғалту жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.

### ■ Аксессуарлар орнату

### ЕСКЕРТУ

- Алдыңғы әйнекке қандай да бір аксессуар, жапсырма немесе заттаңба бекітпеңіз (тиісті түрде орнатылған сервистік жапсырмалардан өзге). Мұндай заттар көрініске кедергі келтіруі мүмкін.
- Егер алдыңғы әйнекке қандай да бір аксессуар (мысалы, транспондер немесе өткізу құжатын) бекіту қажет болса, оңтайлы орналастыруға қатысты SUBARU дилерімен кеңесіп алуды ұсынамыз.

- Деректерді беру ағытпасына (OBD II диагностикалық ағытпасына) қандай да бір рұқсат етілмеген құрылғыны жалғамаңыз. Бұл ағытпа тек ресми сервис орталықтарының техникалық персоналы қолданатын тиісті диагностикалық тестермен байланысқа ғана арналған. Рұқсат етілмеген құрылғыларды, мысалы, жүргізушінің іс-әрекетін қадағалау құрылғысын қосу автокөлік жүйелерінің, соның ішінде қауіпсіздік жүйелерінің жұмысына кері әсер етуі немесе бөгде адамдарға сіздің автокөлігіңіздің жадындағы деректерге қол жеткізуге мүмкіндік беруі мүмкін. Рұқсат етілмеген құрылғыларды қосу күтпеген бұзылуларға, мысалы, аккумулятор батареясының разрядталуына алып келуі немесе автокөлік жүйесін зақымдауы мүмкін. Өндірушінің кепілдігі рұқсат етілмеген құрылғыны деректерді беру ағытпасына жалғаудың салдарынан қандай да бір компоненттің ақауға ұшырау жағдайларына қолданылмайды.

### ■ Автокөлікті басқару

### ▼ Автокөліктен түспес бұрын

### АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің құлыпталғанына көз жеткізіңіз және қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен алыңыз.

Айдап әкету ықтималдығынан өзге вандализм, автокөлікке шпиондық электрондық құрылғылар орнату немесе болжанбаған қиындықтар тудыра алатын өзге де араласулар қаупі бар.

### ▼ Кілт нөмірі бар тілімшені сақтау

### ЕСКЕРТПЕ

- Кілт нөмірі автокөлікті жөндеткен немесе қосалқы қашықтан ашу салпыншағына тапсырыс берген кезде қажет болады. Ойылып жазылған кілт нөмірі бар тілімше жоғалған жағдайда қосалқы қашықтан ашу салпыншағына тапсырыс бере алмайсыз. Кілт нөмірі бар тілімшенің ұрлануына жол бермеу үшін оны автокөлік ішінде қалдырмаңыз, сенімді жерде сақтаңыз. «Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі» бөлімін қараңыз, ☎114-6.
- Кілт жоғалған жағдайда айдап әкетудің алдын алу үшін жоғалған қашықтан ашу салпыншағының тіркелуінің күшін жоюға кеңес береміз. Тек SUBARU дилері ғана қашықтан ашу салпыншағының тіркелуінің күшін жоя алады. SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз. «Жаңа кілт жасау» бөлімін қараңыз, ☎128-6.

▼ Автокөлікті басқаша жабдықтау

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Автокөлік конструкциясына, электр сымдар жүйесіне компоненттер орнатпаңыз, сатудан кейінгі өзгерістер енгізбеңіз және осы автокөлік үшін қарастырылмаған өзге де жұмыстарды жүргізбеңіз.
- SUBARU түпнұсқа өнімдері болып табылмайтын болса, автокөліктің электр сымдар жүйесіне немесе ағытпаларына аксессуарлар жалғамаңыз. SUBARU автокөлігіне кепілдік автокөлікке көрсетілгендерден өзге өнімдерді жалғаудың нәтижесінде туындаған ақаулықтарға қолданылмайды.
- SUBARU түпнұсқа өнімдері болып табылмайтын компоненттерді орнату заңнама талаптарын бұзуы мүмкін. Автокөлігіңізге заңды түрде орнатуыңызға болатын компоненттерге (шиналар, дөңгелек дискілері, бәсеңдеткіштер және т.б.) қатысты SUBARU дилерімен кеңесіңіз.

▼ Құрылғылар орнату

**▲ ЕСКЕРТУ**

Автокөлікке немесе нақты бір ағытпаға арналмаған құрылғыларды жалғау автокөлік жүйесіне кері әсер етуі немесе қосымша аккумулятор батареясының разрядталуына алып келуі мүмкін. Бұл сондай-ақ жеке деректердің жылыстауына немесе автокөлікті рұқсатсыз қашықтан басқаруға алып келуі және болжанбаған қиындықтар тудыруы мүмкін. Өндірушінің кепілдігі автокөлікте қолдануға арналмаған құрылғыларды жалғаудан туындаған кез келген қиындыққа қолданылмайды. SUBARU компаниясы сондай-ақ кез келген мұндай қиындық үшін жауапкершілік көтермейді.

- Автокөліктің диагностикалық ағытпасын тек тексеру және техникалық қызмет көрсету мақсатында борттық диагностика жүйесімен (OBD II) деректер алмасу үшін ғана қолдану қажет.
- USB ағытпасын тек автокөлікпен деректер алмасу және құрылғыларды зарядтау үшін ғана пайдаланыңыз.

▼ Күдікті құрылғымен жасалатын іс-әрекет

**▲ ЕСКЕРТУ**

Егер автокөлігіңізде орнатылған күдікті электрондық құрылғы табылса, дереу оны алып тастаңыз және SUBARU дилерінің кеңесін алыңыз. Өндіруші кепілдігі күдікті құрылғыны жалғаумен байланысты кез келген қиындыққа қолданылмайды. SUBARU компаниясы сондай-ақ кез келген мұндай қиындық үшін жауапкершілік көтермейді.

▼ Жеке деректерді автокөліктен өшіру

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Автокөлігіңізді сатқан жағдайда міндетті түрде өз жеке ақпаратыңызды автокөлікте тіркелген кез келген деректерді өшіру жолымен қорғаңыз. Зауыттық баптауларды қалпына келтіру туралы толық ақпаратты навигация жүйесі мен аудиожүйеге қатысты пайдалану нұсқалығының қосымшасынан оқыңыз.

Қайта баптау кезінде жеке ақпараттың толық жойылмайтынын қаперге алыңыз. Автокөліктен жеке деректеріңізді толық өшіру үшін SUBARU дилеріне жүгініңіз.

## Жалпы мәлімет

- Берілісті ауыстырып қосу индикаторы

### АБАЙЛАҢЫЗ

Берілісті ауыстырып қосу индикациясы тек анағұрлым үнемді жүру режиміне арналған ұсыныс қызметін ғана атқарады. Индикатор жүргізушіге қауіпсіз ауыстырып қосу сәтін көрсетпейді. Жүргізуші берілістерді ауыстырып қосу жол жағдайына және қозғалыс жағдайларына (мысалы, басып озу немесе өрге шығу кезінде) сәйкес болуы үшін жауапты болады.

Бұл индикатор жүргізушіге автокөлікті барынша үнемді жүргізуге көмектеседі. Автокөлік жүйесі қозғалыс жағдайларына байланысты берілістерді ауыстырып қосу сәтін анықтайды және жүргізушіге аспаптар тақтасындағы индикатор көмегімен хабарлайды. Толық ақпаратты «Берілісті ауыстырып қосу индикаторы» бөлімінен қараңыз, ☎287-б.

## ЕСКЕРТПЕ

Әдетте берілісті ауыстырып қосу индикаторы көлікті барынша үнемді жүргізу үшін ұсыныстар береді, оған қоса иінді білік төменгі жиілікте айналғанда қозғалтқыштың тоқтауына жол бермейді.

## 2006/66/ЕО аккумулятор батареялары туралы ЕО директивасы


Төменде 2006/66/ЕО аккумулятор батареялары туралы ЕО директивасынан алынған таңба келтірілген.

Бұл Директива аккумулятор батареялары мен қуат элементтерін кәдеге жаратуға, оларды қайта өңдеуге қолданылады, сондай-ақ оларды көму арқылы кәдеге жаратуға тыйым салады, себебі олар қоршаған ортаға қауіп төндіреді.

Автокөлігіңіздегі кейбір қуат көздерінде 2006/66/ЕО аккумулятор батареялары туралы ЕО директивасына сәйкес таңба жоқ.

Қуат элементтері мен аккумулятор батареяларын кәдеге жаратуға қатысты жергілікті заңдармен және ережелермен танысыңыз.

Келесі құрылғыларда жоғарыда көрсетілген таңба жоқ қуат элементі қолданылады.



- Қашықтықтан ашу салпыншақтары: CR2032

### e-BOXER жүйесінің сипаттамалары

#### ЕСКЕРТУ

e-BOXER жүйесінің кейбір компоненттерінде (мысалы: жоғары вольтті аккумулятор батареясы, электр қозғалтқышы және т.б.) жоғары кернеу болады. Жарақат алудан немесе кісі өлімінен сақтану үшін келесі сипаттамаларды мұқият оқып шығыңыз.

Автокөлігіңіз e-BOXER жүйесімен жабдықталған. e-BOXER жүйесіндегі негізгі энергия көзі іштен жану қозғалтқышы болып табылады, ал электр қозғалтқышы мән-жайларға байланысты көмекші жетек функциясын атқарады. Іштен жану қозғалтқышы мен электр қозғалтқышының өзара әрекеттесуін басқарудың арқасында жақсырақ отын үнемділігімен және зиянды шығарындылардың төмендетілуімен бірге жоғары қуатқа қол жеткізіледі.

#### ■ Іштен жану қозғалтқышы мен электр қозғалтқышын тоқтату/оталдыру туралы жалпы мәлімет

#### ЕСКЕРТПЕ

e-BOXER жүйесін іске қосу тәртібі туралы толық ақпаратты «e-BOXER жүйесін іске қосу және өшіру» бөлімінен оқыңыз, ☎279-6.

Іштен жану қозғалтқышы автокөліктің күйіне байланысты автоматты түрде өшіріледі және оталады.

#### Оталдырған кезде:

Іштен жану қозғалтқышы автокөлік орыннан қозғалған кезде қолданылады. Алайда акселератор педалі тек жеңіл басылып тұрған кезде іштен жану қозғалтқышы өшірулі күйінде қалуы мүмкін, ал автокөліктің орыннан қозғалуы электр қозғалтқышының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

#### Жылдамдықты бірте-бірте үдеткенде немесе тұрақты жылдамдықпен қозғалғанда:

- Автокөлік жылдамдығы 40 км/сағ (25 миля/сағ) шамасынан төмен болғанда қозғалысқа тек электр қозғалтқышының энергиясы қолданыла алады. Алайда артқы жүріспен жүргенде іштен жану қозғалтқышы автокөліктің алға жүруімен салыстырғанда әлдеқайда төмен жылдамдықта іске қосылады.
- Егер автокөлік жылдамдығы 40 км/сағ (25 миля/сағ) құраса және одан жоғары болса, электр қозғалтқышының энергиясын іштен жану қозғалтқышының энергиясын толықтырады. Алайда өрге қарай көтерілгенде, тек іштен жану қозғалтқышының қуатын ғана пайдаланып қозғалу тиімдірек болса, электр қозғалтқышы жұмыс істемейуі мүмкін.

#### Жылдамдықты күрт үдеткенде:

Электр қозғалтқышының энергиясы іштен жану қозғалтқышының энергиясын толықтырады.

#### Артынан жылдамдықты үдететін электрлік тарту күшімен қозғалғанда:

Іштен жану қозғалтқышы іске қосылады және электр қозғалтқышының энергиясы іштен жану қозғалтқышының энергиясымен толықтырылады.

#### Тежелгенде:

Іштен жану қозғалтқышы өшеді. Электр қозғалтқышы дөңгелектердің айналуын жоғары вольтті аккумулятор батареясын қосымша зарядтау үшін пайдаланатын генератор ретінде жұмыс істейді (рекуперациялық тежеу).

#### Автокөлік қозғалыссыз тұрғанда:

Іштен жану қозғалтқышы уақытша өшеді. Жағдайларға байланысты бұл толық тоқтағанға дейін де орын алуы мүмкін.

#### Электр қозғалтқышы жұмыс істемей тұрған кезде іштен жану қозғалтқышының автоматты түрде өшуі орын алмайды:

Келесі жағдайларда электр қозғалтқышы жұмыс істемейді, ал іштен жану қозғалтқышының автоматты түрде өшуі орын алмайды:

- Іштен жану қозғалтқышы жеткілікті деңгейде қызбаған.
- Check Engine шамы жанып тұр.
- Егер климаттық қондырғы жұмыс істеп тұрса, ал берілген температура мен салон ішіндегі температураның айырмашылығы елеулі болса.
- Егер климаттық қондырғы желдеткіштің жоғары жылдамдығымен жұмыс істеп тұрса.

- Ауаның жоғары ылғалдығы (мысалы, жаңбыр кезінде).
- Егер «**EV**» ауаны үлестіру режимі қосылған болса.<sup>1</sup>
- Жоғары вольтті аккумулятор батареясының заряды төмен.
- Жоғары вольтті аккумулятор батареясының температурасы жоғары немесе төмен.
- Стартерлік аккумулятор батареясының қанағаттанарлықсыз күйі.
- Стартерлік аккумулятор батареясының температурасы жоғары немесе төмен.
- CVT жұмыс сұйықтығының температурасы жоғары немесе төмен.
- Автокөлік тік беткейде тұр.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған (автокөлік қозғалыссыз тұрғанда).
- Жүргізуші есігі ашық (автокөлік қозғалыссыз тұрғанда).
- Капот ашық.

Келесі жағдайларда автокөліктің қозғалысы тек электрлік тарту күшімен ғана жүзеге асырылмайды:

- Селектор тұтқасы M күйінде тұр немесе қалақша ауыстырып қосқыш іске қосылып жатыр.<sup>2</sup>
- SI-DRIVE спорттық режимде (S).<sup>3</sup>

Электр қозғалтқышы жұмыс істемей тұратын, ал іштен жану қозғалтқышын автоматты түрде өшіру автокөліктің күйін есепке алғанда орын алмайтын өзге де жағдайлар болуы мүмкін.


<sup>1</sup>: Толық ақпаратты «Қырауды еріту» бөлімінен қараңыз, 246-б.

<sup>2</sup>: Толық ақпаратты «Қолмен басқару режимін таңдау» бөлімінен қараңыз, 287-б.

<sup>3</sup>: Толық ақпаратты «SI-DRIVE» бөлімінен қараңыз, 290-б.

## ЕСКЕРТПЕ

Электр қозғалтқышы жағдайларға байланысты және жүру режиміне тәуелсіз (селектор тұтқасы P не N күйінде тұрған жағдайларды қоспағанда) іштен жану қозғалтқышымен бірге жұмыс істейді.



Электрлік тарту күшімен қозғалу режимінің бақылау шамы (EV)

Егер іштен жану қозғалтқышы жүйе тарапынан уақытша өшірілетін болса, аспаптар тақтасында электрлік тарту күшімен қозғалу режимінің бақылау шамы (EV) жанады. Жүйе іштен жану қозғалтқышын іске қосқан кезде бұл бақылау шамы сөнеді.

## ЕСКЕРТПЕ

- Іштен жану қозғалтқышының 12 В күшті стартерлік батареясы арнайы сипаттамаларға ие.

Аккумулятор батареясын ауыстырғанда міндетті түрде e-BOXER жүйесімен жабдықталған, автокөлікте пайдалану үшін әзірленген SUBARU түпнұсқа

(немесе онымен бірдей) аккумулятор батареясын пайдаланыңыз. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Келесі жағдайларда іштен жану қозғалтқышын өшіру/оталдыру функциясын жүзеге асыру үшін біршама уақыт қажет болуы мүмкін:
  - 12 В аккумулятор батареясы және/немесе 12 В стартерлік батарея автокөліктің ұзақ уақыт бойы пайдаланылмауына немесе басқа себептерге байланысты разрядталған жағдайда.
  - Сыртқы температура өте жоғары немесе өте төмен болғанда.
  - 12 В қосымша аккумулятор батареясының және/немесе 12 В стартерлік батареяның клеммалары батареяны ауыстырғаннан кейін қайта жалғанған кезде.
- Сонымен бірге келесі жағдайларда жүйенің қозғалтқышты уақытша тоқтатуының ұзақтығы қысқа болуы мүмкін:
  - Жоғары немесе төмен сыртқы температурада (климаттық қондырғының берілген температураны ұстап тұра алмауына байланысты).

## 14 e-BOXER жүйесінің сипаттамалары

- Жабдық электр энергиясын жоғары деңгейде тұтынып жатқанда.


### **⚠ ЕСКЕРТУ**

Тек электрлік тарту күшімен қозғалған кезде іштен жану қозғалтқышының дыбысы болмайды. Сондықтан айналадағылардың автокөліктің қалай қозғала бастағанын және жақындап келе жатқанын байқамай қалу ықтималдығы бар. Қозғалыс кезінде айналадағы мәнжайды қадағалап отырыңыз.

### **⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**


Автокөлік күйіне байланысты (мысалы, егер жоғары вольтті аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмен болса) іштен жану қозғалтқышы автоматты түрде іске қосылуы мүмкін. Автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз.

### ■ Компоненттер



- 1 Іштен жану қозғалтқышы
- 2 Тартқыш электр қозғалтқышы
- 3 Жоғары вольтті аккумулятор батареясы





- 1 12 В стартерлік аккумулятор батареясы
- 2 Электр қозғалтқышы (беріліс қорабымен біріктірілген)
- 3 Жоғары вольтті өткізгіш сымдар жүйесі (қызғылт сары түсті)
- 4 Тізбектің сервистік ажыратқышы
- 5 Тұрақты ток түрлендіргіші (DC/DC)
- 6 Жоғары вольтті аккумулятор батареясы
- 7 12 В қосымша аккумулятор батареясы


## ■ Сақтық шаралары

- ▼ Күнделікті пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

### ▲ ЕСКЕРТУ

e-BOXER жүйесі жоғары кернеумен (118 В не одан жоғары) жұмыс істейді. Міндетті түрде келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Өйтпесе күйік шалудың немесе электр тогының соғуының салдарынан жарақаттар келтірілуі немесе кісі өлімі орын алуы мүмкін:

- Егер тексеру немесе жөндеу қажет болса, міндетті түрде жұмыстарды орындауды SUBARU дилеріне тапсырыңыз.
- Ешбір жағдайда жоғары вольтті компоненттерден, жоғары вольтті өткізгіш сымдардан (қызыл сары түсті) немесе олардың ағытпаларынан ұстамаңыз, оларды шешіп алмаңыз және бөлшектемеңіз.
- Ешбір жағдайда тізбектің сервистік ажыратқышынан ұстамаңыз. Тізбектің сервистік ажыратқышы SUBARU дилері тарапынан тексеру немесе техникалық қызмет көрсету кезінде жоғары вольтті аккумулятор батареясын өшіруге арналған.



Жоғары вольтті аккумулятор батареясының ауақармауышы

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Жоғары вольтті аккумулятор батареясының ауақармауышын (артқы сол жақ орындықтың жанында) жүктермен немесе киім-кешекпен жаппаңыз. Ауақармауышқа ешқандай сұйықтық пен басқа бөгде заттың түспеуі маңызды. Ауақармауышқа қоқыстың түсуіне жол бермеу үшін артқы жақта орналасқан жолаушыларға абай болу қажеттігін ескертіңіз. Өйтпесе жоғары вольтті аккумулятор батареясы қызып кетуі немесе жұмысы бұзылуы мүмкін.
- Еден жабыны арқылы су өтіп кетпеу үшін жүксалғыш бөлімде судың жиналуына жол бермеңіз. Судың кіруі e-BOXER жүйесінің және жоғары вольтті аккумулятор батареясының жұмысын бұзуы мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Бензиндік қозғалтқыш бұл автокөліктің негізгі энергия көзі болып табылатындықтан, оған бензин құйып отыру қажет.

- ▼ Жол-көлік оқиғасы жағдайында

### ▲ ЕСКЕРТУ

Электр тогының соғуының немесе өзге жазатайым жағдайдың салдарынан ауыр жарақат алу немесе тіпті кісі өлімінің орын алу қаупі бар болғандықтан келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Ток соқпауы үшін абай болыңыз.
  - Ешбір жағдайда жоғары вольтті компоненттерден, жоғары вольтті өткізгіш сымдардан (қызыл сары түсті) немесе тиісті компоненттердің электр ағытпаларынан ұстамаңыз.
  - Ешбір жағдайда автокөліктің ішіндегі немесе сыртындағы ашық электр сымдарынан ұстамаңыз.

- Ешбір жағдайда сіңіп қалған немесе ағып тұрған сұйықтықты ұстамаңыз. Жоғары вольтті аккумулятор батареясының электролиті көзге немесе теріге тиген жағдайда күрделі жарақатқа алып келуі мүмкін. Мұндай сұйықтық тиген жағдайда келесі әрекеттерді жасаңыз:
  - Егер мұндай сұйықтықпен тыныстаған болсаңыз, дереу сіңбіріңіз және тамағыңызды шайыңыз, сондай-ақ міндетті түрде медициналық көмекке жүгініңіз.
  - Егер мұндай сұйықтық теріге тисе, оны дереу және мұқият сумен сабындап жуыңыз.
  - Егер мұндай сұйықтық көздеріңізге тисе, уқаламаңыз, дереу таза ағын сумен 15 минут бойы немесе одан ұзақ жуыңыз, сондай-ақ міндетті түрде медициналық көмекке жүгініңіз.
- Ешбір жағдайда сіңіп қалған немесе төгілген сұйықтықтың жанына ашық отты жақындатпаңыз. Жоғары вольтті аккумулятор батареясының электролиті жеңіл тұтанады.
  - Егер маңайда бәрібір өрт шықса, оны электр қондырғыларын сөндіруге арналған өртсөндіргіштің көмегімен сөндіріңіз.
  - Егер өртті сөндіруге су қолданылып жатса, етік және өзге де жеке қорғаныс құралдарын киіп алу қажет; суды өрт гидрантынан немесе осыған ұқсас жабдықтан атқылаған судың көп мөлшерімен өшіріңіз.

### ▼ Автокөлікті көдеге жаратқанда

#### ЕСКЕРТУ

Жоғары кернеулі ток көзі ретінде литий-ионды аккумулятор батареясы қолданылады. Автокөлігіңізді көдеге жаратқан жағдайда SUBARU дилерімен кеңесіп алуды ұсынамыз. Жоғары вольтті аккумулятор батареясын дұрыс көдеге жаратпау қоршаған ортаның зақымдануына алып келіп қана қоймай, электр тогының соғуының салдарынан күрделі жарақат алуға немесе кісі өліміне де себепші болуы мүмкін.

Ешбір жағдайда жоғары вольтті аккумулятор батареясын саптаңыз, бермеңіз және конструкциясын өзгертпеңіз және оны мақсатынан тыс пайдаланбаңыз. Көдеге жаратылатын автокөліктен шешіп алынған жоғары вольтті аккумулятор батареясын ұстау кезінде жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін жоғары вольтті аккумулятор батареясы міндетті түрде SUBARU дилеріне берілуі тиіс.

Жоғары вольтті аккумулятор батареясын дұрыс көдеге жаратпау төмендегідей салдарға, ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін:

- Егер бөтен адам тиісті түрде көдеге жаратылмаған жоғары вольтті аккумулятор батареясының электр өткізгіш бөлігіне тиетін болса, электр тогының соғуы.
- Жоғары вольтті аккумулятор батареясы басқа автокөлікте қолданылған (немесе оның конструкциясы өзгертілген) жағдайда электр тогының соғуы, жылуудың бөлінуі, түтеу, тұтану немесе жарылыс, сондай-ақ электролиттің жылыстауы. Автокөлікті жоғары вольтті аккумулятор батареясының қаупі туралы білмеуі мүмкін өзге тұлғаға сатқан немесе берген жағдайда ерекше абай болыңыз (бұл жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін).

### ■ Жалпы мәлімет

#### ▼ Жоғары вольтті аккумулятор батареясына қатысты кеңестер

- Жоғары вольтті аккумулятор батареясы іштен жану қозғалтқышы жұмыс істегенде және рекуперациялық тежеу кезінде зарядталады. Сізге жоғары вольтті аккумулятор батареясын сыртқы энергия көзінен зарядтау қажет емес. Алайда егер селектор тұтқасы P не N күйінде тұрса, батарея зарядталмайды. Тіпті тығыз көлік ағыны жағдайларында да селектор тұтқасын D күйінде қалдырыңыз.
- Егер жоғары вольтті аккумулятор батареясының заряд көрсеткіші 1-ді көрсетіп тұрса, ал автокөлік өрге қарай көтеріліп бара жатса, тарту күші әлсіз болуы мүмкін, себебі электр қозғалтқышы қосымша тарту күшін қамтамасыз етпейді. Бұл жағдайда жоғары вольтті аккумулятор батареясын уақытша зарядтау және электрлік тарту күшін қалпына келтіру үшін келесідей әрекет етіңіз:
  - (1) Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және электр-механикалық тұрақ тежегішін қосыңыз. Селектор тұтқасы D күйінде тұруы тиіс.
  - (2) Тежегіш педалін басып тұрыңыз.
  - (3) Жоғары вольтті аккумулятор батареясын ең көбі 2 минут бойы зарядтап алу үшін автокөліктің қозғалтқышын бос жүріспен жұмыс істетіп қойыңыз.
- Жоғары вольтті аккумулятор батареясын зарядтау үшін автокөлігіңізді тоқтатып қойған кезде жол қозғалысының барлық ережелерін сақтаныз және айналадағы мән-

жайды ескеріңіз. Егер электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтап тұрса, жоғары вольтті аккумулятор батареясы бұл кезде зарядтала алмайды, сондықтан жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындамас бұрын әрдайым бақылау шамының жыпылықтап не жыпылықтамай тұрғанын тексеріңіз.

- Егер жоғары вольтті аккумулятор батареясының заряд деңгейі автокөліктің ұзақ уақыт бойы пайдаланылмауына байланысты төмен болса, автокөлікте батареяны қорғау режимі қосылады, ал аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) «Гибридті жетектің батареясын қорғау режимі қосылуы» хабарламасы көрсетіледі. Дисплейдің қалқып шығатын терезесіндегі нұсқауларды орындай отырып, оталдыру жүйесінің ажыратқышын өшірулі күйге (OFF) ауыстырыңыз, содан кейін қозғалтқышты оталдырыңыз, автокөліктен қозғалысты бастаңыз, бұл жоғары вольтті аккумулятор батареясын зарядтауға мүмкіндік береді.
- Батареяны дұрыс күйінде ұстап отыру үшін айына кемінде бір рет автокөлікпен 30 минут бойы жол жүріңіз. Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы қозғалмаса, батарея тоғынан айырылуы немесе батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.

#### ▼ e-BOXER жүйесімен байланысты шу және діріл туралы

e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде төменде көрсетілгендей шу немесе діріл байқалуы мүмкін. Бұл e-BOXER жүйесіне тән құбылыстар және ақаулық болып табылмайды.

- Электр қозғалтқышының дыбысы мотор бөлімінен естіліп тұр (беріліс қорабынан шығады).
- e-BOXER жүйесін қосқанда немесе өшіргенде мотор бөлімінен және жүксалғыш бөлімнен шығатын дыбыстар естіледі.
- Жоғары вольтті аккумулятор батареясының ауақармауышының (артқы орындықтың сол жағында) немесе желдеткіштің (жүксалғыш бөлімде) жұмысының шуы.
- Жүксалғыш бөлім аймағындағы жоғары жиілікті дыбыстар.
- Тек электрлік тарту күшімен ғана қозғалған кезде мотор бөлімінен естілетін жұмыс шуы.
- Жоғары вольтті аккумулятор батареясын зарядтау кезінде іштен жану қозғалтқышының үдеуінен туындаған мотор бөлімінен шығатын шу немесе діріл.
- Автокөліктің мотор бөлімінде және артқы бөлігінде реленің іске қосылуынан туындаған дыбыстар.
- Тежегіш педалін басқан кезде тежегіштердің шуы және электр қозғалтқышының шуы.
- Электр қозғалтқышынан іштен жану қозғалтқышының жетегіне ауыстырып қосқан немесе өшіріп қойғаннан кейін іштен жану қозғалтқышын оталдырған кездегі діріл.

## ▼ Жаяу жүргіншілерді ескерту жүйесі

**▲ ЕСКЕРТУ**

Айналадағыларға дыбыспен хабарлаудың айқын қажеттігі жоқ және жақын қашықтықта жаяу жүргіншілердің жоқ екеніне сенімділік болған жағдайларды қоспағанда, жол қозғалысы қатысушыларына акустикалық ескерту жүйесін (AVAS) уақытша өшіру функциясы қолданылмауы тиіс.

Электрлік тарту күшімен қозғалған кезде (алдыңғы және артқы жүріспен) жақын жердегі адамдарға автокөліктің жақындап келе жатқаны туралы ескертетін дыбыс жасалып шығарылады. Ескерту жүйесі шамамен 24 км/сағ (15 миля/сағ) немесе одан төмен жылдамдықпен қозғалған кезде жұмыс істейді. Келесі жағдайларда айналадағылар ескерту дыбысын естімеуі мүмкін:

- Автокөлік шулы орында тұр.
- Жаңбыр жауып немесе күшті жел соғып тұр.

Дыбысты автокөліктің алдынан гөрі автокөліктің артынан есту қиынырақ болады.








## ▼ Электр-магнитті толқындар

Жоғары вольтті компоненттер мен өткізгіш сымдардың (қызғылт сары түсті) электр-магнитті толқындардан қорғанысы бар. Электр-магнитті өріс қарқындылығының кәдімгі автокөліктерден немесе тұрмыстық электр құралдарының өрісінен айырмашылығы жоқ. Алайда жұмыс істеп тұрған радиожабдыққа кейбір кедергілер туындауы мүмкін. Радиожабдықты орнатқан кезде SUBARU дилерімен кеңесіп алуды ұсынамыз.

### ▼ Электр энергиясы ағынының көрсетілуі

Электр энергиясының ағу күйі аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) келесідей жолмен көрсетіледі:







- Іштен жану қозғалтқышынан дөңгелектерге қарай қуат ағыны: қызғылт сары түсті
- Электр қозғалтқышынан дөңгелектерге қарай қуат ағыны: жасыл түсті
- Іштен жану қозғалтқышынан және дөңгелектерден жоғары вольтті аккумулятор батареясын зарядтауға бағытталған энергия: көкшіл түсті

Дисплейде көрсетілуі	Күй	Дисплейде көрсетілуі	Күй	Дисплейде көрсетілуі	Күй
	Тек іштен жану қозғалтқышының жетегімен қозғалу		Энергия берілісі жоқ		Қозғалыссыз тұрған автокөлікте жоғары вольтті аккумулятор батареясын іштен жану қозғалтқышынан зарядтау
	Тек электрлік тарту күшімен қозғалу		Электр қозғалтқышы іштен жану қозғалтқышымен бірге жұмыс істеп тұр	—	—
	Қозғалыс кезінде жоғары вольтті аккумулятор батареясын іштен жану қозғалтқышынан зарядтау		Жоғары вольтті аккумулятор батареясын рекуперациялық тежеу кезінде зарядтау	—	—

Сонымен бірге e-BOXER жүйесінің жұмысында бұзылу анықталса немесе хабарлама көрсету қажет болса, аспаптар тақтасының дисплейінде қалқып шығатын терезе пайда болады. Толық ақпаратты «Ақпараттық терезе» бөлімінен қараңыз, ☎182-б.

## ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы тек электрлік тарту күшімен қозғалған болса, жоғары вольтті аккумулятор батареясынан электр энергиясын тұтыну әдеттегіге қарағанда көбірек.
- Егер электрлік тарту күшімен қозғалу үздіксіз қосылып тұрған немесе көп рет қосылған болса, жоғары вольтті аккумулятор батареясынан электр энергиясын тұтыну әдеттегіге қарағанда көбірек. Бұл проблема болып табылмаса да, сапар алдында жолдағы жағдайды тексеріп алып, жиі аялдайтын және орыннан қозғалатын қозғалыс сипатынан сақтаныңыз.
- Заряд деңгейі өте төмен болғанда жоғары вольтті аккумулятор батареясының заряд деңгейі разрядталған күйді көрсетуі мүмкін. Бұл ақаулық емес.






## *Суреті бар көрсеткіш*

● Сыртқы көрінісі .....	24
● Салон .....	26
● Алдыңғы панель.....	29
Рулі сол жақта орналасқан модельдер .....	29
Рулі оң жақта орналасқан модельдер .....	30
● Руль .....	31


● Руль астындағы жарық және әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары.....	32
● Аспаптар тақтасы .....	33
● Сигнал және бақылау шамдары .....	34

### Сыртқы көрінісі




- 1 Капот (413-б.)
- 2 Фаралар (214, 448-б.)
- 3 Бұрылыс көрсеткіштері (224, 448-б.)
- 4 Алдыңғы әйнектазартқыш (227, 440-б.)
- 5 Төбедегі люк (141-б.)
- 6 Сыртқы артқы көрініс айналары (233-б.)
- 7 Бұрылыс көрсеткіштерінің қайталағыштары (224, 448-б.)
- 8 Есіктердің құлыптары (132-б.)
- 9 Шиналардағы қысым (431-б.)
- 10 Желі шыққан шиналар (368-б.)
- 11 Сырғытпайтын шынжырлар (360-б.)
- 12 Тұман фаралары (222, 448-б.)
- 13 Бекіту құлақшалары (383-б.)
- 14 Сүйреу құлақшасы (383-б.)

002207




- 1 Артқы әйнектің жылытқыш элементі (230-б.)
- 2 Артқы әйнектазартқыш (228-б.)
- 3 Отын құю люгінің қақпағы (276-б.)
- 4 Балалар құлпы (137-б.)
- 5 Бекіту ұяшықтары (383-б.)
- 6 Шамдар (214, 448-б.)
- 7 Бұрылыс көрсеткіштері (224, 448-б.)
- 8 Жүксалғыш қақпағы (140-б.)
- 9 Сүйреу құлақшасы (383-б.)

**Салон**




- 1 ISOFIX жүйесінің бала бекіту құрылғыларына арналған астыңғы бекіту нүктелері (78-б.)
- 2 Қауіпсіздік белбеулері (50-б.)
- 3 Ортаңғы шынтақтаяныш (257-б.)
- 4 Алдыңғы орындықтар (38-б.)
- 5 Артқы орындықтар (45-б.)

002220



- 1 Орталық ақпараттық дисплей (CID) (187-б.) / климат-контроль (238-б.) / аудиожүйе\* / навигация жүйесі\* (260-б.) / AUX\*
  - 2 Зарядауға арналған USB ағытпалары (260-б.) / AUX\*
  - 3 Орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімі (257-б.) / сымсыз зарядтау құрылғысы (262-б.)
  - 4 Алдыңғы жолаушы жақтағы ұсақ-түйек тартпасы (256-б.)
  - 5 Селектор тұтқасы (284-б.)
- \*: Аудиожүйе мен навигация жүйесін (бар болса) пайдалану туралы толық ақпаратты аудиожүйенің/навигация жүйесінің бөлек пайдалану жөніндегі нұсқаулығынан қараңыз.

Жоғарыдағы суретте көрсетілген мысал рулі сол жағында орналасқан модельдерге қатысты. Рулі оң жағында орналасқан модельдерде ауыстырып қосқыштардың орнатылған орны суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



- 1 Нүктелі шырағандардың ажыратқыштары (254-б.)
- 2 Төбедегі люктің аудармалы ауыстырып қосқышы (142-б.)
- 3 Төбедегі люктің сырғытпалы ауыстырып қосқышы (142-б.)
- 4 Есіктермен бірге істеу ажыратқышы (254-б.)
- 5 Апаттық шақыру пернесі
- 6 Бала бекіту құрылғыларына қатысты ескертулері бар жапсырмалар (64-б.)

A AIRBAG

\*: Қозғалыс бағытына қарсы бағытталған бала бекіту құрылғысын алдында БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ бар орындыққа орнатуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ, себебі бұл баланың ӨЛІМІНЕ немесе АУЫП ЖАРАҚАТТАНУЫНА әкелуі мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ


Апаттық шақыру пернесі туралы толық ақпаратты пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қосымша берілген апаттық шақыру жүйесінің сипаттамасынан қараңыз.

Жоғарыдағы суретте көрсетілген мысал рулі сол жағында орналасқан модельдерге қатысты. Рулі оң жағында орналасқан модельдерде ауыстырып қосқыштардың орнатылған орны суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

002245

## Алдыңғы панель


## ■ Рулі сол жақта орналасқан модельдер



- 1 Әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары (137-б.)
- 2 Артқы көрініс айналарының күйін реттеу ауыстырып қосқышы (233-б.)
- 3 Аспаптар тақтасы (151-б.)
- 4 Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы (150-б.)
- 5 Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің камерасы (336-б.)
- 6 Рульдің күйін реттеу (234-б.)
- 7 Сақтандырығыштар блогы (446-б.)
- 8 Капоттың құлпын ашу тұтқасы (413-б.)
- 9 Жарықтық реттегіші (153-б.)
- 10 Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышы (302-б.)
- 11 Орындық жылытқышының ажыратқыштары (43-б.)
- 12 Электр қуаты ағытпасы (259-б.)
- 13 Стақанқойғыштар (258-б.)

002317


■ Рүлі оң жақта орналасқан модельдер



- 1 Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің камерасы (336-б.)
- 2 Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы (150-б.)
- 3 Аспаптар тақтасы (151-б.)
- 4 Рүлдің күйін реттеу (234-б.)
- 5 Артқы көрініс айналарының күйін реттеу ауыстырып қосқышы (233-б.)
- 6 Әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары (137-б.)
- 7 Капоттың құлпын ашу тұтқасы (413-б.)
- 8 Сақтандырғыштар блогы (446-б.)
- 9 Жарықтық реттегіші (153-б.)
- 10 Орындық жылытқышының ажыратқыштары (43-б.)
- 11 Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышы (302-б.)
- 12 Стақанқойғыштар (258-б.)
- 13 Электр қуаты ағытпасы (259-б.)



Руль




- 1 Аудиожүйе ауыстырып қосқышы\*1
- 2 Дауыспен басқару жүйесінің ауыстырып қосқышы\*1
- 3 Круиз-контроль ажыратқыштары\*2 / LIM ажыратқышы\*2
- 4 Қалақша ауыстырып қосқыштар (287-б.)
- 5 SI-DRIVE ауыстырып қосқышы (291-б.)
- 6 Руль жылытқышының ажыратқышы (235-б.)
- 7 Қауіпсіздік жастығы (82-б.)
- 8 Дыбыс сигналы (236-б.)
- 9 Телефонның дауысты байланыс режимінің ажыратқышы\*1
- 10 Аспаптар тақтасының дисплейін (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейді) басқаратын ауыстырып қосқыштар (179-б.)

\*1: Басқару құралдарын пайдалану туралы толық ақпаратты аудиожүйенің/навигация жүйесінің пайдалану жөніндегі бөлек нұсқаулықтан қараңыз.


\*2: Басқару құралдарын пайдалану туралы толық ақпаратты осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қосымша берілген EyeSight жүйесінің сипаттамасынан қараңыз.

## Руль астындағы жарық және әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары



- 1 Алдыңғы әйнектазартқыш (225-б.)
- 2 Тұман (227-б.)
- 3 Алдыңғы әйнекжуғыш (228-б.)
- 4 Артқы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың ауыстырып қосқышы (228-б.)
- 5 Датчиктің сезімталдығын басқару (228-б.)
- 6 Әйнектазартқыштардың руль астындағы ауыстырып қосқышы (227-б.)
- 7 Жарық ауыстырып қосқышы (214-б.)
- 8 Тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышы (222-б.)
- 9 Фаралар ажыратқышы ON/OFF/AUTO (215-б.)
- 10 Фараларды жыпылықтату, шалғай және таяу жарықты ауыстырып қосу (217-б.)
- 11 Бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышы (224-б.)

## Аспаптар тақтасы



- 1 Тахометр (151-б.)
- 2 Селектор тұтқасы күйінің/қосулы тұрған берілістің индикаторы (174-б.)
- 3 Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды) (178-б.)
- 4 Бір тәуліктегі жүрілген жол есептегіші және одометр (151-б.)
- 5 Спидометр (151-б.)
- 6 Отын деңгейінің көрсеткіші (152-б.)
- 7 Жылдамдықтың цифрлық мәнінің терезесі (187-б.)
- 8 Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші (153-б.)

Сигнал және бақылау шамдары



Белгі	Мағынасы	Бет
	Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы	155
	Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы	155
	Артқы орындықтағы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы	157
	Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы	158
	Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын көрсететін бақылау шамы (бар болса)	158
	Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының сөндірілгенін көрсететін бақылау шамы (бар болса)	158
	Ақаулықтың сигнал шамы (Check Engine шамы)	159
	Аккумулятор батареясы зарядының сигнал шамы	160
	Май қысымының сигнал шамы	160
	Мотор майының төмен деңгейінің сигнал шамы	160

Белгі	Мағынасы	Бет
	Май температурасының сигнал шамы (AT OIL TEMP)	161
	Тежегішті блоктау жүйесінің сигнал шамы (ABS)	163
	Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл)	163
	Электр-механикалық тұрақ тежегішінің сигнал шамы/ тежеу жүйесінің сигнал шамы (сары)	164
	Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы	165
	Ашық есіктің бақылау шамы	166
	Ашық капоттың сигнал шамы	166
	Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы	166
	Толық жетектің сигнал шамы	167
	Руль күшейткішінің сигнал шамы	167

Белгі	Мағынасы	Бет
	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы	166
	Автокөлік динамикасын басқарудың сигнал шамы/автокөлік динамикасын басқару жұмысының бақылау шамы	167
	Автокөлік динамикасын басқаруды өшірудің бақылау шамы	169
	Ашу кілтінің ескерту индикаторы	169
	Иммобилайзердің бақылау шамы	174
	Бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамдары	175
	Шалғай жарықтың бақылау шамы	175
	Шалғай жарықты басқару көмегісінің индикаторы (бар болса)	175
	Фаралар жарығын автоматты түзеткіштің сигнал шамы	175
	Жарықдиодты фаралардың сигнал шамы	175

Белгі	Мағынасы	Бет
	Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыруды өшірудің бақылау шамы	175
	Бұрылыстарды динамикалық жарықтандырудың сигнал шамы	175
	Тұман фараларының бақылау шамы	176
	Артқы тұман шамдарының бақылау шамы	176
	Фаралардың бақылау шамы	175
	Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы	161
	Өйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы	167
	Артта келе жатқан автокөліктердің жақындауын анықтаудың ескерту индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection)	176
	Артта келе жатқан автокөліктерді анықтауды өшірудің индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection)	176
	SI-DRIVE индикаторы	174
		

Белгі	Мағынасы	Бет
	Электрлік тарту күшімен қозғалу режимінің бақылау шамы (EV)	178
	Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы	177
	e-BOXER жүйесі дайындығының бақылау шамы	178
	e-BOXER жүйесі ақаулығының шамы	177
	Жаяу жүргіншілерді ескерту жүйесін өшірудің бақылау шамы	178
	Мұз басқан жолдың сигнал шамы	176
	Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы (RAB)	176
	Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесін өшірудің индикаторы (RAB)	176
	Ультрадыбыстық датчиктердің ескертуші дыбыс сигналын өшіру индикаторы	177
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жұмысының бақылау шамы (жасыл) (бар болса)	176
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің сигнал шамы (сары) (бар болса)	177

Белгі	Мағынасы	Бет
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы (бар болса)	177
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің уақытша тоқтауының бақылау шамы (бар болса)	177

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

# Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары

1-1. Алдыңғы орындықтар .....	38
Колмен реттелетін орындық (бар болса) .....	40
Электржетекпен реттелетін орындық (бар болса) .....	41
Бассүйегішті реттеу .....	42
1-2. Орындық жылытқышы (бар болса) .....	43
1-3. Артқы орындықтар .....	45
e-BOXER жүйесіне қатысты маңызды сақтық шаралары .....	45
Артқы орындықтардың арқалықтарын жию .....	46
Бассүйегішті реттеу .....	48
Шынтақтаяныш .....	49
1-4. Қауіпсіздік белбеулері .....	50
Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолдану ұсыныстары .....	50
Апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары (ELR) .....	52
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертетін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі .....	52
Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің ескеретін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі .....	52
Қауіпсіздік белбеуін тағу .....	52
Қауіпсіздік белбеулеріне күтім жасау .....	58
1-5. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары .....	58
Иық тармағының алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі .....	59
Иық және бел тармақтарының алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеуі .....	60
Жүйенің күйін бақылау .....	60
Жүйені пайдалану .....	61
Автокөлікті түрлендіруге қатысты ескертулер .....	61
1-6. Артқы орындықта жолаушылардың немесе жүктің болуы туралы ескерту .....	62
1-7. Баланы бекіту құрылғылары .....	62
Сақтық шаралары .....	62

Бала бекіту құрылғыларын орнатуға қатысты қауіпсіздік ұсыныстары .....	64
Бала бекіту құрылғысын таңдау .....	65
Тек алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/ сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы бар модельдер үшін ..	70
Тек алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жоқ модельдер үшін .....	72
Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату .....	73
Бала орындығын немесе бустерді орнату .....	77
ISOFIX жүйесінің бекіткіштері арқылы бала бекіту құрылғысын орнату .....	78
Тор Tether бекіту нүктелері .....	81
1-8. Қауіпсіздік жастықтары (SRS) .....	82
Қауіпсіздік жастықтарының жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары .....	82
Керек-жарақтарды және кез келген өзге затты орнатқан кезде қауіпсіздік жастықтарының жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары .....	85
Балаларға арналған қауіпсіздік жастықтарының жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары .....	87
Компоненттер .....	90
Қауіпсіздік жастықтары .....	94
Жүйе жұмысы .....	99
Орындық жастығындағы қауіпсіздік жастығының жұмысы .....	104
Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) және жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының жұмысы .....	105
Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау .....	109
Қауіпсіздік жастықтары жүйесін пайдалану .....	109
Автокөлікті түрлендіруге қатысты ескертулер .....	110

## 1-1. Алдыңғы орындықтар

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Қозғалыс кезінде орындықты реттеуге тыйым салынады, өйткені бұл автокөлікті басқарудан айырылуға және жарақат алуға себепші болуы мүмкін.
- Алдыңғы орындықты реттемей тұрып, артта отырған жолаушылардың аяқтары мен қолдары және жүк реттеу механизмінің жұмысына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- Орындықты реттегеннен кейін, орындықты артқа және алға жылжытып, оның сенімді орныққанын тексеріңіз. Егер орындық орнықпаса, ол өз қалпынан қозғалып кетуі мүмкін. Оған қоса, бұл қауіпсіздік белбеуінің дұрыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Алдыңғы орындықтың астына заттарды салмаңыз. Олар алдыңғы орындықтарды бекіту механизмдеріне түсіп кетіп, апатқа ұшыратуы мүмкін.
- Орындықта отырған адамның арқасы тігінен орнатылған орындық арқалығына нық тиіп тұрған жағдайда, қауіпсіздік белбеулері максималды тартылады. Соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кету қаупін азайту үшін қозғалыс кезінде алдыңғы орындықтардың арқалықтары әрдайым тігінен орналасуы тиіс.  
Егер алдыңғы орындықтардың арқалықтары шалқайтылса, онда

соқтығысу кезінде дененің қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кету немесе қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы жоғары қарай құрсақ қуысы тұсына жылжып кету қаупі ұлғаяды. Екі жағдайда да ішкі мүшелердің ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.

- Қауіпсіздік жастығы өте тез және үлкен күшпен ашылады. Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс жайғаспау салдары қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығы ашылуы үшін орын жеткілікті болуы қажет, сондықтан жүргізуші рульден мүмкіндігінше алыс, бірақ сонымен бірге автокөлікті толық бақылауды сақтай отырып, орындықтың арқалығына сүйеніп, әрдайым тік күйде отыруы керек. Алдыңғы жолаушы орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытуы керек және орындықтың арқалығына сүйеніп тік отыруы қажет.




102831-M

**▲ ЕСКЕРТУ**

**SUBARU БАРЛЫҚ** нәрестелер мен үлкенірек балаларды (соның ішінде бала бекіту құрылғысындағыларды) **АРТҚЫ** орындыққа отырғызуды ұсынады. Олардың қалпы жасына, бойына және салмағына байланысты немесе арнайы бала бекіту құрылғысында немесе штаттық қауіпсіздік белбеулерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін. Бұл жағдай әсіресе оған белбеу тағылмаса немесе дұрыс тағылмаса орын алады. Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қаупі жоғары болады. Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған




кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады. Бала бекіту құрылғыларына қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде келтірілген, 62-б.



102832-M

**⚠ ЕСКЕРТУ**

Соқтығысу кезінде жолаушының қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кетуіне жол бермеу үшін автокөлік қозғалысы кезінде орындық арқалығы әрдайым тігінен орналасуы тиіс. Оған қоса, ешқашан жолаушы арқасының астына жастықтарды немесе басқа ұқсас заттарды төсемеңіз. Бұл жағдайда дененің қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай сырғып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі мүшелердің ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.




102833-M

**⚠ ЕСКЕРТУ**

Артқы орындықта отырған жолаушыларға аяқтарын алдыңғы орындықтың арқалығы мен жастығы арасына қыстыруға рұқсат етпеңіз. Бұл төменде аталған жүйелердің дұрыс істеуіне кедергі келтіруі, сондай-ақ ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.


- Жолаушы орындығының бос/бос емес екендігін анықтау жүйесі (бар болса)
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары
- Орындықтағы қауіпсіздік жастығы
- Ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы (бар болса)
- Алдыңғы орындық жылытқышы (бар болса)
- Орындық күйін реттеу электржетегі (бар болса).



102834-M


**⚠ ЕСКЕРТУ**

Аяғыңызды алдыңғы панельге тіремеңіз. Бұл орындықтың бос/бос еместігін анықтау функциясының және қауіпсіздік жастықтары жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін, нәтижесінде апат кезінде ауыр жарақат келтіруі немесе өлім қаупін төндіруі мүмкін.



**⚠ ЕСКЕРТУ**

Орындықта отырған адамның арқасы тігінен орнатылған орындық арқалығына нық тиіп тұрған жағдайда, қауіпсіздік белбеулері максималды тартылады. Жолаушы мен орындық арқалығы немесе орындық көпшігі арасына жастықтарды немесе басқа заттарды төсемеңіз. Бұл жағдайда дененің қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай сырғып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі мүшелердің ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.




**⚠ ЕСКЕРТУ**

Тасымалданатын жүк немесе басқа жүк орындықтың арқалығынан жоғары орналаспауы тиіс, өйткені автокөлік күрт тоқтаған немесе апатқа ұшыраған кезде жүк алға қарай құлап, жолаушыларға зақым келтіруі мүмкін.


■ Қолмен реттелетін орындық (бар болса)

▼ Бойлық бағытта реттеу



1. Орындыққа отырып, оны реттеңіз.
2. Тұтқаны жоғары қарай тартыңыз, орындықты қажетті күйге жылжытып, содан кейін тұтқаны жіберіңіз.
3. Орындықтың сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін орындықты алға-артқа жылжытып көріңіз.


▼ Орындық арқалығының еңкеюін реттеу



1. Еңкейтуді реттеу тұтқасын жоғары тартыңыз, орындықтың арқалығын дұрыс күйге қойыңыз, содан кейін тұтқаны жіберіңіз.
2. Орындық арқалығының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Артқа еңкейтілген күйге орнатылған орындық арқалығы тұтқаны тартқан кезде күшпен жоғары көтерілуі мүмкін. Орындық арқалығын көтеру үшін тұтқаны басқан кезде баяу көтерілу үшін арқалықты сәл ұстап тұрыңыз.

▼ Орындық көпшігінің биіктігін реттеу (жүргізуші орындығы)




1. Тұтқаны басқан кезде орындық түседі.
2. Тұтқаны жоғары жылжытқан кезде орындық көтеріледі.

Орындық көпшігін реттеу тұтқасын жоғары немесе төмен жылжыту арқылы орындықтың биіктігін реттеуге болады.

■ Электржетекпен реттелетін орындық (бар болса)

▼ Жүргізуші орындығы



1. Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу ауыстырып қосқышы Орындықты алға немесе артқа реттеу үшін басқару ауыстырып қосқышын алға

немесе артқа жылжытыңыз. Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеген кезде көпшіктің еңкею бұрышын немесе орындық көпшігінің биіктігін реттеуге болмайды.

2. **Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы**  
Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін жоғары тартыңыз немесе басыңыз.
3. **Орындықтың биіктігін реттеу ауыстырып қосқышы**  
Орындықтың биіктігін реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышының артқы бөлігін жоғары тартыңыз немесе басыңыз.
4. **Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы**  
Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышын жылжытыңыз.
5. **Бел тірегі реттеу ауыстырып қосқышы**  
Арқаның төменгі жағын тіреу дәрежесін арттыру үшін ауыстырып қосқыштың алдыңғы жағын басыңыз. Арқаның төменгі жағын тіреу дәрежесін төмендету үшін ауыстырып қосқыштың артқы жағын басыңыз.

### ▼ Алдыңғы жолаушы орындығы



1. **Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу ауыстырып қосқышы**  
Орындықты алға немесе артқа реттеу үшін басқару ауыстырып қосқышын алға немесе артқа жылжытыңыз.
2. **Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы**  
Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін жоғары тартыңыз немесе басыңыз.
3. **Орындықтың биіктігін реттеу ауыстырып қосқышы**  
Орындықтың биіктігін реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышының артқы бөлігін жоғары тартыңыз немесе басыңыз.
4. **Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы**  
Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышын жылжытыңыз.


### ■ Бассүйегішті реттеу



- Бассүйегіштері шешіп алынған автокөлікті басқарушы болмаңыз. Олардың мақсаты — автокөліктің артынан соққы тиген жағдайда мойынға келетін ауыр жарақаттың қаупін азайту. Оған қоса, бассүйегіштерді ешбір жағдайда кері бағытта орнатушы болмаңыз. Бұл жағдайда бассүйегіштер дұрыс жұмыс істемейді. Сондықтан бассүйегіштерді алып тастағаннан кейін, автокөліктегі жолаушыларды қорғау үшін барлық бассүйегіштерді дұрыс орнату керек.
- Апат кезінде мойынды жарақаттау қаупін азайту мақсатында, бассүйегіштер тиісті күйге орнатылмайынша, жүргізуші автокөлікті басқармауы тиіс, ал жолаушылар автокөліктің орындығында отырмауы тиіс.
- Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштері тек алдыңғы орындықтарға орнатуға арналған. Артқы орындықтардың бассүйегіштері тек артқы орындықтарға орнатуға арналған. Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштерін артқы орындықтарға немесе керісінше орнатуға тырыспаңыз.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындығы бассүйегішпен жабдықталған. Екі бассүйегіш келесі жолмен реттеледі.

### ▼ Бассүйегіш биіктігін реттеу



- 1 Бассүйегіш  
2 Бекіткіш түйме

### Бассүйегішті көтеру:

Бассүйегішті жоғары көтеріңіз.

### Бассүйегішті түсіру:


Орындық арқалығының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіш түймені басып тұрып, бассүйегішті төмен басыңыз.

### Бассүйегішті шешіп алу:

Бекіткіш түймені басып, бассүйегішті шығарып алыңыз.

### Бассүйегішті орнату:

Бассүйегішті орындық арқалығының жоғарғы бөлігіндегі тесіктерге бекітілгенше енгізіңіз. Бассүйегішті түсіру үшін бекіткіш түймені басып тұрыңыз.



Әрбір бассүйегіштің биіктігін реттегенде, оның ортасы орындыққа отырған адамның құлақтарының жоғарғы бөлігі деңгейінде орналасатындай болуы тиіс.

## ЕСКЕРТПЕ

Алдыңғы орындықтың арқалығын еңкейтпестен бассүйегішті алып тастау немесе орнату мүмкін емес. Алдыңғы орындықтың арқалығын еңкейтіңіз, содан кейін бассүйегішті алып тастаңыз немесе орнатыңыз.

## 1-2. Орындық жылытқышы (бар болса)

Алдыңғы орындықтар жылытқышпен жабдықталған.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе ON күйінде болғанда ғана орындық жылытқышы жұмыс істейді.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ


- Орындыққа қатты немесе ауыр заттарды, сондай-ақ шығыңқы бөлшектері бар заттарды қоймаңыз, орындықты түйреуіштер немесе инелер сияқты өткір заттармен теспейіз.
- Орындық жылытқышын ұзақ уақыт қолданған кезде, тіпті температура төмен болған кездің өзінде, терісі сезімтал адамдар аздаған күйіктер алуы мүмкін. Егер жолаушылар орындық жылытқыштарын пайдаланғысы келсе, оларға бұл туралы ескертіңіз.
- Орындықтарға көрпелерді, жастықтарды және басқа жылу оқшаулайтын заттарды қоймаңыз. Бұл орындықтың қыздыру элементінің қызып кетуіне өкелуі мүмкін.
- Орындық жеткілікті түрде қызғанда немесе сіз автокөліктен шыққан кезіңізде, орындық жылытқышының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары

## 44 Орындық жылытқышы (бар болса)

### ЕСКЕРТПЕ

e-BOXER жүйесі жұмыс істемей тұрған кезде орындық жылытқышын ұзақ уақыт пайдалану қосымша 12 В аккумулятор батареясының таусылуына әкелуі мүмкін.



- 1 **HI** — жылдам жылыту
- 2 **LO** — қалыпты жылыту
- 3 Өшіру
- A Сол жақ
- B Оң жақ

Орындық жылытқышын қосу үшін температураға байланысты LO немесе HI жағындағы ауыстырып қосқышты басыңыз. HI күйін таңдағанда, орындық тезірек жылиды.

Орындық жылытқышын өшіру үшін қарама-қарсы жағын аздап басыңыз.


Орындық жылытқышы жұмыс істеп тұрғанда, ауыстырып қосқышта шам жанады.

### 1-3. Артқы орындықтар



#### **⚠ ЕСКЕРТУ**


Орындықта отырған адамның арқасы тігінен орнатылған орындық арқалығына нық тиіп тұрған жағдайда, қауіпсіздік белбеулері максималды тартылады. Жолаушы мен орындық арқалығы немесе орындық көпшігі арасына жастықтарды немесе басқа заттарды төсеменіз. Бұл жағдайда дененің қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай сырғып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі мүшелердің ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.



#### **⚠ ЕСКЕРТУ**

Тасымалданатын жүк немесе басқа жүк орындықтың арқалығынан жоғары орналаспауы тиіс, өйткені автокөлік күрт тоқтаған немесе апатқа ұшыраған кезде жүк алға қарай құлап, жолаушыларға зақым келтіруі мүмкін.

### ■ е-BOXER жүйесіне қатысты маңызды сақтық шаралары



Жоғары вольтті аккумулятор батареясының ауақармауышы

#### **⚠ АБАЙЛАҢИЗ**

Жоғары вольтті батареяның ауақармауышы сол жақ артқы орындықтың жанында орналасқан. Жоғары вольтті аккумулятор батареясының қызып кетуіне немесе е-BOXER жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне жол бермеу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.

- Заттарды жоғары вольтті батарея ауақармауышының жанына қоймаңыз.
- Бітеліп қалмас үшін жоғары вольтті батареяның ауақармауышын ара-тұра тазалап тұрыңыз.



- Ауақармауышқа сұйықтықтар мен басқа бөгде заттардың түспеуі маңызды. Осы аймақтағы жолаушыларға ауақармауышқа қоқыс түсіп кетпеуі үшін сақ болуға кеңес беріңіз.
- Егер оған су немесе қандай да бір зат түссе, ауақармауыш істен шығуы мүмкін. Егер ауақармауышқа көп мөлшерде су немесе қандай да бір зат түссе, тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

### ■ **Артқы орындықтардың арқалықтарын жию**

#### **⚠ ЕСКЕРТУ**

- Артқы орындықтардың арқалықтарын жию кезінде артқы орындықта жолаушылар немесе заттар жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Мұны жасамасаңыз, орындықтың арқалығы кенет жиылған кезде жарақат алу немесе мүлікті зақымдау қаупі туындайды.
- Жолаушыларды артқы орындықтың жиылған арқалығына отырғызып немесе жүксалғышта тасымалдамаңыз. Бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.

- Жүктерді және әсіресе ұзын заттарды тасымалдаған кезде олар берік бекітілуі тиіс. Өйтпесе күрт тежеу кезінде, рульді күрт бұру немесе жылдамдықты тез үдету кезінде олар салонның ішіне лақтырылып, ауыр жарақат келтіруі мүмкін.
- Орындықтың арқалығын бастапқы күйіне қайтарған кезде, оның орнына мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін артқы орындықтың арқалығын сәл алға/артқа жылжытыңыз. Егер орындықтың арқалығы берік бекітілмесе, күрт тежегенде немесе жүксалғыштағы заттар жылжығанда ол кенет жиылып кетіп, ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге жетелеуі мүмкін.



1. Бекіткіш

#### **⚠ ЕСКЕРТУ**

Орындықтың арқалығы бастапқы қалпына қайтарылған кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Оларды сақтамау ауыр жарақатқа немесе апатқа әкелуі мүмкін, өйткені қауіпсіздік белбеуін тиімді қолдану мүмкін болмайды.

- Қауіпсіздік белбеуі орындық арқалығына қысылмауы және толықтай көрініп тұруы тиіс.
- Қауіпсіздік белбеуі орындық арқалығы бекіткішінің артынан өтпеуі тиіс.




### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Бекіткішке жүк пен басқа заттарды іліп қоймаңыз. Бұл орындық арқалығының мықтап бекітілмеуіне әкелуі мүмкін. Бұл жазатайым оқиғаларға алып келуі мүмкін.


#### ▼ Артқы орындықтардың арқалықтарын жию

1. Бассүйегіштерді түсіріңіз.




2. Бекіткіш тұтқасын тартып, орындық арқалығын босатыңыз да, орындық арқалығын төмен еңкейтiңiз.

#### ▼ Артқы орындықтардың арқалықтарын бастапқы қалпына қайтару



### ▲ ЕСКЕРТУ

- Орындықтың арқалығы бастапқы қалпына қайтарылған кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Сақтық шараларын сақтамау қауіпсіздік белбеуін зақымдауы, оның тиімділігін төмендетуі және нәтижесінде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Орындықтың арқалығын бастапқы қалпына қайтарған кезде, ол орындықтың арқалығы мен ішкі өрлеме панелі арасында қысылып қалмауы үшін, қауіпсіздік белбеуін автокөліктен сыртқа тартыңыз.



#### Бекіткіш тұтқасы

- 1 Бекітілмеген
  - 2 Бекітілген
- A Бекітілмеген қалыптың қызыл белгісі

Орындықтың арқалығын бастапқы қалыпқа қайтару үшін орындықтың арқалығын бекітілгенше көтеріңіз және бекіткіш тұтқасындағы бекітілмеген қалыптың белгісі көрінбей тұрғанына көз жеткізіңіз.

### ▲ ЕСКЕРТУ

Орындықтың арқалығын бастапқы қалпына қайтарғаннан кейін, бекіткіш тұтқасындағы бекітілмеген қалыптың белгісі көрінбейтініне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін орындықтың арқалығын аздап жылжытыңыз. Егер орындықтың арқалығы берік бекітілмесе, күрт тежегенде немесе жүксалғыштағы заттар жылжығанда ол кенет жиылып кетіп,

ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге жетелеуі мүмкін.

### ■ Бассүйегішті реттеу


Артқы шеткі орындықтар және артқы ортаңғы орындық бассүйегіштермен жабдықталған.

#### **▲** ЕСКЕРТУ

- Бассүйегіштері шешіп алынған автокөлікті басқарушы болмаңыз. Олардың мақсаты — автокөліктің артынан соққы тиген жағдайда мойынға келетін ауыр жарақаттың қаупін азайту. Сондықтан бассүйегіштерді алып тастағаннан кейін, автокөліктегі жолаушыларды қорғау үшін барлық бассүйегіштерді дұрыс орнату керек.
- Апат кезінде мойынды жарақаттау қаупін азайту мақсатында, бассүйегіштер тиісті күйге орнатылмайынша, жүргізуші автокөлікті басқармауы тиіс, ал жолаушылар автокөліктің орындығында отырмауы тиіс.

- Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштері тек алдыңғы орындықтарға орнатуға арналған. Артқы орындықтардың бассүйегіштері тек артқы орындықтарға орнатуға арналған. Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштерін артқы орындықтарға немесе керісінше орнатуға тырыспаңыз.

#### ▼ Артқы шеткі орындықтардың бассүйегіштері




- 1 Бассүйегіш қолданылмайтын күй (толығымен төмен түсірілген)
- 2 Бассүйегіш қолданылатын күй (көтерілген)

#### **▲** АБАЙЛАҢЫЗ

Бассүйегіш құрылымы толығымен төмен түсірілген қалыпта қолдануды қарастырмайды.

Орындыққа отырған кезде бассүйегішті көтеріңіз.



- 1 Бассүйегіш
- 2 Бекіткіш түйме

#### **Бассүйегішті көтеру:**

Бассүйегішті жоғары көтеріңіз.

#### **Бассүйегішті түсіру:**

Орындық арқалығының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіш түймені басып тұрып, бассүйегішті төмен басыңыз.

#### **Бассүйегішті шешіп алу:**


Бекіткіш түймені басып, бассүйегішті шығарып алыңыз.

#### **Бассүйегішті орнату:**

Бассүйегішті орындық арқалығының жоғарғы бөлігіндегі тесіктерге бекітілгенше енгізіңіз. Бассүйегішті түсіру үшін бекіткіш түймені басып тұрыңыз.

Бассүйегіштің биіктігін реттегенде оның ортасы орындыққа отырған адамның құлақтарының жоғарғы бөлігі деңгейінде орналасатындай болуы тиіс. Орындықтар бос болса, артқы көріністі жақсарту үшін бассүйегіштерді түсіріңіз.


▼ **Артқы ортаңғы орындықтың бассүйегіші**



- 1 Бассүйегіш қолданылмайтын күй (толығымен төмен түсірілген)
- 2 Бассүйегіш қолданылатын күй (көтерілген)

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Бассүйегіш құрылымы толығымен төмен түсірілген қалыпта қолдануды қарастырмайды. Орындыққа отырған кезде бассүйегішті көтеріңіз.



- 1 Бассүйегіш
- 2 Бекіткіш түйме

**Бассүйегішті көтеру:**  
Бассүйегішті жоғары көтеріңіз.


**Бассүйегішті түсіру:**  
Орындық арқалығының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіш түймені басып тұрып, бассүйегішті төмен басыңыз.

**Бассүйегішті шешіп алу:**  
Бекіткіш түймені басып, бассүйегішті шығарып алыңыз.

**Бассүйегішті орнату:**  
Бассүйегішті орындық арқалығының жоғарғы бөлігіндегі тесіктерге бекітілгенше еңгізіңіз. Бассүйегішті түсіру үшін бекіткіш түймені басып тұрыңыз.

Артқы ортаңғы орындық бос болмағанда, бассүйегішті тартылған күйге көтеріңіз. Артқы ортаңғы орындық бос болса, артқы көріністі жақсарту үшін бассүйегішті түсіріп қойыңыз.

■ **Шынтақтаяныш**



Шынтақтаянышты түсіру үшін оны жоғарғы шетінен тартыңыз.

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Шынтақтаянышты түсірмес бұрын артқы жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін тақанына көз жеткізіңіз. Егер артқы жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін шынтақтаянышты түсіргеннен кейін тақса, қауіпсіздік белбеулері барынша бекітуді қамтамасыз ете алмайды, бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

- Ауыр жарақаттар келтірілмей, автокөлік зақымдалмауы үшін ортаңғы шынтақтаянышқа отыруға тыйым салынады.

## 1-4. Қауіпсіздік белбеулері

### ■ Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолдану ұсыныстары

#### ЕСКЕРТУ


- Автокөліктегі барлық адам автокөлік қозғалысы басталғанға **ДЕЙІН** қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек. Әйтпесе күрт төжеу кезінде немесе апат орын алғанда ауыр жарақат алу қаупі артады.
- Барлық қауіпсіздік белбеуі денеге нық жанасып, оның қалпын барынша бекітіп тұруы тиіс. Бос тартылған қауіпсіздік белбеулерінің жарақаттардың алдын алуда немесе олардың ауырлық дәрежесін азайтуда тиімділігі төмен болады.
- Әрбір қауіпсіздік белбеуі тек бір адамның қалпын бекітуге арналған. Бір қауіпсіздік белбеуін екі немесе одан көп адамды, тіпті балаларды бекіту үшін қолданушы болмаңыз. Әйтпесе апат кезінде бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.
- Ауыр жол-көлік апатына ұшыраған автокөліктегі жүргізуші мен жолаушылардың орындықтарында қолданылған қауіпсіздік белбеулерінің барлық тораптарын, соның ішінде тартқыштары мен бекіту тораптарын ауыстырыңыз. Зақымдар көрінбесе де, барлық торапты ауыстыру қажет.
- Қауіпсіздік белбеуін ауыстырған кезде жаңа жүйе сертифициатталуы және

ауыстырылатын қауіпсіздік белбеуі орналасқан жерге орнатылуы тиіс.

- Қауіпсіздік белбеуін таққан кезде белбеу тілшігін тиісті құлыпқа салыңыз. Әйтпесе апат кезінде бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.
- Тізеңіздегі баланы қауіпсіздік белбеуімен бекітпеңіз. Әйтпесе апат кезінде бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белбеуі бұралмауы немесе айналмауы тиіс. Әйтпесе апат кезінде жарақат алу қаупі немесе оның ауырлық деңгейі артады.
- Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы жамбаста барынша төмен орналасуы тиіс. Бұл жағдайда соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының күші жамбас сүйектеріне әсер етеді, олар іш аймағына қарағанда жүктемеге әлдеқайда төзімді.
- Орындықта отырған адамның арқасы тігінен орнатылған орындық арқалығына нық тиіп тұрған жағдайда, қауіпсіздік белбеулері максималды тартылады. Соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кету қаупін азайту үшін қозғалыс кезінде алдыңғы орындықтардың арқалықтары әрдайым тігінен орналасуы тиіс. Егер алдыңғы орындықтардың арқалықтары шалқайтылса, онда соқтығысу кезінде дененің қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кету немесе қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы жоғары қарай құрсақ қуысы тұсына жылжып кету

қауіп ұлғаяды. Екі жағдайда да ішкі мүшелердің ауыр зақымдану қауіпі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.

- Жолаушы мен орындық арқалығы немесе орындық көпшігі арасына жастықтарды немесе басқа заттарды төсеменіз. Бұл жағдайда дененің қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай сырғып кету қауіпі артады. Екі жағдайда да ішкі мүшелердің ауыр зақымдану қауіпі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.



102842-M

### ▲ ЕСКЕРТУ

Ешқашан қауіпсіздік жүйесінің иық тармағын қол астынан немесе арқаның артынан өткізбеңіз. Әйтпесе апат кезінде жарақат алу қауіпі немесе оның ауырлық деңгейі артады.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Шуақты ауа райында жабық автокөліктегі қауіпсіздік жүйесінің металл бөліктері қатты қызып, жүргізушіні немесе жолаушыны күйдіруі мүмкін. Оларды суығаннан кейін ғана ұстаңыз.

#### ▼ Нәрестелерді немесе кішкентай балаларды тасымалдау

Балалар автокөлігінің құрылымына үйлесетін бала бекіту құрылғыларында ғана тасымалдануы тиіс. «Бала бекіту құрылғылары» бөлімін қараңыз, 62-б.

#### ▼ Балаларды тасымалдау

### ▲ ЕСКЕРТУ

**SUBARU** **БАРЛЫҚ** нәрестелер мен үлкенірек балаларды (соның ішінде бала бекіту құрылғысындағыларды) **АРТҚЫ** орындыққа отырғызуды ұсынады. Олардың қалпы жасына, бойына және салмағына байланысты немесе арнайы бала бекіту құрылғысында немесе штаттық қауіпсіздік белбеулерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі

мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін. Бұл жағдай әсіресе оған белбеу тағылмаса немесе дұрыс тағылмаса орын алады. Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қауіпі жоғары болады. Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады. Бала бекіту құрылғыларына қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде келтірілген, 62-б.

Бала арнайы бала бекіту құрылғысы үшін тым үлкен болса, онда қозғалыс кезінде оның қалпын артқы орындыққа қауіпсіздік белбеулерімен бекіту керек. Баланың орындыққа тұрып алуына немесе оның тізерлеп отыруына жол бермеңіз. Қауіпсіздік белбеулері ересек жолаушыларға арнап құрастырылған. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы баланың беті немесе мойны деңгейінде орналасса, қауіпсіздік белбеуінің иық тармағының дұрыс күйін қамтамасыз ету үшін оны белбеу тоғасына жақынырақ жылжытыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы баланың белін емес, санын жауып, барынша төмен орналасуына да назар аудару керек. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын дұрыс орналастыру мүмкін болмаса, бала бекіту құрылғысын пайдалану керек. Ешбір жағдайда қауіпсіздік жүйесінің иық тармағын баланың қолы астынан немесе арқасының артынан өткізбеңіз.

### ▼ Жүкті әйелдерді тасымалдау



Жүкті әйелдер де қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек. Олар өз дәрігерлерінен жеке ұсыныстар алуы керек. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы бел тұсын емес, жамбасты қамтып, барынша төмен орналасуы тиіс.

### ■ Апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары (ELR)

Автокөліктің барлық қауіпсіздік белбеулері апаттық бекіту функциясы бар тартқыштармен (ELR) жабдықталған.

Қауіпсіздік белбеуінің тартқышын апаттық бекіту режимі қалыпты жағдайларда дененің еркін қимылдауына мүмкіндік береді, бірақ кенет тоқтау, соғылу немесе қауіпсіздік белбеуін тартып қалу кезінде автоматты түрде оны бекітеді.

### ■ Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертетін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі



«Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертетін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі» бөлімін қараңыз, ☛155-б.

### ■ Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің ескертетін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі

«Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің ескертетін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі» бөлімін қараңыз, ☛157-б.

### ■ Қауіпсіздік белбеуін тағу

#### ▼ Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері

1. Орындық күйін реттеңіз:


**Жүргізушінің орындығы.** Орындық арқалығын тік күйге орнатңыз. Автокөлікті толық бақылауда ұстайтындай күйде орындықты рульден барынша алыстатыңыз.

**Алдыңғы жолаушы орындығы.** Орындық арқалығын тік күйге орнатңыз. Орындықты мүмкіндігінше артқа қарай ысырыңыз.


2. Орындық арқалығына нық сүйеніп отырыңыз.
3. Қауіпсіздік белбеуін тілшіктен ұстап баяу тартыңыз. Белбеудің айналмауын қадағалаңыз.
  - Тілшік тоғаға жеткенге дейін белбеу сыналанып қалса, белбеуді сәл

босатыңыз да, оны қайтадан баяу тартыңыз.

- Егер белбеу бәрібір шықпай қалса, оны жұлқып қалыңыз да сәл босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяу тарта бастаңыз.




4. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға сырт еткен дыбыспен бекітілгенше салыңыз.



5. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағын тарту үшін қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын тартыңыз.
6. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы бел тұсын емес, жамбасты қамтып, барынша төмен орналасуы тиіс.

▼ **Алдыңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы құлақшасының күйін реттеу**



Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағының құлақшасының биіктігін жүргізушіге/алдыңғы жолаушыға ыңғайлы етіп реттеңіз. Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағының құлақшасының күйі бау иықтың ортасынан өтіп, мойынға тимейтіндей етіп реттелуі тиіс.

**Бассүйегішті көтеру:**

Бекіткіш тұтқасын тартып, бекіткішті жоғары жылжытыңыз.

**Бассүйегішті түсіру:**


Бекіткіш тұтқасын тартып, бекіткішті төмен жылжытыңыз.

Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағының құлақшасын төмен қарай тартыңыз және оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

**⚠ ЕСКЕРТУ**

Қауіпсіздік белбеуін таққан кезде, оның иық тармағы мойын тұсынан өтпейтініне көз жеткізіңіз. Әйтпесе оның бекіткішін төмен жылжытыңыз. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы мойын тұсынан өтіп тұрса, онда күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде омыртқаның мойын бөлігіне ауыр жарақат келуі мүмкін.

▽ **Қауіпсіздік белбеуін ағыту**



1. Түйме


1. Құлыптағы түймені басыңыз.
2. Қауіпсіздік белбеуінің шатасуына немесе айналып кетуіне жол бермеу үшін оның баяу тартылуына мүмкіндік беріңіз.

Есікті жаппай тұрып, қауіпсіздік белбеуі толығымен тартылып, есікке қысылып қалмағанын тексеріңіз.


▼ **Артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері (артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінен басқа)**

1. Орындық арқалығына нық сүйеніп отырыңыз.
2. Қауіпсіздік белбеуін тілшіктен ұстап баяу тартыңыз. Белбеудің айналмауын қадағалаңыз.
  - Тілшік тоғаға жеткенге дейін белбеу сыналанып қалса, белбеуді сәл босатыңыз да, оны қайтадан баяу тартыңыз.
  - Егер белбеу бәрібір шықпай қалса, оны жұлқып қалыңыз да сәл босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяу тарта бастаңыз.

1 Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары




3. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға сырт өткен дыбыспен бекітілгенше салыңыз.



4. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағын тарту үшін қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын тартыңыз.  
5. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы бел тұсын емес, жамбасты қамтып, барынша төмен орналасуы тиіс.

▽ Қауіпсіздік белбеуін ағыту




1. Түйме


1. Құлыптағы түймені басыңыз.  
2. Қауіпсіздік белбеуінің шатасуына немесе айналып кетуіне жол бермеу үшін оның баяу тартылуына мүмкіндік беріңіз.

Есікті жаппай тұрып, қауіпсіздік белбеуі толығымен тартылып, есікке қысылып қалмағанын тексеріңіз.

▼ Артқы ортаңғы артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуі



- 1 Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тілшігі  
2 Жалғағыштың тілшігі  
3 Жалғағыштың тоғасы  
4 Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тоғасы





**▲ ЕСКЕРТУ**

Бұралып кеткен қауіпсіздік белбеуін тағу салдары апат кезінде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік белбеуін таққан кезде оны тартқыштан шығара отырып және өсіресе тоғадағы жалғағыш тілшігін бекіткен кезде (оң жақтан) бауы бұралып кетпегенін міндетті түрде тексеріп алыңыз.




100109

**▲ ЕСКЕРТУ**

• Екі тілшік тиісті тоғаларда бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы ғана қолданылып тұрса (жалғағыштың тілшігі оң жақтағы тоғаға бекітілмеген кезде), онда апат кезінде жолаушының толық қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейді және ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.


- Қауіпсіздік белбеуін тағар кезде қауіпсіздік белбеуі белбеу бағыттағышы арқылы өтіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Белбеу бағыттағышы арқылы өткізілмеген қауіпсіздік белбеуі күрт тежеу немесе соқтығыс кезінде мойынды жарақаттауы мүмкін, өйткені ол мойынға сырғып кетуі мүмкін.

Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуі жүксалғыштың оң жағында ұстағышта орналасқан.




102117

1. Бассүйегішті жоғарғы қалыпқа көтеріңіз. Бассүйегішті шешіп алмаңыз.




102986


2. Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің құлақшасын шығарып алыңыз, содан кейін қауіпсіздік белбеуін белбеу ұстағышынан шығару үшін таспаны сырғытып, қауіпсіздік белбеуін баяу тартыңыз.



3. Қауіпсіздік белбеуін келесідей белбеу бағыттағышы арқылы өткізіңіз: Алдымен белбеудің бір шетін бағыттағыштың ұясына салыңыз, содан кейін белбеудің қалған бөлігін ішке кіргізіңіз.



4. Жалғағыштың тілшігіндегі «▼» белгісі және жалғағыштың тоғасындағы «▲» белгісі сыртқа қарағанына көз жеткізіңіз.




5. Қауіпсіздік белбеуінің бұралып кетпегеніне көз жеткізіп, қауіпсіздік белбеуінің таспасының ұшына бекітілген жалғағыштың тілшігін оң жақта орналасқан тоғаға сырт еткен дыбыс естілгенше енгізіңіз.

- Тілшік тоғаға жеткенге дейін белбеу сыналанып қалса, белбеуді сәл босатыңыз да, оны қайтадан баяу тартыңыз.
- Егер белбеу бәрібір шықпай қалса, оны жұлқып қалыңыз да сәл босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяу тарта бастаңыз.




6. Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тілшігін артқы ортаңғы орындықтың тоғасына сырт еткен дыбыс шыққанша салыңыз.



7. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағын тарту үшін қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын тартыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағын белге емес, жамбасқа мүмкіндігінше төмен орналастырыңыз.


▼ Қауіпсіздік белбеуін ағыту




1. Түйме
1. Қауіпсіздік белбеуін ағыту үшін сол жақта орналасқан артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуі тоғасындағы түймені басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**


Жүксалғыш көлемін ұлғайту үшін орындықтың арқалығын жимай тұрып жалғағыш тілшігін ажырату қажет.



2. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін немесе қатты материалдан жасалған басқа өткір затты жалғағыш тоғасының оң жағындағы кертікке салып басыңыз. Жалғағыштың тілшігі жалғағыштың тоғасынан ағытылады.



3. Тартқыштың белбеуді тартуына мүмкіндік беру керек. Қауіпсіздік белбеуі тартылған кезде оның дұрыс күйін қамтамасыз етіп, тартқышқа бағыттау керек. Осыдан кейін белбеу таспасын белбеу ұстағышының астынан өткізіңіз де, қосқыштың тілшігін ұстағышқа сұғыңыз.



### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Төмендегі сақтық шараларын сақтаңыз. Өйтпесе тілшіктің пластинасы қаптамаға соғылып, оны зақымдауы мүмкін.

- Қауіпсіздік белбеуінің тартқышқа тым жылдам тартылуына мүмкіндік бермеңіз.
- Қауіпсіздік жүйесі тартқышқа толықтай тартылғанына, ал тілшіктердің пластиналары ұқыпты жиылғанына көз жеткізіңіз.

### ■ Қауіпсіздік белбеулеріне күтім жасау

Қауіпсіздік белбеулері жылы су мен жұмсақ сабын көмегімен тазартылады. Белбеулерді ағартуға немесе бояуға тыйым салынады, өйткені бұл олардың беріктігін төмендетіп жібереді.

Қауіпсіздік белбеулерінде, оның ішінде таспалар мен барлық металл бөлшектерінде жарықтар, тіліктер, үйкелістер, тозу және босаған болт қосылыстары бар-жоғын тексеріңіз. Болмашы зақымдарды анықтаған кезде қауіпсіздік белбеулері ауыстырылуы тиіс.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қауіпсіздік белбеулеріне әртүрлі лактардың, майлардың, химиялық реагенттердің және әсіресе аккумулятор батареясы электролитінің тиюіне жол бермеңіз.
- Ешқандай жағдайда қауіпсіздік белбеулерінің құрылымын өзгертуге тырыспаңыз, себебі бұл олардың жұмысын бұзуы мүмкін.

## 1-5. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары

Келесі қауіпсіздік белбеулері алдын ала тартқышпен жабдықталған.

- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі
- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі
- Шеткі артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының құрылымы орташа немесе қатты бетпе-бет және бүйірден соқтығысу кезінде іске қосылады.

### ▲ ЕСКЕРТУ

- Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы максималды қорғалуы үшін олар орындықтарының арқалықтары қатаң түрде тік қалыпта болатындай отыруы, сондай-ақ қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағуы тиіс. «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімін қараңыз, 50-б.
- Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштарын немесе олардың жанындағы аймақты түрлендіруге, алып тастауға немесе соғуға тыйым салынады. Өйткені мұның салдарынан алдын ала тартқыштар кездейсоқ іске қосылуы немесе олар істен шығып, ауыр жарақат алуға себеп болуы мүмкін. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының құрылымы автокөлік иесінің оларға техникалық қызмет көрсетуін қамтымайды. Алдын ала

тартқыштармен жабдықталған қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштарына техникалық қызмет көрсету қажет болған жағдайда SUBARU дилерінен кеңес алу ұсынылады.

- Алдын ала тартқыштарымен жабдықталған қауіпсіздік белбеулері тартқыштарының тораптарын немесе апат кезінде зақымдалған бүкіл автокөлікті кәдеге жарату кезінде SUBARU дилеріңізден кеңес алғаныңыз жөн.

## ЕСКЕРТПЕ

- Алдын ала тартқыштардың конструкциясы әлсіз бетпе-бет соққылар немесе арттан тиетін соққылар кезінде іске қосылмайды.
- Жүргізушінің, алдыңғы жолаушының алдын ала тартқыштары және алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бір уақытта іске қосылады. Алдыңғы жолаушының бос/бос еместігін анықтау жүйесі бар модельдерде, тіпті алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылмайтын болса да алдыңғы жолаушының орны бос болғандықтан алдыңғы жолаушыға арналған қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы алдыңғы қауіпсіздік жастығымен / жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышымен бірге жұмыс істейді.


- Алдын ала тартқыштар бір рет іске қосуға арналған. Алдын ала тартқыш іске қосылған жағдайда жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштарын ауыстыру қажет. Ауыстыруды тек SUBARU уәкілетті дилері орындауы керек. Қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштарын ауыстырған кезде SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін ғана қолданыңыз.
- Егер алдын ала тартқышпен жабдықталған қауіпсіздік белбеуі тартып оралмаса немесе ақау салдарынан немесе алдын ала тартқыштың іске қосылуы себебінен шығарылмаса, алғашқы мүмкіндік болған жағдайда SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.
- Қауіпсіздік белбеуінің тартқышы немесе оның жанындағы аймақ зақымдалған кезде, алғашқы мүмкіндік туған бойда SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.
- Автокөлікті сатқан кезде сатып алушыға автокөліктің қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарымен жабдықталғанын айтып жеткізіңіз. Оған қоса, сатып алушыға осы бөлімнің мазмұны туралы хабарлаңыз.

## ■ Иық тармағының алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі

### ЕСКЕРТПЕ

Бұл бөлім келесі компоненттерге қолданылады.

- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі
- Шеткі артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері



Алдын ала тартқыш келесі датчиктердің сигналы бойынша да қосылады.

- Алдыңғы соққы датчигі
- Бүйірлік соққы датчигі

Егер датчиктер бетпе-бет немесе бүйірлік соқтығысу немесе төңкерілу кезінде алдын ала белгіленген күш деңгейін анықтаса, алдын ала тартқыштармен жабдықталған барлық қауіпсіздік белбеулері жолаушының қалпын барынша тиімді бекітуі үшін әлсіз жерді таңдап жылдам тартылады.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышында соқтығысу кезінде жолаушыға қауіпсіздік белбеуі салатын ең жоғары күшті шектейтін кернеуді босату құрылғысы бар.

Артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштарында соқтығысу кезінде жолаушыға қауіпсіздік белбеуі салатын ең жоғары күшті шектейтін кернеуді босату құрылғысы бар.

- Бейімделетін күш шектегіші (бар болса)

Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы орындықтың бос/бос еместігін анықтайтын датчик деректері бойынша адамның денесінің өлшеміне сәйкес жүктемені шектейтін кернеу күшін төмендететін құрылғымен жабдықталған.


Қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы іске қосылған кезде аздаған түтін бөлінеді, сондай-ақ шу естіледі. Бұл қауіп төндірмейтін қалыпты жағдай. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтану салдары емес.

Алдын ала тартқыш іске қосылған кезде қауіпсіздік жүйесінің тартқышы бекітіліп қалады. Яғни қауіпсіздік белбеуі шығарылмайды немесе тартылмайды, сондықтан оны ауыстыру керек.

### ■ Иық және бел тармақтарының алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеуі

#### ЕСКЕРТПЕ

Бұл бөлім жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуіне қатысты.



- 1 Қауіпсіздік белбеуінің тартқышы (белбеудің иық тармағының алдын ала тартқышы және бейімделетін күш шектегіші (орнатылған болса))
- 2 Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының алдын ала тартқышы

Алдын ала тартқыш келесі датчиктердің сигналы бойынша да қосылады.

- Алдыңғы соққы датчигі
- Бүйірлік соққы датчигі

Егер датчиктер бетпе-бет немесе бүйірлік соқтығысу немесе төңкерілу кезінде алдын ала белгіленген күш деңгейін анықтаса, алдын ала тартқыштармен жабдықталған барлық қауіпсіздік белбеулері жолаушының қалпын барынша тиімді бекітуі үшін әлсіз жерді таңдап жылдам тартылады.

Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышында соқтығысу кезінде жолаушыға қауіпсіздік белбеуі салатын ең жоғары күшті шектейтін кернеуді босату құрылғысы бар.

- Бейімделетін күш шектегіші (бар болса)  
Жүргізуші орындығының бейімделетін күш шектегіші жүргізушінің отыру датчигімен анықталатын жүргізуші денесінің габариттеріне сәйкес жүктемені азайту деңгейін таңдайды.

- Қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы іске қосылған кезде

біраз түтін шығады, сонымен қатар шу естіледі. Бұл қауіп төндірмейтін қалыпты жағдай. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтану салдары емес.

Алдын ала тартқыш іске қосылған кезде қауіпсіздік жүйесінің тартқышы бекітіліп қалады. Яғни қауіпсіздік белбеуі шығарылмайды немесе тартылмайды, сондықтан оны ауыстыру керек.

### ■ Жүйенің күйін бақылау

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне орнатылса, диагностикалық жүйе қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының дайындығын үздіксіз қадағалайды. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарын қауіпсіздік жастықтары жүйесінің басқару блогы басқарады, сондықтан қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының қандай да бір ақауы пайда болса, қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы жанады. Толық ақпаратты «Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау» бөлімінен қараңыз, ☛109-б.

■ Жүйені пайдалану

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Қауіпсіздік белбеулері тартқыштарын немесе апат кезінде зақымдалған бүкіл автокөлікті кедеге жарату үшін SUBARU дилеріңізден кеңес алғаныңыз жөн.
- Конфигурацияны өзгерту немесе жүйенің электр сымдар жүйесін ажырату салдарынан алдын ала көргіштер және/немесе қауіпсіздік жастықтары кездейсоқ іске қосылуы немесе бүкіл жүйе істен шығуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға әкеледі. Қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтарының алдын ала тартқыштар жүйелерінің кез келген электр тізбектерінде электр тестерлерді қолдануға тыйым салынады. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарына техникалық қызмет көрсету қажет болса, ең жақын SUBARU дилерінен кеңес алыңыз.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Датчиктер мен қауіпсіздік жастықтары жүйесінің басқару блогының орналасуы «Компоненттер» бөлімінде келтірілген, 90-б.

Егер қауіпсіздік белбеуінің тартқыштарының жанында техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болса, SUBARU ресми дилеріне хабарласқан жөн.

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер автокөліктің алдыңғы немесе бүйір жағы апат кезінде зақымдалғандықтан, қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштары жұмысқа жарамсыз күйде болса, SUBARU дилеріне барынша тезірек хабарласқан жөн.

■ Автокөлікті түрлендіруге қатысты ескертулер

Автокөлікке кез келген қосымша жабдықты орнату алдында SUBARU дилеріңізден кеңес алыңыз.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Төменде аталған өзгерістерді автокөлік құрылымына енгізуге жол бермеңіз. Мұндай өзгерістер қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.

- Автокөліктің алдыңғы жағына SUBARU түпнұсқа қосымша жабдықтарының қатарына кірмейтін қандай да бір жабдықты (қорғаныс торлары, шығырлар, қар тазалағыш құрылғылар, сүйрегіш қалқандар және т.б.) орнату.
- Автокөліктің аспа жүйесіне немесе автокөліктің алдыңғы бөлігінің конструкциясына өзгерістер енгізу.


- Өлшемі және құрылымы жүргізуші жақтағы ортаңғы тіреудегі тақтайшада немесе нақты автокөліктердің үлгілері үшін осы нұсқаулықта көрсетілгеннен ерекшеленетін шиналарды орнату.

## 1-6. Артқы орындықта жолаушылардың немесе жүктің болуы туралы ескерту

Бұл функция жүргізушінің назарын артқы орындықта жолаушылардың және жүктің бар болуын тексеру қажеттігіне аударады.

Бұл функция артқы есіктерді ашқанда және жапқанда іске қосылады.

Ол аспаптар тақтасының дисплейіне (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) тиісті ескерту хабарын шығарып және дыбыс сигналын беріп, оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінен OFF күйіне ауыстырылған кезде жүргізушіге ескертеді.



### ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функция артқы орындықта жолаушылар мен жүктің болуын анықтамайды.

- Бұл функция артқы есіктердің ашылуын және жабылуын анықтайды. Осыған байланысты келесі жағдайлар орын алуы мүмкін.
  - Ол артқы орындықта жолаушылар немесе жүк болмаса да жүргізушіге ескертуі мүмкін.
  - Ол артқы орындықта жолаушылар немесе жүк болса да жүргізушіге ескертпеуі мүмкін.
- Бұл функцияны «Автокөлік баптаулары» бөлімінде қосуға немесе өшіруге болады. Тольғырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б.
- Қосу/сөндіру баптаулары тіпті оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне аударған кезде де өзгермейді.
- Қосымша 12 В аккумулятор батареясын ажыратқанда, функцияны қосу/сөндіру баптаулары әдепкі баптауға оралады.

## 1-7. Баланы бекіту құрылғылары


### ■ Сақтық шаралары



Нәрестелер мен үлкенірек балалар әрқашан тек артқы орындықтағы бала бекіту құрылғысында тасымалдануы керек. Бала бекіту құрылғысы баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес келуі керек. Барлық бала бекіту құрылғылары құрылымы бойынша автокөліктің орындықтарына бекітуді көздейді. Егер бала бекіту құрылғысы орындыққа берік бекітілмесе, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті баланың өліміне әкелуі мүмкін.

Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде өндірушінің нұсқаулықтарын қатаң сақтаңыз. Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады.






**Бекіткіш тұтқасы**

- 1 Бекітілмеген
- 2 Бекітілген
- A Бекітілмеген қалыптың қызыл белгісі

**⚠ ЕСКЕРТУ**

- Бала бекіту құрылғысын орнату алдында орындық арқалығындағы бекіткіш түйменің бекітілмеген күйінің белгісі көрінбейтініне, ал артқы орындықтың арқалығы орнына берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер артқы орындық арқалығы сенімді бекітілмесе, оның салдары ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.


- Балаларды автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Салондағы жоғары температура ыстық өтуге және ағзаның сусыздануына алып келуі мүмкін, бұл өз кезегінде ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге жетелейді.



**⚠ ЕСКЕРТУ**

Жолаушыларға автокөлік қозғалысы кезінде балаларды тізеге отырғызуға немесе қолға ұстауға рұқсат бермеңіз. Апат орын алғанда жолаушы баланы жарақаттан қорғай алмайды, өйткені бала жолаушы мен автокөлік салонындағы басқа заттар арасында қысылып қалады. Оған қоса, егер жүргізуші алдыңғы орындықта отырып, баланы тізеге немесе қолға алып отырса, балаға ауыр қауіп төнеді.

Қауіпсіздік жастығы өте тез және үлкен күшпен ашылатындықтан, бала жарақат алуы немесе тіпті өліп кетуі мүмкін.



**⚠ ЕСКЕРТУ**

Автокөлікте балаларға әрқашан белбеу тағып қою керек. Баланың орындыққа тұрып алуына немесе оның тізерлеп отыруына жол бермеңіз. Егер бала белбеу тақпаса, онда күрт тежеу немесе апат кезінде ол алға ұшып кетіп, ауыр жарақаттарға ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар бала алдыңғы орындықта немесе оның алдында тұрса немесе тізерлеп отырса, оған тағы бір үлкен қауіп төнеді. Қауіпсіздік жастығы өте тез және үлкен күшпен ашылатындықтан, бала жарақат алуы немесе тіпті өліп кетуі мүмкін.

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары

■ **Бала бекіту құрылғыларын орнатуға қатысты қауіпсіздік ұсыныстары**

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Шуақты ауа райы кезінде жабық автокөліктегі бала бекіту құрылғылары мен қауіпсіздік белбеулері қатты қызып кетіп, бала күйіп қалуы мүмкін. Баланы бала бекіту құрылғысына отырғызу алдында, оның температурасын тексеріңіз.
- Бала бекіту құрылғысын дұрыс бекітіңіз. ISOFIX жүйесінің бекіткіштерін қолданған кезде айналасында бөтен заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Оған қоса, бала бекіту құрылғысының артындағы қауіпсіздік белбеулерін қысуға болмайды. Бала бекіту құрылғысы берік орнатылғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе күрт тежеу, бұру немесе апат кезінде бала немесе басқа жолаушылар қаза болуы немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Автокөлікте бекітілмеген бала бекіту құрылғысын қалдырмаңыз. Күрт тежеу немесе апат кезінде бекітілмеген бала бекіту құрылғысы салонға лақтырылып, жүргізуші мен жолаушыларға, сондай-ақ бекіту құрылғысындағы балаға да жарақат келуі мүмкін. Бұған қоса, бұның салдары бала өліміне әкелуі мүмкін.

- Бала бекіту құрылғыларының кейбір типтері іргелес орындықтың қауіпсіздік жүйесінің тоғасын жабуы мүмкін. Егер іргелес орындықтағы жолаушы қауіпсіздік белбеуін дұрыс таға алмаса, ол басқа орындыққа отыруы тиіс. Егер қауіпсіздік жүйесін дұрыс тағу мүмкін болмаса, күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде ауыр жарақаттану немесе өлім қаупі болады.
- Бала бекіту құрылғысы жүргізушінің орындығына тиетіндіктен оны дұрыс орнату мүмкін болмаса, бала бекіту құрылғысын басқа орындыққа көшіріңіз. Егер оны басқа орындыққа орнату мүмкін болмаса (жүргізуші орындығынан басқа), алдыңғы орындықтың қалпын бір-біріне тимейтіндей етіп реттеңіз.

**▲ АБАЙЛАҢИЗ**

Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде оған қоса берілген өндірушінің нұсқаулықтарын қатаң сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.

▼ **Ескертуші жапсырма**


**▲ ЕСКЕРТУ**

- Ескертуші жапсырмалар алдыңғы жолаушының күнқағарының екі жағында орналасқан. Ескертуші тақта алдыңғы жолаушының орындығына артқа қаратылған бала бекіту құрылғысын орнатуға тыйым салынғанын көрсетеді.
- Қозғалыс бағытына қарсы бағытталған бала бекіту құрылғысын алдында **БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ** бар орындыққа орнатуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**, себебі бұл баланың **ӨЛІМІНЕ** немесе **АУЫР ЖАРАҚАТТАНУЫНА** әкелуі мүмкін.



Ескертуші жапсырма  
A AIRBAG

### ■ Бала бекіту құрылғысын таңдау



### ЕСКЕРТПЕ

Кейбір өлшемдегі бала бекіту құрылғылары автокөліктің орындығына сәйкес келмеуі мүмкін. Бала бекіту құрылғысын сатып алмас бұрын оның автокөлік орындығына сай келетіндігін тексеріңіз.

Оңтайлы қорғанысты қамтамасыз ету үшін бала бекіту құрылғысын баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес таңдау керек. Оған қоса, бала бекіту құрылғысы еліңізде қолданылатын қауіпсіздік талаптарына сай келуі маңызды.

Көптеген Еуропа елдерінде бала бекіту құрылғылары ECE № 44 немесе № 129 стандартының талаптарына сай келуі тиіс. Бұны өндіруші кәсіпорын қаптамаға және баланы бекіту құрылғысының өзіне орналастырған тиісті мақұлдау туралы жапсырманың немесе тауардың сәйкестік декларациясының болуы куәландырады.

ECE № 44 стандартына сәйкес бала бекіту құрылғылары бала салмағына байланысты бес топқа бөлінеді.

**0 топ:** салмағы 10 кг аз балалар үшін.

**0+ топ:** салмағы 13 кг аз балалар үшін.

**I топ:** салмағы 9 кг мен 18 кг аралығындағы балалар үшін.

**II топ:** салмағы 15 кг мен 25 кг аралығындағы балалар үшін.

**III топ:** салмағы 22 кг мен 36 кг аралығындағы балалар үшін.

Төменде Еуропа елдері үшін бала бекіту құрылғыларын таңдау бойынша ұсыныстар келтірілген.

**▼ ECE R129 стандартының бала бекіту құрылғылары**

Бала бекіту құрылғылары ECE R129 стандартында белгіленген бойы және жасы бойынша талаптарға сай келуі тиіс. Қолайлы салмақ және бой санаттары ECE R129 стандарты бойынша мақұлдау туралы жапсырмада көрсетілген. Балаңызға қолайлы бала бекіту құрылғысын таңдаңыз.

Бала бекіту құрылғысының типі	Қолайлы бойы немесе жасы**1
Нәрестелерге арналған орындық (беті теріс қаратылған)	Бойы және жасы бойынша шектеулер жоқ.
Бала орындығы (беті теріс қаратылған)	Бойы және жасы бойынша шектеулер жоқ.
Бала орындығы (беті алға қаратылған)	Бойы 76 см немесе одан биік және жасы 15 ай немесе одан үлкен балаларға қолайлы.
Бала орындығы (алға қаратылған)	Бойы 100 см немесе одан үлкен балалар үшін қолайлы.

\*1: Қолайлы бала бекіту құрылғысын таңдау үшін ECE R129 стандарты бойынша мақұлдау туралы жапсырманы тексеріңіз.

▼ Бала бекіту құрылғысы

Бала бекіту құрылғыларының топтары және оларды автокөлік орындықтарына орнату мүмкіндігі


Орындықтың нөмірі		1		2	3	4		
Орындықтың орналасуы		Алдыңғы жолаушы орындығы			Екінші қатардағы сол жақ орындық	Екінші қатардағы ортаңғы орындық	Екінші қатардағы оң жақ орындық	
		Жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі жоқ	Жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі бар					
			Қауіпсіздік жастығы қосылған	Қауіпсіздік жастығы сәндірілген				Мүмкін
Қауіпсіздік белбеуі бекітілген әмбебап бала бекіту құрылғысын орындыққа орнату мүмкіндігі		Тек беті алға қаратылған	Тек беті алға қаратылған	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін*1	Мүмкін	
i-Size стандартының бала бекіту құрылғысын орындыққа орнату мүмкіндігі (қарастырылған болса)		—	—	—	Мүмкін	—	Мүмкін	
Бүйірлік бекітпесі бар (L1/L2) бала бекіту құрылғысын орындыққа орнату мүмкіндігі		—	—	—	Мүмкін емес	—	Мүмкін емес	
Балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған анағұрлым қолайлы бала бекіту құрылғысы (R1/R2X/R2/R3)		—	—	—	R3	—	R3	
Балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған анағұрлым қолайлы бала бекіту құрылғысы (F2X/F2/F3)		—	—	—	F3	—	F3	
Анағұрлым қолайлы бала орындығы (B2/B3)		—	—	—	B3	—	B3	
Ұсынылған бала бекіту құрылғысы	Қауіпсіздік белбеуімен бекіту арқылы	BRITAX BABY SAFE 3 i-SIZE	Мүмкін емес	Мүмкін емес	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін
		BRITAX KIDFIX i-SIZE	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін
	ISOFIX	BRITAX BABY SAFE 3 i-SIZE, BRITAX FLEX BASE iSENSE бар	—	—	—	Мүмкін	—	Мүмкін
		BRITAX TRIFIX 2 i-SIZE	—	—	—	Мүмкін	—	Мүмкін
		BRITAX KIDFIX i-SIZE	—	—	—	Мүмкін	—	Мүмкін

\*1: Автокөлік еденінің пішініне байланысты ортаңғы артқы орындыққа ортаңғы тірегі бар бала бекіту құрылғыларын қолдану мүмкін емес.

—: Баланы бекіту құрылғыларына арналған төменгі бекіту тораптарымен жабдықталмаған орындар.

1


Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары



**Рулі сол жақта орналасқан модельдер**

- \*A: Алдыңғы жолаушы орындығының қалпын реттеу  
Орындық арқалығы: тік күй  
Орындық көпшігінің биіктігі: шеткі жоғарғы қалпы (орындық көпшігінің биіктігі реттелетін модельдер)  
Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу: шеткі артқы қалып
- \*B: Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы өшірілген кезде
- \*C: Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы қосылған кезде

- 1 Алдыңғы жолаушы орындығы
- 2 Екінші қатардағы сол жақ орындық
- 3 Екінші қатардағы ортаңғы орындық
- 4 Екінші қатардағы оң жақ орындық



**Рулі оң жақта орналасқан модельдер**

- \*A: Алдыңғы жолаушы орындығының қалпын реттеу  
Орындық арқалығы: тік күй  
Орындық көпшігінің биіктігі: шеткі жоғарғы қалпы (орындық көпшігінің биіктігі реттелетін модельдер)  
Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу: шеткі артқы қалып
- \*B: Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы өшірілген кезде
- \*C: Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы қосылған кезде

- 1 Алдыңғы жолаушы орындығы
- 2 Екінші қатардағы сол жақ орындық
- 3 Екінші қатардағы ортаңғы орындық
- 4 Екінші қатардағы оң жақ орындық

Белгі	Сипаттамасы
	Бала бекіту құрылғыларының әмбебап санаттары үшін қолайлы.
	Қауіпсіздік белбеуінің көмегімен алға қаратып орнатылатын бала бекіту құрылғыларының әмбебап санатына қолайлы.
	CROSSTREK e-BOXER автокөлігіне орнатуға рұқсат етілген бала бекіту құрылғысы туралы ақпаратты бала бекіту құрылғысы үшін рұқсат етілген автокөлік модельдерінің тізімінен немесе бала бекіту құрылғысы өндірушісінің веб-сайтынан табуға болады.
	i-Size немесе ISOFIX бекітпесі бар бала бекіту құрылғыларына қолайлы.
	ISOFIX бекітпесі бар бала бекіту құрылғыларына қолайлы.
	Top Tether бекіту нүктелері бар.

Ұсынылған бала бекіту құрылғылары

Бала бекіту құрылғысы <sup>1</sup>	Салмақ тобы	Орнату бағыты	Бекіту әдісі	1	2	3	4
				Алдыңғы жолаушы орындығы	Екінші қатардағы сол жақ орындық	Екінші қатардағы ортаңғы орындық	Екінші қатардағы оң жақ орындық
BRITAX BABY SAFE 3 i-SIZE	13 кг-ға дейін	Беті теріс қаратылған	Қауіпсіздік белбеуі	Иә <sup>2</sup> / Жоқ <sup>3</sup>	Иә	Иә	Иә
BRITAX BABY SAFE 3 i-SIZE, BRITAX FLEX BASE iSENSE бар		Беті теріс қаратылған	ISOFIX	—	Иә	—	Иә
BRITAX TRIFIX 2 i-SIZE	76–105 см	Беті алға қаратылған	ISOFIX	—	Иә	—	Иә
	9 кг бастап 18 кг дейін						
BRITAX KIDFIX i-SIZE	100–150 см	Беті алға қаратылған	Қауіпсіздік белбеуі	Иә	Иә	Иә	Иә
	15 кг бастап 36 кг дейін		ISOFIX	—	Иә	—	Иә

\*1: Ұсынылған бала бекіту құрылғылары туралы ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады. Басқа бала бекіту құрылғылары туралы ақпаратты бала бекіту құрылғысы үшін рұқсат етілген автокөлік модельдерінің тізімінен немесе бала бекіту құрылғысы өндірушісінің веб-сайтынан табуға болады.

\*2: Егер алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының өшірілгенін білдіретін бақылау шамы жанбаса, бала бекіту құрылғысын орнатуға тыйым салынады. «Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде» бөлімін қараңыз, 71-б.

\*3: Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосұлы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жоқ модельдерде алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатуға тыйым салынады.

—: Баланы бекіту құрылғыларына арналған төменгі бекіту тораптарымен жабдықталмаған орындар.

- **Тек алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы бар модельдер үшін



102852-M

### **▲ ЕСКЕРТУ**

- Егер жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосулы тұрғанын білдіретін бақылау шамы жанса, бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына балаларды артқа қаратып тасымалдау үшін орнатуға тыйым салынады. Әйтпесе бала бекіту құрылғысында бала отырса да, қауіпсіздік жастығы ашылған кезде

баланы жарақаттау қаупі жоғары болады.

- Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде оған қоса берілген өндірушінің нұсқаулықтарын қатаң сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.
- Алынған бассүйегіш күрт бұру немесе тежеу кезінде салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.
- Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту индикаторы және алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөнгенін білдіретін бақылау шамы жанса, жолаушының бос/бос еместігін анықтау жүйесінде ақау болуы мүмкін. Бұл жағдайда бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.
- Балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде, бала бекіту құрылғысында бала отырса, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер қозғалыс кезінде алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанса, автокөлікті жақын маңдағы қауіпсіз жерге тоқтатып, бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.

- Бала бекіту құрылғысы алдыңғы жолаушының орындығына сенімді орнатылған соң, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын/сөндірілгенін білдіретін бақылау шамының күйін тексеріңіз.

### **▲ АБАЙЛАҢИЗ**

Қауіпсіздік мақсатында бала бекіту құрылғысын әрдайым артқы орындыққа орнатыңыз. Бұл жағдай орын алса, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын/сөндірілгенін білдіретін бақылау шамының күйіне байланысты алдыңғы жолаушының орындығын қолдануға болады. Толығырақ ақпарат «Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнату» бөлімінде келтірілген, 71-б.


### **ЕСКЕРТПЕ**

Пайдалану нұсқаулығында көрсетілген барлық қажетті шарттар орындалса, **ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНЫҢ** ескерту жапсырмасында келтірілген нұсқаулықтар қолданылмайды.



▼ **Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде**

Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде келесі процедураны орындаңыз.



- A Орындық қалпы: шеткі артқы қалып
- B Орындық көпшігінің биіктігі (егер реттелетін болса): ең жоғарғы шеткі қалып
- C Орындық арқалығы: тік күй

1. Суретте көрсетілгендей алдыңғы жолаушының орындығын реттеңіз.
2. Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатыңыз. «Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату» бөлімін қараңыз, 73-б.
3. Баланы (немесе нәрестені) бала бекіту құрылғысына отырғызыңыз және бекітіңіз.

4. Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын/сөндірілгенін білдіретін бақылау шамының күйі пайдаланылатын бала бекіту құрылғысының талаптарына сай келетіндігіне көз жеткізіңіз.



- OFF** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы.
- ON** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы.

● **Бақылау шамының күйі және бала бекіту құрылғыларын орнату мүмкіндігі**

	<b>OFF</b> Жанып тұр	<b>ON</b> Жанып тұр
Беті алға қаратылған	Мүмкін	Мүмкін
Беті теріс қаратылған	Мүмкін	Мүмкін емес

**Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы жанса**

Балалардың бетін алға және теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларының екі түрін орнатуға болады.

**Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанса**

Тек балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларын орнатуға болады. Тек балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларын орнату мүмкін емес. Толығырақ ақпарат алу үшін «Қауіпсіздік жастықтары» бөлімін қараңыз, 94-б.

**ЕСКЕРТПЕ**

Бала бекіту құрылғысының түріне және/немесе пішініне, сондай-ақ баланың салмағына байланысты алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамының күйі бала бекіту құрылғыңыздың талаптарына сай келмеуі мүмкін. Бұл жағдайда бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз. Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы туралы толығырақ ақпарат «Жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі» бөлімінде келтірілген, 94-б.

5. Бала бекіту құрылғысы бассүйегішке тимейтініне көз жеткізіңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке тисе, бассүйегішті жоғарғы қалыпқа көтеріңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке өлі де тиіп тұрса, бассүйегішті алып тастаңыз. Толығырақ

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары


## 72 Баланы бекіту құрылғылары

ақпарат алу үшін «Бассүйегіштерді реттеу» бөлімін қараңыз, 72-б.

### ▼ Орнату процедурасы

Орнату процедурасы «Бала бекіту құрылғыларын қауіпсіздік белбеумен орнату» бөлімінде көрсетілген, 73-б.

- **Тек алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жоқ модельдер үшін**



### ▲ ЕСКЕРТУ


- Балаларды алдыңғы жолаушының орындығында артқа қаратып тасымалдау үшін бала бекіту құрылғысын орнатуға тыйым салынады. Әйтпесе бала бекіту құрылғысында бала отырса да, қауіпсіздік жастығы ашылған кезде баланы жарақаттау қаупі жоғары болады.
- Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде оған қоса берілген өндірушінің нұсқаулықтарын қатаң сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.
- Алынған бассүйегіш күрт бұру немесе тежеу кезінде салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.
- Егер қауіпсіздік жастығының ескерту шамы жанса, бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік мақсатында бала бекіту құрылғысын әрдайым артқы орындыққа орнатыңыз. Бұл мүмкін болмаса, алдыңғы жолаушының орындығына балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын ғана орнату қажет. Толығырақ ақпарат «Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнату» бөлімінде келтірілген, 72-б.

### ▼ Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде келесі процедураны орындаңыз.

Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде келесі процедураны орындаңыз.



- A Орындық қалпы: шеткі артқы қалпы
- B Орындық көпшігінің биіктігі (егер реттелетін болса): ең жоғарғы шеткі қалпы
- C Орындық арқалығы: тік күй

1. Суретте көрсетілгендей алдыңғы жолаушының орындығын реттеңіз.
2. Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатыңыз. «Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату» бөлімін қараңыз, 73-б.

3. Баланы (немесе нәрестені) бала бекіту құрылғысына отырғызыңыз және бекітіңіз.
4. Бала бекіту құрылғысы бассүйегішке тимейтініне көз жеткізіңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке тисе, бассүйегішті жоғарғы қалыпқа көтеріңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке әлі де тиіп тұрса, бассүйегішті алып тастаңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Бассүйегіштерді реттеу» бөлімін қараңыз, 42-б.

▼ **Орнату процедурасы**

Орнату процедурасы «Бала бекіту құрылғыларын қауіпсіздік белбеуімен орнату» бөлімінде көрсетілген, 73-б.

■ **Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату**

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**


- Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде оған қоса берілген өндірушінің нұсқаулықтарын қатаң сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.

- **Артқы ортаңғы орындыққа бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, екі орындықтың арқалығын да бастапқы қалыпқа орнатыңыз. Әйтпесе бала бекіту құрылғысы мықтап бекітілмейді, бұл қатты төжеу, кенет маневр немесе апат кезінде өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.**

- ▼ **Балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын орнату**

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Егер жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы өшірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жанбаса, бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына балаларды артқа қаратып тасымалдау үшін орнатуға тыйым салынады.
- Бала бекіту құрылғысын орнатпай тұрып арқалықтың сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.



1. Бекіту құрылғысы
2. Бекіткіш


**ЕСКЕРТПЕ**

Егер бала бекіту құрылғысына қоса берілетін өндіруші нұсқаулығында бекіткіш құрылғыны немесе бекіткішті қолдану ұсынылса, бала бекіту құрылғысын бекіту үшін бекіткіш құрылғыны немесе бекіткішті қолданыңыз.


1. Бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары


## 74 Баланы бекіту құрылғылары



2. Өндіруші зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белбеуінің бел және иық тармағын бала бекіту құрылғысы арқылы немесе оның айналасынан өткізіңіз.
3. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға сырт еткен дыбыспен бекітілгенше салыңыз.




4. Бел тармағының бос еместігіне көз жеткізіңіз.



5. Балаңызды бала бекіту құрылғысына отырғызбас бұрын, оның мықтап бекітілгенін тексеру үшін оны алға-артқа және оңға-солға жылжытып көріңіз. Кейде бала бекіту құрылғысын орындық көпшігіне басып және қауіпсіздік белбеуін тартып, оның барынша сенімді бекітілгенін қамтамасыз етуге болады.
6. Бала бекіту құрылғысын алып тастау үшін қауіпсіздік белбеуінің тоғасындағы түймені басыңыз.

### ▼ Балаларды алға қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын орнату

1. Бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.




2. Егер бала бекіту құрылғысы бала бекіту құрылғысы орнатылуы керек артқы орындықтың бассүйегішіне тиіп тұрса, бассүйегішті көтерілген күйге келтіріңіз. Егер бала бекіту құрылғысы әлі де бассүйегішке тиіп тұрса, келесі процедураны орындаңыз.
  - Артқы ортаңғы орындықтан басқа: бассүйегішті шешіп алыңыз.
  - Артқы ортаңғы орындық: Бала бекіту құрылғысын артқы ортаңғы орындықтан басқа орындыққа орнатыңыз.


Толығырақ ақпарат алу үшін «Бассүйегіштерді реттеу» бөлімін қараңыз 48-б.

### АБАЙЛАҢИЗ

Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз. Күрт бұру немесе тежеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.



3. Өндіруші зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белбеуінің бел және иық тармағын бала бекіту құрылғысы арқылы немесе оның айналасынан өткізіңіз.
4. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға сырт өткен дыбыспен бекітілгенше салыңыз.




1 Бекіту тұтқасы

5. Бала бекіту құрылғысының бекіту тұтқасын босатыңыз және қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын бекіту тұтқасы арқылы өткізіңіз.
6. Бел тармағының бос еместігіне көз жеткізіңіз. Бала бекіту құрылғысын барынша нық бекіту үшін оны салмағыңызбен орындықтың көпшігіне басыңыз және қауіпсіздік белбеуін тартыңыз.



1 Бекіту тұтқасы


7. Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын бекітіп, бала бекіту құрылғысының бекіту тұтқасын құлыптаңыз.




1. Бекіткіш

## 76 Баланы бекіту құрылғылары


8. Егер бала бекіту құрылғыңыз бекіту тұтқаларымен (қауіпсіздік белбеуін бекіту үшін) жабдықталмаса, бала бекіту құрылғысын бекіткіштер көмегімен бекітіңіз.



9. Балаңызды бала бекіту құрылғысына отырғызбас бұрын, оның мықтап бекітілгенін тексеру үшін оны алға-артқа және оңға-солға жылжытып көріңіз. Кейде бала бекіту құрылғысын орындық көпшігіне басып және қауіпсіздік белбеуін тартып, оның барынша сенімді бекітілгенін қамтамасыз етуге болады.



10. Егер бала бекіту құрылғысы Top Tether белбеуімен бекітуді қажет етсе, белбеудің ілгегін бекіту нүктесіне іліп, белбеуді тартыңыз. Қосымша нұсқауларды «Top Tether бекіту нүктелері» бөлімінен қараңыз, 81-б.



11. Бала бекіту құрылғысын алып тастау үшін қауіпсіздік белбеуінің тоғасындағы түймені басыңыз.

■ Бала орындығын немесе бустерді орнату




Бала орындығы



Бустер

1. Бассүйегішті төменде көрсетілгендей реттеңіз.

Бала орындығы үшін:



Егер бала орындығы бала бекіту құрылғысы орнатылуы керек артқы орындықтың бассүйегішіне тиіп тұрса, бассүйегішті тартып алыңыз. Егер бала бекіту құрылғысы әлі де бассүйегішке тиіп тұрса, келесіні орындаңыз.

- Артқы ортаңғы орындықтан басқа: бассүйегішті шешіп алыңыз.
- Артқы ортаңғы орындық: Бала бекіту құрылғысын артқы ортаңғы орындықтан басқа орындыққа орнатыңыз.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Бассүйегіштерді реттеу» бөлімін қараңыз, 48-б.

**АБАЙЛАҢЫЗ**

Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз. Күрт бұру немесе тежеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.

Бустер үшін:

Бассүйегішті жоғарғы қалыпқа көтеріңіз. Бассүйегішті шешіп алмаңыз.




2. Бала орындығын/бустерді автокөліктің артқы орындығына орнатыңыз және баланы соған отырғызыңыз. Бұл ретте бала орындығында/бустерде отырған баланың арқасы арқалыққа тиіп тұруы керек.
3. Өндірушінің нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белбеуінің бел және иық тармағын бала орындығы/бустер арқылы немесе оның айналасынан өткізіңіз. Егер бала орындығы/бустер белбеу бағыттаушымен жабдықталса, қауіпсіздік белбеуін бағыттауыштан өткізіңіз.

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары

## 78 Баланы бекіту құрылғылары

4. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға сырт еткен дыбыспен бекітілгенше салыңыз. Қауіпсіздік белбеуі бұралып қалмағанына көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы бала иығының ортасынан өтетініне, ал қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы төменірек баланың санында орналасқанына көз жеткізіңіз.




5. Бала орындығын/бустерді шешіп алу үшін қауіпсіздік белбеуінің тоғасындағы түймені басыңыз және белбеуді тартыңыз.

### ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белбеуі бұралмауы немесе айналмауы тиіс. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақат алу қаупі немесе оның ауырлық деңгейі артады.


- Ешбір жағдайда қауіпсіздік жүйесінің иық тармағын баланың қолы астынан немесе арқасының артынан өткізбеңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақат алу қаупі немесе оның ауырлық деңгейі артады.
- Қауіпсіздік белбеулері оның қалпын барынша бекітіп, денеге нық тиіп тұруы тиіс. Бос тартылған қауіпсіздік белбеулерінің жарақаттардың алдын алуда немесе олардың ауырлық дәрежесін азайтуда тиімділігі төмен болады.
- Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы баланың жамбасында барынша төмен орналасуы тиіс. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы тым жоғары орналасса, дене қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай жылжу қаупі артады.
- Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы бала иығының ортасынан өтетініне көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы мойын тұсынан өтіп тұрса, онда күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде омыртқаның мойын бөлігіне ауыр жарақат келуі мүмкін.

## ■ ISOFIX жүйесінің бекіткіштері арқылы бала бекіту құрылғысын орнату





Автокөлігіңізде ISOFIX жүйесінің бекіту нүктелері орнатылған, олар қауіпсіздік белбеулері қолданылмайтын рұқсат етілген ISOFIX жүйесінің бала бекіту құрылғыларын артқы орындыққа орнатуға арналған.






ISOFIX жүйесінің бекіту нүктелерінің орналасуы тек артқы шеткі орындықтарда бала бекіту құрылғыларын орнатуға мүмкіндік береді. Әрбір артқы шеткі орындық үшін екі бекіту қапсырмасы көзделген.




Орындықтардың көпшіктерінде «  » белгішелері бар, олардың орналасуы көрсеткілермен белгіленген. Бұл белгішелер

ISOFIX жүйесінің бекіту нүктелерінің орнын көрсетеді.



1. Қақпақтарды ашыңыз.




1 Көрсеткі

Қақпақтың артқы жағындағы көрсеткі көрінбеуі үшін қақпақты толығымен төмен түсіріңіз. Қақпақтарды толығымен төмен түсірмеу келесі салдарға әкелуі мүмкін.

- Қозғалыс кезіндегі шу.
- Бала бекіту құрылғысын орнату кезінде қақпақтың зақымдануы.
- Бала бекіту құрылғысын орнату кезіндегі қиындықтар.

### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**


- Бала бекіту құрылғысы пайдаланылмаған кезде қақпақтың толық жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Егер қақпақ толық жабылмаған болса, автокөлік жолаушыларының жарақат алу, сондай-ақ қақпақтың бұзылу қаупі бар.




2. Егер бала бекіту құрылғысы бала бекіту құрылғысы орнатылуы керек артқы орындықтың бассүйегішіне тиіп тұрса, бассүйегішті көтерілген күйге келтіріңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке әлі де тиіп тұрса, бассүйегішті алып тастаңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Бассүйегіштерді реттеу» бөлімін қараңыз, 48-б.

### **АБАЙЛАҢЫЗ**


**Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз. Күрт бұру немесе төжеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.**



3. Бала бекіту құрылғысын өндірушінің нұсқауларын орындай отырып, бала бекіту құрылғысын бекітетін тораптарды бекіткіш қапсырмалармен бекітіңіз. Бекіту тораптары бекітілген кезде, жанындағы қауіпсіздік белбеулері қысылмағанына көз жеткізіңіз.



4. Егер бала бекіту құрылғысында икемді бекітпе болса (бекітпе белбеулерін қолдана отырып), бала бекіту құрылғысын орындық көпшігіне қысыңыз да, белбеудің бос жерін таңдап, бала бекіту құрылғысын бекіту үшін сол жақтағы және оң жақтағы екі бекіту белбеуін жоғары тартыңыз.
5. Егер бала бекіту құрылғысы Top Tether белбеуімен бекітуді қажет етсе, белбеудің ілгегін артқы орындықтың артындағы бекіту нүктесіне іліп, белбеуді тартыңыз. Қосымша нұсқауларды «Top Tether бекіту нүктелері» бөлімінен қараңыз, 81-б.



6. Балаңызды бала бекіту құрылғысына отырғызбас бұрын, оның мықтап бекітілгенін тексеру үшін оны алға-артқа және оңға-солға жылжытып көріңіз. Кейде бала бекіту құрылғысын орындық көпшігіне басып, оның барынша сенімді бекітілгенін қамтамасыз етуге болады.

Қосымша ақпарат алу үшін бала бекіту құрылғысының өндірушісі ұсынған нұсқаулықты қараңыз.

### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде оған қоса берілген өндірушінің нұсқаулықтарын қатаң сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.

## **ЕСКЕРТПЕ**

Бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын, өндірушіден автокөлігіңізде оны орнатуға рұқсат еткен растамасын сұраңыз.


### ■ Top Tether бекіту нүктелері

Автокөлігіңіз артқы орындыққа Top Tether белбеуі бар бала бекіту құрылғыларын бекітуге арналған зәкір белбеуі бекітілетін екі бекіту нүктесімен жабдықталған. Бала бекіту құрылғысын Top Tether белбеуін пайдалана отырып орнатқан кезде, бала бекіту құрылғысының өндірушісі берген нұсқаулықты сақтай отырып, төмендегі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Top Tether белбеуі бала бекіту құрылғысын автокөлікте қосымша бекітуді қамтамасыз ететіндіктен, оны талап етілген немесе мүмкін болған жағдайда қолданғаныңыз жөн.

### ▼ Зәкір белбеуін бекіту нүктелерінің орындары

Зәкір белбеуін бекіту нүктелері орнатылатын жерлер келесі суретте көрсетілген.




- 1 Сол жақ орындық үшін
- 2 Оң жақ орындық үшін

### ▼ Top Tether белбеуін бекіту

#### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде сәйкес бассүйегішті алып тастаңыз. Әйтпесе Top Tether белбеуін қатты тарту мүмкін болмайды.
- Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз. Күрт бұру немесе тежеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.

1. Бала бекіту құрылғысын орнатылатын артқы орындықтың бассүйегішін алып тастаңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Бассүйегіштерді реттеу» бөлімін қараңыз 48-б.



2. Top Tether белбеуінің ілмерін Top Tether бекіткішінің тиісті нүктесіне бекітіңіз.
3. Top Tether белбеуін тартыңыз.

Егер бала бекіту құрылғыларын орнатуға қатысты қандай да бір сұрақ туындаса, SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

## 1-8. Қауіпсіздік жастықтары (SRS)

SRS (Supplemental Restraint System) ұғымы қауіпсіздік жастықтары автокөліктің қауіпсіздік белбеулеріне қосымша екенін көрсетеді.

Сіздің автокөлігіңіздің әрбір алдыңғы орындығы және әрбір шеткі орындығы үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерінен басқа қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған.

**Бұл қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін негізгі қорғанысқа қосымша ретінде құрылған.**

Бұл жүйе қауіпсіздік белбеулері тартқыштарының жұмысын да басқарады. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарын пайдалану нұсқаулықтары, сондай-ақ қажетті сақтық шаралары «Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары» бөлімінде келтірілген, 58-б.

- **Қауіпсіздік жастықтарының жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары**

#### ▲ ЕСКЕРТУ

Апат жағдайында ең жоғарғы қорғанысты қамтамасыз ету үшін жүргізуші мен барлық жолаушы автокөлікте әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс. Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін негізгі қорғанысқа қосымша ретінде құрылған. Қауіпсіздік жастықтары болғанымен

қауіпсіздік белбеулерін тағу керек. Қауіпсіздік белбеулерімен бірге қауіпсіздік жастықтары ауыр жол-көлік оқиғасы кезінде оңтайлы қорғанысты қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік белбеулерін тағу қажеттігін елемей, тіпті автокөлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, апат кезінде ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін арттырады. Қауіпсіздік белбеулеріне қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімінде келтірілген, 50-б.



### ⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік жастықтары өте тез және үлкен күшпен ашылады. Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс жайғаспау салдары қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығы ашылуы үшін орын жеткілікті болуы қажет, сондықтан жүргізуші рульден мүмкіндігінше алыс, бірақ сонымен бірге автокөлікті толық бақылауды сақтай отырып, орындықтың арқалығына сүйеніп, әрдайым тік күйде отыруы керек. Алдыңғы жолаушы орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытуы керек және орындықтың арқалығына сүйеніп тік отыруы қажет.



### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Алдыңғы есіктерге тым жақын отырмаңыз және оларға сүйенбеңіз. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары екі алдыңғы орындық арқалықтарының есік жағында орналасқан. Олар бүйірлік соққылар болған кезде лезде іске қосылу арқылы қорғауды қамтамасыз етеді. Алайда бүйірлік қауіпсіздік жастығының ашылу күші денесі оған тым жақын жолаушыны жарақаттауы мүмкін.
- Бұл автокөлік жоғарғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғандықтан, есіктерге тым жақын отырмаңыз және оларға сүйенбеңіз. Дененің мүшелерін терезеден шығармаңыз. Жоғарғы қауіпсіздік жастықтары салонның екі жағынан төбенің қапталында орналасқан (алдыңғы тіреу мен артқы орындықтың үстіндегі белгі арасында) және бүйірден соққы тиген жағдайда немесе бұрышпен алдыңғы соққы кезінде лезде ашылуы арқасында қорғанысты қамтамасыз етеді. Алайда олар өте тез және үлкен күшпен қосылып, басыңыз оларға тым жақын болса, жарақаттануыңыз мүмкін.
- Жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушы әрқашан тік отыруы керек. Артқы бүйірлік қауіпсіздік жастығы (бар болса) жүргізуші орындығының арқалығының орталық бөлігінде орналасқан. Ол бүйірлік соқтығысу кезінде тез ашылып, қорғанысты қамтамасыз етеді. Егер жолаушы

қауіпсіздік жастығының ашылу аймағына сүйенсе, бұл оның дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін, нәтижесінде ауыр жарақат алу қаупі артады.

- Қауіпсіздік жастықтарына тым жақын отырмаңыз және қажет болса сүйкенбеңіз. Жоғары жылдамдықтағы соқтығысудан қорғауды қамтамасыз ете отырып, олар өте тез және үлкен күшпен іске қосылады. Бұл ретте қауіпсіздік жастықтарына тым жақын орналасқан жолаушы жарақаттануы мүмкін.

Оған қоса, тағылған қауіпсіздік белбеуі автокөлікте дұрыс қалыпта жайғаспаған адамға қауіпсіздік жастығының әсерінен келетін жарақаттардың алдын алуға көмектеседі.

Жүргізуші немесе жолаушы дұрыс қалыпта болса да, қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде болмашы жарақат (бетте немесе қолда көгеру немесе жара) алу мүмкіндігі бар.



### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Қолыңызды алдыңғы есіктен немесе оның ішкі қаптамасынан алыс ұстаңыз. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы іске қосылған жағдайда жолаушылар жарақаттануы мүмкін.
- Қозғалыс кезінде орталық консоль тартпасының қақпағын ашпаңыз. Бұл ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін немесе қақпақ ашық болған кезде ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы (бар болса) жұмыс істесе, жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастығы қақпағына немесе қақпағының жанына қандай да бір затты қоюға, сондай-ақ сіз бен қауіпсіздік жастығы арасына оларды қоюға тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастығы ашылса, бұл заттар оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі немесе олар автокөліктің салонына ұшып кетіп, жарақаттар келтіруі мүмкін.



### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде біраз түтін бөлінеді. Бұл түтін демікпесі және тыныс алу жолдарының басқа аурулары бар адамдардың тыныс алуын қиындатуы мүмкін. Егер қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін сіздің немесе автокөліктегі жолаушылардың тыныс алу мүмкіндігі қиындаса, тез арада таза ауаның кіруін қамтамасыз етіңіз.
- Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде ыстық газдар бөлінеді. Осы ыстық газдар тікелей тиген кезде, жүргізуші немесе жолаушылар күйіп қалуы мүмкін.

### ЕСКЕРТПЕ


- Автокөлікті сатқан кезде сатып алушыға автокөлік қауіпсіздік жастықтары жүйесімен жабдықталғанын ескертуді және оған пайдалану жөніндегі нұсқаулықта тиісті бөлімнің бар екенін хабарлауды сұраймыз.
- Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде отынның берілу мүмкіндігі жабылады, бұл оның жылыстауы салдарынан тұтану қаупін азайтады. e-BOXER жүйесін қайта іске қосу туралы толығырақ ақпарат «Егер автокөлігіңіз апатқа ұшыраса» бөлімінде келтірілген, ☎392-6.

- Керек-жарақтарды және кез келген өзге затты орнатқан кезде қауіпсіздік жастықтарының жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары



**⚠ ЕСКЕРТУ**


- Руль жастығына, руль бағанының қабына немесе аспаптар тақтасының бетіне ешқандай затты (белбеулер немесе сымдарды қоса) қоймаңыз.
  - Мұндай заттар алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының және т.б. дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік бермей, рульде шатасып қалуы мүмкін.
  - Алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылса, бұл заттар автокөліктің салонына лақтырылып, жарақат келтіруі мүмкін.
- Ешбір затты жүргізуші жақтағы алдыңғы тақтаның астына қоймаңыз. Тізе қауіпсіздік жастығы ашылса, бұл заттар оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі немесе олар автокөліктің салонына ұшып кетіп, жарақаттар келтіруі мүмкін.



**⚠ ЕСКЕРТУ**

Алдыңғы әйнекке ешқандай керек-жарақты бекітпеңіз және шаттық артқы көрініс айнасының үстіне панорамалық айнаны орнатпаңыз. Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде, бұл заттар салонға лақтырылып, автокөліктегі адамдарға жарақат келтіруі мүмкін.






### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Есіктің қаптамасына, бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының немесе ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) жанына ешқандай керек-жарақты бекітпеңіз. Бұған қоса, бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының немесе ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) жанына ешқандай затты қоймаңыз. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы немесе ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы іске қосылса, олар жүргізуші мен жолаушылар жаққа лақтырылып, оларға жарақат келтіруі мүмкін.
- Қатты дауысты байланыс жүйесінің микрофонын немесе басқа керек-жарақтарды алдыңғы, ортаңғы және артқы тіреулерге, алдыңғы әйнекке, бүйірлік терезелерге, тұтқаларға және жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының ашылу аймағында болуы ықтимал

салонның басқа жабындарына бекітпеңіз. Қатты дауысты байланыс жүйесінің микрофоны немесе қалқа жастықтардың ашылу аймағындағы басқа керек-жарақтар үлкен күшпен артқа лақтырылады немесе жоғарғы қауіпсіздік жастығының дұрыс ашылуына кедергі келтіреді. Екі жағдайда да нәтижесі ауыр жарақаттар келуі мүмкін.


- Киімге арналған ілмектерге киім ілгіштерді немесе өткір жиектері бар заттарды ілмеңіз. Мұндай заттар жоғарғы қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде салонға лақтырылып, бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Олар сондай-ақ жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.



### ⚠ ЕСКЕРТУ

Киімге арналған ілмекке киім ілгіштерді немесе басқа да қатты заттарды немесе өткір жиектері бар заттарды ілмеңіз. Киім ілмектеріндегі мұндай заттар жоғарғы қауіпсіздік жастықтары ашылған сәтте ілмектерден ұшып кетіп, артқа лақтырылып, жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі жасап, ауыр жарақат келтіруі мүмкін. Киімге арналған ілмектерге киімді ілмес бұрын, оның қалталарында өткір заттардың жоқ екенін тексеріп алыңыз. Ілмектерге киім ілгіштерді қолданбастан, киімнің өзін іліңіз.





102876-M

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Алдыңғы орындықтардың арқалықтарына киімді немесе басқа заттарды қоймаңыз, сондай-ақ алдыңғы орындықтың бетіне, бүйірлік қауіпсіздік жастығының жанына немесе ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) жанына ешқандай заттаңбаны немесе жапсырманы жабыстырмаңыз. Олар бүйірлік қауіпсіздік жастығының немесе артқы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) дұрыс ашылуына кедергі келтіруі мүмкін, осылайша жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының қорғанысын азайтады.
- Қауіпсіздік жастықтарымен пайдалану үшін арнайы жасалған түпнұсқа SUBARU орындық тыстарынан басқа ешқандай орындық тысын орнатпаңыз. SUBARU

орындықтарының түпнұсқа қаптарын пайдаланған кезде де, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары немесе ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы (бар болса) орындық қаптары дұрыс орнатылмаған жағдайда дұрыс жұмыс істемейтін мүмкін.

■ **Балаларға арналған қауіпсіздік жастықтарының жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары**




102831-M

**▲ ЕСКЕРТУ**


SUBARU БАРЛЫҚ нәрестелер мен үлкенірек балаларды (соның ішінде бала бекіту құрылғысындағыларды) АРТҚЫ орындыққа отырғызуды ұсынады. Олардың қалпы жасына, бойына және салмағына байланысты немесе арнайы бала бекіту құрылғысында немесе

штаттық қауіпсіздік белбеулерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін. Бұл жағдай өсіресе оған белбеу тағылмаса немесе дұрыс тағылмаса орын алады. Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қаупі жоғары болады. Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады. Бала бекіту құрылғыларына қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде келтірілген, 62-б.




**⚠ ЕСКЕРТУ**

Қозғалыс бағытына қарсы бағытталған бала бекіту құрылғысын алдында БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ бар орындыққа орнатуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ, себебі бұл баланың ӨЛІМІНЕ немесе АУЫР ЖАРАҚАТТАНУЫНА әкелуі мүмкін.



**⚠ ЕСКЕРТУ**

Баланың алдыңғы жолаушының орындығына тұрып алуына немесе оған тізерлеп отыруына жол бермеңіз. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін.



**⚠ ЕСКЕРТУ**

Баланы ешқашан тізеге немесе қолға алып отырмаңыз. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін.




### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Баланың мыналарды жасауына рұқсат бермеңіз.
  - Кез келген жолаушы орындығына тізесімен тұрып алып, бүйірлік терезеге қарау.
  - Алдыңғы орындықтың арқалығын қолмен құшақтау.
  - Терезеден басты, қолды немесе дененің басқа да бөліктерін шығару.


Апат кезінде бүйірлік қауіпсіздік жастығы, жоғарғы қауіпсіздік жастығы немесе ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылатын күш балаға ауыр жарақат келтіруі мүмкін, себебі оның басы, қолы, сондай-ақ денесінің басқа мүшелері бүйірлік қауіпсіздік жастығына, жоғарғы қауіпсіздік жастығына немесе ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығына тым жақын орналасқан.
- Автокөлігіңізде алдыңғы жолаушыларға арналған қауіпсіздік жастығы болғандықтан, нәрестелер мен балалар әрқашан артқы орындықта болуы керек және мықтап бекітілуі керек.

■ Компоненттер



Қауіпсіздік жастықтары (SRS) келесі жерлерде орналасады.

- 1 **Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы:** рульдің ортасында.
- 2 **Алдыңғы жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы:** аспаптар тақтасының жоғарғы жағында
- 3 **Бүйірлік қауіпсіздік жастығы:** алдыңғы орындық арқалықтарының есік жағында
- 4 **Жоғарғы қауіпсіздік жастығы:** төбенің бүйір жағында (алдыңғы тіреу мен артқы орындық үстіндегі белгі арасында)
- 5 **Орындық көпшігіндегі қауіпсіздік жастығы:** алдыңғы жолаушы орындығының жастығында
- 6 **Ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы (бар болса):** жүргізуші орындығының арқалығында (автокөліктің орталық бөлігі жағынан)
- 7 **Тізе қауіпсіздік жастығы:** рульдің астында




Рулі сол жақта орналасқан модельдер

- 1 Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы (соның ішінде соққы датчиктері)
- 2 Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі
- 3 Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі
- 4 Сол жақтағы алдыңғы соққы датчигі
- 5 Оң жақтағы алдыңғы соққы датчигі
- 6 Жүргізушінің бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі
- 7 Алдыңғы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі
- 8 Сол жақ ортаңғы тіреудегі бүйірлік соққы датчигі
- 9 Оң жақ ортаңғы тіреудегі бүйірлік соққы датчигі
- 10 Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сымдары
- 11 Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы (барлық модельдер) және бейімделетін жүктеме шектегіші (бар болса)
- 12 Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы (барлық модельдер) және бейімделетін жүктеме шектегіші (бар болса)
- 13 Оң жақ артқы дөңгелек қуысындағы бүйірлік соққы датчигі
- 14 Сол жақ артқы дөңгелек қуысындағы бүйірлік соққы датчигі
- 15 Оң жақтағы жоғарғы қауіпсіздік жастығының модулі
- 16 Сол жақтағы жоғарғы қауіпсіздік жастығының модулі
- 17 Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік жүйесі тоғасының датчигі

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары

## 92 Қауіпсіздік жастықтары (SRS)

- 18 Жүргізушінің тізе қауіпсіздік жастығының модулі
- 19 Алдыңғы жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесінің датчигі
- 20 Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары (бар болса)
- 21 Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы
- 22 Артқы ортаңғы орындықтың астындағы бүйірлік соққы датчигі
- 23 Сол жақ алдыңғы есіктегі бүйірлік соққы датчигі
- 24 Оң жақ алдыңғы есіктегі бүйірлік соққы датчигі
- 25 Алдыңғы жолаушы орындығының көпшігіндегі қауіпсіздік жастығының модулі
- 26 Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының алдын ала тартқышы
- 27 Жүргізуші орындығы қалпының датчигі (бар болса)
- 28 Оң жақтағы артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы
- 29 Сол жақтағы артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы
- 30 Жүргізуші жақтағы ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі (бар болса)



Рулі оң жақта орналасқан модельдер

- 1 Оң жақтағы алдыңғы соққы датчигі
- 2 Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы (соның ішінде соққы датчиктері)
- 3 Жүргізушінің тізе қауіпсіздік жастығының модулі
- 4 Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары (бар болса)
- 5 Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы
- 6 Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі
- 7 Жүргізуші орындығы қалпының датчигі (бар болса)
- 8 Оң жақ алдыңғы есіктегі бүйірлік соққы датчигі
- 9 Сол жақтағы жоғарғы қауіпсіздік жастығының модулі
- 10 Жүргізушінің бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі
- 11 Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының алдын ала тартқышы
- 12 Оң жақ ортаңғы тіреудегі бүйірлік соққы датчигі
- 13 Оң жақтағы жоғарғы қауіпсіздік жастығының модулі
- 14 Оң жақтағы артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы
- 15 Оң жақ артқы дөңгелек қуысындағы бүйірлік соққы датчигі
- 16 Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы (барлық модельдер) және бейімделетін жүктеме шектегіші (бар болса)

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары

## 94 Қауіпсіздік жастықтары (SRS)

- 17 Артқы ортаңғы орындықтың астындағы бүйірлік соққы датчигі
- 18 Сол жақтағы артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы
- 19 Сол жақ артқы дөңгелек қуысындағы бүйірлік соққы датчигі
- 20 Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сымдары
- 21 Жүргізуші жақтағы ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі (бар болса)
- 22 Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік жүйесі тоғасының датчигі
- 23 Алдыңғы жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесінің датчигі
- 24 Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы (барлық модельдер) және бейімделетін жүктеме шектегіші (бар болса)
- 25 Сол жақ ортаңғы тіреудегі бүйірлік соққы датчигі
- 26 Алдыңғы жолаушы орындығының көпшігіндегі қауіпсіздік жастығының модулі
- 27 Сол жақ алдыңғы есіктегі бүйірлік соққы датчигі
- 28 Алдыңғы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі
- 29 Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі
- 30 Сол жақтағы алдыңғы соққы датчигі

### ■ Қауіпсіздік жастықтары

#### ЕСКЕРТУ

Ескертуші жапсырмалар алдыңғы жолаушының күнқағарының екі жағында орналасқан. «Ескертуші жапсырма» бөліміндегі сипаттаманы мұқият оқыңыз, ☎64-6.

Қауіпсіздік жастықтарының орналасуын «Компоненттер» бөлімінен қараңыз, ☎90-б.

Орташа және қатты бетпе-бет соққылар кезінде келесі компоненттер іске қосылады:

- Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
- Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы
- Алдыңғы жолаушы орындығының көпшігіндегі қауіпсіздік жастығы
- Жоғарғы қауіпсіздік жастығы\*
- Жүргізушінің тізе қауіпсіздік жастығы
- Бүйірлік қауіпсіздік жастығы\*

\*: Алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылуы үшін жеткілікті күші бар жылжып кетумен орын алған бетпе-бет соқтығысу кезінде.

Бұл компоненттер жолаушының басына, кеудесіне және тізесіне әсер ету күшін азайту арқылы қауіпсіздік белбеулерін толықтырады.


Орташа немесе қатты бүйірлік соққылар кезінде автокөліктің соққы тиген жағында орналасқан бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылады. Ашылған кезде ол жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы және автокөліктің алдыңғы есігі арасындағы кеңістікті толтырады және қауіпсіздік белбеуімен бірге жүргізушінің немесе жолаушының кеуде қуысына және беліне келетін соққы әсерін азайтады. Іске қосылған кезде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары тек жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғайды.

Орташа немесе қатты бүйірлік соққылар кезінде автокөліктің соққы тиген жағында орналасқан ортаңғы қауіпсіздік жастығы (бар болса) ашылады. Ашылған кезде ол жүргізуші мен алдыңғы жолаушы арасындағы кеңістікті толтырады және қауіпсіздік белбеуімен бірге жүргізушінің немесе жолаушының басына тиетін соққы әсерін азайтады. Ортаңғы бүйірлік

қауіпсіздік жастығы (бар болса) тек жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғайды.

Орташа немесе қатты бүйірлік соққылар кезінде автокөліктің соққы тиген жағында орналасқан жоғарғы қауіпсіздік жастығы ашылады. Ашылған кезде ол жүргізуші немесе жолаушы және бүйірлік терезе арасындағы кеңістікті толтырады және қауіпсіздік белбеуімен бірге жүргізушінің немесе жолаушының басына тиетін соққы әсерін азайтады.

### ▼ Жолаушы орындығының бос/бос емес екендігін анықтау жүйесі (бар болса)



1 Жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесінің датчиктері

Жолаушының бос/бос еместігін анықтау жүйесінің датчиктері орындық пен орындық бағыттауыштары арасында орнатылған және алдыңғы жолаушының салмағы мен позасын қадағалайды. Осы ақпаратты пайдалана отырып, жүйе алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын және алдыңғы орындықтағы қауіпсіздік



жастығын ашу қажеттігін анықтайды. Жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылса да, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын іске қоспауы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

### ▲ ЕСКЕРТУ

Алдыңғы жолаушы орындығының жастығын теппеңіз және оны қатты соқпаңыз. Әйтпесе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы алдыңғы жолаушының бос/бос еместігін анықтау жүйесінде ақау барын көрсетіп жануы мүмкін. Мұндай жағдайларда кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.



алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы.

алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы.

Егер алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары дұрыс жұмыс істемесе, ешкімнің алдыңғы жолаушы орындығына отыруына жол бермеңіз және жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесін тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Сонымен қатар алдыңғы жолаушының орындығында жүк болса, бұл жүйенің қауіпсіздік жастықтарының қаншалықты жұмыс істейтінін анықтау қабілетін нашарлатуы мүмкін. Бұл алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. Бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Егер OFF бақылау шамы сөніп тұрса, ал ON бақылау шамы жанып тұрса, соқтығысу кезінде алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылуы мүмкін. Алдыңғы жолаушының орындығынан жүкті алып тастаңыз.

▼ Жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі бар модельдерге арналған алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Төмендегі сақтық шараларын сақтаңыз. Бұл талаптарды орындамау алдыңғы

жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі немесе жүйенің істен шығуына әкелуі мүмкін.

- Алдыңғы жолаушының орындығын, мысалы, аяқпен қатты ұрмаңыз.
- Артқы орындықта отырған жолаушыларға аяқтарын алдыңғы орындықтың арқалығы мен жастығы арасына қыстыруға рұқсат етпеңіз.
- Алдыңғы орындықтың арқалығы мен көпшігінің арасына заттар салмаңыз.
- Алдыңғы жолаушы орындығын шешіп алмаңыз және бөлшектемеңіз.
- Алдыңғы жолаушы орындығының астына SUBARU немесе оларға ұқсас түпнұсқа керек-жарақтардан басқа ешқандай керек-жарақты (мысалы, аудиокүшейткіштер) орнатпаңыз.
- Алдыңғы жолаушы орындығының астына ешнәрсе (аяқ киім, қолшатырлар және т.б.) қоймаңыз.
- Алдыңғы жолаушы орындығының жанына ешқандай затты (кітаптар және т.б.) қоймаңыз.
- Бассүйегіші алынған алдыңғы жолаушы орындығын қолданбаңыз.
- Автокөліктен шыққан кезде, алдыңғы жолаушы орындығына ешқандай зат қалдырмаңыз, сондай-ақ қауіпсіздік белбеуін ағытыңыз.
- Өткір заттарды орындыққа қоймаңыз және орындық қаптауышын теспеңіз.
- Қауіпсіздік белбеуінің тоғасы мен тартқышы жанына магниттерді қоймаңыз.

1  
Орындықтаар, қауіпсіздік бөлбөулері мен қауіпсіздік жастықтары

- Орындықтары қолмен реттелетін модельдерде бойлық күйді және аркалықты еңкейту тұтқалары бекітілмеген алдыңғы орындықтарды пайдаланбаңыз. Егер қандай да бір тұтқа мықтап бекітілмесе, оны қайтадан реттеңіз. Реттеу процедурасын «Қолмен реттелетін орындық» бөлімінен қараңыз, 40-б. (тек орындықтары қолмен реттелетін модельдер).

Қауіпсіздік белбеуі тоғасының датчигі және/немесе жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі жарамсыз болса, қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы қосылады. Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы жанса, тексеру үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласқан жөн. Егер автокөлігіңіз соққыға ұшыраса, бұл алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмысына әсерін тигізуі мүмкін. Автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн. SUBARU дилеріңізге немесе басқа сервис орталығына барған кезде алдыңғы жолаушы орындығын қолданбаңыз.

- ▼ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары (бар болса).

«Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары» бөлімін қараңыз, 158-б.

- ▼ Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылмайтын шарттар (жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі бар модельдер)

Егер алдыңғы жолаушы орындығына қатысты келесі шарттардың кез келгені орындалса, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылмайды:

- Орындық бос.
- Орындыққа нәресте немесе бала отырған қолайлы бала бекіту құрылғысы орнатылған. (Төмендегі ЕСКЕРТУДІ қараңыз.)
- Жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесінің ақауы

### ЕСКЕРТУ

SUBARU БАРЛЫҚ нәрестелер мен үлкенірек балаларды (соның ішінде бала бекіту құрылғысындағыларды) АРТҚЫ орындыққа отырғызуды ұсынады. Олардың қалпы жасына, бойына және салмағына байланысты немесе арнайы бала бекіту құрылғысында немесе штаттық қауіпсіздік белбеулерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға

жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін. Бұл жағдай әсіресе оған белбеу тағылмаса немесе дұрыс тағылмаса орын алады. Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қаупі жоғары болады. Жолкөлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады. Бала бекіту құрылғыларына қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде келтірілген, 62-б.


### АБАЙЛАҢЫЗ

Егер алдыңғы жолаушы орындығына нәрестесі бар қолайлы бала бекіту құрылғысы орнатылса, келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Әйтпесе жолаушының бос/бос еместігін анықтау жүйесінің жұмысы нашарлауы мүмкін, нәтижесінде тіпті орындыққа нәресте отырған бала бекіту құрылғысы орнатылған болса да, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылады.

- Орындыққа нәресте отырған бала бекіту құрылғысынан басқа заттарды орнатпаңыз.

- Орындықтың арқалығына үстел немесе теледидар сияқты керек-жарақтарды орнатпаңыз.
- Орындықтың арқалығындағы қалтаға ауыр жүкті салмаңыз.
- Артқы орындықтағы жолаушыға қолдарын немесе аяқтарын алдыңғы жолаушы орындығының арқалығына қоюға, сонымен қатар орындықтың арқалығын тартуға тыйым салынады.
- Бала бекіту құрылғысына тек бір нәрестені отырғызыңыз.

- ▽ Егер бала бекіту құрылғысында (соның ішінде бала орындығында) нәресте немесе кішкентай бала отырғанның өзінде алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанса, ал сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы өшсе:



- OFF** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы.
- ON** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы.

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF (Өшір.) күйіне ауыстырыңыз.
2. Бала бекіту құрылғысын орындықтан алып тастаңыз.
3. Бала бекіту құрылғысы өндірушісінің ұсыныстарына, сондай-ақ «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде сипатталған

- бала бекіту құрылғысын орнату тәртібіне сәйкес бала бекіту құрылғысын дұрыс орнатыңыз, 62-б.
4. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON (Қос.) күйіне бұраңыз және алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы сөніп, ажыратқыштың бақылау шамы жанғанына көз жеткізіңіз.

Егер қосылғанды білдіретін бақылау шамы жанса, ал сөндірілгенді білдіретін бақылау шамы өшсе, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Орындықта бала отырған бала бекіту құрылғысынан басқа ешбір заттың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Орындықты алға/артқа қозғап, алдыңғы жолаушы орындығы арқалығының бойлық қалпы және арқалығының қалпы сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз (тек орындықтар қолмен реттелетін модельдер).
- Орындық арқалығындағы қалтада заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Егер жоғарыда аталған әрекеттерді орындағаннан кейін, қосылғанды білдіретін бақылау шамы жана берсе, ал сөндірілгенді білдіретін бақылау шамы өшсе, бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа қойыңыз, содан кейін тексеру жүргізу үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер алдыңғы жолаушы орындығында бала бекіту құрылғысын қажет етпейтіндей есіп кеткен бала немесе бойы аласа ересек адам отырса, жолаушы қалпына байланысты қауіпсіздік жастықтарының жүйесі алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын іске қосуы және іске қоспауы мүмкін. Балалар қауіпсіздік жастығы қосылып не қосылмай тұрғанына қарамастан, міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін тағуы керек. Егер алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылып тұрса (қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанады, ал сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы өшеді), мыналарды орындаңыз:

- Жолаушы отырған орындықта қандай да бір зат жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.

Егер жоғарыда аталған әрекеттердің орындалғанына қарамастан, қосылғанды білдіретін бақылау шамы жана берсе, ал сөндірілгенді білдіретін бақылау шамы өшсе, баланы/бойы аласа ересек адамды артқы орындыққа отырғызыңыз, содан кейін тексеру жүргізу үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады. Тіпті жүйе дилер тексеруінен өтсе де, кейінгі сапарлар кезінде баланы/бойы аласа ересек адамды әрдайым артқы орындыққа отырғызу керек.

Бала бекіту құрылғысын қажет етпейтіндей есіп кеткен балалар қауіпсіздік жастығы қосылып не қосылмай тұрғанына қарамастан, міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін тағуы керек.

- ▼ Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылатын шарттар (жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі бар модельдер)

Егер алдыңғы жолаушы орындығына қатысты келесі шарттардың кез келгені орындалса, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы соққы кезінде іске қосылады:


- Орындықта ересек адам отыр.
- Орындықта белгілі заттар (мысалы, суы бар ыдыс) бар.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер алдыңғы жолаушы орындығына ересек адам отырса, алдыңғы жолаушы орындығының астына ешнәрсе (аяқ киім, қолшатырлар және т.б.) қоймаңыз.
- Бұл орындыққа ересек адам отырғанына қарамастан, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жүйесінің сөнуіне әкелуі мүмкін. Бұның салдары жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Артқы орындықтағы жолаушының алдыңғы орындық жастығын аяғымен тіреп көтеруіне жол бермеңіз.
- Алдыңғы жолаушы орындығының астына ешқандай затты қоймаңыз және оларды орындықтың артына және астына салмаңыз.

- Алдыңғы жолаушы орындығы мен бүйірлік қаптама/тіреуіш, есік немесе ортаңғы шынтақтаяныштың ұсақ-түйек бөлігі арасына ешқандай затты салмаңыз. Бұл орындық арқалығының көтерілуіне әкелуі мүмкін.

- ▽ Егер алдыңғы жолаушы орындығында ересек адам отырғанымен алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы жана, ал қосылғанын білдіретін бақылау шамы өшсе



**OFF** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы.

**ON** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы.

Бұл ересек адамның алдыңғы жолаушы орындығына дұрыс отырмауынан туындайды.

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF (Өшір.) күйіне ауыстырыңыз.
2. Алдыңғы жолаушыдан тік, орындық көпшігінің ортасына отыруды, қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағуды, аяғын алға созып, орындықты шеткі артқы қалыпқа реттеуді сұраңыз.
3. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON (Қос.) күйіне ауыстырыңыз.

Егер сөнгенін білдіретін бақылау шамы жанса, ал қосылғанын білдіретін бақылау шамы өшсе, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF (Өшір.) күйіне ауыстырыңыз.
2. Алдыңғы жолаушының көрпе, қосымша жастық, орындық қаптамасы, қосымша жылытқыш немесе массажер және т.б. қолданбайтынына көз жеткізіңіз.
3. Егер алдыңғы жолаушы тым көп киім кесе, орындыққа отырмас бұрын ол артық киімдерді шешуі немесе артқы орындыққа отыруы керек.
4. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON қалпына ауыстырып, жүйенің өзін-өзі тексеруіне мүмкіндік беріп, 6 секунд күтіңіз. Жүйеге тексеру жүргізу кезінде бақылау шамдарының екеуі де 2 секундқа сөнеді. Бұдан кейін қосылғанды білдіретін бақылау шамы жануы тиіс, ал сөндірілгенді білдіретін бақылау шамы сөнген күйде қалуы тиіс.

Егер сөнгенін білдіретін бақылау шамы жанп тұрса және қосылғанды білдіретін бақылау шамы сөніп тұрса, жолаушыдан артқы орындыққа отыруын сұраңыз, содан кейін тексеру үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

## ■ Жүйе жұмысы


### АБАЙЛАҢЫЗ

**Қауіпсіздік жастықтары жүйесі іске қосылғаннан кейін бірден олардың бөлшектерін қорғалмаған қолмен ұстамаңыз. Бұның салдарынан күйік шалады, өйткені қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде қызып кетуі мүмкін.**

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болса ғана қауіпсіздік жастықтары ашылуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары қосылған кезде айдалатын газдың күрт және өте қатты шуы естіледі, сондай-ақ біраз түтін бөлінеді. Бұл қауіпсіздік жастығы қосылған кездегі қалыпты жағдайлар. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтану салдары емес.

▼ Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының жұмысы



- A Жүргізуші жақ  
B Алдыңғы жолаушы жақ  
1 Соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастықтары қосылады.  
2 Қосылғаннан кейін, бірден желі шығып, жүргізушіге көріністі қамтамасыз етеді.  
\*1: Тізе қауіпсіздік жастығы  
\*2: Орындық көпшігіндегі қауіпсіздік жастығы

Егер төменде келтірілген датчиктер алдыңғы соқтығысу кезінде соққы күшінің берілген мөлшерін тіркесе, басқару блогы командаларды алдыңғы қауіпсіздік жастығының модульдеріне (тек жүргізушінің немесе жүргізушінің және алдыңғы жолаушының) жібереді.

- Алдыңғы соққы датчиктері
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогындағы соққы датчиктері

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының екі модулі жүргізуші мен алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын дереу толтыратын газды өндіреді. Тізе қауіпсіздік жастығы алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен бірге қосылады.

▼ Қосылғаннан кейін

Қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастығының желі бірден шыға бастайды, осылайша жүргізушінің көру мүмкіндігіне кедергі келтірмей, оның автокөлікті жүргізуіне кедергі келтірмейді. Егер автокөлікте алдыңғы жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесі бар болса, қауіпсіздік жастығының жүйесі алдыңғы жолаушы орындығының бос не бос еместігін анықтайды. Егер орындық бос болса, жүйе алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын толтырмайды.

▼ Апат түрлерінің үлгілері

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының (сондай-ақ тізе қауіпсіздік жастығының) құрылымында келесі қарастырылған.

- Тек орташа және күшті бетпе-бет соқтығысу кезінде ғана іске қосылады.
- Тек бір рет іске қосылады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының (сондай-ақ тізе қауіпсіздік жастығының) құрылымында келесі қарастырылмаған.


- Көптеген әлсіз бетпе-бет соқтығысу кезінде іске қосылады<sup>1</sup>
- Көптеген бүйір жағынан және артынан соқтығысу кезінде, сондай-ақ көптеген төңкерілу жағдайында іске қосылады<sup>2</sup>

\*1: Қажетті қорғаныс дәрежесіне тек қауіпсіздік белбеулерімен ғана қол жеткізілетіндіктен.

\*2: Тек жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының немесе жүргізуші мен алдыңғы жолаушының екі алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылуы мұндай жағдайларда жүргізуші мен жолаушыларды қорғамайтындықтан.


Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы соқтығысу кезінде автокөлік салонындағы соққы күшіне байланысты. Бұл күштің шамасы соқтығысу түріне байланысты, бұл ретте автокөліктің білінетін зақымдарының шамасына тікелей байланысты емес.

▼ Қандай жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтары қосылуы мүмкін?



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары автокөліктің 20–30 км/сағ (12–19 миль/сағ) немесе одан жоғары жылдамдығы кезінде қалың бетон қабырғаға бетпе-бет соғысу кезінде ашылады. Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ұқсас сипаттағы басқа бетпе-бет соқтығысу кезінде де ашылады.

▼ Басқа жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылуы мүмкін бе?



1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары


## 102 Қауіпсіздік жастықтары (SRS)

---

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары автокөліктің жүріс бөлігіне тиетін жол бетінің жабынына қатты соққылар кезінде (автокөліктің терең жыраға түсіп кетуі немесе жолдағы қандай да бір кедергіге, мысалы, жиектасқа қатты соғылу) ашылады.



▽ Қандай жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының ашылу ықтималдығы аз?




- 1 Автокөліктің баған немесе жол белгісінің бағаны сияқты объектіге соқтығысуы.
- 2 Автокөліктің жүк көлігінің жүк платформасының астына кіріп кетуі.
- 3 Орталыққа қатысты жылжыған бұрыштық алдыңғы соққы.
- 4 Орталыққа қатысты жылжыған алдыңғы соққы.
- 5 Қозғалуы немесе деформациялануы мүмкін нысанға, мысалы, тұрақта тұрған автокөлікке соғылу.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылмай қалуы ықтимал көптеген соқтығысу түрлері бар. Суретте көрсетілгенге ұқсас апаттар кезінде, алдыңғы қауіпсіздік жастықтары апат кезіндегі соққы күшіне байланысты ашылмауы мүмкін.

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары


▽ Қандай жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылмайды?



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайлардың көбінде қосылмайды.

- Бүйірлік немесе артқы соққы.

- Бүйірге немесе төбеге аударылу
- Төмен жылдамдықпен алдынан соқтығысу




- 1 Бірінші соққы
- 2 Екінші соққы

Автокөлік бірнеше соққы алатын апат кезінде, алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бірінші соққыдан кейін бір рет қана ашылады.

Үлгі: алдымен бір автокөлікке, кейін бетон қабырғаға бірінен соң бірі екі рет соқтығысу кезінде, алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бірінші соққыдан кейін ашылады, бірақ екіншісінен кейін ашылмайды.

■ Орындық жастығындағы қауіпсіздік жастығының жұмысы



- 1 Алдыңғы жолаушы жақ

**▲ ЕСКЕРТУ**

**Орындық жастығындағы қауіпсіздік жастығы тиісті орындықтың қауіпсіздік белбеуі бекітілмеген жағдайда іске қосылуға есептелмеген. Қауіпсіздік мақсатында автокөліктегі барлық адамдар қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек.**

Орындық көпшігіндегі қауіпсіздік жастығы алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен бір уақытта қосылатындай етіп жобаланған. Іске қосылу шарттары туралы қосымша ақпарат «Қауіпсіздік жастықтары» бөлімінде келтірілген, ☎94-б.


Алдыңғы жолаушы орындығының көпшігіндегі қауіпсіздік жастығы келесі жағдайлардың кез келгенінде қосылмайды:

- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған (тіпті алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанып, ал сөнгенін білдіретін бақылау шамы сөніп тұрса да).
- Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы сөніп, сөнгенін білдіретін бақылау шамы жанып тұр

## ЕСКЕРТПЕ

Егер алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы жолаушы орындығының бос/бос еместігін анықтау жүйесімен өшірілсе, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы да өшеді.

### ■ Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) және жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының жұмысы



Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының бөлек соққы датчиктері бар, сондықтан олар бір-біріне қарамастан ашылады. Осыған байланысты олар бөлек іске қосылуы мүмкін. Оған қоса, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы рульде және автокөліктің алдыңғы тақтасында орналасқан жүргізуші мен алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының ашылуына қарамастан орындалады.

Соққы күшін анықтайтын соққы датчиктері келесі жерлерде орналасқан:

- Сол жақ және оң жақ ортаңғы тіреулерде.
- Сол жақ және оң жақ артқы дөңгелек қуыстарында.
- Ортаңғы артқы орындықтың астында.
- Алдыңғы сол жақ және оң жақ есіктерде.
- Алдыңғы тақтаның ортасында

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастығы, тіпті ешкім соққы тиген жақта отырмаса да, іске қосылады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы мен жоғарғы қауіпсіздік жастығы ауырлығы орташа немесе күшті бүйірлік соққымен немесе жылжып кетумен бетпе-бет соқтығысуымен байланысты апат болған жағдайда іске қосылуға арналған.

Ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы орташа немесе қатты бүйірлік соққы кезіндегі апат жағдайында іске қосылуға арналған.

Олар кішігірім бүйірлік соққылардың көбінде іске қосылуға арналмаған. Сонымен қатар олар бетпе-бет және артқы соққылардың көбінде іске қосылуға арналмаған, өйткені бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының және жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы мұндай жағдайларда жолаушыға көмектеспейді. Өрбір бүйірлік қауіпсіздік жастығы, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастығы бір рет іске қосылуға арналған.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығының, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының және жоғарғы қауіпсіздік жастығының іске қосылуы бүйірлік соққы кезінде салонға әсер ететін күш деңгейіне байланысты. Бұл күштің шамасы соқтығысу түріне байланысты, бұл ретте автокөліктің білінетін зақымдарының шамасына тікелей байланысты емес.


#### ▼ Қосылғаннан кейін

Ашылғаннан кейін бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының желі бірден шығып кетеді.

Іске қосылғаннан кейін жоғарғы қауіпсіздік жастықтары мен ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы біраз уақыт үрленген күйде қалып, содан кейін баяу желі шығады. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және жоғарғы қауіпсіздік жастықтары соққы алған жақта орналасқан орындық бос болған кезде де ашылады.


Бүйірлік қауіпсіздік жастығы, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде, айдапатын газдың күрт және өте қатты шуы естіледі, сонымен қатар біраз түтін шығады. Бұл қауіпсіздік жастығы қосылған кездегі қалыпты жағдайлар. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтану салдары емес.

#### ▽ Қандай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастығы мен жоғарғы қауіпсіздік жастығының ашылуы анағұрлым ықтимал?




- 1 Алдыңғы орындық аймағында қатты бүйірлік соққы.
- 2 Алдыңғы қауіпсіздік жастығын іске қосу үшін жеткілікті күшті жылжып кетумен орын алған бетте-бет соққы.

#### ▽ Қандай жағдайларда ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) ашылуы анағұрлым ықтимал?



Алдыңғы орындық аймағында қатты бүйірлік соққы.

▽ Қандай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығының (бар болса) және жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының ашылу ықтималдығы анағұрлым төмен?




- 1 Бүйірден сүйкей соғу.
- 2 Автокөліктің салонынан тыс орналасқан аймағына бүйірден соққы тиді.
- 3 Бағанамен немесе ұқсас нысанмен соқтығысу.
- 4 Мотоциклмен бүйірлік соқтығысу.
- 5 Бүйірге немесе төбеге аударылу.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін соқтығысудың көптеген түрлері бар. Суретте көрсетілгенге ұқсас апаттар кезінде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастықтары апат кезіндегі соққы күшіне байланысты ашылмауы мүмкін.

1  
Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары


- ▽ Қандай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен жоғарғы қауіпсіздік жастықтары ашылмайды?



- 1 Артқы соққы.  
2 Бүйір жаққа аударылу.


Суретте көрсетілгенге ұқсас апаттар кезінде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен жоғарғы қауіпсіздік жастықтары көп жағдайда ашылмайды.

- ▽ Қандай жағдайларда ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы (бар болса) ашылмайды?



- 1 Басқа автокөлікпен (қозғалып келе жатқан немесе қозғалмайтын) бетпе-бет соғысу.  
2 Артқы соққы.  
3 Бүйір жаққа аударылу.

Суретте көрсетілгенге ұқсас апаттар кезінде ортаңғы қауіпсіздік жастығы көп жағдайда ашылмайды.




- 1 Бірінші соққы  
2 Екінші соққы  
A Жоғарғы қауіпсіздік жастығы  
B Бүйірлік қауіпсіздік жастығы  
C Ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы

Автокөлік бірнеше бүйірлік соққы алған апат кезінде бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, ортаңғы бүйірлік қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастықтары бірінші соққыдан кейін ғана бір рет ашылады.

Үлгі: автокөліктің бір бүйіріне алдымен бір автокөліктен, кейін бірден дәл сол бүйіріне басқа көліктен тиген екі бүйірлік соққы алған апат. Бұл ретте бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, ортаңғы қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастықтары бірінші соққыдан кейін ғана ашылады, екіншісінен кейін ашылмайды.

## ■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау



### Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне орнатылса, диагностикалық жүйе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің (соның ішінде қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары) дайындығын үздіксіз қадағалайды. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырғаннан кейін шамамен 6 секундқа қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамының қосылуы жүйенің қалыпты жұмысын білдіреді.

Диагностика жүйесі келесі компоненттердің жұмысын бақылайды. Жүйемен басқарылатын компоненттер туралы ақпаратты «Компоненттер» бөлімінен қараңыз, 90-б. Диагностикалық жүйе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамының өзін бақыламайтынын ескеріңіз.

### ▲ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамының келесі күйлерінде автокөлікті дереу қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Біз SUBARU дилеріне баруды ұсынамыз. Егер техникалық мамандар көмегімен тексеруді және қажетті жөндеуді жүргізбесеңіз, бұл соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының және/немесе қауіпсіздік жастықтарының қате жұмысына себеп болуы мүмкін, оның салдарынан жарақаттар алу қаупі туындайды.

- Сигнал шамы жанып-сөнеді немесе жылтылдайды
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырған кезде, сигнал шамы жанбайды
- Сигнал шамы үнемі жанып тұр
- Сигнал шамы қозғалыс кезінде қосылады

## ■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесін пайдалану

### ▲ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белбеулері модульдерін немесе апат кезінде зақымдалған бүкіл автокөлікті кедеге жаратар алдында SUBARU дилеріңізден кеңес алғаныңыз жөн.

- Қауіпсіздік жастықтарының құрылымы автокөлік иесінің оларға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуін қарастырмайды. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің кез келген электр тізбегінде электр тестерлерді қолдануға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастықтарына техникалық қызмет көрсету қажет болса, жақын маңдағы SUBARU дилерінен кеңес алуға кеңес береміз. Конфигурацияны өзгерту немесе жүйенің электр сымдар жүйесін сөндіру салдарынан қауіпсіздік жастықтары кездейсоқ іске қосылуы немесе бүкіл жүйе істен шығуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға әкеледі.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Төмендегі аймақтарда техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болса, SUBARU ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз. Бұл аймақтарда қауіпсіздік жастықтарының жүйесін басқару блогы, соққы датчиктері және қауіпсіздік жастықтарының модульдері орналасқан.

- Алдыңғы тақтаның ортасында
- Автокөліктің алдыңғы бөлігіндегі оң және сол жақта

- Руль, руль бағаны және іргелес аймақтар
- Руль бағанының төменгі жағы және іргелес аймақтар
- Алдыңғы жолаушының алдындағы бақылау тақтасының жоғарғы жағы және іргелес аймақтар
- Екі алдыңғы орындық және іргелес аймақтар
- Әрбір ортаңғы тіректе
- Әрбір алдыңғы есікте
- Төбесінің әр жағындағы бүйір бөлігінде (алдыңғы тіреуден артқы орындықтың үстіндегі белгіге дейін)
- Артқы орындықтың көпшігі мен әрбір жақтағы артқы дөңгелек қуысы арасында
- Ортаңғы артқы орындықтың астында

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі іске қосылған кезде жүйе компоненттерін SUBARU ресми дилеріне жүгініп, SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектеріне ауыстыртыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Төменде аталған жағдайларда SUBARU дилеріне барынша тез хабарласқан жөн.

- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылмаған апат кезінде автокөліктің алдыңғы жағы зақымдалды
- Руль қаптамасында, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қақпағында немесе төбе қаптаушының кез келген бүйірлік жағында (алдыңғы тіреуден артқы орындықтың үстіндегі тиісті белгілерге

дейінгі аймақта) сызаттар, жарықтар немесе басқа зақымданулар бар.

- Ортаңғы тіреуге, алдыңғы есікке, артқы дөңгелек қуысына, артқы рама астына немесе оған іргелес аймақтарға соққы тигеннен кейін, бүйірлік қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастықтары ашылмады.
- Алдыңғы орындықтың кез келген арқалығындағы мата немесе былғары қаптауыш кесілді, қажалды немесе басқа зақымдары бар.
- Автокөліктің артқы бөлігі апат кезінде зақымдалды.

## ■ Автокөлікті түрлендіруге қатысты ескертулер

### ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің кездейсоқ іске қосылуы немесе істен шығуы нәтижесінде келтірілуі мүмкін ауыр жарақатты болдырмау үшін қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттері құрылымына немесе оның электр сымна өзгерістер енгізуге тыйым салынады.  
Бұл келесідей өзгертулерді қамтиды:
  - Штаттық емес рульді орнату.
  - Аспаптар тақтасы әрлемесінің қосымша элементтерін орнату.
  - Штаттық емес орындықтарды орнату.
  - Орындықтың мата немесе былғары қаптамаларын ауыстыру.

– Алдыңғы орындықтың қосымша мата немесе былғары қаптамаларын орнату.

– Қатты дыбыс жүйесінің микрофонын немесе басқа керек-жарақтарды алдыңғы, ортаңғы және артқы тіреулерге, алдыңғы өйнекке, бүйір терезелерге, тұтқаларға және қалқа жастықтардың ашылу аймағында болуы мүмкін салонның басқа жабындарына орнату.

– Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қандай да бір компонентіне, соның ішінде оның электр сымна, сондай-ақ олардың жанына қосымша электр немесе электрондық жабдықты, мысалы, рацияларды орнатуға болмайды. Өйткені қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмысы бұзылуы мүмкін.

– Динамикті немесе дыбыс оқшаулағышты ауыстыру мақсатында алдыңғы есік панельдерінің сыртқы немесе ішкі құрылымын өзгерту.

- Соққы күшін анықтайтын соққы датчиктері есіктерде орналасқан. Есік динамиктерін орнату сияқты компоненттердің құрылымына немесе есіктердің әрлеуіне өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Есік құрылымындағы кез келген өзгеріс қауіпсіздік жастықтары жүйесін бұзуы немесе оның байқаусызда іске қосылуына әкелуі мүмкін.










- Өлшемі және құрылымы жүргізуші жақтағы ортаңғы тіреудегі тақтайшада немесе нақты автокөліктердің үлгілері үшін осы нұсқаулықта көрсетілгеннен ерекшеленетін шиналарды орнату.

## АБАЙЛАҢЫЗ

Төменде аталған өзгерістерді автокөлік құрылымына енгізуге жол бермеңіз. Мұндай өзгерістер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.

- Автокөліктің алдыңғы жағына SUBARU түпнұсқа қосымша жабдықтарының қатарына кірмейтін қандай да бір жабдықты (қорғаныс торлары, шығырлар, қар тазалағыш құрылғылар, сүйрегіш қалқандар және т.б.) орнату.
- Автокөліктің аспа жүйесіне немесе автокөліктің алдыңғы бөлігінің конструкциясына өзгерістер енгізу.
- Автокөліктің бүйір жағына SUBARU түпнұсқа қосымша жабдықтарының қатарына кірмейтін қандай да бір жабдықты (басқыштар, табалдырық қаптамалары және т.б.) орнату.

Автокөлікке кез келген қосымша жабдықты орнату алдында әрқашан SUBARU дилерімен кеңесіңіз.




<b>2-1. Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі.....</b>	<b>114</b>
Сақтық шаралары .....	114
Қашықтан ашу салпыншағының көмегімен есіктерді құлыптау және құлпын ашу .....	117
PIN-код арқылы ашу .....	121
Энергия үнемдеу функциясы .....	123
Қашықтан ашу салпыншағының энергия үнемдеу функциясы.....	124
Қашықтан ашу функцияларын өшіру.....	124
Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің жыпылықтауы .....	127
Ескертуші дыбыс сигналдары және ескертуші индикатор ..	127
Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар .....	127
Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру .....	127
Қашықтықтан ашу салпыншағын ауыстыру.....	127
Кілт нөмірі бар тілімше .....	127
Еуропалық модельдерге арналған техникалық ақпарат .....	127
<b>2-2. Иммобилайзер .....</b>	<b>128</b>
Иммобилайзердің бақылау шамы.....	128
Жаңа кілт жасау .....	128
Радио-электрондық техника саласындағы заңнама бойынша техникалық ақпарат.....	129
<b>2-3. Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі.....</b>	<b>129</b>
Есіктерді құлыптау.....	130
Есіктердің құлпын ашу .....	130
Автоматты түрде құлыптану (екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер) .....	131

Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу .....	131
Барлық терезені ашу/жабу .....	131
Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің жыпылықтауы ...	131
Қуат элементін ауыстыру .....	131
Жоғалған қашықтан ашу салпыншағын ауыстыру .....	131
<b>2-4. Есік құлыптары .....</b>	<b>132</b>
Есіктерді сыртынан құлыптау және құлпын ашу.....	132
Есіктерді ішінен құлыптау және құлпын ашу.....	133
Автокөліктегі кілттің құлыптануының алдын алатын функция (екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер) .....	134
Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы.....	134
<b>2-5. Екі рет құлыптау жүйесі (бар болса) .....</b>	<b>135</b>
Екі рет құлыптау жүйесін қосу.....	135
Екі рет құлыптау жүйесін сөндіру .....	136
Төтенше жағдайда .....	136
Аккумулятор батареясының немесе қуат элементінің қуаты таусылған жағдайдағы әрекеттер.....	136
Екі рет құлыптау жүйесін қалпына келтіру .....	136
<b>2-6. Есіктердің бала құлпы механизмі.....</b>	<b>137</b>
<b>2-7. Терезелер.....</b>	<b>137</b>
Электр әйнеккөтергіштер .....	138
Электр әйнеккөтергіштер жүйесін инициализациялау .....	140
<b>2-8. Жүксалғыш қақпағы .....</b>	<b>140</b>
<b>2-9. Төбедегі люк (бар болса).....</b>	<b>141</b>
Төбедегі люк ауыстырып қосқыштары.....	142
Күнқағар қалқа .....	143

## 2-1. Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі

Автокөлікпен бірге келесі қашықтан ашу салпыншақтары жеткізіледі.



- 1 Қашықтықтан ашу салпыншағы  
2 Кілт нөмірі бар тілімше

Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі сізге қашықтан ашу салпыншағы арқылы төмендегі операцияларды орындауға мүмкіндік береді.


- Барлық есіктерді құлыптау және құлпын ашу (сонымен қатар жүксалғыш пен отын құю аузы люгінің қақпағы)

- e-BOXER жүйесін іске қосу және тоқтату. Толық ақпаратты «e-BOXER жүйесін іске қосу және тоқтату» бөлімінен қараңыз, ☎279-б.

### ЕСКЕРТПЕ

- Сіздің автокөлігіңіз сатылатын нарыққа байланысты оның үш қашықтан ашу салпыншағы болуы мүмкін.
- Төменде атап көрсетілген функцияларды басқару үшін кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесін қолдануға болады.
  - Барлық есіктерді құлыптау және құлпын ашу (сонымен қатар жүксалғыш пен отын құю аузы люгінің қақпағы)
  - Есіктердің әйнектерін түсіру/көтеру. Тольғырақ ақпаратты «Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі» бөлімінен қараңыз, ☎129-б.
- Қашықтан ашу салпыншағына қоса берілетін кілт нөмірі бар тілімшені сенімді жерде сақтаңыз. Ол автокөлікті жөндеу кезінде, сондай-ақ қосымша қашықтан ашу салпыншақтарын тіркеу кезінде қажет. Тольғырақ ақпаратты «Жаңа кілт жасау» бөлімінен қараңыз, ☎128-б.

Қашықтан ашу салпыншағының әрқайсысында апаттық кілт бар.



- 1 Бекіткіш түйме  
2 Апаттық кілт

Қашықтан ашу салпыншағының бекіткіш түймесін басып, апаттық кілтті алыңыз. Апаттық кілт жүргізушінің есігін құлыптау және құлпын ашу үшін қолданылады.

### ■ Сақтық шаралары

#### ⚠ ЕСКЕРТУ


- Сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор имплантталған болса, автокөлікте орнатылған таратушы антенналарға 22 см (8,7 дюйм) шамасынан артық жақындамаңыз. Автокөліктің таратушы антенналары шығаратын радиосигналдар имплантталған кардиостимуляторлар мен дефибрилляторлардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Егер сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор емес қандай да бір басқа электрондық медициналық

жабдық имплантталған болса, онда түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесін қолданар алдында төменде келтірілген «Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде қолданылатын радиосигналдар» тармағымен танысып шығыңыз, сондай-ақ толығырақ ақпарат алу үшін нақты медициналық электр жабдық өндірушісінен кеңес алыңыз. Автокөліктің таратушы антенналары шығаратын радиосигналдар электрондық медициналық жабдықтың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

«Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде қолданылатын радиосигналдар»

- Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесінде пайдаланылатын радиосигналдардан басқа, түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде келесі жиіліктегі радиосигналдар қолданылады\*. Радиосигналдарды төмендегі суреттерде көрсетілген орындарда автокөлікте орнатылған антенналар ауық-ауық таратады.

\*: Радиосигналдардың жиілігі: 134,2 кГц



1 Антенналар

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қашықтан ашу салпыншағын ешқашан автокөліктің ішінде немесе автокөліктің айналасында 2 м (6,6 фут) радиуста қалдырмаңыз немесе сақтамаңыз (мысалы, көлікжайда). Қашықтан ашу салпыншағы автокөлік ішінде құлыпталып қалуы мүмкін немесе кілттің қуат элементінің заряды тез таусылуы мүмкін. Назар аударыңыз, кейбір жағдайларда қашықтан ашу салпыншағының орналасқан жеріне байланысты қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесі арқылы автокөліктің электр қуатын қосу мүмкін болмауы ықтимал.
- Қашықтан ашу салпыншағында электрондық компоненттер бар. Ақауларға жол бермеу үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз:
  - Кілт зақымдалмауы үшін қашықтан ашу кілтінің қуат элементін SUBARU ресми дилерінде ауыстырту керек.
  - Қашықтан ашу салпыншағын су тиіп кетуден сақтаңыз. Қашықтан ашу салпыншағына су тиіп кетсе, оны дереу сүртіп кептіріңіз.
  - Қашықтан ашу салпыншағын қатты соққыға ұшыратпаңыз.
  - Қашықтан ашу салпыншағын тікелей күн сәулесінің әсерінен сақтаңыз немесе қызып кетуі мүмкін басқа жерлерде, мысалы, аспаптар тақтасында қалдырмаңыз. Бұл қуат элементіне зақым келтіруі немесе

электр тізбегінің дұрыс жұмыс істеуіне әкеп соғуы мүмкін.

- Қашықтан ашу салпыншағын ультарадыбыспен жуатын құрылғы көмегімен тазаламаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын ылғалдығы немесе тозаңы жоғары жерлерде қалдырмаңыз. Бұл ақаулық себебі болуы мүмкін.
- Қашықтан ашу салпыншағын магниттік өріс көздерінің әсер ету аймағынан алшақ ұстаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын дербес компьютердің немесе тұрмыстық электр аспабының жанында қалдырмаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын аккумулятор батареясы қуаттағышының немесе кез келген электр құрылғылардың жанында қалдырмаңыз.
- Терезелерге металл жабынды жақпаңыз және терезелерге металл заттарды бекітпеңіз.
- Түпнұсқа емес аксессуарларды немесе бөлшектерді пайдаланбаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын құлатып алсаңыз, кіріктірілген апаттық кілт ажырап кетуі мүмкін. Апаттық кілт жоғалып қалмауы үшін абай болыңыз.
- Ұшақпен ұшқан кезде қашықтан ашу салпыншағындағы түймелерді баспаңыз. Қашықтан ашу салпыншағындағы қандай да бір түймені басқан кезде радиосигналдар таралып, ұшақ жүйелерінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Салпыншақ сөмкеде болса,

түймелер абайсызда басылып кетпейтіндей шараларды қолданыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Қашықтан ашу функциясын қосу/өшіру баптауларын өзгертуге болады. Параметрлерді баптау процедурасы «Қашықтан ашу функцияларын өшіру» бөлімінде сипатталған, ☎124-б.
- Қашықтан ашу функциясы ажыратылып тұрған кезде түймелі оталдыру жүйесінің ажыратқышын пайдалану туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар» бөлімін оқып шығыңыз, ☎388-б.
- Қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесіндегі түйме арқылы қуаты аз радиосигналдар пайдаланылады. Қашықтан ашу салпыншағының күйі және қоршаған орта жағдайлары төменде тізімделген мән-жайда қашықтан ашу салпыншағы мен автокөлік арасындағы деректермен алмасуға теріс әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөлік есіктерінің құлпын ашу және құлыптау, сондай-ақ e-BOXER жүйесін қосу мүмкін болмай қалуы ықтимал.
- Жүйе күшті радиосигналдар шығаратын құрылғының жанында, мысалы, радиохабар тарататын станцияның немесе электр жеткізу желісінің жанында қолданылғанда.

- Радиосигналдарды тарататын аспаптарды, мысалы, қашықтан ашу салпыншағын немесе басқа автокөліктің құлыптарды қашықтан басқару таратқышы бар кілтін пайдалану кезінде.
- Өз автокөлігіңіздің қашықтан ашу салпыншағын басқа автокөліктің қашықтан ашу салпыншағымен немесе қашықтан ашу пультімен бірге алып жүргенде.
- Қашықтан ашу салпыншағы сымсыз байланыс жабдығының жанында, мысалы, ұялы телефонның жанында тұрғанда.
- Қашықтан ашу салпыншағы металдан жасалған заттың жанында болғанда.
- Қашықтан ашу салпыншағына металл аксессуарлар бекітулі болғанда.
- Қашықтан ашу салпыншағын ноутбук сияқты электрондық құрылғымен бірге алып жүргенде.
- Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементінің заряды таусылған кезде.
- Қашықтан ашу салпыншағы автокөлікпен үнемі дерек алмасуды және кілттің қуат элементі үздіксіз қолданылады. Қуат элементінің қызмет ету мерзімі жұмыс жағдайларына байланысты. Әдетте, бұл 1–2 жыл. Егер қуат элементінің заряды толығымен таусылса, оны жаңасына ауыстырыңыз.

- Қашықтан ашу салпыншағы жоғалған жағдайда қалған барлық қашықтан ашу салпыншақтарын қайта тіркеу керек болады. Қашықтан ашу кілтін қайта тіркеу үшін SUBARU дилерімен хабарласқаныңыз жөн.
  - Қосалқы қашықтан ашу салпыншағын алу үшін SUBARU дилеріне хабарласқаныңыз жөн.
  - Бір автокөлік үшін 7-ге дейінгі қашықтан ашу салпыншағы тіркелуі мүмкін.
  - Қашықтан ашу салпыншағын автокөлік салонының есік қалталары, алдыңғы панель сияқты орындарында немесе жүксалғыш бұрышында қалдырмаңыз. Дірілден салпыншақ зақымдалуы немесе ауыстырып қосқыштар өздігінен қосылуы мүмкін, бұның салдарынан автокөліктің есіктері құлыптанып қалуы ықтимал.
  - Автокөліктің 12 В қосымша аккумулятор батареясының қуаты таусылған немесе ауыстырылған жағдайда, e-BOXER жүйесін қосу үшін руль бағаны құлпы жүйесін инициализациялау қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда руль бағаны құлпын инициализациялау бойынша келесі әрекеттерді орындаңыз.
- (1) Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз. Толығырақ ақпаратты «Электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу» бөлімінен қараңыз, 148-б.
  - (2) Жүргізуші есігін ашып, қайта жабыңыз.

(3) Шамамен 10 секунд күтіңіз.

Руль бағаны құлыптанған кезде, бұл инициализацияның аяқталғанын көрсетеді.

- Қашықтан ашу салпыншағын төменде көрсетілген орындарда қалдырмаңыз:
  - Алдыңғы панельде
  - Автокөліктің еденінде
  - Ұсақ-түйек тартпасында
  - Есік қалтасында
  - Артқы орындықта
  - Жүксалғышта

Әйтпесе келесі жағдайлар орын алуы мүмкін:

- Қашықтан ашу салпыншағы қате салдарынан автокөлік ішінде құлыптанады.
- Шын мәнінде ақау туындамайтынына қарамастан, қате ескерту сигналы беріледі.
- Ақаулық туындаған жағдайда ескерту сигналы берілмейді.


### ■ Қашықтан ашу салпыншағының көмегімен есіктерді құлыптау және құлпын ашу

Қашықтан ашу салпыншағы сигнал қабылданатын аймақта тұрса, есіктің тұтқасын жай ғана ұстау арқылы есіктерді, отын құю аузы люгінің қақпағын және жүксалғыш қақпағын құлыптауға/құлпын ашуға болады.


## ЕСКЕРТПЕ

Сонымен бірге кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесінің көмегімен автокөлікті құлыптауға/құлпын ашуға болады. Толығырақ ақпаратты «Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі» бөлімінен қараңыз, 129-б.

### ▼ Әрекет ету аймақтары



- 1 Антенналар
- 2 Әрекет ету аймағы



1 Жарықдиодты индикатор

Қашықтан ашу салпыншағы алдыңғы есіктердің бірін құлыптау/құлпын ашу функциясының сигналы қабылданатын аймақта болғанда, қашықтан ашу салпыншағының жарықдиодты индикаторы жыпылықтайды. Қашықтан ашу функциясы өшірілген кезде, қашықтан ашу салпыншағындағы түймелердің бірі басылғанша жарықдиодты индикатор жыпылықтамайды.

## ЕСКЕРТПЕ

- Егер қашықтан ашу салпыншағы көліктің шанағына тым жақын болса, онда қашықтан ашу функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер мұндай қате жұмыс байқалса, автокөліктен алыстап, әрекетті қайталаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағы қашықтан ашу функциясы қолданылатын аймақта болса, бірақ жер бетінің өзінде немесе оның бетінен тым жоғары болса,

қашықтан ашу функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Қашықтан ашу салпыншағы қашықтан ашу функциясы қолданылатын аймақта болса, бұл функцияны қашықтан ашу салпыншағы бар адам ғана емес, кез келген адам да пайдалана алады. Қашықтан ашу функциясы тек есік тұтқасы, есіктерді құлыптау датчигі немесе қашықтықтан ашу кілті орналасқан жүксалғыш қақпағын ашу түймесі үшін жұмыс істейтінін ескеріңіз.
- Егер қашықтан ашу салпыншағы автокөліктің ішінде болса, онда есіктерді, жүксалғыш қақпағын және отын құю аузының люгін қашықтан ашу функциясының көмегімен құлыптау мүмкін болмайды. Бірақ қашықтан ашу салпыншағының күйіне және қоршаған орта жағдайларына байланысты автокөлік ішіндегі қашықтан ашу салпыншағы бәрібір құлыпталуы мүмкін. Автокөлікті жаппас бұрын, қашықтан ашу салпыншағы өзіңізбен бірге екеніне көз жеткізіңіз.
- Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементінің заряды таусылған кезде немесе қашықтан ашу салпыншағы күшті кедергілер немесе күшті радиосигналдар аймағында (мысалы, радиомачтаның, электр станциясының, радиохабар немесе телехабар тарататын станцияның жанында немесе сымсыз жабықтық пайдалану аймағында) жұмыс істегенде, сондай-ақ ұялы телефонмен сөйлескен кезде қашықтан ашу функциясының сигнал қабылданатын аймағы қысқаруы мүмкін немесе функция жұмысын тоқтатуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда «Есіктерді ашу және құлыптау» бөлімінде сипатталған процедураны орындаңыз, **☎388-6**.

- Егер қашықтан ашу салпыншағы сигнал қабылданатын аймақта қалса, онда автокөлікті жуу кезінде немесе есік тұтқасына едеуір мөлшерде су тиіп кеткен кезде есіктер құлыпталуы немесе ашылуы мүмкін.

## ▼ Құлыптау және құлыпты ашу тәртібі

Қашықтан ашу салпыншағы болған кезде келесі әрекеттерді орындауға болады:

- Есіктер мен отын құю аузы люгінің қақпағын құлыптау және құлпын ашу.
- Жүксалғыш қақпағын құлыптау және құлпын ашу.


## ЕСКЕРТПЕ

- Егер түймелі оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе ON күйінде болса, қашықтан ашу функциясын қолдана отырып, есіктерді, жүксалғыш қақпағын және отын құю аузы люгінің қақпағын құлыптау мүмкін емес. «Электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу» бөлімін қараңыз, **☎148-6**.
- Есіктің тұтқасын қолғаппен ұстағанда, есік құлпы ашылмай қалуы мүмкін.
- Есікті құлыптау датчигін қатарынан төрт немесе одан да көп рет түртсеңіз, жүйе датчиктің іске қосылуын елемейді.



- Егер құлыптау процедурасы тым тез орындалса, толық құлыпталмауы мүмкін. Құлыптау процедурасын орындағаннан кейін есіктердің құлыпталғанына көз жеткізу үшін артқы есіктің тұтқасын тарту ұсынылады.
- Егер есіктердің біреуі (немесе жүксалғыш қақпағы) толығымен жабылмаса, келесі ескертулер қосылады:
  - Электрондық дыбыс сигналы бес рет естіледі.
  - Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бес рет жыпылықтайды.
- Егер автокөліктің есіктерінің бірі немесе жүксалғыш қақпағы ашық болса, онда сіз автокөліктің есіктерін, жүксалғыш қақпағын және отын құю аузы люгінің қақпағын құлыптай алмайсыз.
- Есіктерді, сондай-ақ жүксалғыш қақпағын құлыптағаннан кейін 3 секунд ішінде қашықтан ашу функциясын пайдаланып есіктер мен жүксалғыш қақпағын ашу мүмкін емес.
- Автокөлік есіктерін құлыптаған кезде, қашықтан ашу салпыншағын автокөліктің ішінде құлыптанып кетпеуі үшін оның өзіңізде екенін тексеріңіз.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің баптауларын орталық ақпараттық дисплей арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, ☎202-б. Сонымен қатар SUBARU дилерінде апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмысының баптауларын өзгертуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

▽ Есікті құлыптау датчигінің көмегімен құлыптау



1 Есікті құлыптау датчигі


Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен алып, барлық есікті (соның ішінде жүксалғыш қақпағын қоса алғанда) жауып, есіктің сыртқы тұтқасындағы есік құлыптау датчигін түртіңіз. Барлық есіктер, сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузының қақпағы құлыпталады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды.

### ЕСКЕРТПЕ

Егер барлық есіктерді (сонымен қатар жүксалғыш қақпағын) құлыптау үшін есік құлыптау датчигін түрткеннен кейін есік құлыптау датчигін тағы бір рет түртіп, есікті алдын ала ашпай құлыптауға тырыссаңыз, есік құлыптау датчигін түрткен кезде де ештеңе болмайды. Бұл жағдайда алдымен құлыпты ашыңыз. Содан кейін есіктерді

құлыптау үшін есік құлыптау датчигін түртуге болады.


▽ Жүксалғыш қақпағын құлыптау түймесінің көмегімен құлыптау



1 Жүксалғыш қақпағын құлыптау түймесі

Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен алып, барлық есіктерді, сондай-ақ жүксалғыш қақпағын жабыңыз және жүксалғыш қақпағын құлыптау түймесін басыңыз. Жүксалғыш қақпағы, отын құю аузы люгінің қақпағы және барлық есіктер құлыпталады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды.

### ▼ Құлыпты ашу




Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен бірге алып, есіктің тұтқасының артында орналасқан датчикті түртіңіз.

- **Екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер:** Барлық есіктердің (сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузы люгі қақпағының) құлпы ашылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.
- **Екі рет құлыптау жүйесі бар модельдер:**
  - Жүргізуші есігінің тұтқасы:  
Тек жүргізушінің есігі мен отын құю люгінің қақпағы ашылады.
  - Алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасы:  
Барлық есіктердің (сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузы люгі қақпағының) құлпы ашылады.

Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.

### ▼ Жүксалғыш қақпағын ашу



#### 1 Жүксалғыш қақпағын ашу түймесі

Өзіңізбен бірге қашықтан ашу салпыншағын алып, жүксалғыш қақпағын ашу түймесін басыңыз.

- **Екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер:** Барлық есіктердің (сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузы люгі қақпағының) құлпы ашылады, ал жүксалғыш қақпағы ашылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.
- **Екі рет құлыптау жүйесі бар модельдер:** Жүксалғыш қақпағының құлпы ғана ашылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.

### ▼ Есіктерді іріктеп ашу функциясы

Қашықтан ашу функциясын пайдаланып есіктердің құлпын ашқан кезде тек баптауларда таңдалған есікті, сондай-ақ отын құю аузы люгінің қақпағын ашуға болады. Баптауларды келесі жолдармен өзгертуге болады.


- Баптауларды орталық ақпараттық дисплей арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б.
- Баптауларды SUBARU дилерінде өзгертуге болады.

### ▼ Автоматты түрде құлыптану (екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер)

Автокөлік есіктерінің құлпы немесе жүксалғыш қақпағының құлпы ашылғаннан кейін 30 секунд ішінде ол есіктердің ешқайсысы ашылмаса, олар қайтадан автоматты түрде құлыптанады. Бұл функцияны қосу/өшіру, сондай-ақ автоматты түрде құлыптану функциясы іске қосылғанға дейінгі уақыт баптауларын өзгерту әрекеттерін SUBARU дилеріне барып жасатуға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Уақыт баптаулары мен параметрлерін орталық ақпараттық дисплей арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б.

## ■ PIN-код арқылы ашу



1 Жүксалғыш қақпағын құлыптау түймесі

Барлық есіктер (сонымен қатар жүксалғыш қақпағы) құлыпталған кезде, жүксалғыш қақпағын құлыптау түймесін басу арқылы есіктердің құлпын (сонымен қатар жүксалғыш қақпағын және отын құю аузы люгінің қақпағын) кілтсіз ашуға болады.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер кілт автокөлікте абайсызда қалып кетсе, PIN-код арқылы кіруге болады. 5 таңбалы қауіпсіздік кодын (PIN-кодты) тіркеу керек.

## 122 Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі


### ▼ PIN-кодты тіркеу

Кезең	Әрекет	Алдыңғы кезеңнен кейінгі уақыт
1	Оталдыру жүйесін өшіріңіз.	—
2	Барлық есікті (соның ішінде жұқсалғыш қақпағын да) жабыңыз.	—
3	Үзік-үзік дыбыс сигналы естілмейінше қашықтан ашу салпыншағындағы « <b>1</b> » түймесін басып тұрыңыз, содан кейін жұқсалғыш қақпағын құлыптау түймесін басып тұрыңыз.	—
4	Қашықтан ашу салпыншағындағы « <b>1</b> » түймесін басыңыз.	30 секунд бойы
5	4-кезеңдегі дыбыстық сигналдан кейін 30 секунд ішінде жұқсалғыш қақпағын құлыптау түймесін пайдаланып PIN-кодты енгізіңіз. Мысалы, «32468» комбинациясын PIN-код ретінде тіркеу үшін келесі процедураны орындаңыз:	30 секунд бойы
	(1) Түймені үш рет басыңыз.	
	(2) Бір дыбыс сигналынан кейін түймені екі рет басыңыз.	
	(3) Бір дыбыс сигналынан кейін түймені төрт рет басыңыз.	
	(4) Бір дыбыс сигналынан кейін түймені алты рет басыңыз.	
(5) Бір дыбыс сигналынан кейін түймені сегіз рет басыңыз.		
6	Үзік-үзік дыбыс сигналы естіле бастағаннан кейін, 5-кезеңді шамамен 30 секунд бойы қайта орындаңыз.	—
7	Барлық есіктердің құлпы ашылып, құлыпталады. Осыдан кейін PIN-код тіркеледі.	—

### ЕСКЕРТПЕ

Дайындық режимін аяқтап, тіркеу кезеңіне өту үшін 6-кезеңнен кейін 30 секунд ішінде «**1**» түймесін басыңыз. «**1**» түймесі 6-кезеңнен кейін 30 секунд ішінде басылмаса, PIN-код тіркелмейді.

## ЕСКЕРТПЕ

- «0» санын енгізу үшін жүксалғыш қақпағын құлыптау түймесін он рет басыңыз.
- Автокөлігіңізді айдап әкетуден қорғау үшін PIN-кодты жиі өзгертіп тұрыңыз.
- Егер автокөлігіңізді басқа адамға берген болсаңыз, PIN-кодтың өзгертілмегеніне немесе өшірілмегеніне көз жеткізіңіз. PIN-код өзгертілсе немесе жойылса, жаңа PIN-кодты тіркеңіз.
- Егер сіз тіркеу процедурасы кезінде қате жіберген болсаңыз, қашықтан ашу салпыншағындағы «» түймесін басыңыз. Содан кейін 1-кезеңнен бастап процедураны қайта бастаңыз.
- Автокөлікті айдап әкетуден қорғау үшін сіз «00000» – «99999» немесе «12345» типті комбинацияны PIN-код ретінде тіркей алмайсыз.
- Автокөлігіңіздің нөмір белгісін, сондай-ақ «11122» немесе «12121» сияқты қарапайым комбинацияларды PIN-код ретінде тіркемеңіз. Бұл автокөлікті айдап әкету қаупін арттырады.
- Егер сіз «22222» типті комбинацияны тіркеуге тырыссаңыз, тіркелген PIN-код жойылады. Жаңа код тіркелмейінше, PIN-код арқылы есіктерді аша алмайсыз.
- Жаңа PIN-кодты тіркегеннен кейін есік құлыптарын оның көмегімен ашуға болатындығына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан ашу функциясы қашықтан ашу салпыншағының көмегімен өшірілген болса, PIN-кодты жою мүмкін емес.

- PIN-кодты келесі жағдайларда қайта тіркеңіз:
  - PIN-кодты ұмытып қалсаңыз.
  - PIN-кодты өзгерттіңіз келсе.

### ▼ Құлыпты ашу

«PIN-кодты тіркеу» бөлімінде сипатталған 5-кезеңнің (1) мен (5) аралығындағы тармақтарын орындаңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда PIN--кодпен ашу арқылы құлыпты ашу мүмкін емес:
  - Қашықтан ашу салпыншағы сигнал қабылданатын аймақта тұрғанда;
  - Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы АСС немесе ON күйінде болса.
- Есік құлыптарын ашу кезінде қате жіберген болсаңыз, кем дегенде 5 секунд күте тұрып, құлыпты ашу процедурасын қайта бастаңыз.
- Егер PIN-код қатарынан 5 рет қате енгізілсе, автокөлікті қорғау үшін дыбыс сигналы қосылады. Бұл жағдайда сіз 5 минут бойы PIN-код арқылы есіктердің құлпын аша алмайсыз.

## ■ Энергия үнемдеу функциясы

Төменде келтірілген жағдайларда қашықтан ашу функциясы қашықтан ашу салпыншағының қуат көзін және автокөліктің қосымша 12 В аккумулятор батареясын қорғау мақсатында өшіріледі.

- Автокөліктің барлық есігі құлыптаулы болып, қашықтан ашу функциясы мен кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі 2 апта немесе одан да көп уақыт бойы қолданылмаған жағдайда.
- Автокөліктің барлық есігі құлыптаулы болса, ал қашықтан ашу салпыншағы қашықтан ашу жүйесінің сигналы қабылданатын аймақта 10 минут және одан да артық уақыт бойы тұрса.



### ▼ Энергия үнемдеу режимінен шығу


Төмендегі әрекеттердің бірін орындағаннан кейін қашықтан ашу функциясы қайта қосылады.

- Автокөлік құлпын есіктің тұтқасын тұрту (алдыңғы жолаушы есігіндегі датчиктер өшірілмеген жағдайда ғана) немесе жүксалғыш қақпағын ашу түймесін басу арқылы ашу.
- Кілтсіз кіруді қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптау немесе құлыпты ашу.
- Есікті ашу және жабу.
- Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ON күйіне ауыстыру.

## ■ Қашықтан ашу салпыншағының энергия үнемдеу функциясы

Бұл функция қашықтан ашу салпыншағының сигналдарды қабылдауын тоқтатады және қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін тұтынуды барынша азайтуға көмектеседі.

1. «» түймесін басып тұрып, «» түймесін екі рет басыңыз.



- 1 Жарықдиодты индикатор
2. Жарықдиодты индикатор баптаудың аяқталғанын хабарлау үшін 4 рет жыпылықтағанына көз жеткізіңіз.

Егер қашықтан ашу салпыншағы энергия үнемдеу режимінде болса, қашықтан ашу жүйесі және түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру функциялары қолжетімді болмайды. Қуат үнемдеу режимінен шығу үшін қашықтан ашу салпыншағындағы түймелердің бірін басыңыз.

## ■ Қашықтан ашу функцияларын өшіру

### ЕСКЕРТУ

Егер сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор имплантацияланған болса, қашықтан ашу мүмкіндігін өшіру үшін «126-беттегі «Жүргізуші есігінің көмегімен» бөлімінде берілген процедураны орындаңыз. «124-беттегі «Қашықтан ашу салпыншағының көмегімен» бөлімінде келтірілген процедураны орындау кезінде таратқыш антеннасы шығаратын радиосигналдар имплантацияланған кардиостимуляторлар мен дефибрилляторлардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Автокөлік ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, сондай-ақ қашықтан ашу функциясын пайдаланбауды қаласаңыз, қашықтан ашу функцияларын өшіріп қоюға болады.

### ЕСКЕРТПЕ

- Егер қашықтан ашу салпыншағы автокөлікте немесе оның жанында болса, жүйе іске қосылады және автокөліктің аккумуляторлары мен негізгі салпыншақтың қуат көзінен қуат алады. Егер бұл жиі немесе үнемі орын алса, автокөліктің батареялары мен салпыншақтың қуат көздері толығымен таусылуы мүмкін.


- Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптау және құлып ашу функциялары өшпейді.
- Қашықтан ашу функцияларын өшіргеннен кейін «e-BOXER жүйесін іске қосу үшін «e-BOXER жүйесін іске қосу» бөлімінде («389-бет) сипатталған процедураны орындаңыз.

### ▼ Функцияларды өшіру


#### ▽ Қашықтан ашу салпыншағының көмегімен



Қашықтан ашу функцияларын қашықтан ашу салпыншағымен өшіру үшін PIN-кодпен ашуға арналған PIN-кодты тіркеңіз. PIN-кодты тіркеу туралы толық ақпарат «PIN-код арқылы ашу» бөлімінде келтірілген, «121-б.

1. Жүргізушінің есігін ашыңыз.



2. Құлыпты бекіту тұтқасын алға қарай бұраңыз.




3. Қашықтан басқару салпыншағындағы «» және «» түймелерін бірге 5 секунд бойы басып тұрыңыз.




Дыбыс сигналы естіліп, қашықтан ашу функциялары өшеді.

## 126 Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі

### ▽ Жүргізуші есігінің көмегімен



Қашықтан ашу функциясын жүргізуші есігінің көмегімен өшіру үшін төмендегі процедураны орындаңыз.

Кезең	Әрекет	Уақыт	Күй
1	Жүргізушінің орындығына отырып, есікті жабыңыз.	—	Жабық
2	Есікті құлыптау ауыстырып қосқышының «  » жағын басыңыз.	—	Жабық
3	Жүргізуші есігін ашыңыз.	5 с бойы	Жабық → Ашық
4	Есікті құлыптау ауыстырып қосқышының «  » жағын екі рет басыңыз.	5 с бойы	Ашық
5	Екі рет жүргізуші есігін жауып, ашыңыз.	10 с бойы	Ашық → Жабық → Ашық → Жабық → Ашық
6	Есік ашық тұрған кезде есікті құлыптау ауыстырып қосқышының «  » жағын екі рет басыңыз.	10 с бойы	Ашық
7	Бір рет жүргізуші есігін жауып, ашыңыз.	10 с бойы	Ашық → Жабық → Ашық
8	Есікті жабыңыз.	5 с бойы	Ашық → Жабық

Дыбыс сигналы естіліп, функциялар өшеді.



## ЕСКЕРТПЕ

4 және 6-қадамдарды орындау кезінде есікті құлыптау ауыстырып қосқышын сенімді түрде басыңыз. Егер ауыстырып қосқыш жеткілікті түрде басылмаған болса, онда функция өшірілмеуі мүмкін.

### ▼ Функцияларды қосу

Функцияларды өшіру процедурасын қайта орындаған кезде дыбыстық сигнал естіледі және бұл функциялар қосылады.

## ЕСКЕРТПЕ

- Қашықтан ашу жүйесінің функциялары функцияларды өшіру үшін қолданылатын процедура орындалған кезде ғана қосылады (мысалы, егер ажырату жүргізушінің есігінің көмегімен жүзеге асырылса, функцияларды қашықтан ашу кілтінің көмегімен қосу мүмкін болмайды).
- Қашықтан ашу функцияларын өшіру үшін қандай процедура қолданылғанын білмесеңіз, қозғалтқышты оталдыру/тоқтату түймесін басыңыз.
  - Егер ажырату жүргізушінің есігінің көмегімен жүзеге асырылса, дыбыс сигналы естілмейді.
  - Егер ажырату қашықтан ашу салпыншағының көмегімен жүзеге асырылса, дыбыс сигналы естіледі.

### ■ Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің жыпылықтауы

Есіктерді құлыптаған немесе құлпын ашқан кезде жүйе апаттық жарық сигналын беру жүйесінің көмегімен визуалды сигналдар береді. Қажет

болса, орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен апаттық жарық сигналын беру жүйесінің жыпылықтауын өшіруге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, ☞202-б. Баптауларды SUBARU дилерінде де өзгертуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

### ■ Ескертуші дыбыс сигналдары және ескертуші индикатор

Жаңылыс әрекеттер санын азайту, сондай-ақ автокөлікті айдап өкетуден қорғау мақсатында қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде ескертуші дыбыс сигналдарының берілуі, сондай-ақ қашықтан ашу кілтінің ескерту индикаторының жыпылықтауы қарастырылған.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Қозғалтқышты түйменің көмегімен оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің ескертуші дыбыс сигналдары мен ескерту индикаторы» бөлімін қараңыз, ☞169-б.

### ■ Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар

«Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар» бөлімін қараңыз, ☞388-б.

### ■ Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру

«Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру» бөлімін қараңыз, ☞453-б.

### ■ Қашықтықтан ашу салпыншағын ауыстыру

Қашықтан ашу салпыншақтарын SUBARU дилерлерінде ауыстыруға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

### ■ Кілт нөмірі бар тілімше

Кілт нөмірі автокөлік кілттерінің жиынтығына бекітілген жазбада ойып жазылған. Кілт нөмірін көшіріп алып, сол жазбаны автокөліктен тыс қауіпсіз жерде сақтауыңыз керек. Бұл нөмір түпнұсқа кілт жоғалған жағдайда немесе кілтті кездейсоқ автокөлікте қалдырып кеткен кезде жаңа кілт жасау үшін қажет болады.

Қосалқы кілт жасау туралы ақпаратты «Жаңа кілт жасау» бөлімінен қараңыз, ☞128-б.

### ■ Еуропалық модельдерге арналған техникалық ақпарат

- Бұл құрылғы 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына сай келеді. Сәйкестік декларациясы түпнұсқасының көшірмесі және CE таңбаламасы 13-тарауда келтірілген.

- Осымен DENSO КОРПОРАЦИЯСЫ SU19S-3/14AKB құрылғысы 2014/53/EU директивасының негізгі талаптары мен басқа да ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді.

## 3-2. Имобилайзер

Имобилайзер автокөлігіңіздің қозғалтқышын бөгде адамдардың оталдыруына жол бермеу үшін жасалған. Автокөлікті оталдыру үшін имобилайзер жүйесінде тіркелген кілттерді ғана пайдалануға болады. Егер қозғалтқышты оталдыру әрекеті тіркелмеген салпыншақпен немесе кілтпен жүзеге асырылса, қозғалтқыш оталмайды. Қозғалтқыш оталса да, ол бірнеше секунд ішінде сөніп қалады. Алайда бұл жүйе айдап әкетуден 100 % қорғай алмайды.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Кілтті тікелей күн сәулесі түсетін жерге, сондай-ақ қызып кетуі мүмкін басқа жерлерге қоймаңыз.
- Судың кілтке тиюіне жол бермеңіз. Кілтке су тиген кезде оны дереу шүберекпен сүртіңіз.
- Жүйе құрылымына өзгерістер енгізбеңіз және жүйені алып тастамаңыз. Егер құрылым өзгерсе немесе жүйе алып тасталса, оның дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік берілмейді.

### ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікті айдап әкетуден қорғау үшін төмендегі сақтық шараларын мұқият оқып шығыңыз.

- Автокөліктен шыққан кезде, салонда кілттерді қалдырмаңыз.
- Автокөліктен шыққан кезде, барлық терезелер мен төбедегі люкті (бар болса) жабыңыз және есіктерді, жүксалғыш қақпағын және отын құю аузы люгінің қақпағын жабыңыз.
- Автокөлікте қосалқы кілттер жинақтамасын, сондай-ақ автокөліктің кілт нөмірі бар жазбаларды сақтамаңыз.
- Автокөлік техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін имобилайзер жүйесімен жабдықталған.

### ■ Имобилайзердің бақылау шамы

«Имобилайзердің бақылау шамы» бөлімін қараңыз, ☎174-б.

### ■ Жаңа кілт жасау

Кілттің телнұсқасын жасау қажет болған кезде, сізге кілт нөмірі бар тілімше қажет болады. Жаңа кілтті автокөліктің имобилайзер жүйесіне тіркегеннен кейін ғана пайдалана аласыз. Бір автокөлікте пайдалану үшін тіркелетін ең көп кілт саны — 7. Жаңа кілтті тіркеу үшін бір тіркелген кілт қажет.

### ЕСКЕРТПЕ

Кілт жоғалған жағдайда, жоғалған кілттің сәйкестендіру коды автокөліктің имобилайзер жүйесінің жадында сақталады. Қауіпсіздік мақсатында жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын жадтан жою керек. Жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын жою үшін

пайдаланылатын кілттердің барлығы қажет болады.

Жаңа кілтті тіркеу және жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын жою туралы толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

### ■ Радио-электрондық техника саласындағы заңнама бойынша техникалық ақпарат


Бұл құрылғылар 1999/5/ЕО радио және телекоммуникация құрылғыларының түпкі жабдығы бойынша директиваның және 2014/53/EU радиожабдық бойынша директиваның негізгі талаптары мен ережелеріне сай келеді. Талаптар мен ережелер елге байланысты ерекшеленеді.

Әр елге сай келетін ақпарат 13-тарауда келтірілген (атап айтқанда Сәйкестік декларациясының түпнұсқа көшірмесі және ЕО үшін қажетті СЕ таңбаламасы).

## 2-3. Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Құлау немесе лақтырылу сияқты салдардан қашықтан ашу салпыншағының қатты соғылуына жол бермеңіз.
- Қуат көзін ауыстыру жағдайынан басқа, қашықтан ашу салпыншағын бөлшектемеңіз.
- Қашықтан ашу салпыншағын су тиіп кетуден сақтаңыз. Оған су тиген кезде оны дереу шүберекпен сүртіңіз.
- Ұшақпен ұшқан кезде қашықтан ашу салпыншағындағы түймелерді баспаңыз. Қашықтан ашу салпыншағындағы қандай да бір түймені басқан кезде радиосигналдар таралып, ұшақ жүйелерінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Салпыншақ жүксалғышта болса, түймелер абайсызда басылып кетпейтіндей шараларды қолданыңыз.



Қашықтан ашу салпыншағы

- 1 Құлыптау
- 2 Құлыпты ашу
- 3 Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу түймесі

Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі келесі функцияларды атқарады:

- Барлық есіктерді құлыптау және құлпын ашу (сонымен қатар жүксалғыш пен отын құю аузы люгіннің қақпағы)

- Есіктердің барлық әйнектерін түсіру/көтеру\*

\*: Бұл функцияны пайдалану үшін оны алдымен SUBARU дилерінде іске қосу керек.

Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесінің әрекет ету ауқымы шамамен 10 метрді (30 футты) құрайды. Алайда бұл қашықтық қоршаған орта жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін. Жүйенің сигнал қабылдау қашықтығы электр станциялары, радиостанциялар, телемұнаралар, сондай-ақ тұрмыстық электрондық құрылғылардың қашықтан басқару пульттері сияқты күшті радиосигнал шығаратын көздер жанында қысқарады.

## ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөлік есіктерінің кез келгені, соның ішінде жүксалғыш қақпағы толығымен жабылмаған болса, кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі жұмыс істемейді.
- Төменде көрсетілген жағдайларда қашықтан ашу салпыншағындағы түймені басқан кезде апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір немесе екі рет жыпылықтайды.
  - Есіктерді құлыптағанда
  - Есіктердің құлпын ашқанда
  - Жүксалғыш қақпағының құлпын ашқанда

Қажет болса, орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен апаттық жарық сигналын беру жүйесінің жыпылықтауын өшіруге болады. Тольғырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б. Баптауларды SUBARU дилерінде де өзгертуге болады. Тольық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

### ■ Есіктерді құлыптау

Барлық есіктерді, жүксалғыш қақпағын және отын құю аузы люгінің қақпағын құлыптау үшін «**L**» түймесін басыңыз. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды.

Егер есіктердің кез келгені (сондай-ақ жүксалғыш қақпағы) толық жабылмаса, келесі ескертулер орындалады.

- Бес мәрте электрондық дыбыс сигналы естіледі.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бес рет жыпылықтайды.

### ■ Есіктердің құлпын ашу

Автокөліктің жанында тұрып, қашықтан ашу салпыншағындағы құлыпты ашу түймесін басыңыз.

### ▼ Есіктерді іріктеп ашу функциясы жоқ модельдер

- **Екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер:** Барлық есіктердің (сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузы люгі қақпағының) құлпы ашылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.
- **Екі рет құлыптау жүйесі бар модельдер:**

1. Тек жүргізушінің есігі мен отын құю люгінің қақпағы ашылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.

2. Егер жүргізуші есігінің құлпын ашқаннан кейін 5 секунд ішінде құлыпты ашу түймесін қайта басса, онда қалған барлық есік, соның ішінде жүксалғыш қақпағы да ашылады.

### ▼ Есіктерді іріктеп ашу функциясы бар модельдер

## ЕСКЕРТПЕ

Қауіпсіздік мақсатында функция үшін «қосулы» немесе «өшірулі» мәндерінің қайсысы орнатылғанын тексеріңіз.

Есіктерді іріктеп ашу функциясы басқа есіктердің құлпын ашпастан, жүргізуші есігінің құлпын ғана ашуға мүмкіндік береді. Бұл функцияны SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады.

#### • Қосулы:

Тек жүргізушінің есігі мен отын құю люгінің қақпағы ашылады. Егер жүргізуші есігінің құлпын ашқаннан кейін 5 секунд ішінде құлыпты ашу түймесін қайта басса, онда қалған барлық есік, соның ішінде жүксалғыш қақпағы да ашылады.

#### • Өшірулі:

Барлық есіктердің (сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузы люгі қақпағының) құлпы ашылады.


Қосымша ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

## ■ Автоматты түрде құлыптану (екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер)

Құлыпты ашу түймесін басқан кезде, егер осы уақыт ішінде төрт есіктің ешқайсысы немесе жүксалғыш қақпағы ашылмаса, 30 секундтан кейін барлық есіктер, жүксалғыш қақпағы және отын құю аузы люгінің қақпағы құлыптанады.

Автоматты түрде құлыптану функциясын қосу/өшіру, сондай-ақ автоматты түрде құлыптанудың кідіру уақыты (құлыптанатын уақыт аралығы) баптауларын өзгерту әрекеттерін SUBARU дилеріне барып жасатуға болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Бұл баптауларды орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, ☎202-6.

## ■ Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу

Жүксалғыш қақпағын ашу үшін «» түймесін басыңыз. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды. Бұл баптауды SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

## ■ Барлық терезені ашу/жабу

### ЕСКЕРТУ

**Барлық есік әйнектерін түсіру және көтеру үшін кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесін барлық есіктердің жанындағы кеңістік жақсы көрінген және сіз адамдардың әйнекке қысылып қалу қаупінің жоқтығына көз жеткізген жағдайда ғана пайдалануға болады.**

Егер e-BOXER жүйесі өшірулі болса, кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі арқылы көліктің сыртындағы барлық есік әйнектерін түсіріп-көтеруге болады. Терезелерді басқару келесідей орындалады.

- Барлық терезелерді жабу үшін құлыптау түймесін басып тұрыңыз.
- Барлық терезелерді ашу үшін ашу түймесін басып тұрыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

## ■ Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің жыпылықтауы

Есіктерді құлыптаған немесе құлпын ашқан кезде жүйе апаттық жарық сигналын беру жүйесінің көмегімен визуалды сигналдар береді. Қажет болса, орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен апаттық жарық сигналын беру жүйесінің жыпылықтауын өшіруге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, ☎202-6. Баптауларды SUBARU дилерінде де өзгертуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

## ■ Қуат элементін ауыстыру

«Қуат элементін ауыстыру» бөлімін қараңыз, ☎452-6.


## ■ Жоғалған қашықтан ашу салпыншағын ауыстыру

Егер сіз салпыншақты жоғалтсаңыз немесе қосымша салпыншақтарды сатып алғыңыз келсе (ең көбі жеті салпыншақты бағдарламалауға болады), қауіпсіздік мақсатында барлық салпыншақтарды қайта бағдарламалау қажет. Қосымша ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласып, кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесіндегі кілттерді бағдарламалау ұсынылады.

## 2-4. Есік құлыптары

### ■ Есіктерді сыртынан құлыптау және құлпын ашу

#### ▼ Автокөлікті кілттің көмегімен құлыптау және құлпын ашу тәртібі



- 1 Құлыптау үшін кілтті алға қарай бұраңыз.
- 2 Ашу үшін кілтті артқа қарай бұраңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Апаттық кілт бір бағытты болып келеді. Егер кілтті салу мүмкін болмаса, кертігі бар жақтың бағытын өзгертіп, қайтадан салыңыз.

- Екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер:

Жүргізуші есігін сыртынан кілтті алға қарай бұрап құлыптаңыз.

Есікті ашу үшін кілтті артқа қарай бұраңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Барлық есікті, соның ішінде жүксалғыш қақпағын құлыптау үшін жүргізуші есігінен басқа кез келген есікті автокөліктің ішінен құлыптап, жүргізушінің есігін құлыптаңыз. Есіктерді автокөлік ішінен құлыптау туралы толық ақпарат «Есіктерді ішінен құлыптау және құлпын ашу» бөлімінде берілген, **№133-б.**


- Екі рет құлыптау жүйесі бар модельдер:

Есіктерді, жүксалғыш қақпағын және отын құю аузы люгінің қақпағын сыртынан кілтпен құлыптау үшін оны алға қарай бұраңыз.

Есіктердің, жүксалғыш қақпағының және отын құю аузы люгі қақпағының құлпын ашу үшін оны артқа қарай бұраңыз.

#### ▼ Автокөлікті кілтсіз құлыптау тәртібі

##### ▽ Есік құлпын құлыптау тұтқасын пайдаланып құлыптау



#### Алдыңғы есіктерге арналған үлгі

- 1 Құлпыты бекіту тұтқасын алға қарай бұраңыз.
- 2 Алдыңғы есіктерді жапқанда, есіктің сыртқы тұтқасын тартып ұстаңыз.

Алдыңғы есікті сыртынан кілтсіз құлыптау үшін құлыпты бекіту тұтқасын алға қарай бұрап, тұтқаны тарта отырып, есікті жабыңыз.

Артқы есікті сыртынан кілтсіз құлыптау үшін бекіту тұтқасын алға қарай бұрап, есікті жабыңыз.


### ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктің есіктерін сыртынан кілтсіз құлыптамай тұрып, автокөлік ішінде кілтті ұмытып кетпегеніңізді тексеріңіз.

- Екі рет құлыптау жүйесі бар модельдер үшін жүргізуші есігінің құлпын бекіту тұтқасын, жүргізуші есігі ашық болса, бекіту күйіне аудару мүмкін емес. Автокөлік есіктерінің құлпын бекіту тұтқалары автокөлікте екі рет құлыптау жүйесі қосылмаған, ал жүргізуші есігі мықтап жабылған жағдайда, осы құлыптардың жабылуын қамтамасыз етеді.

## ■ Есіктерді ішінен құлыптау және құлпын ашу

### ▼ Бекіту тұтқасын пайдалану тәртібі



- 1 Ашу үшін бекіту тұтқасын артқа қарай бұраңыз.
- 2 Құлыптау үшін бекіту тұтқасын алға қарай бұраңыз.

Есікті ішінен құлыптау үшін құлыпты бекіту тұтқасын алға бұраңыз. Есіктің құлпын ішінен ашу үшін құлыпты бекіту тұтқасын артқа бұраңыз.

Құлыптау тұтқасындағы қызыл белгі есік құлпы ашылған кезде көрінеді.

Қозғалысты бастамас бұрын автокөліктің барлық есігі, соның ішінде жүксалғыш қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.

## ▲ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде барлық есікті, әсіресе автокөлігіңізде кішкентай балалар болса, құлыптап қойыңыз. Есіктерді құлыптау, қауіпсіздік белбеулері мен бала бекіту құрылғыларын дұрыс қолданумен бірге, апат кезінде автокөліктен құлап кету мүмкіндігін азайтады. Бұл есіктердің кездейсоқ ашылуына жол бермей, жолаушылардың құлап кетуіне, сондай-ақ есіктердің күтпеген жерден ашылып кетуіне және қаскүнемдердің автокөлікке кіріп кетуіне жол бермеуге де көмектеседі.
- Қозғалыс кезінде алдыңғы есіктің тұтқасын ішінен тартпаңыз. Есік құлыптаулы болса да ашылып кетуі мүмкін.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Есіктің құлпын басқара отырып, алдыңғы есіктің ішкі тұтқасын тартпаңыз. Бұл алдыңғы есіктердің ашылмауына немесе құлыпталмауына әкелуі мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Екі рет құлыптау жүйесі бар модельдер үшін, егер екі рет құлыптау жүйесі қосылса, тіпті құлыптарды бекіту тұтқаларын артқа бұрасаңыз да, есіктердің құлпын ашу мүмкін емес.

### ▼ Есіктерді құлыптау ауыстырып қосқыштарын пайдалану тәртібі

Барлық есікті, жүксалғыш қақпағын және отын құю аузы люгінің қақпағын жүргізушінің есігінде орналасқан есік бекіту ажыратқышының көмегімен құлыптауға және құлпын ашуға болады.



- 1 Құлыптау  
2 Құлыпты ашу


## ЕСКЕРТПЕ

Екі рет құлыптау жүйесі бар модельдер үшін бұл жүйе қосулы болған кезде, есіктерді бекіту ауыстырып қосқышын ашу жағына басу есіктердің құлыптарын ашпайды.

### ■ Автокөліктегі кілттің құлыптануының алдын алатын функция (екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер)

Егер жүргізушінің есігі ашық болса және оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе ON күйінде болса, есікті құлыптау ауыстырып қосқышын басқан кезде барлық есіктер құлыпталмайды.

## ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктен шығарда, есікті құлыптамай тұрып, кілтті қолға алғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Автокөліктен артқы есік арқылы шығатын кезде, есік құлыптау ауыстырып қосқышын құлыпты ашу жағына басу арқылы барлық есіктің құлпын ашыңыз. Егер артқы есіктің құлпы есіктің ішкі тұтқасы арқылы ашылған соң, есікті ашып, қайта жапса, кілттердің құлыптануының алдын алатын функция іске қосылады. Барлық есіктің құлпы ашылады, кілттердің құлыптануының алдын алатын функцияның «» ескерту индикаторы пайда болады, сондай-ақ ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі іске қосылады.
- Бұл функцияның зауыттық баптауы (әдепкі бойынша баптауы) «қосулы» күйі болып табылады. Бұл функцияны SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

### ▼ Кілттердің құлыптануының алдын алатын функцияның өшірулі күйі

Егер жүйе баптауларында функция өшірілген болса, төмендегі қадамдар есіктердің құлыпталуына әкеледі.

- Егер жүргізуші есігін сыртынан құлыптау үшін қосалқы кілт қолданылса, есік құлыптанады.

## ■ Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы

Өртүрлі жағдайларда аккумулятор батареясының таусылу қаупін азайту үшін автокөліктегі жарық автоматты түрде сөнеді.

### ▼ Өртүрлі жағдайлар үшін аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйіне ауысса, бұл функция күту режиміне өтеді.

Егер функция күту режимінде болған кезде 20 минут ішінде келесі қадамдар орындалмаса, барлық қосылған салонды жарықтандыру плафондары автоматты түрде өшеді.

Жарықты сөндіру	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Нүктелі шырағандар</li> <li>– Салонды жарықтандыру плафоны</li> <li>– Жүксалғышты жарықтандыру плафоны</li> <li>– Косметикалық айнаның көмескі жарығы</li> </ul>
Әрекеттер	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ACC немесе ON күйіне ауыстырыңыз.</li> <li>– Есіктерді, сондай-ақ жүксалғыш қақпағын ашыңыз немесе жабыңыз</li> <li>– Қашықтан ашу салпыншағындағы құлыпты ашу түймесін басыңыз</li> <li>– Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен алып, алдыңғы есіктің тұтқасын ұстап, құлпын ашыңыз</li> <li>– Алдыңғы есіктері құлыпталған автокөлікке қашықтан ашу салпыншағымен жақындаңыз (егер белгілі бір уақытқа кідріс таймері өшірілмесе)</li> </ul>



Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы белсенді болса, жарықты қайта қосу үшін жоғарыдағы кестедегі қадамдарды орындаңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясын өшіруге болмайды.
- Егер аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы жұмыс істеп тұрса және есік ашық болса, салондағы жарық жанбайды.
- Автокөліктен шықпас бұрын аккумулятор батареясы таусылмас үшін барлық есіктердің, сондай-ақ жүксалғыш қақпағының толық жабылғанына көз жеткізіңіз.

## 2-5. Екі рет құлыптау жүйесі (бар болса)

Екі рет құлыптау жүйесі айдап өкетуге қарсы жүйе болып табылады. Ол есіктер кілт немесе қашықтан ашу салпыншағы көмегімен құлыпталғаннан кейін қосылады. Бұл жүйе қосылса, есіктердің құлыптары есіктерді бекіту ауыстырып қосқышымен немесе автокөлік салонындағы есіктердің құлыптарын бекіту тұтқаларымен ашылмайды.


### ЕСКЕРТУ

Егер автокөлік салонында жолаушылар болса, екі рет құлыптау жүйесін қоспаңыз. Екі рет құлыптау жүйесі қосұлы болса, автокөлік салонындағы адамдар есікті ішінен аша алмайды. Бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.

### ■ Екі рет құлыптау жүйесін қосу


#### ▼ Кілт көмегімен екі рет құлыптау жүйесін қосу

1. Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз және барлық жолаушылардан автокөліктен шығуды сұраңыз.
2. Барлық есікті (соның ішінде жүксалғыш қақпағын да) нық жабыңыз.



3. Екі рет құлыптау жүйесін қосу үшін кілтті жүргізуші есігі құлпының өзегіне салып, есікті құлыптаңыз. Барлық есіктер, сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузының қақпағы құлыпталады.

#### ▼ Қашықтан ашу салпыншағының көмегімен екі рет құлыптау жүйесін қосу


1. Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз және барлық жолаушылардан автокөліктен шығуды сұраңыз.
2. Барлық есікті (соның ішінде жүксалғыш қақпағын да) нық жабыңыз.
3. Қашықтан ашу салпыншағындағы «» түймесін басыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды және екі рет құлыптау жүйесі қосылады. Барлық есіктер, сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузының қақпағы құлыпталады.

## ЕСКЕРТПЕ

Екі рет құлыптау жүйесін есіктің құлыптау датчигіне қол тигізу арқылы да қосуға болады.


### ■ Екі рет құлыптау жүйесін сөндіру

#### ▼ Кілт көмегімен екі рет құлыптау жүйесін өшіру



Екі рет құлыптау жүйесін сөндіру үшін кілтті жүргізуші есігі құлпының өзегіне салып, есік құлпын ашыңыз. Барлық есіктердің (сондай-ақ жүксалғыш қақпағы мен отын құю аузы люгі қақпағының) құлпы ашылады.

#### ▼ Қашықтан ашу салпыншағының көмегімен екі рет құлыптау жүйесін өшіру


Қашықтан ашу салпыншағындағы «» түймесін басыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды және екі рет құлыптау жүйесі өшеді. Тек жүргізушінің есігі мен отын құю аузы люгінің қақпағы ашылады.

## ЕСКЕРТПЕ

Есіктің тұтқасын ұстау арқылы екі рет құлыптау жүйесін өшіруге болады.

### ■ Төтенше жағдайда


Егер апат салдарынан немесе басқа да күтпеген жағдайлар кезінде құлыптаулы автокөлікте қалып қойсаңыз, онда есіктерді ашу үшін төменде көрсетілген тәсілдердің бірін пайдаланыңыз.

- Түймелі ажыратқышпен оталдыру жүйесін өшіріңіз, содан кейін қашықтан ашу салпыншағындағы «» түймесін басыңыз.
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырыңыз да, жүргізуші есігінің терезесін ашыңыз. Кілтті жүргізуші есігі құлпының өзегіне салыңыз да, ашу бағытында бұраңыз.
- Автокөліктің бір терезесін сындырып, сол арқылы автокөліктен шығыңыз.

### ■ Аккумулятор батареясының немесе қуат элементінің қуаты таусылған жағдайдағы әрекеттер

Егер екі рет құлыптау жүйесін автокөліктің қосымша 12 В аккумулятор батареясы немесе салпыншақтың қуат элементі қуатының таусылуы, сақтандырғыштың жанып кетуі немесе электр жабдықтың басқа да ақаулары салдарынан сөндіру мүмкін болмаса, кілтті жүргізуші есігі құлпының өзегіне салыңыз да, оны құлыпты ашу бағытында бұраңыз.

### ■ Екі рет құлыптау жүйесін қалпына келтіру

Автокөліктің қосымша 12 В аккумулятор батареясын ажыратқаннан кейін, оны ауыстыру немесе қайта зарядтау үшін екі рет құлыптау жүйесін қайта орнату қажет. Ол үшін кілтті құлыпты ашу бағытында бір рет бұраңыз немесе қашықтан ашу салпыншағындағы «» түймесін басыңыз. Осыдан кейін екі рет құлыптау жүйесі дұрыс жұмыс істейді.


## ЕСКЕРТПЕ

Екі рет құлыптау жүйесін есіктің тұтқасынан ұстап қалпына келтіруге болады.

## 2-6. Есіктердің бала құлпы механизмі

### ⚠ ЕСКЕРТУ

Бала артқы орындықта отырған кезде, есіктердегі бала бекітпесі механизмін міндетті түрде LOCK күйіне ауыстырыңыз. Егер бала кездейсоқ есікті ашып, көліктен құлап кетсе, ауыр жарақат алуы мүмкін.



Әрбір артқы есік бала құлпы механизмімен жабдықталған. Егер есіктердің бала құлпы механизмiнiң тұтқасы LOCK күйіне ауыстырылса, онда есікті ішінен ашуға болмайды. Бұл есікті тек сыртынан ашуға болады.

## 2-7. Терезелер

### ⚠ ЕСКЕРТУ

Кездейсоқ іске қосылу, баланың іс-әрекеті немесе электр әйнеккөтергіштің дұрыс іске қосылмауы салдарынан келуі мүмкін ауыр жарақаттардан сақтану үшін жүргізуші барлық төменде келтірілген нұсқауларды орындауға міндетті.

- Саусақтарды, қолдарды, мойынды, басты немесе дененің басқа бөліктерін немесе заттарды терезе әйнегі қысып қалмауы үшін терезелерді электр әйнеккөтергіштермен ашқан немесе жапқан кезде ерекше сақ болу керек.
- Егер сіз балаларды автокөлікте алып жүрсеніз, жолаушылар есігінің әйнеккөтергіштерін жауып тастаңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында автокөліктен шығар кезде кілтті міндетті түрде өзіңізбен бірге алып шығыңыз. Баланы ешқашан автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Әйтпесе электр әйнеккөтергішті пайдаланған кезде бала жарақат алуы мүмкін.


## ЕСКЕРТПЕ

- Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесін қолдана отырып, автокөліктің сыртынан алдыңғы есіктердің терезелерін түсіруге және көтеруге болады. «Барлық терезелерді ашу/жабу» бөлімін қараңыз, №131-б.
- Егер электр әйнеккөтергіш жүйесі кедергіні, соққыны немесе қалыптан тыс күйді анықтаса, одан әрі сыналандудың, қысып алудың немесе ақаудың алдын алу үшін әйнеккөтергіштің жұмысы автоматты түрде тоқтатылуы мүмкін.
  - Жабылатын әйнек аздап түсіп тоқтайды.
  - Ашылатын әйнек түсуін тоқтатады.
- Электр әйнеккөтергіштер жүйесі келесі жағдайларда кедергіні, соққыны немесе қалыптан тыс күйді анықтай алады:
  - Әйнек пен терезе жақтауының арасында үлкен зат қысылған.
  - Әйнек пен терезе жақтауының арасында бөгде зат қысылып қалған.
  - Автокөлік терең шұңқырдан өтіп бара жатыр.
- Әйнеккөтергішті жүйе автоматты түрде тоқтатқаннан кейін терезені бірнеше секунд бойы жабу мүмкін болмайды.

## ■ Электр әйнеккөтергіштер

### ▼ Электр әйнеккөтергіштердің түймелері

- Жүргізушінің есігінде орналасқан электр әйнеккөтергіштердің түймелері:




- 1 Сол жақ алдыңғы терезенің әйнеккөтергіш түймесі\*
- 2 Оң жақ алдыңғы терезенің әйнеккөтергіш түймесі\*
- 3 Сол жақ артқы терезенің әйнеккөтергіш түймесі
- 4 Оң жақ артқы терезенің әйнеккөтергіш түймесі
- 5 Әйнеккөтергіштерді құлыптау түймесі

\*: Бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар

Автокөлік есіктерінің барлық терезелерінің әйнеккөтергіштерін жүргізушінің есігіне орнатылған түймелер блогының көмегімен басқаруға болады.

Басқан кезде бұл ауыстырып қосқыш жанады.


- Жолаушылардың есіктерінде орналасқан түймелер:



Жолаушылар есіктерінің әрбір терезесінің әйнеккөтергішін есікте орналасқан электр әйнеккөтергіш түймесінің көмегімен басқаруға болады.

Басқан кезде бұл ауыстырып қосқыш жанады.


### ▼ Әйнеккөтергіштерді басқару



Бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар

- 1 Автоматты түрде жабу\*
- 2 Жабу
- 3 Ашу
- 4 Автоматты түрде ашу\*

\*: Терезенің жабылуын/ашылуын тоқтату үшін түйменің кері жағын басыңыз.



Бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы жоқ

- 1 Жабу
- 2 Ашу

## ЕСКЕРТПЕ

Келесі әрекеттерден аулақ болыңыз.

- Әйнек толығымен жабылған немесе ашылған соң түймені бір бағытқа қарай ұзақ басып тұру.
- Әйнектер толық жабылған немесе ашылған соң үш немесе одан да көп түймені бір бағытқа қарай ұзақ басып тұру.

Жоғарыда келтірілген іс-әрекеттің кез келгені электр әйнеккөтергіштерді өшірудің автоматты функциясын іске қосады, бұның салдарынан әйнекті ашу немесе жабу мүмкін болмайды. Электр әйнеккөтергіштерді инициализациялауды ұмытпаңыз. «Электр әйнеккөтергіштер жүйесін инициализациялау» бөлімін қараңыз, 140-б.

- ▼ Қысып қалудан қорғау функциясы (бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар әйнеккөтергіштер)

Егер әйнек терезе автоматты түрде жабылған кезде әйнек пен терезе жақтауының арасында қалған үлкен затқа тиіп кетсе, әйнек автоматты түрде төмен түсіңкіреп тоқтайды.

Егер терезенің автоматты түрде ашылуы кезінде бөгде зат қысылып қалса, әйнек тоқтайды.

## АБАЙЛАҢЫЗ

- Әйнеккөтергіштің жұмысын саусақтарыңызбен, қолдарыңызбен немесе денеңіздің басқа мүшелерімен тексермеңіз.
- Егер қандай да бір зат терезе толығымен жабылмай тұрып қысылып қалса, жүйе дұрыс жұмыс істемейі мүмкін.


## ЕСКЕРТПЕ

- Зат қысылған кезде пайда болатын соққыға ұқсас (мысалы, автокөлік жолдағы шұңқырға түскенде) соққы анықталса, қысып қалудан қорғау функциясы қозғалыс кезінде белгілі бір жағдайларда іске қосылуы мүмкін.
- Қысып қалудан қорғау функциясы іске қосылғаннан кейін бірнеше секунд ішінде әйнекті көтере алмайсыз.

- ▼ Электр қуатын өшіруді кідірту функциясы (бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру/ түсіру функциясы бар терезелер)

Оталдыру жүйесінің құлпы ACC немесе OFF күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 40 секунд ішінде есік терезелерін ашуға және жабуға болады. Егер алдыңғы есік 40 секунд ішінде ашық болса, электр қуатын өшіруді кідірту функциясы өз жұмысын тоқтатады.

- ▼ Жолаушылар есіктерінің әйнеккөтергіштерін құлыптау



- 1 Құлыптау
- 2 Құлыпты ашу

Егер құлыптау түймесі құлыптау күйінде болса, жүргізуші жағынан және жолаушы жағынан артқы жолаушы терезесінің түймелерін пайдалану мүмкін болмайды.

Егер электр әйнеккөтергішті басқару түймесіндегі индикатор жанбаса, түйме істемейді.

### ■ Электр әйнеккөтергіштер жүйесін инициализациялау

Егер бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы немесе электр қуатын өшіруді кідірту функциясы дұрыс істемесе, электр әйнеккөтергіштер жүйесін іске қосу мақсатымен әр терезе үшін төменде көрсетілген процедураны орындаңыз.

1. Есікті жабыңыз.
2. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON (Қос.) күйіне ауыстырыңыз.
3. Терезені толығымен ашыңыз, содан кейін электр әйнеккөтергіштің түймесін төмен қарай шамамен 1 секунд басып тұрыңыз.
4. Терезені толығымен жабыңыз да, электр әйнеккөтергіштің түймесін шамамен 1 секунд басып тұрыңыз.

## 2-8. Жүксалғыш қақпағы

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүкті тиеу және түсіру кезінде абай болыңыз, күйіп қалмас үшін пайдаланылған ыстық газдарға немесе газ шығаратын түтікке тиіп кетпеңіз.


### ЕСКЕРТПЕ

Жүксалғыш қақпағын бірнеше сағаттан артық ашық қалдырмаңыз. Өйткені автокөліктің аккумулятор батареясының заряды таусылуы мүмкін.

Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу және құлыптау келесі жүйелердің кез келгенінің көмегімен жүзеге асырылады.

- Есік құлыптау ауыстырып қосқышы: «Есіктерді ішінен құлыптау және құлпын ашу» бөлімін қараңыз, ☞133-б.
- Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі: «Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі» бөлімін қараңыз, ☞114-б.
- Кілтіз ашуды қашықтан басқару жүйесі: «Кілтіз ашуды қашықтан басқару жүйесі» бөлімін қараңыз, ☞129-б.
- Есіктерді апаттық кілтпен сыртынан құлыптау және құлпын ашу (екі рет құлыптау жүйесі бар модельдер): «Есіктерді сыртынан құлыптау және құлпын ашу» бөлімін қараңыз, ☞132-б.

Ашу:




Жүксалғыш қақпағын ашу түймесі

1. Жүксалғыш қақпағының құлпын ашыңыз.
2. Жүксалғыш қақпағын ашу түймесін басып тұрыңыз. Жүксалғыш қақпағы сәл ашылады.
3. Жүксалғыш қақпағын ұстап, баяу көтеріңіз.

### ЕСКЕРТПЕ

Егер қосымша 12 В аккумулятор батареясының заряды таусылғандықтан, есіктерді құлыптау/құлпын ашу жүйесінің ақауларына байланысты немесе басқа себептерге байланысты жүксалғыш қақпағын ашу мүмкін болмаса, жүксалғыш қақпағын ашу тұтқасын пайдаланып жүксалғыш қақпағын қолмен ашуға болады. Іс-әрекеттің тәртібін «Жүксалғыш қақпағы — егер жүксалғыш қақпағы ашылмаса» бөлімінен қараңыз, ☞390-б.

Жабу:



Жүксалғыш қақпағын баяу түсіріңіз, содан кейін сырт еткен дыбыс естілгенше оны күшпен басыңыз.

Суретте көрсетілгендей, ішкі тұтқадан төмен тартсаңыз, жүксалғыш қақпағын оңай түсіруге болады.

### ▲ ЕСКЕРТУ

- e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде пайдаланылған газдардың автокөлікке енуіне жол бермеу үшін жүксалғыш қақпағы әрдайым жабық болуы керек.

- Жүксалғыш қақпағын ішкі тұтқасынан ұстап тұрып жаппаңыз. Сондай-ақ тұтқаны тартып, жүксалғыш қақпағының ішінен жүксалғыш қақпағын жаппаңыз. Қолыңызды қысып алып, жарақат алуыңыз мүмкін.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүкті тиеу немесе түсіру кезінде жүксалғыш қақпағының газ тіреулерімен пластик пакеттерді немесе пленканы қысып алмаңыз және газ тіреулерінің бетін зақымдамаңыз. Бұл газ тіреулерінен газдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін, нәтижесінде олар жүксалғыш қақпағын ашық ұстай алмайды.
- Жүктерді тиеу немесе түсіру кезінде, сондай-ақ жүксалғыш қақпағын ашқан немесе жапқан кезде, басыңызды немесе бетіңізді соғып алмау үшін абай болыңыз.

## 2-9. Төбедегі люк (бар болса)

### ▲ ЕСКЕРТУ

Ешкімге люктен қолын, басын немесе заттарды шығаруға жол бермеңіз. Бұл келесі жағдайлардың кез келгені туындаған кезде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін:

- Автокөліктің күрт тежелуі.
- Күрт бұрылыс.
- Жол-көлік оқиғасы.
- Сыртқа шығып тұрған дене бөлігінің бөге заттарға соғылуы.

Кездейсоқ іске қосылу, баланың іс-әрекеті немесе электр әйнеккөтергіштің дұрыс іске қосылмауы салдарынан келуі мүмкін ауыр жарақаттардан сақтану үшін жүргізуші барлық төменде келтірілген нұсқауларды орындауға міндетті.

- Люкті жаппас бұрын, бастың, қолдың немесе кез келген заттың қысылып қалмайтындығына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік мақсатында автокөліктен шығар кезде кілтті міндетті түрде өзіңізбен бірге алып шығыңыз. Баланы ешқашан автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Әйтпесе люкті ашқан немесе жапқан кезде бала өзіне жарақат келтіруі мүмкін.

- Қысып қалудан сақтау функциясының жарамдылығын тексеру үшін дененің бір бөлігін ешбір жағдайда тесікке салушы болмаңыз.


### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Ашық люктің шетінде отыруға тыйым салынады.
- Егер люк қар жауғаннан кейін немесе аязды күндері шатырға қатып қалса, оны қолданбаңыз.
- Қысып қалудан қорғау функциясы люк қақпағын түсірген кезде жұмыс істемейді. Люк қақпағын еңкейтпес бұрын, оның қауіпсіз екеніне көз жеткізіңіз.
- Егер люк жабылмаса, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

Люк оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болғанда ғана жұмыс істейді.

## ■ Төбедегі люк ауыстырып қосқыштары

### ▼ Люктің еңкеюі




- 1 Жоғары
- 2 Төмен

Люк қақпағын көтеру үшін ауыстырып қосқыштың жоғарғы бөлігін басып тұрыңыз. Люк қақпағын түсіру үшін ауыстырып қосқыштың төменгі бөлігін басып тұрыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Люк қақпағы толықтай көтерілгеннен немесе түсірілгеннен кейін, ауыстырып қосқышты жіберіңіз. Ауыстырып қосқышты ұзағырақ басу люк қақпағындағы жетекті зақымдауы мүмкін.

### ▼ Люкті жылжыту



- 1 Ашу
- 2 Жабу

### Төбедегі люкті ашу:

Автоматты функцияны пайдаланып төбедегі люкті ашу үшін ауыстырып қосқыштағы ашу жағын басып тұрыңыз, содан кейін оны жіберіңіз.

Люк қақпағын ашқан кезде тандалған ортаңғы күйде тоқтату үшін ауыстырып қосқыштағы ашу немесе жабу жағын басып қалыңыз. Люкпен бірге күнқағар қалқа ашылады. Люк қақпағы толығымен ашық күйден шамамен 1,5 см (0,6 дюйм) қашықтықта тоқтайды. Люкті толығымен ашу үшін ауыстырып қосқыштың ашу жағын қайтадан басыңыз.



**Люкті жабу:**

Автоматты функцияны пайдаланып люкті жабу үшін ауыстырып қосқыштағы жабу жағын басып тұрыңыз, содан кейін оны жіберіңіз. Люк қақпағын жапқан кезде тандалған ортаңғы күйде тоқтату үшін ауыстырып қосқыштағы ашу немесе жабу жағын басып қалыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Автокөлікті жуғаннан немесе жаңбырдан кейін люкті ашпас бұрын, автокөліктің ішіне судың кіріп кетуіне жол бермеу үшін шатырды құрғатып сүртіңіз.
- Толығымен ашық люкпен қозғалған кезде жоғары жылдамдықта тітіркендіргіш шу пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда люкті толығымен ашық күйден 1,5 см (0,6 дюйм) қашықтықта бастапқы тоқтаған күйінде қалдырыңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында толығымен ашық люкпен қозғалуға болмайды.

**▼ Қысып қалудан қорғау функциясы**


Егер жапқан кезде люк қақпағы өзі мен автокөлік арасына түскен қатты затқа тірелсе, онда люк қақпағы автоматты түрде толықтай ашық күйге жылжиды да тоқтайды. Қысып қалудан қорғау функциясы люк қақпағына қатты соққы тигенде де, тіпті оның жылжуына кедергі болмаса да, іске қосылуы мүмкін.

**АБАЙЛАҢЫЗ**

Бұл функцияның жұмысын саусақтарыңызбен, қолдарыңызбен немесе денеңіздің басқа мүшелерімен тексермеңіз.








**ЕСКЕРТПЕ**

Қауіпсіздік мақсатында толығымен ашық люкпен қозғалуға болмайды.

**■ Күнқағар қалқа**

Люк жабық тұрған кезде, күнқағар қалқаны алға немесе артқа қарай қолмен жылжытуға болады.

Люк ашылған кезде күнқағар артқа қарай жылжиды.



# Аспаптар мен басқару құралдары

<b>3-1. Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы.....</b>	<b>148</b>
Сақтық шаралары .....	148
Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің әрекет ету аймағы .....	148
Электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу .....	148
Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар .....	150
<b>3-2. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі .....</b>	<b>150</b>
<b>3-3. Аспаптар мен көрсеткіштер .....</b>	<b>151</b>
Спидометр.....	151
Тахометр.....	151
Одометр.....	151
Күнделікті жүрілген жолдың қос санағышы .....	152
Отын деңгейінің көрсеткіші.....	152
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші.....	153
Аспаптар тақтасының баптаулары.....	153
<b>3-4. Көмескі жарықтың айқындығын реттеу .....</b>	<b>153</b>
Көмескі жарықтың айқындығын реттеуді автоматты түрде өшіру функциясы .....	154
<b>3-5. Сигнал және бақылау шамдары.....</b>	<b>155</b>
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескеретін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі.....	155
Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің ескеретін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі.....	157
Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы.....	158
Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары (бар болса) .....	158
Ақаулықтың сигнал шамы (Check Engine шамы).....	159
Акумулятор батареясы зарядының сигнал шамы.....	160
Май қысымының сигнал шамы.....	160
Мотор майының төмен деңгейінің сигнал шамы .....	160
Май температурасының сигнал шамы (AT OIL TEMP).....	161
Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы .....	161

Тежегішті блоктау жүйесінің шамы (ABS) .....	163
Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл) .....	163
Электр-механикалық тұрақ тежегішінің сигнал шамы/тежеу жүйесінің сигнал шамы (сары).....	164
Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы .....	165
Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы.....	166
Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы .....	166
Ашық есіктің бақылау шамы .....	166
Ашық капоттың сигнал шамы .....	166
Әйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы .....	167
Толық жетектің сигнал шамы .....	167
Руль күшейткішінің сигнал шамы .....	167
Автокөлік динамикасын басқарудың сигнал шамы/автокөлік динамикасын басқару жұмысының бақылау шамы.....	167
Автокөлік динамикасын басқаруды өшірудің бақылау шамы .....	169
Қозғалтқышты түйменің көмегімен оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің ескертуші дыбыс сигналдары мен ескерту индикаторы.....	169
Имобилайзердің бақылау шамы .....	174
SI-DRIVE индикаторы.....	174
Селектор тұтқасы күйінің/қосұлы берілістің индикаторы ...	174
Бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамдары .....	175
Шалғай жарықтың бақылау шамы.....	175
Шалғай жарықты басқару көмекшісінің индикаторы (бар болса).....	175
Фаралар жарығын автоматты түзеткіштің сигнал шамы.....	175
Жарықдиодты фаралардың сигнал шамы .....	175
Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыруды өшірудің бақылау шамы .....	175
Бұрылыстарды динамикалық жарықтандырудың сигнал шамы .....	175
Фаралардың бақылау шамы .....	175
Тұман фараларының бақылау шамы .....	176
Артқы тұман шамдарының бақылау шамы .....	176

Артта келе жатқан автокөліктердің жақындауын анықтаудың ескерту индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection) .....	176	3-7. Орталық ақпараттық дисплей (CID).....	187
Артта келе жатқан автокөліктерді анықтауды өшірудің индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection).....	176	Функциялар.....	187
Мұз басқан жолдың сигнал шамы.....	176	Сәлемдесу экраны .....	188
Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы (RAB).....	176	Қоштасу экраны.....	188
Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесін өшірудің индикаторы (RAB).....	176	Қалқыма терезе .....	188
Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесі жұмысының бақылау шамы (жасыл) (бар болса).....	176	Сенсорлық экран операциялары.....	188
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің сигнал шамы (сары) (бар болса).....	177	Негізгі экрандар .....	189
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы (бар болса).....	177	3-8. Сағат .....	212
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің уақытша тоқтауының бақылау шамы (бар болса).....	177	Сағатты қолмен баптау .....	212
Ультрадыбыстық датчиктердің ескертуші дыбыс сигналын өшіру индикаторы .....	177	Сағатты автоматты түрде баптау .....	212
Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы.....	177	Уақыт белдеуі (навигация жүйесі бар модельдер) .....	213
е-BOXER жүйесі ақаулығының шамы.....	177	Жазғы уақытқа ауысу (навигация жүйесі бар модельдер) ..	213
Жаяу жүргіншілерді ескерту жүйесін өшірудің бақылау шамы .....	178	3-9. PIN-код арқылы бұғаттау .....	213
е-BOXER жүйесі дайындығының бақылау шамы .....	178	PIN-код арқылы бұғаттауды қосу .....	213
Электрлік тарту күшімен қозғалу режимінің бақылау шамы (EV).....	178	PIN-код арқылы бұғаттауды өшіру .....	214
3-6. Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды).....	178	3-10. Жарық ауыстырып қосқышы.....	214
Негізгі операциялар .....	179	Фаралар.....	215
Сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) және қоштасу экраны (соңғы анимация) .....	180	Шалғай/таяу жарықтың ауыстырып қосқышы .....	217
Ескерту экраны.....	180	Фараларды жыпылықтату .....	217
Аспаптар тақтасының ақпараттық экраны .....	180	Шалғай жарықты басқару көмекшісінің функциясы (бар болса).....	217
Ақпараттық терезе .....	182	Күндізгі жүріс жарықтары жүйесі (бар болса) .....	220
Негізгі экрандар .....	183	3-11. Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру (SRH).....	220
Цифрлық жылдамдық экраны .....	187	3-12. Бейімделетін жарық.....	222
		3-13. Фаралар жарығының түзеткіші.....	222
		3-14. Тұман фараларының/ артқы тұман шамдарының ажыратқышы .....	222
		Тұман фараларының ажыратқышы .....	222
		Артқы тұман шамдарының ажыратқышы .....	223
		3-15. Бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышы .....	224
		Қозғалыс жолағын ауыстыру сигналы .....	224


<b>3-16. Әйнектазартқыштар мен әйнекжуғыш</b> .....	<b>225</b>	Автоматты күңгірттенетін артқы көрініс айнасы (бар болса).....	232
Алдыңғы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың ауыстырып қосқыштары .....	227	Сыртқы артқы көрініс айналары .....	233
Артқы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың ауыстырып қосқышы .....	228	<b>3-20. Рульдің күйін реттеу</b> .....	<b>234</b>
<b>3-17. Фара жуғыш</b> .....	<b>230</b>	<b>3-21. Руль жылытқышы (бар болса)</b> .....	<b>235</b>
<b>3-18. Артқы әйнектің, сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы және алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының жылытқышы</b> ...	<b>230</b>	<b>3-22. Дыбыс сигналы</b> .....	<b>236</b>
<b>3-19. Айналар</b> .....	<b>232</b>		
Ішкі артқы көрініс айнасы (автоматты күңгірттеу функциясы жоқ) (бар болса).....	232		

### 3-1. Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы

#### ■ Сақтық шаралары

«Сақтық шаралары» бөлімін қараңыз, 3114-б.

#### ■ Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің әрекет ету аймағы




- 1 Антенналар
- 2 Әрекет ету аймағы

#### ЕСКЕРТПЕ


- Егер автокөлік ішіндегі антенналардың әрекет ету аймағында қашықтан ашу салпыншағы табылмаса, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын пайдалану және e-BOXER жүйесін іске қосу мүмкін болмайды.

- Тіпті қашықтан ашу салпыншағы автокөліктің ішінде болмай, оның әйнегіне тым жақын орналасса да, электр қуатын қосуға немесе e-BOXER жүйесін іске қосуға болады.
- Қашықтан ашу салпыншағын төменде көрсетілген орындарда қалдырмаңыз. Бұл оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышының жұмысына және e-BOXER жүйесінің іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін.
  - Алдыңғы панельде
  - Автокөліктің еденінде
  - Ұсақ-түйек тартпасында
  - Есік қалтасында
  - Артқы орындықта
  - Жүксалғыштың бұрыштарында
- Егер оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын пайдалану немесе e-BOXER жүйесін іске қосу кезінде қашықтан ашу салпыншағының қуат көзі таусылған болса, «Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар» бөлімін қараңыз, 3388-б. Бұл жағдайда кідірместен қуат элементін ауыстыру қажет. «Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру» бөлімін қараңыз, 3453-б.

#### ■ Электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу



Рулі сол жақта орналасқан модельдер



Рулі оң жақта орналасқан модельдер

- 1 Жұмыс режимінің индикаторы
- 2 Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы

Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын әрбір басқан сайын автокөліктің электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу орын алады.

1. Өзіңізбен бірге қашықтан ашу салпыншағын алып, жүргізуші орындығына отырыңыз.
2. Селектор тұтқасының «P» күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Тежегіш педальды баспай-ақ, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз. Әрбір басқан сайын автокөліктің электр қуаты режимі төмендегідей реттілікпен ауысады: OFF, ACC, ON және OFF. e-BOXER жүйесі өшірулі және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы ACC немесе ON күйінде болғанда, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы жұмыс индикаторы қызғылт сары түспен жанады.

Электр қуаты режимі	Индикатор түсі	Мүмкін болатын әрекеттер
ӨШІР.	Өшірулі	Қуат өшірулі.
ACC	Қызғылт сары	Келесі жүйелерді пайдалануға болады: аудиожүйе мен қосымша электр жабдықты қосуға арналған розеткалар.
ҚОС.	Қызғылт сары (e-BOXER жүйесі өшірілген кезде)	Барлық электр жүйелерін пайдалануға болады.

## АБАЙЛАҢЫЗ

- Қосымша 12 В батарея заряды таусылып қалмас үшін ON немесе ACC режиміндегі оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ұзақ уақытқа қалдырмаңыз.
- Ақауларға жол бермеу үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз.
  - Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышына сусындарды немесе басқа сұйықтықтарды төкпеңіз.
  - Майлы немесе басқа материалдармен кірленген қолмен оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ұстамаңыз.
- Егер оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы біркелкі жұмыс істемесе, ажыратқышты пайдалануды тоқтатыңыз. Бірден SUBARU дилеріне бару ұсынылады.
- Егер қозғалтқыштағы оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы жұмыс режимі индикаторы тіпті алдыңғы тақтаның көмескі жарығы қосылған кезде де жанбаса, автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне жолығу керек. Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы ыстық күннің астында тұрған болса, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышының беті қатты қызуы мүмкін. Қолыңызды күйдіріп алмай үшін абай болыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын пайдаланған кезде оны толығымен басу керек.
- Егер оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын жылдам бассаңыз, қуат режимдерін ауыстыру мүмкін болмауы ықтимал.
- Егер оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басқан кезде оның индикаторы жасыл болып жыпылықтаса, руль бұғатталған. Егер осы жағдай орын алса, рульді солға және оңға бұра отырып, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз.

3  
Аспаптар мен басқару құралдары


▼ Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы

Егер оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ACC режимінде шамамен 20 минутқа немесе ON күйінде (қозғалтқыш жұмыс істемейді) шамамен 1 сағатқа қалдырсаңыз, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы аккумулятор батареясының таусылу қаупін азайту үшін автоматты түрде OFF режиміне ауысады. (Бұл функция селектор тұтқасы Р күйінде болса іске қосылады).

■ Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар

«Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар» бөлімін қараңыз, ☎388-б.

3-2. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



Апаттық жарық сигналын беру жүйесі басқа жүргізушілерге төтенше жағдайдың туындауына байланысты аялдауға мәжбүр болғаныңыз туралы белгі беруге арналған. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін оталдыру жүйесінің ажыратқышының кез келген күйінде қосуға болады.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу үшін алдыңғы тақтада апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышын басыңыз. Барлық бұрылыс көрсеткіштері мен бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамдары жыпылықтайды. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін өшіру үшін ажыратқышты қайта басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылған кезде, бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істемейді.
- Төжегіш педалін күрт басқан кезде апаттық жарық сигналын беру жүйесі тез жыпылықтауы мүмкін. Толығырақ ақпарат алу үшін «Шұғыл төжеу сигналы» бөлімін қараңыз, ☎294-б.



### 3-3. Аспаптар мен көрсеткіштер

#### ЕСКЕРТПЕ

Аспаптар тақтасындағы кейбір аспаптар мен көрсеткіштерде сұйық кристалды дисплейлер қолданылады. Егер сіз поляризациялық көздірік киетін болсаңыз, онда олардың көрсеткіштерін көру қиынға соғады.

#### ■ Спидометр

Спидометр автокөліктің жылдамдығын көрсетеді.

#### ЕСКЕРТПЕ

Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне қойған кезде орын алатын аспап пен көрсеткіш көрсеткілерінің бастапқы ауытқуын қосуға не өшіруге болады. Толығырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, 198-б.

#### ■ Тахометр

Тахометр минутына мың айналыммен алынған қозғалтқыштың айналу жиілігін көрсетеді.


#### АБАЙЛАҢЫЗ

e-BOXER жүйесінің жұмысы кезінде тахометр көрсеткісінің қызыл аймақта орналасуына жол бермеңіз. Берілген диапазонға сәйкес келетін айналу жиілігінде қозғалтқыштың басқару блогы қозғалтқышты айналу жиілігінен асып кетуден қорғау үшін отын беруді тоқтатады. Қозғалтқыштың айналу жылдамдығы қызыл аймақтан төмен болғаннан кейін қозғалтқыш қалыпты жұмысқа оралады.

#### ЕСКЕРТПЕ

Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне қойған кезде орын алатын аспап пен көрсеткіш көрсеткілерінің бастапқы ауытқуын қосуға не өшіруге болады. Толығырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, 198-б.

#### ■ Одометр




- 1 Күнделікті жүрілген жолдың санағышын қалпына келтіру түймесі
- 2 Одометр

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болған кезде одометр көрсеткіші дисплейде көрсетіледі. Одометр автокөліктің жалпы жүрген жолын көрсетеді.

#### ЕСКЕРТПЕ

Егер сіз оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF немесе ACC күйінде болған кезде күнделікті жүрілген жолдың санағышын қалпына келтіру түймесін бассаңыз, онда одометр/күнделікті жүрілген жолдың санағышының дисплейі жанады. Егер күнделікті жүрілген жолдың санағышын қалпына келтіру түймесі шамамен 10 секунд басылмаса, индикаторлар сөнеді.


■ Күнделікті жүрілген жолдың қос санағышы



- 1 Күнделікті жүрілген жолдың санағышын қалпына келтіру түймесі  
2 Күнделікті жүрілген жолдың санағышы

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON режимінде болғанда, дисплейде екі күнделікті жүрілген жолдың санағышы көрсетіледі. Күнделікті жүрілген жолдың санағышы автокөліктің көрсеткіштерді соңғы рет нөлдегеннен бастап жүріп өткен қашықтығын көрсетеді.

Күнделікті жүрілген жол санағышын қалпына келтіру түймесін басқан кезде дисплей көрсеткіштері келесі реттілікпен өзгереді болады.



Күнделікті жүрілген жол санағышын қалпына келтіру үшін А немесе В санағышын таңдап, күнделікті жүрілген жол санағышын қалпына келтіру түймесін басып тұрыңыз.


**АБАЙЛАҢЫЗ**

Қауіпсіздік мақсатында күнделікті жүрілген жол индикациясының режимін қозғалыс кезінде өзгертуге тырыспаңыз. Бұл жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Аспаптар тақтасы мен қосымша 12 В аккумулятор батареясының арасындағы электр байланысы үзілген кезде, мысалы, автокөлікке техникалық қызмет көрсету кезінде немесе сақтандырғышты ауыстырған кезде, күнделікті жүрілген сол санағыштарының жадында сақталған деректер жойылады.
- Бұл дисплей жанған кезде А күнделікті жүрілген жол санағышы және В күнделікті жүрілген жол санағышы индикаторлары режимдері арасында ауысуға болады. Сонымен қатар күнделікті жүрілген жол санағышының көрсеткіштерін қалпына келтіру түймесін басып тұру арқылы күнделікті жүрілген жол санағышының көрсеткіштерін қалпына келтіруге болады.
- Егер сіз оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF немесе ACC күйінде болған кезде күнделікті жүрілген жолдың санағышын қалпына келтіру түймесін бассаңыз, онда одометр/күнделікті жүрілген жолдың санағышының дисплейі жанады. Егер күнделікті жүрілген жолдың санағышын қалпына келтіру түймесі шамамен 10 секунд басылмаса, индикаторлар сөнеді.

■ Отын деңгейінің көрсеткіші



Отын деңгейінің көрсеткіші бақта қалған отынның шамамен алғандағы мөлшерін көрсетеді.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF немесе ACC күйінде болғанда, отын бағында отын болса да, отын деңгейінің көрсеткіші Е таңбасын көрсетеді.


Көрсеткіш көрсеткісі отын бағындағы отынның қозғалуына байланысты (мысалы, тежеу, бұрылыс немесе үдеу кезінде) күйін аздап өзгерте алады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Отын деңгейі көрсеткішінің шкаласында «▶» белгісі бар. Бұл отын құю аузы люгінің қақпағы автокөліктің оң жағында екенін білдіреді.
- Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF немесе ACC күйінде болған кезде күнделікті жүрілген жол санағышын қалпына келтіру түймесін бассаңыз, отын

деңгейі көрсеткішінің көмескі жарығы қосылып, оның көрсеткісі бақта қалған отынның мөлшерін көрсетеді. Егер күнделікті жүрілген жолдың санағышын қалпына келтіру түймесі шамамен 10 секунд басылмаса, көрсеткіш сөнеді.

■ Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температура-сының көрсеткіші



1 Қалыпты жұмыс диапазоны

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болғанда, температура көрсеткіші қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы сыртқы температураға және автокөліктің басқа пайдалану жағдайларына байланысты өзгереді.

Температура көрсеткішінің көрсеткісі шкаланың ортасына жеткенше, қалыпты жүргізу стилін ұстанған жөн.

Салқындату сұйықтығының мұндай температурасы қозғалтқыштың жұмысы үшін оңтайлы болып саналады. Қозғалтқыш жеткілікті қызғанша оның айналу жиілігін шамадан тыс арттырмау керек.

**АБАЙЛАҢЫЗ**

Егер температура көрсеткішінің көрсеткісі қалыпты жұмыс ауқымынан тыс болса, мүмкіндік туа салысымен автокөлікті қауіпсіз жерде абайлап тоқтатыңыз. «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз, 382-б.


**ЕСКЕРТПЕ**

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF немесе ACC күйінде болған кезде күнделікті жүрілген жол санағышын қалпына келтіру түймесін бассаңыз, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші жанады, ал оның көрсеткісі қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді. Егер күнделікті жүрілген жолдың санағышын қалпына келтіру түймесі шамамен 10 секунд басылмаса, көрсеткіш сөнеді.


■ Аспаптар тақтасының баптаулары

Аспаптар тақтасының баптауларын орталық ақпараттық дисплей көмегімен белгілеуге болады. «Жалпы баптаулар» бөлімінде сипатталған процедураларды орындаңыз, 198-б.

**3-4. Көмескі жарықтың айқындығын реттеу**





Рулі сол жақта орналасқан модельдер



Рулі оң жақта орналасқан модельдер

Алдыңғы тақта көмескі жарығының айқындығы келесі жағдайларда төмендейді.

- Жарық ауыстырып қосқышы «» не «» күйінде тұр, бұл ретте автокөліктің сыртында қараңғы.
- Жарық ауыстырып қосқышы AUTO күйінде және фаралар автоматты түрде қосылды.

Көру мүмкіндігін жақсарту үшін көмескі жарықтың айқындығын реттеуіңізге болады.

Жарықтың көбейту үшін реттегішті жоғары қарай бұраңыз. Жарықтың азайту үшін реттегішті төмен қарай бұраңыз.

## ЕСКЕРТПЕ


- Реттегіш тірелгенше жоғары бұралған болса, жарықтың максималды деңгейге жетеді, ал жарықтың автоматты түрде азайту функциясы жұмыс істемейді.
- Жарықтың баптаулары тіпті оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне аударған кезде де өзгермейді.
- Көмескі жарықтың айқындығын реттеу әдісі орталық ақпараттық дисплейде «Жарық реттегіші» қосылған-қосылмағанына байланысты өзгеруі мүмкін. Реттеу әдістері төмендегі кестелерде берілген.

«Жарықтық реттегіші» баптаулары тармағы қосұлы.

Реттеу тармағы	Аспаптар тақтасы	Орталық ақпараттық дисплей
Реттегіш	Қолжетімді	Қолжетімді
Орталық ақпараттық дисплейдегі «Жарықтық» шкаласы	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз

«Жарықтық реттегіші» баптаулары тармағы өшірүлі.

Реттеу тармағы	Аспаптар тақтасы	Орталық ақпараттық дисплей
Реттегіш	Қолжетімді	Қолжетімсіз
Орталық ақпараттық дисплейдегі «Жарықтық» шкаласы	Қолжетімсіз	Қолжетімді

«Жарықтық реттегіші» баптауларын қосу/өшіру баптаулары туралы толығырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз,  198-б.

## ■ Көмескі жарықтың айқындығын реттеуді автоматты түрде өшіру функциясы


Күшті сыртқы жарық кезінде көмескі жарықтың айқындығы реттегіштің күйіне қарамастан максималды деңгейге қойылады. Бұл жағдайда реттегіштің көмегімен көмескі жарықтың айқындығын реттеуге болмайды. Ымырт жарықта көмескі жарықтың айқындығын жоғарыда сипатталғандай реттеуге болады.


Көмескі жарықтың айқындығын реттеуді автоматты түрде өшіру функциясын қосу/өшіру және сезімталдықты реттеу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

### 3-5. Сигнал және бақылау шамдары


Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырған кезде бірнеше сигнал және бақылау шамы қысқа уақытқа жанады, содан кейін сөнеді. Бұл шамдардың жарамдылығын тексеру үшін жасалады.


Тұрақ тежегішін қосыңыз және оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне қойыңыз. Жүйені тексеру үшін төмендегі шамдар қосылады да, бірнеше секундтан кейін немесе e-BOXER жүйесін қосқаннан кейін сөнеді:


 Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы (тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы жүргізуші қауіпсіздік белбеуін таққан жағдайда ғана сөнеді)


 Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы (тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеуін таққан жағдайда ғана сөнеді)


 Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы

 Артқы орындықтағы қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы


 Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын көрсететін бақылау шамы (бар болса)


 Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының сөндірілгенін көрсететін бақылау шамы (бар болса)


 Ақаулықтың сигнал шамы (Check Engine шамы)


 Аккумулятор батареясы зарядының сигнал шамы


 Май қысымының сигнал шамы

 Тежегішті блоктау жүйесінің шамы (ABS)

 Автокөлік динамикасын басқарудың сигнал шамы/автокөлік динамикасын басқару жұмысының бақылау шамы

 Автокөлік динамикасын басқаруды өшірудің бақылау шамы


 Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл)

 Электр-механикалық тұрақ тежегішінің сигнал шамы/тежеу жүйесінің сигнал шамы (сары)

 Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы

 Руль күшейткішінің сигнал шамы

 Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы

 Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы

Егер қандай да бір ескерту немесе бақылау шамы қосылмаса, бұл шамның күйіп кеткенін немесе тиісті жүйенің ақаулығын білдіреді. Жөндеу үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

■ Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескеретін жарық және дыбыс сигналы беру жүйесі




### ЕСКЕРТПЕ

Егер тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертетін құрылғы төменде сипатталғандай жұмыс істемесе, ол ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда құрылғыны жақын жердегі SUBARU дилеріне тексертуге және қажет болса, жөндеуге кеңес береміз.

▼ Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертетін құрылғы

Сіздің автокөлігіңіз жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертетін құрылғымен жабдықталған.



Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы

3  
Аспаптар мен басқару құралдары

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне қойылған кезде бұл құрылғы аспаптар тақтасында тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамын қосу арқылы жүргізушіге қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігін еске салады.


Егер автокөлік 20 км/сағ (13 миля/сағ) аспайтын жылдамдықпен қозғалса және бұл ретте жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаса, онда сигнал шамы үнемі жанып тұрады.

Егер автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ (13 миля/сағ) жетсе және жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаса, онда сигнал шамы жыпылықтап, дыбыс сигналы қосылады. Егер қауіпсіздік белбеуі уақытында тағылса, сигнал шамы сөніп, дыбыс сигналы өшеді.

Мұндай режим шамамен 2 минут уақытқа созылады. Егер жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі 2 минут ішінде тағылмаса, сигнал шамы жыпылықтауды тоқтатады және дыбыс сигналы өшеді. Әйтсе де сигнал шамы қауіпсіздік белбеуі тағылғанша жанып тұра береді.

▼ **Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертетін құрылғы**

Сіздің автокөлігіңіз алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертетін құрылғымен жабдықталған.



**Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы**

Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырған кезде, бұл құрылғы суретте көрсетілген сигнал шамын қосу арқылы алдыңғы жолаушыға қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігін еске салады.

Егер автокөлік 20 км/сағ (13 миля/сағ) аспайтын жылдамдықпен қозғалса және бұл ретте алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаса, онда сигнал шамы үнемі жанып тұрады.

Егер автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ (13 миля/сағ) жетсе және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаса, онда сигнал шамы жыпылықтап, дыбыс сигналы қосылады. Егер қауіпсіздік белбеуі уақытында тағылса, сигнал шамы сөніп, дыбыс сигналы өшеді.

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Жүргізуші барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін тиісінше таққанына көз жеткізуі тиіс, себебі тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі төменде тізіп көрсетілген жағдайларда жолаушыларды анықтай алмауы мүмкін.
  - Жастықтар немесе балаларды ұстап тұру құрылғылары және т.с.с. қолданылған жағдайда.
  - Егер орындықта бала немесе шағын бойлы ересек адам отырса.
- Келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Бұл талаптарды орындамау тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне кедергі көлтіруі немесе оның істен шығуына әкелуі мүмкін.
  - Алдыңғы жолаушының орындығына күшті соққылар жасамаңыз.
  - Артқы орындықта отырған жолаушыларға аяқтарын алдыңғы орындықтың арқалығы мен жастығы арасына қыстыруға рұқсат етпеңіз.
  - Алдыңғы орындықтың арқалығы мен көпшігінің арасына заттар салмаңыз.
  - Алдыңғы жолаушы орындығын шешіп алмаңыз және бөлшектемеңіз.
  - Алдыңғы жолаушы орындығының астына заттарды (аяқ киім, қолшатырлар және т.б.) қоймаңыз.

## АБАЙЛАҢЫЗ

- Орындықтың арқалығына үстел немесе теледидар сияқты керек-жарақтарды орнатпаңыз.
- Орындықтың арқалығындағы қалтаға ауыр жүкті салмаңыз.
- Алдыңғы орындықтың арқалығы мен көпшігінің арасына заттар салмаңыз.
- Бойлық күйді және арқалықты еңкейту тұтқалары бекітілмеген алдыңғы орындықтарды пайдаланбаңыз. Егер қандай да бір тұтқа мықтап бекітілмесе, оны қайтадан реттеңіз. Реттеу процедурасын «Қолмен реттелетін орындық» бөлімінен қараңыз, 40-б.


## ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеулері бір мезгілде тағылмаған болса (егер белбеулердің бірі екіншісінен біршама бұрынырақ немесе көйінірек тағылған болса), дыбыс сигналы біршама ұзағырақ (максимум 10 секундқа) жұмыс істеуі мүмкін.
- Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі алдыңғы жолаушы орындығында адамның бар-жоғын тексереді. Алайда орындықта қандай да бір зат тұрса, тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескерту жүйесі орындықта адам отырмаса да іске қосылуы мүмкін.

Егер алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі 2 минут ішінде тағылмаса, сигнал шамы жыпылықтауды тоқтатады және дыбыс сигналы өшеді. Әйтсе де сигнал шамы тиісті қауіпсіздік белбеуі тағылғанша жанып тұра береді.

Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі дұрыс жұмыс істемесе (мысалы, алдыңғы жолаушының орындығы бос емес кезде қосылады немесе алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеуін тақпаған кезде қосылмайды), келесі әрекеттерді орындаңыз. Орындықта бала бекіту құрылғысынан басқа заттар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Бұл жағдайда барлық балалар артқы орындықта болып, белбеулерді дұрыс тағуы керек. Орындық арқалығындағы қалтада заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Орындықты алға/артқа қозғап, алдыңғы жолаушы орындығы арқалығының бойлық қалпы және арқалығының қалпы сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындағаннан кейін, алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі -әлі де дұрыс жұмыс істемесе, тексерту үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- **Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің ескеретін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі**



Артқы орындықтағы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы

- 1 Артқы орындық (сол жақ)
- 2 Артқы орындық (ортаңғы)
- 3 Артқы орындық (оң жақ)

Бұл сигнал шамының орналасқан жері суретте көрсетілген. Тек қауіпсіздік белбеулері тағылмаған орындықтардың ғана ескерту шамдары жанады.

## ЕСКЕРТУ

- Жүргізуші барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін тиісінше таққанына көз жеткізуі тиіс, себебі тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі төменде тізіп көрсетілген



жағдайларда жолаушыларды анықтай алмауы мүмкін.

- Жастықтар немесе балаларды ұстап тұру құрылғылары және т.с.с. қолданылған жағдайда.
- Егер орындықта бала немесе шағын бойлы ересек адам отырса.
- Келесі сақтық шараларын сақтаңыз.
  - Артқы орындыққа күшті соққылар жасамаңыз.
  - Орындықтың үстінде қандай да бір зат тұрса, орындық арқалығын алға еңкейтпеңіз.
  - Судың артқы орындыққа төгілуіне жол бермеңіз. Егер сұйықтық төгілсе, оны дереу сүртіңіз.
  - Артқы орындықты шешіп алмаңыз және бөлшектемеңіз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Артқы орындықтардың тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі артқы орындықта адамның бар-жоғын тексереді. Алайда орындықта қандай да бір зат тұрса, тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескерту жүйесі орындықта адам отырмаса да іске қосылуы мүмкін.
- Егер автокөлік қозғалысы кезінде қауіпсіздік белбеуі ағытылса, белгілі бір уақыт ішінде дыбыс сигналы берілуі мүмкін.

**Мысалы:**

Егер сіз қауіпсіздік белбеуінің тілшігін жаныңыздағы орындық тоғасына қате салсаңыз, содан кейін автокөлік жүріп

бара жатқанда оны шешіп алсаңыз, дыбыс сигналы қосылады.

## ■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы



### ▲ ЕСКЕРТУ

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамының келесі күйлерінде автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Біз SUBARU дилеріне баруды ұсынамыз. Егер техникалық мамандар көмегімен тексеруді және қажетті жөндеуді жүргізбесеңіз, бұл соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының және/немесе қауіпсіздік жастықтарының қате жұмысына себеп болуы мүмкін, оның салдарынан жарақаттар алу қаупі туындайды.

- Сигнал шамы жанып-сөнеді немесе жылтылдайды.
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырған кезде, сигнал шамы жанбайды.
- Сигнал шамы үнемі жанып тұр.
- Сигнал шамы қозғалыс кезінде қосылады.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің сигнал шамы туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау» бөлімін қараңыз, ☎ 109-6.

- Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары (бар болса)

## ЕСКЕРТПЕ

Орындық көпшігіндегі қауіпсіздік жастығының іске қосылу шарттары туралы толық ақпарат «Қауіпсіздік жастықтары» бөлімінде келтірілген, ☎ 94-6.



**OFF** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы.

**ON** алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы.



Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының күйін көрсетеді.

Бақылау шамдарының орналасқан жері суретте көрсетілген.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне ауыстырылғаннан кейін бақылау шамдарының екеуі де, яғни қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары жүйені тексеру кезінде 6 секундқа қосылады. Жүйеге тексеру жүргізу кезінде бақылау шамдарының екеуі де 2 секундқа сөнеді. Осыдан кейін алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын бақылау жүйесі анықтаған алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының күйіне байланысты бақылау шамдарының бірі қосылады.

Егер алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосулы болса, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанады, ал сөнгенін білдіретін бақылау шамы сөнген күйінде қалады.

Егер алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы өшірулі болса, алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын білдіретін бақылау шамы сөнген күйінде қалады, ал сөнгенін білдіретін бақылау шамы жанады.

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне ауысқан кезде, жүйені тексергеннен кейін де екі қосылғанын және сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы бір уақытта жанып тұрса немесе сөніп қалса, жүйе ақаулы. Тексеріс жүргізу үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.

## ■ Ақаулықтың сигнал шамы (Check Engine шамы)



Еуропада сатылатын автокөліктер автокөліктің пайдаланылған газдарының уыттылығын төмендету жүйесінің жұмысын бақылайтын жетілдірілген борттық диагностика жүйесімен (OBD жүйесі) жабдықталған. Еуропадан тыс кейбір елдерде сатылатын автокөліктер OBD жүйесімен жабдықтаулы мүмкін. Автокөлігіңіздің OBD жүйесімен жабдықталғанын білу үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

OBD жүйесі қоршаған ортаны қорғауға арналған. Оның жұмысы атмосфераға шығарындылар деңгейі автокөліктің бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде рұқсат етілген нормалардан аспауын қамтамасыз етуге бағытталған.

Егер қозғалтқыштың жұмысы кезінде ақауды анықтайтын сигнал шамы тұрақты жанып немесе жыпылықтап тұрса, бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесіндегі кемінде бір ақаулықтың немесе ықтимал ақаулықтың бар екенін, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету қажеттігін білдіреді. OBD жүйесі сервис орталығының қызметкерлеріне ақаулықтың себебін дұрыс анықтауға да көмектеседі.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер ақауды анықтайтын сигнал шамы қозғалыс кезінде жанса, тексеру/жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек SUBARU дилеріне хабарласқан жөн. Өйтпесе автокөлікті пайдалануды жалғастыру кепілдік міндеттемелері қамтымайтын өзге күрделі ақаулықтардың туындауына алып келуі мүмкін.

### ▼ Егер ақауды анықтайтын бақылау шамы тұрақты жанып тұрса

Егер бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде қосылатын болса және тұрақты жанып тұрса немесе e-BOXER іске қосылғаннан кейін сөнбейтін болса, бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің ақаулығын білдіреді.

Мұндай жағдайда автокөлікке диагностика жүргізу үшін дереу SUBARU ресми дилеріне хабарласыңыз.

### ▼ Егер ақауды анықтайтын бақылау шамы жыпылықтап тұрса

Егер бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жыпылықтап тұрса, бұл қозғалтқыштың оталдыру жүйесіндегі шалыс істеудің анықталғанын білдіреді, өз кезегінде бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің күрделі зақымдалуына жол бермеу үшін келесі шараларды қолдану қажет.

- Автокөліктің жылдамдығын төмендетіңіз.
- Күрт үдету әрекеттерін жасамаңыз.
- Тік өрлермен қозғалудан сақтаныңыз.
- Мүмкіндігінше тасымалдайтын жүктің салмағын азайтыңыз.

Бірнеше сапардан кейін ақауды анықтайтын сигнал шамы жыпылықтауын қойып, тұрақты түрде жана бастауы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлікке диагностика жүргізу үшін дереу SUBARU ресми дилеріне хабарласыңыз.

### ■ Аккумулятор батареясы зарядының сигнал шамы



Егер бұл шам е-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жанып тұрса, бұл қосымша 12 В аккумулятор батареясы мен 12 В стартерлік аккумулятор батареясының зарядтау жүйесіндегі ақаулықты көрсетуі мүмкін.

Егер бұл шам автокөліктің қозғалысы кезінде жанса немесе е-BOXER іске қосылғаннан кейін сөнбесе, бірінші мүмкіндік туындаған сәтте е-BOXER жүйесін өшіріңіз де, барлық тиісті сақтық шараларын орындай отырып, жетек белбеуінің күйін тексеріңіз. Жетек белбеуі бос тартылған немесе үзілген болса, сондай-ақ белбеудің күйі жақсы болып, шам сөнбейтін жағдайларда дереу жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

### ■ Май қысымының сигнал шамы



Егер бұл шам е-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл майдың төмен қысымын, сондай-ақ майлау жүйесінің ақаулықтарын білдіруі мүмкін.

Егер бұл шам автокөліктің қозғалысы кезінде жанса немесе е-BOXER іске қосылғаннан кейін сөнбесе, бірінші мүмкіндік туындаған сәтте е-BOXER жүйесін өшіріңіз де, барлық тиісті сақтық шараларын орындай отырып, дереу жақын маңдағы SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Май қысымының сигнал шамы жанып тұрса, е-BOXER жүйесін пайдаланбаңыз. Бұл қозғалтқышқа ауыр зақым келтіруі мүмкін.

### ■ Мотор майының төмен деңгейінің сигнал шамы



Бұл шам мотор майының деңгейі төменгі шекке дейін түсіп кеткен жағдайда жанады.

Егер бұл сигнал шамы жанып тұрса, автокөлікті тегіс жерде тоқтатып, мотор майының деңгейін тексеріңіз. Егер мотор майының деңгейі нормаға сәйкес келмесе, мотор майын қосымша құйыңыз. «Мотор майы» бөлімін қараңыз, 417-б.

Мотор майын қосымша құйғаннан кейін сигнал шамы сөнбесе немесе шам мотор майының

қалыпты деңгейінде де жанып тұрса, біз автокөлікті SUBARU дилеріне тексертуге кеңес береміз.

### ЕСКЕРТПЕ

- **Май деңгейі оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырғаннан кейін бірден жүйемен анықталады және май деңгейі ең төменгі деңгейден төмен болса, майдың төмен деңгейінің сигнал шамы жанады. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне ауыстырса, сигнал шамы сөнеді.**
- **Келесі жағдайларда қате іске қосылудың алдын алу үшін тіпті май деңгейі ең төменгі деңгейден төмен болса да, майдың төмен деңгейінің сигнал шамы жанбауы мүмкін.**
  - Автокөлік тік еңісте тұраққа қойылған.
  - Электрлік тарту күшімен қозғалу режимінде күрт үдеу, күрт тежеу немесе күрт маневр жасау кезінде.
  - Қозғалтқыш бірнеше сағат ішінде қайта оталды.

## ■ Май температурасының AT OIL TEMP сигнал шамы (AT OIL TEMP)

Егер бұл шам е-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл трансмиссия сұйықтықтың температурасының нормадан жоғары екенін білдіруі мүмкін.

Автокөліктің қозғалысы кезінде бұл шам қосылған жағдайда, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, сигнал шамы сөнгенше е-BOXER жүйесін бос жүріс режимінде жұмыс істетіп қойыңыз.

### ▼ Трансмиссияны басқару жүйесінің ақаулығы туралы ескерту

Егер е-BOXER жүйесі іске қосылғаннан кейін AT OIL TEMP май температурасының сигнал шамы жыпылықтаса, бұл беріліс қорабын басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетуі мүмкін. Қысқа мерзімде автокөлікке қызмет көрсету үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.

## ■ Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы



Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырған кезде шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) жұмысын тексеру үшін шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы шамамен 2 секундқа қосылады. Егер жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрса, ал барлық төрт шинадағы ауаның қысымы TPMS жүйесінің таңдалған режиміне сәйкес келсе, сигнал шамы сөнеді. TPMS жүйесінің режимі шиналардағы қысымның номиналды

мәндерінің тақтайшасында көрсетілген мәнге сәйкес өзгертілуі тиіс. Режимдер және оларды таңдау туралы ақпарат «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» бөлімінде келтірілген, ≈300-б.

Ай сайын барлық шиналарды суық күйде тексеріп, оларды шина қысымының номиналды мәндерінің тақтайшасында автокөлік өндірушісі көрсеткен ұсынылған қысымға дейін үрлеңіз. (Егер автокөлікте орнатылған шиналардың өлшемі шиналардағы қысым көрсетілген тақтайшадағы мәліметтерден өзгеше болса, онда сіз осы шиналар үшін дұрыс қысымды анықтауыңыз керек).

Қосымша қауіпсіздік функциясы ретінде сіздің автокөлігіңізде шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) бар, ол бір немесе бірнеше шинада қысым айтарлықтай төмендесе, шиналардағы төмен қысымның сигнал шамын қосады. Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы қосылғанда автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтатып, шиналарды тексеріп, белгіленген қысымға дейін үрлеу керек. Қысымы айтарлықтай төмендеген шиналармен қозғалу шиналардың қызып кетуіне және олардың істен шығуына әкеледі. Сонымен бірге шиналардағы қысым төмен болғанда отын шығыны көбейеді және шина протекторының қызмет ету мерзімі қысқарады, сондай-ақ автокөлікті басқару қиынға соғып, оның тоқтау тиімділігі нашарлауы мүмкін.

TPMS жүйесі шиналарға дұрыс қызмет көрсету қажеттігін алмастырмайтынын ескеріңіз. Жүргізуші TPMS жүйесінің шиналардағы төмен қысымды көрсететін сигнал шамы қосылатын шекті мәнге дейін қысым түспесе де,

шиналардағы қажетті қысымды сақтап тұруға жауапты.

Сонымен бірге автокөлігіңіз жүйенің дұрыс жұмыс істемей тұрғанын көрсететін TPMS жүйесі ақаулығының бақылау шамамен жабдықталған. TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы шиналардағы төмен қысымның сигнал шамымен біріктірілген. Егер жүйе ақаулықты анықтаса, сигнал шамы шамамен бір минут жыпылықтайды, содан кейін үнемі жанып тұрады. Бұл реттілік автокөлік кейін іске қосылғанда ақаулық жойылмайынша сақталады. Егер ақаулықты білдіретін бақылау шамы жанып тұрса, жүйе шинаның төмен қысымын анықтамауы немесе ол туралы тиісті түрде сигнал бермеуі мүмкін. TPMS жүйесінің ақаулары автокөлікке қосалқы шиналарды, дискілерді немесе басқа типтегі шиналарды орнатуды қоса алғанда өртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін, бұл TPMS жүйесінің қалыпты жұмысына кедергі келтіреді. Орнатылған шиналар немесе дөңгелек TPMS жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне теріс әсер етпейтініне көз жеткізу үшін автокөліктегі бір немесе бірнеше шинаны немесе дөңгелекті ауыстырғаннан кейін TPMS жүйесінің ақаулығын білдіретін сигнал шамын тексеріңіз.

Егер бір минуттай жыпылықтағаннан кейін сигнал шамы үнемі жанып тұрса, жүйені тексерту үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласу ұсынылады.

### ЕСКЕРТУ

Егер бұл шам оталдыру жүйесін қосқан кезде қысқа уақытқа қосылмаса немесе шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, шиналардағы қысымды бақылау жүйесін тексерту үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласқан жөн.

Егер бұл шам қозғалыс кезінде қосылса, кенеттен төжемеңіз, жылдамдықты біртіндеп төмендетіп, тіке жүре беріңіз. Содан кейін жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөліктің қатты зақымдалуына және ауыр жарақат алу жағдайларына ұласатын апат орын алуы мүмкін.

Егер бұл шам шинаның қысымын реттегеннен кейін де өшпесе, шина айтарлықтай зақымдалған болуы мүмкін және ауаның қатты шығуы оның тез жоғалуына әкеп соғады. Шинадағы қысым төмендеген жағдайда «Желі шыққан шиналар» бөлімін қараңыз, ☎368-6.

Егер қосалқы дөңгелек орнатылып тұрса немесе түпнұсқа қысым датчигі/ таратқыш ауыстырылған дөңгелектің дискісіне көшірілмесе, шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы шамамен

бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады. Бұл TPMS жүйесі барлық төрт дөңгелекті басқара алмайтындығын көрсетеді. Шиналар мен датчиктерді ауыстыру және/немесе жүйе баптауларын қалпына келтіру үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз. Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

Шинаны сұйық тығыздағышты пайдаланып жөндеу кезінде шинадағы қысым туралы ескерту клапаны мен датчик дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер сұйық тығыздағыш қолданылса, мүмкіндік туа салысымен жақын жердегі SUBARU дилеріне немесе басқа білікті қызмет көрсету шеберханасына хабарласу ұсынылады. Шинаны ауыстырған кезде шинадағы қысым туралы ескерту клапаны мен датчикті ауыстырғаныңызға көз жеткізіңіз. Егер дөңгелек дискісі зақымдалмаса және одан тығыздағыштың қалдықтары толығымен алып тасталса, оны қайта пайдалануға болады. Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

### АБАЙЛАҢИЗ

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі шиналардағы қысымды қолмен тексеруді АЛМАСТЫРМАЙДЫ. Шиналардағы қысымды жүйелі түрде (кемінде ай сайын) манометрдің көмегімен тексеріп отыру қажет. TPMS жүйесінің режимін шиналардағы қысымның номиналды мәндері тақтасындағы номиналды қысымға сәйкес өзгертіңіз. Шинадағы (шиналардағы) қысымның көз келген өзгеруінен кейін, шинадағы қысымды бақылау жүйесі автокөлік алғашқы сапарында 40 км/сағ (25 миль/сағ) шамасынан жоғары жылдамдыққа жеткенше қысымды тексермейді. Шиналардағы қысымды реттегеннен кейін TPMS жүйесімен шиналардағы қысымды қайта тексеруді іске қосу үшін автокөлік жылдамдығын кемінде 40 км/сағ (25 миль/сағ) дейін үдетіңіз. Егер шиналардағы қысым енді қысымның төменгі шекті мәнінен жоғары болса, шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы бірнеше минуттан кейін сөнуге тиіс. Сонымен бірге орнатылған алдыңғы және артқы шиналардың өлшемі қарастырылған техникалық сипаттамаларға сәйкес болуы тиіс.

## ■ Төжегішті блоктау жүйесінің шамы (ABS)



### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгені орын алған жағдайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ABS жүйесін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жөндетуге кеңес береміз.
  - Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне ауыстырылған кезде сигнал шамы жанбайды.
  - Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырған кезде сигнал шамы жанады, бірақ қозғалыс басталғаннан кейін де сөнбейді.
  - Сигнал шамы қозғалыс кезінде жанады.
- Бұл сигнал шамы қосылған кезде (егер тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл) жанбаса) ABS жүйесі өшеді, бірақ автокөліктің өдеттегі тежеу жүйесінің өнімділігі сақталады.

Төжегішті блоктау жүйесінің шамы (ABS) тежеу жүйесінің сигнал шамымен (қызыл) бірге EBD жүйесі істен шыққан кезде жанады. EBD жүйесінің ақаулығы туралы толық ақпаратты «Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл)» бөлімінен қараңыз, ☞ 163-б.

## ЕСКЕРТПЕ

Төменде ABS жүйесінің ақаулары болмаған кезде сигнал шамының жұмысы сипатталған.

- Сигнал шамы е-BOXER жүйесін қосқаннан кейін бірден жанады да, бірден сөнеді және қайта жанбайды.
- е-BOXER жүйесі іске қосылғаннан кейін сигнал шамы қосулы күйінде қалады, бірақ автокөлік қозғалғанда сөнеді.
- Сигнал шамы қозғалыс кезінде жанады, алайда бірден сөнеді және қайта жанбайды.

ABS жүйесінің сигнал шамы заряды отырған аккумулятор батареясымен жүрген кезде, мысалы, е-BOXER жүйесін іске қосқаннан кейін жануы мүмкін. Бұл батареяның төмен кернеуіне байланысты және ақаулықтың белгісі емес. Аккумулятор батареясын толық зарядтағаннан кейін ABS жүйесінің ескерту шамы сөнеді.

## ■ Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл)



### ▲ ЕСКЕРТУ

- Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл) жанып тұрғанда автокөлікпен қозғалу қауіпті. Бұл автокөліктің тежеу жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін екенін көрсетеді. Егер бұл шам жанып тұра берсе, автокөлігіңіздің тежеу жүйесіне диагностика жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Егер сіз төжегіштердің ақаусыздығына күмәндансаңыз, автокөлікті жүргізбеңіз. Мұндай жағдайда дереу жақын маңдағы SUBARU дилеріне автокөлікті жөндету үшін хабарласыңыз.

Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл) келесі функцияларды орындайды.

## ▼ Төжегіш сұйықтығының төмен деңгейі туралы ескерту

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне қойылған, ал тұрақ төжегіші өшкен болса, бұл ескерту шамы төжегіш сұйықтығына арналған бактағы төжегіш сұйықтығының деңгейі MIN белгісіне дейін төмендеген жағдайларда жанады.

Егер бұл шам оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрғанда және тұрақ төжегіші өшіп тұрғанда автокөліктің қозғалысы кезінде жанатын болса, бұл төжегіш сұйықтығының жылыстауын немесе төжегіш қыспақтарының тозғанын білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлікті дереу ең жақын қауіпсіз орынға тоқтатыңыз да, төжегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Төжегіш сұйықтығы» бөлімін қараңыз, ☞ 425-б. Егер бактағы төжегіш сұйықтығының деңгейі MIN белгісінен төмен болса, автокөлікпен қозғалысты жалғастыруға тыйым салынады. Дерек жақын маңдағы SUBARU дилеріне автокөлікті жөндету үшін хабарласыңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Сүйреу» бөлімін қараңыз, ☞ 383-б.

### ▼ Тежеу күшін бөлудің электрондық жүйесінің ақаулығы туралы ескерту (EBD)

Егер автокөлік қозғалысы барысында тежеу жүйесінің (қызыл) және тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) сигнал шамдары бір уақытта жанса, бұл EBD жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуін көрсетуі мүмкін.

Қалыпты тежеу жүйесі EBD жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұрған кезде де жұмыс істейді. Алайда тежегіш педалін әдеттегіден қаттырақ басқан кезде артқы дөңгелектердің бұғатталу ықтималдығы артады. Бұл автокөлік жүргізуді қиындатуы мүмкін.

Тежеу жүйесінің (қызыл), автокөліктің динамикасын басқару жүйесінің және тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) сигнал шамдарын бір уақытта қосқанда, мына әрекеттерді орындаңыз.

1. Автокөлікті ең жақын қауіпсіз жердегі көлденең бетке тоқтатыңыз.
2. e-BOXER жүйесін өшіріп, тұрақ тежегішін қосыңыз, содан кейін оны қайта іске қосыңыз.
3. Тұрақ тежегішін толығымен өшіріңіз.
4. Барлық сигнал шамдары енді жанбаса да, EBD жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жақын маңдағы SUBARU дилеріне абайлап барып, жүйені тексертіңіз.
5. Егер барлық сигнал шамдары қосулы болса немесе шамамен 2 секунд ішінде қайтадан жанса, e-BOXER жүйесін өшіріңіз, тұрақ тежегішін қосыңыз және тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін

«Тежегіш сұйықтығы» бөлімін қараңыз, ☎ 425-б.

- Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі MIN белгісінен төмен түспесе, EBD жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жақын маңдағы SUBARU дилеріне абайлап барып, жүйені тексеру ұсынылады.
- Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі MIN белгісінен төмен болса, автокөлікпен қозғалысты жалғастыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұның орнына дереу жақын маңдағы SUBARU дилеріне автокөлікті жөндету үшін хабарласыңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Сүйреу» бөлімін қараңыз, ☎ 383-б.

### ▼ Электрондық тежегіш күшейткішінің ақаулығы туралы ескерту

Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл) электр тежегіш күшейткіші істен шыққан кезде жанады. Сонымен қатар аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті СҚД) кезектесіп Brake System (Тежеу жүйесі) және Check Owner's Manual ескерту хабарламаларын көрсетеді (Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз). Егер сигнал шамы жанса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайда SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

### ■ Электр-механикалық тұрақ тежегішінің сигнал шамы/тежеу жүйесінің сигнал шамы (сары)

Бұл шам электр-механикалық тұрақ тежегіші немесе тежеу жүйесі істен шыққан кезде жанады.

#### ЕСКЕРТУ

Электр тұрақ тежегішінің сигнал шамы қосылған жағдайда автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайда SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Төменде электр-механикалық тұрақ тежегішінде ақаулар болмаған кезде сигнал шамының жұмысы сипатталған.
  - Сигнал шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жанып тұр, алайда электр-механикалық тұрақ тежегішін өшіргеннен кейін ол сөнеді және сөнген күйінде қалады.
  - Сигнал шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады, алайда сөнеді және қайта жанбайды.

- Егер е-BOXER жүйесі іске қосылған кезде электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын басса, электр-механикалық тұрақ тежегішінің сигнал шамы қосылуы мүмкін. Бұл жағдайда е-BOXER жүйесін қайтадан іске қосыңыз, содан кейін электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын басыңыз. Егер сигнал шамы сөнсе, жүйе дұрыс күйінде деп есептеуге болады.

### ■ Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы



#### ▼ Тұрақ тежегішінің бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе ON күйіне орнатылса, бұл шам тұрақ тежегіші қосылған кезде жанады. Тұрақ тежегіші өшкен кезде ол сөнеді.

#### ▼ Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ескертуі

### ▲ ЕСКЕРТУ

- Егер е-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде электр-механикалық тұрақ тежегішін өшірсе, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы сөнеді. Алайда шам жанып тұрса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайда жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

- Егер сіз тежегіштердің ақаусыздығына күмәндансаңыз, автокөлікті жүргізбеңіз. Мұндай жағдайда дереу жақын маңдағы SUBARU дилеріне автокөлікті жөндету үшін хабарласыңыз.
- Егер электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтаса, электр-механикалық тұрақ тежегіші ақаулы болуы мүмкін. Дереву автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, автокөліктің жүріп кетуін болдырмау үшін дөңгелектердің астына сырғып кетуге қарсы тіреулер қойыңыз. Содан кейін SUBARU дилеріне баруды ұсынамыз. Толығырақ ақпаратты «Электр-механикалық тұрақ тежегіші» бөлімінен қараңыз, ☎302-б.

### ЕСКЕРТПЕ

- Электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылған кезде оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне ауыстырса, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы шамамен 30 секунд жанады, содан кейін сөнеді.
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйінде болған кезде электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын тартса, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады, шамамен 30 секунд жанып, содан кейін сөнеді.

- Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтаса да, бірақ сигнал шамының жұмысы келесі мысалдарда сипатталғанға сәйкес келсе де, электр-механикалық тұрақ тежегішінің ақаулары жоқ.
  - Электр-механикалық тұрақ тежегіші өшкен кезде бақылау шамы сөнеді.
- Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы қозғалтқыш оталғаннан кейін бірден жыпылықтауы мүмкін. Дегенмен электр-механикалық тұрақ тежегіші өшірілгеннен кейін бақылау шамы сөніп қалса, бұл ақаулықтың белгісі емес.
- Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы электр-механикалық тұрақ тежегішін жиі қосқаннан және өшіргеннен кейін жыпылықтауы мүмкін. Алайда шам қысқа уақыттан кейін сөніп қалса, бұл электр-механикалық тұрақ тежегішінің ақаулығының белгісі емес.

Егер электр-механикалық тұрақ тежегіші ақаулы болса, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтайды. Егер электр тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтаса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайда SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз. Егер тұрақ тежегішін электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын басу арқылы өшіру мүмкін болмаса, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жана береді. Толығырақ ақпаратты «Электр-механикалық тұрақ тежегіші» бөлімінен қараңыз, ☎302-б.



▽ Тұрақ тежегішін қосуға тыйым салу туралы ескерту


Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын басқан кезде тұрақ тежегішін қосу мүмкін болмағанда, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы 10 секунд жыпылықтайды және дыбыс сигналы беріледі.

▽ Жиі қосу туралы ескерту

Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын жиі қосқан жағдайда, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы 10 секунд жыпылықтайды және дыбыс сигналы беріледі. Бұл жағдайда электр-механикалық тұрақ тежегіші ажыратқышының жұмысы электр-механикалық тұрақ тежегішін қорғау үшін бұғатталады.

## ЕСКЕРТПЕ

**Бақылау шамы сөнгенше күтіңіз.**

■ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы** 

### АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын іске қосу үшін «Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)» тармағын басқан кезде де жанбаса, бұл электр-механикалық тұрақ тежегішінің ақаулығын білдіруі мүмкін.

Бұл бақылау шамы автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған кезде жанады. Бұл бақылау шамы автокөлік автоматты түрде ұстап тұру функциясымен тоқтатылған жағдайда жыпылықтайды. Толығырақ ақпаратты «Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы» бөлімінен қараңыз, ☎304-б.

■ **Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы** 

Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы отын бағында шамамен 7,2 л (1,9 АҚШ галлоны, 1,6 британ галлоны) отын қалғанда жанады. Бұл шам оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болғанда ғана жұмыс істейді. Бұл шам қосылған жағдайда кідірместен автокөлікке отын құйыңыз.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Егер отынның төмен деңгейінің сигнал шамы жанса, мүмкіндік пайда бола салысымен отын құйыңыз. Отын бағында отынның болмауынан туындаған қозғалтқыштың шалыс істеуі оның зақымдалуына алып келуі мүмкін.

■ **Ашық есіктің бақылау шамы** 

Ашық есіктің бақылау шамы есіктердің кез келгені немесе жүксалғыш қақпағы толық жабылмаған жағдайда жанады. Бұл функция оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF немесе ACC күйінде болса да жұмыс істейді. Ашық есік ашық есіктің бақылау шамының тиісті бөлігімен көрсетіледі.

Жолға шығар алдында бұл бақылау шамының жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.

■ **Ашық капоттың сигнал шамы** 

Егер капот толығымен жабылмаса, бұл сигнал шамы жанады. Бұл функция оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF немесе ACC күйінде болса да жұмыс істейді.

Жолға шығар алдында бұл шамның жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.



■ **Әйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы**



Бұл шам әйнекжуғыш бағындағы сұйықтық деңгейі төменгі шегіне дейін (шамамен 0,6 л (0,6 АҚШ квартасы, 0,5 британ квартасы)) төмендеген кезде қосылады.

■ **Толық жетектің сигнал шамы** **AWD**

**▲ ЕСКЕРТУ**

Толық жетектің сигнал шамы жыпылықтап тұрғанда қозғалу трансмиссияға зақым келтіруі мүмкін. Егер толық жетектің сигналы жыпылықтаса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін барлық шиналардың диаметрі бірдей екенін, шиналардың біреуі тесілмегенін немесе басқа себептермен оның қысымы төмендемегенін тексеріңіз.

Егер жүріп келе жатқан автокөлікте әртүрлі диаметрлі шиналар орнатылған болса немесе шиналардың кез келгеніндегі қысым тым төмен болса, бұл шам жыпылықтайды.

■ **Руль күшейткішінің сигнал шамы**



Егер бұл сигнал шамы e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл электр-механикалық руль күшейткішінің ақаулығын көрсетеді.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Руль күшейткішінің сигнал шамы жанып тұрса, рульді бұрған кезде көбірек кедергі сезінуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда жақын маңдағы SUBARU дилеріне абайлап барып, автокөлікті тексеру ұсынылады.

**ЕСКЕРТПЕ**

Рульмен келесі әрекеттер жасаған кезде руль күшейткіші басқару блогы және жетекті электр қозғалтқыш секілді компоненттердің шектен тыс қызып кетуін болдырмау мақсатында уақытша көмекші күшті шектеуі мүмкін.

- Автокөлік өте төмен жылдамдықпен жүріп келе жатқанда, мысалы, параллель тұрақ кезінде рульдің жиі және жылдам айналуы.
- Руль ұзақ уақыт бойы шеткі күйге бұрылды.

Мұндай жағдайда рульді бұрған кезде көбірек кедергі сезінуіңіз мүмкін, алайда бұл ақаулық болып табылмайды. Руль біраз уақыт пайдаланылмағаннан және рульді басқару жүйесі салқындағаннан кейін рульдегі қалыпты күш қалпына келеді. Алайда руль күшейткіші стандартты емес түрде қолданылып, бұл көмекші күштің тым жиі шектелуіне әкеліп соқтырса, бұл руль күшейткішінің дұрыс жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

■ **Автокөлік динамикасын басқарудың сигнал шамы/автокөлік динамикасын басқару жұмысының бақылау шамы**



▼ **Автокөлік динамикасын басқарудың сигнал шамы**

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Автокөлік динамикасын басқару жүйесі ABS жүйесін ABS жүйесінің электр тізбегі арқылы басқарады. Сондықтан егер ABS жүйесі ақаулы болса, автокөліктің динамикасын басқару жүйесі ABS жүйесін басқара алмайды. Нәтижесінде автокөліктің динамикасын басқару жүйесі жұмысын тоқтатады, бұл сигнал шамының қосылуына әкеледі. Тіпті ABS жүйесі мен автокөліктің динамикасын басқару жүйесі жұмыс істемей тұрған жағдайда да автокөліктің қалыпты төжеу жүйесі өзінің жұмысқа қабілеттілігін

сақтайды. Бұл ретте басқару қауіпсіздігі сақталады, алайда автокөлікті байыппен басқару қажет болады. Мұндай жағдайларда автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөліктің динамикасын басқару жүйесінің электр тізбегі ақаулы болса, тек сигнал шамы жанады. Бұл ретте ABS жүйесі (тежегішті блоктау жүйесі) жұмысқа қабілеттілігін толық сақтайды.
- Сигнал шамы электрондық тежегішті блоктау жүйесі (ABS)/автокөліктің динамикасын басқару жүйесі ақаулы болған кезде жанады.
- Егер EBD жүйесі ақаулы болса, автокөліктің динамикасын басқару жүйесінің сигнал шамы, тежегішті блоктау жүйесінің сигнал шамы (ABS) және тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл) бір уақытта жанады. EBD жүйесінің ақаулығы туралы ескерту жайлы қосымша ақпаратты «Тежеу күшін бөлудің электрондық жүйесінің ақаулығы туралы ескерту (EBD)» бөлімінен қараңыз, ☎164-б.

Келесі шарттардың кез келгенінде автокөліктің динамикасын басқару жүйесі бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлікке диагностика жүргізу үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне ауыстырылған кезде сигнал шамы жанбайды.
- Сигнал шамы қозғалыс кезінде жанады.

## ЕСКЕРТПЕ

Төменде автокөлік динамикасын басқару жүйесінде ақаулар болмаған кезде сигнал шамының жұмысы сипатталған.

- Сигнал шамы оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне ауыстырылған кезде жанады және e-BOXER жүйесін іске қосқаннан кейін шамамен 2 секундтан соң сөнеді.
- Сигнал шамы e-BOXER жүйесін қосқаннан кейін бірден жанады да, бірден сөнеді және қайта жанбайды.
- Сигнал шамы e-BOXER жүйесі іске қосылғаннан кейін жанады және автокөліктің келесі қозғалысы кезінде сөнеді.
- Сигнал шамы қозғалыс кезінде жанады, алайда бірден сөнеді және қайта жанбайды.

- Егер e-BOXER жүйесі тоқтап қалса және e-BOXER жүйесі қайта іске қосылғаннан кейін жанып тұрса, сигнал шамы жанады. Дегенмен ол автокөлік қозғала бастағанда сөнеді.

## ▼ Автокөлік динамикасын басқару жұмысының бақылау шамы

Бұл бақылау шамы бүйірге сырғуды болдырмау функциясын қосқан кезде және тарту күшін реттеу функциясын қосқан кезде жыпылықтайды.

## ЕСКЕРТПЕ

- Бұл бақылау шамы e-BOXER іске қосылғаннан кейін, әсіресе суық ауа райында біршама уақыт жанып тұруы мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды. e-BOXER жүйесі жылынғаннан кейін бақылау шамы сөнугі керек.
- Бұл бақылау шамы қозғалтқышта ақаулық болған кезде және ақаулық туралы сигнал шамы (Check Engine шамы) қосылған кезде жанады.

Келесі шартта автокөліктің динамикасын басқару жүйесі бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- e-BOXER (e-BOXER жүйесі қызып кетті) іске қосылғаннан кейін бірнеше минуттан соң да бақылау шамы сөнбейді.

### ■ Автокөлік динамикасын басқаруды өшірудің бақылау шамы




Егер дисплейде автокөліктің динамикасын басқаруды өшіру пункті таңдалса, бұл шам жанады.

Келесі шарттардың кез келгенінде автокөліктің динамикасын басқару жүйесі бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлікке диагностика жүргізу үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Жүйені тексеру кезінде шам жанбайды.
- Шам біршама уақыт өткеннен кейін де, оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 2 секунд өткенде де сөнбейді.

### ■ Қозғалтқышты түйменің көмегімен оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің ескертуші дыбыс сигналдары мен ескерту индикаторы



Ашу кілтiнiң ескерту индикаторы

Жаңылыс әрекеттер санын азайту, сондай-ақ автокөлікті айдап әкетуден қорғау мақсатында қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде ескертуші дыбыс сигналдарының берілуі, сондай-ақ қашықтан ашу кілтiнiң ескерту индикаторының жыпылықтауы қарастырылған.

Ескертуші дыбыс сигналы және/немесе ескерту шамы қосылған жағдайда, тиісті қадамдарды орындаңыз.

Ескертуші дыбыс сигналдарын өшіру мүмкін емес. Дегенмен SUBARU дилерінде ескертуші дыбыс сигналдарының дыбыс деңгейін өзгертуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

#### ▲ ЕСКЕРТУ

Егер e-BOXER жүйесі іске қосылған кезде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы режим индикаторы жасыл түспен жыпылықтаса, автокөлікпен жүруге тыйым салынады. Бұл рульдің құлпы ашылмағанын білдіреді, нәтижесінде ауыр жарақат немесе өлім қаупі туындауы мүмкін.

#### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер e-BOXER жүйесін қайта іске қосқан кезде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышының жұмыс режимінің индикаторы жасыл болып жыпылықтаса, рульді құлыптауда ақау болуы мүмкін. Мүмкіндік туа салысымен SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.
- Егер оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы жұмыс режимінің индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтаса, дереу SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

## ЕСКЕРТПЕ

- Қашықтан ашу кілті көлік ішіндегі әрекет ету аймағында болса да, e-BOXER жүйесінің іске қосылуы туралы ескерту қашықтан ашу кілтінің күйіне және қоршаған орта жағдайларына байланысты берілуі мүмкін.
- Егер қашықтан ашу кілті автокөліктен ашық терезе арқылы алынса, кілтті алу туралы ескерту немесе жолаушының кілтті алуы туралы ескерту берілмейді.

### ▼ Ескертулер тізімі

#### АБАЙЛАҢЫЗ

Төмендегі ескерту сигналдарының кез келгені пайда болған кезде, қашықтан ашу кілтінің ескерту шамы жанбаса да, тиісті шараларды қолданыңыз.

Ішкі ескертуші дыбыс сигналы	Сыртқы ескертуші дыбыс сигналы	Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы режим индикаторы	Күй	Әрекет
«Динь-динь» (үзік-үзік)	—	—	Жүргізуші есігі оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы АСС күйінде болғанда және селектор тұтқасы Р күйінде болғанда ашық болады.	Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз немесе жүргізушінің есігін жабыңыз. Автокөліктен шыққан кезде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырғаныңызға көз жеткізіңіз.
			Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы жүргізушінің есігі ашық болған кезде OFF күйіне ауыстырылады.	Жүргізуші есігін жабыңыз.
«Динь»	Қысқа дыбыс сигналы (2 секунд)	—	<b>Есіктердің құлыпталуын болдырмау ескерту сигналы:</b> Қашықтан ашу салпыншағы көлікте қалған кезде есіктерді төмендегі әдістердің бірімен құлыптау әрекеті орындалады. • Құлыптау тұтқасы құлыптау күйінде болған кезде есік жабық болады. • Құлыптау жетегінің ажыратқышы құлыптау күйінде болған кезде есік жабылады.	Қашықтан ашу салпыншағын автокөлік ішінен шығарыңыз, содан кейін барлық есіктерді құлыптаңыз. Қашықтан ашу салпыншағы автокөліктің ішінде тұрған кезде есіктерді құлыптау мүмкін емес. Ескертуші дыбыс сигналы беріледі, ал барлық есіктер құлыпталмаған күйінде қалады.
—	Қысқа дыбыс сигналы (2 секунд)	—	<b>Автокөлік ішінде ұмытылған қашықтан ашу кілтін құлыптауды болдырмау ескерту сигналы:</b> Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF күйіне орнатылған, ал қашықтан ашу салпыншағы автокөлік ішінде тұрған кезде есіктерді құлыптау датчигін тұрту.	Қашықтан ашу салпыншағын автокөлік ішінен шығарыңыз, содан кейін барлық есіктерді құлыптаңыз. Қашықтан ашу салпыншағы автокөліктің ішінде тұрған кезде есіктерді құлыптау мүмкін емес.
—	5 мәртелік дыбыс сигналы	—	<b>Толығымен жабылмаған есік туралы ескерту сигналы:</b> Оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйінде болған және есіктердің бірі немесе жұқсалғыш қақпағы ашық тұрған кезде есікті құлыптау датчигін тұрту.	Есіктерді мықтап жауып, құлыптаңыз. Автокөлік есіктерінің бірі және жұқсалғыш қақпағы ашық тұрса, есіктерді құлыптау мүмкін болмайды.
«Динь»	Ұзақ дыбыс сигналы (60 секундтан көп емес)	—	<b>Электр қуатын өшіру қажеттігі туралы ескерту сигналы:</b> Қашықтан ашу салпыншағы сізбен бірге болған кезде, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF-тан басқа кез келген күйде болған кезде, ал селектор тұтқасы Р күйінде болған кезде есікті құлыптау датчигін тұрту.	Қашықтан ашу салпыншағын автокөлікке қайтарыңыз немесе оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз. Егер оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF күйінде болмаса, есіктерді құлыптауға болмайды.

Ішкі ескертуші дыбыс сигналы	Сыртқы ескертуші дыбыс сигналы	Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы режим индикаторы	Күй	Әрекет
«Динь-динь» (7 секунд)	—	—	<b>Қашықтан ашу кілтінiң ескерту сигналы:</b> Қашықтан ашу салпыншағы автокөлік ішінде болмаған жағдайда автокөліктің қозғалуы.	Автокөлікті басқару кезінде қашықтан ашу салпыншағы сізбен бірге болуы керек.
«Динь»	—	—	<b>е-BOXER жүйесін іске қосқан кездегі қашықтан ашу кілтінiң ескерту сигналы:</b> Қашықтан ашу салпыншағы автокөлікте болмаған кезде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы басылады.	Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басу кезінде қашықтан ашу салпыншағы сізбен бірге болуы керек.
«Динь»	3 мәртелік дыбыс сигналы	—	<b>Қашықтан ашу кілтінiң автокөліктен шығарылуын ескерту сигналы:</b> Жүргізуші қашықтан ашу салпыншағымен автокөліктен шығады және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF күйінде, ал селектор тұтқасы Р күйінде болғанда жүргізушінің есігін жабады.	Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз және автокөліктен шығыңыз.
«Динь»	3 мәртелік дыбыс сигналы	—	<b>Жолаушы беретін қашықтан ашу кілтінiң автокөліктен шығарылуын ескерту сигналы:</b> Жолаушы қашықтан ашу салпыншағымен автокөліктен шығады және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF-тан басқа кез келген күйде болған кезде жүргізуші есігінен басқа кез келген есікті жабады.	Қашықтан ашу салпыншағын автокөлік салонына қайтарыңыз немесе оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз.
Ұзақ дыбыс сигналы (үздіксіз)	Ұзақ дыбыс сигналы (үздіксіз)	—	<b>Селекторды Р күйіне орнатпай қашықтан ашу кілтінiң автокөліктен шығарылуын ескерту сигналы:</b> Жүргізуші қашықтан ашу салпыншағымен автокөліктен шығады және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF күйінде, ал селектор тұтқасы Р күйінен басқа күйде болғанда жүргізушінің есігін жабады.	Селектор тұтқасын Р күйіне бұраңыз, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз және автокөліктен шығыңыз.

Ішкі ескертуші дыбыс сигналы	Сыртқы ескертуші дыбыс сигналы	Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы режим индикаторы	Күй	Әрекет
Ұзақ дыбыс сигналы (үздіксіз)	—	—	<b>Селектор тұтқасының күйін ескерту сигналы:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>1-мысал. е-BOXER жүйесі селектор тұтқасы Р күйінен басқа күйде болған кезде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басу арқылы өшіріледі.</li> <li>2-мысал. Жүргізуші есігі оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF күйінен басқа күйде болғанда, ал селектор тұтқасы Р күйінен басқа күйде болғанда ашық болады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>1-мысал: е-BOXER жүйесін іске қосыңыз, селектор тұтқасын Р күйіне бұраңыз, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз және автокөліктен шығыңыз.</li> <li>2-мысал: Селектор тұтқасын Р күйіне бұраңыз, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз және автокөліктен шығыңыз.</li> </ul>
«Динь»	—	—	Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементінің заряды таусылды.	Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстырыңыз.
«Динь»	—	Жасыл түспен жыпылықтайды (максимум 15 секунд)	<b>Руль бағанының бұғатталуын ескерту сигналы:</b> е-BOXER жүйесі жұмыс істейді, бірақ руль әлі де құлыптаулы.	Рульді оңға және солға жеңіл бұрай отырып, тежегіш педалін басыңыз және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз.
«Динь»	—	Қызғылт сары түспен жыпылықтап тұр	<b>Жүйе ақаулығын ескерту сигналы:</b> Электр қуаты жүйесінде немесе руль бағанын бұғаттау құлпында ақаулық анықталды.	Автокөлікті тексерту үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

## ■ Имобилайзердің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы имобилайзер жүйесінің іске қосылғанын көрсетеді. Төменде көрсетілген жағдайларда имобилайзердің бақылау шамы жыпылықтай бастайды.

- Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстырғаннан кейін бірден.
- Төмендегі шарттардың бәрі орындалған жағдайда жүргізуші есігін ашқаннан немесе жапқаннан кейін бірден.
  - Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы ON немесе ACC күйінде.
  - Қозғалтқыш жұмыс істемей тұр.


Тіркелмеген кілт пайдаланылған жағдайда (мысалы, кілт тіркелмеген немесе сәйкестендіру коды сәйкес келмейді), ON қуат режимі қосылмайды және имобилайзердің басқару шамы жыпылықтай береді.

## ЕСКЕРТПЕ

- Төменде тізіп көрсетілген жағдайларда имобилайзердің бақылау шамы қосылмайды. Бұл сәйкестендіру кодын тексеру аяқталғанын, имобилайзер жүйесі өшірілгенін және бұл ақаулықты көрсетпейтінін білдіреді.
  - Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда.
  - Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы ON немесе ACC күйіне ауыстырылды, ал жүргізушінің есігі ашық немесе жабық болмады.

- Тіпті ақаулықты бақылау шамы жүйелі түрде жыпылықтамайтын ақаулық туындаған жағдайда да бұл имобилайзер жүйесінің функционалдығына әсер етпейді.

## ■ SI-DRIVE индикаторы




### SI-DRIVE индикаторы

- 1 Спорттық режим (S)
- 2 Интеллектуалды (I) режим

Бұл индикатор SI-DRIVE жүйесінің ағымдағы жұмыс режимін көрсетеді.

SI-DRIVE режимдері туралы толық ақпаратты SI-DRIVE бөлімінен қараңыз, ☎290-б.

## ■ Селектор тұтқасы күйінің/қосулы берілістің индикаторы



- 1 Берілісті жоғарылату индикаторы
- 2 Берілісті төмендету индикаторы
- 3 Селектор тұтқасы күйінің/қосулы берілістің индикаторы

Индикатор селектор тұтқасының күйін көрсетеді.

Егер қолмен басқару режимі таңдалса, қосылған беріліс индикаторы (ол ағымдағы таңдалған берілісті көрсетеді) және берілістің қолжетімді жоғарылауы/төмендеуі индикаторы жанады. «Қолмен басқару режимін таңдау» бөлімін қараңыз, ☎287-б.

## ▼ Берілісті ауыстырып қосу индикаторы

Егер отынды үнемдеу үшін жоғары деңгейге ауысу ұсынылса, берілісті жоғарылату индикаторы жыпылықтайды.



Төмен беріліске ауысу ұсынылғанда, берілісті төмендету индикаторы жыпылықтайды.

## ЕСКЕРТПЕ

- Берілісті ауыстырып қосу индикаторын өшіру мүмкін емес.
- Өдетте берілісті ауыстырып қосу индикаторы көлікті барынша үнемді жүргізу үшін ұсыныстар береді, оған қоса иінді білік төменгі жиілікте айналғанда қозғалтқыштың тоқтауына жол бермейді.
- Сонымен қатар жоғары жылдамдықта қозғалтқыш зақымдалмауы үшін берілісті ауыстырып қосу индикаторы іске қосылады.

## ■ Бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамдары



Бұл шамдар бұрылыс көрсеткішінің немесе жолақты ауыстыру сигналының жұмысын көрсетеді. Егер бұл бақылау шамдары жыпылықтамаса немесе тым жиі жыпылықтаса, бұл бұрылыс көрсеткіштері шамдарының бірінің күйіп кеткенін білдіруі мүмкін. Мүмкіндік пайда бола салысымен шамды ауыстырыңыз. «Шамдарды ауыстыру» бөлімін қараңыз, 448-б.

## ■ Шалғай жарықтың бақылау шамы



Бұл шам фаралардың шалғай жарық режимінде екенін көрсетеді. Бұл бақылау шамы фаралар жыпылықтаған кезде де жанады.

## ■ Шалғай жарықты басқару көмекшісінің индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор шалғай жарықты басқару көмекшісі функциясын іске қосқан кезде қосылады. Шалғай жарықты басқару көмекшісінің жұмысы туралы толық ақпаратты «Шалғай жарықты басқару көмекшісінің функциясы» бөлімінен қараңыз, 217-б.

## ■ Фаралар жарығын автоматты түзеткіштің сигнал шамы



Бұл шам фаралар жарығын автоматты түзеткіш ақаулы болған жағдайда жанады. Егер бұл шам қозғалыс кезінде жанса, автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

## ■ Жарықдиодты фаралардың сигнал шамы



Бұл шам жарықдиодты фаралардың ақаулығы болған жағдайда жанады. Мұндай жағдайда автокөлігіңізді тексерту үшін алғашқы мүмкіндік тұндаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

## ■ Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыруды өшірудің бақылау шамы



Бұл шам бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру функциясы өшірілген кезде қосылады. Функцияны баптауларда қосу/өшіру туралы қосымша ақпарат алу үшін «Автокөлік баптаулары» бөлімін қараңыз, 202-б.

## ■ Бұрылыстарды динамикалық жарықтандырудың сигнал шамы



Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру жүйесінде ақаулық болған кезде шам жыпылықтайды. «Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру» бөлімін қараңыз, 220-б.

## ■ Фаралардың бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Жарық ауыстырып қосқышы «» не «» күйінде тұр.
- Жарық ауыстырып қосқышы AUTO күйінде және фаралар автоматты түрде қосылды.

■ **Тұман фараларының бақылау шамы**



Бұл бақылау шамы тұман фаралары қосылған кезде жанады.

■ **Артқы тұман шамдарының бақылау шамы**



Бұл бақылау шамы артқы тұман шамы қосылған кезде жанады.

■ **Артта келе жатқан автокөліктердің жақындауын анықтаудың ескерту индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection)**



Бұл ескерту индикаторы қандай да бір себеппен артқы жақтан көліктердің жақындауын анықтау жүйесі ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) жанады. Толығырақ ақпарат алу үшін «SRVD жүйесінің ескерту шамы» бөлімін қараңыз, 321-б. Бұл шам жанып тұра берсе, автокөлігіңізді тексерту үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ **Артта келе жатқан автокөліктерді анықтауды өшірудің индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection)**



Бұл индикатор аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) автокөліктердің артқы жақтан жақындағанын анықтау жүйесін өшіру үшін «SRVD жүйесі» тармағын таңдаған кезде

немесе SRVD жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылған кезде жанады. Толық ақпаратты «Артта келе жатқан автокөліктерді анықтауды өшірудің индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection)» бөлімінен қараңыз, 320-б.

■ **Мұз басқан жолдың сигнал шамы**



Егер сыртқы температура 3 °C (37 °F) немесе одан төмен болса, мұз басқан жолдың сигнал шамы қосылады, бұл жүргізушіге ықтимал көктайғақ туралы хабарлайды.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Сыртқы температура индикаторында датчик аймағындағы температура көрсетіледі. Алайда температура дұрыс көрсетілмеуі мүмкін немесе оның жаңаруы келесі жағдайларда көшіктірілуі мүмкін:
  - Тұрақ немесе төмен жылдамдықпен жүру кезінде.
  - Сыртқы температура күрт өзгерген кезде (мысалы, жерасты автотұрағына кіру және жерасты тұрағынан шығу кезінде немесе туннель арқылы өту кезінде).
  - Белгілі бір уақыт аралығында автокөлік тоқтап тұрғаннан кейін қозғалтқыш оталған кезде.
- Мұз басқан жолдың сигнал шамының қосылуы тек көктайғақтың ықтималдығы туралы ескерту ретінде қарастырылуы керек. Жол жүрер алдында міндетті түрде жол жабынының күйін тексеріп алыңыз.

- Қосылғаннан кейін, мұз басқан жолдың сигнал шамы сыртқы температура 5 °C (41 °F) немесе одан жоғары мәнге көтерілгенше сөнбейді.

■ **Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы (RAB)**



Бұл индикатор артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB) істен шыққан кезде жанады. «Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)» бөлімін қараңыз, 324-б.

■ **Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесін өшірудің индикаторы (RAB)**



Бұл бақылау шамы артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB) өшірілген болса немесе RAB жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылған болса, қосылады. «Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)» бөлімін қараңыз, 324-б.

■ **Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесі жұмысының бақылау шамы (жасыл) (бар болса)**



Бұл бақылау шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жанады. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл)» бөлімін қараңыз, 344-б.

### ■ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің сигнал шамы (сары) (бар болса)



Бұл сигнал шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінде ақаулық болған кезде жанады. Мұндай жағдайда автокөлігіңізді тексерту үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл)» бөлімін қараңыз, 344-б.

### ■ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы (бар болса)



Бұл шам дисплейде жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшіру үшін «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі» тармағын басқан кезде жанады. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы» бөлімін қараңыз, 344-б.

### ■ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің уақытша тоқтауының бақылау шамы (бар болса)



Бұл бақылау шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысы уақытша тоқтаған кезде жанады. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтатудың бақылау шамы» бөлімін қараңыз, 344-б.

## ЕСКЕРТПЕ

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысы төмендегі жағдайларда уақытша тоқтатылады.

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі блогының жоғары температурасы.

### ■ Ультрадыбыстық датчиктердің ескертуші дыбыс сигналын өшіру индикаторы



Бұл индикатор ультрадыбыстық датчиктердің ескертуші дыбыс сигналын өшірген кезде жанады. Баптау процедурасын «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б.

### ■ Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы



- ▼ Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы қосылған кезде

Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы сүзгіде жинақталған қатты заттардың мөлшері белгіленген шекті мәннен асып кеткен кезде жанады. Күйені кетіру үшін арнайы қозғалыс жағдайларын сақтай отырып, көлікпен жүріңіз. Күйені кетіргеннен кейін бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы сөнеді. Арнайы қозғалыс жағдайлары «Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы қосылған кезде» бөлімінде сипатталған, 352-б.

- ▼ Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтаған кезде

Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтаған кезде шұғыл тексерту үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер автокөлік бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтаған кезде жүре берсе, қозғалтқышты және күйе сүзгісін қорғау үшін қозғалтқыштың қуаты шектелуі мүмкін. Бұл жағдайда автокөліктің жылдамдығы шектеулі болады, ал жеделдету және өрге көтерілу сипаттамалары төмендеуі мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтаған кезде круиз-контрольді немесе жылдамдықты шектегішті пайдалану мүмкін емес.

### ■ e-BOXER жүйесі ақаулығының шамы



e-BOXER жүйесі ақаулығының шамы e-BOXER жүйесінде ақаулық болған кезде жанады.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Егер e-BOXER жүйесі ақаулығының шамы жанса, аспаптар тақтасының дисплейінде ақпараттық терезе де көрсетіледі. Аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілген процедураны орындаңыз және автокөлікті тексерту үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Жаяу жүргіншілерді ескерту жүйесін өшірудің бақылау шамы



Бұл индикатор жаяу жүргіншілердің ескерту жүйесінде ақау болған кезде жыпылықтайды.

- e-BOXER жүйесі дайындығының бақылау шамы

**READY**

Бұл шам e-BOXER жүйесі іске қосылған кезде жанады. Ол e-BOXER жүйесі өшірілген кезде сенеді.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін e-BOXER жүйесі дайындығының бақылау шамы жанбаса, автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Электрлік тарту күшімен қозғалу режимінің бақылау шамы (EV)

**EV**

Бұл шам келесі жағдайларда жанады.


- Тек электрлік тарту күшімен қозғалған кезде.
- Қозғалтқышты e-BOXER жүйесі автоматты түрде тоқтатқан кезде.

## 3-6. Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды)

### ЕСКЕРТУ

Автокөліктің қозғалысы кезінде аспаптар тақтасының дисплейін (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейді) пайдаланған жағдайда міндетті түрде қауіпсіздікке ерекше назар аударыңыз. Егер аспаптар тақтасының дисплейімен жұмыс істеу (түрлі түсті СҚД) автокөлікті жүргізуге кедергі келтірсе, экрандағы операцияларды орындамас бұрын автокөлікті тоқтатыңыз. Сонымен бірге автокөлікті жүргізу кезінде назарыңызды дисплейге шоғырландырмаңыз. Бұл назарыңызды жолдан алаңдатып, апатқа ұшыратуы мүмкін.

Аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СҚД) әртүрлі ақпарат көрсетіледі. Сонымен бірге қандай да бір ақаулық анықталған жағдайда дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады. Одан өзге көрсетілетін ақпараттың кейбір баптауларын жүргізуге болады.



Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды)

- 1 Аспаптар тақтасының ақпараттық экраны («Аспаптар тақтасының ақпараттық экраны» бөлімін қараңыз, 180-б.)
- 2 Ескерту экраны («Ескерту экраны» бөлімін қараңыз, 180-б.)/негізгі экран («Негізгі экрандар» бөлімін қараңыз, 183-б.)
- 3 EyeSight жүйесінің экраны\*


- 4 Цифрлық жылдамдық экраны («Цифрлық жылдамдық экраны» бөлімін қараңыз, 187-б.)
- 5 Ақпараттық терезе («Ақпараттық терезе» бөлімін қараңыз, 182-б.)
- 6 Селектор тұтқасы күйінің/қосулы берілістің индикаторы («Селектор тұтқасы күйінің/қосулы берілістің индикаторы» бөлімін қараңыз, 174-б.)
- 7 SI-DRIVE индикаторы («SI-DRIVE индикаторы» бөлімін қараңыз, 174-б.)
- 8 Одометр («Одометр» бөлімін қараңыз, 151-б.)/күнделікті жүрілген жолдың қос санағышы («Күнделікті жүрілген жолдың қос санағышы» бөлімін қараңыз, 152-б.)

A: EyeSight жүйесін қосу

B: EyeSight жүйесін өшіру

\*: Толығырақ ақпарат EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.

## ■ Негізгі операциялар



### Басқару түймелері



« $\wedge$ » және « $\vee$ » түймелерінің көмегімен экрандарды ауыстырып қосуға болады.

Автокөлік туралы ақпарат, ескертулер және т.б. секілді кейбір пайдалы хабарламалар пайда болғанда, олар ағымдағы экранның көрсетілімін үзеді де, дыбыс сигналы беріле отырып, дисплейде пайда болады. Мұндай экран пайда болғанда экрандағы хабарламаға сәйкес қажетті әрекеттерді орындаңыз.

Ескерту экраны бірнеше секундтан кейін бастапқы экранға ауысады. Дисплейде « $\mathbf{i}$ » ақпараттың бар екенін еске салу белгішесі көрсетіліп тұрғанда ескерту экранын қайтадан ашуға болады. Дисплейде « $\mathbf{i}$ » белгішесімен

белгіленген хабарламаны шақыру үшін рульдегі «**I**» пернесін басыңыз

### ■ Сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) және қоштасу экраны (соңғы анимация)

Құлпы ашылған жүргізушінің есігі ашылып-жабылғанда, аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СҚД) сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) шамамен 20 секундқа пайда болады.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйіне бұралған кезде аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті СҚД) қоштасу экранын (соңғы анимация) көрсете отырып біртіндеп сөнеді.

### ЕСКЕРТПЕ

- Сәлемдесу экраны мен қоштасу экранының нақты мәтіні мен сыртқы көрінісі өзгеше болуы мүмкін.
- Егер сіз сәлемдесу экраны көрсетілген кезде оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне бұрасаңыз, негізгі экран пайда болады.
- Сәлемдесу экраны пайда болғаннан кейін оның қайта көрсетілуіне дейін біршама уақыт өтуі тиіс.
- Егер жүргізушінің есігі ашылғаннан кейін оталдыру жүйесінің ажыратқышы іске қосылса, жүргізушінің есігі ашылып-жабылса да, сәлемдесу экраны пайда болмайды.

- Егер сәлемдесу экраны көрсетіліп тұрғанда жүргізуші есігін есіктердің құлпын қашықтан басқару жүйесінің (барлық модельдерде) немесе қашықтан ашу жүйесінің (орнатылған болса) көмегімен құлыптасаңыз, сәлемдесу экраны жабылып қалады.
- Сәлемдесу экранын, соның ішінде аудиожүйенің/навигация жүйесінің блогын қосуға немесе өшіруге болады.
- Сәлемдесу экранын қосуға немесе өшіруге болады. Толығырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, ☎198-б.
- Қоштасу экранын қосуға немесе өшіруге болады. Толығырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, ☎198-б.

### ■ Ескерту экраны




#### Ескерту үлгісі

Техникалық қызмет көрсету қажеттігі туралы ескерту хабарламасы немесе хабарландыру пайда болған кезде ол аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СҚД) пайда болады. Көрсетілген хабарламаларға сәйкес тиісті әрекеттерді қабылдаңыз.

### ■ Аспаптар тақтасының ақпараттық экраны

Аспаптар тақтасының ақпараттық экранының мазмұнын өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, ☎198-б.

▼ Эконометр



Эконометр күнделікті жүрілген жолдың санағышы соңғы рет қалпына келтірілгеннен кейінгі орташа отын шығыны мен ағымдағы отын шығыны арасындағы айырмашылықты көрсетеді.


Эконометр келесі кестеге сәйкес ағымдағы үнемділікті көрсетеді.

Көрсетілетін өлшем бірліктері	Көрсеткі жағдайы	
	«+» жақ	«-» жақ
миля/галлон	Жақсы	Нашар
л/100 км	Нашар	Жақсы

**ЕСКЕРТПЕ**

- Эконометрдің көрсеткіштері болжалды болып келеді.
- Күнделікті жүрілген жол санағышының көрсеткіштері қалпына келтірілгеннен кейін, автокөлік 1 км (0,6 миля) жүріп өтпейінше орташа отын шығыны көрсетілмейді. Бұған дейін эконометр жұмыс істемейді.

▼ Сағат және температура



Бұл экранда сағат пен сыртқы температура көрсетіледі.


Сағат баптаулары туралы толық ақпаратты «Сағат» бөлімінен қараңыз, ☎212-б.

**ЕСКЕРТПЕ**

Сыртқы температура индикаторында датчик аймағындағы температура көрсетіледі. Алайда температура дұрыс көрсетілмеуі мүмкін немесе оның жаңаруы келесі жағдайларда кешіктірілуі мүмкін.


- Тұрақ немесе төмен жылдамдықпен жүру кезінде.
- Сыртқы температура күрт өзгерген кезде (мысалы, жерасты автотұрағына кіру және жерасты тұрағынан шығу кезінде немесе туннель арқылы өту кезінде).
- Белгілі бір уақыт аралығында автокөлік тоқтап тұрғаннан кейін қозғалтқыш оталған кезде.

▼ Компас (бар болса)



Автокөлік қозғалысының бағыты көрсетіледі.


▼ Қалған отынмен жүріс қоры



**ЕСКЕРТПЕ**

Көрсетілген қалған отынмен жүріс қоры тек болжалды мән болып табылады. Көрсетілген мән нақты жүріс қорынан өзгеше болуы мүмкін, сондықтан отынның төмен деңгейінің сигнал шамы жанса, дереу отынды толтырып қюу керек.

■ Ақпараттық терезе



1 Ақпараттық терезе











Тиісті жағдай туындаған кезде ақпараттық терезеде келесі индикаторлар көрсетіледі.



**ЕСКЕРТПЕ**

- Ескерту ақпараты болған кезде ол сол жақтан бастап олардың басымдық дәрежесі бойынша өсіп келе жатқан тәртіппен бес ескерту индикаторы түрінде көрсетіледі.
- Көрсету үшін 6 немесе одан да көп ескерту хабарламасы болған кезде индикаторлар ретімен көрсетіледі.

Белгі	Аты	Бет
	Ашық есіктің бақылау шамы	166
	Ашық капоттың сигнал шамы	166
	Жарықдиодты фаралардың сигнал шамы	175
	Шалғай жарықты басқару көмекшісінің индикаторы (бар болса)	175
<b>SRH OFF</b>	Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыруды өшірудің бақылау шамы	175
<b>SRH</b>	Бұрылыстарды динамикалық жарықтандырудың сигнал шамы	175
	Мотор майының төмен деңгейінің сигнал шамы	160
<b>AT OIL TEMP</b>	Май температурасының сигнал шамы (AT OIL TEMP)	161
<b>AWD</b>	Толық жетектің сигнал шамы	167
<b>RAB</b>	Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы (RAB)	176
<b>RAB OFF</b>	Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесін өшірудің индикаторы (RAB)	176




Белгі	Аты	Бет
	Ультраздыбыстық датчиктердің ескертуші дыбыс сигналын өшіру индикаторы	177
	Артта келе жатқан автокөліктердің жақындауын анықтаудың ескерту индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection)	176
	Артта келе жатқан автокөліктерді анықтауды өшірудің индикаторы (Subaru Rear Vehicle Detection)	176
	Фаралар жарығын автоматты түзеткіштің сигнал шамы	175
	Өйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы	167
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жұмысының бақылау шамы (жасыл) (бар болса)	176
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің сигнал шамы (сары) (бар болса)	177
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы (бар болса)	177
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің уақытша тоқтауының бақылау шамы (бар болса)	177
	Мұз басқан жолдың сигнал шамы	176
	e-BOXER жүйесі ақаулығының шамы	177

Белгі	Аты	Бет
	Жаяу жүргіншілерді ескерту жүйесін өшірудің бақылау шамы	178
	Бензиндік қозғалтқыштың күйе сузгісінің сигнал шамы (бар болса)	177

## ■ Негізгі экрандар

Рульдегі « $\wedge$ » немесе « $\vee$ » түймелерін пайдаланып, үнемі көрсетілетін экранды өзгертуге болады.

Орташа отын шығынының экраны:



AVG: Орташа отын шығыны

 ← Қалған отынмен жүріс қоры


Бұл экран күнделікті жүрілген жол санағышының көрсеткіштерін соңғы нөлдеу сәтінен бастап орташа отын шығынын көрсетеді.

## ЕСКЕРТПЕ

Көрсетілген қалған отынмен жүріс қоры тек болжалды мән болып табылады. Көрсетілген мән нақты жүріс қорынан өзгеше болуы мүмкін, сондықтан отынның төмен деңгейінің сигнал шамы жанса, дереу отынды толтырып құю керек.

3  
Аспаптар мен басқару құралдары

Ағымдағы отын шығынының экраны:




: Ағымдағы отын шығыны  
: Қалған отынмен жүріс қоры

## ЕСКЕРТПЕ

Көрсетілген қалған отынмен жүріс қоры тек болжалды мән болып табылады. Көрсетілген мән нақты жүріс қорынан өзгеше болуы мүмкін, сондықтан отынның төмен деңгейінің сигнал шамы жанса, дереу отынды толтырып қюу керек.


Сапар туралы ақпараты бар экран:



: Сапар ұзақтығы  
: Сапар қашықтығы

Бұл экранда сапардың ұзақтығы (оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырған сәттен бастап өткен уақыт) және сапар қашықтығы (оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырған сәттен бастап өткен қашықтық) көрсетіледі.

Отынды үнемдеу экраны:



- 1 Қозғалтқыш e-BOXER жүйесімен өшірілген жалпы уақыт.
- 2 Қозғалтқышты e-BOXER жүйесімен тоқтату салдарынан үнемделген отынның жалпы мөлшері.

Көрсетілген мөндер күнделікті жүрілген жол санағышы соңғы рет қалпына келтірілгеннен бастап ағымдағы уақытқа дейін есептеледі. Индикация диапазондары:


- Жалпы уақыт: 00 мин 00 с бастап 9999 сағ 59 мин 59 с дейін
- Үнемделген отынның жалпы мөлшері: 0 мл бастап 9999,999 л дейін

## ЕСКЕРТПЕ

- Күнделікті жүрілген жол санағышы қалпына келтірілгенде, тиісті жалпы уақыт пен үнемделген отынның мөлшері де қалпына келтіріледі.

- Қозғалтқыш е-BOXER жүйесімен тоқтатылған қозғалыс уақыты да сапар уақытына қосылады.

TPMS жүйесінің экраны:




Бұл экранда әрбір шинадағы қысым көрсетіледі. Қандай да бір шинаның қысымы төмендеген кезде, бұл шина мен ондағы қысым экранда сары түспен көрсетіледі.

## ЕСКЕРТПЕ

- Шиналардағы қысымның мәндері жол жүргеннен кейін бірнеше минуттың ішінде көрсетіледі.
- Шина қысымын бақылау жүйесі шинадағы қысымның төмендеуін анықтағаннан кейін, жүйе қысымның қалыпты жағдайға оралғанын анықтағанша, бұл шинадағы қысым мәні сары түспен көрсетіледі.


- Сигнал шамын қосқан кезде шинадағы қысымды дереу қалыпқа келтіріңіз. Егер шинадағы қысымды бақылау жүйесі шинадағы қысымның қалыпты екенін анықтаса, сигнал шамы сөніп, қысым мәндері ақ түспен көрсетіледі.
- Шиналардағы номиналды қысым жүргізуші есігінің ойығындағы шанақтың орталық тірегінде орналасқан тақтайшада көрсетілген.

Компас экраны (бар болса):




Автокөлік қозғалысының бағыты көрсетіледі.

Навигация жүйесінің экраны (бар болса):




Егер навигация жүйесінде бағдар бойынша жүргізу қосылса, бұл экранда бағдар туралы ақпарат көрсетіледі. Навигация жүйесін пайдалану туралы толық ақпаратты аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

Аудиожүйе экраны:



Аудиожүйенің экраны аудиожүйенің күйін көрсетеді. Аудиожүйені пайдалану туралы толық ақпаратты аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

Сағат және сыртқы температура экраны:



Бұл экранда сағат пен сыртқы температура көрсетіледі. Сағат баптаулары туралы толық ақпаратты «Сағат» бөлімінен қараңыз, ☞212-б.


## ЕСКЕРТПЕ

Сыртқы температура индикаторында датчик аймағындағы температура көрсетіледі. Алайда температура дұрыс көрсетілмеуі мүмкін немесе оның жаңаруы келесі жағдайларда көшіктірілуі мүмкін:

- Тұрақ немесе төмен жылдамдықпен жүру кезінде.
- Сыртқы температура күрт өзгерген кезде (мысалы, жерасты автотұрағына кіру және жерасты тұрағынан шығу кезінде немесе туннель арқылы өту кезінде).

- Белгілі бір уақыт аралығында автокөлік тоқтап тұрғаннан кейін қозғалтқыш оталған кезде.


Энергия ағыны экраны:



- 1 Электр қозғалтқышының қуаты
- 2 Электр энергиясының ағыны

Энергия ағынының экраны жоғары вольтті батареяда қалған энергия мөлшерін, сондай-ақ қозғалтқыш, жоғары вольтті батарея және шиналар арасындағы энергия ағынының таралуын көрсетеді. Іштен жанатын қозғалтқыштың қуаты қызғылт сары түспен, ал электр қозғалтқышының қуаты жасыл түспен көрсетіледі. Қозғалтқыш пен дөңгелектерден жоғары вольтті батареяға энергия ағыны көк түспен көрсетіледі. SI-DRIVE жүйесі спорттық режимде (S) болған кезде электр қозғалтқышының қуатын көрсетуге болады. Энергия ағыны экраны туралы көбірек білу үшін «Энергия ағыны экраны» бөлімін қараңыз, ☞20-б.

■ Цифрлық жылдамдық экраны



- 1 Жылдамдықты шектеу индикаторы (бар болса)
- 2 Автокөлік жылдамдығы

Бұл экранда автокөліктің ағымдағы жылдамдығы көрсетіледі.

3-7. Орталық ақпараттық дисплей (CID)

**⚠ ЕСКЕРТУ**

Автокөлікті жүргізу кезінде орталық ақпараттық дисплейді пайдалану кезінде қауіпсіздікке ерекше назар аударыңыз. Егер орталық ақпараттық дисплейді пайдалану көлік жүргізуге кедергі келтірсе, экрандағы операцияларды орындамас бұрын көлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Сонымен бірге автокөлікті жүргізу кезінде назарыңызды дисплейге шоғырландырмаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

■ Функциялар

Орталық ақпараттық дисплейде әртүрлі ақпарат көрсетіледі, соның ішінде автокөлік баптаулары, автокөліктің күйі, навигация жүйесінің жұмысы (бар болса), аудиожүйенің жұмысы және климат-контроль жүйесінің жұмысы.

Элементтер	Бет
Қалқыма терезе	188
Автокөліктің күйі және техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат	190
Автокөлік баптаулары	197
Климат-контроль жүйесін пайдалану	197
Артқы көрініс камерасы	310

Элементтер	Бет
Навигация жүйесі	Навигация жүйесін/ аудиожүйені пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.
Аудиожүйе/телефон	Навигация жүйесін/ аудиожүйені пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.
EyeSight технологиясы	EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз.

Орталық ақпараттық дисплейді орталық ақпараттық дисплейдің өзін баптау және қайта баптау үшін де пайдалануға болады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Автокөлік қозғалып келе жатқан кезде кейбір функциялар мен таңдау нұсқалары қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Тіл мен өлшем бірліктерін орталық ақпараттық дисплей үшін де, аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті СКД) үшін де өзгертуге болады. Тіл баптаулары туралы толық ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, ☎198-б. Өлшем бірліктерінің баптаулары туралы толық ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, ☎202-б.
- Тіл өзгерген кезде, тілге байланысты, сирек жағдайларда мәтін дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

- Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген суреттер мысалдар болып табылады. Шынайы суреттер аймақ пен автокөлік жинақтамасына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

### ■ Сәлемдесу экраны

Жүргізушінің есігін ашқанда және жапқанда сәлемдесу экраны қысқа уақытқа пайда болады.

### ЕСКЕРТПЕ

- Сәлемдесу экраны көрсетілген кезде оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне қойсаңыз, сәлемдесу экраны жоғалады.
- Сәлемдесу экранын қосуға немесе өшіруге болады. Толығырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, 198-б.
- Сәлемдесу экраны пайда болғаннан кейін біраз уақыт ішінде ол жүргізуші есігін ашқанда және жапқанда да қайта пайда болмауы мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды.

### ■ Қоштасу экраны

Қоштасу экраны келесі жағдайларда көрсетіледі.

- Оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне ауыстырғаннан кейін жүргізушінің есігі ашық.
- Жүргізушінің есігі жабылған кезде оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне ауыстырғаннан кейін 3 минуттан соң.
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне ауыстырғаннан кейін телефонның динамик функциясын пайдаланған кезде 10 минут өтті.
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйіне орнатылған кезде аккумулятор батареясының төмен кернеуі.


### ■ Қалқыма терезе

Еске салулар секілді пайдалы хабарламалар экранның ағымдағы көрінісін үзуі және дыбыс сигналын бере отырып дисплейде пайда болуы мүмкін. Хабарламаға сәйкес қажетті шараларды қолданыңыз.

### ■ Сенсорлық экран операциялары


Орталық ақпараттық дисплей сенсорлық экранмен жабдықталған. Операциялар сенсорлық экранды тікелей түрту арқылы орындалады.

### ▼ Түрту




Экранды бір рет жылдам түртіп, саусағыңызды алыңыз.

### ▼ Сүйреп апару



Экранды саусағыңызбен түртіп, оны қажетті орынға жылжытыңыз.

▼ Сырғыту



Экранды жылдам саусақпен сырғытыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**


Теңіз деңгейінен жоғары биіктікте орындалатын сырғыту операциялары біркелкі орындалмауы мүмкін.

■ Негізгі экрандар

▼ Сенсорлық экран


Егер оталдыру жүйесінің құлпы ACC немесе ON күйінде болса, сенсорлық экран белсенді болады.

**А типі**



- 1 Негізгі экран белгішесі («Негізгі экран белгішесі» бөлімін қараңыз, 197-б.)
- 2 Күй жолағы («Күй жолағы» бөлімін қараңыз, 190-б.)
- 3 Ақпараттық жолақ («Ақпараттық жолақ» бөлімін қараңыз, 191-б.)
- 4 Негізгі экран («Негізгі экран» бөлімін қараңыз, 197-б.)
- 5 Жүргізуші профилінің белгішесі («Жүргізуші профилінің белгішесі (А типі)» бөлімін қараңыз, 197-б.)
- 6 Климат-контроль жүйесінің экраны («Климат-контроль жүйесінің экраны» бөлімін қараңыз, 197-б.)
- 7 Құрылғыны басқару белгішесі («Құрылғыны басқару белгішесі» бөлімін қараңыз, 197-б.)
- 8 Автокөлік баптауларының белгішесі («Автокөлік баптауларының белгішесі» бөлімін қараңыз, 194-б.)

В типі



- 1 Негізгі экран белгішесі («Негізгі экран белгішесі» бөлімін қараңыз, ☎197-б.)
- 2 Күй жолағы («Күй жолағы» бөлімін қараңыз, ☎190-б.)
- 3 Ақпараттық жолақ («Ақпараттық жолақ» бөлімін қараңыз, ☎191-б.)

- 4 Негізгі экран («Негізгі экран» бөлімін қараңыз, ☎197-б.)
- 5 EyeSight жүйесінің белгішелері<sup>1</sup>
- 6 Құрылғыны басқару белгішесі («Құрылғыны басқару белгішесі» бөлімін қараңыз, ☎197-б.)
- 7 Климат-контроль жүйесінің экраны («Климат-контроль жүйесінің экраны» бөлімін қараңыз, ☎197-б.)
- 8 Автокөлік баптауларының белгішесі («Автокөлік баптауларының белгішесі» бөлімін қараңыз, ☎194-б.)
- 9 Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосу/өшіру белгішесі (AVH) («Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының белгішесі» бөлімін қараңыз, ☎192-б.)

\*1: EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз.

▽ Күй жолағы

Күй жолағында сыртқы температура мен сағат көрсетіледі.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Сыртқы температура индикаторында датчик аймағындағы температура көрсетіледі. Алайда температура дұрыс көрсетілмеуі мүмкін немесе оның жаңаруы келесі жағдайларда кешіктірілуі мүмкін:
  - Тұрақ немесе төмен жылдамдықпен жүру кезінде.
  - Сыртқы температура күрт өзгерген кезде (мысалы, жерасты автотұрағына кіру және жерасты тұрағынан шығу кезінде немесе туннель арқылы өту кезінде).

– Белгілі бір уақыт аралығында автокөлік тоқтап тұрғаннан кейін қозғалтқыш оталған кезде.

- Температура өлшем бірліктерін өзгерту мүмкін емес.
- Сағат 12-сағаттық не 24 сағаттық форматта көрсетіле алады. Тольғырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, ☎198-б.
- Сағат баптаулары экранын көрсету үшін күй жолағындағы сағатты түртіңіз. «Сағат» бөлімін қараңыз, ☎212-б.
- Bluetooth құрылғысы туралы толық ақпаратты аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықтан қараңыз.



▽ Ақпараттық жолақ


Көрсетілетін баптауларды өзгерту үшін ақпараттық жолақтың мазмұнын сырғытыңыз немесе ақпараттық жолақтағы «<» немесе «>» түймесін түртіңіз.

Аудиожүйе экраны:



Қазіргі сәтте таңдалып тұрған аудиодереккөздің экраны көрсетіледі. Аудиожүйені пайдалану туралы толық ақпаратты аудиожүйені/навигация баптауын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

Навигация жүйесінің экраны (навигация жүйесі бар модельдер):



Экранда тағайындалған жерге бағыт көрсетіледі.

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер навигация жүйесінде тағайындалған орын көрсетілмесе, экранда компас, көше атауы және жылдамдық шегі көрсетіледі.

Таңдаулы экраны:



Таңдаулы экраны

Бұл экранда келесі нұсқалардың арасынан таңдауға болатын үш ақпараттық элементке дейін көрсетіледі.

Позиция	Сипаттамасы
	Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы
	Мотор майының температурасы
	Автокөліктің орташа жылдамдығы
	Акселератор педалін басу дәрежесі

Позиция	Сипаттамасы
	Автокөліктің күйі
	Автокөлік қозғалысының бағыты <sup>*1</sup>
	Автокөлік қазір жүріп келе жатқан жолда жылдамдықтың белгіленген шегі <sup>*1</sup>
	Күнтізбе
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі туралы ақпарат <sup>*1</sup> және жүргізуші үшін орташа отын шығыны
	Ештеңе көрсетілмейді.

\*1: Бар болса

## ЕСКЕРТПЕ

Автокөліктің моделі мен конфигурациясына байланысты кейбір элементтер көрсетілмеуі мүмкін.

Таңдаулылар экранында көрсетілетін элементтерді өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Таңдаулы виджеттер» бөлімінен қараңыз, ☎206-б.

### ▽ Негізгі экран

Төменде келтірілген мәзірлер туралы толық ақпарат алу үшін аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықты қараңыз.

- Радио
- Мультимедиа
- Телефон
- Карта
- Қолданбалар
- Таңбаша қосу

### ▽ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының белгішесі



Мысалы: сенсорлық экран (А типі)



Мысалы: Сенсорлық экран (В типі)

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосу немесе өшіру үшін «Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру» белгішесін түртіңіз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы өшірулі болса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы сөнеді. «Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосу/өшіру» бөлімін қараңыз, ☎305-б.

▽ **Автокөлік динамикасын басқару белгішесі**



**Мысалы: сенсорлық экран (B типі)**

Автокөлік динамикасын басқаруды қосу немесе өшіру үшін автокөлік динамикасын басқару (Vehicle Dynamics Control) белгішесін түртіңіз.


Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде автокөлік динамикасын басқару өшірілсе, аспаптар тақтасында автокөлік динамикасын басқарудың өшірілгенін білдіретін басқару шамы жанады.

Автокөлік динамикасын басқару жүйесі өшіріледі. Автокөлік динамикасын басқару жүйесін қосу үшін автокөлік динамикасын басқару белгішесін қайта түрткеннен кейін, автокөлік динамикасын басқарудың өшірілгенін білдіретін бақылау шамы сөнеді.

«Автокөлік динамикасын басқару жүйесін қосу/өшіру» бөлімін қараңыз, 299-б.

▽ **Дисплейді өшіру**


Дисплейді өшіру режимін қосу:



**Мысалы: сенсорлық экран (B типі)**

Дисплейді өшіру (Display Off) белгішесін түртіңіз.

**Дисплейді өшіру режимін өшіру:**




1 Дыбыс деңгейін реттегіш

Экранды қайта қосу үшін дыбыс деңгейін реттегішті басып тұрыңыз.

▽ Жүргізуші профилінің белгішесі  
(B типі)



Жүргізуші ақпаратын тексеру үшін «» (жүргізуші профилінің белгішесі) белгішесін түртіңіз. Толық ақпаратты аудиожүйені/ навигация жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

▽ **Автокөлік баптауларының белгішесі**

Қозғалыс кезінде өзгертуге болатын элементтерді көрсету үшін басыңыз.

Позиция		Ықтимал баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі	Баптау процедурасы бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі	2-деңгей мәзірі			
Автокөлікті басқару	Автокөлік динамикасын басқару	Қосулы/өшірулі	299	206
	Круз-контроль жүйесінің үдету сипаттамалары	Үнемдеу/Жайлылық/Стандарт/Динамика	*2	—
	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)	Қосулы/өшірулі	304	206
	Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру (SRH) <sup>1</sup>	Қосулы/өшірулі	220	206
Көлік жүргізген кезде көмектесу жүйелері	Апатқа дейінгі тежеу функциясы	Қосулы/өшірулі	*2	—
	Алдынан соқтығысудың алдын алу функциясы	Алыстан/қалыпты/жақыннан анықтау		
	Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі <sup>1</sup>	Қосулы/өшірулі		
	Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы	Барлық функциялар/Тек қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы/Тек ескертуші дыбыс сигналы/Өшірулі		
	Автокөліктің артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі (SRVD)	Қосулы/өшірулі	320	206
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі <sup>1</sup>	Қосулы/өшірулі	336	206

## 196 Орталық ақпараттық дисплей (CID)

Позиция		Ықтимал баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі	Баптау процедурасы бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі	2-деңгей мәзірі			
Жылдамдықты басқару кезіндегі көмек <sup>*1</sup>	Жылдамдықты шектегіш <sup>*1</sup>	Қолмен/интеллектуалды	*2	—
	Жылдамдықты шектегіш/круиз-контроль <sup>*1</sup>	Қолмен/интеллектуалды		
	Интеллектуалды жылдамдықты шектегіш үшін жылдамдықтың ауытқуы <sup>*1</sup>	-10 км/сағ (-5 миль/сағ) және +10 км/сағ (+5 миль/сағ) аралығы		
	Жылдамдықты шектеу туралы ескерту функциясы <sup>*1</sup>	Қосулы/өшірулі		
	Жылдамдық шегінің өзгеруін білдіретін дыбыс сигналы <sup>*1</sup>	Қосулы/өшірулі		
Басқа баптаулар	Ескерту сигналының дыбыс деңгейі	Минималды/Орташа/Максималды	319, 334 және *2	—
	Өлшем бірліктері	км, км/сағ, л/миля, миля/сағ, галлон	151 және 178	206
	Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту <sup>*1</sup>	Қосулы/өшірулі	*2	—

\*1: бар болса.

\*2: EyeSight жүйесі туралы толық ақпаратты пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен бірге берілген EyeSight жүйесінің сипаттамасынан қараңыз.


▼ Жүргізуші профилінің белгішесі (А типі)

Жүргізуші ақпаратын тексеру үшін « 👤 » (жүргізуші профилінің белгішесі) белгішесін түртіңіз. Толық ақпаратты аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

▼ Құрылғыларды басқару белгішесі


Автокөлікті Android Auto, Apple CarPlay немесе ұқсас қолданбаны пайдаланатын құрылғымен жұптастыру үшін құрылғыларды басқару белгішесін түртіңіз. Толық ақпаратты аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

▼ Негізгі экран белгішесі

Жоғарғы деңгейдегі мәзiрдi ашу үшін белгішені  (негізгі экран) түртіңіз.

▼ Климат-контроль жүйесінің экраны

Бұл экран климат-контроль жүйесінің күйін көрсетеді.




- 1 Климат-контроль жүйесін қосу/өшіру белгішесі
- 2 Белгіленген температура индикаторы (сол жағы)
- 3 Ауаны тарату режимі
- 4 Климат-контроль жүйесінің жұмыс режимі
- 5 Ауақармауышты басқару
- 6 Кондиционер қосылуының индикаторы
- 7 Синхрондау режимінің индикаторы (SYNC)
- 8 Белгіленген температура индикаторы (оң жағы)
- 9 Бапталатын белгіше
- 10 Желдеткіш жылдамдығының реттегіші

Климат-контроль жүйесімен жұмыс істегенде негізгі экран климат-контроль жүйесінің экранына ауыстырылып қосылады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Климат-контроль жүйесін басқару панелі» бөлімін қараңыз, 238-б.

▼ Негізгі экран



Мысалы: Сенсорлық экран (В типі)

Негізгі экранды көрсету үшін түймені  (негізгі экран) түртіңіз.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта төменде келтірілген баптаулар сипатталған. Басқа элементтер туралы толық ақпаратты аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.



- «Баптаулар» → «Жалпы»
- «Баптаулар» → «Автокөлік»
- «Автокөлік туралы ақпарат»

### ▽ Жалпы баптаулар

Уақытты орнату және ортақ элементтерді көрсету.



#### Мысалы: сенсорлық экран (B типі)

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. →  (Баптаулар).
3. → «Жалпы».
4. Қажет мәзірді таңдаңыз.



Төменде келтірілген элементтердің баптауларын өз қалауыңыз бойынша қолмен өзгертуге болады

Позиция			Ықтимал баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі	Баптау процедурасы бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі	2-деңгей мәзірі	3-деңгей мәзірі			
Жалпы	Сағат	Уақытты орнату <sup>1</sup>	Автоматты/қолмен	212	212
		Уақытты орнату <sup>2</sup>	Телефонмен синхрондау/қолмен		
		Уақыт белдеуі <sup>3</sup>	Көрсетілетін уақыт белдеуі сату нарығына байланысты		206
		Жазғы уақытқа ауысу <sup>3</sup>	Автоматты режим/Қосулы (+1 сағ)/Өшірулі		206
		Сағат форматы	12 сағат/24 сағат		206
	Дисплейде көрсету	Дисплейді өшіру	Дисплейді өшіру	—	206
		Жарықтық реттегіші	Қосулы/өшірулі	153	206
		Жарықтық/контраст	Дисплей жарықтығын және контрастын баптау және реттеу	206	206
	Wi-Fi баптаулары	Wi-Fi	Қосулы/өшірулі	*4	—
		Мынаған қосылған:	Тіркелген құрылғыны таңдау		
		Қолжетімді Wi-Fi желілері	Қосу		
		Wi-Fi желісін қорғау баптаулары	PIN-кодты баптау/түймені баптау		
		Тіркелген Wi-Fi желілері	—		
	Wi-Fi желісін қорғау туралы ақпарат	Wi-Fi желісін қорғау туралы ақпарат (қосылу нүктесінің режимі)	—		

## 200 Орталық ақпараттық дисплей (CID)

Позиция			Ықтимал баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі	Баптау процедурасы бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі	2-деңгей мәзірі	3-деңгей мәзірі			
Жалпы	Еске салулар экраны	Қызмет көрсету	Қосулы/өшірулі	188	206
		Туған күн	Қосулы/өшірулі		206
		Жылдық мереке	Қосулы/өшірулі		206
	PIN-код арқылы бұғаттау	Құпиясөзді орнату <sup>5</sup>	Пернетақта: жаңа құпиясөзді енгізу	213	213
		PIN-код арқылы бұғаттауды қосу	Пернетақта: құпиясөзді енгізу		
		Құпиясөзді өзгерту	Пернетақта: құпиясөзді өзгерту		
	Аспаптар тақтасының экраны	Көрсеткіш көрсеткілерінің бастапқы ауытқуы	Қосулы/өшірулі	151	206
		Аспаптар тақтасының ақпараттық экраны	Эконометр/сыртқы температура/компас <sup>1</sup> /жүріс қоры	180	206
			Қалқыма терезелерді жүйелі түрде қарау <sup>3</sup>	Қосулы/өшірулі	183
	Камера	Артқы көрініс камерасын өшіру кідірісін басқару	Қосулы/өшірулі	311	206
		Дөңгелектердің бұрылу бұрышының сызықтары	Қосулы/өшірулі	313	206
	Климат-контроль	Климат-контроль жүйесінің бапталатын түймесі	Кондиционер / MAX A/C режимі / Автоматты режим / Рециркуляция / синхрондау (SYNC)	242	206
	Тіл <sup>3</sup>	—	Интерфейс тілі автокөліктің сатылатын нарығына байланысты	178 және 187	206
	Шиналардағы қысымды өлшеу бірліктері	—	кПа / Фунт/шаршы дюйм	183	206
Негізгі экран таңбашалары	—	Қосулы/өшірулі	<sup>4</sup>	206	
Сәлемдесу экраны	—	Қосулы/өшірулі	180	206	

Позиция			Ықтимал баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі	Баптау процедурасы бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі	2-деңгей мәзірі	3-деңгей мәзірі			
Жалпы	Қоштасу экраны	—	Қосулы/өшірулі	180	206
	Таңдаулы виджеттер	—	Тізімнен таңдаулы виджетті таңдау	191	206
	Туған күндер тізімі	—	Туған күнді орнату	207	207
	Жылдық мереке күндерінің тізімі	—	Жылдық мереке күнін орнату	207	207
	Мерзімді демалыс туралы еске салу <sup>3</sup>	—	Қосулы/өшірулі	*4	—
	Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту <sup>3</sup>	Жаңарту	Бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды тексеру		
		Жаңартуларды автоматты түрде тексеру	Қосулы/өшірулі		
		Жаңартуларды автоматты түрде жүктеу	Қосулы/өшірулі		
	Зауыттық баптауларды қалпына келтіру	—	Қалпына келтіру/Бас тарту		
Жүйе туралы ақпарат	—	—			
Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат	—	—			

\*1: навигация жүйесі бар модельдер.

\*2: навигация жүйесі жоқ модельдер.

\*3: бар болса.

\*4: аудиожүйе және навигация жүйесі туралы толық ақпарат алу үшін навигация жүйесі мен аудиожүйеге қатысты нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз.


\*5: бұғаттау PIN-код орнатылғанша көрсетіледі.

## ЕСКЕРТПЕ



Элементтерге түсініктемелерді көрсету үшін «» белгішесін басыңыз.

### ▽ Автокөлік баптаулары

EyeSight жүйесінің баптауларын және автокөлік баптауларын орындау.



#### Мысалы: сенсорлық экран (B типі)

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. →  (Баптаулар).
3. → «Автокөлік».
4. Қажет мәзірді таңдаңыз.

Төменде келтірілген элементтердің баптауларын өз қалауыңыз бойынша қолмен өзгертуге болады.

Позиция			Ықтимал баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі	Баптау процедурасы бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі	2-деңгей мәзірі	3-деңгей мәзірі			
Автокөлік	EyeSight технологиясы	Апатқа дейінгі тежеу функциясы	Қосулы/өшірулі	*2	—
		Алдын алу соқтығысудың алдын алу функциясы	Алыстан/қалыпты/жақыннан анықтау		
		Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі <sup>1</sup>	Қосулы/өшірулі		
		Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы	Барлық функциялар/Тек қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы/Тек ескертуші дыбыс сигналы/Өшірулі		
		Круз-контроль жүйесінің үдету сипаттамалары	Үнемдеу/Жайлылық/Стандарт/Динамика		
		Алдағы автокөлікке ілескені туралы дыбыс сигналы	Қосулы/өшірулі		
		Жылдамдықты шектегіш <sup>1</sup>	Қолмен/интеллектуалды		
		Жылдамдықты шектегіш/круиз-контроль <sup>1</sup>	Қолмен/интеллектуалды		
		Интеллектуалды жылдамдықты шектегіш үшін жылдамдықтың ауытқуы <sup>1</sup>	-10 км/сағ (-5 миль/сағ) және +10 км/сағ (+5 миль/сағ) аралығы		
		Алдағы жол жағдайы туралы ескерту <sup>1</sup>	Кіруге тыйым салынады/тоқтаусыз жүруге тыйым салынады/жол беріңіз		
		Жылдамдықты шектеу туралы ескерту функциясы <sup>1</sup>	Қосулы/өшірулі		
		Жылдамдық шегінің өзгеруін білдіретін дыбыс сигналы <sup>1</sup>	Қосулы/өшірулі		
		Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту <sup>1</sup>	Қосулы/өшірулі		
		Алдағы автокөліктің қозғалысын қадағалау функциясы	Қосулы/өшірулі		
Сол жақ бағыттағы/оң жақ бағыттағы қозғалысты таңдау	Оң жақ бағыттағы қозғалыс/сол жақ бағыттағы қозғалыс				

## 204 Орталық ақпараттық дисплей (CID)

Позиция			Ықтимал баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі	Баптау процедурасы бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі	2-деңгей мәзірі	3-деңгей мәзірі			
Автокөлік	EyeSight жүйесінің көмекші мониторы	Қызыл индикатор	Қосулы/өшірулі	*2	—
		Сары индикатор	Қосулы/өшірулі		
		Жасыл индикатор	Қосулы/өшірулі		
	Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)	Ультрадыбыстық датчиктердің ескертуші дыбыс сигналы	Қосулы/өшірулі	324	206
		Автоматты түрде тежеу	Қосулы/өшірулі		
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі <sup>1</sup>	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі	Қосулы/өшірулі	336	206
		Бетті сканерлеуді қайталау	ОК/Бас тарту		207
		Пайдаланушыны анықтау	Қосулы/өшірулі		206
		Пайдаланушыны тіркеу	Пайдаланушыны тіркеу.		207
		Жүргізушінің күйін жою <sup>1</sup>	Жүргізушінің сақталған күйін жою		207
		Пайдаланушыны жою	Тіркелген пайдаланушыны жою		207
		Барлық пайдаланушыларды жою	Барлық тіркелген пайдаланушыны жою		207
	Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі	Апаттық жарық сигналын беру жүйесі	Қосулы/өшірулі	127 және 131	206
		Қауіпсіздік мақсатында есіктерді қайта құлыптау <sup>3</sup>	20 секунд/30 секунд/40 секунд/ 50 секунд/60 секунд/Өшірулі	131	206
		Жүргізуші есігінің құлпын ашу <sup>1</sup>	Тек жүргізуші есігі/Барлығы	120	206
		Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу <sup>1</sup>	Тек жүксалғыш қақпағы/Барлығы	120	206

1-деңгей мәзірі	Позиция		Ықтимал баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі	Баптау процедурасы бар беттің сілтемесі
	2-деңгей мәзірі	3-деңгей мәзірі			
Автокөлік	Әйнектер жылытқышы	—	15 минут/үздіксіз	230	206
	Салон жарығы	—	10 секунд/20 секунд/30 секунд/өшірулі	255	206
	Қозғалыс жолағын ауыстыру сигналы	—	Қосулы/өшірулі	224	206
	Артқы орындықта жолаушылардың немесе жүктің болуы туралы еске салу	—	Қосулы/өшірулі	62	206
	Автокөлік динамикасын басқару	—	Қосулы/өшірулі	299	206
	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)	—	Қосулы/өшірулі	304	206
	Автокөліктің артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі (SRVD)	—	Қосулы/өшірулі	321	206
	Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру (SRH)	—	Қосулы/өшірулі	220	206
	Ескерту сигналының дыбыс деңгейі	—	Минималды/Орташа/Максималды	319, 334 және *2	206
	Өлшем бірліктері	—	км, км/сағ, л/милия, миля/сағ, галлон	151 және 178	206
	TPMS жүйесінің режимін баптау	—	Қалыпты режим/Жүктеу режимі/ Сүйреу режимі	301	206
	ISA картасы туралы ақпарат*1	—	Әр аймақта қай елдің қолданылатынын білу үшін пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз	*2	—

\*1: бар болса.

\*2: EyeSight жүйесі туралы толық ақпаратты пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен бірге берілген EyeSight жүйесінің сипаттамасынан қараңыз.

\*3: екі рет құлыптау жүйесі жоқ модельдер.

## ЕСКЕРТПЕ

Элементтерге түсініктемелерді көрсету үшін «i» белгішесін басыңыз.

▼ Экрандағы элементтерді таңдау

▼ Қосу/өшіру баптаулары




306133

**Мысал**

Ауыстырып қосқышты түртіп,  «Қосулы» немесе  «Өшірулі» күйін таңдаңыз.

▼ Таңдау



306856

**Мысал**

Қажетті элементті түртіңіз.



▼ Экрандағы элементтерді баптау

▼ Жарықтық/контраст

Орталық ақпараттық дисплей жарықтығын және контрастын баптау және реттеу.

**ЕСКЕРТПЕ**

«Жарықтық» параметрі «Жарықтық реттегіші» өшірілген жағдайда ғана реттелуі мүмкін. «Жалпы баптаулар» бөлімін қараңыз, § 198-б.

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. —  (Баптаулар).
3. — «Жалпы».
4. — «Дисплей».
5. — «Жарықтық/Контраст».



306135

6. Жарықтық пен контрасты реттеу үшін «●» белгішесін сүйреңіз. Зауыттық әдепкі баптауларға оралу үшін «Әдепкі бойынша» түймесін түртіңіз.



▼ Таңдаулы виджеттер



307057





Таңдаулылар экранының мәзірін баптауға болады.

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. →  (Баптаулар).
3. → «Жалпы».
4. → «Таңдаулы виджеттер».
5. Дисплейде элемент белгішесін таңдаңыз.
6. Көрсетілетін элементті таңдаңыз.

### ▽ Туған күндер тізімі

Егер туған күн немесе жылдық мереке күні жақындап қалса, оталдыру жүйесінің ажыратқышын ОН күйіне ауыстырған кезде экранда тиісті хабарлама пайда болады. Бұл функцияны «Еске салулар экраны» мәзірінде қосуға немесе өшіруге болады. Толығырақ ақпаратты «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, [☞ 198-б.](#)

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. →  (Баптаулар).
3. → «Жалпы».
4. → «Туған күндер тізімі».



306137

5. → «Қосу».



306138

6. Атты енгізіңіз.
7. → «Келесі».



306139

8. Күнді енгізіңіз.
9. → «OK».

## ЕСКЕРТПЕ

**5 туған күнді сақтауға болады.**

### ▽ Жылдық мереке күндерінің тізімі



Жылдық мереке күнін баптау процедурасы 4-қадамда «Жылдық мереке күндерінің тізімі» тармағының таңдалатынын қоспағанда «Туған күндер тізімі» ([☞ 207-б](#)) бөліміндегі процедураға ұқсас.

### ▽ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі (бар болса)

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптауларын өзгертуге болады. Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің тиісті мәзірін баптау әдісін «Қосу/өшіру баптаулары» бөлімінен қараңыз, [☞ 206 б.](#)

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі
- Пайдаланушыны анықтау



### Бетті сканерлеуді қайталау:

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. →  (Баптаулар).
3. → «Автокөлік».
4. → «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі».
5. → «Бетті сканерлеуді қайталау».



6. → «ОК».
7. Жүргізушінің орындығына отырыңыз, бетіңізді алға бұрыңыз да, бірнеше секунд күте тұрыңыз. Сканерлеу аяқталғаннан кейін орталық ақпараттық дисплейде сканерлеуді аяқтау экраны пайда болады.

### Пайдаланушыны тіркеу:

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. →  (Баптаулар).
3. → «Автокөлік».
4. → «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі».
5. → «Пайдаланушыны тіркеу».




6. Тізімнен қажетті пайдаланушыны таңдаңыз.



7. → «Орнату».
8. Жүргізушінің орындығына отырыңыз, бетіңізді алға бұрыңыз да, бірнеше секунд күте тұрыңыз.



Экран өзгерген кезде тіркеу үшін бетті сканерлеу аяқталады.



### ЕСКЕРТПЕ

- Егер пайдаланушыны тіркеу мүмкін болмаса, бетіңізді суретте көрсетілгендей етіп алға бұрыңыз, содан кейін оны дисплейге қарай бұрыңыз.
- Кейбір жағдайларда пайдаланушыны тіркеуді дұрыс орындау мүмкін емес. Мұндай жағдайда «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі» бөлімін қараңыз, ☎ 336-б.
- Егер «Тіркеу мүмкін емес. Әрекетті қайталаңыз» деген хабарлама пайда болса, 5-қадамнан бастап процедураны қайталаңыз.



9. Атты енгізіңіз.
10. → «Келесі».





11. Қажет белгішені таңдаңыз.
12. → «Орнату».


### ЕСКЕРТПЕ

- Бұрыннан бар пайдаланушы туралы ақпаратты тіркелген нөмірді таңдау арқылы қайта жазуға болады. Пайдаланушыны тіркеуді қайта жазған жағдайда отын шығыны туралы жеке деректер нөлденеді.
- Егер «Пайдаланушыны анықтау» тармағында «Өшірулі» мәні белгіленген болса, пайдаланушыны тіркеуді таңдау мүмкін болмайды.

- A Алға бағыттау  
 B Дисплейге бағыттау  
 1 Бетіңізді алға қаратыңыз.  
 2 Иегіңізді түсірмеңіз.  
 3 Бетіңізді дисплейге қаратыңыз.  
 \*: Дисплейде көрсету

### Пайдаланушыны жою:

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. →  (Баптаулар).
3. → «Автокөлік».
4. → «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі»
5. → «Пайдаланушыны жою».





6. Тізімнен қажетті пайдаланушыны таңдаңыз.



7. → «Иә».


### Барлық пайдаланушыларды жою:

1. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
2. →  (Баптаулар).
3. → «Автокөлік».
4. → «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі».
5. → «Барлық пайдаланушыларды жою».




6. → «Иә».

### ▼ Автокөлік туралы ақпарат экраны


1. Жоғарғы деңгейдегі мәзірді ашу үшін белгішені  (негізгі экран) түртіңіз.



Мысалы: сенсорлық экран (А типі)

2. →  (Автокөлік туралы ақпарат).

▽ Сапар статистикасы экраны




- 1 Сапар статистикасы
- 2 Дөңгелектердің бұрылу бұрышы
- 3 Қозғалыс жағдайлары
- 4 Автокөліктің күйі
- 5 Ақпараттық терезе

Бұл экранда автокөліктің қозғалыс кезіндегі күйі және функциялардың жұмыс күйі көрсетіледі. Жұмыс істеп тұрған функциялардың индикаторлары жанып не жыпылықтап тұрады.

**ЕСКЕРТПЕ**


- Автокөлік күйінің индикациясы мен автокөліктің шынайы күйінің арасында айырмашылық болуы мүмкін.
- Автокөліктің еңкею бұрышы тек жол бетінің көлбеу бұрышына ғана байланысты емес, автокөлік шанағының жолаушылардың, жүктің, жылдамдықты үдетудің немесе баялатудың әсерінен еңкеюінен де өзгереді.


▽ Техникалық қызмет көрсету экраны



Техникалық қызмет көрсету қажеттігі туралы еске салғыштарды орнатуға болады.

**Мотор майын ауыстыру туралы еске салу:**

1. Автокөлік туралы ақпарат экранындағы 2-деңгей мәзірінде «Қызмет көрсету» тармағын таңдаңыз.
2. →  (Мотор майы).

3. Еске салу үшін «Хабарландыру күні» немесе «Хабарландыру үшін жүрілген жол» тармағын таңдаңыз.
4. → «Орнату».
5. → .

**Май сүзгісін ауыстыру туралы еске салу:**

Баптау процедурасы «Мотор майы» еске салғышына ұқсас, бірақ 2-қадамда «Май сүзгісі» тармағын таңдаңыз.

**Шиналарды ауыстыру туралы еске салу:**

Баптау процедурасы «Мотор майы» еске салғышына ұқсас, бірақ 2-қадамда «Шиналар» тармағын таңдаңыз.

**Техникалық қызмет көрсету кестесін баптау**

Баптау процедурасы «Мотор майы» еске салғышына ұқсас, бірақ 2-қадамда «Техникалық қызмет көрсету кестесі» тармағын таңдаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Баптаулардың әрқайсысын қалпына келтіру үшін «Қалпына келтіру» түймесін басыңыз.
- Әдепкі бойынша мәндерге оралу үшін «Әдепкі бойынша» түймесін түртіңіз.

### 3-8. Сағат

SUBARU фирмалық навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдерде сағатты автоматты немесе қол режимінде баптауға болады.



#### ■ Сағатты қолмен баптау

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON (Қос.) күйіне ауыстырыңыз.





307863

#### Мысалы: Сенсорлық экран (B типі)

2. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
3. →  (Баптаулар).
4. → «Жалпы».
5. → «Сағат».
6. → «Уақытты орнату».



306124

7. → «Қолмен».
8. →  немесе .
9. → «OK»

#### ЕСКЕРТПЕ

Сағатты орнату экранын күй жолағындағы сағатты түрту арқылы да ашуға болады.



#### ■ Сағатты автоматты түрде баптау

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON (Қос.) күйіне ауыстырыңыз.



307863

#### Мысалы: сенсорлық экран (B типі)

2. Түймені  (негізгі экран) түртіңіз.
3. →  (Баптаулар).
4. → «Жалпы».
5. → «Сағат».
6. → «Уақытты орнату».
7. Навигация жүйесі бар модельдер: → «Автоматты».  
Навигация жүйесі жоқ модельдер: → «Телефонмен синхрондау».

#### ▼ Навигация жүйесі бар модельдер

GPS сигналы болған кезде сағат автоматты түрде орнатылады.

### ▼ Навигация жүйесі жоқ модельдер

Егер смартфон телефон кітапшасының деректерін беру үшін Bluetooth® арнасы арқылы қосылған болса, сағат автоматты түрде бапталады және реттеледі.

1. Смартфонды аудиожүйеде тіркеңіз. Толық ақпаратты аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі қосымша нұсқаулықтағы «Bluetooth баптаулары» бөлімінен қараңыз.
2. Телефон кітапшасының деректерін жүйеге көшіріңіз. Толық ақпаратты аудиожүйені/навигация жүйесін пайдалану жөніндегі қосымша нұсқаулықтағы «Bluetooth баптаулары» бөлімінен қараңыз. Сағат автоматты түрде орнатылады.

### ЕСКЕРТПЕ

Смартфон моделіне байланысты қосылған смартфонның баптауларын өзгерту қажет болуы мүмкін (мысалы: iOS немесе басқа модельдер хабарландыруларды белсендіруді қажет етуі мүмкін). Толық ақпарат алу үшін қосылатын смартфонның пайдалану жөніндегі нұсқаулығын қараңыз.

### ■ Уақыт белдеуі (навигация жүйесі бар модельдер)

Сағат баптаулары экранында «Уақыт белдеуін» баптауға болады.

Егер «Автоматты» тармағы таңдалса және GPS сигналы қолжетімді болса, «Уақыт белдеуі» автоматты түрде орнатылады. Баптауларды «Негізгі экран» бөлімінен қараңыз, ☎197-б.

### ■ Жазғы уақытқа ауысу (навигация жүйесі бар модельдер)

Сағат баптаулары экранында «Жазғы уақытқа ауысуды» баптауға болады. Егер «Автоматты» тармағы таңдалса және GPS сигналы қолжетімді болса, «Жазғы уақытқа ауысу» автоматты түрде орнатылады. Баптауларды «Негізгі экран» бөлімінен қараңыз, ☎197-б.

### ЕСКЕРТПЕ

- Егер «Уақыт баптауы» параметрі үшін «Автоматты» мәні орнатылса, «Жазғы уақытқа ауысу» және «Уақыт белдеуі» баптауларын өзгертуге болады.
- Егер «Жазғы уақытқа ауысу» параметрі үшін «Автоматты» мәні орнатылса, онда «Уақыт белдеуі» параметрі үшін тек «Автоматты» мәнін орнатуға болады.

### 3-9. PIN-код арқылы бұғаттау

Егер сіз автокөлікті қонақүй немесе мейрамхана сияқты орындарда автотұрақ қызметшісіне берсеңіз, навигация жүйесі, аудиожүйе және автокөлік баптаулары функцияларын өшіретін PIN-код (қызмет режимі) арқылы бұғаттауды баптауға болады. Бұл кезде дисплейді басқару бұғатталып, бұл жеке ақпараттың жылыстауына жол бермейді. PIN-кодпен бұғаттау жеке ақпараттың жылыстауына жол бермеуге арналған.

### ■ PIN-код арқылы бұғаттауды қосу



Мысалы: сенсорлық экран (B типі)

1. «PIN-код арқылы бұғаттау» тармағын таңдаңыз.




2. PIN-кодты енгізіңіз.
3. «OK» түймесін басыңыз.

- PIN-код арқылы бұғаттауды өшіру



Мысалы: сенсорлық экран (B типі)

1. «PIN-код арқылы бұғаттау» тармағын таңдаңыз немесе  «Өшіру» опциясын таңдаңыз.
2. PIN-кодты енгізіңіз.
3. «OK» түймесін басыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер сіз PIN-кодты пайдаланып бұғаттауды орнату немесе одан бас тарту кезінде PIN-кодты қатарынан үш рет қате енгізеңіз, экранда SUBARU дилеріне хабарласуды сұрайтын хабарлама пайда болады, бірақ төртінші әрекеттен кейін де PIN-кодты енгізуге болады.

Егер сіз PIN-кодты ұмытып қалсаңыз, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

## 3-10. Жарық ауыстырып қосқышы

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- e-BOXER жүйесі өшіп тұрғанда жарық аспаптарын ұзақ уақыт бойы пайдалану қосымша 12 В аккумулятор батареясы зарядының отыруына алып келуі мүмкін.
- Автокөліктен шығар алдында жарық ауыстырып қосқышының өшірулі күйге қойылғанына көз жеткізіңіз. Егер автокөлік өшірілгеннен басқа көз келген күйге орнатылған жарық ауыстырып қосқышымен ұзақ уақытқа қалдырылса, жарық 10 минуттан кейін автоматты түрде сөніп қалса да, бұл қосымша 12 В аккумулятор батареясы қуатының таусылуына әкелуі мүмкін.

Жарық ауыстырып қосқышы оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы ACC немесе ON күйінде болғанда ғана жұмыс істейді. Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышының көмегімен қуат көзін өшіргенде, жарық ауыстырып қосқышы қандай күйде болса да, жарық өшеді.


## ЕСКЕРТПЕ

Жарық ауыстырып қосқышын оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF күйіне ауыстырылған жағдайда да пайдалануға болады.



Егер фаралар қосулы кезде жүргізушінің есігін ашсаңыз, жүргізушіге жарықтың қосулы екенін хабарлайтын бір реттік дыбыс сигналы беріледі.

## ■ Фаралар



- 1 Екінші күй
- 2 Бірінші күй
- 3 AUTO күйі
- 4 Өшірілген күй

Фараларды қосу үшін бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышының шетіндегі тұтқаны бұраңыз.

### Екінші күй:

Фаралар, алдыңғы габарит жарықтары, алдыңғы панельдің көмескі жарығы, артқы габарит жарықтары және нөмір белгісінің көмескі жарығы қосулы.

### Бірінші күй:

Алдыңғы габарит жарықтары, алдыңғы панельдің көмескі жарығы, артқы габарит жарықтары және нөмір белгісінің көмескі жарығы қосулы.

### AUTO күйі:

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрғанда фаралар, алдыңғы габарит жарықтары, алдыңғы панельдің көмескі жарығы, артқы габарит жарықтары және нөмір белгісінің көмескі жарығы жалпы жарықтандыру деңгейіне байланысты автоматты түрде қосылады не өшеді.

### Өшірілген күй:

Барлық жарық аспаптары өшірулі.

## ЕСКЕРТПЕ

- Егер жарық ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұрса, ал автокөліктің сыртында қараңғы түскен кезде фаралар қосылмаса, жарық ауыстырып қосқышын екінші күйге ауыстырыңыз. Мұндай жағдайда автокөлігіңізді тексерту үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Фаралар жарығының автоматты түрде қосылуы/өшірілуі жүйесінің сезімталдығын SUBARU дилеріңізде өзгертуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

## ▼ Өйнектазартқышпен бірге фаралардың автоматты түрде қосылуы/өшуі

Жарықты ауыстырып қосқыш AUTO күйінде тұрса, өйнектазартқыш бірнеше рет іске қосылған кезде, фаралар автоматты түрде іске қосылады. Өйнектазартқыш тоқтағаннан кейін шамамен 1 минуттан соң фаралар автоматты түрде өшеді.

Бұл функцияны SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ


Фараларды автоматты түрде қосу/өшіру функциясы өйнектазартқыштармен бірге сыртқы жарық деңгейіне байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

## ▼ Фараларды кешіктіріп өшіруді баптау

Фараларды кешіктіріп өшіру функциясы түнде немесе қараңғы жерде автокөліктен жайлы тұсу үшін фаралар мен сыртқы жарықты қосулы күйінде қалдыруға мүмкіндік береді.

## ЕСКЕРТПЕ

Фаралардың және сыртқы жарықтың жұмыс істеу ұзақтығының зауыттық баптауы (әдепкі бойынша) 30 секундты құрайды. Бұл баптауды SUBARU дилерінде «Өшірулі» нұсқасына (функция жұмыс істемейді), 30 секундқа, 60 секундқа не 90 секундқа өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.



Оталдыру жүйесінің ажыратқышы сөніп, жарық ауыстырып қосқышы AUTO немесе OFF күйінде болғанда, бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тартсаңыз, фаралардың таяу жарығы мен кейбір сыртқы жарық аспаптары келесідей қосылады:

- Жүргізуші есігі жабылғаннан кейін 30 секундқа қосылады.
- Қашықтан ашу салпыншағындағы құлыптау түймесі қатарынан екі рет басылғанша жанады.
- Есіктің тұтқасындағы есік құлыптау датчигіне қатарынан екі рет тигенше жанады.

### ЕСКЕРТПЕ

- Фараларды кешіктіріп өшіру функциясы қосылған кезде, сіз төменде көрсетілген әрекеттердің кез келгенін орындасаңыз, фаралар мен сыртқы жарық аспаптары өшеді.

- Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырыңыз.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз.
- Жарық ауыстырып қосқышын AUTO және OFF күйлерінен басқа кез келген күйге орнатыңыз.
- Егер жүргізуші есігі ашылмаған және жабылмаған болса, бұл жарық аспаптары 3 минуттан кейін өшеді.

### ▼ Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы


Фаралар қосулы кезде оталдыру жүйесін өшірген кезде, аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы іске қосылады, ол аккумулятор батареясы зарядының таусылу қаупін азайту үшін келесі әрекеттерді орындайды.

- Фаралар 10 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.
- Егер есікті ашсаңыз немесе жапсаңыз не болмаса жарық ауыстырып қосқышын қоссаңыз, фаралар 10 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

### ЕСКЕРТПЕ

- Көліктен шыққан кезде аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау үшін жарық ауыстырып қосқышын OFF күйіне ауыстырыңыз.
- Есікті ашу немесе жабу не болмаса жарық ауыстырып қосқышын қосу фараларды қайта қосады.

- ▼ Фараларды автоматты түрде қосу/өшіру датчигі (жаңбыр/жарық датчигі)






Бұл датчик суретте көрсетілгендей алдыңғы айнекте орналасқан.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Егер датчикке немесе оның жанына қандай да бір зат бекітілген болса, датчик сыртқы жарықтандырудың деңгейін дұрыс анықтамауы мүмкін және фараларды автоматты түрде өшіру/қосу жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

### ■ Шалғай/таяу жарықтың ауыстырып қосқышы



Егер жарық ауыстырып қосқышы «» не AUTO күйінде тұрса, ал автокөліктің өзі қараңғы жерде болса, фаралар қосылады. Егер тұтқаны алға басып, оны жіберсеңіз, фаралардың шалғай жарығы қосылады. Егер сіз тұтқаны тартып, оны босатсаңыз, фаралардың таяу жарығы қосылады. Жарық ауыстырып қосқышы AUTO күйінде болғанда, тұтқаны алға басқанда, шалғай жарықты басқару көмекшісі қосылады. «Шалғай жарықты басқару көмекшісінің функциясы» бөлімін қараңыз, 217-б. Фаралардың шалғай жарығы қосылғаннан кейін аспаптар тақтасында шалғай жарықтың бақылау шамы «» жанады.


### ■ Фараларды жыпылықтату



#### АБАЙЛАҢЫЗ

**Тұтқаны жыпылықтаған күйде бірнеше секундтан артық ұстамаңыз.**

Фараларды «жыпылықтату» үшін бұрылыс көрсеткішінің ауыстырып қосқышының тұтқасын өзіңізге қарай тартыңыз да, жіберіңіз. Тұтқаны жібермейінше шалғай жарық жанып тұрады. Фараларды жыпылықтату тіпті жарық ауыстырып қосқышы өшірілген күйде тұрған кезде де істейді.

Шалғай жарық қосылғаннан кейін аспаптар тақтасында шалғай жарықтың бақылау шамы «» жанады.

### ■ Шалғай жарықты басқару көмекшісінің функциясы (бар болса)

#### ЕСКЕРТПЕ

- Тек шалғай жарықты басқару көмекшісіне сенбеңіз. Жүргізуші әрқашан қоршаған ортадағы жағдайды бақылауға, көлікті қауіпсіз жүргізуге және қажет болған жағдайда фаралар жарығын қолмен ауыстыруға жауапты.
- Бұл функцияның зауыттық баптауы (әдепкі бойынша баптауы) «қосулы» күйі болып табылады. Бұл баптауды SUBARU дилерінде өшіруге (функция жұмыс істемейді) болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Автокөліктің алдын ала орнатылған жылдамдығы модельге байланысты.
- Шалғай жарықты басқару көмекшісі алдыңғы әйнектің жоғарғы жағына орнатылған стереокамераны пайдаланады.
- Стереокамеранен жұмыс істеу туралы толық ақпаратты пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен бірге берілген EyeSight жүйесінің сипаттамасынан қараңыз.

Шалғай жарықты басқару көмекшісі фараларды шалғай жарықтан таяу жарыққа (немесе керісінше) автоматты түрде ауыстырады.

Төмендегі шарттардың барлығы орындалған жағдайда фаралардың шалғай жарығы қосылады.

- Егер автокөлік жылдамдығы берілген деңгейге жетсе немесе одан асса.
- Алда келе жатқан және қарсы келе жатқан автокөліктер жоқ.
- Автокөліктің алдындағы аймақ жарықтандырылмаған.
- Автокөліктің алдында шұғыл бұрылыстар жоқ.


Төмендегі шарттардың кез келгені орындалған жағдайда фаралардың таяу жарығы қосылады.

- Егер автокөлік жылдамдығы берілген деңгейге дейін не одан төмен түсетін болса.
- Автокөліктің алдындағы аймақ жарықтандырылған.
- Алда келе жатқан және қарсы келе жатқан автокөліктер бар.
- EyeSight жүйесі дұрыс жұмыс істемесе немесе уақытша тоқтаса.

### ▼ Шалғай жарықты басқару көмекшісін пайдалану тәртібі

Шалғай жарықты басқару көмекшісі келесі шарттардың барлығы орындалған кезде қосылады.

- Жарық ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұр және фаралардың таяу жарығы автоматты түрде қосылған.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышы алға қарай басылған.



Шалғай жарықты басқару көмекшісінің индикаторы


Аспаптар тақтасында шалғай жарықты басқару көмекшісінің функциясын іске қосқан кезде шалғай жарықты басқару көмекшісінің индикаторы жанады.

### ЕСКЕРТПЕ

Шалғай жарықты басқару көмекшісі жұмыс істемей қалса немесе уақытша жұмысын тоқтатса, фаралар таяу жарық режимінде жұмыс істейтін болады.

### ▼ Фараның жұмыс режимдерін қолмен ауыстырып қосу

Таяу жарыққа ауыстырып қосу:


- Жарық ауыстырып қосқышы «» күйіне қойыңыз.
- Фаралардың шалғай жарығы жанып тұрғанда, тұтқаны өзіңізге қарай тартып, оны жіберіңіз.

Шалғай жарыққа ауыстырып қосу:

Тұтқаны алға қарай итеріп, босатыңыз.

Бұл жағдайда шалғай жарықты басқару көмекшісі сөнеді, шалғай жарықты басқару көмекшісінің индикаторы сөніп, шалғай жарықтың басқару шамы жанады.

### ЕСКЕРТПЕ

- Фаралардың шалғай жарығын қолмен қосқаннан кейін, егер сіз шалғай жарықты басқару көмекшісін қоссаңыз, тұтқаны алға басып, оны жіберіңіз.
- Фараларды шалғай жарыққа қолмен ауыстырған кезде сіз жарық ауыстырып қосқышын «» күйіне бұрасаңыз, алдыңғы және артқы габарит шамдары, артқы шамдар және нөмір белгісінің көмескі жарығы қосылады.

### ▼ Шалғай жарықты басқару көмекшісіне қатысты кеңестер

- Шалғай жарықты басқару көмекшісі автокөліктің алдындағы аумақтың жарықтығын және т.б. ескере отырып, автокөліктің айналасындағы жағдайларды бағалайды, сондықтан фаралар жарығы жүргізушінің сезіміне сәйкес келмейтін кейбір жағдайларда ауысуы мүмкін.
- Жүйе велосипедтерді немесе жүк мотороллерлерін анықтамауы мүмкін.


- Келесі жағдайларда сыртқы жарықтың айқындығы дұрыс анықталмауы және шалғай жарықты басқару көмекшісі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін. Нәтижесінде фаралардың айқын шалғай жарығы қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік жүргізушілерінің көзін қарықтыруы, сондай-ақ қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктердің болмауына қарамастан фаралардың таяу жарық режимі сақталып тұруы мүмкін. Мұндай жағдайларда фаралардың жұмыс режимін қолмен ауыстырыңыз:
  - Ауа райы нашар болғанда (тұман, қар, құмды дауыл, нөсер жаңбыр және т.б.).
  - Алдыңғы әйнек лас болса немесе буланып кетсе.
  - Алдыңғы әйнекте жарықтар немесе зақымданулар болса.
  - Автокөлік жанында фараларға немесе габарит жарықтарына ұқсас жарық көзі бар болса.
  - Егер қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік фараларын не габарит жарықтарын қоспай қозғалып бара жатса.
  - Егер қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтары ластанған немесе түстері өзгерген болса немесе фаралардың жарық шоғының биіктігі тиісінше реттелмеген болса.
  - Қозғалыс кезінде қоршаған орта жарығы тез ауысқан кезде.
  - Өрлері мен ылдилары көп жолмен немесе тегіс емес жолмен қозғалғанда.
  - Бұрылыстары көп жолмен қозғалғанда.

- Автокөліктің алдында жарықты күшті шағылыстыратын заттар, мысалы, жол белгілері немесе айналар болғанда.
- Егер алда жүріп бара жатқан автокөліктің артқы бөлігі, мысалы, контейнер жарықты күшті шағылыстыратын болса.
- Егер автокөлігіңіздің фаралары зақымдалған немесе ластанған болса.
- Егер автокөлігіңіздің шанағы, мысалы, дөңгелектің желі шыққан жағдайда немесе тіркеме сүйрегенде жантайып тұрса.
- Стереокамера деформацияланған немесе стереокамера объективтері ластанған кезде.
- Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден.
- Төмендегі жағдайларда фаралар шалғай жарықтан таяу жарыққа автоматты түрде ауыспайды:
  - Егер автокөлігіңіз күтпеген жерден жабық бұрылыста қарсы келе жатқан автокөліктің жанынан өтетін болса.
  - Егер басқа автокөлік автокөлігіңіздің алдынан өтіп бара жатса.
  - Егер қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік жиі бұрылыстарға, автомагистральдің бөлгіш қоршауына, жол бойындағы ағаштарға және т.б. байланысты көру аймағында біресе пайда болып, біресе жоқ болып отырса.
- Егер стереокамера қарсы келе жатқан автокөліктің тұман фараларының жарығын анықтаса, фаралардың жұмыс режимі автоматты түрде шалғай жарықтан таяу жарыққа ауысуы мүмкін.

- Фаралардың жұмыс режимі көше жарығы, бағдаршам, жарнама қалқанының жарығы немесе жол белгілері мен көрсеткіштер сияқты нысандардан жарық шағылысқан кезде шалғай жарықтан таяу жарыққа ауыса немесе таяу жарық режимінде жұмысын жалғастыра алады.
- Фаралардың жұмыс режимінің ауысу уақыты төмендегі факторларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін:
  - Қарсы келе жатқан автокөлік фарасының немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтарының түстері мен айқындығы.
  - Қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары немесе бағытас автокөліктің габариттері балшықпен, қармен және т.б. жабылған.
  - Қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің жылдамдығы мен қозғалу бағыты.
  - Егер қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтары тек бір жағынан ғана қосылған болса.
  - Егер қарсы келе жатқан немесе алда келе жатқан көлік құралы мотоцикл болса.
  - Жолдың күйі (көлбеу, бұрылыстар, жол төсемі және т.б.).
  - Жолаушылар саны және багаж салмағы.
  - Стереокамераның анықтау мүмкіндігінің шектеулері.

### ■ Күндізгі жүріс жарықтары жүйесі (бар болса)



#### ЕСКЕРТУ

Күндізгі жүріс жарықтары қосылған болса, артқы габарит жарықтары жанбайды. Сыртта қараңғы түссе, фаралар мен габарит жарығын қосу үшін жарық ауыстырып қосқышын «» күйіне ауыстырыңыз. Бұл көру мүмкіндігін жақсартады және басқа жүргізушілерге автокөлігіңізді жақсырақ көруге мүмкіндік береді.

Күндізгі жүріс жарықтары келесі шарттар орындалған кезде автоматты түрде қосылады:


- e-BOXER жүйесі істеп тұр.
- Тұрақ тежегіші өшірулі.
- Жарық ауыстырып қосқышы AUTO немесе OFF күйінде тұр.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқышты оталдырған кезде тұрақ тежегіші қосылып тұрса, күндізгі жүріс жарықтары автокөлікті тұрақ тежегішінен босатқан кезде қосылады.
- Егер фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «» не «» күйінде тұрса, күндізгі жарық өшіріледі.


- Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы AUTO күйінде болғанда және фаралар автоматты түрде қосылғанда, күндізгі жүріс жарықтары өшеді.


### 3-11. Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру (SRH)



- 1 SRH жүйесі қосылу тұрғанда жарықтандырылатын аймақ
- 2 SRH жүйесі өшірулі тұрғанда жарықтандырылатын аймақ

SRH жүйесі рульдің бұрылу бұрышына және автокөлік жылдамдығына сәйкес фаралардың жарық шоғын автоматты түрде солға немесе оңға бұрады. Бұл функция бұрылыстарды немесе жол қиылыстарында қозғалған кезде автокөлік алдындағы жолды жарықтандыру арқылы қараңғыдағы көру мүмкіндігін жақсартуға көмектеседі.


SRH функциясын қосуға немесе өшіруге болады. Баптауларды орталық ақпараттық дисплей арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз,  202-б.



1 Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыруды өшірудің бақылау шамы

Аспаптар тақтасының дисплейіндегі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейдегі) бұрылыстарды динамикалық жарықтандыруды өшірудің бақылау шамы бұрылыстардың динамикалық жарығы қосылған кезде сөнеді.

Аспаптар тақтасының дисплейіндегі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейдегі) бұрылыстарды динамикалық жарықтандыруды өшірудің бақылау шамы бұрылыстардың динамикалық жарығы қосылған кезде жанады.



1 Бұрылыстарды динамикалық жарықтандырудың сигнал шамы

Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру жүйесі ақаулы болған жағдайда, аспаптар тақтасының дисплейіндегі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейдегі) бұрылыстарды динамикалық жарықтандырудың сигнал шамы жанады, ал оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болған кезде ескерту экранында хабарлама пайда болады. Бұл SRH жүйесінің өшірілгенін көрсетеді. Мұндай жағдайда тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

### ЕСКЕРТПЕ

- SRH жүйесінің қосулы/өшірулі күйі e-BOXER жүйесі өшірілген кезде, ол тіпті қайта іске қосылған жағдайда да сақталады.

- SRH жүйесі автокөлік алға қарай шамамен 8 км/сағ (5 миль/сағ) және одан жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде ғана іске қосылады.


### 3-12. Бейімделетін жарық

Бейімделетін жарық бұрылыс немесе тұрақ кезінде автокөліктің алдыңғы жағынан диагональ бойынша орналасқан аймақтарға арналған. Бейімделетін жарық жақындап келе жатқан жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерді жақсырақ көруге мүмкіндік береді.

Фаралар қосылған кезде бейімделетін жарық келесі жағдайларда жұмыс істейді:

- Бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышы қозғалыс бағытына бұрылғанда, автокөлік шамамен 35 км/сағ (22 миль/сағ) немесе одан төмен жылдамдықпен солға немесе оңға бұрылады.
- Автокөлік артқа жүреді.

Автокөлік бұрылысты немесе тұрақты аяқтаған кезде бейімделетін жарық өшеді.



307463

### 3-13. Фаралар жарығының түзеткіші

Жарықдиодты фаралар галогенді шамдары бар әдеттегі фаралармен салыстырғанда көбірек жарық шығарады.

Егер автокөлік ауыр жүкті тасымалдаса және фаралардың жарығы жоғары қараса, қарсы келе жатқан көліктің жүргізушісінің көзін шағылыстыруға болады.


Бұған жол бермеу үшін фаралар жарығын автоматты түзеткіш автокөліктің жүктемесіне байланысты жарық шоғының биіктігін автоматты түрде реттейді.

#### АБАЙЛАҢЫЗ

Белгілі бір жағдайларда фараларды реттеу бұзылуы мүмкін, ал фаралар жарығының түзеткіші жарық шоғының тиісті биіктігін орната алмайды. Бұл автокөлікті платформалы эвакуаторда тасымалдағаннан кейін немесе тұрақ кезінде еңкею бұрышы өзгерген кезде орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайларда SUBARU дилерінде фараларды реттеуді тексеру ұсынылады.


### 3-14. Тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышы



#### ■ Тұман фараларының ажыратқышы



Тұман фараларын қосу шарттары


- 1 Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы.
- 2 Тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышы

Егер тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышы фаралар келесі күйлердің бірінде болғанда «» күйіне орнатылса, тұман фаралары қосылады.

- Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «» не «» күйінде тұр.
- Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұр және фаралар автоматты түрде қосылған.




Тұман фараларын өшіру үшін ауыстырып қосқышты қайтадан OFF күйіне ауыстырыңыз.



Тұман фараларының бақылау шамы

Тұман фаралары қосылған кезде аспаптар тақтасында орналасқан бақылау шамы жанады.

### ■ Артқы тұман шамдарының ажыратқышы



#### Артқы тұман шамдарын қосу шарттары

- 1 Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы.
- 2 Тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышы


Егер тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышы « $\text{D}$ » күйіне орнатылса және фаралар келесі күйлердің бірінде болса, артқы тұман шамдары қосылады:

- Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы « $\text{D}$ » не « $\text{D}$ » күйінде тұр.
- Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұр және фаралар автоматты түрде қосылған.

Ауыстырып қосқышты жіберген кезде ол « $\text{D}$ » күйіне оралады.

Артқы тұман шамдарын өшіру үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- Тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышын « $\text{D}$ » күйіне дейін бұраңыз.
- Тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышын OFF күйіне төмен бұраңыз.





Артқы тұман шамдарының бақылау шамы

Артқы тұман шамдарын қосқанда, аспаптар тақтасында тиісті бақылау шамы жанады.


### ЕСКЕРТПЕ

Артқы тұман шамдарын байқаусызда қосулы күйінде қалдырмау үшін олардың электр тізбегі келесі әрекеттердің бірі орындалғанда өшірілетіндей етіп құрастырылған.

- Фаралардың ауыстырып қосқышы OFF күйінде тұр.
- Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұр және фаралар өшірілген.
- Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы өшірулі.

Алайда бұл артқы тұман шамдары фаралар жарығының ауыстырып қосқышын «» күйіне орнатқаннан кейін немесе оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне орнатқаннан кейін қосылады дегенді білдірмейді. Сондықтан артқы тұман шамдарын қайта қосу қажет болса, тұман фараларының/артқы тұман шамдарының ажыратқышын «» күйіне ауыстырыңыз.

### 3-15. Бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышы



- 1 Оңға бұрылыс
- 2 Оң жақтағы жолаққа ауысу сигналы
- 3 Сол жақтағы жолаққа ауысу сигналы
- 4 Солға бұрылыс

Оң жаққа бұрылу сигналын қосу үшін бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышын жоғары басыңыз. Сол жаққа бұрылу сигналын қосу үшін бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышын төмен басыңыз. Бұрылыс аяқталғаннан кейін тұтқа автоматты түрде бастапқы күйіне оралады. Егер бұрылыстан өткеннен кейін тұтқа орталық күйге оралмаса, оны қолмен жылжытыңыз.


Қозғалыс жолағын ауыстыру туралы сигнал беру үшін бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышын аздап басып,

жолақты ауыстыру кезінде оны ұстап тұрыңыз. Бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамы бұрылу немесе жолақты өзгерту бағытында жыпылықтайды.

#### ■ Қозғалыс жолағын ауыстыру сигналы

Бұрылыс көрсеткішін үш рет жыпылықтату үшін бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып қосқышын аздап басып, оны бірден жіберіңіз.

#### ЕСКЕРТПЕ

Бір рет түрту арқылы қозғалыс жолағын ауыстыру сигналы функциясын SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Баптауларды орталық ақпараттық дисплей арқылы да өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз,  202-б.

### 3-16. Әйнектазартқыштар мен әйнекжуғушы

#### ЕСКЕРТУ

Аязды ауа райында әйнекті жылыту функциясымен жылытылғанша алдыңғы әйнекжуғушыты қоспаңыз. Әйтпесе әйнекжуғушы сұйықтығы алдыңғы әйнектің бетінде қатып қалуы және көру мүмкіндігін айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

#### АБАЙЛАҢЫЗ

- Әйнекжуғушы сұйықтығының 10 секундтан артық үздіксіз немесе бакта әйнекжуғушы сұйықтығы жоқ кезде жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Бұл әйнекжуғушытың электр қозғалтқышының қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Үнемі, мысалы, отын құйған сайын бактағы әйнекжуғушы сұйықтығының деңгейін тексеріп отырыңыз.
- Алдыңғы немесе артқы әйнектің беті құрғақ болса, әйнекжуғушыты қоспаңыз. Бұл әйнекте сызаттардың пайда болуына алып келуі, щеткалардың резеңке қырғыштарын зақымдауы немесе әйнектазартқыштың электр қозғалтқышының бұзылуына алып келуі мүмкін. Егер алдыңғы немесе артқы әйнек құрғақ болса, онда әйнектазартқышты қосар алдында

әрдайым тиісті әйнекжуғушыты қосып алыңыз.

- Әйнектазартқыштарды аяз ауа райында қосар алдында оның щеткаларының резеңке қырғыштарының алдыңғы немесе артқы әйнекке жабысып қалмағанына көз жеткізіңіз. Щеткалары әйнекке жабысып қалған әйнектазартқышты қосу тек щеткалардың резеңке таспаларын зақымдап қана қоймай, әйнектазартқыштың электр қозғалтқышының бұзылуына алып келуі мүмкін. Егер щеткалардың резеңке қырғыштары әйнекке жабысып қалған болса, әйнектазартқышты қоспас бұрын алдыңғы әйнек жылытқышын, алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының жылытқышын (бар болса) немесе артқы әйнек жылытқышын қосыңыз.
- Егер әйнектазартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ол мұздан немесе әйнектегі басқа кедергілерден тоқтап қалса, бұл әйнектазартқышты өшірген жағдайда да әйнектазартқыштың электр қозғалтқышының істен шығуына әкелуі мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз және әйнектің бетін сүртіп, әйнектазартқыштың қалыпты жұмысын қамтамасыз етіңіз.
- Арнайы әйнекжуғушы сұйықтығы болмаған жағдайда тек таза суды ғана пайдаланыңыз. Қыста су қататын

өңірлерде SUBARU әйнекжуғушы сұйықтығын немесе оның баламасын пайдаланыңыз. «Әйнекжуғушы сұйықтығы» бөлімін қараңыз, 439-б.

Сонымен бірге автокөлікті аяз ауа райында пайдаланған жағдайда әйнектазартқыштың арнайы «қатпайтын» щеткаларын қолданыңыз.

- Әйнектазартқыштың щеткаларын бензинмен немесе еріткішпен (мысалы, бояуларға арналған сұйылтқышпен немесе бензинмен) тазаламаңыз. Бұл әйнектазартқыш щеткаларының бұзылуына әкеледі.
- Әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұрған кезде алдыңғы әйнектің жаңбыр/жарық датчигінің жанындағы бөлігінен ұстамаңыз және оның маңайына дымқыл шүберек тигізбеңіз. Бұдан әйнектазартқыш күтпеген жерден іске қосылып, жарақаттануыңыз мүмкін.
- Автокөлікті жуған кезде әйнектазартқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе әйнектазартқыш кездейсоқ іске қосылуы және жарақат келтіруі мүмкін.
- Автоматты жууды қолданар алдында әйнектазартқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Өшірмеген жағдайда әйнектазартқыштың тұтқалары мен щеткалары зақымдалуы мүмкін, себебі әйнектазартқыштар күтпеген жерден іске қосылып кетуі және автокөліктің автоматты жуу щеткалары оларға оралып қалуы мүмкін.

3  
Аспаптар мен басқару құралдары

**ЕСКЕРТПЕ**

- Алдыңғы эйнектазартқыштың электр қозғалтқышы автоматты ажыратқышпен шектен тыс жүктемеден қорғалған. Электр қозғалтқыш шектен тыс жүктемелер жағдайында тұрақты жұмыс істеген жағдайда автоматты ажыратқыш электр қозғалтқышты уақытша өшіріп қоюы мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойып, эйнектазартқыштың ауыстырып қосқышын өшіріңіз де, шамамен 10 минут күтіңіз. Автоматты ажыратқыш жұмыс күйіне қайтады да, эйнектазартқыш қайтадан қалыпты режимде жұмыс істей алады.
- Айғыз іздерді, сондай-ақ жолға шашылатын тұздың қағын және шаң-тозаңды кетіру үшін эйнектазартқыш щеткаларының резеңке қырғыштары мен эйнектерді эйнекжуғыш сұйықтығымен жуып отырыңыз. Сұйықтықтың бүкіл алдыңғы немесе артқы эйнекке шашырауын қамтамасыз ету үшін эйнекжуғышты кемінде 1 секунд бойы қосылған күйде ұстаңыз.
- Алдыңғы эйнекке немесе эйнектазартқыштың щеткаларына жәндіктердің, балауыздың, майдың және басқа заттардың жабысып қалуы эйнектазартқыштың біркелкі жұмыс істеуіне және эйнекте лас жолақтардың пайда болуына әкеледі. Егер эйнекжуғышпен жуғаннан кейін алдыңғы эйнекте лас жолақтар қалса немесе эйнектазартқыш біркелкі жұмыс істемесе, алдыңғы және артқы эйнектің сыртқы бетін бейтарап жуғыш зат

ерітіндісінің немесе орташа абразивті тазартқыш заттың көмегімен ысқышпен немесе жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Алайда эйнектазартқыш щеткаларының резеңке қырғыштарын тазалау үшін жуғыш затты пайдаланбаңыз. Резеңке қырғыштарды тазалау үшін тек ысқышты немесе жұмсақ шүберекті (жуғыш затсыз немесе абразивті тазартқышсыз) пайдаланыңыз. Щетканың резеңке қырғышын айтарлықтай күш салып сүртсеңіз, жабынның қара құрамдас бөлігі қыртыстанып, эйнектазартқыш щеткалары дірілдеуі мүмкін. Сондай-ақ сүрткеннен кейін резеңке қырғыштың ажыратылған-ажыратылмағанын тексеріңіз. Эйнек пен эйнектазартқыш щеткаларының резеңке қырғыштарын тазалағаннан кейін оларды таза сумен шайыңыз. Су эйнектің бетінде тамшылауын доғармайынша эйнекті шая беріңіз. Бұл эйнектің таза екенін көрсетеді.

- Егер айғыз іздер жоғарыда сипатталған процедурадан кейін де жойылмаса, эйнектазартқыштың щеткаларын немесе щеткалардың резеңке қырғыштарын жаңасына ауыстырыңыз. Ауыстыру нұсқауларын «Эйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру» бөлімінен қараңыз, 440-б.
- Эйнектазартқыш ауыстырып қосқышын AUTO күйіне орнатқан кезде, оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болғанда, эйнектазартқыш бір рет іске қосылады. Бұл эйнектазартқыш

ауыстырып қосқышының AUTO күйінде тұрғанын растайды.

- Эйнектазартқыш ауыстырып қосқышы AUTO күйіне қойылған кезде келесі жағдайлар туындауы мүмкін.
  - Эйнектазартқыш жаңбыр/жарық датчигі немесе алдыңғы эйнек дірілдеген кезде, сондай-ақ оларға жәндіктер, шаң-тозаң немесе лай жабысып қалған кезде іске қосылуы мүмкін. Жаңбыр немесе қар болмаса, эйнектазартқышты өшіріңіз.
  - Жаңбыр/жарық датчигі жаңбырдың немесе қардың жауып тұрғанын анықтамаса, эйнектазартқыш жұмыс істемейді. Қажет болса, эйнектазартқыштарды басқару тұтқасын төмен қарай төмен немесе жоғары жұмыс істеу жылдамдығына дейін басыңыз.
  - Алдыңғы эйнектің жоғарғы жартысында су өткізбейтін жабын, кір немесе мұз болғандықтан жаңбыр/жарық датчигі жаңбырдың жеткілікті тамшыларын анықтамаса, эйнектазартқыш тиісті түрде іске қосылмауы мүмкін.
  - Егер эйнектазартқыштың іске қосылу интервалы жауын-шашын мөлшеріне қарамастан өзгермейтін болса, бұл жаңбыр/жарық датчигінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Қажет болса, эйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын AUTO күйінен басқа кез келген күйге келтіріңіз. Мұндай жағдайда жүйені тексерту үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте

SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.


- Сыртқы температура  $-15^{\circ}\text{C}$  ( $5^{\circ}\text{F}$ ) немесе одан төмен түссе, әйнектазартқыш жұмысын тоқтатады. Сыртқы температура  $-10^{\circ}\text{C}$  ( $14^{\circ}\text{F}$ ) немесе одан жоғары болған кезде әйнектазартқыш жұмысын жалғастырады. Егер температура  $-15^{\circ}\text{C}$  ( $5^{\circ}\text{F}$ ) шамасынан төмен болған кезде әйнектазартқышты қосу қажет болса, әйнектазартқыштарды басқару тұтқасын төмен қарай төмен немесе жоғары жұмыс жылдамдығының күйіне дейін басыңыз.
- Егер жаңбыр/жарық датчигінің айналасындағы температура  $80^{\circ}\text{C}$  ( $176^{\circ}\text{F}$ ) шамасынан асса, әйнектазартқыш жұмыс істемеуі мүмкін, өйткені мұндай температурада жүйе жаңбыр тамшыларының санын анықтай алмайды.
- Бұл жүйе сондай-ақ автокөлік жылдамдығына байланысты әйнектазартқыштың үзік-үзік жұмысының интервалын реттеу функциясымен жабдықталған. Автокөлік тоқтаған кезде әйнектазартқыш жұмысының интервалы қозғалыс кезіндегіден ұзағырақ болады.
- Бұл жүйе күшті радиотолқындар немесе кедергілер болатын жерлерде ақаулармен жұмыс істеуі мүмкін.
- Егер әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы AUTO күйінде болса, бірақ әйнектазартқыш жаңбырда қосылмаса немесе әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы төмен жылдамдық күйінде болса және әйнектазартқыш қосылмаса,

әйнектазартқыш ауыстырып қосқышын жоғары жылдамдық күйіне ауыстырыңыз. Мұндай жағдайда SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

### ■ Алдыңғы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың ауыстырып қосқыштары

Әйнектазартқыш оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болғанда ғана жұмыс істейді.

#### ▼ Алдыңғы әйнектазартқыш



- ▲: әйнектазартқыштың бір рет қосылуы
- OFF: өшірулі
- AUTO: автоматты жұмыс режимі
- ▼: төмен жылдамдық
- ▲: жоғары жылдамдық


Әйнектазартқышты қосу үшін әйнектазартқыштарды басқару тұтқасын төмен жылжытыңыз. Әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы AUTO күйіне қойылған болса, әйнектазартқыш жаңбыр датчигі алдыңғы әйнекке тамған жаңбырды анықтаған кезде автоматты түрде іске қосылады. Әйнектазартқыштың іске қосылу интервалы жаңбырдың қарқындылығына байланысты автоматты түрде реттеледі. Әйнектазартқышты өшіру үшін әйнектазартқышты басқару тұтқасын OFF күйіне қойыңыз. Әйнектазартқышты бір рет қосу үшін тұтқаны жоғары басыңыз. Тұтқаны жібермейінше әйнектазартқыш жұмыс істей береді.

### ЕСКЕРТПЕ

- Әйнектазартқыштың іске қосылу интервалын автоматты түрде реттеу режимі жаңбыр датчигі бойынша жұмыс істеу режимінен автокөлік жылдамдығына байланысты жұмыс істеу режиміне ауыстырыла алады. Бұл баптауды SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Егер әйнектазартқыштың үзік-үзік жұмыс режимі қосылу болса, онда автокөлік қозғала бастағанда ол бір рет іске қосылады. Бұл функцияны SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады. Қосымша ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.


3  
Аспаптар мен басқару құралдары

▽ Жаңбыр/жарық датчигі



Жаңбыр/жарық датчигі алдыңғы әйнекте орналасқан.

▽ Датчиктің сезімталдығын реттеу




Әйнектазартқышты басқаратын жаңбыр датчигінің сезімталдығын реттеу үшін реттегішті бұраңыз. Сезімталдықты арттыру үшін реттегішті төмен бұраңыз. Сезімталдықты азайту үшін реттегішті жоғары бұраңыз.


**ЕСКЕРТПЕ**

Әйнектазартқыштарды басқару тұтқасы AUTO күйінде болғанда, реттегішті төмен қарай бұраған кезде, әйнектазартқыш датчиктің сезімталдығының артқанын растап, бір рет қосылады.

▼ Алдыңғы әйнекжуғыш



Алдыңғы әйнектің жуғышын қосу үшін әйнектазартқыштарды басқару тұтқасын өзіңізге қарай тартыңыз. Тұтқаны жібермейінше сұйықтық бүркіліп тұрады. Әйнектазартқыш тұтқаны тартқан кезде жұмыс істейді.




Әйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер әйнекжуғыш бағындағы сұйықтық деңгейі минимумнан төмен болса, әйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы қосылады. Егер сигнал шамы жанса, сұйықтықты баққа құйыңыз. Бақты толтыру тәртібі «Әйнекжуғыш сұйықтығы» бөлімінде берілген, 439-б.

■ Артқы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың ауыстырып қосқышы

Әйнектазартқыш оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болғанда ғана жұмыс істейді.



- әйнекжуғыш (әйнектазартқыш бірге қосылады)
- үздіксіз жұмыс режимі
- үзік-үзік жұмыс режимі
- OFF: өшірулі
- әйнекжуғыш (әйнектазартқыш бірге қосылады)

**Артқы әйнектазартқыш**

Артқы әйнектазартқышты қосу үшін тұтқаны жоғары қарай бұраңыз. Әйнектазартқышты өшіру үшін тұтқаны OFF күйіне жылжытыңыз.

Егер тұтқа «----» күйіне қойылған болса, артқы әйнектазартқыш автокөлік жылдамдығына сәйкес келетін интервалдармен үзік-үзік режимде жұмыс істейтін болады. Егер бұл күйде селектор тұтқасын R күйіне ауыстырсаңыз, артқы әйнектазартқыш үздіксіз жұмыс режиміне ауысады. Егер селектор тұтқасын R күйінен (артқы жүріс) басқа кез келген күйге ауыстырсаңыз, артқы әйнектазартқыш үзік-үзік жұмыс режиміне қайтып оралады.

**Артқа жүру берілісі қосылған кезде артқы әйнектазартқыштың автоматты түрде қосылуы:**

Тіпті артқы әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы OFF күйінде тұрса да, алдыңғы әйнектазартқыш үздіксіз жұмыс режимінде тұрғанда да селектор тұтқасын R күйіне (артқы жүріс) ауыстырсаңыз, артқы әйнектазартқыш үзік-үзік режимде жұмыс істейді.

Артқа жүру берілісін қосқан кезде артқы әйнектазартқышты қосу функциясының зауыттық баптауы (әдепкі бойынша баптау) «Қосулы» баптауы болып табылады.

Бұл баптауды SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**


**Жүксалғыш қақпағына артқы тазартқыштың жұмысына кедергі жасауы мүмкін ешнәрсе орнатпаңыз. Бұл артқы әйнектазартқыштың жұмыс кезінде зақымдалуына алып келуі мүмкін.**

**▼ Әйнекжуғыш**

Әйнектазартқыш жұмыс істеп тұрғанда артқы әйнекжуғышты қосу үшін тұтқаны күйіне дейін жоғары бұраңыз.

Тұтқаны жібермейінше сұйықтық бүркіліп тұрады.


Әйнектазартқыш жұмыс істемей тұрғанда артқы әйнекжуғышты қосу үшін тұтқаны күйіне дейін төмен бұраңыз. Сіз тұтқаны жібермейінше әйнекжуғыш сұйықтығы бүркіп, әйнектазартқыш жұмыс істейді.




Әйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер әйнекжуғыш бағындағы сұйықтық деңгейі минимумнан төмен болса, әйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы қосылады. Егер сигнал шамы жанса, сұйықтықты баққа құйыңыз. Бакты толтыру тәртібі «Әйнекжуғыш сұйықтығы» бөлімінде берілген, ☎ 439-6.

**3-17. Фара жуғыш**

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрғанда әйнектазартқыш ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тартсаңыз және 1 секундтан ұзақ ұстап тұратын болсаңыз, төмендегі шарттар орындалған жағдайда алдыңғы әйнекжуғышпен бірге фара жуғыштар іске қосылады:

- Жарық ауыстырып қосқышы «» күйінде тұр.
- Жарық ауыстырып қосқышы AUTO күйінде және фаралар автоматты түрде қосылды.


Әйнектазартқышты басқару тұтқасын жібергеннен кейін алдыңғы әйнекжуғыш жуу сұйықтығын шашуды тоқтатады. Фара жуғыштар бүріккіштері шамамен 1 секунд әйнекжуғыш сұйықтығын шашыратады, содан кейін автоматты түрде тоқтайды.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Әйнекжуғыш бағы бос болғанда фара жуғыштарды қоспаңыз. Бұл әйнекжуғыштың электр қозғалтқышының қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Үнемі, мысалы, отын құйған сайын әйнекжуғыш бағындағы сұйықтықтың деңгейін тексеріп отырыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**


Егер фара жуғыш бүріккіштерінің қақпағына және оған іргелес бетке мұз қатып тұрса, фара жуғышты қолданар алдында мұзын кетіріп алу қажет.

**3-18. Артқы әйнектің, сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы және алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының жылытқышы**

- 1 Артқы әйнек жылытқышы
- 2 Сыртқы айналардың жылытқышы
- 3 Алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының жылытқышы



Артқы әйнек, сыртқы артқы көрініс айналары жылытқышының және алдыңғы әйнектазартқыш щеткалары жылытқышының жұмысы тек оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болған жағдайда ғана мүмкін болады.



Артқы әйнек пен сыртқы айналар жылытқышының түймесі

Жылытқышты қосу үшін артқы әйнек, сыртқы артқы көрініс айналары жылытқышының және алдыңғы әйнектазартқыш щеткалары жылытқышының түймесін басыңыз. Артқы әйнектің жылытқышы, сыртқы айналардың жылытқышы және алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының мұзеріткіші бірге қосылады. Жылытқыш қосылған кезде түймеде шам жанады.

Жүйені өшіру үшін сол түймені қайта басыңыз. Жүйе сондай-ақ оталдыру жүйесінің ажыратқышын ACC немесе OFF күйіне ауыстырған кезде де өшеді.

Артқы әйнектің, сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы және алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының жылытқышы шамамен 15 минут жұмыс істегеннен кейін автоматты түрде өшеді. Егер осы уақыт өткенге дейін артқы әйнектің және сыртқы артқы көрініс айналарының булануы, сондай-ақ алдыңғы тазалағыш щеткаларының резеңке қырғыштарына қатқан мұз толық жойылған болса, жылыту жүйесін өшіру үшін осы түймені қайта басыңыз. Егер артқы әйнектің және сыртқы айналардың булануы, сондай-ақ алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспаларына қатқан мұз жойылмаған болса, осы түймені қайта басыңыз.

Орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен артқы әйнек, сыртқы артқы көрініс айналары жылытқышының және алдыңғы әйнектазартқыш щеткалары жылытқышының үздіксіз жұмыс режимін қосуға болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Қосымша 12 В аккумулятор батареясының заряды таусылмас үшін артқы әйнекті, сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту және алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын жылыту жүйесін қажет болғаннан ұзақ қосып қоймаңыз.
- Артқы әйнектің ішкі бетін тазалау үшін үшкір заттарды немесе абразивті тазартқыш заттарды қолданбаңыз. Олар әйнекке жабыстырылған жылыту жіптерін зақымдауы мүмкін.


## ЕСКЕРТПЕ

- Егер әйнектазартқыш щеткалары алдыңғы әйнекке қатып қалса, артқы әйнекті, сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту және алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын жылыту жүйесін қосыңыз.
- Егер алдыңғы әйнектің бетін қар басып тұрса, алдыңғы әйнектазартқыш щеткалары жылытқышының жұмысы тиімдірек болуы үшін қарды тазалаңыз.
- Егер артқы әйнекті, сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту және алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын жылыту жүйесі үздіксіз жұмыс істесе:
  - Егер автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ (9 миль/сағ) немесе одан төмен болса, 15 минут ішінде алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын жылыту жүйесі автоматты түрде өшеді. Алайда бұндай жағдайда артқы әйнек жылытқышы мен сыртқы айналардың жылытқышы үздіксіз режимде жұмыс істеуін жалғастырады.
  - Егер автокөліктің қосымша 12 В аккумулятор батареясының көрнеуі рұқсат етілген деңгейден төмен түссе, онда үздіксіз жұмыс режимі өшіп, жылыту тоқтайды.

**3-19. Айналар**

Қозғалысты бастар алдында ішкі және сыртқы артқы көрініс айналарының дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз.

- **Ішкі артқы көрініс айнасы (автоматты күңгірттеу функциясы жоқ) (бар болса)**



- 1 Қалыпты күйе
- 2 Көздің қарықтырылуын қорғау күйі

Қалыпты күйде пайдалану үшін айнадағы тілшікті басыңыз. Артта келе жатқан автокөліктің фараларынан көздің қарықтырылуын азайту үшін тілшікті өзіңізге қарай тартыңыз да, айнаны көздің қарықтырылуынан қорғау күйіне қойыңыз.

- **Автоматты күңгірттенетін артқы көрініс айнасы (бар болса)**


**⚠ ЕСКЕРТУ**

Қауіпсіздік мақсатында айналарды реттеп, автокөлік қозғала бастағанға дейін ауыстырып қосқыштарды басуды ұмытпаңыз. Автоматты түрде күңгірттеу функциясын тек қажет болған жағдайда ғана қосыңыз/өшіріңіз. Әйтпесе апат болуы мүмкін.

**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Айнаны тазарту үшін қағаз сүлгіні немесе әйнек тазартқыш затқа малынған ұқсас материалды қолданыңыз. Әйнек тазартқыш затты тікелей айнаға шашыратпаңыз, өйткені бұл жағдайда ол айна корпусының ішіне еніп, оны зақымдауы мүмкін.
- Жарық айқындығын анықтайтын датчиктер айнаның алдыңғы және артқы жақтарында орналасқан. Датчик аймағына ешқандай затты, атап айтқанда жапсырмаларды бекітпеңіз және айнаға ешқандай затты қоймаңыз.

- ▼ **Автоматты түрде күңгірттелетін артқы көрініс айнасын пайдалану тәртібі**



- 1 ҚОСУ/ӨШІРУ ауыстырып қосқышы

1. Автоматты түрде күңгірттелетін артқы көрініс айнасының негізгі корпусын сырғытып, оның күйін артқы бағытта жеткілікті шолуды қамтамасыз етіп реттеңіз.
2. Автоматты түрде күңгірттеу функциясын қосу немесе өшіру үшін автоматты түрде күңгірттеу функциясын қосқышты басыңыз. Автоматты түрде күңгірттеу функциясы қосылған болса, жарықдиодты индикатор жанады. Автоматты түрде күңгірттеу функциясы қосылған болса, ауыстырып қосқышта жасыл жарықдиодты индикатор жанады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Датчиктер айнаның алдыңғы және артқы жақтарында орналасқан.

- Айна автоматты күңгірттеу режимінде болса да, селектор тұтқасын R күйіне ауыстырған кезде айна беті жарық болады. Бұл артқа жүрген кезде жақсы көріністі қамтамасыз етеді.

## ■ Сыртқы артқы көрініс айналары

### ▼ Дөңес айна


#### ▲ ЕСКЕРТУ

Дөңес айнада заттар тегіс айнамен салыстырғанда кішірек және алысырақ болып көрінеді. Қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде өз автокөлігіңіз бен артта келе жатқан автокөліктер арасындағы қашықтықты анықтау үшін дөңес айнаны пайдаланбаңыз. Объектілер мен қашықтықтардың шынайы өлшемдерін анықтау үшін ішкі артқы көрініс айнасын пайдаланыңыз немесе артқа қараңыз.

#### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жолға шақпас бұрын айнардың күйін міндетті түрде реттеп алыңыз.

### ▼ Сыртқы айналарды қашықтан басқару ауыстырып қосқышы



- ▤: реттелетін жақты таңдау
- ▣: реттеу бағыты


Сыртқы айналарды қашықтан басқару оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON немесе ACC күйінде болғанда жұмыс істейді.

1. Қашықтан басқару ауыстырып қосқышын реттегіңіз келетін жаққа ауыстырыңыз. L — сол жақ айнаға, R — оң жақ айнаға.
2. Сыртқы айналарды реттеу ауыстырып қосқышының таңдалған айнаны реттегіңіз келетін бағыттағы тарабын басыңыз.
3. Айналардың кездейсоқ жылжуын болдырмау үшін айналарды таңдау ауыстырып қосқышын бейтарап күйге қойыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Айналарды қолмен де реттеуге болады.

### ▼ Айналарды жию электржетегінің ауыстырып қосқышы



Айналарды жию электржетегінің ауыстырып қосқышы оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON не ACC күйінде тұрғанда жұмыс істейді. Сыртқы артқы көрініс айналарын жию үшін айналарды жию электржетегінің ауыстырып қосқышын басыңыз. Айналарды жұмыс күйіне қайтару үшін ауыстырып қосқышты тағы бір рет басыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы артқы көрініс айналары қолмен жиылған немесе ашылған болса, оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйінен ACC не ON күйіне бұралған кезде сыртқы артқы көрініс айналары айналарды жию электржетегінің ауыстырып қосқышының күйіне


- байланысты автоматты түрде реттеле алады.
- Сыртқы артқы көрініс айналары қолмен жиылған және жұмыстық ашылған күйден сәл өзгеше күйге қойылған болса, оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйінен ACC не ON күйіне бұралған кезде сыртқы артқы көрініс айналары айналарды жию электржетегінің ауыстырып қосқышының күйіне байланысты автоматты түрде әрі қарай жиыла алады. Егер бұл орын алса, айналарды жию электржетегінің ауыстырып қосқышын басыңыз. Осыдан кейін шеткі күйге дейін жиылған сыртқы артқы көрініс айналары жұмыс күйіне жылжып, содан кейін әдеттегі тәсілмен қайтадан жиыла алады. Сыртқы артқы көрініс айналарын жұмыс күйіне қайтару үшін ауыстырып қосқышты тағы бір рет басыңыз.
  - Егер сыртқы артқы көрініс айналары қолмен жиылған болса, олар электр қозғалтқышының дыбысы естілсе де, ауыстырып қосқышты басқан кезде сырғып шықпауы мүмкін. Бұл жағдайда айналарды жию электржетегінің ауыстырып қосқышын қайта басыңыз.
  - Қолмен жазылған кезде сыртқы артқы көрініс айналары дірілдеуі мүмкін. Айналарды әрқашан электржетектің көмегімен жазыңыз. Егер сыртқы артқы көрініс айналары солқылдап босап қалса, оларды жиыңыз, содан кейін электржетектің көмегімен қайта жазыңыз.

- Төмен температурада сыртқы артқы көрініс айналары жылжу кезінде тоқтап қалуы мүмкін. Ауыстырып қосқышты қайтадан басыңыз. Егер ауыстырып қосқышты басқан кезде сыртқы артқы көрініс айналары жұмыс істемесе, сыртқы артқы көрініс айналарын қолмен бірнеше рет жылжытыңыз. Бұл оларды ауыстырып қосқыштың көмегімен іске қосуға көмектеседі.
- Айналарды жию электржетегінің ауыстырып қосқышын ұзақ басып тұрған кезде айналар іске қосылмауы мүмкін. Бұл ақау емес. Біршама уақыттан кейін әрекетті қайталап көріңіз.

## 3-20. Рульдің күйін реттеу



- Рульдің еңкею бұрышын/шығарылуын қозғалыс кезінде реттемеңіз. Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға және оның салдарынан жарақат алуға алып келуі мүмкін.
- Егер тұтқа бекітілген күйге дейін көтерілмесе, рульдің күйін қайтадан реттеңіз. Руль бағаны бекітілмеген автокөлікті басқару қауіпті. Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға және оның салдарынан жарақат алуға алып келуі мүмкін.




- 1 Еңкею бұрышын реттеу
- 2 Шығымын реттеу

1. Орындық күйін реттеңіз. «Алдыңғы орындықтар» бөлімін қараңыз, 38-б.
2. Руль бағанының еңкеюін/шығарылуын бұғаттау тұтқасын төмен түсіріңіз.
3. Рульді қажетті күйге қойыңыз.
4. Рульді бекіту үшін тұтқаны жоғары тартыңыз.
5. Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін рульді жоғары/төмен, алға/артқа қозғап көріңіз.

### 3-21. Руль жылытқышы (бар болса)

Руль жылытқышы рульдің тұрақты температурасын қамтамасыз етеді.



- 1 Руль жылытқышының ажыратқышы
- 2 Индикатор
- 3 Жылыту аймағы

Рульді жылыту жүйесін қосу үшін оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON немесе ACC күйінде тұрған кезде руль жылытқышының ажыратқышын тартыңыз. Рульді жылыту жүйесі қосылады және ажыратқыштағы бақылау шамы жанады. Рульді жылыту жүйесін өшіру үшін ажыратқышты қайтадан тартыңыз. Бұл жағдайда индикатор сенеді.


### ▲ АБАЙЛАҢИЗ

- е-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде рульді жылыту жүйесін қолданыңыз. Әйтпесе қосымша 12 В аккумулятор батареясының кернеуі рұқсат етілген деңгейден төмен түсіп кетуі мүмкін және е-BOXER жүйесін оталдыру мүмкін болмай қалады.
- Рульді жылыту жүйесін ұзақ уақыт пайдаланған жағдайда, тіпті қоршаған ортаның температурасы төмен болса да, терісі сезімтал адамдардың терісін жеңіл күйік шалуы мүмкін. Рульді жылыту жүйесін пайдаланғысы келетін адамдарға осыны ескертіңіз.
- Жылыту жүйесі бар рульді ешқандай затпен, соның ішінде рульге арналған тысқаппен жаппаңыз. Бұл рульді жылыту жүйесінің шектен тыс қызуына алып келуі мүмкін.
- Судың рульге тиіноне жол бермеңіз. Сұйықтық төгілген жағдайда рульді жылыту жүйесін қосар алдында оны дереу сүртіп алыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Егер рульді жылыту қосылған кезде руль бетінің температурасы 40 °C (104 °F) шамасынан жоғары болса, индикатор қосылады, бірақ руль жылымайды.
- Рульді жылыту жүйесі қосқаннан кейін шамамен 30 минут өткенде автоматты түрде өшеді.
- Рульді жылыту жүйесінің температура-сын реттеу мүмкіндігі жоқ.

## 3-22. Дыбыс сигналы




Дыбыс сигналын қосу үшін дыбыс сигналы түймесін басыңыз.

4-1. Желдету жүйесін басқару .....	238	4-6. Жылыту және ауаны кондициялау жүйесін пайдалану бойынша кеңестер .....	246
Орталық дефлекторлар .....	238	Желдету жүйесінің ауа қармау торын тазалау .....	246
Бүйір дефлекторлар .....	238	Күннің тікелей сәулелерінің астында тұрақта тұрғаннан кейін тиімді салқындату.....	247
4-2. Климаттық қондырғыны басқару панелі .....	238	Салқындату агентінің контурындағы компрессор майының айналымы .....	247
Климаттық қондырғыны басқару панелінің экраны .....	240	Жаз басталар алдында климаттық қондырғыны тексеру ...	247
4-3. Климаттық қондырғының автоматты жұмыс режимі.....	241	Жоғары ылғалдығымен және төмен температурасымен ерекшеленетін ауа райы жағдайларында салондағы ауаны салқындату және құрғату .....	247
Датчиктер .....	242	Ауыр жүктеме жағдайында e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрғанда климаттық қондырғының компрессорын өшіру.....	247
4-4. Климаттандыруды қолмен басқару.....	242	Климаттық қондырғыға арналған салқындату агенті .....	247
Ауаны үлестіру режимін таңдау .....	242	4-7. Ауаны тазалау жүйесі .....	248
Температураны реттеу .....	243	Салон сүзгісін ауыстыру.....	248
Желдеткіш жылдамдығын реттеу .....	244		
Кондиционерді басқару .....	244		
Ауа қармауды басқару.....	245		
Климаттық қондырғыны өшіру .....	245		
4-5. Қырауды еріту .....	246		


#### 4-1. Желдету жүйесін басқару

##### ■ Орталық дефлекторлар



Ауаның берілу бағытын өзгерту үшін реттегішті жылжытыңыз. Дефлекторды жабу үшін реттегішті тірелгенше төмен жылжытыңыз.

##### ■ Бүйір дефлекторлар



- 1 Ашу
- 2 Жабу


Ауаның берілу бағытын өзгерту үшін реттегішті жылжытыңыз.

#### 4-2. Климаттық қондырғыны басқару панелі

##### ЕСКЕРТУ

- Салқындату функциясының жұмысы e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрғанда ғана мүмкін.
- Басқалардың көмегін қажет ететін ересек адамдарды немесе балаларды автокөлік ішінде жалғыз қалдырмаңыз. Сондай-ақ жануарларды да қараусыз қалдырмау қажет. Сонымен бірге ыстық немесе шуақты күндері жабық автокөліктегі температура тез көтеріліп, көліктегі адамдарға және жануарларға ыстық өтуі немесе оларды өлімге жетелеуі мүмкін.






- 1 Климаттық қондырғыны басқару панелінің экраны
- 2 Әйнек жылытқышының түймесі («Артқы әйнектің, сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы және алдыңғы әйнектасартқыш щеткаларының жылытқышы» бөлімін қараңыз, ☞230-б.)
- 3 Температураны реттеу түймелері (оң жақ) («Температураны реттеу» бөлімін қараңыз, ☞243-б.)
- 4 Температураны реттеу түймелері (сол жақ) («Температураны реттеу» бөлімін қараңыз, ☞243-б.)
- 5 Қырауды еріту түймесі («Қырауды еріту» бөлімін қараңыз, ☞246-б.)

## ЕСКЕРТПЕ

Сол жақтағы суретте көрсетілген мысал рулі сол жағында орналасқан модельдерге қатысты. Рулі оң жағында орналасқан модельдерде кейбір түймелердің орнатылған орны суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

■ Климаттық қондырғыны басқару панелінің экраны



➔ Климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторын түрткіз


- 1 Климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторы
- 2 Синхрондау режимінің индикаторы
- 3 Бапталатын терезе\*
- 4 Желдеткіш жылдамдығын реттеу
- 5 Климаттық қондырғының қосылу/өшірілу белгішесі
- 6 Климаттық қондырғының жұмыс режимін таңдау терезесі
- 7 Температураны реттеу экраны (оң жағы)
- 8 Синхрондау режимінің белгішесі
- 9 Температура реттегіші
- 10 Ауаны үлестіру режимін таңдау терезесі
- 11 Температураны реттеу экраны (сол жағы)

\*: Бапталатын терезені таңдаулы терезесіне ауыстыруға болады. «Жалпы баптаулар» бөлімін қараңыз, ☎198-б.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Сол жақтағы суретте көрсетілген мысал рулі сол жағында орналасқан модельдерге қатысты. Рулі оң жағында орналасқан модельдерде кейбір түймелердің орнатылған орны суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Экран көрінісі мен климаттық қондырғының қолжетімді басқару функциялары орталық ақпараттық дисплейде көрсетіліп тұрған элементтердің санына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

### 4-3. Климаттық қондырғының автоматты жұмыс режимі



Климаттық қондырғыны басқару панелінің экраны

- 1 Ауа қармауды басқару
- 2 Кондиционер таңбасы
- 3 Ауаны үлестіру режимі
- 4 Желдеткіш жылдамдығы

Автоматты режим таңдалған жағдайда келесі функциялар автоматты түрде реттеледі:

- Ауаны үлестіру режимі
- Ауа қармауды басқару
- Климаттық қондырғы компрессорының жұмысы
- Желдеткіш жылдамдығы

Бұл режимді қосу үшін келесіні орындаңыз.

**Бапталатын терезеде AUTO жазбасы көрсетіледі:**

1. AUTO жазуын түртіңіз.
2. Қажетті температураны белгілеңіз. «Температураны реттеу» бөлімін қараңыз, 243-б.

**Бапталатын терезеде AUTO жазбасы көрсетілмейді:**

1. Климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторын түртіңіз.
2. AUTO жазуын түртіңіз.
3. Қажетті температураны белгілеңіз. «Температураны реттеу» бөлімін қараңыз, 243-б.

### ЕСКЕРТПЕ

- e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде автоматты климат-контроль жүйесін қолданыңыз.
- Тіпті ауаны салқындату қажет болмаса да, егер салонға берілетін ағымдағы температурадан анағұрлым төмен температура берілген болса, климаттық қондырғының компрессоры автоматты түрде қосылатын болады. Бұл жағдайда климаттық қондырғыны басқару панелінің экранында A/C бақылау шамы жанады.
- Кондиционер келесі жағдайларда істемеуі мүмкін:
  - Салондағы ауа температурасы төмен болған кезде.
  - Сыртқы ауа температурасы 0 °C (32 °F) мәніне жақын мәнге дейін төмендегенде.


- Температураны реттеу диапазоны жергілікті нарыққа арналған автокөліктің сипаттамаларына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Егер автоматты жұмыс режимінде жүргізуші желдеткіш жылдамдығын немесе ауаны үлестіру режимін өзгертетін, қырауды еріткішті немесе кондиционердің максималды қуат режимін қосатын болса, AUTO терезесі жасырылады. Климаттық қондырғыны басқару панелі экранының көмегімен климаттандыруды қолмен басқара аласыз. Автоматты режимге қайтып оралу үшін AUTO жазуын түртіңіз.

Климаттық қондырғыны қосу үшін ON/OFF түймесін түртіңіз.

Бұл ретте ауа қармау автоматты және қолмен басқару режимдерінде әртүрлі болады.

- Егер ауа қармаудың автоматты басқару режимі қосылу болса: сырттан ауа келтіру арқылы желдету режимі.
- Егер ауа қармаудың қолмен басқару режимі қосылу болса: өзгеріссіз.

■ Датчиктер



Автоматты климат-контроль жүйесінде бірнеше датчик пайдаланылады. Бұл датчиктердің құрылымы өте нәзік. Дұрыс қолданбаған жағдайда олар жеңіл зақымдалуы мүмкін, мұның нәтижесінде климат-контроль жүйесі салондағы температураны дұрыс реттей алмай қалады. Датчиктерді бұзып алмас үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Датчиктерді соққылардың әсеріне ұшыратпаңыз.
- Датчиктерді су тиюден сақтаңыз.
- Датчиктердің бетін ешнәрсемен жаппаңыз.

- 1 Күн сәулесі қарқындылығының датчигі  
 2 Салондағы ауаның ылғалдығы мен температурасының датчигі


4-4. Климаттандыруды қолмен басқару

■ Ауаны үлестіру режимін таңдау


Қалаған ауаны үлестіру режимін келесі жолмен таңдаңыз.

1. Климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторын түрттіңіз.
2. Қажетті ауаны үлестіру режимінің таңбасын түрттіңіз.


Ауаны үлестірудің келесі режимдері қолжетімді:




Желдету: алдыңғы панель дефлекторлары




2-желдету: алдыңғы панель мен аяқтарға арналған кеңістіктің дефлекторлары



Екі деңгейлі жылыту: алдыңғы панель мен аяқтарға арналған кеңістіктің дефлекторлары



Жылыту: аяқтарға арналған кеңістіктің дефлекторлары, алдыңғы панельдің бүйірлік дефлекторлары және ішінара әйнекке ауа үрлеу дефлекторлары арқылы (булануына жол бермеу үшін ауаның азын-аулақ мөлшері алдыңғы әйнек пен екі бүйір әйнекке беріледі)



Жылыту/қырауын еріту: әйнектерге ауа үрлеу дефлекторлары, аяқтарға арналған кеңістік дефлекторлары және алдыңғы панельдің бүйірлік дефлекторлары

### ■ Температураны реттеу

Дефлекторлар арқылы берілетін ауаның температурасын реттеу үшін келесі әрекетті орындаңыз.

#### Температураны реттеу түймелері:

Көк түсті (салқын) немесе қызыл түсті (жылы) жағындағы температураны реттеу түймесін басыңыз.

#### Температураны реттеу экраны:

1. Климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторын түртіңіз.
2. Келесі әрекеттердің бірін орындау арқылы қажетті температураны таңдаңыз.
  - Температура реттегішін жылжытыңыз.
  - « $\wedge$ »/« $\vee$ » түймесін түртіңіз.

- Температураны реттеу экранында температураның қажетті мәнін түртіңіз.

### ▼ Кондиционердің максималды қуат режимі

Анағұрлым тезірек салқындату үшін климаттық қондырғының жұмыс режимін таңдау терезесінен немесе бапталатын терезеден MAX A/C белгішесін түртіңіз.

Егер кондиционердің максималды қуат режимі қосылып тұрса, баптаулар автоматты түрде келесідей өзгереді:

- Кондиционер қосылады.
- Ең төменгі температура орнатылады.
- Желдеткіштің максималды жылдамдығы орнатылады.
- Рециркуляция режимі қосылады.
- Ауаның үлестірілуі желдету режиміне сәйкес болады.

Кондиционердің максималды қуат режимін өшіріп, алдыңғы баптауларға қайтару үшін MAX A/C белгішесін қайта түртіңіз.

## ЕСКЕРТПЕ

**Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі бар модельдерде, егер жүйе максималды қуат режимін пайдалану кезінде пайдаланушыны анықтауды орындайтын болса, кондиционердің максималды қуат режимі өшіріледі.**



### ▼ Синхрондау режимі

Егер синхрондау режимі қосулы болса, жүргізуші жақтағы температура да, алдыңғы жолаушы жақтағы температура да жүргізуші жақтағы температураны реттеу түймелерінің және температураны реттеу экранының көмегімен синхронды түрде реттеледі.

- Егер SYNC жазуы бапталатын терезеде көрсетіліп тұрса, синхрондау режимін қосу немесе өшіру үшін оны түртіңіз.
- Егер бапталатын терезеде өзге жазу көрсетілсе, климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторын түртіңіз. Содан кейін синхрондау режимін қосу немесе өшіру үшін SYNC түймесін түртіңіз.

Синхрондау режимі қосулы тұрғанда синхрондау режимінің индикаторы көрсетіледі. Синхрондау режимін өшіру үшін SYNC түймесін қайта басыңыз, алдыңғы жолаушы жақтағы температураны реттеу түймесін басыңыз немесе алдыңғы жолаушы жақтағы температура реттегішін пайдаланыңыз. Синхрондау режимі өшірілгеннен кейін индикатор көрсетілмейді. Бұл жағдайда жүргізуші жақ пен алдыңғы жолаушы жақтағы температураны реттеу бөлек жүргізіледі. Температура жүргізуші жақ пен алдыңғы жолаушы жақтағы температураны реттеу түймелерінің және жүргізуші жақ пен алдыңғы жолаушы жақтағы температура реттегіштерінің көмегімен беріледі.

### ■ Желдеткіш жылдамдығын реттеу

Климаттық қондырғыны басқару панелінің экранында  немесе  түймесін тұрту арқылы желдеткіштің қажетті жылдамдығын таңдаңыз.

### ■ Кондиционерді басқару

Кондиционердің жұмысы e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрғанда ғана мүмкін.

Желдеткіш жұмыс істеп тұрғанда кондиционерді қосу үшін келесі әрекетті орындаңыз:

- Егер бапталатын терезеде A/C көрсетіліп тұрса, A/C белгішесін түртіңіз. Кондиционер қосулы болса, A/C бақылау шамы жанып тұрады. Климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторында A/C белгішесі көрсетіледі.
- Егер бапталатын терезеде өзге таңба көрсетілсе, климаттық қондырғының жұмыс режимінің терезесін түртіңіз. Содан кейін климаттық қондырғының жұмыс режимін таңдау терезесінен A/C белгішесін түртіңіз. Кондиционер қосулы болса, A/C бақылау шамы жанып тұрады. Климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторында A/C белгішесі көрсетіледі.

Кондиционерді өшіру үшін A/C белгішесін қайтадан түртіңіз. Бақылау шамы сөнеді.

## ЕСКЕРТПЕ

**Әйнектердің булануын толыққанды кетіру немесе суық ауа райында ауаны құрғату үшін кондиционерді қосыңыз. Егер сыртқы температура шамамен 0 °C (32 °F) құрайтын**

болса, кондиционер және ауаны құрғату тиісті түрде жұмыс істей алмауы мүмкін.

## ■ Ауа қармауды басқару





Ауа қармауды басқару белгішесін түрту арқылы режимді таңдаңыз.


### Рециркуляция режимі:

Салондағы ауаны рециркуляциялау жүзеге асырылады. Бұл режим келесі жағдайларға арналған:

- Шаң көтерілетін жолдармен жүрген жағдайда.
- Суыту тиімділігін арттырыңыз келген жағдайда (мысалы өте ыстық ауа райында).

Бұл режимге ауыстыру үшін келесі әрекетті орындаңыз:


-  бапталатын терезеде көрсетіледі:
  - (1) Белгішені түртіңіз .
-  бапталатын терезеде көрсетілмейді:
  - (1) Климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторын түртіңіз.
  - (2) Климаттық қондырғының жұмыс режимін таңдау терезесінен белгішені түртіңіз .

 климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторында көрсетіледі.

Сырттан ауа келтіру арқылы желдету режимі

Сыртқы ауаның салонға берілуі жүзеге асырылады. Бұл режим келесі жағдайларға арналған:

- Шаң-тозаңды жол артта қалған кезде.
- Салондағы температура жайлы деңгейге дейін төмендеген болса.

Режимді ауыстыру үшін рециркуляция режимі үшін жасалған әрекетті орындаңыз.  климаттық қондырғының жұмыс режимінің индикаторында көрсетіледі.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Рециркуляциялау режимінде жұмысты жалғастыру терезелердің булануына алып келуі мүмкін. Жолдың шаң-тозаңды аймағынан өтіп кеткеннен кейін бірден сырттан ауа келтіру арқылы желдету режиміне ауыстырыңыз.


## ЕСКЕРТПЕ

Егер сырттан ауа келтіру арқылы желдету таңдалған болса, жүйе берілген температура, салондағы қазіргі температура немесе автокөліктің сыртындағы жағдайлар секілді факторларға байланысты ауа қармауды автоматты түрде басқара алады.




## ■ Климаттық қондырғыны өшіру

Климаттық қондырғыны өшіру үшін ON/OFF белгішесін түртіңіз.



## 4-5. Қырауды еріту





Алдыңғы әйнек пен алдыңғы есіктердің әйнектерін жылыту және кептіру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- «» режимін таңдау үшін қырауды еріту түймесін басыңыз.
- «» режимін таңдау үшін ауаны үлестіру режимін таңдау терезесінде «» түймесін түртіңіз.


## ЕСКЕРТПЕ

- Егер «» не «» режимі таңдалған болса, кондиционер белгішесінің күйіне қарамастан климаттық қондырғының компрессоры алдыңғы әйнекті анағұрлым тезірек жылытуды қамтамасыз етіп, автоматты түрде қосылады. Бұл ретте автоматты түрде сырттан ауа келтіру арқылы желдету режимі орнатылады.

- Егер рециркуляция режимі қосулы болса, «» таңдаған кезде сырттан ауа келтіру арқылы желдету режиміне ауысу орын алмайды, рециркуляция режимі белсенді күйінде қалады.
- «» қырауды еріту түймесімен қосылған алдыңғы әйнектің қырауын еріткеннен кейін түймені қайта басқан кезде жүйе қырауды еріту функциясы қосылғанға дейін таңдалып тұрған баптауларға қайтып оралады.

## 4-6. Жылыту және ауаны кондициялау жүйесін пайдалану бойынша кеңестер

- Желдету жүйесінің ауа қармау торын тазалау



- 1 Желдету жүйесінің алдыңғы ауа қармау торы
- 2 Конденсатор

Салонды тиімді жылыту және әйнектің қырауын еріту үшін желдету жүйесінің алдыңғы ауа қармау торының әрдайым қардан, жапырақтардан және ауаның ағып келуіне өзге де кедергілерден тазартылған болуын қадағалаңыз. Конденсатор радиатордың алдына орнатылғандықтан бұл аймақты әрдайым таза ұстау қажет, себебі мұнда жиналып қалған жәндіктер мен жапырақтар салқындату тиімділігін нашарлатады.



■ **Күннің тікелей сәулелерінің астында тұрақта тұрғаннан кейін тиімді салқындату**

Тікелей түсетін күн сәулелерінің астында тұрақта тұрғаннан кейін салонға таза ауаның кіруін қамтамасыз етіп, алғашқы бірнеше минут бойы әйнектерді түсіріп қою қажет. Бұл салон ішіндегі ауаның анағұрлым тезірек салқындатылуын қамтамасыз етеді. Максималды салқындату тиімділігі үшін кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде әйнектерді көтеріңіз.

■ **Салқындату агентінің контурындағы компрессор майының айналымы**

Кондиционер қолданылмайтын маусымда компрессор майының айналымын қамтамасыз ету үшін ай сайын қозғалтқыштың төмен айналу жиілігінде (бос жүрісте немесе төмен қозғалыс жылдамдығында) климаттық қондырғының компрессорын бірнеше минутқа қосып қойыңыз.

■ **Жаз басталар алдында климаттық қондырғыны тексеру**

Көктем сайын кондиционерден салқындату агентінің ағып тұрмағанын, салқындату агенті құбыршектерінің күйін және кондиционердің жұмысын тексеріңіз. Климаттық қондырғыны тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.


■ **Жоғары ылғалдығымен және төмен температурасымен ерекшеленетін ауа райы жағдайларында салондағы ауаны салқындату және құрғату**

Белгілі ауа райы жағдайларында (ауаның салыстырмалы жоғары ылғалдығы, төмен температура және т.б.) дефлекторлардан азын-аулақ су буының шығып тұрғанын байқауға болады. Бұл қалыпты құбылыс және климаттық қондырғының ақаулығын білдірмейді.

■ **Ауыр жүктеме жағдайында е-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрғанда климаттық қондырғының компрессорын өшіру**

Автокөліктің динамикалық сипаттамаларын жақсарту және отынды үнемдеу үшін кондиционер жұмыс істеп тұрғанда автокөлік жылдамдығын күрт үдету мақсатында немесе тік өрге көтерілген кезде акселератор педалін тірелгенше басқан жағдайда климаттық қондырғының компрессорын уақытша өшіру қарастырылған.

■ **Климаттық қондырғыға арналған салқындату агенті**



- 1 Кондиционер жапсырмасы
- A Салқындату агентінің атауы
- B Компрессор майының атауы

4  
Климат-контроль

Кондиционеріңізде озонсақтағыш R-1234yf (HFO-1234yf) салқындату агенті пайдаланылады.

Кондиционерде қолданылатын салқындату агентінің түрін тексеру үшін суретте көрсетілген орындағы кондиционер жапсырмасын пайдаланыңыз.

Қызмет көрсету үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

Сәйкес келмейтін салқындату агентін қолданудан қажеттілік туындаған жөндеуге кепілдік қолданылмайды.

### 4-7. Ауаны тазалау жүйесі

Салон сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырып отырыңыз. «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімін қараңыз, ☎405-б. Кесте уақытын сақтау нәтижесі ауаны шаңнан тиімді тазалауды қамтамасыз етеді. Егер автокөлігіңіз ауадағы шаң-тозаңы көп жағдайларда пайдаланылатын болса, сүзгі жиірек ауыстырылуы тиіс. Біз сүзгінің күйін тексеруді және оны ауыстыруды SUBARU дилеріне тапсыруға кеңес береміз. Ауыстыру кезінде тек түпнұсқа SUBARU салон сүзгісінің жиынтығын пайдалануға кеңес береміз.

#### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Салон сүзгісін ауыстыру мерзімі әлі келмеген болса да, төменде аталған жағдайлар кезінде өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жүгінуге кеңес береміз.


- Дефлекторлар арқылы ауаның берілуі азайды.
- Алдыңғы әйнек сәл булана бастайды немесе ылғал тамшылары пайда болады.

#### ЕСКЕРТПЕ


Салон сүзгісіне тиісінше қызмет көрсетпеу кондиционердің, жылытқыштың және қырауды еріту функциясының жұмысына әсер етуі мүмкін.

### ■ Салон сүзгісін ауыстыру

1. Алдыңғы жолаушы жақтағы ұсақ-түйек тартпасын шешіп алыңыз.
  - (1) Ұсақ-түйек тартпасын ашыңыз.




- (2) Демпфер штогын ұсақ-түйек тартпасынан ажыратыңыз.




1 Тіреулер


- (3) Тіреулерін бұғаттан шығару үшін екі жағынан ұсақ-түйек тартпасын ішіне қарай басыңыз, содан кейін ұсақ-түйек тартпасын мүмкін болатын дәрежеге дейін түсіріңіз.



- (4) Ұсақ-түйек тартпасын көлденең бағытта тартып шығарыңыз және топсаларын ажыратыңыз. Бұл әрекетті орындау кезінде ілмектерді бүлдіріп алмау үшін абай болыңыз.




2. Сүзгідегі шаң-тозаңның оның корпусының ішіне түсуіне жол бермеу үшін салон сүзгісін төменде келтірілген тәртіпке сәйкес шешіп алыңыз.
- (1) Бекіткіштердің екеуін де қысып, сүзгінің қақпағын шешіп алыңыз.
  - (2) Сүзгінің жиегін абайлап төмен еңкейтеіңіз де, оны ақырын 1 см (0,4 дюйм) тартып шығарыңыз.
  - (3) Сүзгінің қалған бөлігін ақырын тартып шығарыңыз.



3. Салон сүзгісін жаңасына ауыстырыңыз және қақпағын орнына орнатыңыз.

### **АБАЙЛАҢЫЗ**

**Сүзгіде меңзер таңбасы ЖОҒАРЫ қарап тұруы керек.**




4. Ұсақ-түйек тартпасын орнына орнатыңыз және демпфер штогын жалғаныз.
5. Ұсақ-түйек тартпасын жабыңыз.

5-1. Антенна.....	252
Төбөдөгү антенна .....	252

5-2. Аудиожүйе.....	252
---------------------	-----

## 5-1. Антенна

### ■ Төбедегі антенна



Антенна төбенің артқы бөлігінің ортасына орнатылған.

## 5-2. Аудиожүйе

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Жалпы пайдаланылатын жиілік диапазонындағы радиостанция, сондай-ақ өзге де радиотаратқыш құрылғыларды орнатар алдында біз әрдайым SUBARU дилерімен кеңесіп алуды ұсынамыз. Егер мұндай құрылғылар тиісінше орнатылмаса немесе олар бұл автокөлікке арналмаған болса, бұл құрылғылар автокөліктің электрондық жабдығы жұмысының бұзылуларына алып келуі мүмкін.
- 12 В қосымша аккумулятор батареясының разрядталуына жол бермеу үшін e-BOXER жүйесі жұмыс істемей тұрғанда аудио/бейнежүйені қосуды күйінде қалдырмаңыз.

Егер автокөлігіңіз SUBARU түпнұсқа навигация жүйесімен немесе аудиожүйесімен жабдықталған болса, толық ақпарат алу үшін аудиожүйенің/навигация жүйесінің пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулығын қараңыз.

6-1. Салон жарығы .....	254	6-7. Зарядтауға арналған USB ағытпалары .....	260
Нүктелі шырағандар .....	254	Зарядтауға арналған USB ағытпасын қалай пайдалану қажет .....	261
Салонды жарықтандыру плафоны .....	254	6-8. Сымсыз зарядтау құрылғысы (бар болса) .....	262
Жүксалғышты жарықтандыру плафоны .....	255	Сымсыз зарядтау құрылғысын қалай пайдалану қажет .....	262
Кешіктіріп өшіру таймері .....	255	6-9. Үстіңгі тұтқа .....	266
6-2. Күнқағарлар .....	255	6-10. Киімге арналған ілмек .....	267
Көмескі жарығы бар косметикалық айна .....	255	6-11. Сөмкеге арналған ілмек .....	267
6-3. Ұсақ-түйек бөлімдері .....	256	6-12. Еден кілемшесі .....	268
Алдыңғы жолаушы жақтағы ұсақ-түйек тартпасы .....	256	6-13. Жүксалғыш қалқасы .....	269
Орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімі .....	257	Қалқаның қолданылуы .....	269
Ортаңғы шынтақтаяныш .....	257	Қалқаның корпусын шешіп алу .....	269
Ортаңғы шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек бөлімі .....	257	Жүксалғыш қалқасын сақтау .....	270
6-4. Стақанқойғыштар .....	258	Қалқа корпусын орнату .....	270
Жүргізушінің және алдыңғы жолаушының стақанқойғыштары .....	258	6-14. Жүк бекіту құлақшалары .....	271
Артқы жолаушылардың стақанқойғыштары .....	258	6-15. Күлсауыт (бар болса) .....	271
6-5. Бөтелке ұстағыштар .....	259		
6-6. Электр қуаты ағытпасы .....	259		


## 6-1. Салон жарығы

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Аккумулятор батареясы разрядталмауы үшін автокөліктен шыққанда жарықтың өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

### ■ Нүктелі шырағандар

#### ▼ Нүктелі шырағандардың ажыратқыштары




Нүктелі шырағанды қосу үшін шашыратқышын басыңыз. Оны өшіру үшін шашыратқышты қайта басыңыз.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Нүктелі шырағандарда жарықдиодтар қолданылады, сондықтан оларға ұзақ қарамаңыз.

Ұзақ қарасаңыз, олар көздеріңізге зиян келтіруі мүмкін.

#### ▼ Есіктермен бірге істеу ажыратқышы




1 Есіктермен бірге істеу ажыратқышы

Есіктермен бірге істеу ажыратқышының келесі күйлері бар.

**OFF:** нүктелі шырағандар есік ашылғанда автоматты түрде қосылмайды. Әйтсе де шырағандарды шашыратқыштарын басу арқылы қолмен қосуға болады.

**DOOR:** егер нүктелі шырағандар өшірулі болса, олар есіктердің кез келгені (жүксалғыш бөлімнің қақпағынан өзге) ашылған кезде автоматты түрде қосылады. Барлық есіктер (жүксалғыш бөлімнің қақпағын қоспағанда) жабылғаннан кейін бірнеше секунд өткен кезде нүктелі шырағандар біртіндеп сөнеді. Толық ақпаратты «Кешіктіріп өшіру таймері» бөлімінен қараңыз, 255-б.

## ■ Салонды жарықтандыру плафоны



- 1 ON
- 2 DOOR
- 3 OFF

Салонды жарықтандыру плафоны ажыратқышының келесі күйлері бар:

**ON:** жарықтандыру плафоны үнемі қосулы.

**OFF:** жарықтандыру плафоны өшірулі күйінде қалады.

**DOOR:** салонды жарықтандыру плафоны келесі жағдайларда автоматты түрде қосылады:


- Есіктердің кез келгені немесе жүксалғыш бөлімнің қақпағы ашылады.
- Кілтсіз ашу функциясының көмегімен (бар болса) есіктердің немесе жүксалғыш бөлім қақпағының құлпы ашылады. «Қашықтан ашу салпыншағының көмегімен құлыптау және құлпын ашу» бөлімін қараңыз, 117-б.
- Есіктердің немесе жүксалғыш бөлімнің құлпы кілтсіз ашуды қашықтан басқару



жүйесінің көмегімен ашылады. «Кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі» бөлімін қараңыз, 129-б.

- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC күйінен OFF күйіне ауыстырылады.

### ■ Жұқсалғышты жарықтандыру плафоны



- 1 DOOR
- 2 OFF

**DOOR:** плафон жұқсалғыш бөлім қақпағын ашқан кезде қосылады. Жұқсалғыш бөлімнің қақпағы жабылғаннан кейін жарық плафоны бірнеше секунд бойы қосулы күйінде тұрады да, біртіндеп сөнеді.

**OFF:** жарықтандыру плафоны өшірулі күйінде қалады.

### ■ Кешіктіріп өшіру таймері

Келесі жарық аспаптарының автоматты функциясы бар:


- Салонды жарықтандыру плафоны
- Нүктелі шырағандар
- Жұқсалғышты жарықтандыру плафоны

Егер есіктермен бірге істеу ажыратқышы DOOR күйіне қойылған болса, жарық аспаптары есіктердің құлыпталуына және құлыптарының ашылуына, есіктердің ашылуына және жабылуына, сондай-ақ оталдыру жүйесінің ажыратқышының күйіне байланысты автоматты түрде қосылады және өшіріледі.

### ЕСКЕРТПЕ

**Жарық аспаптарының өшуін кешіктіру (кешіктіріп өшіру таймері) уақытын баптау орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен өзгертіле алады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б. Жарық аспаптарының өшуін кешіктіруді (кешіктіріп өшіру таймерін) сондай-ақ SUBARU дилері баптап бере алады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.**

## 6-2. Күнқағарлар




Күн сәулесінен қорғану үшін күнқағарларды төмен қайырыңыз. Бүйірден түскен күн сәулесінен қорғану үшін күнқағарды төмен қайырыңыз да, есік әйнегіне қарай бұрыңыз.

### ■ Көмескі жарығы бар косметикалық айна

#### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Көздің қарығуынан сақтану үшін автокөліктің қозғалысы кезінде косметикалық айнаның қақпағын жабық күйінде ұстаңыз.



Косметикалық айнаны пайдалану үшін күнқағарды төмен қайырып, косметикалық айнаның қақпағын ашыңыз. Косметикалық айнаның қақпағы ашық тұрған кезде косметикалық айнаның жарығы қосылып тұрады.

## ЕСКЕРТПЕ


e-BOXER жүйесі жұмыс істемей тұрған кезде косметикалық айнаның жарығын ұзақ уақыт пайдалану 12 В аккумулятор батареясының разрядталуына алып келуі мүмкін.

## 6-3. Ұсақ-түйек бөлімдері

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Кенеттен тоқтап қалу немесе жол-көлік оқиғасы жағдайында жарақат алу қаупін төмендету үшін қозғалыс кезінде ұсақ-түйек бөлімдерін әрдайым жабық күйінде ұстаңыз.
- Ұсақ-түйек бөлімдерінде келесі заттарды сақтамаңыз. Сақтаған жағдайда тұтану немесе апат орын алуы мүмкін.
  - Аэрозоль баллондары, жеңіл тұтанғыш немесе күйдіргіш сұйықтықтары бар ыдыстар, сондай-ақ өзге қауіпті заттар.
  - Пластик немесе термотөзімсіз, сондай-ақ жеңіл тұтанғыш заттар, мысалы, оттықтар.

## ■ Алдыңғы жолаушы жақтағы ұсақ-түйек тартпасы




Ұсақ-түйек тартпасын ашу үшін тұтқасынан тартыңыз. Жабу үшін қақпақты жоғары көтеріп итеріңіз.

## ЕСКЕРТПЕ

Алдыңғы панельдің жарығы қосулы тұрған кезде ұсақ-түйек тартпасының жарығы да қосылады. «Фаралар» бөлімін қараңыз, 215-б.

■ **Орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімі**

Орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімі алдыңғы панельдің ортаңғы бөлігінің астында орналасқан.



**⚠ ЕСКЕРТУ**

Сымсыз зарядтау құрылғысы бар модельдер үшін:

Сымсыз зарядтау құрылғысы қосулы тұрғанда орталық консольдегі ұсақ-түйек бөліміне тиындар, кілттер, түйреуіштер немесе өзге металл заттар қоймаңыз. Толық ақпаратты «Сымсыз зарядтау құрылғысы» бөлімінен қараңыз, ☎ 262-б.

**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

Орталық консольдегі ұсақ-түйек бөліміне ішінен домалап түсіп қалуы мүмкін заттар салмаңыз.


- Автокөліктің қозғалысы кезінде заттар ұсақ-түйек бөлімінен құлап түссе, жарақат алуыңыз мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

Алдыңғы панельдің жарығы қосулы тұрған кезде орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімінің жарығы да қосылады. «Фаралар» бөлімін қараңыз, ☎ 215-б.

■ **Ортаңғы шынтақтаяныш**


Ортаңғы шынтақтаяныштың ұсақ-түйек бөлімі бар.



Қақпағын ашу үшін құлыптау тұтқасын жоғары қарай тартыңыз.

■ **Ортаңғы шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек бөлімі**

Ортаңғы шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек бөлімі шынтақтаяныштың алдыңғы бөлігінде орналасқан.



## 6-4. Стақанқойғыштар


### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Сұйықтықтарды төгіп алмау үшін абай болыңыз. Өзіңіз немесе жолаушыларыңыз ыстық сусындардан күйіп қалуы мүмкін. Төгілген сусындар тыстаманы, кілемшелерді немесе аудиожүйені зақымдауы мүмкін.

### ■ **Жүргізушінің және алдыңғы жолаушының стақанқойғыштары**


### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Қозғалыс кезінде стақанды стақанқойғыштан алмаңыз және стақанқойғышқа стақан қоймаңыз, себебі бұл назарыңызды бұруы және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.
- Сусынды селектор тұтқасына немесе жанындағы ауыстырып қосқышына (ауыстырып қосқыштар блогына) төгіп алмау үшін абай болыңыз. Сұйықтықтың төгілуі селектор тұтқасының және/немесе ауыстырып қосқыштың (ауыстырып қосқыштар блогының) жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.



Орталық консольге екі стақанқойғыш кіріктірілген.

### ■ **Артқы жолаушылардың стақанқойғыштары**



Шынтақтаянышқа екі стақанқойғыш кіріктірілген.


### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Стақанқойғышта сусыны бар ыдыс тұрған кезде бірде-бір орындықты жинамаңыз және жазбаңыз. Әйтпесе қозғалыс кезінде сусын төгілуі және, егер сусын ыстық болса, күйік шалуы мүмкін.

## 6-5. Бөтелке ұстағыштар


### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалыс кезінде бөтелкені бөтелке ұстағыштан алмаңыз және бөтелке ұстағышқа бөтелке қоймаңыз, себебі бұл назарыңызды бұруы және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.
- Бөтелке ұстағышқа сусыны бар бөтелке қоятын кезде бөтелкенің аузының жабық екеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе есікті ашқанда/жапқанда немесе қозғалыс кезінде сусын төгілуі және, егер сусын ыстық болса, күйік шалуы мүмкін.



Бөтелке ұстағыш әр есікте бар, оларды сусыны бар бөтелкелерді және басқа заттарды салып қою үшін қолдануға болады.

## 6-6. Электр қуаты ағытпасы



### Электр қуаты ағытпасы

Орталық консольде сыртқы тұтынушыларға электр қуатын беруге арналған ағытпа бар. Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе ON күйінде тұрса, электр қуаты (12 В тұрақты ток) қосымша 12 В аккумулятор батареясынан жүзеге асырылады.

Автомобильде электр қуаты ағытпасына жалғау арқылы электр құралын пайдалануыңызға болады.

Ағытпаға жалғауға болатын электр құралының максималды қуаты **120 Вт** құрайды. Электр қуаты ағытпасына қуаты одан жоғары электр құралдарын жалғамаңыз.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Шылымтұтатқышты сыртқы тұтынушыларға электр қуатын беру ағытпасына сұғуға тырыспаңыз.
- Электр қуаты ағытпасына қандай да бір бөтен, әсіресе, металл заттарды, мысалы, тиындарды немесе алюминий жұқалтырды салмаңыз. Бұл қысқа тұйықталуға себеп болуы мүмкін. Қолданылмайтын болса, міндетті түрде электр қуаты ағытпасының қақпағын жауып қойыңыз.
- 12 В тұрақты ток кернеуіне есептелген электр құралдарын ғана қосыңыз. Ағытпаға жалғауға болатын электр құралының максималды қуаты 120 Вт құрайды. Электр қуаты ағытпасына қуаты одан жоғары электр құралдарын жалғамаңыз. Электр қуаты ағытпасына шектен тыс жүктеме түсіру қысқа тұйықталуға алып келуі мүмкін. Тармақтағыштар қолданбаңыз және бір электр құралынан артық жалғамаңыз.
- Егер электр құралыңыздың штекері электр қуаты ағытпасының ұяшығына тым өркін немесе тым тығыз сұғылатын болса, бұл нашар жанасуға немесе штекердің ұяшықта кептеліп қалуына алып келуі мүмкін. Ағытпа ұяшығына жақсы сай келетін штекерлер ғана қолданыңыз.

- e-BOXER жүйесі жұмыс істемей тұрған кезде электр қуаты ағытпасына жалғанған электр құралын ұзақ қолдану 12 В аккумулятор батареясы зарядының отыруына алып келуі мүмкін.
- Қозғалысты бастамас бұрын жалғанған электр құралының штекері мен сымының берілістерді ауыстырып қосуға және акселератор мен тежегіш педальдарын басқаруға кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. Әйтпесе электр құралын қозғалыс кезінде ажыратып қойыңыз.

## 6-7. Зарядтауға арналған USB ағытпалары

### АБАЙЛАҢЫЗ

- USB ағытпаларына USB Type-A және Type-C кабельдерін жалғауға болады. Егер басқа кабель түрі жалғанған болса, электр қуатын беру немесе зарядтау орындалмауы немесе құрылғының жұмысы бұзылуы мүмкін.
- Қосылған құрылғының істен шығу немесе деректердің зақымдалу қаупі бар. Құрылғыны қосу сіздің жауапкершілігіңізбен жүзеге асырылады.
- Электр тогы соқпауы үшін немесе ақаудан сақтану үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:
  - USB-концентраторды жалғамаңыз.
  - USB ағытпасына қандай да бір металл немесе басқа зат сұқпаңыз.
  - USB ағытпасына су немесе өзге сұйықтық төгіп алмаңыз.
- Абай болыңыз және жалғанған кабельді тартпаңыз. Әйтпесе бұл USB ағытпасын және жалғанған құрылғыны зақымдауы мүмкін.


- e-BOXER жүйесі жұмыс істемей тұрған кезде құрылғыны ұзақ уақыт бойы қосып қою 12 В аккумулятор батареясы зарядының отыруына алып келуі мүмкін. Тіпті e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрса да, біз құрылғыны қажеттілік болмаса, ұзақ уақыт бойы қосып қоюға кеңес бермейміз.
- Ақаулы құрылғыны қоспаңыз. Қосқан жағдайда түтеуі және өрт шығуы мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

- Әр USB ағытпасындағы номиналды кернеу 5 В құрайды. Максималды қуат туралы толық ақпаратты «Зарядтауға арналған USB ағытпасын қалай пайдалану қажет» бөлімінен қараңыз, 261-б. Құрылғыны жалғамас бұрын міндетті түрде осы құрылғының пайдалану жөніндегі нұсқаулығын оқып шығыңыз және құрылғыға осы ағытпа түрінен электр қуатын беруге жол берілетініне көз жеткізіңіз. Егер максималды рұқсат етілген қуаттан жоғары қуатты қажет ететін құрылғы жалғанған болса, электр қуатын беру немесе зарядтау орындалмауы мүмкін. Тіпті зарядтауды аяқтау мүмкін болғанның өзінде зарядтауға қажетті уақыт осы құрылғыға арналған түпнұсқа зарядтағышты пайдаланғаннан ұзағырақ болуы мүмкін.

- Құрылғыға байланысты тек арнайы кабель арқылы зарядтауға болады. Мұндай жағдайда құрылғыны міндетті түрде арнайы кабельдің көмегімен қосыңыз.
- ДК-мен байланысқан құрылғы қосылып тұрғанда, электр қуатының немесе зарядтың берілуі мүмкін болмайды.
- Зарядтауға арналған құрылғыны қосқан жағдайда зарядтау аяқталғаннан кейін оны бірден өшіріңіз.


## ■ Зарядтауға арналған USB ағытпасын қалай пайдалану қажет



Алдыңғы орындықтардың алдындағы зарядтауға арналған USB ағытпалары (оларға аудиоқұрылғыны жалғауға және қолдануға болады)

- USB Type-A ағытпасы: 5 В тұрақ. ток / 2,4 А\*
- USB Type-C ағытпасы: 5 В тұрақ. ток / 3,0 А\*

\*: Екі USB ағытпасының максималды рұқсат етілетін тогы 5,4 А құрайды.



Ортаңғы шынтактаяныштағы USB ағытпалары (тек зарядтауға арналған) (бар болса)


- USB Type-A ағытпасы: 5 В тұрақ. ток / 2,4 А\*
- USB Type-C ағытпасы: 5 В тұрақ. ток / 3,0 А\*

\*: Екі USB ағытпасының максималды рұқсат етілетін тогы 5,4 А құрайды.

USB ағытпасын электрондық құрылғыны жұмыс істетуге немесе зарядтау үшін пайдаланыңыз.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе ON күйінде тұрса, құрылғыға электр қуатын беру мүмкін болады.


## 6-8. Сымсыз зарядтау құрылғысы (бар болса)



### Сымсыз зарядтау құрылғысы

Qi сымсыз зарядтау стандартын қолдайтын мобильді телефонды, смартфонды немесе осыған ұқсас мобильді құрылғыны зарядтау үшін құрылғыны орталық ақпараттық дисплейдің астында орналасқан зарядтауға арналған алаңға орналастырыңыз.

Qi логотипі — Сымсыз электр-магнитті энергия консорциумының сауда белгісі.



- 1 Индикатор
- 2 Электр қуаты ажыратқышы
- 3 Зарядтауға арналған алаң


### ЕСКЕРТПЕ

Мобильді құрылғыларда және сымсыз зарядтау құрылғысында зарядтауға арналған жалпақ шарғылар бар. Бұл шарғылар сымсыз зарядтау жүйесінің көмегімен мобильді құрылғыны жоғары тиімділікпен зарядтауды қамтамасыз етеді. Сымсыз зарядтау құрылғысы зарядтауға арналған алаңда құрылғының бар-жоғын анықтайды және кіріктірілген жылжымалы шарғыны сіздің зарядтауға арналған құрылғыңыздағы шарғымен теңестіреді. Егер автокөліктің қозғалысы кезіндегі діріл шарғылардың салыстырмалы ығысуына алып келсе, сымсыз зарядтау құрылғысының жылжымалы шарғысы автоматты түрде өзінің орналасқан жерін өзгерте алады және зарядтау қайта жалғасады.

Алайда егер мобильді құрылғы зарядтауға арналған алаңнан алынса, зарядтау автоматты түрде тыйылады.


### ■ Сымсыз зарядтау құрылғысын қалай пайдалану қажет

1. Сымсыз зарядтау құрылғысы оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON немесе ACC күйінде тұрғанда жұмыс істейді.



2. Сымсыз зарядтау құрылғысын қосу үшін электр қуаты ажыратқышын бір рет басыңыз. Сымсыз зарядтау құрылғысы қосулы тұрғанда жасыл түсті индикатор жанып тұрады. Сымсыз зарядтау құрылғысы өшірулі тұрғанда индикатор жанбайды.





3. Мобильді құрылғыны дисплейін немесе пернетақтасын жоғары қаратып, зарядтауға арналған алаңға орналастырыңыз (зарядтауға арналған бетін төмен қаратып). Құрылғының ортасын зарядтауға арналған алаңның ортасымен түйістіру қажет. Кейбір құрылғыларда зарядтауға арналған шарғы құрылғының ортасында орналаспауы мүмкін. Мұндай жағдайда мобильді құрылғыны зарядтауға арналған шарғының ортасы зарядтауға арналған алаңның ортасында орналасатындай етіп қойыңыз. Зарядтау кезінде индикатор қызғылт сары түспен жанады. Егер қызғылт сары индикатор жанбай тұрса және құрылғы зарядталмаса, құрылғыны зарядтауға арналған алаңның ортасына қарай ысырыңыз.
4. Зарядтау аяқталған кезде индикатор жасыл түспен жанады.

## ЕСКЕРТПЕ

Сымсыз зарядтау құрылғысының электр қуатының күйі тіпті оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне ауыстырған кезде де сақталады.

### ▼ Тез зарядтауды қалай пайдалану қажет

Кәдімгі зарядтаумен (5 Вт) салыстырғанда мобильді құрылғылардың келесі түрлері тез зарядтауды қолдайды.

- WPC\* 1.2.4 нұсқасын қолдайтын және тез зарядтауға арналған құрылғылармен үйлесімді мобильді құрылғылар 10 Вт дейінгі зарядтау қуатымен зарядтала алады.
- WPC\* 1.2.4 нұсқасын қолдайтын iOS нұсқасы бар және қуаты 7,5 Вт зарядтауды қолдайтын iPhone 8 (немесе одан кейінгі) смартфондары.

\* WPC: Сымсыз электр-магнитті энергия консорциумы

1. Мобильді құрылғыңыз кәдімгі режимде зарядталып жатқан кезде тез зарядтауға ауысу үшін электр қуаты ажыратқышын үш рет басыңыз. Егер сымсыз зарядтау құрылғысы тез зарядтау режиміне ауыстырылған болса, индикатор түсі қызғылт сары түстен кезектескен жасыл және қызғылт сары түске өзгереді.
2. Зарядтау аяқталған кезде сымсыз зарядтау құрылғысы тез зарядтау режимінен шығады. Тез зарядтауды қайта жалғастыру үшін тез зарядтау режимін қайта қосыңыз.

### ▼ Сымсыз зарядтау құрылғысын өшіру

Электр қуаты ажыратқышын бір рет басыңыз. Сымсыз зарядтау құрылғысы өшірілген кезде индикатор сөнеді.

### ▼ Индикатор күйінің мысалдары

Индикатор күйі	Мағынасы
Жанбай тұр	Сымсыз зарядтау құрылғысы өшірулі
Жасыл түспен жанып тұр	Күту режимі (зарядтауға дайындық күйі) <sup>*1</sup> Зарядтау аяқталды <sup>*2</sup>
Қызғылт сары түспен жанып тұр	Мобильді құрылғы зарядтауға арналған алаңда орналасқан (мобильді құрылғы анықталды) Зарядтау
Кезектескен жасыл және қызғылт сары түспен жанады	Тез зарядтау жүзеге асырылады

\*1: Сымсыз зарядтау құрылғысы күту режимінде тұрған кезде зарядтау үшін қуат берілмейді. Егер осы кезде зарядтауға арналған алаңда металл заттар жатса, олар қызып кетпейді.

\*2: Кейбір мобильді құрылғыларды зарядтаған жағдайда индикатордың түсі тіпті зарядтау аяқталғаннан кейін де қызғылт сары күйінде қала береді.

▼ Ескертулер тізімі

Индикатор күйі	Ықтимал себептер	Шешімі
Секундына бір реттік жиілікпен қызғылт сары түспен жыпылықтайды	Сымсыз зарядтау құрылғысы мен қашықтан ашу салпыншағының арасындағы байланыс бұзылды.	Егер e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрса, e-BOXER жүйесін өшіріңіз де, қайта қосыңыз. Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC күйінде тұрса, e-BOXER жүйесін қосыңыз.
Қатарынан үш рет қызғылт сары түспен жыпылықтайды	Бөтен металл зат анықталды. Мобильді құрылғы мен зарядтауға арналған алаңның арасында бөтен зат анықталды.	Мобильді құрылғы мен зарядтауға арналған алаңның арасындағы кез келген бөтен затты алып тастаңыз.

Қатарынан үш рет қызғылт сары түспен жыпылықтайды	Мобильді құрылғы ығысып кетті. Мобильді құрылғының зарядтауға арналған шарғысының зарядтауға арналған алаңның шарғысына қатысты ығысуына байланысты зарядтауға арналған шарғыларды қызып кетуден қорғау функциясы іске қосылды.	Мобильді құрылғыны зарядтауға арналған алаңнан алыңыз. Қосылу индикаторының қайтадан жасыл түспен жанып тұрғанына көз жеткізіңіз де, құрылғыны зарядтауға арналған алаңның ортасына орналастырыңыз. Егер мобильді құрылғының тысқабы немесе қаптамасы бар болса, оларды шешіп алыңыз.
Қатарынан төрт рет қызғылт сары түспен жыпылықтайды	Сымсыз зарядтау құрылғысының ішіндегі температура жоғарылады.	Зарядтауды тоқтату үшін мобильді құрылғыны зарядтауға арналған алаңнан уақытша алыңыз. Мобильді құрылғы суыған кезде оны зарядтауды қайта жалғастырыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер құрылғыны зарядтау кезінде орташа толқындар диапазонында радио қабылдағанда бөтен шу естілсе, зарядтау жиілігін өзгерту арқылы шуды азайтуға болады.

Зарядтау жиілігін өзгерту үшін сымсыз зарядтау құрылғысының электр қуаты ажыратқышын басылған күйде ұстап тұрыңыз.

Біршама уақыттан кейін индикатордың қызғылт сары түспен екі рет жыпылықтауы жиіліктің өзгергенін көрсетеді.

### ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік мақсатында жүргізушіге қозғалыс кезінде мобильді құрылғыны зарядтаумен байланысты әрекеттерді орындауға тыйым салынады.
- Қозғалыс кезінде сымсыз құлаққаптар немесе жеңіл мобильді телефондар секілді ұсақ құрылғыларды зарядтамаңыз. Салмағының жеңілдігіне байланысты мұндай құрылғылар зарядтауға арналған алаңнан ұшып түсуі мүмкін, бұл жол-көлік оқиғасына алып келеді.
- Сымсыз зарядтау барысында энергия қабылдайтын құрылғы кейбір имплантацияланған немесе басқа электрлік медициналық құрылғыларға әсер етуі мүмкін. Егер кардиостимуляторды, импульстер генераторын, кардиовертер-дефибрилляторды немесе осыған ұқсас құрылғыны пайдаланатын болсаңыз, сымсыз зарядтау

құрылғысын қолданбас бұрын дәрігермен кеңесіп алыңыз.

- Құрылғыңызды зарядтамас бұрын зарядтауға арналған алаң мен мобильді құрылғының арасында металдың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Металл заттар қызуы және ұстаған кезде қолыңызды күйдіруі мүмкін.
- Зарядтауға арналған алаңға шектен тыс күш түсірмеңіз және оны соққылардың әсеріне ұшыратпаңыз.
- Зарядтауға арналған алаңға алюминий жұқалтырдан жасалған астары бар жапсырмалар жабыстырмаңыз және басқа металл заттар қоймаңыз. Егер зарядтауға арналған алаңға жанасатын болса, сондай-ақ алюминий жұқалтырдан жасалған жапсырмалары немесе басқа бекітілген металл заттары бар мобильді құрылғыларды зарядтамаңыз. Металл заттар қызуы және ұстаған кезде қолыңызды күйдіруі мүмкін.
- Сымсыз зарядтау құрылғысын бөлшектемеңіз, оның құрылымына өзгертулер енгізбеңіз және оны шешіп алмаңыз.
- Зарядтауға арналған алаңға немесе оның жанына магниттелген заттар қоймаңыз.
- Зарядтау кезінде құрылғыңыздың бетін киіммен немесе басқа бір нәрсемен жаппаңыз.
- Құрылғыңызды шаң-тозаңы жоғары жағдайларда зарядтамаңыз.

- Зарядтауға арналған алаңда ешқандай металл заттардың немесе төгілген сұйықтықтың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жоғарыда көрсетілген сымсыз зарядтауды қолдайтын құрылғылардан өзге қандай да бір құрылғыны зарядтамаңыз.


## АБАЙЛАҢЫЗ

- Қашықтан ашу салпыншағын сымсыз зарядтау құрылғысының жанына қоймаңыз.
- Құрылғыңызды зарядтау кезінде магнитті карталарыңызды (мысалы, банк карталарын) және жоғары дәлдікті құрылғыларды (мысалы, сағатты) зарядтауға арналған алаңнан алшақ ұстаңыз. Оларға зақым келуі мүмкін. Автокөліктің аккумулятор батареясының разрядталуына жол бермеу үшін іштен жану қозғалтқышы өшірулі тұрса, сымсыз зарядтау құрылғысын ұзақ уақыт бойы пайдаланбаңыз.
- Егер қашықтан ашу салпыншағы салон ішінде табылмаса, батареяны зарядтау мүмкін емес. Сонымен бірге кілтсіз ашуды қашықтан басқару жүйесі жұмыс істеп жатқанда, мысалы, есіктерді ашқан және жапқан кезде зарядтау уақытша тоқтатылуы мүмкін.
- Мобильді құрылғының батареясын зарядтау үшін құрылғының тысқабын шешіңіз.

- Алаңда заттарды ұзақ уақыт қараусыз қалдырмаңыз. Құрылғының тысқаптарының немесе аксессуарларының кейбір түрлерімен жанасудан алаң бояуының сапасы нашарлауы мүмкін.
- Егер зарядтауға арналған алаңға орналастырылғаннан кейін мобильді құрылғыңыз зарядталмаса, оның тысқабын немесе аксессуарын шешіп алыңыз.
- Мобильді құрылғының операциялық жүйесінің нұсқасын жаңартқан жағдайда зарядтаумен байланысты сипаттамалар айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Сондай-ақ WPC-мен үйлесімді операциялық жүйе нұсқасы өзгерген жағдайда тез зарядтау қолжетімсіз болып қалуы мүмкін. Толық ақпаратты мобильді құрылғыңыздың өндірушісінің веб-сайтынан қараңыз.
- Автокөліктің аккумулятор батареясының разрядталуына жол бермеу үшін іштен жану қозғалтқышы өшірулі тұрса, сымсыз зарядтау құрылғысын ұзақ уақыт бойы пайдаланбаңыз.
- Егер радиотаратқыш станцияның немесе телемұнараның, әуежайдың немесе күшті радиотолқындар немесе кедергілер тудыратын басқа объектілердің жанында орналассаңыз, жүйенің жұмысы бұзылуы мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бұл функция зарядтауға арналған алаңнан бұрын жасалып шыққан құрылғылар үшін қолжетімсіз.
- Сымсыз зарядтау құрылғысы мен мобильді құрылғы зарядтау кезінде жылу бөледі. Бұл ақау емес.
- Зарядтау кезінде мобильді құрылғының жылу бөлген жағдайда мобильді құрылғының қорғаныш функциясы зарядтауды болдырмауы мүмкін.
- Қуатты қосу немесе мобильді құрылғыны анықтау үшін сымсыз зарядтау құрылғысының электр қуаты ажыратқышын басқан кезде қысқа дыбыс сигналы беріледі. Бұл ақау емес.
- Температура жоғарылаған жағдайда желдеткіш қосылуы мүмкін. Бұл ақау емес.
- Qi стандартты сымсыз зарядтау құрылғысы кез келген үйлесімді құрылғымен қолданыла алады. Алайда Qi стандартының кез келген құрылғысымен үйлесімдікке кепілдік берілмейді.

**6-9. Үстіңгі тұтқа**

1 Үстіңгі тұтқа

Үстіңгі тұтқа жолаушылар автокөліктің қозғалысы кезінде орындықта отырып, одан ұстап отыруға арналған.

**ЕСКЕРТУ**

Орындықтан тұрып жатқанда үстіңгі тұтқадан ұстамаңыз. Үстіңгі тұтқаны тиісінше қолданбау оның бұзылуына және жарақатқа алып келуі мүмкін.

**АБАЙЛАҢИЗ**

Үстіңгі тұтқаға ауыр заттар бекітпеңіз. Әйтпесе бұл оның бұзылуына және заттың бүлінуіне алып келуі мүмкін.

## 6-10. Киімге арналған ілмек



### ▲ ЕСКЕРТУ

Келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Киімге арналған ілмекке киім ілгіштер, өзге қатты заттар немесе өткір жиектері бар заттар ілмеңіз. Ілмектерге киім ілгіштерді қолданбастан, киімнің өзін іліңіз.


- Киімге арналған ілмектерге киімді ілмес бұрын, оның қапталарында өткір заттардың жоқ екенін тексеріп алыңыз.

Бұл нұсқауларды сақтамаған және кенеттен тоқтап қалған немесе жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда келесілер орын алуы мүмкін:

- Салон ішіне лақтырылған заттар ауыр жарақаттар келтіруі мүмкін.
- Үстіңгі қауіпсіздік жастығы тиісінше іске қосылмауы мүмкін.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Ешбір жағдайда киімге арналған ілмекке жүргізушінің көруіне кедергі жасайтын немесе кенеттен тоқтап қалғанда немесе жол-көлік оқиғасы жағдайында жарақат келтіруі мүмкін қандай да бір зат ілмеңіз. Киімге арналған ілмекке салмағы 5 кг (11 фунт) немесе одан көп заттар ілмеңіз.




Киімге арналған ілмек артқы орындықтағы жолаушыларға арналған үстіңгі тұтқаның ерқайсысында бар.

## 6-11. Сөмкеге арналған ілмек


### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Сөмкеге арналған ілмекке салмағы 3 кг (6 фунт) немесе одан көп заттар ілмеңіз.



Сөмкеге арналған ілмек жүксалғыш бөлімнің ер қапталында бар.


## 6-12. Еден кілемшесі




### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Егер еден кілемшесі қозғалыс кезінде алға қарай жылжып кетсе және педальдарды басқаруға кедергі жасаса, бұл жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін. Еден кілемшесінің алға қарай жылжып кетуіне жол бермеу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Міндетті түрде тиісті жерлерінде бекітуге арналған саңылаулары бар SUBARU түпнұсқа еден кілемшесін қолданыңыз.
- Жүргізушінің еден кілемшесінің бекіту сұққыларына дұрыс қалыпта сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Бір орынға тек бір еден кілемшесін қолданыңыз.



1. Бекіту сұққыларын (бекіткіштерді) еден кілемшесінің саңылауларына кигізіңіз.




- A: еден кілемшелерін орнату кезінде үшбұрышты таңбаларды (▲) бір-бірімен беттестіріңіз.
2. Еден кілемшелерін орнына бекіту үшін әрбір саңылаудағы бекіткішті бұрыңыз.

## 6-13. Жүксалғыш қалқасы

Жүксалғыш қалқасы жүксалғыш бөлімді үстіңгі жағынан жауып тұрады және оның ішіндегі заттарды тікелей түсетін күн сәулесінен қорғау қызметін атқарады. Жүксалғыш бөлімнің сыйымдылығын арттыру үшін қалқаны шешіп алуға болады.

### ■ Қалқаның қолданылуы



Жабу үшін жүксалғыш қалқасын ортаңғы саңылауынан ұстап тартып шығарыңыз және суретте көрсетілгендей сұққыларын қармауыштарға сұғыңыз. Қалқаны орап жинау үшін оны қармауыштардан босатыңыз: қалқа автоматты түрде оралып жиналады. Жиналған кезінде қалқаны қолыңызбен тартып тұрып, корпусына қарай бағыттанңыз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ


Тартып шығарылған қалқаның үстіне ешнәрсе қоймаңыз. Тартып шығарылған қалқаға шектен тыс жүктеме түсіру оны зақымдауы мүмкін. Кенеттен тоқтаған немесе жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда қалқаның бетіндегі зат үстінен ұшып түсуі мүмкін. Бұл ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қалқаны тартып шығару және орап жинау кезінде жүксалғыш бөлім қақпағының газды тіреулерін зақымдап алмау үшін абай болыңыз. Газды тіреулердің сырылуы газдың жылыстауына және жүксалғыш қақпағының ашық күйінде ұсталмай қалуына алып келуі мүмкін.

### ■ Қалқаның корпусын шешіп алу


1. Қалқаны ораңыз.




2. Қалқа корпусын оңға қарай ысырыңыз және ұзындығы бойынша қысыңыз.
3. Бекіткіш ұштықты шығарып алыңыз.

### ■ Жүксалғыш қалқасын сақтау


Шешіп алынған жүксалғыш қалқасын қуыс еденнің астына орналастыруға болады.



1. Қуыс еденнің артқы секциясын көтеріңіз де, бүктеңіз.




2. Қалқа корпусын жүксалғыш бөлімнің артқы бөлігіне салыңыз.



3. Қуыс еденді артқа қайырып жабыңыз.

### ■ Қалқа корпусын орнату

Жүксалғыш қалқасының корпусындағы оң жақ ұштық жылжымалы.




1. Қалқа корпусының оң жақ ұштығын көрсеткілері жоғары қарап тұрған жағымен ойыққа кигіңіз.
2. Тіреу корпусын сенімді етіп ұстап тұрып, қалқа корпусының сол жақ ұштығын ойыққа кигізіңіз.



## 6-14. Жүк бекіту құлақшалары

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүк бекіту құлақшалары тек жеңіл жүктерді бекітіп қоюға арналған. Ешбір жағдайда салмағы құлақшаның рұқсат етілген жүктемесінен асатын жүкті бекітуге тырыспаңыз. Бір құлақшаның максималды жүктемесі 10 кг (22 фунт) құрайды.




Жүксалғыш бөлімде жүкті тормен немесе жіптермен бекітуге мүмкіндік беретін төрт құлақша бар. Алдыңғы құлақшаларды қолданбас бұрын оларды орналасқан ойықтарынан қайырып шығарыңыз.

## 6-15. Күлсауыт (бар болса)

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Күлсауытқа қоқыс салмаңыз және оның ішінде өшірілмеген темекі қалдырмаңыз. Бұл тұтануға алып келуі мүмкін.
- Күлсауытқа салмас бұрын сіріңке мен темекіні міндетті түрде өшіріңіз, содан кейін күлсауытты сенімді етіп жабыңыз. Егер күлсауытты ашық қалдыратын болсаңыз, бықсып жанған темекі өзге тұқылды тұтандыруы және артынан өрт шығуы мүмкін.
- Күлсауытқа жеңіл тұтанғыш материал салмаңыз.
- Күлсауыт ішінде көп тұқыл қалдырып қоймаңыз.



601270

Тасымалы күлсауыт кез келген стақанқойғышқа немесе бөтелке ұстағышқа орнатыла алады. Стақанқойғыштардың орнатылған орындарын «Стақанқойғыштар» бөлімінен қараңыз, ☎258-б. Бөтелке ұстағыштардың орнатылған орындарын «Бөтелке ұстағыштар» бөлімінен қараңыз, ☎259-б.

Күлсауытты қолданар алдында қақпағын ашыңыз. Түтіні шықпауы үшін қолданып болғаннан кейін күлсауытты толық жауып қойыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Күлсауыт қақпағының ішкі жағында күл мен темекі бөлшектері топсалардың айналасына шөгеді. Оларды тіс щеткасының немесе басқа қандай да бір көлік құралының көмегімен тазалаңыз.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

7-1. Отын .....	275
Отынға қойылатын талаптар.....	275
Отын құю аузы люгіннің қақпағы мен тығыны .....	276
7-2. Жүруге дайындық.....	279
7-3. е-BOXER жүйесін іске қосу және тоқтату.....	279
Сақтық шаралары .....	279
Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/ өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің өрекет ету аймағы.....	279
е-BOXER жүйесін іске қосу кезіндегі жалпы сақтық шаралары.....	279
е-BOXER жүйесін іске қосу .....	280
е-BOXER жүйесін тоқтату .....	282
Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар .....	283
Руль бағананы бұғаттау .....	283
7-4. Сатысыз беріліс қорабы.....	284
Селектор тұтқасы .....	285
Қолмен басқару режимін таңдау (бар болса).....	287
Көлік жүргізу бойынша кеңестер.....	288
L режимін таңдау (бар болса).....	288
Селекторды бұғаттау функциясы.....	289
7-5. SI-DRIVE .....	290
Интеллектуалды режим (I) .....	291
Спорттық режим (S) .....	291
SI-DRIVE ауыстырып қосқышы .....	291
7-6. Руль күшейткіші.....	292
7-7. Тежегіштер.....	293
Тежеу бойынша кеңестер .....	293
Тежеу жүйесі .....	293
Дискілі тежегіштер қыспақтарының тозу индикаторлары.....	295
7-8. Тежегішті блоктау жүйесі (ABS).....	295
ABS жүйесінің өзін-өзі тексеруі .....	295
Тежегішті блоктау жүйесінің сигнал шамы (ABS).....	296

7-9. Тежеу күшін бөлудің электрондық жүйесі (EBD).....	296
EBD жүйесінің ақаулары .....	296
7-10. Автокөлік динамикасын басқару жүйесі (VDC) ...	297
Автокөлік динамикасын басқару жүйесінің жұмысын бақылау .....	298
Автокөлік динамикасын басқару жүйесін қосу/өшіру .....	299
7-11. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS).....	300
TPMS жүйесінің экраны .....	301
TPMS жүйесінің режимін баптау .....	301
7-12. Автокөлікті тұраққа қою.....	302
Электр-механикалық тұрақ тежегіші .....	302
Тұраққа қою бойынша кеңестер .....	307
7-13. Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші.....	308
7-14. Артқы көрініс камерасы .....	310
Артқы көрініс камерасын пайдалану тәртібі .....	311
Экрандағы шолу аймағы .....	311
Көмекші сызықтар.....	313
7-15. Subaru Rear Vehicle Detection (SRVD) автокөліктердің артқы жақтан жақындағанын анықтау.....	315
Жүйе функциялары .....	315
Жүйенің жұмысы.....	317
Кедергіні анықтау индикаторы/ескерту зуммері.....	319
SRVD OFF жүйесін өшірудің бақылау шамы.....	320
SRVD жүйесінің ескерту шамы .....	321
SRVD жүйесін қосу/өшіру .....	321
Артқы радар датчиктерімен жұмыс істеу .....	322
7-16. Алда көлденең қозғалыс болған жағдайда тежелу (бар болса) .....	323
Алдыңғы радар датчиктерімен жұмыс істеу .....	323

<b>7-17. Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB) .....</b>	<b>324</b>
Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесіне (RAB) шолу .....	325
Іске қосылу шарттары .....	327
Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналының функциясы .....	330
Автоматты тежеу функциясының жұмысы .....	332
Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің (RAB) жұмысын тоқтату .....	334
Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесін (RAB) қосу/өшіру баптауы .....	334
Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы (RAB) .....	335
Радар датчиктерімен жұмыс істеу .....	335

<b>7-18. Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі (бар болса) .....</b>	<b>336</b>
Пайдаланушыны анықтау функциясы .....	340
Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескерту .....	342
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің индикациясы/ескерту .....	343
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қолдану .....	344
Пайдаланушыны тіркеу және жою .....	345
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қосу/өшіру баптаулары .....	346
Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтамаға арналған бастапқы кодты алу .....	346

## 7-1. Отын

## ■ Отынға қойылатын талаптар

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Сапасы төмен отынды немесе қарастырылмаған қоспаларды пайдалану қозғалтқыштың және/немесе отын жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Отынның автокөліктің сыртқы бетіне тиюіне жол бермеңіз. Отын лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін болғандықтан, оны бірден сүртіп алу қажет. Отын тигеннен туындаған лак-бояу жабынының зақымдануларына SUBARU кепілдігі қолданылмайды.
- Отын құю аузының құрылысы тек этилденбеген бензин құюға арналған пистолет ұшымен құю үшін қарастырылған. Ешбір жағдайда этилденген бензин қолданылмауы тиіс, себебі бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесін істен шығарады және автокөлігіңіздің жалпы басқарылу сипаттамаларына да, отынның үнемделуіне де кері әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге бұл техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстарды арттырады.

## ▼ Еуропа үшін

## ▽ Отын түрі


Тек этилденбеген бензин.

## ▽ Зерттеу әдісімен анықталған қажетті октан саны (RON)

**95 немесе одан жоғары** ұсынылады.

Егер қозғалтқыштың жұмыс сипаттамаларының нашарлауына әкелетін октан саны 95 немесе одан жоғары этилденбеген бензинді пайдалану мүмкін болмаса, октан саны 90 немесе одан жоғары этилденбеген бензинді пайдалануға жол беріледі.

## ▽ Этанол қосылған бензинді қолдану



Егер жанармай құю станциясында отынның осы түрі болса, жоғарыда аталған белгілердің біреуі бар отынды ғана қолданыңыз. SUBARU құрамында этанол мөлшері 10 %-дан аспайтын болса, этанол қосылған бензинді пайдалануға рұқсат береді. Қолданылатын

этанол қосылған бензиннің жоғарыда көрсетілгенге сәйкес келетін зерттеу әдісі бойынша октан саны бар екеніне көз жеткізіңіз.

## ▼ Басқа аймақтар үшін

## ▽ Отын түрі

Тек этилденбеген бензин.

## ▽ Зерттеу әдісімен анықталған қажетті октан саны (RON)

**95 немесе одан жоғары** ұсынылады.

Егер қозғалтқыштың жұмыс сипаттамаларының нашарлауына әкелетін октан саны 95 немесе одан жоғары этилденбеген бензинді пайдалану мүмкін болмаса, октан саны 90 немесе одан жоғары этилденбеген бензинді пайдалануға жол беріледі.

## ▽ Этанол қосылған бензинді қолдану


SUBARU құрамында этанол мөлшері 10 %-дан аспайтын болса, этанол қосылған бензинді пайдалануға рұқсат береді. Қолданылатын этанол қосылған бензиннің жоғарыда көрсетілгенге сәйкес келетін зерттеу әдісі бойынша октан саны бар екеніне көз жеткізіңіз.

## ▼ Отын құрамындағы қоспалары жоғары өңірлерде

Әрбір 15 000 км (9000 миль) сайын отынға SUBARU отынына арналған түпнұсқа қоспаның **бір құтысын** қосыңыз. Толық ақпарат алу үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласыңыз.

### ■ Отын құю аузы люгінің қақпағы мен тығыны

#### ▼ Отын құю аузы люгінің қақпағының орналасуы



#### ▼ Автокөлікке отын құю

Автокөлікке тек бір адам ғана отын құюы тиіс. Автокөлікке отын құю кезінде басқа тұлғалардың отын құю аузының жанында тұруына рұқсат бермеңіз.

Автожанармай құю бекетінде орналастырылған басқа да сақтық шараларын міндетті түрде сақтаңыз.

1. Автокөлікті тоқтатыңыз, оталдыру жүйесін және барлық электр құрылғыларын өшіріңіз. Бұл ретте сондай-ақ отын құю аузы люгінің қақпағы ашылады.


### ЕСКЕРТПЕ

Есіктер құлыпталған кезде отын құю аузы люгінің қақпағы да құлыпталады. Отын құю аузы люгінің қақпағын ашу үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.

- Салпыншақтағы құлыпты ашу түймесін басыңыз.
  - Есікті құлыптау ауыстырып қосқышының құлыпты ашу жағын басыңыз.
2. Отын құю аузы люгінің қақпағының артқы жағын басыңыз.
  3. Отын құю аузы люгінің қақпағы автоматты түрде ашылады. Өрі қарай оны қолмен ашыңыз.

### ▲ ЕСКЕРТУ

Отын құю аузының тығынын ашпас бұрын, статикалық зарядты алып тастау үшін автокөліктің корпусын немесе отын таратқыш бағанның металл бөлігін немесе ұқсас затты түртіңіз. Денеңізде статикалық электр заряды болған жағдайда отынның тұтануына алып келуі мүмкін электр ұшқынының пайда болу қаупі бар, бұл күйік шалуға алып келуі мүмкін. Жаңа статикалық зарядтың жиналуын болдырмау үшін отын құю аяқталғанға дейін автокөлікке отырмаңыз.




- 1 Ашу
- 2 Жабу

4. Сағат тіліне қарсы бағытта ақырын бұрай отырып, отын құю аузының тығынын шешіп алыңыз.

### ▲ ЕСКЕРТУ

- Отын буы тез тұтанады. Отын құю алдында әрқашан e-BOXER жүйесін өшіріп, автокөліктің барлық есіктері мен терезелерін жабыңыз. Жақын маңайда тұтатылған темекінің, ашық оттың немесе электр ұшқындарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Отынмен барлық жұмыстарды үй-жайдан тыс жерде ғана орындаңыз. Төгілген отынды дереу сүртіңіз.
- Тығынды ашқан кезде оны мықтап ұстап, баяу солға бұраңыз. Тығынды шұғыл қимылмен ашпаңыз. Отынның қысымы болып, әсіресе ыстық ауа райында отын құю аузынан төгілуі мүмкін. Отын құю аузының

тығынын ашу кезінде ысылдаған дыбыс естісеңіз, отынның шашырауын және өрт шығу қаупін болдырмау үшін бұл дыбыстың тоқтауын күтіңіз, содан кейін тығынды жайымен ашыңыз.



702320

5. Отын құятын мойынның тығынын ұстағышқа отын құю аузы люгінің қақпағының ішкі жағынан орнатыңыз.

### ▲ ЕСКЕРТУ

- Автокөлікке отын құю кезінде отын құю пистолетін отын құю аузына бекітіп салыңыз. Егер пистолет толық сұғылмаған болса, отын құюды автоматты түрде тоқтату механизмі іске қосылмауы мүмкін, мұның нәтижесінде отын бактан сыртқа төгілуі және өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.

- Отын құюды автоматты түрде тоқтату механизмі іске қосылғанда отын құюды тоқтатыңыз. Отын құюды жалғастыратын болсаңыз, температура өзгерістерінің немесе басқа бірқатар жағдайлардың салдарынан отын бактан ағып төгілуі және өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.

6. Отын құю бағанының сорғысы автоматты түрде тоқтаған кезде отын құюды тоқтатыңыз. Одан артық отын құймаңыз.
7. Отын құю аузына тығынын қайта салыңыз да, шырылдаған дыбыс естілгенше оны сағат тілінің бағытында бұраңыз. Тығынға бекітілген тросың орнату кезінде тығынның астына түспеуін қадағалаңыз.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Апат жағдайында отынның төгілуін болдырмау үшін тығынның сырт еткен дыбысқа дейін қатырылғанына көз жеткізіңіз.

8. Отын құю аузы люгінің қақпағын толығымен жабыңыз.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер отын боялған бетке төгілсе, оны дереу жуып кетіріңіз. Кетірілмеген жағдайда боялған беттің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Отын деңгейі көрсеткішінің шкаласында «» белгісі бар. Бұл отын құю аузы люгінің қақпағы автокөліктің оң жағында екенін білдіреді.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ


- Отын багына тазартқыш заттарды қосуға тыйым салынады. Тазартқыштар қосу отын жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Автокөлікке отын құю аяқталғаннан кейін тығынды оның тығыз бұралғанын білдіретін шырылдаған дыбыстар естілгенше сағат тілінің бағытында бұраңыз. Егер тығын толық жабылмаған болса, автокөлік қозғалған кезде отын шайқалып ағып шығуы немесе апат кезінде төгілуі мүмкін, бұл өрт шығу қаупін тудырады.
- Отынның автокөліктің сыртқы бетіне тиюіне жол бермеңіз. Отын лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін болғандықтан, оны бірден сүртіп алу қажет. Отын тигеннен туындаған лак-бояу жабынының зақымдануларына SUBARU кепілдігі қолданылмайды.
- Өрқашан SUBARU отын құю аузының түпнұсқа қақпағын ғана қолдану ұсынылады. Сәйкес келмейтін тығын бос болуы мүмкін немесе жеткілікті желдетуді қамтамасыз етпеуі мүмкін, бұл отын багына және пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесіне зақым келтіруі мүмкін. Бұл

сонымен қатар отынның ағып кетуіне және өртке әкелуі мүмкін.


- Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы жанған жағдайда дереу отын багына отын құйыңыз. Отын багында отынның болмауынан туындаған қозғалтқыштың шалыс істеуі оның зақымдалуына алып келуі мүмкін. Автокөлікті өте төмен отын деңгейінде пайдалануды жалғастыру қозғалтқыштың жұмыс сипаттамаларының нашарлауына әкелуі мүмкін.

#### ▼ Отын құю аузы люгінің қақпағы ашылмаған жағдайда


Егер ақаулыққа немесе аккумулятор батареясы зарядының отыруына байланысты отын құю аузы люгінің қақпағын ашу мүмкін болмаса, оны жүксалғыш жақтан ашуға болады.



1. Бөлшектерді сырып алмау үшін жалпақ бұрауыштың ұшын винил таспамен немесе матамен ораңыз. Жалпақ бұрауышты пайдаланып, багаж бөлігінің қаптамасының оң жағындағы қызмет көрсету қақпағын алыңыз.



1. Бекіткіш
2. Бекіткішті қаптамадан алыңыз.



3. Отын құю аузы люгінің қақпағын ашу үшін бекіткішті тартыңыз.



## 7-2. Жүруге дайындық

Күнделікті сапарға шығар алдында төмендегі тексерулер мен реттеулерді орындау қажет:

1. Барлық терезелердің, айналардың, фаралар мен сыртқы шамдардың тазалығына көз жеткізіңіз.
2. Дөңгелектерді сырттай қарап шығыңыз. Сонымен бірге шиналардағы ауа қысымын тексеріңіз.
3. Автокөліктің астындағы кеңістікте жылыстау іздерінің бар-жоғын қарап шығыңыз.
4. Кішкентай жануарлардың мотор бөліміне кіріп кетпегеніне көз жеткізіңіз.
5. Капоттың және жүксалғыш есігінің толық жабық екеніне көз жеткізіңіз.
6. Орындықтың дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз.
7. Ішкі және сыртқы айналардың дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз.
8. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Жолаушыларыңыздың да қауіпсіздік белбеулерін таққанына көз жеткізіңіз.
9. Оталдыру жүйесінің құлпы ON күйіне келтірілген кезде ескерту және бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
10. e-BOXER жүйесін іске қосқаннан кейін көрсеткіштердің, ескерту және бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Кішкентай жануарлардың салқындату желдеткішіне немесе қозғалтқыш белбеулеріне түсіп кетуі ақаулыққа алып келуі мүмкін. e-BOXER жүйесін іске қосар алдында кішкентай жануарлардың мотор бөліміне және автокөліктің астына кіріп кетпегеніне көз жеткізіңіз.

### ЕСКЕРТПЕ

Мотор майының деңгейін, қозғалтқышты салқындату сұйықтығының, тежегіш сұйықтығының, әйнекжуғыш сұйықтықтың, сондай-ақ басқа да пайдалану сұйықтықтарының деңгейін күнделікті, апта сайын немесе автокөлікке отын құю кезінде тексеріп отыру қажет.

## 7-3. e-BOXER жүйесін іске қосу және тоқтату

### ■ Сақтық шаралары

«Сақтық шаралары» бөлімін қараңыз, ☞ 114-б.

### ■ Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/ өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің әрекет ету аймағы

«Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/ өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің әрекет ету аймағы» бөлімін қараңыз, ☞ 148-б.

### ■ e-BOXER жүйесін іске қосу кезіндегі жалпы сақтық шаралары

#### ЕСКЕРТУ

- Ешқашан e-BOXER жүйесін автокөліктен тыс жерде іске қоспаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- e-BOXER жүйесінің гараж немесе басқа бөлме сияқты желдетуі жеткіліксіз жерлерде ұзақ уақыт жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Үй-жай мен автокөліктің салонында пайдаланылған газдардың концентрациясы жоғарылауы мүмкін, бұл көміртегі тотығымен улануға әкеледі.

- e-BOXER жүйесін құрғақ жапырақтардың, қағаздың немесе басқа жанғыш материалдардың жанында іске қоспаңыз. Түтін шығаратын құбыр мен пайдаланылған газдар жоғары температурада тұтануға алып келуі мүмкін.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер e-BOXER жүйесі автокөліктің қозғалысы кезінде өшірілсе, каталиттік бейтараптандырғыш шектен тыс қызып, күйіп кетуі мүмкін.
- e-BOXER жүйесін іске қосу тек жүргізуші орнынан орындалуы керек.
- Егер e-BOXER жүйесінің READY бақылау шамы қозғалтқышты іске қосқаннан кейін жанбаса, автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- e-BOXER жүйесін іске қосқаннан кейін бірден жылдам үдеу мен жоғары жылдамдықпен қозғалудан аулақ болыңыз.
- Іске қосылғаннан кейін қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болып қалады.
- Сирек жағдайларда қозғалтқышты оталдыру отын сапасы мен пайдалану жағдайларына байланысты қиындатылуы мүмкін (қозғалтқыш тиісті түрде қызбайтын қашықтыққа бірнеше рет сапар шегу). Бұл жағдайда отын маркасын өзгерту ұсынылады.

- Сирек жағдайларда акселератор педалін шұғыл басқанда, мысалы, орыннан тез қозғалған немесе жылдамдықты тез үдеткен кезде қозғалтқышта детонациялық тарсыл естілуі мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Егер фаралар, кондиционер және артқы терезе жылытқышы өшірулі болса, e-BOXER жүйесін іске қосу оңайырақ болады.
- Стартер қозғалтқыштың иінді білігін бұрап жатқан кезде селектор тұтқасын қозғамаңыз.
- 12 В қосалқы аккумулятор батареясы ауыстырылған және т.б. жағдайда 12 В қосалқы аккумулятор батареясы клеммасын қайта қосқаннан кейін бірден e-BOXER жүйесін іске қосуда қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл жағдайда оталдырғышты ON күйіне орнатыңыз, 10 секунд күте тұрыңыз және e-BOXER жүйесін іске қосыңыз. e-BOXER жүйесін іске қосқаннан кейін бірден бос жүріс тұрақсыз болуы мүмкін, бірақ бұл ақаулық емес.
- e-BOXER жүйесі толық зарядталған күйде түнде тоқтатылған болса да, жоғары вольтті батареяның заряды төмендеуі мүмкін. Бұл жоғары вольтті батареяның өздігінен қуатсыздануының нәтижесі және ақаулық болып табылмайды.
- Егер автокөлік қозғалыссыз күйде тұрғанда акселератор педалін басса, қозғалтқыштың айналымы жоғары мөнге дейін артпайды.
- Егер қозғалтқыш автоматты түрде тоқтатылған болса, оталдыру жүйесінің ажыратқышын- OFF күйіне орнатқаннан

кейін бірден eBOXER жүйесін қайта іске қосуға тыйым салынады. Бұл жағдайда бірнеше секунд күтіңіз, содан кейін іске қосыңыз.

### ■ e-BOXER жүйесін іске қосу

#### ЕСКЕРТУ

Егер қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтаса, қозғалысты бастауға қатаң тыйым салынады. Бұл руль бағанының бұғатталып қалғанын білдіреді, сондықтан автокөліктің қозғалысы апатқа әкелуі мүмкін.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы жұмыс режимінің шамы қызғылт сары түспен жыпылықтаса, бұл автокөліктің ақаулы болуы мүмкін екенін көрсетеді. Кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Егер e-BOXER жүйесі іске қосылғаннан кейін түйменің оталдыру жүйесінің ажыратқышындағы жұмыс режимінің шамы жасыл болып жыпылықтаса, бұл руль бағанының бұғатталып қалғанын көрсетеді. Рульді оңға және солға жеңіл бұрай отырып, тежегіш педалін басыңыз және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз.


- Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын 10 секундтан артық басып тұрмаңыз. Бұл оның бұзылуына алып келуі мүмкін. Егер e-BOXER жүйесі іске қосылмаса, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басуды тоқтатыңыз. Оның орнына оталдыруды сөндіру үшін тежегіштің педалін баспай, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз. 10 секунд күте тұрыңыз, содан кейін e-BOXER жүйесін іске қосу үшін оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ


- Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын тежегіштің педалімен бір мезгілде басқанда:
  - Стартер жұмысы 10 секундтан аспайды, қозғалтқыштың e-BOXER жүйесін іске қосқаннан кейін автоматты түрде тоқтайды.
  - Қозғалтқышты таңдалған қуат режиміне қарамастан іске қосуға болады.
- Егер e-BOXER жүйесі іске қосылмаса, иммобилайзердің бақылау шамын тексеріңіз. Содан кейін оталдыруды сөндіру үшін тежегіштің педалін баспай, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз.
  - Егер шам қосұлы болса, e-BOXER жүйесін қайта іске қосып көріңіз.

– Егер шам өшірілген болса, тежегіштің педалін қатты басып, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз.

- Автокөлік айналасындағы радиосигналдардың таралу жағдайларына байланысты e-BOXER жүйесін іске қосу процедурасы жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда «e-BOXER жүйесін іске қосу» бөлімін қараңыз, ☎389-6.
- Егер 12 В қосалқы аккумулятор батареясының заряды таусылған болса, руль бағанының құлпын ашу мүмкін болмайды. 12 В қосалқы аккумулятор батареясын қуаттаңыз.
- Қозғалтқыш қолайлы температураға дейін қызғанша, қозғалтқыштың айналу жылдамдығы жоғары болып қалады. Қозғалтқыш жылынған сайын оның айналымы төмендейді.



Рулі сол жақта орналасқан модельдер



Рулі оң жақта орналасқан модельдер

- 1 Жұмыс режимінің индикаторы
- 2 Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы

Егер тежегіш педалі басылған күйде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басса, қозғалтқыш іске қосылады. Төменде қозғалтқышты оталдыру процедурасы сипатталған.

1. Өзіңізбен бірге қашықтан ашу салпыншағын алып, жүргізуші орындығына отырыңыз.
2. Тұрақ тежегішінің қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.
3. Селектор тұтқасының Р күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз. Соған қарамастан қауіпсіздік үшін қозғалтқышты селектор тұтқасы Р күйінде тұрғанда оталдырыңыз.
4. Тежегіш педалін басыңыз және қозғалтқышты оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы индикатор жасыл түспен жанғанша осы қалыпта ұстап тұрыңыз. Егер іске қосу селектор тұтқасы N күйінде болғанда жүзеге асырылса, онда оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы индикатор жасыл түспен жанбайды.
5. Тежегіш педалін басып тұрып, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Селектор тұтқасындағы түймені басқан кезде, селектор тұтқасы Р күйінде болса да, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышындағы индикатор жасыл түспен жанбайды.
- Егер e-BOXER жүйесі стандартты іске қосу процедурасы арқылы іске қосылмаса, селектор тұтқасын Р күйіне аударыңыз және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ACC күйіне ауыстырыңыз. Тежегіш педалін басып, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басып, оны кем дегенде 15 секунд ұстаңыз. Бұл қозғалтқыштың оталуына алып келуі мүмкін.

Оталдырудың бұл процедурасын тек төтенше қажеттілік жағдайында ғана пайдаланыңыз.

### ■ e-BOXER жүйесін тоқтату


1. Автокөлікті толықтай тоқтатыңыз.
2. Селектор тұтқасын Р күйіне ауыстырыңыз.
3. Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз. e-BOXER жүйесі тоқтайды және қуат өшеді.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ұстамаңыз. Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басқанда қозғалтқыш келесідей тоқтайды:
  - Ажыратқыш басылды және 3 секунд немесе одан да ұзақ ұсталды.
  - Ажыратқыш қатарынан 3 немесе одан да көп рет қысқа басылады.Бұл жағдайда руль күшейткішінің жүйесі де жұмысын тоқтатады. Бұл жағдайда рульді бұруға көбірек күш салуға тура келеді, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Көлік қозғалысы кезінде e-BOXER жүйесі тоқтаған кезде, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын баспаңыз және көлік қауіпсіз жерде толық тоқтағанша есіктерді ашпаңыз. Бұл қауіпті, өйткені руль бағанын бұғаттау іске қосылуы мүмкін. Көлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, содан кейін дереу SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.

### ⚠ АБАЙЛАҢИЗ

- Селектор тұтқасы Р күйінен басқа күйде тұрған болса, e-BOXER жүйесін өшірмеңіз.
- Егер e-BOXER жүйесін тоқтатса, беріліс селекторының тұтқасы Р күйінен басқа күйде болғанда, автокөліктің қуат көзі ACC режиміне ауысады. Егер автокөлік осы күйінде қалдырылса, бұл 12 В қосалқы аккумулятор батареясының отыруына алып келуі мүмкін.



### ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басқанда аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды) қозғалтқыштың апаттық тоқтауы туралы хабарламасы бар қалқыма терезе пайда болады және ескерту дыбыс сигналы қосылады.
- e-BOXER жүйесін оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басу арқылы тоқтатуға рұқсат болғанымен, шұғыл жағдайлардан басқа кезде e-BOXER жүйесін тоқтатпаңыз.


### ■ Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар

«Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар» бөлімін қараңыз, ☎388-б.


### ■ Руль бағанын бұғаттау

e-BOXER жүйесін өшіргеннен және жүксалғыш есігін қоса алғанда кез келген есік ашылғаннан кейін руль бағанын бұғаттау құлпының іске қосылуының нәтижесінде руль бұғатталады. Қозғалтқышты қайта іске қосу кезінде рульді бұғаттау автоматты түрде ажыратылады.

### ▼ Егер руль бағанын бұғаттан шығару мүмкін болмаса



Рулі сол жақта орналасқан модельдер



Рулі оң жақта орналасқан модельдер

- 1 Жұмыс режимінің индикаторы
- 2 Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы

Егер руль бағанының бұғатталуынан e-BOXER жүйесін қайта іске қосу мүмкін болмаса, жұмыс режимі индикаторының күйін тексеріңіз және төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

### ▽ Жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтап тұр

1. Селектор тұтқасының Р күйіне қойылғанына көз жеткізіңіз.
2. Тежегіш педалін басып, оны жібермеңіз.
3. Рульді солға және оңға бұрып, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын басыңыз.

▽ Жұмыс режимінің индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтап тұр

Руль бағанының бұғаттау функциясының ақаулығы болуы мүмкін. Кідірместен жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

## 7-4. Сатысыз беріліс қорабы

Электрондық түрде басқарылатын сатысыз беріліс қорабының алдыңғы жүрісінің саны шексіз берілістері мен артқы жүрісінің 1 берілісі бар. Оның қолмен басқару режимі де бар.

### ЕСКЕРТУ

Акселератор педалін басып тұрып, P не N күйінен D не R күйіне ауыстырып қоспаңыз. Бұл кезде автокөлік алға не артқа кілт жүлқынуы мүмкін.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Талаптарды сақтамау трансмиссияның зақымдануына әкелуі мүмкін.
  - P не R күйіне автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана ауыстырып қосуға болады.
  - Автокөлік толық тоқтағанға дейін D күйінен R күйіне және керісінше ауыспаңыз.
- Қозғалтқыштың айналымын N немесе P күйлерінен басқа селектор тұтқасының кез келген күйінде тежегіш педалін басқанда немесе дөңгелектердің астында сырғуға қарсы тіректерді пайдаланғанда 5 секундтан артық ұлғайтпаңыз. Өйткені трансмиссия сұйықтығы қызып кетуі мүмкін.

- Егер селектор тұтқасы алға қозғалу күйінде болса, автокөліктің инерция бойынша артқа немесе селектор тұтқасы R күйінде болса, инерция бойынша алға жылжуына жол бермеңіз. Бұл апатқа немесе ақаулыққа алып келуі мүмкін.
- Автокөлікті тұраққа қойған кезде алдымен оны тұрақ тежегішіне қойыңыз, содан кейін селектор тұтқасын P күйіне ауыстырыңыз. Селектор тұтқасы кез келген басқа күйде болған кезде көліктің ұзақ тұруына жол бермеңіз, себебі бұл 12 В қосалқы аккумулятор батареясының таусылуына әкелуі мүмкін.


## ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш әлі қызбаған кезде қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы қызғаннан кейінгі жағдаймен салыстырғанда трансмиссия берілістерді қозғалтқыштың айналу жиілігі көбірек болғанда ауыстыратын болады. Осылайша қозғалтқышты қыздыру уақыты ғана қысқартылып қоймай, автокөлігіңіздің жалпы басқарылу мүмкіндігі жақсартылады. Қозғалтқыш қызғаннан кейін трансмиссия қалыпты режимге автоматты түрде ауысады.
- Трансмиссия сұйықтығын ауыстырғаннан кейін бірден трансмиссияның біршама әдеттен тыс жұмыс сипатын байқауыңыз мүмкін. Бұл автокөлігіңіздің ағымдағы пайдалану жағдайларына сәйкес трансмиссияның берілістерді ауыстыруының ең оңтайлы режимін қамтамасыз ету үшін борттық


- компьютер жинаған және сақтаған деректердің жойылуына байланысты орын алады. Берілістерді ауыстыруды оңтайландыру автокөлік біршама қашықтықты жүріп өткеннен кейін қалпына келеді.
- Ұзақ ауыр жүктемелер жағдайында қозғалу кезінде, мысалы, созылмалы тік баураймен жоғары қозғалу кезінде қозғалтқыштың айналу жиілігі, автокөліктің жылдамдығы және кондиционердің жұмыс сипаттамасы автоматты түрде төмендетілуі мүмкін. Бұл ақаулық емес. Бұл автокөлік қозғалтқышын салқындатудың тиісінше тиімділігін қамтамасыз ететін қозғалтқышты басқару функциясының жұмыс істеу себебінен болады. Қозғалтқыштың айналу жиілігі мен автокөлік жылдамдығы жүктеме азайғаннан кейін қозғалтқыш оңтайлы салқындату сипаттамаларын сақтай алатын кезде қалыпты мәндеріне қайтып келеді. Ауыр жүктемелер жағдайларында қозғалыс ерекше сақтықпен жүзеге асырылуы тиіс.
  - Шынжырлы сатысыз беріліс қорабы отынды максималды үнемдеуге қол жеткізу үшін пайдалы әрекеттің жоғары коэффициентін қамтамасыз етеді. Мезгіл-мезгілімен пайдалану жағдайларына байланысты шынжыр жұмысының шуын естуге болады, бұл осы жүйеге тән құбылыс болып табылады.

- Селектор тұтқасының тозаңдығын көтергеннен кейін оны бастапқы күйге қайтарыңыз. Тозаңдығы жоғары оралған кезде селектор тұтқасы қолданылса, онда тозаңдық артық көрнеу тудыруы және селектор тұтқасын көшіруге кедергі жасауы мүмкін.

### ■ Селектор тұтқасы



1 Селектор тұтқасының түймесі



- 1 L күйі бар модельдер  
 2 Қолмен басқару режимі бар модельдер
- ➡: Тежегіш педалін баса отырып, селектор тұтқасының түймесін басып берілісті ауыстырыңыз.
  - ➡: Селектор тұтқасының түймесін басып берілісті ауыстырыңыз.
  - ➡: Селектор тұтқасының түймесін баспай берілісті ауыстырыңыз.

Селектор тұтқасының төрт күйі бар: P, R, N, D, сондай-ақ L немесе M

### ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты қорғау мақсатында, селектор тұтқасы P немесе N күйінде болған кезде, тіпті акселератор педалін қатты басқан кезде де қозғалтқыштың айналу жиілігін жоғары мәндерге дейін ұлғайту мүмкін емес.



- Селектор тұтқасын жылжитқан кезде оның таңдалған күйде бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

### ▼ Р (тұраққа қою)

Бұл күй автокөлікті тұраққа қоюға және e-BOXER жүйесін іске қосуға арналған. Бұл ретте трансмиссияның механикалық түрде бұғатталуы қамтамасыз етіледі, бұл автокөліктің еркін қозғалуына тосқауыл болады.

Селектор тұтқасын Р күйіне ауыстырар алдында автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз. Автокөлікті тек трансмиссияның механикалық үйкелісінің есебінен ұстап тұрмаңыз.

Селектор тұтқасын Р күйінен кез келген басқа күйге ауыстыру үшін тежегіш педалін толық басыңыз, содан кейін тұтқаны жылжытуыңыз қажет. Бұл қозғалған кезде автокөліктің жұлқуын болдырмайды.

### ▼ R (артқы жүріс)

Бұл күй артқы жүріспен қозғалуға арналған. N күйінен R күйіне ауыстыру үшін алдымен автокөліктің толық тоқтауын күтіңіз, содан кейін селектор тұтқасының түймесін басып тұрып, селектор тұтқасын R күйіне ауыстырыңыз.

### ▼ N (бейтарап күй)

Бұл позиция тоқтап қалған e-BOXER жүйесін қайта іске қосуға арналған. Бұл күйде трансмиссия бейтарап күйде тұрады, бұл дөңгелектер мен трансмиссияның бұғатталмағанын білдіреді, сондықтан егер тұрақ тежегіші іске қосылмаса және жұмыс тежегіштері іске қосылмаса, тіпті азын-аулақ

көлбеу жердің өзінде ол орнынан жылжып кетуі мүмкін.

### ЕСКЕРТУ

**Селектор тұтқасы N күйіне (бейтарап) қойылған кезде автокөліктің қозғалуына жол бермеңіз. Бұл кезде қозғалтқышпен тежелу мүмкін болмайды, бұл апаттық жағдайдың туындау қаупін жоғарылатады.**

### ▼ D (алдыңғы жүріс)

Бұл күй қалыпты жағдайларда алға қарай қозғалуға арналған. Трансмиссия қажетті жылдамдық пен жылдамдықты үдету дәрежесі үшін оңтайлы беріліске автоматты түрде және үздіксіз ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге өрге және ылдига қозғалғанда трансмиссия қолдың көлбеу бұрышына байланысты жүріс сипаттамаларын және қозғалтқышпен тежелуді реттейді.

Егер D күйінде қозғалған кезде жылдамдықты арттыру қажет болса, акселератор педалін тірелгенше басыңыз және осы күйде басып ұстап тұрыңыз. Трансмиссия автоматты түрде төменірек беріліске ауысады. Бұл жағдайда трансмиссия кәдімгі автоматты трансмиссия секілді жұмыс істеуін жалғастырады. Педальды жіберген соң, трансмиссия жылдамдықты үдетуге дейін қосуды тұрған беріліске қайта ауысады.

Қолмен басқару режиміне ауыстыру үшін селектор тұтқасын осы күйден қолмен басқару ойығына аударыңыз.

Қолмен басқару режимі бар модельдерде, егер таңдалған D позициясында руль дөңгелегінің артында орналасқан қалақша ауыстырып қосқыштарының бірін бассаңыз, беріліс қорабы уақытша қолмен басқару режиміне ауысады. Бұл режимде қалақша ауыстырып қосқыштардың көмегімен кез келген беріліске ауысуға болады. Толығырақ ақпаратты «Қолмен басқару режимін таңдау» бөлімінен қараңыз, 287-б. Автокөлік жылдамдығы тұрақтанғаннан кейін трансмиссия қолмен басқару режимінен қайтадан қалыпты қозғалысқа арналған D режиміне ауысады.

### ▼ Өрге қозғалған кезде


Өрге қозғалғанда акселератор педалін босатқан кезде орын алуы мүмкін берілістің қолайсыз артуына жол берілмейді. Бұл акселератор педалін қайтадан басқан кезде берілістің кейінгі төмендеу ықтималдығын барынша азайтады. Нәтижесінде берілістің қайталанатын артуына және төмендеуіне жол берілмейді, ал автокөліктің қозғалуы барынша баяу болады.

## ЕСКЕРТПЕ


**Автокөліктің қайтадан үдеуі кезінде тежегіш педалінің басылуына қарай трансмиссия барынша төмен беріліске ауыса алады.**



## ■ Қолмен басқару режимін таңдау (бар болса)



Автокөлік қозғалып келе жатқанда немесе тоқтап тұрғанда қолмен басқару режимін таңдау үшін селектор тұтқасын D күйінен M күйіне жылжытыңыз.



- 1 Берілісті жоғарылату индикаторы
- 2 Берілісті төмендету индикаторы
- 3 Қосулы беріліс индикаторы.

Қолмен басқару режимін таңдаған кезде аспаптар тақтасында қосулы беріліс индикаторы, берілісті жоғарылату индикаторы және/немесе берілісті төмендету индикаторы қосылады. Қосулы беріліс индикаторы 1-ден 7-ге дейінгі диапазонда ағымдағы қойылған берілісті көрсетеді.

Берілісті жоғарылату және төмендету индикаторлары берілістерді ауыстырудың ықтимал бағытын көрсетеді. Берілісті жоғарылату индикаторы «▲» қосулы тұрғанда берілісті жоғарырақ сатыға ауыстыруға болады. Берілісті төмендету индикаторы «▼» қосулы тұрғанда берілісті төменірек сатыға ауыстыруға болады. Егер индикаторлардың екеуі де қосулы тұрса, жоғары беріліске де, төмен беріліске де ауыстырып қосуға мүмкіндік бар. Автокөлік тоқтаған кезде (мысалы, бағдаршамда) трансмиссия автоматты түрде


1-ші беріліске ауысады, ал берілістің төмендеу индикаторы сөнеді.

## ▼ Берілісті ауыстырып қосу индикаторы

Егер отынды үнемдеу үшін жоғары деңгейге ауысу ұсынылса, берілісті жоғарылату индикаторы жыпылықтайды. Төмен беріліске ауысу ұсынылғанда, берілісті төмендету индикаторы жыпылықтайды.

## ▼ Берілісті жоғарылату/төмендету

Берілістерді ауыстырып қосуды руль дөңгелегінің артында орналасқан қалақша берілістерді ауыстырып қосқыштардың көмегімен жүзеге асыруға болады.



Келесі жоғары беріліске ауыстыру үшін «+» деп белгіленген қалақша ауыстырып қосқышты тартыңыз. Келесі төменгі беріліс сатысына ауыстыру үшін «-» белгісімен белгіленген қалақша ауыстырып қосқышты тартыңыз.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Ешбір затты қалақша ауыстырып қосқыштарға қоюға немесе ілуге болмайды. Бұл берілістердің кездейсоқ ауыстырылуына алып келуі мүмкін.

### ▼ Қолмен басқару режимінен шығу

Селектор тұтқасын М күйінен D күйіне қайтарыңыз.

Автокөлік қозғалысы кезінде қалақша ауыстырып қосқыштардың көмегімен берілістерді ауыстырып қосу кезінде селектор тұтқасы D күйінде болғанда, қосылған беріліс индикаторы қандай беріліс қосылғанын көрсетеді.

## ЕСКЕРТПЕ

Төмендегі тармақтарды мұқият оқыңыз және қолмен басқару режимін пайдаланғанда оларды есте сақтаңыз.

- Егер қозғалтқыштың айналу жиілігі өте жоғары болған кезде сіз неғұрлым төмен беріліске ауысуға тырыссаңыз, яғни берілістің төмендеуі нәтижесінде тахометр көрсеткіші қызыл аймақта болғанда, берілісті төмендету мүмкін еместігі туралы ескертетін дыбыс сигнал беріледі.
- Қолмен басқару режимінде қозғалтқыштың айналу жылдамдығы тахометрдің қызыл аймағына жақындаған кезде беріліс автоматты түрде жоғарылайды.
- Егер өте төмен жылдамдықпен келе жатқан автокөлікте жоғары беріліске ауыстырып қоспақшы болсаңыз, трансмиссия бұны қабылдамайды.

- Егер берілістен аттап өтпекші болсаңыз (мысалы, 4-ден 2-ге ауыспақшы болсаңыз), тиісті қалақша ауыстырып қосқышты өзіңізге қарай екі рет жылдам тартыңыз.
- Автокөлік тоқтаған кезде трансмиссия автоматты түрде 1-ші берілісті орнатады.
- Егер трансмиссия сұйықтығының температурасы тым жоғары болса, AT OIL TEMP сигнал шамы жанады. Автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, сигнал шамы сөнгенше e-BOXER жүйесін бос жүріс режимінде жұмыс істетіп қойыңыз.

### ■ Көлік жүргізу бойынша кеңестер


## ЕСКЕРТПЕ

Акселератор мен тежегіштің педальдары бір уақытта басылған кезде айналу сәті шектелуі мүмкін. Бұл ақаулық емес.


- Автокөлікті D немесе R күйінде тоқтатқан кезде әрқашан тежегіш педальін басыңыз немесе автокөліктің қозғалмайтын күйін қамтамасыз ету үшін тұрақ тежегішін қосыңыз.
- Автокөлігіңізді тұраққа қойған кезде автокөлікті міндетті түрде тұрақ тежегішіне қойыңыз. Автокөліктің күйін тек қана трансмиссия көмегімен бекітуге жол берілмейді.
- Өрге бағытталған автокөлікті D күйінде тұрған трансмиссияның көмегімен қозғалыссыз ұстап тұруға рұқсат етілмейді. Оның орнына тежегішті пайдалану қажет.

- Сирек жағдайларда автокөлік жылдамдығын тез үдеткенде немесе орыннан шұғыл қозғалғанда қозғалтқышта детонациялық тарсыл естілуі мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды.

### ■ L режимін таңдау (бар болса)



L режимі төмен түсу кезінде қозғалтқыштың тежелуін және т.б. пайдалануға арналған. Бұл режимді таңдау үшін селектор тұтқасын D күйінен L күйіне ауыстырыңыз.



Режим таңдалған жағдайда аспаптар тақтасында L индикаторы қосылады.

L режимін таңдауды болдырмау үшін селектор тұтқасын D күйіне ауыстырыңыз.

## ■ Селекторды бұғаттау функциясы

Селекторды бұғаттау функциясы селектор тұтқасын қате басқаруды болдырмауға көмектеседі.

- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне қойылып, тежегіш педалі басылмайынша селектор тұтқасын жылжыту мүмкін емес.
- Тежегіш педалін баспай, селектор тұтқасын P позициясынан кез келген басқа позицияға ауыстыруға болмайды. Алдымен тежегіш педалін басыңыз, содан кейін селектор тұтқасын жылжытыңыз.
- Тек P күйінде оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын OFF күйіне ауыстыруға болады.

- Егер селектор тұтқасы N күйінде болғанда оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ACC күйіне бұрсаңыз, онда селектор тұтқасын тежегіш педалін баспай және селектор тұтқасының түймесін баспай P күйіне ауыстыруға болмайды.

## ▼ Селектор тұтқасын бұғаттан шығару

Егер селектор тұтқасы қозғалмаса, оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ON күйіне қайтарыңыз, содан кейін тежегіш педалін және селектор тұтқасындағы түймені басу арқылы селектор тұтқасын P күйіне жылжытыңыз.

Егер жоғарыда келтірілген процедурадан кейін селектор тұтқасы жылжымайтын болса, төменде тізімі берілген позицияларды тексеріңіз және тиісті селектор тұтқасын бұғаттан шығару процедурасын орындаңыз.

### • Егер селектор тұтқасы P күйінен N күйіне ауыстырылмаса:

«Селектор тұтқасын селектор тұтқасын бұғаттан шығару түймесінің көмегімен бұғаттан шығару» бөлімін қараңыз, ☛289-б.

### • Егер селектор тұтқасы N күйінен R немесе P күйіне ауыстырылмаса:

Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышын ACC күйіне қойыңыз, содан кейін тежегіш педалін басып тұрып, селектор тұтқасын P күйіне ауыстырыңыз.

Егер селектор тұтқасы бұрынғыша жылжымайтын болса, «Селектор тұтқасын селектор тұтқасын бұғаттан шығару түймесінің көмегімен бұғаттан шығару» бөлімін қараңыз, ☛289-б.


Егер жоғарыда келтірілген жағдайларда селектор тұтқасын бұғаттан шығару түймесін қолданбастан бұғаттан шығару мүмкін болмаса, селектор тұтқасын бұғаттау жүйесінде және автокөлікті басқару жүйесінде ақаулық болуы мүмкін.

Мұндай жағдайда, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріне жүгіну ұсынылады.

## ▼ Селектор тұтқасын селектор тұтқасын бұғаттан шығару түймесінің көмегімен бұғаттан шығару


Селектор тұтқасын бұғаттан шығару үшін төменде келтірілген процедураны орындаңыз.

1. Тұрақ тежегішін қосып, e-BOXER жүйесін тоқтатыңыз.




1 Кертіктер

2. Бөлшектерді сырып алмау үшін жалпақ бұрауыштың ұшын винил таспамен немесе матамен ораңыз. Жалпақ бұрауышты екі кертікке салыңыз да, қақпақты жоғары көтеріңіз.



703039

3. Ортаңғы науаны немесе сымсыз қуаттау құрылғысын (бар болса) алып тастаңыз.



703058

4. Тежегіш педалін басқаннан кейін селектор тұтқасының құлпын ашу түймесін басыңыз, содан кейін селектор тұтқасын жылжытыңыз.

Егер жоғарыда аталған процедураны орындағаннан кейін селектор тұтқасы қозғалмаса, селектор тұтқасын құлыптау жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгіну ұсынылады.

## 7-5. SI-DRIVE

SI-DRIVE (SUBARU Intelligent Drive — SUBARU интеллектуалды жетегі) e-BOXER жүйесінің барынша тиімділігін қамтамасыз ету, басқаруды жақсарту және үнемділікті арттыру үшін құрылған.


Бұл жүйенің келесі режимдері бар:

- Интеллектуалды режим (I)
- Спорттық режим (S)

Интеллектуалды режим (I) оталдырғышты қосқанда әдепкі бойынша таңдалады. SI-DRIVE ауыстырып қосқышының көмегімен күштік агрегат жұмысының сипаттамаларын өзгертуге болады.

## ■ Интеллектуалды режим (I)

### ▼ Жатық, үнемді қозғалысқа арналған




Режимнің үдеуінің (I) сызықтық сипаттамасы әдеттегі күнделікті режимде жүргізу үшін өте қолайлы.

Интеллектуалды режим (I) максималды отын үнемділігімен тамаша теңгерілген пайдаланушылық сипаттамаларын және жоғары жүктемелерсіз жатық қозғалысты қамтамасыз етеді. Отынды максималды үнемдеуге қол жеткізу үшін жылдамдықты үдеткен кезде қуат біртіндеп беріледі.

Бұл режим қала ішіндегі сапарларға және толық қуат қажет болмайтын жағдайларға мінсіз сай келеді. Акселератор педалінің басылуына жұмсақ жауап беруінің арқасында бұл режимде тайғанақ жолдарда немесе борпылдақ жабыны бар жолдарда қозғалу секілді ауыр пайдалану жағдайларында ең үздік басқару мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

## ■ Спорттық режим (S)

### ▼ Құмарта жүргізу үшін




(S) режимі көлік жүргізуді өзінің жеке шытырман оқиғасына айналдырғысы келетіндерге қажетті е-BOXER жүйесінің ұлғайтылған қуатын қамтамасыз етеді.

## ■ SI-DRIVE ауыстырып қосқышы

### ЕСКЕРТПЕ

- Егер SI-DRIVE индикаторларының біреуі жыпылықтаса, бұл SI-DRIVE жүйесінің ақаулығын көрсетуі мүмкін. SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.


- Әдепкі бойынша SI-DRIVE жүйесі интеллектуалды режимде (I) жұмыс істейді. е-BOXER жүйесін өшіргеннен кейін алдыңғы таңдалған режим жойылады және SI-DRIVE жүйесі е-BOXER жүйесін келесі қосу кезінде интеллектуалды режимге (I) қайтарылады.
- Егер қозғалтқыштың жұмыс істеуі кезінде ақаулықтың сигнал шамы (Check Engine шамы) жанса, SI-DRIVE режимі интеллектуалды (I) режимге өзгертіледі. Бұл жағдайда басқа режимге ауысу мүмкін емес.



### SI-DRIVE ауыстырып қосқышы

Интеллектуалды режимді (I) таңдау үшін ауыстырып қосқыштың I жағын басыңыз. Спорттық режимді (S) таңдау үшін ауыстырып қосқыштың S жағын басыңыз.

## 7-6. Руль күшейткіші



Руль күшейткішінің сигнал шамы

Автокөлік рульмен басқарудың электрлік күшейткішімен жабдықталған. Оталдыру жүйесінің құлпы ON күйіне бұралғанда аспаптар тақтасында руль күшейткішінің сигнал шамы жанады, ол жүргізушіге ескерту жүйесінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын хабарлайды. Содан кейін e-BOXER жүйесін іске қосқан соң сигнал шамы өшіп, жүргізушіні руль күшейткішінің жарамдылығы туралы хабардар етеді.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Руль күшейткішінің сигнал шамы жанып тұрса, рульді бұрған кезде көбірек кедергі сезінуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда жақын маңдағы SUBARU дилеріне абайлап барып, автокөлікті тексеру ұсынылады.

### ЕСКЕРТПЕ

Рульмен келесі әрекеттер жасаған кезде руль күшейткіші басқару блогы және жетекті электр қозғалтқыш секілді компоненттердің шектен тыс қызып кетуін болдырмау мақсатында уақытша көмекші күшті шектеуі мүмкін.

- **Автокөлік өте төмен жылдамдықпен жүріп келе жатқанда, мысалы, параллель тұрақ кезінде рульдің жиі және жылдам айналуы.**
- **Руль ұзақ уақыт бойы шеткі күйге бұрылды.**

Мұндай жағдайда рульді бұрған кезде көбірек кедергі сезінуіңіз мүмкін, алайда бұл ақаулық болып табылмайды. Руль біраз уақыт пайдаланылмағаннан және рульді басқару жүйесі салқындағаннан кейін рульдегі қалыпты күш қалпына келеді. Алайда руль күшейткіші стандартты емес түрде қолданылып, бұл көмекші күштің тым жиі шектелуіне әкеліп соқтырса, бұл руль күшейткішінің дұрыс жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

## 7-7. Тежегіштер

### ■ Тежеу бойынша кеңестер

#### ЕСКЕРТУ

Автокөлік қозғалып келе жатқан кезде аяғыңызды тежегіш педалінің үстіне қоймаңыз. Бұл тежегіш қыспақтарының қауіпті қызып кетуіне және мерзімінен бұрын тозуына алып келуі мүмкін.

### ▼ Тежегіштер су болып қалған жағдайдағы іс-әрекеттер тәртібі

Жаңбырлы ауа райында жол жүргеннен немесе автокөлікті жуғаннан кейін оның тежегіштері су болуы мүмкін. Соның нәтижесінде автокөліктің тежеу ізі артады. Тежегіштерді кептіру үшін қауіпсіз жылдамдықпен жүріп отырып, тежегіштерді жылыту үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз.

### ▼ Қозғалтқышпен тежелу

Жұмыс тежегіштеріне қосымша қозғалтқышпен тежеуді пайдалануға болатынын есте сақтаңыз. Тек жұмыс тежегіштерін пайдалана отырып, еңіс бойынша қозғалыс тежегіш қыспақтарының және тиісінше тежегіш сұйықтығының қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Бұған жол бермеу үшін төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз да, қозғалтқышпен тежеуді пайдаланыңыз.

### ▼ Шина тесілген жағдайда тежелу

Шина тесілген кезде тежегіш педалін кенеттен басуға болмайды. Бұның салдарынан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін. Жылдамдықты біртіндеп төмендеті отырып, тура жүре беріңіз. Содан кейін жолдың жиегіне бау шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз.

### ■ Тежеу жүйесі

#### ▼ Екі бөлек контур

Автокөлігіңіздің екі контурлы тежеу жүйесі бар. Бөлек контурлардың әрқайсысы диагональ бойынша орналасқан. Егер тежеу жүйесінің контурларының бірі істен шықса, автокөлікті тежеу екінші контурмен қамтамасыз етіледі. Тежеу жүйесінің бір контурсы істен шыққан жағдайда тежегіш педалінің жүрісі әдеттегіден үлкейеді және тежегіш педалін үлкен күшпен басу қажет болады. Сонымен бірге мұндай жағдайларда автокөліктің тоқтау ізі айтарлықтай үлкейеді.

#### ▼ Тежеу жүйесінің электрлік күшейткіші

Автокөлік қосымша тежеу күшін қамтамасыз ететін тежеу жүйесінің электрлік күшейткішімен жабдықталған. Автокөлік қозғалып бара жатқан кезде оталдыру жүйесін өшірмеңіз, себебі бұл кезде тежеу жүйесінің күшейткіші де жұмыс істемей қалады, өз кезегінде бұл тежеу күшінің азаюына алып келеді.

Тежегіш күшейткіші толығымен жұмыс істемесе де тежегіштер жұмысын жалғастырады. Бұл жағдайда педальды

қалыпты тежегіштен әлдеқайда күшті басу қажет болады және тежеу жолы ұлғаяды.

## ЕСКЕРТПЕ

Төменде көрсетілген әрекеттерді орындау кезінде тежегіш жүйесінің электр күшейткішін басқару блогы жұмысының дауысы естілуі мүмкін. Бұл ақаулық емес:

- Тежегіш педалі басылған.
- Жүргізуші есігі ашық тұр.
- EyeSight жүйесі іске қосылды.
- Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін бірнеше минут өтті.

#### ▽ Қысым төмендеген кезде қосымша күшейту функциясы

Тежеу жүйесі ақаулы болған жағдайда, тежеу күші VDC жүйесіндегі гидравликалық қысымды реттеу арқылы сақталады. Қосымша күшейту функциясы жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш педалі басылған болса, тежегіш педалінде функцияның жұмыс істеу дыбысы мен дірілі пайда болуы мүмкін.

#### ▽ Тежегіштердің электрлік күшейткішінің ақаулығы туралы ескерту

Тежеу жүйесінің сигнал шамы электр тежегіш күшейткіші істен шыққан кезде жанады. Сонымен қатар аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті СКД) кезектесіп Brake System (Тежеу жүйесі) және Check Owner's Manual ескерту хабарламаларын көрсетеді (Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз). Егер сигнал шамы жанса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайда SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

«Тежегіштердің электрлік күшейткішінің ақаулығы туралы ескерту» бөлімін қараңыз, 164-б.

▼ **Тежеу кезіндегі көмекші жүйе**

 **ЕСКЕРТУ**

Тежеу кезіндегі көмекші жүйеге шектен тыс көп сенім артпаған жөн. Бұл автокөлік тежегіштерінен туындайтын күштерді арттыратын жүйе емес. Әрқашан жылдамдық режимін және қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.

 **АБАЙЛАҢЫЗ**

Егер кенеттен шұғыл тежеу қажеттігі туындаса, онда тежеу кезінде көмек жүйесін іске қосу үшін тежегіш педалін күшпен басуды жалғастыру керек.

Тежеу кезіндегі көмекші жүйе — бұл жүргізушіге көмектесу жүйесі. Ол жүргізуші тежегіш педалін қатты баса алмайтын және тежеу күші жеткіліксіз болатын жағдайларда тежеу күшін арттыруға көмектеседі. Тежеу кезіндегі көмекші жүйе жүргізушінің тежегіш педалін басу жылдамдығына сәйкес тежеу күшін жасап шығарады.

**ЕСКЕРТПЕ**

Тежегіш педалін қатты немесе кенеттен басқанда келесі құбылыстар болады. Алайда олар пайда болған жағдайда да бұл қандай да бір ақаулықтың белгісі болып табылмайды, тежеу кезіндегі көмекші жүйенің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіреді:

- Педальды аз күшпен басқан кезде көп тежеу күшінің жасап шығарылатынын сезуге болады.
- Мотор бөлігінен ABS жүйесінің жұмыс дыбысын естуге болады.

▼ **Шұғыл тежеу сигналы**

Шұғыл тежеу сигналы — бұл тежегіш педалін шұғыл басқан кезде автоматты түрде апаттық жарық сигналын беру жүйесін қысқа интервалдармен жыпылықтау режимінде қосатын функция. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің тез жыпылықтауы артта жүріп келе жатқан автокөліктерге ескертеді және соқтығысу ықтималдығын азайтады.

 **АБАЙЛАҢЫЗ**

**Шұғыл тежеу сигналын іске қосу бұрылыс көрсеткіштері сигналдарының алдында басымдыққа ие.**

▽ **Іске қосылу шарттары**

Шұғыл тежеу сигналы төменде келтірілген шарттардың бәрі сақталған жағдайда іске қосылады:

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі өшірүлі.

- Автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ (37 миль/сағ) құрайды не одан көп.
- Тежегіш педалін басқан кезде, автокөліктің баяулауы туралы деректерге негізделе отырып, жүйе шұғыл тежелудің орын алғанын анықтайды.


▽ **Автоматты түрде өшу**

Шұғыл тежеу сигналы келесі жағдайлардың кез келгенінде өшеді:

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосұлы.
- Тежегіш педалі жіберілген.
- Жүйе автокөліктің баяулауы туралы деректерге негізделе отырып, шұғыл тежелудің аяқталғанын анықтайды.



- Дискілі тежегіштер қыспақтарының тозу индикаторлары



Дискілі тежегіштер қыспақтарының тозу индикаторлары тежегіш қыспақтарының тозуы кезінде ескерту дыбысын шығарады. Егер дискілі тежегіштерде тежеу кезінде сықырлау немесе шиқылдау естілсе, көлікке диагностика жүргізу үшін дереу жақын жердегі SUBARU дилеріне баруды ұсынамыз.

## 7-8. Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)

### ▲ ЕСКЕРТУ

Әрқашан рульде өте мұқият болыңыз: ABS жүйесімен жабдықталған автокөлікті басқару кезінде артық сенімділік ауыр апатқа әкелуі мүмкін.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- ABS жүйесі барлық жағдайда бірдей тоқтау ізін қысқартпайды, сондықтан қозғалыс кезінде міндетті түрде қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.
- Жабыны нашар, қиыршық тас төселген немесе бетіне мұз қатқан, сондай-ақ жаңа жауған қары бар жолдармен жүргенде ABS жүйесі бар автокөліктің тоқтау ізі мұндай жүйесі жоқ автокөлікпен салыстырғанда ұзынырақ болуы мүмкін, сондықтан мұндай жағдайларда қозғалғанда қозғалыс жылдамдығын азайтыңыз және басқа автокөліктерге дейін жеткілікті арақашықтықты сақтаңыз.
- Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған болса, ABS жүйесі бар автокөліктің тоқтау ізі мұндай жүйесі жоқ автокөлікпен салыстырғанда ұзынырақ болуы мүмкін. Міндетті түрде жылдамдықты азайтыңыз және алда жүріп бара жатқан автокөлікке

дейін қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.

- Егер сіз ABS жүйесі жұмыс істеп тұрғанын сезсеңіз, тежегіш педаліне тұрақты қысым жасауыңыз керек. Тежегіш педалін бірнеше рет қайталап басуға жол бермеңіз, бұл ABS жүйесі жұмысының тоқтатылуына алып келуі мүмкін.

ABS жүйесі шұғыл тежеген кезде немесе сырғанақ жолда тежеген кезде орын алуы мүмкін дөңгелектердің бұғатталуын болдырмайды. Бұл дөңгелектер бұғатталған кезде басқару мүмкіндігін жоғалтуды болдырмайды және автокөлік бағытының тұрақтылығын жоғарылатады.

ABS жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш педалінде шу естілуі немесе мардымсыз діріл сезілуі мүмкін. Бұл ABS жүйесінің жұмысы кезіндегі қалыпты құбылыс.

Егер автокөлік жылдамдығы шамамен 10 км/сағ (6 миль/сағ) мәнінен төмен болса, ABS жүйесі жұмыс істемейді.

### ■ ABS жүйесінің өзін-өзі тексеруі

Қозғалыс басталғаннан кейін бірден тежегіш педалінде жеңіл соққыны сезінуге және мотор бөлігінен ABS жүйесінің дыбысын естуге болады. Бұл ABS жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін автоматты түрде тексеруден туындаған және қандай да бір ақаулықты көрсетпейді.

## ■ Тежегішті блоктау жүйесінің сигнал шамы (ABS)

«Тежегішті блоктау жүйесінің сигнал шамы (ABS)» бөлімін қараңыз, ☎ 163-б.


## 7-9. Тежеу күшін бөлудің электрондық жүйесі (EBD)

EBD жүйесі көбірек тежеу күшін артқы тежегіштерге қайта бөлу жолымен тежелудің тиімділігін арттырады. Тежеу күшін реттеу және артқы дөңгелектерге қайта бөлу автокөліктің жүктемесіне және жылдамдығына байланысты жүзеге асырылады.

EBD жүйесі ABS жүйесінің құрамына кіреді және тежеу күшін бөлуді оңтайландыру бойынша өз функцияларын орындау үшін кейбір ABS компоненттерін қолданады. ABS жүйесінің EBD жүйесі пайдаланатын қандай да бір компоненті істен шыққан кезде соңғысы жұмысын тоқтатады.

EBD жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде дірілдеген бөлшектердің жеңіл шуы естілуі немесе тежегіш педалінен мардымсыз діріл сезілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және қандай да бір ақаулықтың белгісі болып табылмайды.

## ■ EBD жүйесінің ақаулары



EBD жүйесі жарамсыз болған жағдайда ол жұмыс істеуді тоқтатады және бір мезгілде мынадай сигнал шамдары жанады:

- Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл)
- ABS жүйесінің сигнал шамы
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесінің сигнал шамы

Егер осы сигнал шамдарының барлығы тұрақ тежегішін өшіргеннен кейін де жанып тұрса, бұл тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін немесе EBD жүйесіндегі проблеманы көрсетуі мүмкін. Дерееу автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз да, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл) жанып тұрғанда автокөлікпен қозғалу қауіпті. Бұл автокөліктің тежеу жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін екенін көрсетеді. Егер ескерту шамы жанып тұра берсе, автокөлігіңіздің тежеу жүйесіне диагностика жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Егер сіз тежегіштердің ақаусыздығына күмәндансаңыз, автокөлікті жүргізбеңіз. Мұндай жағдайда дереу жақын маңдағы SUBARU дилеріне автокөлікті жөндету үшін хабарласыңыз.

**7-10. Автокөлік динамикасын басқару жүйесі (VDC)****▲ ЕСКЕРТУ**

Өрқашан рульде өте мұқият болыңыз: автокөліктің динамикасын басқару жүйесімен жабдықталған автокөлікті басқару кезінде артық сенімділік ауыр апатқа әкелуі мүмкін.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Егер сіздің автокөлігіңіз динамиканы басқару жүйесімен жабдықталған болса да, қар басқан немесе мұз басқан жолдарда қозғалыс кезінде қысқы шиналар пайдаланылуы тиіс. Сонымен қатар қозғалыс жылдамдығын едәуір төмендету керек. Тек автокөлік динамикасын басқару жүйесінің болуы автокөлігіңіздің кез келген жағдайда апаттан аман қалатынына кепілдік бәрмейді.
- Автокөлік динамикасын басқаруды қосу автокөлік жүретін жолдың тайғанақ жабыны бар екендігінің белгісі болып табылады. Автокөлік динамикасын басқару жүйесінің болуы кез келген жағдайда автокөлікке толық бақылауды сақтаудың кепілі болып табылмайтынын ескере отырып, бұл жүйені қосу қозғалыс жылдамдығын айтарлықтай төмендетуге сигнал ретінде қарастырылуы тиіс.

- Динамиканы басқару жүйесімен жабдықталған аспаның, рульдің немесе автокөлік осьтерінің қандай да бір компонентін ауыстырғаннан кейін осы жүйені тексеру үшін SUBARU ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесінің тиісті жұмысын қамтамасыз ету үшін мынадай сақтық шараларын сақтау қажет:
  - Барлық төрт дөңгелек бір өлшемді, типті және маркалы шиналармен жабдықталуы тиіс. Сонымен бірге барлық төрт шинаның тозу дәрежесі бірдей болуы тиіс.
  - Шиналардағы қысым жүргізуші жақтағы есіктің тіреуінде орналасқан тақтайшада келтірілген мәндерге сәйкес келуі тиіс.
- Өртүрлі мөлшердегі шиналарды пайдалану кезінде автокөліктің динамикасын басқару жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі тежегіш механизмдері мен қозғалтқыш қуатын басқару есебінен бағыттық тұрақсыздықты, мысалы, сыргуды болдырмауға көмектеседі. Автокөлік динамикасын басқару жүйесін аса қажеттіліксіз ажыратпаңыз. Егер сізге автокөлік динамикасын басқару жүйесін өшіруге тура келсе, жол жабынының жағдайын ескере отырып, өте мұқият қозғалыңыз.

Жетекші дөңгелектердің тайғанауы кезінде, сондай-ақ бұрылу және/немесе айналып өту кезінде тайғанақ жолда автокөліктің бүйірге сырғу кезінде автокөлік динамикасын басқару жүйесі e-BOXER жүйесінің қуатын және әрбір дөңгелектегі тежеу күшін реттейді. Бұл тарту күші мен бағыт тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

### ● **Тарту күшін реттеу функциясы**

Тарту күшін реттеу функциясы сырғанақ жол жабындарымен қозғалған кезде жетекші дөңгелектердің бос айналуын болдырмауға арналған, бұл автокөліктің оңтайлы тарту күшін және бағыттық тұрақтылығын қолдауға септігін тигізеді. Бұл функция іске қосылғанда автокөлік динамикасын басқару жүйесінің бақылау шамы жыпылықтайды.

● **Бүйірге сырғуды болдырмау функциясы**  
Бүйірге сырғуды болдырмау функциясы рульді бұру кезінде дөңгелектердің бүйірге қарай сырғанауына қарсы әрекет ету арқылы автокөліктің бағдар тұрақтылығын сақтап отыруға ықпал етеді. Бұл функция іске қосылғанда автокөлік динамикасын басқару жүйесінің бақылау шамы жыпылықтайды.

## **ЕСКЕРТПЕ**

- Мынадай жағдайларда автокөлік динамикасын басқару жүйесі дұрыс жұмыс істейді деп есептеуге болады:
  - Тежегіш педалінде жеңіл соққылар сезіледі.
  - Автокөліктің немесе рульдің жеңіл дірілдеуі.
  - e-BOXER жүйесін іске қосқаннан кейін бірден және қозғалыс басталған кезде қысқа уақыт ішінде мотор бөлігінен шу естілуі мүмкін.

– e-BOXER жүйесі іске қосылғаннан кейін орнынан қозғалған кезде тежегіш педалінде соққы сезілуі мүмкін.

- Келесі жағдайларда автокөліктің қозғалысы жүргізушінің сезінуімен салыстырғанда тұрақсыздау болуы мүмкін. Осыған байланысты автокөлік динамикасын басқару жүйесі іске қосылуы мүмкін. Мұндай іске қосылу жүйе ақаулығының белгісі болып табылмайды:
  - Қиыршық тасты жабыны бар немесе жолтабан ізі көрінетін жолдарда;
  - Жабыны жоқ жолдарда;
  - Қысқы немесе бүрлі шиналарды пайдалану кезінде.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі жұмыс істеген кезде рульді басқару әдеттегі жағдайдағы қозғалысқа қарағанда сәл басқаша сезіледі.
- Тіпті автокөлік динамикасын басқару жүйесімен жабдықталған болса да, бұрылыс алдында қозғалыс жылдамдығын үнемі төмендету маңызды.
- Дөңгелекті ауыстыру алдында e-BOXER жүйесін міндетті түрде сөндіріңіз; бұл талапты сақтамау автокөлік динамикасын басқару жүйесінің тиісті түрде жұмыс істей алмауына алып келуі мүмкін.

## ■ **Автокөлік динамикасын басқару жүйесінің жұмысын бақылау**

«Автокөлік динамикасын басқарудың сигнал шамы/автокөлік динамикасын басқару жұмысының бақылау шамы» (≈167-б.) және «Автокөлік динамикасын басқаруды өшірудің бақылау шамы» (≈169-б.) бөлімдерін қараңыз.

## ■ Автокөлік динамикасын басқару жүйесін қосу/өшіру

Автокөлік динамикасын басқару жүйесін қосу және өшіру орталық ақпараттық дисплей көмегімен жүзеге асырылады. «Автокөлік баптаулары» бөлімін қараңыз, 202-б.

Автокөлік динамикасын басқару жүйесін уақытша ажырату арқылы дөңгелектердің тиісті сырғанауын қамтамасыз ету мынадай жағдайларда көмектесуі мүмкін. Қажет болған жағдайда автокөлік динамикасын басқару жүйесін өшіріңіз:

- Қар басқан немесе қиыршық тас төселген тік еңісте немесе беті сырғанақ еңісте орыннан қозғалу.
- Балшыққа немесе омбы қарға батып қалған автокөлікті шығарып алу.

Егер автокөлік динамикасын басқару жүйесі қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ажыратылса, аспаптар тақтасында автокөлік динамикасын басқарудың өшірілгенін білдіретін бақылау шамы жанады. Автокөлік динамикасын басқару жүйесі өшіріледі. Жүйені қосу үшін «Автокөлік динамикасын басқару жүйесі» тармағын қайта түрткенде, автокөлік динамикасын басқаруды өшіретін бақылау шамы сөнеді.

Жоғарыда сипатталған жағдайларды қоспағанда, автокөлік динамикасын басқару жүйесін өшіруге болмайды.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Автокөлік динамикасын басқару жүйесі тежегіш механизмдерінің жұмысы мен қозғалтқыш қуатын басқару есебінен бағыттық тұрақсыздықты, мысалы, сырғуды болдырмауға көмектеседі. Автокөлік динамикасын басқару жүйесін аса қажеттіліксіз ажыратпаңыз. Егер сізге автокөлік динамикасын басқару жүйесін өшіруге тура келсе, жол жабынының жағдайын ескере отырып, өте мұқият қозғалыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Жүйені өшіру үшін «Автокөлік динамикасын басқару жүйесі» тармағын түрткеннен кейін, бұл жүйе оталдырғыш қосқышын OFF күйіне ауыстырған кезде және қозғалтқышты қайта іске қосқан кезде автоматты түрде қосылады.
- Жүйені өшіру үшін «Автокөлік динамикасын басқару жүйесі» тармағын түрткеннен кейін автокөліктің жүру сапасы динамиканы басқару жүйесімен жабдықталмаған автокөліктердің жүру сапасымен салыстырылатын болады. Автокөлік динамикасын басқару жүйесін аса қажеттіліксіз ажыратпаңыз.

- Автокөліктің динамикасын басқару жүйесі өшірілген болса да, тежегішті басқару жүйесінің компоненттері жұмысын жалғастыра алады. Тежегіштерді басқару жүйесі іске қосылғанда автокөлік динамикасын басқару жүйесінің бақылау шамы жыпылықтайды.

## 7-11. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)



Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы

Егер шинадағы қысым шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің таңдалған режимінің шекті мәнінен айтарлықтай төмен түсіп кетсе, шиналардағы қысымды бақылау жүйесі әрбір дөңгелекке орнатылған датчиктер сигналдарының негізінде жүргізушіге ескерту хабарламасын береді. «Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы» бөлімін қараңыз, ☎161-б.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі автокөліктің жылдамдығы 40 км/сағ (25 миль/сағ) шамасынан асқан кезде ғана белсендіріледі. Оған қоса, бұл жүйе шинадағы қысымның күрт төмендегенін (мысалы, өткір затты басып кеткен кездегі жарылу) дереу көрсетеуі мүмкін.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер қозғалыс кезінде шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы жанса, шұғыл тежеуші болмаңыз. Оның орнына төменде сипатталған әрекеттерді орындаңыз. Олай істемеген жағдайда автокөліктің қатты зақымдалуына және ауыр жарақат алу жағдайларына ұласатын апат орын алуы мүмкін:

- (1) Жылдамдықты біртіндеп төмендете отырып, тура жүре беріңіз.
- (2) Жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз.
- (3) Барлық төрт шинадағы қысымды тексеріңіз және оны жүргізуші жақтағы есік тіреуіндегі тақтайшада көрсетілген СУЫҚ шиналардағы қысымның номиналды мәніне дейін реттеңіз.

Автокөлік шағын қашықтықты жүріп өткеннің өзінде шиналар қызды және сәйкесінше олардағы қысым ұлғаяды. Шиналардағы қысымды тақтайшада көрсетілген номиналды мәнге дейін реттеу алдында міндетті түрде шиналарды толық суытуға беріңіз. «Шиналар мен дөңгелек дискілері» бөлімін қараңыз, ☎428-б. Автокөлік қозғалыссыз болған кезде шиналардағы қысымды бақылау жүйесі жұмыс істемейді. Шиналардағы қысымды қалыпқа келтіргеннен кейін TPMS жүйесімен шиналардағы қысымды қайта тексеруді іске қосу үшін автокөлік жылдамдығын кемінде

40 км/сағ (25 миль/сағ) дейін үдетіңіз. Егер шиналардағы қысым енді қысымның төменгі шекті мәнінен жоғары болса, шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы бірнеше минуттан кейін сөнуі тиіс.

Егер бұл шам шиналардағы қысымды реттегеннен кейін қозғалыс кезінде жануын жалғастырса, шина желдің тез шығуына әкелетін едәуір зақым алуы мүмкін. Шинадағы қысым төмендеген жағдайда «Желі шыққан шиналар» бөлімін қараңыз, ☎368-б.


- Егер қосалқы дөңгелек орнатылып тұрса немесе түпнұсқа қысым датчигі/таратқыш ауыстырылған дөңгелектің дискісіне көшірілмесе, шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады. Бұл TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті қадағалауға қабілетсіз екенін көрсетеді. Шиналар мен датчиктерді ауыстыру және/немесе жүйе баптауларын қалпына келтіру үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз.
- Егер шина сұйық герметикпен жөнделсе, шинадағы қысымның датчигі мен таратқыш дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер сұйық герметик қолданылған болса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жақын маңдағы SUBARU дилеріне немесе басқа білікті сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі. Шинаны ауыстырған кезде шинадағы қысым датчигі мен таратқышты ауыстыруды

ұмытпаңыз. Дөңгелек дискісінің зақымдалған жерлері болмаса, ал герметиктің қалдықтары жақсылап жойылған болса, оны қайта пайдалануыңызға болады. Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүргізушінің орындығының астына металл үлдірді немесе басқа металл заттарды қоймаңыз. Бұл шиналардағы қысым датчиктері сигналдарының нашар қабылдануына алып келуі мүмкін, мұндайда шиналардағы қысымды бақылау жүйесі тиісті түрде жұмыс істемейді.

### ■ TPMS жүйесінің экраны



Бұл экранда әрбір шинадағы ауа қысымы көрсетіледі. «Негізгі экрандар» бөлімін қараңыз, 183-б.

### ■ TPMS жүйесінің режимін баптау

Автокөлікті жүргізуді бастамас бұрын TPMS жүйесінің автокөлік жүктемесіне барынша сәйкес келетін режимі таңдалғанына көз жеткізіңіз.

Режимді баптау келесі жағдайларда орындалуы тиіс:

- Автокөлік қозғалыссыз тұр.
- Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы ON күйінде тұр.

TPMS жүйесі режимінің үш баптау түрі бар.

### ЕСКЕРТПЕ

Сүйреу режимі баптауларын пайдаланбаңыз. Сіздің автокөлігіңіз тіркемені сүйреуге арналмаған.

Қалыпты режим	
Жүктеме режимі	
Тіркеме сүйреу режимі	

### ▼ TPMS жүйесінің жұмыс режимін таңдау




1. Түймені (негізгі экран) түртіңіз.
2. → (Баптаулар)
3. → «Автокөлік»
4. → «TPMS жүйесінің режимін баптау»
5. TPMS жүйесінің режимін таңдаңыз.

## 7-12. *Автокөлікті тұраққа қою*

### **▲ ЕСКЕРТУ**

- Балаларды немесе жануарларды автокөлікте қараусыз қалдырушы болмаңыз. Олардың кездейсоқ іс-әрекеттері автокөлікті қозғалысқа келтіріп, салдарынан өздері де, айналасындағылар да жарақат алып қалуы мүмкін. Бұдан басқа, ыстық немесе шуақты күндері жабық автокөліктегі температура жылу соққысына немесе өлімге алып келуі мүмкін.
- *Автокөлікті* қураған шөп, макулатура немесе шүберек секілді жеңіл тұтанатын материалдардың жанына тұраққа қоймаңыз, себебі ыстық қозғалтқыштың немесе тұтін шығару жүйесі бөлшектерінің жанында тұрған кезде олар тұтанып кетуі мүмкін.
- *Автокөлікте* аздап ұйықтағыңыз келсе, e-BOXER жүйесін міндетті түрде сөндіріңіз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының автокөлік салонына кіруі жүргізушінің және жолаушылардың пайдаланылған газдың құрамындағы улы газдан (CO) мерт болуына алып келуі мүмкін.

### ■ **Электр-механикалық тұрақ тежегіші**



- 1 Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышы
- 2 Индикатор
- 3 Электр-механикалық тұрақ тежегішін өшіру
- 4 Электр-механикалық тұрақ тежегішін қосу

### **▲ ЕСКЕРТУ**

- *Автокөліктен шығар алдында* e-BOXER жүйесінің өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Олай етпеген жағдайда электрлік тұрақ тежегіші өшуі мүмкін, бұл апатқа әкелуі мүмкін.
- Егер тежеу жүйесінің сигнал шамы (сары) жанса, электр-механикалық тұрақ тежегіші ақаулы болуы мүмкін. Дерее автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, автокөліктің жүріп кетуін болдырмау үшін дөңгелектердің астына сырғып кетуге қарсы тіреулер қойыңыз. Содан кейін SUBARU дилеріне баруды ұсынамыз.

- Егер электр-механикалық тұрақ тежегіші мынадай жағдайларда қосылса, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтауы мүмкін:
  - Тежегіштер қызып кеткен.
  - *Автокөлік* тік еңісте орналасқан.
 Мұндай жағдайларда автокөлік қозғалысты бастауы мүмкін, бұл өз кезегінде апатқа әкелуі мүмкін. Өрқашан сырғып кетуге қарсы тіреулерді пайдаланыңыз.

### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**


- Егер электр-механикалық тұрақ тежегішін ақаулығына байланысты іске қосу мүмкін болмаса, тексерту үшін дереу SUBARU дилеріне жүгіну ұсынылады. Тұрақ тежегіші ақаулы көлікті тұраққа қою үшін мына қадамдарды орындаңыз:
  - *Автокөлікті* беті тегіс жерге тоқтатыңыз.
  - Селектор тұтқасын P күйіне ауыстырыңыз. Егер селектор тұтқасын P күйіне ауыстыру мүмкін болмаса, селектор тұтқасын бұғаттан шығару қажет. «Селекторды бұғаттау функциясы» бөлімін қараңыз, ☎289-б.
  - *Автокөліктің* қозғалуына жол бермеу үшін дөңгелектердің астына сырғыға қарсы тіреулерді орнатыңыз.



- Тұрақ тежегіші қосулы күйде қозғалысқа тыйым салынады. Бұл тежегіш қыспақтарының артық тозуына әкеледі. Қозғалыс басталар алдында тұрақ тежегішінің сөндірілгеніне және тежегіш жүйесінің (сары) сигнал шамы жанбайтынына міндетті түрде көз жеткізіңіз.
- Үлкен тежеу күші қажет болғанда электр-механикалық тұрақ тежегішінің тежеу күші жеткіліксіз болуы мүмкін.

Сіздің автокөлігіңіз электр-механикалық тұрақ тежегішімен жабдықталған. Тұрақ тежегішін электр-механикалық тұрақ тежегіші ажыратқышының көмегімен қосуға/өшіруге болады.

**Қосу:** тежегіш педалін басып, электр-механикалық тұрақ тежегішінің қосқышын жоғары қарай тартыңыз. **Өшіру:** оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде және тежегіш педалі басулы болғанда, электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын тірелгенше басыңыз.



Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде болса, онда тұрақ тежегішін қосқан кезде мынадай шамдар жанады:

- Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы индикатор.
- Аспаптар тақтасындағы электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы (толығырақ ақпаратты «Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы» бөлімінен қараңыз, 165-б.).

## ЕСКЕРТПЕ

- Мынадай жағдайларда тұрақ тежегіші электр-механикалық тұрақ тежегішін басқан кезде де өшірілмейді:
  - Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе ON күйінде.
  - Тежегіш педалі басылмаған.

- Электр-механикалық тұрақ тежегіші тежегіштің электр қозғалтқыштарымен іске қосылады. Сондықтан тұрақ тежегішін қосу немесе сөндіру кезінде электр қозғалтқыштар жұмысының дауысы естіледі. Электр қозғалтқыштар жұмысының дыбысы тұрақ тежегіші қосылғанда немесе өшірілгенде естілетініне көз жеткізіңіз.
- Электр-механикалық тұрақ тежегіші істен шыққан кезде немесе электр-механикалық тұрақ тежегішінің жұмысы уақытша бұғатталған кезде электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышына әсер ету дыбыс сигналымен және электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамының жыпылықтауымен бірге жүреді.
- Егер тұрақ тежегішін өшіру, мысалы, жүйенің ақаулығына байланысты мүмкін болмаса, тұрақ тежегішін өшіру үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.
- Егер электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышына тоқтаусыз әсер етсе немесе өте баяу қозғаса, жүйе мұны қате деп анықтап, тежегіш жүйесінің ескерту шамын (сары) қосуы мүмкін. Алайда сигнал шамы ажыратқышқа әсер еткеннен кейін өшсе, бұл ақаулық белгісі болып табылмайды.
- Егер электр-механикалық тұрақ тежегіші ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне ауыстырғаннан кейін ол автоматты түрде іске қосылуы мүмкін. Бұл электр-механикалық тұрақ тежегішінің жұмысын тексеру

7  
Оталдыру және басқару

салдарынан болады және ақаулығын көрсетпейді.

- Егер электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышы ақаулы болса және электр-механикалық тұрақ тежегішін ажырату мүмкін болмаса, «Акселератор педалінің көмегімен автоматты ажырату функциясы» бөліміндегі нұсқауларды қараңыз, **☛ 304-б.**

- Электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылғаннан кейін, электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы мен электр-механикалық тұрақ тежегішінің қосқышындағы индикатор шамы дұрыс іске қосылғанын растағаннан кейін бірнеше минуттан соң қысқа дыбыс естіледі. Бұл дыбыс қосу және өшіру дыбысынан ерекше.

Бұл келесіде орын алуы мүмкін:

- Егер тежегіштер қатты қызып кетсе.
- Егер автокөлік тік еңісте тұраққа қойылса.
- Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне ауыстырғаннан кейін электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылса.

Аталған жағдайлардың кез келгенінде бұл қалыпты жұмыс дыбысы.

### ▼ **Акселератор педалін басқанда тұрақ тежегішін автоматты түрде ажырату функциясы**

Электр-механикалық тұрақ тежегіші үшін автоматты ажырату функциясы көзделген. Тұрақ тежегіші акселератор педалін басқанда автоматты түрде өшіріледі. Бірақ бұл функция келесі жағдайларда жұмыс істемейді:

- Есіктердің кез келгені ашық (багаж бөлігінің есігінен басқа).
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған.

Тұрақ тежегіші автоматты түрде өшірілген кезде электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы және электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы индикатор өшіріледі.

## **ЕСКЕРТПЕ**

Тұрақ тежегішін қоссаңыз да, акселератор педалін басқанда ол автоматты түрде өшіріледі.

### ▼ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы**

Автокөлік толық тоқтатылған болса, мысалы, бағдаршамда, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы тежегіш педалін жібергеннен кейін де автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұрады.

## **▲ ЕСКЕРТУ**

- **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын тік еңісте немесе сырғанақ жолда пайдаланбаңыз. Автокөлік тіпті автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосулы тұрғанына қарамастан орнынан жылжуы және ауыр жарақаттар мен апаттарға алып келуі мүмкін.**
- **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын автокөлікті тұраққа қою үшін пайдаланбаңыз. Автокөлік ездiгiнен орын ауыстыруы мүмкін, бұл ауыр жарақаттар мен апаттарға әкеледі. Келесі жағдайларда селектор тұтқасының Р күйіне ауыстырылғанына көз жеткізіңіз және электр-механикалық тұрақ тежегішін қосыңыз:**
  - Автокөлікті тұраққа қойып жатсаңыз.
  - Жолаушыларды отырғызу немесе түсіру кезінде.
  - Багажды тиеу немесе түсіру кезінде.
- **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын пайдаланған жағдайда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы жанбайынша тежегіш педалін жібермеңіз. Автокөлік ездiгiнен орын ауыстыруы мүмкін, бұл ауыр жарақаттар мен апаттарға әкеледі.**

- Төменде тізіп көрсетілген жағдайларда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын өшіріңіз. Өйтпесе автокөлік өздігінен қозғалуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттар мен апаттарға әкеледі:
  - Автоматты жуу кезінде.
  - Автокөлігіңізді сүйреген кезде.
  - Басқа көлік құралын сүйрету кезінде.


## ⚠ АБАЙЛАҢИЗ

Тік еңісте автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған күйі тоқтаған кезде автокөлік автоматты түрде электр тұрақ тежегішіне қойылуы мүмкін. Бұл ретте электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтайтын болады. Бұл жағдайда тоқтап тұру кезінде тежегіш педалін басып ұстап тұрыңыз. Олай болмаған жағдайда автокөлік орнынан қозғалуы мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Еңісте тоқтаған кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосу ұсынылады. Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы өшірілген болса, орыннан қозғалған кезде автокөлік артқа қарай сырғып кетуі мүмкін.

### ▽ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосу/өшіру



Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосу және өшіру орталық ақпараттық дисплей көмегімен орындалады. «Автокөлік баптаулары» бөлімін қараңыз, § 202-б.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру қосылғанда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы жанады.

## ЕСКЕРТПЕ


- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы іске қосылған кезде электр-механикалық тұрақ тежегішінің ақауы туындаса, дыбыс сигналы берілсе, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы өшеді және тежеу жүйесінің сигнал шамы (сары) жанады.

- Қозғалтқышты әрбір іске қосу кезінде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы өшіріледі.

### ▽ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуы

Төменде келтірілген шарттардың бәрі орындалып тұрғанда тежегіш педалін басып автокөлікті тоқтатыңыз. Бұл ретте автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы іске қосылады:

- Жүргізушінің есігі жабық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Селектор тұтқасы Р күйінен басқа күйде тұр.



Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы

Автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясымен қозғалысыз ұсталып тұрған кезде бұл функцияның іске қосылуын бақылау шамы жанып тұрады.

### ▽ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын өшіру**

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын ажырату үшін төмендегі әрекеттердің кез келгенін орындаңыз:

- Акселератор педалін басыңыз.
- Тежегіш педалін қайта басыңыз.
- Электр-механикалық тұрақ тежегішін қосыңыз.
- Тежегіш педалі басылған күйі селектор тұтқасын P күйіне ауыстырыңыз.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы өшірілгенде, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы үздіксіз жана бастайды.

Келесі шарттардың кез келгенінде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы автоматты түрде өшіріледі және автоматты түрде электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылады.

- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы 10 минут бойы жұмыс істейді.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған.
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйіне ауыстырылған.
- Автокөлік тік еңісте тоқтатылған.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясында ақаулық пайда болды.

Мұндай жағдайларда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы сәнеді және электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады.

### ▽ **Ұсыныстар**

- Егер электр-механикалық тұрақ тежегіші автоматты түрде ұстап тұру функциясының көмегімен тоқтатылған автокөлікте автоматты түрде қосылса, қозғалыс басталар алдында электр-механикалық тұрақ тежегішін келесі әрекеттердің кез келгенін орындай отырып сөндіріңіз. Содан кейін электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз:
  - Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін тағып, есікті жауып, акселератор педалін басыңыз.
  - Тежегіш педалі басылған күйі электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын басыңыз.
- Белгілі бір жағдайларда, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ақаулығын қоса алғанда, ескерту зуммері соғылады, ал аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) ескерту хабарламасы пайда болады. Ескерту хабарламаларының барлық нұсқауларын қатаң сақтау керек.
- Тік еңісте автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы автокөлікті ұстап тұра алмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда тежегіш педалін басып ұстап тұрыңыз.
- Тік еңісте автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған күйі тоқтаған жағдайда, автокөлік автоматты түрде электр-механикалық тұрақ тежегішіне қойылуы мүмкін, ал электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтай бастайды. Бұл жағдайда тоқтап тұру кезінде тежегіш педалін басып ұстап тұрыңыз. Олай болмаған жағдайда автокөлік орнынан қозғалуы мүмкін.

Автокөліктен шығар алдында оны тегіс алаңда тоқтатыңыз, содан кейін электр-механикалық тұрақ тежегішін қосыңыз.

- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының бақылау шамы «Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)» тармағын түрткеннен кейін де жанбаса, оның жұмыс шарттары орындалған жағдайда, бұл функция ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясымен ұстап тұру кезінде функцияның жұмыс дыбысын естуге болады. Бұл қалыпты жағдай және қандай да бір ақаулық болып табылмайды.
- Автокөлікті автоматты ұстап тұру функциясын ажырату үшін тежегіш педалін басқанда шу немесе діріл пайда болуы мүмкін немесе тежегіш педалі бастапқы қалыпқа баяу оралуы мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясымен ұсталып тұрған кезде тежегіш педалі қатты болып сезілуі мүмкін, алайда бұл ақаулық болып табылмайды.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қолданылған кезде тежегіш педалін тірелгенше басыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы іске қосылмауы мүмкін.

▼ Апаттық тежегіш

**АБАЙЛАҢЫЗ**

Апаттық тежегішті тек төтенше жағдайларда ғана қолданыңыз. Апаттық тежегішті тым жиі пайдаланған кезде тежегіш жүйесінің бөлшектері тез тозады немесе тежегіштің қызып кетуінен тежегіш жүйесінің жұмысы жеткілікті түрде тиімді болмауы мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Апаттық тежегішті пайдалану кезінде электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы, электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы индикатор жанады және дыбыс сигналы қосылады.
- Апаттық тежегішті пайдаланған кезде мотор бөлігінен шу естуге болады. Бұл автокөлік динамикасын басқару жүйесі қосатын тежегіштер жұмысының дыбысы. Ол ақаулықты көрсетпейді.

Автокөліктің жұмыс тежегіштері ақаулы болған жағдайда, сіз электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышын ұзақ көтеру арқылы автокөлікті тоқтата аласыз.

Апаттық тежегішті пайдалану кезінде электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы, электр-механикалық тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы индикатор жанады және дыбыс сигналы қосылады.

▼ Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ескертуі

**АБАЙЛАҢЫЗ**

Егер тежеу жүйесінің сигнал шамы (сары) жанса, электр-механикалық тұрақ тежегіші ақаулы болуы мүмкін. Көлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз, содан кейін дереу SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.


Электр-механикалық тұрақ тежегішінің ақауы пайда болған кезде тежегіш жүйесінің (сары) сигнал шамы жанады. «Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл)» бөлімін қараңыз, 163-б.

■ Тұраққа қою бойынша кеңестер


Автокөлігіңізді тұраққа қою кезінде төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- Тұрақ тежегішін қосыңыз.
- Селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне қойыңыз.

Автокөлікті қозғалмайтын күйде ұстау үшін ешқашан тек трансмиссияға сүйенбеңіз.



Еңісте тұрған кезде міндетті түрде рульді төменде сипатталғандай бұрыңыз. Егер автокөліктің алдыңғы бөлігі еңіс бойынша жоғары бағытталған болса, алдыңғы дөңгелектерді жиектен кері жаққа бұру қажет.



Егер автокөліктің алдыңғы бөлігі еңіс бойынша төмен бағытталса, алдыңғы дөңгелектер жиекке қарай бұрылуы қажет.

### 7-13. Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші


#### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші — бұл тек өрде орыннан қозғалу кезіндегі жүргізушіге көмек көрсетуге арналған құрылғы. Автокөлік еңісте тұрған кезде жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін міндетті түрде тұрақ тежегішін қосыңыз. Тұрақ тежегішін қосқаннан кейін тежегіштің педалін босату кезінде автокөлік қозғалыссыз екеніне көз жеткізіңіз.
- Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші жұмыс істеп тұрған кезде оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне бұрмаңыз. Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші сөндіріледі, бұл апатқа әкеледі.

Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші — бұл автокөлікте төменде аталған әрекеттерді орындауды жеңілдететін құрылғы.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші автокөлікті автоматты ұстау функциясы өшірілгенде іске қосылады.
- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосұлы болса, өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші ажыратылады.



- 1 Еңісте жоғары қарай қозғалу
  - 2 Еңісте төмен қарай қозғалу
- A Тежегіш педалі


Екі жағдайда да өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші мынадай жағдайларда іске қосылады.

- Тежегіш педалі басылған кәлік тоқтаған кезде.

Тежегіш педалін босатқаннан кейін тежегіш күшін уақытша (шамамен 2 секундқа) көтерілу кезінде қозғалыс ассистенті ұстап тұрады. Сондықтан жүргізуші қозғалысты тегіс жолдағыдай акселератор педалін басу арқылы ғана бастай алады.

Егер тежегіш педалін босатқаннан кейін, өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекшінің тежегіш күші көтеруде жеткіліксіз болса, тежегіш педалін қайта басу арқылы көбірек тежегіш күшін қолданыңыз.

Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші кішігірім еңістерде жұмыс істемеуі мүмкін. Бұдан басқа, өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші мынадай жағдайларда жұмыс істемейді.



- Өрге артқы жүріспен қозғалысты бастаған кезде.
- Өрден алдыңғы жүріспен қозғалысты бастаған кезде.
- Тұрақ тежегіші қосулы кезде.
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ACC немесе OFF күйінде болса.

- Автокөлік динамикасын басқару жүйесінің сигнал шамы жанып тұрғанда. «Автокөлік динамикасын басқарудың сигнал шамы/автокөлік динамикасын басқару жұмысының бақылау шамы» бөлімін қараңыз, 167-б.

Артқы жүріспен жүру және өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекшіні пайдалану кезінде тежеу әсері тежегіш педалін босатқаннан кейін де сезілуі мүмкін.


### АБАЙЛАҢЫЗ

Күшті тежеу қажет болғанда, өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекшінің тежеу күші жеткіліксіз болуы мүмкін.

### ЕСКЕРТПЕ

Автокөлік артқы жүріспен қозғалғаннан кейін алға қарай қозғала бастағанда жеңіл соққы сезілуі мүмкін.

## 7-14. Артқы көрініс камерасы



Артқы көрініс камерасы

Артқы көрініс камерасы багаж бөлігінің есігіне орнатылған. Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы ON күйінде болғанда және селектор тұтқасы R күйіне орнатылғанда, артқы көрініс камерасы көліктің артындағы кеңістіктің суретін автоматты түрде орталық ақпараттық дисплейге жібереді.

### ▲ ЕСКЕРТУ

- Артқы көрініс камерасында кең бұрышты линза пайдаланылатындықтан, мониторға шығарылатын суреттегі арақашықтық іс жүзіндегіден ерекшеленеді.
- Мониторға берілетін сурет шектеулі болғандықтан, сіздің автокөлігіңіздің артындағы нақты жағдайды және оның жанындағы кеңістікті көзбен шолып және айнаның көмегімен үнемі

бақылап отыру және артқа қарай жүруді аз жылдамдықпен жүзеге асыру керек. Артқы жүріспен қозғалысты артқы көрініс камерасынан берілетін бейненің көмегімен ғана бақылау апатқа әкелуі мүмкін.

- Артқы көрініс камерасының конструкциясын, оны қосқышты немесе электр сымын бөлшектеуге немесе оған өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Түтін немесе бөтен иіс пайда болған кезде артқы көрініс камерасын пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Мұндай жағдайда тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн. Камераны одан әрі пайдалану апатқа, өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлікті жоғары қысымды сумен жуу арқылы жуу кезінде су ағысының камерамен тікелей жанасуына жол бермеңіз. Камера объективіне судың түсуі конденсаттың пайда болуына, жарамсыздыққа, тұтануға немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Артқы көрініс камерасы дәл құрылғы болып табылады. Оны қатты соққылардан сақтаңыз. Олай болмаған жағдайда бұл камераның істен шығуына, тұтануына немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Егер камераға кір, қар немесе мұз түссе, оларды жою кезінде сақ болу керек. Әйтпесе камераның зақымдануы электр тогының жануына

немесе зақымдануына әкелуі мүмкін. Камерадан кір мен мұзды кетіру үшін камераға көдімгі немесе жылы су құйыңыз және камераны жұмсақ құрғақ матамен сүртіңіз.

- Ашық оттың камераға немесе сымға әсер етуіне жол бермеңіз. Олай болмаған жағдайда бұл зақымдануға немесе өртенуге әкелуі мүмкін.
- Сақтандырғышты ауыстыру кезінде орнатылатын сақтандырғыштың номиналы техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Басқа номиналды сақтандырғышты орнату ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- e-BOXER жүйесі ажыратылған кезде артқы көрініс камерасын ұзақ уақыт пайдалану аккумулятор батареясының толық ажыратылуына әкелуі мүмкін.

### ЕСКЕРТПЕ

- Артқы көрініс камерасын спиртпен, бензинмен немесе бояуға арналған еріткішпен сүртпеңіз. Сүрткен жағдайда түсі оңып кетуі мүмкін. Кірін кетіру үшін камераны бейтарап жуғыш зат ерітіндісіне малынған матамен сүртіңіз. Содан кейін жұмсақ құрғақ матамен сүртіңіз.
- Автокөліктің шаңағын балауызбен өңдеу кезінде балауыз құрамының камераға түсуіне жол бермеңіз. Балауыз камераға тиген жағдайда, таза матаны бейтарап жуғыш зат ерітіндісіне малып алыңыз да, балауызды жуып кетіріңіз.



- Камера объективі сызаттардың пайда болуына жол бермейтін ерекше берік жабынға ие. Осыған қарамастан автокөлікті жуу немесе камера объективін тазалау кезінде объективті сызып алмау үшін абай болыңыз. Камераның объективін тікелей щеткамен ысқыламаңыз. Артқы көрініс камерасының кескінінің сапасы нашарлауы мүмкін.
- Жарық көзінің камера объективіне түсуі жарық көзінің айналасында тік сызықтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Люминесцентті жарықтандыру кезінде экрандағы сурет жыпылықтауы мүмкін, бірақ бұл ақаулық болып табылмайды.
- Артқы көрініс камерасындағы сурет объектілердің нақты түсінен сәл өзгеше болуы мүмкін.
- Орталық ақпараттық дисплей ақаулы болған жағдайда «Орталық ақпараттық дисплейдің ақаулары» бөлімін қараңыз, ☎391-6.

## ■ Артқы көрініс камерасын пайдалану тәртібі

Егер селектор тұтқасы R күйіне орнатылса, артқы көрініс камерасы автоматты түрде монитор экранына автокөлік артындағы кеңістік бейнесін береді. Егер селектор тұтқасы басқа қалыптарға жылжитын болса, онда монитор экранына селектор тұтқасын R күйіне орнатар алдында бейнеленген бейне шығарылады.

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне орнатыңыз.
2. Селектор тұтқасын R күйіне орнатыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ


- Артқы көрініс камерасынан берілетін бейне артқы көріністің ішкі айнасындағы немесе сыртқы айнадағы бейне сияқты көлденең инвертацияланған болып табылады.
- Егер «Артқы көрініс камерасын өшіру кідірісін басқару» баптаулар пункті қосылған болса, артқы көрініс камерасындағы сурет орталық ақпараттық дисплейге селектор тұтқасын R күйінен P-ден басқа кез келген күйге ауыстырғаннан кейін белгілі бір уақыт ішінде шығарылады. Бұл функцияны қосу және өшіру «Жалпы баптаулар» бөлімінде сипатталған, ☎198-б.
- Төменде келтірілген жағдайларда артқы көрініс камерасынан берілетін сурет нашар көрінуі мүмкін. Бұл камераның ақаулығы болып табылмайды.
  - Автокөлік қараңғы жерде (түнгі уақытта, туннельде және т.б.).

- Автокөлік өте жоғары немесе төмен температура жағдайында.
- Артқы камера объективіне оның көрінуіне кедергі келтіретін кез келген зат (мысалы, жаңбыр тамшылары, қар, кір және т.б.) жабысқан.
- Жарықтың тікелей камера объективіне түсуі (кейде экранда тік сызықтар пайда болады).


## ■ Экрандағы шолу аймағы

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Артқы көрініс камерасының шолу аймағы шектелген. Артқа жүру кезінде әрқашан автокөліктің айналасын көзбен бақылап, баяу жүріңіз. Әйтпесе бұл апатқа немесе жарақатқа әкелуі мүмкін.



Шолу аймағы




Шолу аймағы




Камерадан алынған сурет

Шолу аймағы бампердің артқы жиегінен басталады. Бампердің екі жағында орналасқан аймақтар, сондай-ақ тікелей бампердің астында орналасқан аймақтар қаралмайды. Бұдан басқа, экранға шығарылатын суреттегі арақашықтық нақты суреттегіге қарағанда аз болып көрінеді.



Шолу аймағы



Камерадан алынған сурет


Артқы көрініс камерасының үстінде орналасқан аймақ көрінбейді. Егер автокөліктің артында жоғарғы бөлігінде кең шығыңқы жері бар қандай да бір объект, мысалы, жол белгісінің бағаны болса, онда бұл шығыңқы жер экранда көрінбейді.

### ■ Көмекші сызықтар

Көмекші сызықтар камерадағы сурет бойынша нақты қашықтықты бағалауға көмектеседі.

### ЕСКЕРТПЕ

Егер оталдыру жүйесін қосқаннан кейін бірнеше секунд ішінде R диапазонына ауысса, ескерту хабарламасы көрсетілмеуі мүмкін. Оталдырғышты қосқаннан кейін селектор тұтқасын R күйіне ауыстырғанға дейін бірнеше секунд күтіңіз. Содан кейін экранда ескерту хабарламасы пайда болады.



#### Көмекші сызықтар

- 1 Автокөліктің габариттік енінің сызығы (көлбеу тік сызық)
- 2 Бамперден шамамен 3 м (10 фут) (жасыл көлденең сызық)
- 3 Бамперден шамамен 2 м (6 фут) (жасыл көлденең сызық)
- 4 Бамперден шамамен 1 м (3 фут) (сары көлденең сызық)
- 5 Бамперден шамамен 0,5 м (1,5 фут) (қызыл көлденең сызық)
- 6 Автокөліктің осьтік сызығы.
- 7 Динамикалық бағыттауыштар.

Селектор тұтқасы R күйіне орнатылған кезде, монитор экранында артқы көрініс суретімен бірге қосалқы сызықтар бейнеленеді.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Артқа жүру кезінде автокөліктің артындағы жағдайды үнемі көзбен шолып бақылау керек. Тек қана қосалқы сызықтарға сүйенуге болмайды.

Әйтпесе бұл апатқа немесе жарақатқа әкелуі мүмкін.

- Автокөліктің нақты жағдайы қосалқы желілерге сәйкес келмеуі мүмкін.
- Сәйкессіздіктер жолаушылардың санына немесе тасымалданатын жүктің салмағына байланысты болуы мүмкін.
- Индикация автокөлік еңіс бойынша төмен немесе жоғары қозғалатын, сондай-ақ ол жол бетіне қатысты еңкейтілген жағдайларда автокөліктің нақты жағдайынан ерекшеленеді.


### ЕСКЕРТПЕ

Егер «Дөңгелектердің бұрылу бұрышының сызықтары» баптаулары өшірулі болса, динамикалық бағыттауыштар орталық ақпараттық дисплей экранынан жоғалады. Динамикалық бағыттауыштарды қосу және өшіруді «Жалпы баптаулар» бөлімінен қараңыз, 198-б.

#### ▼ Экрандағы сурет пен нақты жол жағдайлары арасындағы айырмашылық

Қашықтық маркерлері автокөлік тегіс жолда тұрған және жүктелмеген кезде дұрыс қашықтықты көрсетеді. Маркерлермен көрсетілетін қашықтық автокөліктің жүктемесіне немесе жол жағдайларына байланысты іс жүзіндегі қашықтықтан ерекшеленуі мүмкін.


- ▽ Егер автокөлік артындағы жолдың жоғары қарай еңісі болса



1 1 м (3 фут)

Экрандағы қашықтық нақты қашықтықтан үлкен болып көрінеді.

- ▽ Егер автокөлік артындағы жолдың төмен қарай еңісі болса




1 1 м (3 фут)

Экрандағы қашықтық нақты қашықтықтан аз болып көрінеді.

### ЕСКЕРТПЕ

Көлік жүктелген күйде артқы көрініс камерасындағы суреттегі қашықтық нақтыға қарағанда үлкен болып көрінеді, мысалы, көліктің артындағы жолдың жоғары қарай еңісі болған жағдайда.

- ▽ Қашықтық маркерлерінің ерекшеліктері



1 1 м (3 фут) сызық

2 3 м (10 фут) сызық

Қашықтық маркері жол бойындағы қашықтықты көрсетеді. Егер автокөліктің артында тікелей жақын жерде басқа объект болса, онда қашықтық дұрыс көрсетілмейді

## 7-15. Subaru Rear Vehicle Detection (SRVD) автокөліктердің артқы жақтан жақындағанын анықтау

Subaru Rear Vehicle Detection (SRVD) автокөліктердің артқы жақтан жақындағанын анықтау жүйесі артқы радар датчиктерін, көзден таса аймақтарды бақылауды, қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісін және артқы жүріспен қозғалыс кезінде көлденең көлікпен ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесін пайдаланады.

SRVD жүйесінің бұл функциялары автокөліктің артындағы объектілер мен көлік құралдарын анықтауға және қозғалыс жолағын ауыстырғанда немесе артқы жүріспен қозғалыс кезінде жүргізушіні ескертуге мүмкіндік береді.

### ЕСКЕРТУ

Жүргізуші көлікті қауіпсіз жүргізуге әрдайым жауапты болады. Қозғалыс жолағын ауыстыру немесе артқы жүріспен жүру кезінде міндетті түрде айналадағы мән-жайды көзбен қарап тексеріңіз.

Жүйе автокөлік айналасындағы артқы және бүйірлік аудандарды қадағалау арқылы қозғалыс жолағын ауыстыру немесе артқа жүру кезінде жүргізушіге көмек көрсетуге арналған. Алайда қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде немесе артқа жүру кезінде қауіпсіздікті

қамтамасыз ету кезінде осы жүйеге ғана сүйенбеу керек. Бұл жүйеге шектен тыс сену апатқа және ауыр жарақатқа немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін. Жүйенің жұмысы әртүрлі шектеулермен байланысты болғандықтан, кедергіні анықтау индикаторының жыпылықтауы не қосылуы немесе ескерту зуммерінің қосылуы кешігуі мүмкін немесе тіпті көрші жолақта автокөлік болған не ол кез келген жақтан жақындап келе жатқан жағдайда да жүйе мүлдем іске қосылмауы мүмкін.

Жүргізуші автокөліктің артындағы және қапталдарындағы мән-жайды бақылауда ұстауға жауапкершілік көтереді.

### ■ Жүйе функциялары

SRVD жүйесі келесі функцияларды қамтиды:


- Автокөлік жүріп келе жатқанда көршілес қозғалыс жолағындағы көзден таса аймақтағы автокөлікті немесе жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан автокөлікті анықтау (көзден таса аймақтардағы кедергілерді анықтау және қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде көмектесу).
- Артқы жүріспен жүрген кезде оң жақтан не сол жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтау (автокөлік артындағы көлденең бағыттағы қозғалыс туралы ескерту).

Бұл функциялар жұмыс істеуі үшін жүйе артқы радар датчиктерін қолданады.

## ЕСКЕРТПЕ

SRVD жүйесінің радар датчигі әрбір елдегі радиожиліліктердің қолданылуын реттейтін заңдарға сәйкес сертификатталған. Толық ақпаратты «Техникалық ақпарат» бөлімінен қараңыз, ☎514-б.

### ▼ Көзден таса аймақтарды бақылау (BSD)



1 Өрекет ету аймағы

Жүйе жүргізушіні көзден таса аймақтарда автокөліктердің болуы туралы хабардар етеді.

- Егер жүйе көзден таса аймақта автокөлікті байқаса, ол жүргізушіні артқы көріністің сыртқы айнасында (айналарында) кедергіні анықтау индикаторын қосумен ескертеді.


### • А типі:

Егер жүргізуші бұрылыс сигналының қосқышын кедергіні анықтау шамы жанып тұрған жаққа ауыстырса, жүйе жүргізушіге кедергіні анықтау шамының жыпылықтауымен және зуммермен қауіп туралы ескертеді.

### В типі:

Егер жүргізуші бұрылыс сигналының қосқышын кедергіні анықтау шамы жанып тұрған жаққа ауыстырса, жүйе жүргізушіге кедергіні анықтау шамының жыпылықтауымен қауіп туралы ескертеді.

### ▼ Қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде көмектесу функциясы (LCA)



1 Өрекет ету аймағы

Жүйе жүргізушіге көршілес жолақтарда жоғары жылдамдықпен келе жатқан көліктер туралы хабарлайды.

- Егер жүйе көршілес жолақтарда жоғары жылдамдықпен келе жатқан көліктерді анықтаса, ол жүргізушіге артқы көріністің сыртқы айнасындағы (айналарындағы) кедергілерді анықтау индикаторын қосу арқылы қауіп туралы ескертеді.


### • А типі:

Егер жүргізуші бұрылыс сигналының қосқышын кедергіні анықтау шамы жанып тұрған жаққа ауыстырса, жүйе жүргізушіге кедергіні анықтау шамының жыпылықтауымен және зуммермен қауіп туралы ескертеді.

### В типі:

Егер жүргізуші бұрылыс сигналының қосқышын кедергіні анықтау шамы жанып тұрған жаққа ауыстырса, жүйе жүргізушіге кедергіні анықтау шамының жыпылықтауымен қауіп туралы ескертеді.

### ▼ Автокөлік артындағы көлденең бағыттағы қозғалыс туралы ескерту функциясы (RCTA)



1 Өрекет ету аймағы


Жүйе жүргізушіге артқы жүріспен жүрген кезде кез келген жақтан басқа автокөліктің жақындап келе жатқаны туралы ескертеді. Бұл функция жүргізушіге артқы жүріспен жүрген кезде автокөлік айналасындағы артқы және бүйірлік аймақтарды бақылауға көмектеседі.

Егер артқы жүріспен жүрген кезде жүйе кез келген жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтаса, ол жүргізушіге келесі жолмен қауіп туралы ескертеді:

- Артқы көріністің сыртқы айнасындағы (айналарындағы) кедергілерді анықтау индикаторы (индикаторлары) жыпылықтайды.
- Ескерту зуммері естіледі.
- Орталық ақпараттық дисплейде белгіше пайда болады.

### ▽ RCTA функциясының анықтау қабілетінің шектеулері

RCTA функциясының анықтау қабілеті шектеулі болғандықтан, RCTA функциясы тұраққа қиғаш қойған кезде тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.




1-мысал

- 1 Радар датчиктерінің анықтау аймағы  
 2 Радар датчиктерінің анықтау аймағынан тыс телім  
 А Анықтауға болмайтын автокөлік  
 В Тұраққа қойылған автокөлік

### ⚠ ЕСКЕРТУ

Жақындап келе жатқан автокөлік (А) табылмауы мүмкін, өйткені анықтау аймағы тұрақта тұрған автокөлікпен (В) шектелген. Артқы жүріспен жүру кезінде міндетті түрде айналадағы мән-жайды көзбен қарап тексеріңіз.



2-мысал

- 1 Радар датчиктерінің анықтау аймағы  
 С Анықтауға болмайтын автокөлік

### ЕСКЕРТПЕ

Жүйе автокөліктің (С) сіздің автокөлігіңіздің (С) алдынан өтіп бара жатқанын анықтауы мүмкін. Артқы жүріспен жүру кезінде міндетті түрде айналадағы мән-жайды көзбен қарап тексеріңіз.

### ■ Жүйенің жұмысы

#### ▼ Іске қосылу шарттары

SRVD жүйесі келесі шарттардың бәрі сақталған жағдайда жұмыс істейді.

- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұр.
- SRVD жүйесінің сигнал шамы мен SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы өшірілген.
- Автокөлік 12 км/сағ (7 миль/сағ) шамасынан асатын жылдамдықпен қозғалып келе жатыр (артқы жүріспен қозғалуды есептемегенде).
- Селектор тұтқасы R күйінде тұр (тек RCTA функциясы үшін).

SRVD жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:

- SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы жапыл тұр.
- Тіпті SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы жанбаса да, автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ (6 миль/сағ) шамасынан төмен (артқы жүріспен қозғалуды есептемегенде).

### ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда SRVD жүйесі жұмысын тоқтатады және SRVD жүйесінің сигнал шамы жанады:
  - Кедергіні анықтау индикаторының ақаулығын қоса алғанда, жүйеде ақаулық туындаған кезде.
- SRVD жүйесінің сигнал шамы қосылған кезде қажетті сақтық шараларын қолданыңыз. Толығырақ ақпаратты «SRVD жүйесінің сигнал шамы» бөлімінен қараңыз, ☎321-8.

- Келесі жағдайларда SRVD жүйесі жұмысын уақытша тоқтатады (немесе жұмысын толық тоқтатуы мүмкін) және SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады:
  - Радар датчигінің номиналды жағдайдан едәуір ығысуы кезінде (егер радар датчигінің күйі қандай да бір себеппен орнынан жылжып кеткен болса, қайта реттеу қажет болады. Датчикті SUBARU дилерінде реттеу ұсынылады).
  - Қардың немесе мұздың көп мөлшері радар датчиктері ауданында артқы бампердің бетіне жабысқанда.
  - Егер автокөлік қар басқан жолда немесе ұзақ уақыт бойы қоршаған объектілер кездеспейтін ортада (мысалы, шөл далада) қозғалып келе жатса.
  - Егер жаз мезгілінде ұзақ уақыт бойы өрге қозғалудың және т.с.с. нәтижесінде радар датчиктерінің орнатылу аймағындағы температура шектен тыс көтерілсе.
  - Егер радар датчиктерінің орнатылу аймағындағы температура шектен тыс төмен түссе.
  - 12 В қосалқы аккумулятор батареясының кернеуі төмендеген кезде.
  - Егер автокөлік желісіндегі кернеу 12 В қосалқы аккумулятор батареясының номиналды кернеуінен асып кетсе.
- Осы шарттар түзетілгеннен кейін SRVD жүйесі өзінің жұмысын қайта жалғастырады, ал SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы сөнеді. Алайда SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы ұзақ уақыт бойы жанып тұрса, жүйеге диагностика жүргізу үшін мүмкіндігінше тездетіп SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.
- Радар датчиктерінің анықтау қабілеттілігі шектеулі. SRVD жүйесінің автокөліктерді анықтау қабілеті бұзылуы мүмкін және ол мынадай жағдайларда тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін:
  - Артқы бампердің радар датчиктері орнатылған жері деформацияланған жағдайда.
  - Артқы бампердің радар датчиктерінің орнатылу аймағындағы бетіне қар немесе балшық жабысып қалған жағдайда.
  - Егер артқы бампердің радар датчиктері аймағына жапсырмалар және т.б. бекітілген болса.
  - Нашар ауа райы жағдайларында, мысалы, жаңбыр, қар немесе тұман кезінде.
  - Дымқыл жолдармен, мысалы, қар басқан, шалшықтар бар жолдармен қозғалғанда.
- Радар датчиктері төмендегі автокөліктерді немесе объектілерді анықтамауы немесе оларды анықтаумен байланысты қиындықтарға ұшырауы мүмкін:
  - Шағын мотоциклдер, велосипедтер, жаяу жүргіншілер, жолдағы немесе жол жиегіндегі жылжымайтын объектілер және т.б.
  - Шанағының пішіні радар сәулелерін шағылыстырмайтын автокөліктер (шанағы төмен автокөліктер, мысалы, жүгі жоқ тіркеме немесе спорттық автокөлік).
  - Тіпті анықталу аймағында (немесе артта көршілес жолақта немесе артқы жүріспен жүрген кезде автокөлігіңіздің жанында) орналасса да, автокөлігіңізге жақындап келе жатпаған автокөліктер. (Жүйе жақындап келе жатқан автокөліктің бар-жоғын радар датчиктері сигналдарының негізінде анықтайды).
  - Айтарлықтай өзгеше жылдамдықпен қозғалатын автокөліктер.
  - Ұзақ уақыт бойы дәл сондай дерлік жылдамдықпен автокөлігіңізге параллель қозғалып келе жатқан автокөліктер.
  - Қарсы келе жатқан автокөліктер.
  - Көршілес жолақтың арғы жағындағы жолақтағы автокөліктер.
  - Сіз басып озуға әрекет жасап жатқан айтарлықтай төменірек жылдамдықпен жүріп келе жатқан автокөліктер.
- Қозғалатын жолақтары өте еніз жолда жүйе көршілес жолақтан кейінгі жолақта қозғалып келе жатқан автокөліктерді анықтауы мүмкін.




## ■ Кедергіні анықтау индикаторы/ескерту зуммері

Егер SRVD жүйесі белсенді болса, онда жүргізушіні ескерту үшін мынадай элементтер пайдаланылады:

- Кедергіні анықтау индикаторын қосу.
- Кедергіні анықтау индикаторының жыпылықтауы және ескерту зуммері.

### ▼ Кедергіні анықтау индикаторы



Кедергіні анықтау индикаторы

Сыртқы айналардың екеуіне де орнатылған. Артқы жағында келе жатқан автокөлік анықталған кезде индикатор жанады. Индикатор келесі жағдайларда жүргізушіге қауіп туралы ескерте отырып жыпылықтайды:

- Егер индикатор қосулы болса, бұрылу көрсеткішінің ауыстырып қосқышы индикатор қосылған жаққа ауыстырылады.
- Артқы жүріспен жүрген кезде, егер жүйе кез келген жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтаса.

### ▼ Кедергіні анықтау индикаторларының жарықтығын төмендету функциясы

Егер фаралар қосулы болса, кедергіні анықтау индикаторларының жарықтығы төмендейді.

## ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда кедергіні анықтау индикаторын өшіру қиын болуы мүмкін:
  - Егер оған тікелей күн жарығы түссе.
  - Егер оған тура келе жатқан автокөліктің фараларының сәулелері түссе.
- Егер жарықтық реттегіші ең жоғарғы күйде болса, тіпті фаралар қосылған кезде де кедергіні анықтау индикаторларының жарықтығы төмендемейді. Жарықтық реттегіші туралы толық ақпаратты «Көмескі жарықтың айқындығын реттеу» бөлімінен қараңыз, ☛153-б.

### ▼ Кедергіні анықтаудың ескерту зуммері

Зуммер жүргізушіге мынадай жағдайларда қауіп туралы ескертеді:

- Индикатор жанып тұрғанда, бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышы

индикатор қосылған жаққа бұрылса (А типті модельдер үшін).


- Артқы жүріспен жүрген кезде, егер жүйе кез келген жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтаса.

Ескерту зуммерінің дыбыс деңгейін орталық ақпараттық дисплей арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, ☛202-б.

### ▼ Кедергіні анықтау индикаторына/ескерту зуммеріне қатысты қауіпсіздік жөніндегі ұсыныстар

- Келесі жағдайларда кедергіні анықтау индикаторы мен ескерту зуммерінің іске қосылуы кідірілуге мүмкін немесе жүйе бұл ескертулерді қоспауы мүмкін:
  - Егер автокөлік көршілес жолақтан кейінгі жолақтан көршілес қозғалыс жолағына ауысып жатса.
  - Тік еңісте немесе қайталанып отыратын өрлер мен ылдипарда қозғалып келе жатса.
  - Басып озу әрекетін орындағанда.
  - Егер автокөлігіңіз бен көршілес жолақтағы автокөлік өз жолақтарының қашығырақ шеткі бөліктерінде қозғалып келе жатса.
  - Егер бір-біріне жақын жүріп келе жатқан бірқатар автокөлік жақындап келе жатса.
  - Шағын радиустары бар бұрылыстарда (шұғыл бұрылыстар немесе жол қиылысында бұрылу).

- Егер сіздің жолағыңыз бен көршілес жолақтың биіктігінің арасында айырмашылық болса.
- SRVD жүйесін «Автокөліктің артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі» тармағын тұрту арқылы қосқаннан кейін.
- Селектор тұтқасын R күйіне ауыстырғаннан кейін бірден.
- Егер жүксалғышқа өте ауыр жүк тиелген болса.
- Артқы жүріспен қозғалу кезінде кедергіні анықтау индикаторы мен ескерту зуммерінің іске қосылуы кідірілуі мүмкін немесе жүйе бұл ескертулерді мынадай жағдайларда бермеуі мүмкін:
  - Қиғаш орналасқан тұрақ орнынан артқы жүріспен шыққан кезде.
  - Егер автокөлігіңіздің жанында үлкен автокөлік тұраққа қойылған болса (мұндай автокөлік радиосигналдардың таратылуына кедергі жасайды).
  - Көлбеу жолда артқа қарай қозғалғанда.
  - Жоғары жылдамдықпен артқа жүру кезінде.




- Кедергіні анықтау индикаторы жолдың жанында немесе жол жиегінде тұтас объектілердің жанында қозғалғанда (мысалы, қоршауды, бүйір қабырғаларды бойлай және туннельде қозғалыс кезінде) жануы мүмкін.
- Елді мекендердің қиылысында немесе көп жолақты жолдарда бұрылыс кезінде кедергіні анықтау индикаторы жыпылықтауы мүмкін.
- Егер артқы жүріс бағытында ғимарат немесе қабырға болса, кедергіні анықтау индикаторы жыпылықтап, ескерту дабылы соғылуы мүмкін.
- Төменде аталған жағдайларда жүйе автокөлігіңізден екі жолақ қашықтықта қозғалып келе жатқан автокөлікті анықтауы мүмкін:
  - Егер автокөлігіңіз тиісті автокөлікке қатысты жолақтың жақын жағында қозғалса.

- Егер автокөлігіңізге екі жолақ қашықтықта жүріп келе жатқан автокөлік автокөлігіңізге қатысты өз жолағының жақынырақ бөлігінде қозғалып келе жатса.

### ■ SRVD OFF жүйесін өшірудің бақылау шамы

#### ▼ Жүйенің жұмысын уақытша тоқтату




- 1 SRVD жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату туралы хабарлама
- 2 SRVD OFF жүйесін өшірудің бақылау шамы

Бұл экран жүйе өте жоғары немесе төмен температурада немесе дұрыс емес кернеуде пайдаланылса пайда болады. Осы шарттар түзетілгеннен кейін жүйе уақытша тоқтау күйінен өз жұмысын қайта жалғастырады, ал бақылау шамы сөнеді.

Егер бақылау шамы ұзақ уақыт бойы қосылған күйінде қалса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

▼ Радардың сезімталдығы төмендеуінің нәтижесінде жүйе жұмысының уақытша тоқтатылуы




- 1 Радардың сезімталдығы төмендеуінің нәтижесінде SRVD жүйесі жұмысының уақытша тоқтатылуы туралы хабарлама
- 2 SRVD OFF жүйесін өшірудің бақылау шамы

Бұл индикация радар датчиктерінің кедергілерді анықтау қабілеттілігі төмендеген жағдайда пайда болады. Бұл жағдай түзетілгеннен кейін жүйе уақытша тоқтау күйінен өз жұмысын қайта жалғастырады, ал бақылау шамы сөнеді.

Егер бақылау шамы ұзақ уақыт бойы қосылған күйінде қалса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

■ SRVD жүйесінің ескерту шамы


▼ Жүйенің ақаулығы



- 1 SRVD жүйесінің ақаулығы туралы хабарлама
- 2 Алдымен осы хабарлама пайда болады
- 3 Содан кейін келесі хабарлама пайда болады
- 4 SRVD жүйесінің ескерту шамы

Бұл индикация жүйеде ақаулық туындаған жағдайда пайда болады. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

■ SRVD жүйесін қосу/өшіру



SRVD OFF жүйесін өшірудің бақылау шамы

SRVD жүйесін қосу және өшіру орталық ақпараттық дисплей көмегімен жүзеге асырылады. «Автокөлік баптаулары» бөлімін қараңыз, 202-б.

Егер SRVD жүйесі өшірулі болса, аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СКД) SRVD жүйесін өшіру шамы жанады.

**ЕСКЕРТПЕ**


- Төмендегі жағдайларда SRVD жүйесін өшіріңіз. Жүйе радар толқындарының тосқауылына байланысты дұрыс істемеуі мүмкін:
  - Тіркемені сүйреу кезінде.
  - Егер автокөліктің артқы жағында велосипедтерге арналған бекіткіш немесе басқа зат орнатылған болса.

- Роликті сынау стендін және т.б. пайдалану кезінде.
- Автокөлік көтерілген, қозғалтқыш қосылған, дөңгелектер айналған күйде болса.
- А типі:  
Оталдыру жүйесін өшіру кезінде SRVD жүйесінің қосылған немесе өшірілген күйі әрқашан жойылады және жүйе функцияның баптауларын сақтамайды. Сондықтан әрбір оталдыру кезінде SRVD жүйесі автоматты түрде қосылады.

**В типі:**


Оталдыру жүйесін өшірген кезде жүйенің соңғы жағдайы сақталады. Сондықтан оталдыру жүйесін қайта қосқан кезде, оталдыру жүйесін өшіргенге дейін орнатылған SRVD жүйесінің баптаулары қалпына келтіріледі.

### ■ Артқы радар датчиктерімен жұмыс істеу



Артқы радар датчиктері

Радар датчиктері автокөліктің әрбір жағында бір-бірден артқы бампердің ішінде орналасқан.



Автокөліктің жөндеуге жатпайтын аймақтары

### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

**SRVD жүйесінің дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:**


- Радар датчиктерінің маңайындағы бампердің бетін міндетті түрде таза ұстаңыз.
- Радар датчиктерінің жанындағы бампердің бетіне ешқандай жапсырма немесе басқа зат бекітпеңіз. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Радар датчиктеріне жақын бампер конструкциясына өзгерістер енгізбеңіз.
- Радар датчиктерінің жанындағы бамперді боямаңыз.
- Радар датчиктерінің жанындағы бамперге қатты соққылар тигізбеңіз. Егер датчик ығысса, жүйеде ақау болуы мүмкін, оның ішінде анықтау аймағына кіретін автокөліктерді анықтау қабілетсіздігі. Егер бамперге қатты соққы тиген болса, тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгіну ұсынылады.
- Радар датчиктерін бөлшектемеңіз.

## 7-16. Алда көлденең қозғалыс болған жағдайда тежелу (бар болса)


Алда көлденең қозғалыс кезіндегі тежеу туралы толық ақпаратты пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қоса берілетін EyeSight жүйесінің сипаттамасынан қараңыз.

### ■ Алдыңғы радар датчиктерімен жұмыс істеу



Алдыңғы радар датчиктері

Автокөліктің әр жағында бір-бірден екі радар датчигі алдыңғы бампердің ішінде орналасқан.



Автокөліктің жөндеуге жатпайтын аймақтары

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Алда көлденең қозғалыс туралы ескерту функциясының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мынадай сақтық шараларын орындаңыз:

- Радар датчиктерінің маңайындағы бампердің бетін міндетті түрде таза ұстаңыз.
- Радар датчиктерінің жанындағы бампердің бетіне ешқандай жапсырма немесе басқа зат бекітпеңіз. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Радар датчиктеріне жақын бампер конструкциясына өзгерістер енгізбеңіз.
- Радар датчиктерінің жанындағы бамперді боямаңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер радар датчиктерін жөндеу немесе ауыстыру қажет болса немесе бампердің радар датчиктері орнатылған аймағындағы жерін жөндеу, бояу немесе ауыстыру қажет болса, өзіңіздің SUBARU дилеріңіздің көмегіне жүгіну ұсынылады.

- Радар датчиктерінің жанындағы бамперге қатты соққылар тигізбеңіз. Егер датчик ығысса, жүйеде ақау болуы мүмкін, оның ішінде анықтау аймағына кіретін автокөліктерді анықтау қабілетсіздігі. Егер бамперге қатты соққы тиген болса, тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгіну ұсынылады.
- Радар датчиктерін бөлшектемеңіз.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер радар датчиктерін жөндеу немесе ауыстыру қажет болса немесе бампердің радар датчиктері орнатылған аймағындағы жерін жөндеу, бояу немесе ауыстыру қажет болса, өзіңіздің SUBARU дилеріңіздің көмегіне жүгіну ұсынылады.

## 7-17. Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)

Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB) артқа жүру кезінде соқтығысуды болдырмауға немесе осындай соқтығысудан болатын зақымданулардың ауырлығын төмендетуге көмектеседі. Егер артқа жүру кезінде жүйе қабырғаны немесе басқа кедергіні анықтаса, ол ескертуші дыбыс сигналын қосады және автокөліктің тежеу жүйесін автоматты түрде іске қосуы мүмкін.

### ЕСКЕРТУ

- RAB жүйесінің болуы жүргізушіден автокөлік айналасындағы жағдайды бақылау немесе соқтығысуды болдырмау мақсатында кедергілерді анықтау үшін жауапкершілікті алып тастамайды.
- Жүргізуші көлікті қауіпсіз жүргізуге жауапты. Артқы жүріспен қозғалысты бастамас бұрын міндетті түрде алдымен тежегіш педалін басыңыз және айналадағы мән-жайды көзбен қарап тексеріп алыңыз.
- Жүйе жұмысындағы шектеулерге байланысты автокөлік соқтығысудан қаша алмайтын кейбір жағдайлар бар. Ескертуші дыбыс сигналы немесе автоматты тежеу кідіріспен іске қосылуы немесе кедергі болған кезде де мүлдем іске қосылмауы мүмкін.

- Автокөлікті роликті стендте және т.б. тексермес бұрын автоматты тежеу функциясын өшіруді ұмытпаңыз. Әйтпесе көлік қозғала бастауы мүмкін, бұл апатқа әкеп соғады.
- Жүйе адамдарды (балаларды қоса алғанда), жануарларды және басқа да қозғалып бара жатқан объектілерді анықтауға есептелмеген.
- Автокөліктің күйіне және қоршаған ортаға байланысты радар датчиктерінің объектілерді анықтауға қабілеттілігі тұрақсыз болуы мүмкін.
- Егер автокөліктің артқы жағына аспалы жабдық (тіркеу құрылғысы, велосипедтерге арналған бекіту, қорғаныс қоршауы) орнатылған болса, артқа жүру кезінде автоматты тежеу функциясын (RAB) сөндіріңіз. Егер бұл функция аспалы жабдық немесе соған ұқсас керек-жарақтар орнатылған кезде іске қосылса, бұл елеулі зақымдануларға, жарақаттарға немесе өлімге әкелетін жүйенің ақаулығына әкелуі мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Автоматты тежеу іске қосылған жағдайда RAB жүйесі келесі деректерді жазады және сақтайды. Ол әңгімелерді, дербес деректерді және өзге де аудиоақпаратты жазбайды:

- Объектіден қашықтық.
- Автокөлік жылдамдығы.
- Акселератор педалінің күйі.
- Тежегіш педалінің күйі.
- Селектор тұтқасының күйі.
- Сыртқы ауа температурасы.
- Радар датчиктерінің сезімталдық баптаулары.

SUBARU компаниясы және SUBARU компаниясымен келісімшарты бар үшінші тұлғалар зерттеу және автокөліктерді жобалау мақсатында сақталған деректерді ала және пайдалана алады. Төменде көлтірілген жағдайларды қоспағанда, SUBARU компаниясы және SUBARU компаниясымен келісімшарты бар үшінші тұлғалар жиналған деректерді ешқандай үшінші тарапқа жария етпейді және бермейді.

- Автокөлік иесі өзінің келісімін берді.
- Ақпаратты ашу/беру сот қаулысы немесе басқа да заңды маңызы бар сұрау салу негізінде жүзеге асырылады.
- Пайдаланушы мен автокөлікті сәйкестендіру мүмкін болмайтындай етіп өзгертілген деректер зерттеу институтына статистикалық өңдеу және басқа да осыған ұқсас мақсаттар үшін беріледі.

## ■ Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесіне (RAB) шолу


Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB) мынадай 2 функцияны қамтиды және жұмыс кезінде 4 радар датчигін пайдаланады.

### • Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналының функциясы

Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB) автокөлік артындағы объектілерді анықтайды және орталық ақпараттық дисплейдегі ескерту хабарламасының және ескертуші дыбыс сигналдарының көмегімен жүргізушіні ескертеді.

### • Автоматты тежеу функциясы


Автоматты тежеу функциясы автокөліктің артындағы объектілерді анықтайды және егер соқтығысу қаупі жоғары болса, жүйе автокөлікті баяулатады және зақымдану деңгейін төмендете отырып, тежеуді басқарады.



1 Артқы жүріспен жүрген кезде  
2 Егер соқтығысудың алдын алу үшін күшті автоматты тежеу немесе айналу сәтін басқару қолданылған болса (бұл жағдайда қысқа ескерту сигналдары немесе үздіксіз ескерту сигналы беріледі).

3 Егер автокөлік жүйе арқылы тоқтатылған болса (бұл жағдайда үздіксіз ескерту сигналы беріліп тұрады).  
4 Объект (мысалы, қабырға)

▼ Анықтау аймағы



- 1 Анықтау аймағы (ені): автокөліктің габариттік енінен тыс шамамен 15 см (6 дюйм)
- 2 Жүйе кедергілерді анықтай алмайтын аймақ: автокөліктің артқы бөлігінен шамамен 50 см (20 дюйм)
- 3 Анықтау аймағы (ұзындығы): автокөліктің артқы бөлігінен шамамен 1,5 м (5 фут)


**⚠ ЕСКЕРТУ**

Егер автокөлігіңіз теміржол өткелінде тұрып қалса және артқы жүріспен шлагбаумның артына шығып кетпекші болсаңыз, жүйе шлагбаумды кедергі ретінде анықтауы және тежегішті іске қосуы мүмкін. Бұл жағдайда сабырлық сақтаңыз және акселератор педалін басуды жалғастырыңыз немесе жүйені өшіріңіз. Жүйені ажырату туралы ақпарат «Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің (RAB) жұмысын тоқтату» бөлімінде келтірілген, ☎334-б.



### ■ Иске қосылу шарттары

RAB жүйесі келесі шарттардың бәрін орындаған кезде іске қосылады:



- 1 EyeSight жүйесінің ескерту шамы
- 2 RAB жүйесінің ескерту индикаторы
- 3 RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы
- 4 Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналын ажыратудың бақылау шамы

- Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұр.
- EyeSight жүйесінің ескерту шамы өшірулі.
- RAB жүйесінің ескерту индикаторы өшірулі.
- RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы өшірулі.
- Селектор тұтқасы R күйінде тұр.
- Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналын ажыратудың бақылау шамы өшірулі.


Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналының функциясы

- Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналының функциясы қосулы.
- Автокөліктің жылдамдығы 0–15 км/сағ (0–9 миль/сағ) құрайды.

Автоматты тежеу функциясы

- Автоматты тежеу функциясы қосулы.
- Автокөліктің жылдамдығы 1,5–15 км/сағ (1–9 миль/сағ) құрайды.

### ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда RAB жүйесі жұмыс істемейді. Жүйені тексерту үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады:
  - EyeSight жүйесінің ескерту шамы жанып тұр.
  - RAB жүйесінің ескерту индикаторы жанып тұр.
- Келесі жағдайларда RAB жүйесі жұмыс істей алмайды.
  - Бақылау шамы «» (EyeSight жүйесінің жұмысын уақытша тоқтатудың бақылау шамы: ақ) жанып тұр, ал аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СКД) EyeSight жүйесінің жұмысын уақытша тоқтатуға қатысты хабарламалар көрсетіледі. Тольғырақ ақпаратты EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасынан қараңыз.

- RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы жанып тұр.
- Төменде көрсетілген жағдайларда функциялар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйені тексерту үшін дереу SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады:
  - Радар датчиктеріне немесе олардың жанындағы артқы бамперге жапсырмалар, бояулар немесе басқа да материалдар жабыстырылған.
  - Артқы бампердің конструкциясы өзгертілген.
  - Артқы бампер алынып, қайта орнатылған.
  - Автокөліктің жүктемесіне немесе модификациясына байланысты жолмен аралық өзгерген.
  - Радар датчиктері немесе олардың жанындағы артқы бампер зақымдалған.
  - Артқы бамперге қатты соққы тиген немесе ол деформацияланған.
- Тік еңісте автоматты тежеу жүйесінің мүмкіндіктері төмендейді.
- Жүйе автокөлік шамамен 5 км/сағ (3 миль/сағ) мөнінен төмен жылдамдықпен артқа қарай қозғалғанда күрт автоматты тежеу арқылы соқтығысуды болдырмауға арналған. Алайда жүйе автокөліктің кез келген жағдайда соқтығысулардан қаша алатынына кепілдік бермейді.

- Егер автокөлік өте төмен жылдамдықпен артқы жүріспен қозғалып келе жатса, жүргізушінің әрекеттері басым болуы мүмкін. Бұл жағдайда автоматты тежеу іске қосылмайды.
- Жүйе келесі объектілерді байқамауы және тежеуді орындамауы мүмкін:
  - Үшкір немесе жіңішке объектілер, мысалы, радар датчиктерінен таралатын дыбыс толқындарын шағылыстырмайтын бағаналар, шарбақтар және тростар.
  - Селектор тұтқасы R күйіне ауыстырылған кезде артқы бамперге тым жақын орналасқан объектілер.
  - Беттері радар датчиктері тарататын дыбыс толқындарын шағылыстыра алмайтын объектілер, мысалы, торлы шарбақтар.
- Жүйе мынадай объектілерді анықтауға арналмаған және тиісінше тежеуді орындамайды:
  - Жаяу жүргіншілер.
  - Қозғалыстағы көлік құралдарын қоса алғанда, қозғалыстағы объектілер.
  - Мата немесе қар сияқты дыбыс толқындарын сіңіретін объектілер.
  - Беті қиғаш орналасқан объектілер.
  - Жерден биік емес орналасқан объектілер, мысалы, тұрақ блоктары.
  - Жерден тым биік орналасқан объектілер, мысалы, ілінген объектілер.

- Көлденең бағытта автокөліктің орталық бөлігінің шегінен шығатын объектілер.
- Тігінен орналаспаған объектілер.
- Беті тегіс емес немесе толқынды объектілер.

- Артқа жүру кезінде төменде аталған жағдайлар функциялардың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе жүйенің ақаулығына себеп болуы мүмкін.

Жақын жердегі өзге көздердің жоғары жиілікті дыбысы:

- Басқа автокөліктің дыбыс сигналы.
- Басқа автокөліктердің жұмыс істеп тұрған қозғалтқышының дыбысы.
- Пневматикалық тежегіштердің дыбысы.
- Көлік құралдарын анықтауға арналған жабдық немесе басқа автокөліктің радар датчиктері.
- Жақын жерде сіздің автокөлігіңіздің жұмыс жиілігіне жақын жиіліктегі дыбыстық толқындар көзі орналасқан.
- Ұқсас жүйемен жабдықталған, артқы жүріспен сіздің артқы жүріспен қозғалу траекторияңыздың бағытында жүріп келе жатқан автокөлік.

Ауа райы жағдайлары:

- Өте жоғары немесе өте төмен температуралар, соның нәтижесінде радар датчигінің жанындағы аймақ жұмыс істеу үшін тым ыстық немесе тым суық болса.

- Радар датчиктері немесе радар датчиктерінің жанындағы артқы бампер күші жауын-шашынның немесе судың айтарлықтай мөлшерінің әсеріне ұшыраса.
- Тұман, қар, құмды дауыл және т.б.
- Тез қозғалып тұрған ауа ағыны, мысалы, күшті жел.

Радар датчигімен қатар артқы бамперге бекітілген бөлшектер:

- Электрондық бөлшектер орнатылған (тұман шамы, қанаттағы антенна, радиоқабылдағыш антеннасы).
- Жоғары жиілікті дыбыс тарататын бөлшектер, мысалы, дыбыс сигналы немесе динамик орнатылған.



Автокөліктің күйі:

- Радар датчиктеріне немесе радар датчигінің жанындағы артқы бамперге мұз, қар немесе балшық жабысқан.
- Автокөлік қатты еңкейген.
- Автокөліктің жүктемесіне және т.б. байланысты жолмен аралық айтарлықтай кеміген.
- Радар датчигі соқтығысудың немесе апаттың нәтижесінде ығысқан.



Қоршаған орта:

- Артқы жүріспен қозғалу бағытында мата баннер, жалау, салбырап тұрған бұтақтар немесе теміржол өткелінің тосқауылдары бар.
- Қиыршық тасты немесе шөпті жабынмен артқа жүру кезінде.

- Объектілер немесе дуалдар автокөлікке жақын орналасатын аймақта, мысалы, тар туннельдерде, көпірлерде, жолдар мен көлікжайларда артқы жүріспен қозғалу.
- Артқы жүріспен қозғалу бағытындағы жер бетінде жолтабан іздері немесе шұңқырлар бар.
- Артқы жүріспен суағардың қақпағының (торлы қақпақтың) үстімен қозғалу.



- Артқы жүріспен қозғалу траекториясы көлбеу жолмен өтеді, мысалы, тік еңісте.
- Артқы жүріспен ылдиға қозғалған кезде.



- Артқы жүріспен қозғалу бағытында жиектас немесе баспалдақ бар.
- Төбесі төмен көлікжайда немесе туннельде артқа жүру кезінде.
- Артында қарлы аймақ бар.
- Шалшық бар.

- Объектінің жанында кедергі бар.
- Қабырға бойымен артқа жүру.
- Жол балшыққа немесе қарға айналатын аймақ.
- Жабыны жоқ жолмен артқы жүріспен қозғалған кезде.
- Төменде көрсетілген жағдайларға ұқсас жағдайларда, тіпті жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрғанда да, соқтығысудың алдын алу мүмкін болмауы ықтимал:
  - Сырғанақ жол жабыны.
  - Шиналардағы ауаның дұрыс емес қысымы.
  - Тозған шиналар.
  - Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
  - Орнатылған шиналардың өлшемі техникалық сипаттамаларда қарастырылған өлшемнен өзгеше.
  - Тесілген дөңгелекке арналған жөндеу жинағының көмегімен шұғыл жөндеу жұмыстары жүргізілген.
  - Аспа түрлендірілген.
  - Апаттың немесе ақаулықтың нәтижесінде автокөліктің қозғалысы тұрақсыз.
  - Тежеу жүйесінің сигнал шамы (қызыл) жанып тұр.

### ■ Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналының функциясы

RAB жүйесінің жұмысы кезінде жүргізушіні соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін 3 деңгейлі: орташа қашықтық, жақын қашықтық, өте жақын қашықтық туралы ескертуші дыбыс сигналдары беріледі.

### ЕСКЕРТПЕ

Дисплейде кедергіні бейнелеу және ескертуші дыбыс сигналын беру үшін радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналының функциясы объектіні анықтағаннан кейін біраз уақыт қажет болуы мүмкін.

Анықтау аймағының параметрлері


Ескерту деңгейі	Объектіні анықтау арақашықтығы*	Қашықтық индикаторы	Ескерту сигналының сипаты
Үлкен қашықтық (объект анықталды)	110–150 см (43–59 дюйм)	Жасыл	Ескертуші дыбыс сигналы жоқ
Орташа қашықтық туралы ескерту (объектіге жақындау)	70–110 см (28–43 дюйм)	Сары	Қысқа дыбыс сигналдары
Шағын қашықтық туралы ескерту (объектіге жақындау)	50-70 см (20-28 дюйм)	Қызғылт сары	Тез қысқа дыбыс сигналдары
Өте жақын қашықтық туралы ескерту (объектіге тым жақын)	50 см (20 дюйм)	Қызыл	Үздіксіз дыбыс сигналы

\*: Анықтау аймағы қоршаған ортаның күйіне байланысты өзгеруі мүмкін.

▼ Анықталған кедергі және ескерту деңгейі

Егер артқа жүру бағытында объект анықталса, орталық ақпараттық дисплейде және аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СКД) анықталған объектіге дейінгі қашықтық көрсетіледі.


Ескертуші дыбыс сигналы беріледі және жылдамдыққа байланысты қозғалтқышпен тежеу үшін айналу сәтін басқару немесе автоматты тежеу іске қосылады.




Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды)

- 1 Үлкен қашықтық (жасыл)
- 2 Орташа қашықтық туралы ескерту (сары)
- 3 Шағын қашықтық туралы ескерту (қызғылт сары)
- 4 Өте жақын қашықтық туралы ескерту (қызыл)


Ескертулердің деңгейлері төменде көрсетілгендей орталық ақпараттық дисплейде көрсетіледі.




Үлкен қашықтық (объект анықталды)  
1 Жасыл: 110–150 см (43–59 дюйм)



Орташа қашықтық туралы ескерту (объектіге жақындау)  
1 Сары: 70–110 см (28–43 дюйм)




Шағын қашықтық туралы ескерту (объектіге жақындау)  
1 Қызғылт сары: 50–70 см (20–28 дюйм)



Өте жақын қашықтық туралы ескерту (объектіге тым жақын)  
1 Қызыл: 50 см (20 дюйм)

## ■ Автоматты тежеу функциясының жұмысы


### ▼ Артқы жақта жақын тұрған объектінің бар екені туралы ескерту



Автоматты тежеу туралы ескерту  
1 Ескерту хабарламасы

Егер жүйе объектімен соқтығысу қаупін анықтаса, қысқа дыбыс сигналдары немесе үздіксіз ескертуші дыбыс сигналы беріледі, сондай-ақ соқтығысудың алдын алу үшін автоматты тежеу немесе айналу сәтін басқару іске қосылады.

Бұл жағдайда ескерту хабарламасы аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СКД) көрсетіледі.



Тежегіш педалін басу қажеттігі туралы ескерту  
1 Ескерту хабарламасы

Автокөлік автоматты тежеу арқылы тоқтатылғаннан кейін міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз. Тежегіш педалін басқанша орталық ақпараттық дисплейде хабарлама көрінеді және үздіксіз дыбыс сигналы жалғаса береді.

Бұл жағдайда ескерту хабарламасы аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СКД) көрсетіледі.


## ЕСКЕРТПЕ

Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналы мен автоматты тежеу функциясының іске қосылу жағдайлары әртүрлі, сондықтан осы функциялардың біреуі ғана іске қосылатын жағдайлар болады.

## ⚠ ЕСКЕРТУ

Жүйе автоматты тежеудің көмегімен автокөлікті тоқтатқаннан кейін дереу тежегіш педалін басыңыз. Жол жабыны мен шиналардың жағдайына байланысты автокөлік қайтадан қозғалысты бастауы мүмкін, бұл өз кезегінде апатқа әкелуі мүмкін.

### ▼ Автокөлік жүйе арқылы тоқтатылғаннан кейін



Тежегіш педалін басқаннан кейін RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады, ал жүйе уақытша жұмысын тоқтатады. Егер селектор тұтқасы R күйінен өзге күйге ауыстырылса, RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы сөнеді. Жүйе селектор тұтқасын келесіде R күйіне қойған кезде қайта жұмыс істейтін болады.

## ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда автокөлік артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесімен (RAB) тоқтатылғаннан кейін тежегіштерді басқару өшіріледі және электр-механикалық тұрақ тежегіші іске қосылады. Тұрақ тежегішін өшіру туралы толығырақ ақпаратты «Электр-механикалық тұрақ тежегіші» бөлімінен қараңыз, 302-б.:

- Егер автокөлік тоқтағаннан кейін 2 минуттан көп уақыт өткен болса.

- Кез келген есікті ашқанда.

- Келесі жағдайларда RAB жүйесі өзінің жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін, осы кезде RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады:

- Радар датчиктеріне немесе радар датчигінің жанындағы артқы бамперге мұз, қар немесе балшық жабысқан

- Селектор тұтқасы R күйіне ауыстырылып жатқан кезде объектілер артқы бамперге тым жақын.

- Жүйе жиілігі RAB жүйесінің радар датчиктерінің жиілігіне ұқсас дыбыстарды анықтайды.

- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі өшірілуі.

### ■ Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің (RAB) жұмысын тоқтату

Келесі әрекеттердің кез келгені орындалғанда RAB жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылуы мүмкін:


- Автоматты тежеу нәтижесінде автокөлік тоқтаған кезде тежегіш педалі басылады.
- Автоматты тежеу нәтижесінде автокөлік тоқтаған кезде акселератор педалі басылады.
- Акселератор педалі басылып тұрады (бұл жағдайда үдеуді шектеу алып тасталады және автокөлік артқа жүруді жалғастырады).
- Селектор тұтқасы R күйінен ауыстырылған.

### ЕСКЕРТПЕ

Егер объект енді табылмаса, жүйенің жұмысы тоқтатылады.

### ■ Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесін (RAB) қосу/өшіру баптауы

Селектор тұтқасы R қалпында тұрғанда, RAB жүйесінің төменде аталған функцияларын орталық ақпараттық дисплей арқылы реттеуге болады:



- 1 Автоматты тежеу функциясының қосылу белгісі
- 2 Автоматты тежеу функциясының өшірілу белгісі
- 3 Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналының қосылу белгісі
- 4 Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналының өшірілу белгісі


Егер қосылу белгісі көрсетіліп тұрса, сәйкес баптау элементі қосылуы.

Баптау элементін өшіру үшін қосу белгісін басыңыз.

Егер өшірілу белгісі көрсетіліп тұрса, сәйкес баптау элементі өшірілуі.

Баптау элементін қосу үшін өшіру белгісін түрткізіңіз.

Егер автоматты тежеу немесе радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналы ажыратылған болса, мынадай бақылау шамдары жанады:



- 1 Радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналын ажыратудың бақылау шамы
- 2 RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы

RAB жүйесін өшіру бақылау шамы немесе радар датчиктерінің дыбыстық ескерту сигналын өшіру бақылау шамы, егер тиісті функция қосылса, сөнеді.



## ЕСКЕРТПЕ


- Егер баптауларды өзгерту мүмкін болмаса, баптау элементін қосу/өшіру белгісі сұр түспен көрсетіледі.
- Егер RAB жүйесі ақаулы немесе т.б. болса, қосу/өшіру белгісі сұр түске айналуы мүмкін. Бұл жағдайда оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйіне, содан кейін қайтадан ON күйіне ауыстырыңыз. Егер баптауды оталдыру жүйесін қайта қосқаннан кейін де өзгерту мүмкін болмаса, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ажыратылған күйге ауыстыру кезінде RAB жүйесінің соңғы күйі сақталады. Сондықтан оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF күйінен ON күйіне ауыстыру кезінде оталдыру жүйесінің ажыратқышын өшірілген күйге ауыстыру алдында бапталған RAB жүйесінің жай-күйі қалпына келтіріледі.
- Оталдыру жүйесі өшірілген кезде радар датчиктерінің ескертуші дыбыс сигналын қосу/өшіру баптауы ерқашан қалпына келтіріледі және жүйе функция баптауын сақтамайды. Сондықтан оталдыру жүйесін әрбір қосу кезінде радар датчиктерінің ескертуші дыбыс сигналы автоматты түрде қосылады.

Сондай-ақ орталық ақпараттық дисплей арқылы төменде аталған баптауларды өзгертуге болады:

- Ескерту сигналының дыбыс деңгейі
- Радар датчиктерінің ескертуші дыбыс сигналы.
- Автоматты түрде тежеу.

Толығырақ ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б.


### ■ Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесінің ескерту индикаторы (RAB)



RAB жүйесі ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында жоғарыда көрсетілген шам жанады. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

### ■ Радар датчиктерімен жұмыс істеу

Артқы бамперде 4 радар датчигі орналасқан. RAB жүйесінің дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:



- Жапсырмаларды немесе басқа заттарды радар датчиктеріне немесе бампер бетіне радар датчиктерінің қасына жапсырмаңыз.
- Радар датчиктерін және радар датчиктерінің маңайындағы артқы бампердің бетін таза ұстаңыз.
- Артқы бампер конструкциясына өзгерістер енгізбеңіз.
- Радар датчиктерінің жанындағы бамперді боямаңыз.
- Автокөлікті жуу кезінде радар датчиктеріне жоғары қысыммен су бермеңіз.

- Радар датчиктерінің жанында артқы бамперге қатты соққылар тигізбеңіз. Егер датчик ығысқан болса, жүйеде ақау болуы мүмкін, оның ішінде артқы жүріспен қозғалыс бағытындағы объектілерді байқауға қабілетсіздігі. Егер артқы бамперге қатты соққы тиген болса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгіну ұсынылады.
- Радар датчиктерін бөлшектемеңіз.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер радар датчиктерін жөндеу немесе ауыстыру қажет болса немесе бампердің радар датчиктері орнатылған аймағындағы жерін жөндеу, бояу немесе ауыстыру қажет болса, SUBARU дилерінің көмегіне жүгіну ұсынылады.


## 7-18. Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі (бар болса)

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің алдағы қозғалысты бақылаудан алаңдауы мүмкін жағдайларды қадағалайды, сондай-ақ жекелеген пайдаланушыларды таниды.

Бұл жүйе жүргізушіге көлік жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескертеді, сондай-ақ төмендегі баптауларды автоматты түрде қалпына келтірудің арқасында сапардың қауіпсіздігі мен жайлылығын сақтап отыра алады:

- Климат-контроль жүйесінің баптаулары.
- Аспаптар тақтасының баптаулары.
- Орталық ақпараттық дисплей баптаулары.

Егер пайдаланушы тіркелген болса, ол автокөлікке отырған кезде әртүрлі баптаулар автоматты түрде қалпына келтіріледі.



1 Камера

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Автокөлікті басқару кезінде өте мұқият болыңыз**
  - Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің болуынан туындаған артық сенімділік елеулі апатқа оңай әкелуі мүмкін.
- Бұл жүйе жүргізушіні ұйқы қысып келе жатқанын немесе оның зейінін қауіпсіз жүргізуге бағыттап отырғанын анықтай алмайды.
- Ол жүргізушінің ояу екені не ұйықтап отырғаны, оның жүргізушілік қабілетінің төмендеп жатқаны не зейінін қауіпсіз жүргізуге бағыттап отырғаны туралы шешім қабылдай алмайды.
- Кейбір жағдайларда жүйе жүргізушінің жағдайын дұрыс анықтай алмайды.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Пайдаланушыны анықтау камерасы кескіндерді, аудио немесе бейнежазбаларды сақтамайды.
- Егер автокөлікке төмендегідей күн сәулесі түсіп тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін:
  - Күн сәулесі пайдаланушыны анықтау камерасына тікелей (немесе әйнек арқылы) түсіп тұр.
  - Жүргізушінің бетінде күн сәулесінің (немесе күшті инфрақызыл сәулесі бар кез келген басқа жарық көзінің) түсуінен пайда болған көлеңкелер бар.
  - Бетті жарықтандыратын күн сәулесінің (немесе күшті инфрақызыл құрамдас кез келген басқа жарық көзінің) қарқындылығының елеулі қысқа мерзімді ауытқулары бар.
- Егер автокөлік салонында инфрақызыл сәуле тарату көзі бар құрылғы (мысалы, нарықта қолжетімді жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі) орнатылған болса, дұрыс анықтау мүмкін емес болуы мүмкін.
- Жүргізуші ахуалын бақылау жүйесі жүргізуші кәдімгі немесе күннен қорғайтын көзілдірік тағып жүрген жағдайларда тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
  - Күннен қорғайтын көзілдірік инфрақызыл сәулелердің өтуін қиындатады.
  - Көзілдіріктің линзаларында қоршаған орта қатты шағылысады.

- Көздер көзілдіріктің жиектемесімен жабылған және пайдаланушыны анықтау камерасы көздерді анықтай алмай жатыр.
- Инфрақызыл сәуле тарату көзінің (жарықдиодтың) жарығы көзілдіріктің линзаларынан шағылысып тұр.
- Жүргізуші көзіне таңғыш тағып алған.
- Жүргізушінің көзіне терең түсетін қалпағы бар.
- Маска түріне байланысты көлік жүргізу кезіндегі зейінсіздікті/ұйқышылдықты дұрыс анықтау мүмкін емес.
- Егер пайдаланушының көздері, мұрны немесе аузы маскамен, шарфпен, күннен қорғайтын көзілдірікпен немесе басқа затпен жабылған болса, пайдаланушыны дұрыс анықтау мүмкін емес.
- Егер қастар, көздер, мұрын немесе ауыз бет пен жүйенің арасында орналасқан затпен жабылып тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер руль дөңгелегіне қалың тысқап кигізілген болса, онда рульдің еңкею бұрышының/шығымының реттеуіне байланысты тысқап беттің жүйедегі көрінісін көлегейлеуі мүмкін және жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Пайдаланушыны анықтау камерасына немесе инфрақызыл сәуле тарату көзіне (жарықдиодқа) ешқандай жапсырма жабыстырмаңыз. Егер пайдаланушыны анықтау камерасы немесе инфрақызыл сәуле тарату көзі (жарықдиод) қандай да бір кедергімен жабылған болса,

жүргізушінің ахуалын дұрыс анықтау мүмкін болмайды.

- Егер ішкі айнада қандай да бір аксессуар ілініп тұрса, дұрыс анықтау мүмкін емес болуы мүмкін.
- Саусақтармен тікелей пайдаланушының анықтау камерасын немесе инфрақызыл сәуле көзін (жарықдиодты) ұстамаңыз. Егер осы бөлшектердің бетінде ластану немесе саусақ іздері болса, жүргізушінің ахуалын дұрыс қадағалау мүмкін болмайды. Егер осы бөлшектердің бетінде ластану немесе саусақ іздері болса, оларды құрғақ жұмсақ шүберекпен немесе жақсылап сығылған дымқыл шүберекпен мұқият сүртіңіз.
- Егер пайдаланушыны анықтау камерасының немесе инфрақызыл сәуле тарату көзінің (жарықдиодтың) беті сызылған болса, дұрыс анықтау мүмкін емес болуы мүмкін. Абай болыңыз, бұл бөлшектерге қатты заттардың тиюіне жол бермеңіз.
- Егер пайдаланушыны анықтау камерасында немесе инфрақызыл сәуле тарату көзінде (жарықдиодта) конденсат бар болса, дұрыс анықтау мүмкін емес болуы мүмкін. Бұл бөлшектерде конденсат пайда болған жағдайда оны жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
- Пайдаланушыны тіркеу кезінде анықтау үшін мүмкіндігінше көздеріңізді жұмбауға тырысыңыз.

- Егер пайдаланушыны сәтті анықтау пайызы төмен болса, пайдаланушы дұрыс тіркелмеген болуы мүмкін. Тіркелу деректерін өшіріңіз де, тіркелуді қайта орындаңыз.
- Егер пайдаланушы автокөлікті көзілдірікпен де, жанаспа линзалармен де жиі басқаратын болса, көзілдірікпен және жанаспа линзалармен екі нұсқаны да тіркеуге кеңес беріледі.
- Пайдаланушыны анықтау автокөлікке отырғаннан кейін бірден басталады, алайда егер пайдаланушы ұзақ уақыт бойы төмен немесе жүргізуші жағындағы сыртқы айнаға қарап отырса, ол анықталмауы мүмкін.
- Егер егіздердің немесе бет-әлпеті ұқсас адамдар жұбының бірі тіркелген болса, жұптың екінші мүшесі автокөлікке отырған кезде жаңылыстан тіркелген пайдаланушы ретінде анықталуы мүмкін.
- Егер алдыңғы жолаушы орындығындағы адам жүргізуші орындығына қарай еңкейсе немесе жүргізуші орындығының жанында екі немесе одан көп беттер пайда болған басқа жағдайларда жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйе пайдаланушы қозғалыс кезінде төмен, мысалы, аспаптарға немесе навигация жүйесінің экранына қарап отырған кезде пайдаланушының көздері жабық деп қорытынды жасайтын жағдайлар болады. Мұндай жағдайларда ұйқышылдық туралы ескертетін зуммер

қосылуы мүмкін немесе жүйе тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.

- Егер көзді күлкіден немесе сыртқы жарықтан сығырайтса, жүйе көзді жабық деп анықтауы мүмкін және ұйқышылдық туралы ескертетін зуммер қосылуы мүмкін немесе жүйе тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық күйі немесе қалғып кету қаупі көздер жабық тұрған уақыттың ұзақтығы мен пайызы бойынша анықталады. Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескерту зуммері жай ғана жүргізушінің ұйқысы келуіне немесе есінеуіне байланысты берілмейді.
- Тіпті жүргізушінің ұйқысы келмесе де, оның көздері не жұмылып тұрса, не жиі жыпылықтаса, жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескертуші дыбыс сигналы берілуі мүмкін.
- Егер жүргізуші жүргізу кезінде алға еңкейсе немесе терезеден басын шығарса, жүргізу кезінде зейінсіздік туралы ескертетін зуммер қосылуы мүмкін.
- Егер автокөлік тоқтатылған болса немесе шағын жылдамдықпен жүріп келе жатса, тіпті жүргізуші алға қарамаса да, көлік жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту зуммері іске қосылмайды.
- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушілердің беттерінің ерекшеліктері туралы деректерді жинайды және сақтайды. Беттерді анықтау деректері жергілікті жадта сақталады және автокөліктен тысқары шығарылмайды.

Олар SUBARU компаниясына немесе тағы басқа жерлерге берілмейді және оларда сақталмайды. Төмендегі нұсқауларды басшылыққа ала отырып, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшіруге және жүргізушінің кез келген сақталған деректерін жоюға болады. Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшірілген болса, ол қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету бойынша өзінің функцияларының ешқайсысын орындай алмайды.

Қолжетімді функциялар жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптауларына және пайдаланушыны анықтау функциясының баптауларына байланысты әртүрлі болады.

Қолжетімді функциялар

			Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі <sup>-1</sup>	
			ҚОС.	ӨШІР.
Пайдаланушыны анықтау функциясы <sup>-2</sup>	ҚОС.	Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ ұйқышылдық туралы ескерту	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Пайдаланушыны анықтау функциясы	Қолжетімді	Қолжетімсіз
	ӨШІР.	Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ ұйқышылдық туралы ескерту	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Пайдаланушыны анықтау функциясы	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз

## 340 Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі (бар болса)

Функцияның қолжетімді элементтері

		Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі <sup>*1</sup>		
			ҚОС.	ӨШІР.
Пайдаланушыны анықтау функциясы <sup>*2</sup>	ҚОС.	Пайдаланушыны тіркеу	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Пайдаланушыны жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Барлық пайдаланушыларды жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз
	ӨШІР.	Пайдаланушыны тіркеу	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз
		Пайдаланушыны жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Барлық пайдаланушыларды жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз

\*1: Жүйені орталық ақпараттық дисплей арқылы қосуға/өшіруге болады. «Автокөлік баптаулары» бөлімін қараңыз, 📖 202-б.

\*2: Функцияны орталық ақпараттық дисплейдің баптауларынан қосуға/өшіруге болады. «Автокөлік баптаулары» бөлімін қараңыз, 📖 202-б.

Қолжетімді функциялар пайдаланушының тіркелген болуына не болмауына байланысты әртүрлі болады.

Қолжетімді функциялар

	Пайдаланушы тіркелген.	Пайдаланушы тіркелмеген.
Пайдаланушыны анықтау функциясы	Қолжетімді	Қолжетімсіз

### ■ Пайдаланушыны анықтау функциясы

Пайдаланушы тіркелген болса, келесі баптауларды қалпына келтіруге болады.

#### ▼ Аспаптар тақтасының дербес баптаулары

- Аспаптар тақтасының негізгі дисплей экраны (түрлі түсті СКД)

Пайдаланушының автокөліктен соңғы рет шығар кезде таңдаған экраны көрсетіледі.

#### ▼ Орталық ақпараттық дисплейдің дербес баптаулары

- Орталық ақпараттық дисплейдің негізгі экраны

Пайдаланушының автокөліктен соңғы рет шығар кезде таңдаған экраны көрсетіледі.

- Отын шығынының экраны

Осы пайдаланушының бұрынғы сапарларындағы орташа отын шығыны көрсетіледі.

#### ▼ Климат-контроль жүйесінің дербес баптаулары

- Климат-контроль жүйесінің баптаулары
- Салондағы ауаның қолайлы температурасы, ауа беру режимі және пайдаланушы соңғы рет автокөліктен шыққан сәтте таңдаған басқа да баптаулар қалпына келтіріледі.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер танылған пайдаланушы кондиционердің максималды қуат режимі қосылу кезде көліктен кетсе және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF күйіне орнатылса, жүйе кондиционердің максималды қуат режимі қосылғанға дейін орнатылған баптауларды сақтайды.

### ▼ Дербес баптауларды өзгерту

Позиция		
Аспаптар тақтасының дербес баптаулары*	Аспаптар тақтасының негізгі дисплей экраны (түрлі түсті СКД)	Егер танылған пайдаланушының функциясымен байланысты баптау экраны таңдалса және баптау өзгертілсе, ол автоматты түрде сақталады.
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің қосылу/өшірілу күйі		

\*: Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшірілген болса, тіпті экран таңдалған және баптаулар өзгертілген болса да, ол өзінің тікелей өшірілуге дейінгі күйін сақтап қалады.

## ■ Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескерту

Қозғалыс кезінде жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің ықтимал зейінсіздік немесе ұйқышылдық жағдайларын қадағалайды және оған ескертеді. Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескерту зуммерінің дыбысы шыққанда, қалқыма терезе пайда болады.

## ЕСКЕРТПЕ

- Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескерту пайдаланушыны анықтау функциясының күйіне тәуелсіз іске қосылады.
- Егер бұрылыс көрсеткіші қосылған болса немесе селектор тұтқасы R күйінде тұрса, жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту іске қосылмайды.
- Егер аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті СКД) апат алдындағы тежеу функциясын өшірудің бақылау шамы жанып тұрса, жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту тіпті алда автокөлік немесе кедергі анықталған болса да, әдеттегідей сәттерде іске қосылады. EyeSight жүйесі туралы толық ақпаратты пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен бірге берілген EyeSight жүйесінің сипаттамасынан қараңыз.

## ▼ Жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту



Егер жүйе жүргізушінің зейінсіз болуы мүмкін екенін анықтаса, ол ескерту береді. Жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту іске қосылған кезде ескерту зуммері қосылады және аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) қалқыма терезе пайда болады. Егер EyeSight жүйесі алда автокөлікті немесе кедергіні анықтаса, жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту әдеттегіден ертерек іске қосылуы мүмкін. EyeSight жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қосымшасын қараңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер сіз көлік жүргізу кезінде үнемі жолдан алшақтасаңыз, жүйе сіздің жүргізуіңізді ұқыпсыз деп бағалайды және көлікті мұқият басқару туралы еске салады.



▼ Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескерту


Ықтимал ұйқышылдық жүргізушінің қабақтарының жабылуы бойынша анықталады және жүргізушіге ескерту беріледі. Ұйқышылдық туралы ескерту іске қосылғанда ескерту зуммері қосылады және қалқыма терезе пайда болады.

	Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды)	Орталық ақпараттық дисплей	Ескертуші дыбыс сигналы
А типі Көлік жүргізу кезінде ұйқышылдық			Бірнеше мәртелік дыбыс сигналы (жүргізуші көзін ашқанға дейін жалғасады)
А типі Қатты ұйқышылдық			5 мәртелік дыбыс сигналы
В типі Көлік жүргізу кезінде ұйқышылдық			Бірнеше мәртелік дыбыс сигналы (жүргізуші көзін ашқанға дейін жалғасады)
В типі Қатты ұйқышылдық			5 мәртелік дыбыс сигналы
Жеңіл ұйқышылдық		—	Бір мәртелік дыбыс сигналы
Ұйқышылдық жоқ	—	—	—

**ЕСКЕРТПЕ**

Көлік жүргізу кезінде жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі бет пен бастың орналасуы сияқты параметрлерді бақылау арқылы ұйқышылдық дәрежесін табады және анықтайды. Егер жүйе ұйқышылдық дәрежесінің жоғарылағанын және көлік жүргізу кезінде зейініңіз төмендегенін анықтаса, ол сізді шамадан тыс ұйқышылдық туралы ескертуі мүмкін.

■ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің индикациясы/ескерту



- 1 Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл)
- 2 Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы
- 3 Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы
- 4 Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің сигнал шамы (сары)

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жай-күйі индикация/ескерту көмегімен аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) көрсетіледі.

### ЕСКЕРТПЕ

Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтатудың бақылау шамы немесе жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің сигнал шамы жанса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің функцияларын пайдалану мүмкін емес. Сонымен бірге келесі элементтерді таңдау мүмкін емес:

- Пайдаланушыны тіркеу.
- Пайдаланушыны жою.
- Барлық пайдаланушыларды жою.

#### ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл)

Бұл бақылау шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жанады.

#### ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы

Бұл бақылау шамы пайдаланушы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірген және жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жұмыс істемей тұрған кезде жанады.

#### ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы

Бұл бақылау шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылғанда жанады.

### ЕСКЕРТПЕ

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысы төмендегі жағдайларда уақытша тоқтатылады:

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің негізгі блогының температурасы жоғары не төмен болған жағдайда.
- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің көздерінің қозғалысын қадағалай алмаса.
- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің қастарын, көздерін, мұрны мен аузын қадағалай алмаса.
- Егер камера және инфрақызыл сәуле көзі (жарықдиод) жабық болса және жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің ахуалын дұрыс қадағалай алмаса.

#### ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің сигнал шамы (сары)

Бұл сигнал шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінде ақаулық болған кезде жанады. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.

#### ■ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қолдану

##### ▼ Пайдаланушыны анықтау

Егер пайдаланушы пайдаланушыны анықтау функциясы арқылы тіркелген болса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі келесіні орындайды.



1. Есік ашық болғанда және оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы OFF күйінде болғанда, пайдаланушыны анықтау экраны пайда болады және жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі пайдаланушыны анықтауды бастайды. Пайдаланушыны анықтау экраны кейбір жағдайларда есікті ашқан кезде, мысалы, егер оталдыру жүйесін өшірген сәттен бастап тым аз уақыт өтсе, пайда болмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда пайдаланушыны анықтау есік жабылғаннан кейін іске қосылады, алайда пайдаланушыны анықтау экраны пайда болмайды.



2. Жүргізуші орындығына отырыңыз және бірнеше секундқа бетіңізді алға бұрыңыз.
3. Пайдаланушыны анықтау аяқталғаннан кейін орталық ақпараттық дисплейде сәлемдесу экраны пайда болады.

Осы кезде климат-контроль жүйесінің баптаулары, аспаптар тақтасының негізгі дисплей экраны (түрлі түсті СКД), орталық ақпараттық дисплейдің негізгі экраны және пайдаланушы баптаулары пайдаланушы ақпаратына сәйкес өзгертіледі.

## ЕСКЕРТПЕ

- Орталық ақпараттық дисплей ауыстырып қосқышын басқан кезде пайдаланушыны анықтау экраны өшіріледі, бірақ пайдаланушыны анықтау жалғасады.
- Егер пайдаланушыны анықтау сәтті шықпаса, «Пайдаланушы анықталмаса» бөліміндегі нұсқауларды орындай отырып, анықтауды қайта орындаңыз, ☎345-б.

- Пайдаланушыны анықтау қозғалыс кезінде орындалмайды.


### ▼ Пайдаланушы анықталмаса

Төменде келтірілген жағдайда пайдаланушыны анықтау мүмкін болмауы ықтимал және «Пайдаланушыны анықтау тоқтатылды» хабарламасы көрсетілуі мүмкін.

- Камера қандай да бір объектімен бұғатталған.

Кедергіні жойып, нұсқауларға сәйкес пайдаланушыны анықтау процедурасын қайталаңыз.

«Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі» бөлімін қараңыз, ☎207-б.



1 Камера

## ЕСКЕРТПЕ

- Пайдаланушыны анықтау камерасында кір немесе саусақ іздері болса, пайдаланушыны анықтау мүмкін емес болуы мүмкін. Тазалау үшін камераны жұмсақ немесе ылғал, мұқият сығылған матамен сүртіңіз.
- Егер пайдаланушыны анықтау функциясы өшірулі болса, бетті қайталап қолмен сканерлеу мүмкін емес.

### ■ Пайдаланушыны тіркеу және жою

Жүргізушінің жағдайын бақылау жүйесінде пайдаланушыларды тіркеуге, ал тіркелген пайдаланушыларды жоюға болады. Пайдаланушыларды тіркеу және жою процедурасын «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі» бөлімінен қараңыз, ☎207-б.

## ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтатудың бақылау шамы немесе жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің сигнал шамы жапың тұрса, төменде көрсетілген элементтерді таңдау мүмкін емес:
  - Пайдаланушыны тіркеу.
  - Пайдаланушыны жою.
  - Барлық пайдаланушыларды жою.

- Пайдаланушы туралы ақпаратты орталық ақпараттық дисплейді зауыттық әдепкі параметрлерге қайтарған кезде де жоюға болады. Зауыттық әдепкі параметрлерді қалпына келтіргенде, барлық пайдаланушы ақпараты жойылады. Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшірілген болса, баптауларды әдепкі қалып бойынша зауыттық баптауларға дейін қайтару мүмкін емес.

### ■ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қосу/өшіру баптаулары

#### ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі пайдаланушыны анықтау орындалғаннан кейін өшірілсе, пайдаланушыны анықтау функциясы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің қосылу/өшірілу күйін сақтайды.
- Тіпті жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшірілсе де, ол автокөлік тоқтаған кезде жүргізушінің есігін ашу және жабу кезінде автоматты түрде қосылады. Бұл тек пайдаланушыны анықтау баптауы қосылған жағдайда ғана болады. Осыдан кейін жүйе автоматты түрде өшірілген күйге қайтады. Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшіргеннен кейін, оны жүргізушінің есігі ашық күйде іске қосса, пайдаланушыны анықтау дұрыс жүргізілмеуі мүмкін.

### ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қосу/өшіру

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қосу және өшіру орталық ақпараттық дисплей көмегімен жүзеге асырылады. «Автокөлік баптаулары» бөлімін қараңыз, 202-б. Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі ажыратылған кезде аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін ажыратудың бақылау шамы жанады.

#### ЕСКЕРТПЕ

Тіпті жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшірілсе де, пайдаланушыны анықтау қосылмайды және автоматты түрде өшірілмейді.

### ▼ Пайдаланушыны анықтау баптаулары

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің пайдаланушыны анықтау функциясын қосуға/өшіруге болады. Баптау процедурасын «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, 202-б.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Пайдаланушыны анықтау функциясының баптауларын әрбір пайдаланушыға өзгерту мүмкін емес.
- Әдепкі қалып бойынша пайдаланушыны анықтау функциясы қосулы тұрады.
- Егер пайдаланушыны анықтау функциясы ажыратылса, келесі элементтерді таңдау мүмкін емес:
  - Бетті сканерлеуді қайталау.
  - Пайдаланушыны тіркеу.

### ■ Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтамаға арналған бастапқы кодты алу

Ашық бастапқы коды бар тегін бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат Бұл өнімде ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама (FOSS) бар.

Мұндай бағдарламалық жасақтаманың лицензиялық ақпаратын және/немесе бастапқы кодын келесі сілтеме бойынша табуға болады:

[http://www.embedded-carmultimedia.jp/RTOS/License/oss/DMS\\_0101/](http://www.embedded-carmultimedia.jp/RTOS/License/oss/DMS_0101/)

---

---

---

---

---

---

---

---

---









---

---

---

---

---



# Көлік жүргізу бойынша кеңестер

8-1. Жаңа автокөлікті сынап жүргізу — алғашқы 1600 км (1000 миль) .....	350
8-2. Отын үнемдеу бойынша кеңестер .....	350
8-3. Іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған газдары (көміртек монооксиді) .....	350
8-4. Каталиттік бейтараптандырғыш .....	351
8-5. Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісі .....	352
Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы қосылған кезде .....	352
Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтаған кезде .....	353
8-6. Жүйелі тексерулер .....	354
8-7. Шетелге сапарлар .....	354
8-8. Жиі жол жүру аккумулятор батареясы зарядының отыруының алдын алады .....	354

8-9. Толық жетекті автокөлікті басқару бойынша кеңестер .....	355
8-10. Жүргізу кезіндегі сақтық шаралары .....	356
8-11. Автокөлікті қыстыгүні басқару .....	357
Автокөлікті суық ауа райында пайдалану .....	357
Қарлы және мұзды жолдармен жүру .....	358
Коррозиядан қорғау .....	359
Қысқы шиналар .....	359
Сырғытпайтын шынжырлар .....	360
Автокөлікті ырғау .....	360
8-12. Автокөлікке жүк тиеу .....	361
Сақтық шаралары .....	361
Төбе молдингілері және жүксалғыш көлденең арқалықтар .....	361
8-13. Тіркеме сүйреу .....	363

## 8-1. Жаңа автокөлікті сынап жүргізу — алғашқы 1600 км (1000 миль)

Автокөлігіңіздің жүріс сапасы мен ұзақ қызмет ету мерзімі сынап жүргізу кезеңінде оны қалай қолданғаныңызға байланысты. Алғашқы жүрілген жолдың 1600 км (1000 миль) кезінде төменде келтірілген нұсқауларды сақтаңыз:

- Төтенше жағдайларды қоспағанда қозғалтқыштың 4000 айн/мин шамасынан жоғары жиілікпен айналуына жол бермеңіз.
- Қозғалтқыштың өзгеріссіз айналу жиілігімен ұзақ жұмыс істеуіне немесе қозғалтқыштың жоғары айналу жиілігі, төмен айналу жиілігі немесе автокөліктің жоғары қозғалыс жылдамдығы, төмен қозғалыс жылдамдығы болсын, тұрақты жылдамдықпен ұзақ жүруіне жол бермеңіз.
- Төтенше жағдайларды қоспағанда, орыннан жұлып қозғалудан немесе жылдамдықты күрт үдетуден сақтаныңыз.
- Төтенше жағдайларды қоспағанда, шұғыл тежелуден сақтаныңыз.

Осыған ұқсас нұсқаулар жаңа немесе күрделі жөндеуден өткен қозғалтқышты орнатқаннан кейін де, сондай-ақ тежегіш қыспақтарын ауыстырған жағдайда да қолданылады.

## 8-2. Отын үнемдеу бойынша кеңестер

Төмендегі кеңестер сізге отынды үнемдеуге көмектеседі:

- Көлік жүргізу кезінде көліктің жүру жылдамдығына және жол жағдайына сәйкес келетін берілісті таңдаңыз.
- Жылдамдықты тез үдетуден немесе тез баяулаудан сақтаныңыз. Үдету қажетті жылдамдыққа жеткенше біркелкі орындалуы керек. Содан кейін жеткен жылдамдықты мүмкіндігінше ұзақ сақтауға тырысыңыз.
- Қозғалтқышқа «шектен тыс газ беруден» және «шектен тыс жиілікпен айналдырудан» сақтаныңыз.
- Қажеттілік болмаса, қозғалтқыштың бос жүріспен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- e-BOXER жүйесінің тиісті түрде реттелгенін қадағалаңыз.
- Жүргізуші есігіндегі құлыптың қапсырмасының астына орналастырылған жапсырмада көрсетілген шиналардағы тағайындалған қысым мәнін ұстап отырыңыз. Төмен шина қысымы оның мерзімінен бұрын тозуына, сондай-ақ отын шығынын арттыруға әкеледі.
- Кондиционерді қажет болғанда ғана қосыңыз.
- Алдыңғы және артқы дөңгелектердің орнату бұрыштарын үнемі тексеріп отырыңыз.
- Автокөлікте қажет емес багажды немесе жүкті тасымалдамаңыз.
- Отын үнемдеу туралы анықтамалық ақпарат ретінде эконометр көрсеткіштерін қолданыңыз. Толығырақ ақпаратты «Эконометр» бөлімінен қараңыз, [стр. 181-б.](#)

## 8-3. Іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған газдары (көміртек монооксиді)



- Ешбір жағдайда іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған газдарымен тыныстамаңыз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында түсі де, иісі де жоқ көміртек монооксиді (иіс газы) болады, онымен тыныстау өте қауіпті, тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Кез келген жағдайда қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының автокөлік ішіне кіруіне жол бермеңіз.
- Сыртқа шығып кету немесе ішке кіру үшін қажетті қысқа уақыт аралығын қоспағанда, жабық үй-жайда, мысалы, көлікжайдың ішінде қозғалтқышты жұмыс істеп қалдыруға тыйым салынады.
- Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрғанда тұраққа қойылған автокөлік ішінде ұзақ уақыт болмаңыз. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөлік ішіне таза ауаның кіруін қамтамасыз ету үшін желдеткішті қолданыңыз.
- Желдету жүйесінің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін желдету жүйесінің ауақармаушының алдыңғы торы әрдайым қардан, жапырақтардан және ауаның кіруіне кедергі келтіретін басқа кедергілерден таза болуын қамтамасыз етіңіз.



- Пайдаланылған газдардың автокөлік ішіне кіріп жатқанын байқасаңыз, себебін анықтаңыз және оны мүмкіндігінше тезірек түзеңіз. Егер осындай жағдайларда қозғалысты жалғастыруға тура келсе, міндетті түрде барлық өйнектерді түсіріңіз.
- Пайдаланылған газдардың автокөлік ішіне кіруіне жол бермеу үшін қозғалыс кезінде жүксалғыш бөлімнің қақпағы жабық болуы тиіс.


## ЕСКЕРТПЕ

e-BOXER жүйесін өшіргеннен кейін біршама уақыт бойы пайдаланылған газдарды шығару жүйесі тарапынан пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің металл бөлшектерінің кеңеюімен және сығылуымен байланысты сытырлаған дыбыс естілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

## 8-4. Каталиттік бейтараптандырғыш

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Өрт қауіпсіздігі шараларын сақтаңыз. Тез тұтанғыш материалдардың (мысалы, құрғақ шөп, қағаз, шүберек, жапырақтар) жанында автокөлікпен жүрмеңіз және тоқтамаңыз, себебі каталиттік бейтараптандырғыш жұмыс істегенде өте қатты қызады.
- e-BOXER жүйесі жұмыс істеп тұрғанда автокөліктің газ шығару құбырының қасында адамдар мен жанғыш материалдардың болмауын қадағалаңыз. Пайдаланылған газдардың температурасы өте жоғары.




Каталиттік бейтараптандырғыш пайдаланылған газдарды шығару жүйесіне орнатылады. Ол пайдаланылған газдардың құрамындағы көмірсутектердің, көміртек монооксидінің және азот оксидтерінің мөлшерін азайтуға арналған.

Каталиттік бейтараптандырғышқа зақым келтірмеу үшін келесі ұсыныстарды орындаңыз:


- Тек этилденбеген бензинді қолданыңыз. Тіпті аз мөлшердегі этилденген бензиннің өзі каталиттік бейтараптандырғышты зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан e-BOXER жүйесін автокөлікті сүйреу немесе итеру арқылы іске қоспаңыз.
- Қозғалтқыштың айналу жиілігінің шектен асырылуына жол бермеңіз.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде оталдыру жүйесін сөндіруші болмаңыз.
- Автокөлігіңіздің қозғалтқышы дұрыс реттелгенін қадағалаңыз. Қозғалтқыш жұмысының бұзылуларын сезсеңіз (шала тұтану, тарсылдау немесе отынның толық жанбауы), автокөлікті тексерту және жөндету үшін SUBARU уәкілетті дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Каталиттік бейтараптандырғыштың жылудан қорғағыш экранына және пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің бөлшектеріне коррозиядан қорғайтын жабын жақпаңыз.
- Отын деңгейі өте төмен болғанда автокөлікті жүргізеңіз.

## 8-5. Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісі



- A Автокөліктің алдыңғы бөлігі  
1 Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісі

Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісі — бұл бензиндік қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында болатын қатты бөлшектерді ұстап қалатын құрылғы.



Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы

### ■ Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы қосылған кезде

Сүзгіде жиналған қатты бөлшектердің мөлшері белгіленген шекті мәннен асқан кезде бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жанады.

Егер бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жанса, қозғалтқышты толық қыздырып алғаннан кейін, төменде сипатталған шарттарды сақтай отырып, жүру әрекетін орындаңыз немесе бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісін регенерациялау үшін SUBARU дилеріне жүгініңіз.

- 60 км/сағ (37 миль/сағ) немесе одан жоғары жылдамдықпен жүріңіз.
- Акселератор педалін мезгіл-мезгіл жіберіп тұрыңыз.

Сигнал шамы шамамен 30 минуттан кейін сөнеді.

Егер сигнал шамы сөнбесе, SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

### ▲ ЕСКЕРТУ

Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісін регенерациялау үшін жүру әрекетін орындаған кезде келесіні ескеріңіз. Төменде келтірілген нұсқауларды орындамау қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі немесе жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.

- Жүру әрекетін қауіпсіз орындауға болатын жол аймағын табыңыз.
- Жылдамдық шектеуін сақтаңыз, ал акселератор педалін жіберген кезде, артқы жақтан келе жатқан автокөліктерге назар аударыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісін регенерациялауға арналған жүру сапары қозғалтқыштың әдеттегі жүріспен салыстырғанда көбірек қуатпен жұмыс істеуін талап ететіндіктен төменде келтірілген жағдайларда сүзгінің регенерациялануына қол жеткізу қиын болуы мүмкін.
  - Өрге қарай, шөлде, қар басқан, батпақты жолдарда және қатты жабыны жоқ жолдарда жүру.

- 5 жолаушымен немесе көлемі көп жүкпен жүру.
- Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісін регенерациялау сапарын жүргізген кезде круиз-контрольді қолданбаңыз.
- Егер сүйреу әрекетін орындап жатсаңыз, бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісін регенерациялау сапарын жүргізбеңіз.
- Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жанып тұрған кезде қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғарылайды, ал шу мен діріл деңгейі әдеттегіден жоғары болады, бұл сүзгіні регенерациялау әрекетін жүргізуге мүмкіндік береді.

▼ **Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамының қосылуын қалай болдырмауға болады**

Төмен температурада және төмен жылдамдықпен қысқа қашықтықтарға жиі жол жүру бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамының қосылу ықтималдығын арттырады. Егер сапарларыңыз қала сыртында жасалса және қозғалыс кезінде мезгіл-мезгілімен акселератор педалін жіберіп отырсаңыз, бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы сирегірек жанатын болады.

▼ **Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісін регенерациялауға арналған сапарды қалай барынша тиімді орындауға болады**

Егер регенерациялауға арналған сапарды келесідей жолмен орындасаңыз, бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы тезірек сөнеді.

- Акселератор педалін мезгіл-мезгіл (әр 10 секунд сайын шамамен 3 секундқа) жіберіп тұрыңыз.
- Айналу жиілігін қолмен басқара отырып, қозғалтқыштың 2000–2500 айн/мин айналу жиілігімен қозғалыңыз. «Қолмен басқару режимін таңдау» бөлімін қараңыз, ☛287-б.

## ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқыштың айналу жиілігі тым төмен болса, бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамының өшуіне дейін көбірек уақыт өтуі мүмкін.
- Егер қозғалтқыштың айналу жиілігі тым жоғары болса, бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісін регенерациялау мүмкін емес.

■ **Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтаған кезде**

Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтаған кезде шұғыл тексерту үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласу ұсынылады.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтап тұрған күйі автокөлікпен тым ұзақ қозғалудан сақтаныңыз. Бұл қозғалтқышты және бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісін қорғау үшін қозғалтқыш қуатының шектелуіне алып келуі мүмкін. Егер қозғалтқыштың қуаты шектеулі болса, автокөліктің жылдамдығы да шектеледі, жылдамдықты үдету қарқыны және өрлерге көтерілу қабілеті төмендейді.
- Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтап тұрғанда автокөлікті сүйремеңіз. Бұл автокөліктің қозғала алмауына әкеп соғуы мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің сигнал шамы жыпылықтап тұрғанда круиз-контрольді пайдалануға болмайды.

## 8-6. Жүйелі тексерулер

Автокөлігіңізді әрдайым барынша жақсы күйінде ұстап отыру үшін техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген техникалық қызмет көрсету бойынша ұсынылған жұмыстар тізбесіне сәйкес уақытқа немесе жүрілген жолға байланысты қарастырылған жиілікпен тексерулер жүргізіп отырыңыз.

## 8-7. Шетелге сапарлар

Егер автокөлігіңізбен шетелге жол жүруді жоспарласаңыз:

- Сәйкес отынның қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз. «Отынға қойылатын талаптар» бөлімін қараңыз, 275-б.
- Сол елде белгіленген барлық ережелер мен талаптарды орындаңыз.

## 8-8. Жиі жол жүру аккумулятор батареясы зарядының отыруының алдын алады

Автокөліктің аккумулятор батареясы ауыстырылатын жабдық болып табылады. Егер батарея қосымша зарядталып отырмаса, ол тез тозуға ұшырайды және қарастырылған қызмет ету мерзімінен бұрын ауыстыру қажет болуы мүмкін. Аккумулятор батареясы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде зарядталады. Аккумулятор батареясының разрядталуын болдырмау үшін (әсіресе егер автокөлікпен жүйелі түрде тек аз қашықтыққа (ұзақтығы 10 минуттан аспайтын) сапарлар жасалатын болса немесе автокөлік 10 немесе одан көп күн бойы тұрақта тұрған болса) мезгіл-мезгілімен ұзақ жол жүріп отыруға кеңес беріледі. Ұзақ жол жүру арқылы (30 минуттан көп) аккумулятор батареясының заряд деңгейін жоғарылату және тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету мүмкіндігі бар. Ұзақтығы жеткілікті сапарлар жасауға мүмкіндік болмаған жағдайда біз батареяны қажеттілігіне қарай зарядтап отыруға кеңес береміз. Егер ешқандай әрекет жасалмаса, аккумулятор батареясының заряды отырады. Бұл кез келген аккумулятор батареясы үшін қалыпты болып табылады.

## 8-9. Толық жетекті автокөлікті басқару бойынша кеңестер

### ▲ ЕСКЕРТУ


- Шұғыл бұрылу, күрт тежеу және т.с.с. кезінде апаттардың алдын алу үшін сондай жол және ауа райы жағдайлары үшін ең қауіпсіз болатын автокөліктің қозғалыс жылдамдығын сақтауға тырысыңыз.
- Көлік жүргізу кезінде мейлінше абай болыңыз! Автокөлігіңіздің толық жетекпен жабдықталғанына байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апатқа жетелеуі мүмкін.
- Шиналарды (шинаны) ауыстырған немесе орнатқан кезде барлық төрт шинаның төмендегі сипаттамалары бірдей болуы тиіс.
  - (а) Өлшемі
  - (ә) Жылдамдық индексі
  - (б) Жүктеме индексі
  - (в) Шеңбер ұзындығы
  - (г) Құрылымы
  - (ғ) Өндіруші
  - (д) Модель (протектор бедері)
  - (е) Тозу дәрежесі

(а)–(б) сипаттамаларына қатысты шиналардағы тағайындалған қысым мәні көрсетілген жапсырмадағы талаптар сақталуы тиіс. Шиналардағы тағайындалған қысым мәні көрсетілген жапсырма жүргізуші есігінің тіреуіне орналастырылған.

Егер барлық төрт шинаның (а)–(е) сипаттамалары әртүрлі болса, бұл автокөлік жетегінің күрделі механикалық ақаулығына алып келуі және төмендегілерге әсер етуі мүмкін:

- жүріс сипаттамалары;
- басқарылу;
- тежелу;
- спидометрді/одометрді калибрлеу;
- шаңақ пен шиналар арасындағы саңылау.

Бұл да қауіпті болуы мүмкін және автокөлікті басқара алмай қалып, апатқа ұшыратуы мүмкін.



Толық жетекпен е-BOXER жүйесінің қуаты автокөліктің барлық төрт дөңгелегіне үлестіріледі. Толық жетекті автокөліктер тайғақ, дымқыл немесе қарлы жолдарда, сондай-ақ балшықта, топырақта немесе құмда жүргенде бетпен жақсы ілінісуді қамтамасыз етеді. Алдыңғы және артқы дөңгелектер арасында қуатты бөліп үлестіре отырып, SUBARU толық жетек жүйесі сондай-ақ жылдамдықты үдету кезінде қосымша тарту күшін және қозғалтқышпен тежелу кезінде қосымша баяулауды қамтамасыз етеді. Мұның салдарынан толық жетекті SUBARU автокөлігін басқару екі дөңгелегінде жетегі бар кәдімгі автокөлікті басқарумен салыстырғанда өзгеше болуы мүмкін және толық жетек үшін бірегей болып табылатын бірқатар ерекшеліктерге ие. Қауіпсіздік мақсатында және толық жетек жүйесіне зақым келтірмеу үшін келесі ұсыныстарды есте ұстауыңыз керек:

- Екі дөңгелегінде жетегі бар автокөлікпен салыстырғанда толық жетекті автокөліктің сырғанақ немесе қар басқан жолда тік

беткейлерді бағындыруға қабілеті жақсырақ. Алайда бұл автокөліктерді тік бұрылыстарда және шұғыл тежелу кезінде басқарудың азын-аулақ айырмашылығы бар. Сондықтан ылдиға қарай жүргенде немесе бұрылу әрекетін жасағанда автокөліктің жылдамдығын түсіру, сондай-ақ өзге автокөліктермен қауіпсіз арақашықтық ұстап отыру қажет.

- Ешқашан су басқан жолдармен және сулы кедергілерден өтіп кетуге тырыспаңыз. Қозғалтқыштың ауақармауышына немесе газ шығару құбырына судың кіруі, сондай-ақ шашыраған судың электр жабдығының компоненттеріне тиюі автокөлікті зақымдауы және оны жүргізбей тастауы мүмкін.
- Толық жетекті автокөлікпен қарлы, батпақты, сондай-ақ құмды және шалшық жолдардың қиын бөліктерінен жүріп өтуге болады. Алайда ол жол талғамайтын емес, ертүрлі жолға арналған автокөлік ретінде құрастырылған. Сол себепті толық жетекті автокөлікті кәдімгі қарапайым жеңіл автокөлікті басқарған секілді байыппен басқару керек.
- Құмда, балшықта немесе шалшықтарда жүріп өткеннен кейін міндетті түрде тежегіш жұмысын тексеріңіз. Тексеру төмен жылдамдықпен жүріп келе жатып, тежегіш педалін басу арқылы жүзеге асырылады. Тежегіш дискілері мен тежегіш қыспақтарын кептіру үшін бұл әрекетті бірнеше рет қайталаңыз.
- Жүрмей тұрып әрдайым салқын шиналардағы қысымды тексеріңіз. Шиналардың тағайындалған қысымы жүргізуші есігінің тіреуіне орналастырылған жапсырмада көрсетілген.

- Сырғытпайтын шынжырлар тек қана алдыңғы дөңгелектерге тағылады.
- Толық жетекті автокөлікті ауыр жағдайларда, мысалы, тік беткейлерде немесе шаң-тозаңы көп жолдарда жиі пайдалану «Техникалық қызмет көрсету кестесі» (☎405-б.) бөлімінде қарастырылғанмен салыстырғанда келесі компоненттерді жиірек ауыстыруды талап етеді.
  - Мотор майы
  - Тежегіш сұйықтығы
  - Артқы дифференциалға арналған трансмиссия майы
  - Сатысыз беріліс қорабына арналған жұмыс сұйықтығы
  - Алдыңғы дифференциалға арналған трансмиссия майы
- Автокөлігіңізді сүйреген кезде белгілі сақтық шараларын сақтау қажет. Толық ақпаратты «Сүйреу» бөлімінен қараңыз, ☎383-б.

## 8-10. Жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

### ЕСКЕРТУ

Ешқашан су басқан жолдармен және сулы кедергілерден өтіп кетуге тырыспаңыз. Қозғалтқыштың ауақармауышына немесе газ шығару құбырына судың кіруі, сондай-ақ шашыраған судың электр жабдығының компоненттеріне тиюі автокөлікті зақымдауы және оны жүргізбей тастауы мүмкін. Мұндай жағдайларда кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз. Су кедергісінің тереңдігіне қарамастан одан өткен кезде шиналардың астындағы топырақ жуылып кетуі мүмкін, бұл басқарудан айырылуға және тіпті автокөліктің аударылуына алып келеді.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Қиыршық тасты жолмен немесе жолсыз жермен жүргеннен кейін шанақтың астыңғы бөлігінде зақымдардың, ішіне қарай ойылған жерлердің немесе лак-бояу жабынының бұзылған жерлерінің бар-жоғын тексеріңіз. Қандай да бір ақауды анықтаған жағдайда SUBARU дилеріне жүгініңіз.

## 8-11. Автокөлікті қыстығүні басқару

### ■ Автокөлікті суық ауа райында пайдалану

Автокөлікте бірқатар жарақтарды алып жүру қажет: әйнектерді тазалауға арналған қырғыш, құм салынған қап, сигнал шамдары, шағын күрек және қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған кабельдер.

12 В қосымша аккумулятор батареясы мен сымдардың күйін тексеріңіз. Суық ауа райында қосымша 12 В аккумулятор батареясының электр сыйымдылығы төмендейді. Қосымша 12 В аккумулятор батареясының күйі суық ауа райында автокөлікті оталдыруға қажетті жеткілікті қуатты қамтамасыз етуі тиіс.

e-BOXER жүйесін өте суық ауа райында іске қосу әдетте көбірек уақытты қажет етеді. Санаты мен тұтқырлығы суық ауа райына сәйкес келетін мотор майын пайдаланыңыз. Ауыр жаздық майды қолдану e-BOXER жүйесін іске қосуды қиындатады.

Есіктің құлыптарын мұздап қатып қалудан жібіткіш немесе глицерин бүрку арқылы аяздан қорғаңыз.

Мұздап жабысып қалған есікті күшпен ашуға тырыссаңыз, есіктің резеңке тығыздағыштары зақымдалады немесе жыртылады. Егер есік қатып қалса, мұзды ыстық сумен ерітіңіз, содан кейін есіктен қалған суды мұқият сүртіп кетіріңіз.

Алдыңғы әйнекжуғыш үшін арнайы мұздамайтын сұйықтықты қолданыңыз. Осы мақсатқа қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын немесе сол сияқты сұйықтықтарды қолданбаңыз, себебі олар көліктің лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

Егер сіз алдыңғы әйнекжуғыш бағына концентрациясы бұрын құйылған сұйықтықтан өзгеше сұйықтық құйған болсаңыз, алдыңғы әйнекжуғыш бағы мен әйнекжуғыш форсуналары арасындағы құбырларды жуғышты біраз уақытқа қосу арқылы жаңа сұйықтықпен шайыңыз. Өйтпесе құбырларда қалған сұйықтықтың концентрациясы орнаған сыртқы температура үшін қажетті деңгейден аз болса, ол қатып қалуы және форсуналардың қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Әйнекжуғыш сұйықтығының концентрациясын сыртқы температурамен сәйкестікке келтіріңіз. Концентрация дұрыс болмаса, алдыңғы әйнекке шашыратылған сұйықтық қатып қалып, көру мүмкіндігін шектеуі мүмкін, сондай-ақ алдыңғы әйнекжуғыш бағының ішінде қатып қалуы мүмкін.**
- **Баққа құю кезінде әйнекжуғыш сұйықтықтың бөгде заттармен ластануына жол бермеңіз. Ластану ақауларға, мысалы, сорғының бітеліп қалуына әкелуі мүмкін.**
- **Ұшпа органикалық қоспаларға қатысты мемлекеттік немесе жергілікті заңнаманың талаптары метанолды, әйнекжуғыш сұйықтыққа**

**арналғанқарапайым қатпайтын қосындыларды пайдалануды шектеуі мүмкін. Суық ауа райында лак-бояужабынын, әйнектазартқышщеткаларын және автокөліктің әйнектазартқышжүйесін бүлдірмей қамтамасыз етсе ғана, метанолды пайдаланбай, қатпайтын қоспаларыбар әйнекжуғыш сұйықтықты пайдалануға болады.**

### ▼ Сапар алдында

Көлікке отыра алдында аяқкіімді қардан және мұздан тазалаңыз, өйтпесе педалдар тайғақ болып, көлік жүргізу кезінде қауіпті салдарға алып келуі мүмкін.

Жолға шығар алдында көлікті қыздырған кезде акселератор педалі мен тежегіш педалінің бірқалыпты жүріп тұрғанын және барлық басқа басқару құралдары қалыпты жұмыс істейтінін тексеріңіз.

Руль механизмінің жұмысын қиындатпау үшін көліктің қанаттарының астына жиналған қар мен мұзды алып тастаңыз. Көлікті қатаң қыс мезгілінде пайдаланған кезде көлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, дөңгелек шиналарында қар мен мұздың қатып қалмағанын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

▼ Суық ауа райында тұраққа қою

**▲ ЕСКЕРТУ**

Қар автокөліктің астында денсаулыққа қауіпті пайдаланылған газдарды ұстап қалуы мүмкін. Егер автокөлік тұрақта тұрған кезде е-BOXER жүйесін жұмыс істетіп қалдырсаңыз, газ шығаратын құбыр мен автокөліктің айналасындағы орынның қардан таза болуын қадағалаңыз.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Автокөлік суық ауа райында ұзақ уақыт тұраққа қойылатын болса, тұрақ төжегішін қолданбаңыз, себебі төжегіш қыспақтары қатып қалуы мүмкін.
  - Қар жауып тұрған кезде көлікті тұраққа қойғанда, өйнектазартқыш щеткаларының зақымдануына жол бермес үшін оларды көтеріп қойыңыз.
  - Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде тежеу жүйесінде мұз түзілуі мүмкін, бұл тежелу тиімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін:
    - Автокөлік омбы қары бар жолдармен жүргеннен кейін тұрақта ұзақ тұрған жағдайда.
    - Автокөлік боранды аязда тұрақта ұзақ тұрған жағдайда.
- Автокөліктің аспасында, төжегіш дискілерінде және автокөліктің астында орналасқан төжегіш құбыршектерінде қар жиналып, мұз өспегенін тексеріңіз. Қар немесе мұз жиналса, оларды төжегіш дискілерін,

төжегіш құбыршектерін және ABS жүйесінің сымдарын зақымдап алмай, абайлап алып тастау керек.

Суық ауа райында ұзақ уақыт тұраққа қойылатын болса, келесідей кеңестерді сақтау керек:

1. Селектор тұтқасын Р күйіне қойыңыз.
2. Көліктің сырғып кетуіне жол бермеу үшін дөңгелектердің астына төжегіш тоспалар орнатыңыз.

▼ Суық ауа райында автокөлікке отын құю

Суық ауа райында отын жүйесінде ылғалдың пайда болуына және оның қатып қалуына жол бермеу үшін отын бағына арнайы аязға төзімді қоспаларды қосу керек.

Тек осы мақсатқа арналған қоспаларды пайдаланыңыз. Мұндай қоспаларды пайдаланған кезде, отын бағының жартысында отын болған кезде отынды оның үстінен құйсаңыз, қоспалардың әсері ұзағырақ сақталатынын естен шығармаған жөн.

Автокөліктің ұзақ уақыт пайдаланылмайтыны белгілі болғанда, оның отын бағында отын толып тұрғаны жақсы болады.

■ Қарлы және мұзды жолдармен жүру

**▲ ЕСКЕРТУ**

Тайғақ (қарлы, мұзды) жолдармен жүргенде круиз-контроль жүйесін пайдаланбаңыз. Бұның салдарынан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Қарлы боранда ұзақ үздіксіз сапарлардан аулақ болыңыз. Қар қозғалтқыштың ауа енгізу жүйесіне түсіп, ауа ағынына кедергі келтіруі мүмкін. Бұның салдарынан қозғалтқыш тоқтап қалуы немесе тіпті зақымдалуы мүмкін.

Автокөлік қарлы және мұзды жолдармен жүргенде дөңгелектер сырғанамауы және бос айналмауы үшін күрт тежеу, үдету және бұрылу әрекеттерін, сондай-ақ жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз.

Күрт тежеуден сақтану үшін әрдайым алдағы автокөлікке дейінгі жеткілікті қашықтықты сақтап отырыңыз.

Автокөлік қозғалысының жылдамдығын реттеу үшін және жұмыс істейтін тежеу жүйесіне қосымша қозғалтқышпен тежеуді тиімді пайдалану керек. (Қажет болса, төменгі беріліске ауыстырыңыз).




Берілісті төменгі берілістерге күрт ауыстырмаңыз. Мұндай жүргізу салдарынан дөңгелектер бекітіліп қалуы мүмкін, осылайша автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) қарлы немесе мұзды жолда тежеу тиімділігін арттырады. Сырғанақ жол бетінде тежеу туралы ақпарат «Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)» (☛295-б.) және «Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (VDC)» (☛297-б.) бөлімдерінен қараңыз.

### ▼ Әйнектазартқыштың қар жауған кездегі жұмысы


Суық ауа райында қозғалысты бастамас бұрын алдыңғы немесе артқы әйнектегі әйнектазартқыш щеткаларының резеңке қырғыштарының әйнекке қатып қалмағанын тексеріп алыңыз.

Егер әйнектазартқыштың резеңке қырғыштары алдыңғы немесе артқы әйнекке қатып қалса, келесі қадамдарды орындаңыз:

- Алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының резеңке қырғыштарын мұздан тазалау үшін алдыңғы әйнекті жылытуды қосыңыз, ауаны үлестіру түймесімен «» режимін орнатыңыз, максималды жылыту температурасын орнатыңыз және резеңке қырғыштардың толық еруін күтіңіз. «Климат-контроль» бөлімін қараңыз, ☛237-б.
- Егер автокөліктің алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын қыздыру функциясы бар болса, оны пайдаланыңыз. Ол алдыңғы әйнектазартқыштардың резеңке щеткаларын мұздан босатуға арналған. «Артқы әйнектің, сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы және алдыңғы

әйнектазартқыш щеткаларының жылытқышы» бөлімін қараңыз, ☛230-б.

- Артқы әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышын мұздан босату үшін артқы әйнек жылытқышын қосыңыз. «Артқы әйнектің, сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы және алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының жылытқышы» бөлімін қараңыз, ☛230-б.

Қарда жүргізген кезде, әйнектазартқыштардың жұмысына қарамастан, қататын қар алдыңғы әйнекке жабыса бастаса, алдыңғы әйнек жылытқышын қосыңыз, ауа ағынын үлестіру түймесімен режимін орнатыңыз,  ал температураны реттеу түймесімен максималды жылыту температурасын орнатыңыз. Алдыңғы әйнек жеткілікті мөлшерде жылынғаннан кейін және қатқан қар ерігеннен кейін, алдыңғы әйнекжұғышты қосып, оны жуып тастаңыз. «Алдыңғы әйнекжұғыш» бөлімін қараңыз, ☛228-б.

Әйнектазартқыштың жетектемелеріне қар жабысып қалса, оның қалыпты жұмысы қиындайды. Қар әйнектазартқыштың жетектемелеріне жабысып қалғанда, жолдан қауіпсіз жерге тоқтап, оны алып тастауыңыз керек. Жол жиегінде тоқтаған кезде басқа жүргізушілерге апаттық аялдау туралы ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз. «Апаттық жарық сигналын беру жүйесі» бөлімін қараңыз, ☛150-б.

Автокөлікті қар жауатын, ал ауа температурасы судың қату температурасынан төмен болатын айларда пайдаланған кезде, әйнектазартқыштың «қатпайтын» (қысқы) щеткаларын орнатыңыз. Бұл типтегі щеткалар қар жауған кезде алдыңғы әйнекті жақсы

тазалайды. Мұндай щеткаларды қолданар алдында олар сіздің автокөлігіңізге сәйкес келетінін тексеріп алыңыз.

## АБАЙЛАҢЫЗ

**Жоғары жылдамдықпен қозғалғанда, әйнектазартқыштың «қатпайтын» щеткалары қарапайым щеткалармен бірдей дәрежеде тазалай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда автокөліктің жылдамдығын төмендетуіңіз керек.**

## ЕСКЕРТПЕ

Әйнектазартқыштың «қатпайтын» щеткаларын орнату қажет болған маусым аяқталғанда оларды стандартты щеткаларға ауыстырыңыз.

## ■ Коррозиядан қорғау

«Коррозиядан қорғау» бөлімін қараңыз, ☛398-б.

## ■ Қысқы шиналар

### ЕСКЕРТУ

- Қысқы шинаны (шиналарды) ауыстыру немесе орнату кезінде барлық төрт шинаның мынадай параметрлері бірдей болуы шарт:
  - Өлшемі
  - Жылдамдық индексі
  - Жүктеме индексі
  - Шеңбер ұзындығы
  - Құрылымы
  - Өндіруші

(д) Модель (протектор бедері)

(е) Тозу дәрежесі

(а)–(б) сипаттамаларына қатысты шиналардағы тағайындалған қысым мәні көрсетілген жапсырмадағы талаптар сақталуы тиіс. Шиналардағы тағайындалған қысым мәні көрсетілген жапсырма жүргізуші есігінің тіреуіне орналастырылған.

Егер барлық төрт шинаның (а)–(е) сипаттамалары әртүрлі болса, бұл автокөлік жетегінің күрделі механикалық ақаулығына алып келуі және төмендегілерге әсер етуі мүмкін:

- жүріс сипаттамалары;
- басқарылу;
- тежелу;
- спидометрді/одометрді калибрлеу;
- шанақ пен шиналар арасындағы саңылау.

Бұл да қауіпті болуы мүмкін және автокөлікті басқара алмай қалып, апатқа ұшыратуы мүмкін.

- Радиалды, диагоналды немесе диагоналды-белдеуленген шиналарды бірге орнатушы болмаңыз, өйткені бұл сіздің автокөлігіңіздің басқарылуына қауіп төндіруі мүмкін.

Қысқы шиналарды пайдалану қыста автокөліктің жүріс сапасын жақсартады. Егер қысқы шиналарды орнататын болсаңыз, олардың өлшемі мен түрі сіздің автокөлігіңіз үшін ұйғарылған параметрлерге сәйкес келетінін тексеріп алыңыз. Барлық төрт шинаның өлшемі, дизайны және брендті бірдей, сондай-ақ бірдей шекті жүктемеге есептелген болуы керек. Радиалды, диагоналды немесе диагоналды-белдеуленген шиналарды бірге

орнатушы болмаңыз, өйткені бұл сіздің автокөлігіңіздің басқарылуына қауіп төндіруі мүмкін. Автокөлігіңіздің дөңгелектеріне орнатылған шиналардың түріне қарамастан, көлікті басқарған кезде мұқият болыңыз.

### ■ Сырғытпайтын шынжырлар

Егер сізге қарлы бөктерде немесе мұзды жолдарда жүру үшін сырғытпайтын шынжырларды пайдалану қажет болса, келесідей сақтық шараларын сақтаңыз:

- Шынжырларды тек алдыңғы дөңгелектерге орнатыңыз.
- Автокөліктің шанағына немесе оның аспасына зақым келтірмеу үшін тек сіздің автокөлігіңіздің дөңгелектеріне сәйкес келетін сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз. Сіздің автокөлігіңізге пайдалануға рұқсат етілген сырғытпайтын шынжырлар туралы ақпаратты SUBARU дилерінен алыңыз.
- Орнатылған сырғытпайтын шынжырлармен автокөліктің қозғалу жылдамдығы 30 км/сағ (19 миль/сағ) шамасынан аспауы тиіс.
- Сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін шина қапталының ішкі бөлігінің айналасындағы аймақтың автокөліктің тежеу жүйесінің, аспасының немесе шанағының элементтеріне тиіп тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Дөңгелектеріне сырғытпайтын шынжырлар орнатылған көлікті басқарған кезде өте сақ болыңыз! Автокөліктің дөңгелектеріне сырғытпайтын шынжырлар орнатылғандықтан тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін.

## ЕСКЕРТУ

Шиналардың біреуі тесілген жағдайда, оны уақытша бітеп қоя аласыз. Алайда герметикпен бітелген шинағасырғытпайтын шынжыр орнатуға болмайды. Алдыңғы дөңгелектердің шиналарының бірі тесілген жағдайда оған сырғытпайтын шынжырды қолдану қажеттігіне қарамастан жақын жердегі SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

### ■ Автокөлікті ырғау


Егер батып қалған автокөлікті құмнан немесе балшықтан шығару үшін ырғау керек болса, селектор тұтқасын D мен R режимдері арасында ілгері-кейін жылжыта отырып, акселератор педалін бірқалыпты басыңыз. Қозғалтқышты иінді біліктің жоғары айналу жиілігіне дейін үдетпеңіз. Дөңгелектер жол бетімен жақсы ілінісуі үшін батып қалған автокөлікті шығару әрекетін жасаған кезде бос айналдырып алмауға тырысыңыз.

## 8-12. Автокөлікке жүк тиеу

### ЕСКЕРТПЕ

Отынды үнемдеу үшін қажетсіз жүкті тасымалдамаңыз.

#### ■ Сақтық шаралары



100094

### ▲ ЕСКЕРТУ


- Тасымалданатын жүк немесе басқа жүк орындықтың арқалығынан жоғары орналаспауы тиіс, өйткені автокөлік күрт тоқтаған немесе апатқа ұшыраған кезде жүк алға қарай құлап, жолаушыларға зақым келтіруі мүмкін. Тасымалдау кезінде жүкті немесе басқа жүкті еденге жақын орналастырыңыз.

- Жолаушыларды артқы орындықтың жиылған арқалығына отырғызып немесе жүксалғышта тасымалдамаңыз. Осының салдарынан ауыр жарақаттар келуі мүмкін.
- Егер жүкті автокөлік салонына салып тасымалдайтын болсаңыз, күрт тежеу, бұрылу кезінде немесе апат орын алғанда салон ішінде жүктің қозғалып кету ықтималдығына жол бермеу үшін оны бекітіп қойыңыз.
- Көліктің төбесіне ауыр жүкті тиеп тасымалдамаңыз. Мұндай жүктерді тасымалдау кезінде автокөліктің ауырлық ортасы жоғарылайды, нәтижесінде автокөлік теңкеріліп кетуге бейім болады.
- Ұзын заттарды мықтап бекітіңіз, өйткені күрт тежеу кезінде олар алға қарай ұшып кетуі мүмкін, салдарынан ауыр жарақатқа себеп болуы ықтимал.
- Жүксалғыштың шығарылатын қалқасының үстіне ешқандай зат қоймаңыз. Күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде олар алға қарай ұшып кетуі мүмкін. Бұның салдары ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Өз автокөлігіңізде аэрозоль баллондарын, от қауіпті немесе агрессивті сұйықтықтарды немесе басқа да қауіпті заттарды тасымалдаушы болмаңыз.

#### ■ Төбе молдингілері және жүксалғыш көлденең арқалықтар



801057

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүк тасымалдау үшін төбе молдингілеріндегі бекіту нүктелері жүксалғыш көлденең арқалықтармен немесе жүктерді тасымалдауға арналған кез келген сәйкес бекіткіштермен бірге қолданылаалады. Әйтпесе

автокөліктің төбесі немесе оның лакея жабыны зақымдалуы мүмкін, сондай-ақ тасымалданатын жүктің құлауына байланысты қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін.

- Жүктерді тасымалдауға арналған бекіткіштерді қолданған жағдайда жүктің, жүксалғыш көлденең арқалықтар мен жүктерді тасымалдауға арналған бекіткіштердің жалпы массасының максималды рұқсат етілген жүктемеден аспайтынына көз жеткізіңіз. Жүктің артық салмағы автокөліктің бұзылуына және қауіпсіздік қатеріне әкелуі мүмкін.

Жүксалғыш көлденең арқалықтарды төбе молдингілеріне бекіткеннен кейін және жүкті тасымалдауға арналған бекіткіштер орнатылған соң жүкті тасымалдауға болады. Жүксалғыш көлденең арқалықтарды орнату кезінде өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

Төбе құрылымы массасы **80 кг (176 фунт)** шамасынан аспайтын жүктерді (жүкті, жүксалғыш көлденең арқалықтар мен жүк тасымалдауға арналған бекіткіштерді қоса алғанда) тасымалдауға есептелген. Ауырлау жүктерді астыңғы жаққа автокөліктің төбесіне мүмкіндігінше жақындатып қойыңыз да, жүк салмағын жүксалғыштың бүкіл ауданына барынша біркелкі орналастырыңыз. Тасымалданатын бүкіл жүкті әрқашан мықтап бекітіңіз.

### ▼ Жүксалғыш көлденең арқалықтарға жүктерді тасымалдауға арналған бекіткіштерді орнату


Жүксалғышты, велосипедтерді, шаңғыларды, байдаркаларды, жүк себеттерін және т.б. тасымалдауға арналған кез келген бекіткіштерді орнату кезінде өндірушінің максималды жүктемеге қатысты нұсқауларын сақтаңыз және бекіткіштердің сенімді бекітілгенін тексеріңіз. Жүксалғыш көлденең арқалықтарға орнатуға арналған бекіткіштерді ғана пайдаланыңыз. Қозғалысты бастамас бұрын, жүктің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

## ЕСКЕРТПЕ

**Автокөліктің төбесінде жүкті тасымалдау кезінде көліктің ауырлық ортасының биіктігі өзгеретінін ескеріңіз, бұл автокөліктің жүргізу сипаттамаларына кері әсер етеді.**

**Абайлап жүріңіз. Орыннан ытқып қозғалудан, шұғыл бұрылудан және күрт тежеуден сақ болыңыз. Бұл кезде бүйірлік желдің әсері күшейеді.**

### ▼ Жүксалғыш көлденең арқалықтарды шешіп алу және орнату



Төбедегі екі молдингінің әрқайсысында жүксалғыш көлденең арқалықтарды бекітуге арналған екі нүкте бар. Әрбір бекіту нүктесі бітеуішпен жабдықталған. Бітеуіштерді шешіп алу үшін ұшы жалпақ бұрауышты қолданыңыз. Төбе молдингілеріне жүксалғыш көлденең арқалықтарды орнату кезінде өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

## 8-13. Тіркеме сүйреу

### АБАЙЛАҢЫЗ

**Сіздің автокөлігіңіздің құрылымы мен мақсаты оның сүйрегiш көлік құралы ретінде қолданылуын қарастырмайды. Сондықтан автокөлігіңізді ешқашан тіркеме сүйреуге қолданбаңыз.**

SUBARU тіркеме сүйреуге арналған қандай да бір жабдықты пайдалану, сондай жабдықпен бірге берілген нұсқаулықтардағы қателер немесе олқылықтар немесе нұсқауларды дұрыс орындамау салдарынан адамдардың жарақат алғаны немесе автокөлікке зақым келгені үшін жауапты емес. SUBARU кепілдігі тіркеме сүйреуге байланысты автокөліктің зақымдануына немесе ақаулықтарына қолданылмайды.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---


---

---

9-1. Автокөлігіңізді төтенше жағдайда тұраққа қою тәртібі .....	366
9-2. Борттық құрал-сайман .....	366
Жүксалғыштың қуыс еденінің астында .....	367
Сол жақ алдыңғы орындық астында .....	367
9-3. Желі шыққан шиналар .....	368
Желі шыққан шинаны жөндеу .....	368
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) .....	376
TPMS жүйесінің экраны .....	377
9-4. Сыртқы қуат көзінен оталдыру .....	377
Аккумулятор батареясымен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары .....	377
Сыртқы қуат көзінен оталдыру кезіндегі сақтық шаралары! .....	378
Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру тәртібі .....	379
9-5. Қозғалтқыштың қызып кетуі .....	382
Егер капот астынан бу шықса .....	382
Егер капот астынан бу шықпаса .....	382
9-6. Сүйреу .....	383
Сүйреу құлақшасы және бекіту құлақшалары .....	383
Автокөлікті эвакуатор платформасына тиеп тасымалдау .....	386
Тиемей сүйреу .....	387

9-7. Электр-механикалық тұрақ тежегіші — егер электр-механикалық тұрақ тежегішін өшіру мүмкін болмаса .....	388
9-8. Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар .....	388
Есіктерді құлыптау және құлпын ашу .....	388
Электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу .....	389
e-BOXER жүйесін іске қосу .....	389
9-9. Жүксалғыш қақпағы — егер жүксалғыш қақпағы ашылмаса .....	390
9-10. Төбедегі люк (бар болса) — егер төбедегі люк жабылмай жатса .....	390
9-11. Орталық ақпараттық дисплейдің ақаулары .....	391
9-12. Өрге қарай көтерілу кезіндегі қиындықтар .....	392
9-13. Егер автокөлігіңіз апатқа ұшыраса .....	392
Апатқа ұшырағаннан кейін автокөлік қозғалтқышын оталдыру .....	392
Соқтығысудан кейін тежеу функциясы .....	393
9-14. Егер автокөліктен шыға алмай отырсаңыз .....	393
Егер автокөліктен шыға алмай отырсаңыз .....	393

## 9-1. **Автокөлігіңізді төтенше жағдайда тұраққа қою тәртібі**



Апаттық жарық сигналын беру жүйесі басқа жүргізушілерге төтенше жағдайдың туындауына байланысты аялдама жасауға мәжбүр болғаныңызды хабарлау үшін түнде де, күндіз де қосылуы тиіс.

Жол үстінде тоқтамауға тырысыңыз. Ақаулар пайда болған кезде, сақтық таныта отырып, жолдың жиегіне шығыңыз.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі оталдыру жүйесі құлпының кез келген күйінде қосыла алады.

Апаттық сигнал беру жүйесін қосу үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышын басыңыз. Оны өшіру үшін сол ажыратқышты қайта басыңыз.

Егер апаттық жарық сигналы жыпылықтаса, онда бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамдары да жыпылықтайды.

## **ЕСКЕРТПЕ**

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылған кезде, бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істемейді.

## 9-2. **Борттық құрал-сайман**

Автокөлігіңіз келесідей борттық құрал-сайманмен жинақталған:

- домкрат;
- домкрат тұтқасы;
- бұрауыш;
- сүйреу құлақшасы;
- баллон кілті.


## **ЕСКЕРТПЕ**

Домкрат 2006/42/ЕС машиналар және механизмдер жөніндегі директиваның талаптарына сәйкес келеді. Сәйкестік декларациясы түпнұсқасының көшірмесі 13-бөлімде келтірілген.



■ Жүксалғыштың қуыс еденінің астында


Бұрауыштың және сүйреу құлақшасының сақталу орындары келесі суретте көрсетілген.




- 1 Бұрауыш
- 2 Сүйреу құлақшасы

■ Сол жақ алдыңғы орындық астында

Сол жақ алдыңғы орындық астындағы құрал-сайман жәшігінің қақпағын шешіп алыңыз.




Домкраттың, домкрат тұтқасының және баллон кілтінің сақталу орындары келесі суретте көрсетілген.



Сол жақ алдыңғы орындық астында

- 1 Домкрат
- 2 Домкрат тұтқасы
- 3 Баллон кілті



Домкраттағы жапсырманың үлгісі

1 Жапсырма

A АБАЙЛАҢЫЗ!

B ШЕКТІ ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІ

## ЕСКЕРТПЕ

Домкратты қолдану туралы ақпарат алу үшін «Ауыстыру тәртібі» бөлімін қараңыз, ☎435-б.

## 9-3. Желі шыққан шиналар

Егер автокөлігіңіздің бір шинасының желі шығып кетсе, ешбір жағдайда құрт тежеуші болмаңыз. Қозғалыс жылдамдығын біртіндеп төмендетіп, түзу жүре беріңіз. Содан кейін жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз.

### ■ Желі шыққан шинаны жөндеу

#### ⚠ ЕСКЕРТУ



Шинаны жөндемес бұрын осы нұсқаулар мен ескертулерді мұқият оқып шығыңыз.

Келтірілген нұсқауларды сақтау көлік құралының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші маңызға ие. Бұл нұсқауларды елемеу шинаның зақымдалуына алып келуі мүмкін, мұның нәтижесінде көлік құралының басқарылуы нашарлайды және жүргізуші оны бақылаудан шығарып алады. Бұл ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.


Автокөлігіңіз қосалқы дөңгелекпен жабдықталмаған. Шинасы тесілген жағдайда оны шиналарды жөндеуге арналған жиынтық көмегімен уақытша герметикпен бітеуіңізге болады. Герметикпен өлшемі 4 мм (0,2 дюйм) шамасынан кем тесікті (мысалы, шеге немесе осыған ұқсас зат кіріп кеткенде пайда болатын) бітеуіңізге болады. Алайда шинаның зақымдалуының түріне және дәрежесіне қарай кейбір шиналар тек ішінара жөнделеді немесе мүлдем жөнделмейді және бұл шиналардағы

қысымның жоғалуына алып келуі мүмкін. Шиналардағы қысымның жоғалуы автокөліктің басқарылуына әсер ете алады, бұл оны бақылаудан шығарып алуға алып келеді.

Желі шыққан шинаны уақытша жөндеп қойғаннан кейін, оны мүмкіндігінше тезірек жаңасына ауыстырыңыз. Шиналарды ауыстыру үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Сервис станциясында толыққанды жөндеуден өткеннен және мамандары жаққан герметигіңізді алып тастағаннан кейін дөңгелекті қайта қолдануыңызға болады. Алайда шинаның шұрасын жаңасына ауыстыру қажет. Шұрасын ауыстырмасаңыз, шинадан жел шығуы мүмкін. Шинаны ауыстыру туралы толық ақпарат алу үшін «Шинаны ауыстыру» бөлімін қараңыз, ☎434-б.

### ▼ Шинаны жөндеу кезіндегі сақтық шаралары

Тесілген шинаны жөндеу кезінде төменде келтірілген ережелерді сақтаңыз.



- 1 Жөндеуге болады  
2 Жөндеуге болмайды

### ▲ ЕСКЕРТУ

- Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты келесі жағдайларда қолданбаңыз:
  - Шина жеткіліксіз қысымның салдарынан бұған дейін зақымдалған.
  - Шинаның зақымы протектордың көзге көрінетін аймағынан тыс жерде орналасқан.
  - Шинаның қапталы зақымдалған.
  - Егер шина дискіден шешіп алынған болса.

- Дөңгелек дискісі немесе шина шұрасы зақымдалған.
- Екі немесе одан көп шина зақымдалған.
- Шиналарды жөндеуге арналған герметиктің жарамдылық мерзімі аяқталған.
- Шина өзегінің диаметрі 4 мм (0,2 дюйм) немесе одан көп шеге секілді үшкір заттармен тесілген.
- Егер желі шыққан шинаға ауа үрлеген кезде шинадағы қысым 10 минуттың ішінде манометрдің жасыл аймағына жетпесе, шинаны өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.
- Автокөлікті абайлап жүргізіңіз және руль дөңгелегін шұғыл бұру әрекеттерінен немесе шұғыл маневрлерден сақтаныңыз.
- 80 км/сағ (50 миль/сағ) максималды жылдамдықтан асырмаңыз.
- Тесілгеннен кейін жөнделген шинамен жүрген кездегі максималды қашықтық 200 км (125 миль) шамасынан аспауы тиіс.
- Уақытша жөнделген шинаға сырғытпайтын шынжырлар орнатпаңыз.
- Егер шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты мақсатына сай қолданбасаңыз, белгілі бір жағдайларда сығылған ауаның жарылу және тұтанып кету қаупі бар болғандықтан ол күрделі апатқа немесе жарақатқа алып келуі мүмкін.
- Қозғалысқа кедергі келтірмеу және өзіңізге қауіп төндірместен желі

шыққан шинаны жөндеу алу үшін автокөлікті жол жиегіне қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз.


- Тіпті автокөлік тегіс жолға тұраққа қойылған болса да, автокөлік кездейсоқ орнынан жылжып кетпеуі үшін тұрақ тежегішін қосыңыз.
- Шинаны жөндемес бұрын e-BOXER жүйесін өшіріңіз.
- Жөндеу жұмысын жүргізген кезіңізде апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосып қойыңыз.
- Шегелер немесе бұрандалар секілді шинаны тесіп кіріп қалған бөтен заттарды суырып алуға тырыспаңыз. Оларды шинада қалдырыңыз.
- Ешқашан қолдану кезінде шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты қараусыз қалдырмаңыз.
- Герметик баллоны тек бір шинаны жөндеуге есептелген.
- Шиналарды қоршаған ортаның  $-30^{\circ}\text{C}$  ( $-22^{\circ}\text{F}$ ) немесе одан жоғары температурасында жөндеуге болады.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Шиналарды жөндеуге арналған жиынтық автокөліктің тек шектеулі уақытқа ғана қозғалуына есептелгенін есте ұстаңыз. Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты қолданғаннан кейін шиналарды жөндеуге қатысты ережелер әртүрлі елдерде әртүрлі болуы мүмкін. Толық ақпарат алу үшін шиналардың сатушысына немесе SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.
- Шиналарды жөндеуге арналған жиынтық жүксалғышта сенімді бекітілуі тиіс. Оны салонда сақтауға кеңес берілмейді, себебі кілт тоқтап қалған немесе соқтығысқан жағдайда ол жолаушыға соғылуы және жарақат келтіруі мүмкін.
- Жиынтықты тек түпнұсқа шиналарды жөндеуге ғана қолданыңыз.
- Шиналарға арналған компрессор 10 минуттан ұзақ жұмыс істемеуі тиіс, әйтпесе қызып кету қаупі бар.
- Компрессор қатты қызуы мүмкін. Қолыңызды күйдіріп алмау үшін абай болыңыз.
- Жаңбыр кезінде компрессорға жаңбыр тамшыларын тигізбеу үшін шара қолданыңыз. Ылғалдың тиюі ақаулыққа алып келуі мүмкін.
- Шиналарды жөндеуге арналған жиынтыққа кіретін компрессорды ғана қолданыңыз. Өзге компрессорды қолдану шинаның зақымдалуына алып келуі мүмкін.

- Өзге қуат көзін немесе көрнеуі 12 В өзге аккумуляторды пайдалануға әрекеттеніп, компрессорды бөлшектемеңіз және оның құрылымын өзгертпеңіз.
- Егер тесілуді уақытша жөндеу шиналарды жөндеу жиынтығының көмегімен жасалса, шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) (бар болса) тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.


## ▼ Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықтың сақталу орны



- 1 Шиналарды жөндеуге арналған жиынтық (пластик пакет)
- 2 Шиналарды жөндеуге арналған жиынтық (герметигі бар баллон)


Пластик пакет пен герметигі бар баллон жүксалғыш еденінің астында сақталады.

▼ Шиналарды жөндеуге арналған жиынтыққа келесілер кіреді:




- 1 Герметигі бар баллон.
- 2 Қысқаша анықтамалық нұсқаулық.
- 3 Шиналарға арналған компрессор.
- 4 Жылдамдық шектеуі көрсетілген жапсырма.

Герметигі бар баллонды қоспағанда, жөндеу жиынтығының жоғарыда көрсетілген құрамы пластик пакетке салынып қапталған. Қолданып болғаннан кейін жөндеу жиынтығын қайтадан пластик пакетіне салып қойыңыз.




Компрессор (беткі жағы)

- 1 Манометр
- 2 Қуат ашасы



Компрессор (кері жағы)

- 1 Құбыршек
- 2 Ажыратқыш




Герметигі бар баллон

- 1 Құбыршек
- 2 Клапан

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Герметикті жұптаңыз. Абайсызда жұтып қойған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз.
- Герметик теріге немесе көзге тиген жағдайда оны дереу судың көп мөлшерімен жуыңыз. Қажет болса, кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.
- Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Табиғи каучукқа аллергиясы бар адамдарға герметиктің тиюі аллергиялық реакция тудыруы мүмкін.



1 Жарамдылық мерзімі

### АБАЙЛАҢЫЗ


Жарамдылық мерзімі аяқталғанша герметигі бар баллонды жаңасына ауыстырыңыз.

#### ▼ Шинаны жөндеу тәртібі


Желі шыққан шинаны жөндеу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Алдымен шинаға герметикті құйыңыз және ауа үрлеңіз. Герметик зақымдалған аймақты тығыз жабуы үшін автокөлікпен 10 минут бойы жүріңіз (шамамен 5 км немесе 3 миль мәніне сәйкес келеді).
- Автокөлікті қайта тоқтатыңыз, зақымдалған шинадағы қысымды тексеріңіз, қажет болса, реттеңіз.
- Осыдан кейін қозғалысты 80 км/сағ (50 миль/сағ) шамасынан аспайтын жылдамдықпен жалғастыруға болады. Бұл ретте максималды жүріп өтетін қашықтық 200 км (125 миль) шамасынан аспауы тиіс.

Автокөліктің басқа пайдаланушыларына шинаның уақытша жөнделгенін айтыңыз және қозғалыс кезінде ерекше шарттарды сақтау қажеттігін хабарлаңыз.




1. Герметигі бар баллонды жақсылап сілкіп алыңыз. Құбыршекті тарқатыңыз.



- 1 Клапан
2. Компрессор құбыршегін баллон клапанына жалғаңыз.

**АБАЙЛАҢЫЗ**

- Компрессор ажыратқышының ӨШІР. күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Сенімді бекітілмеген жағдайда герметик қосылған жерден ағуы мүмкін.




900885

Баллон құбыршегін шина шұрасына сенімді етіп бекітіңіз.


**АБАЙЛАҢЫЗ**

Сенімді бекітілмеген жағдайда герметик қосылған жерден ағуы мүмкін.



900886


3. Баллонды түбін жоғары қаратып компрессордың арнайы ойығына (ұстағышына) орнатыңыз. Компрессор ажыратқышының ӨШІР. күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.




901418

4. Компрессордың ашасын электр қуаты ағытпасына сұғыңыз. Тұрақ тежегішін

қосыңыз және отапдыру жүйесінің ажыратқышын ACC күйіне қойыңыз.



900888



900889


Компрессорды қосыңыз және ауа қысымын қажетті деңгейге (манометрдің жасыл түсті аймағы) дейін реттеңіз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Компрессор тым қатты қызып кетпеуі үшін 10 минуттан ұзақ жұмыс істемеуі тиіс. Қолыңызды күйдіріп алмау үшін абай болыңыз.
- Егер шинадағы қысым 10 минуттың ішінде жасыл түсті аймаққа жетпесе, шинаға толыққанды жөндеу қажет екенін білдіреді. SUBARU дилерінің көмегіне жүгініңіз.

### ЕСКЕРТПЕ


- Компрессор жұмыс істей бастаған кезде ауа қысымы уақытша 300 кПа (3,0 кгк/см<sup>2</sup>, 45 psi) дейін немесе одан жоғары көтеріледі. Шамамен 30 секундтан кейін бүкіл герметик шинаның ішіне кірген кезде ауа қысымы төмендейді.
- -30...-20 °C (-22...-4 °F) диапазонындағы төтенше төмен температураларда герметиктің тұтқырлығы артады және герметик баяу ағатын болады. Мұндай температураларда қолданар алдында жылытып алу үшін герметикті автокөлік салонына салып қойыңыз.
- Егер шинаны жөндеу кезінде манометрдің көрсеткіштерін оқу қиын болса, дәл көрсеткіштерді алу үшін компрессорды бір рет өшіріңіз.




5. Шинаға ауа үрленіп жатқан кезде суретте көрсетілген орынға жылдамдық шектеуі бар жапсырманы бекітіңіз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

Бекіткен кезде жапсырманың бақылау шамының бетін жауып қалмауын қадағалаңыз. Сондай-ақ жапсырманы руль дөңгелегіне қыстырмаған жөн. Бұл қауіпсіздік жастығының қалыпты жұмысына кедергі келтіруі және сыни ақаулыққа алып келуі мүмкін.




6. Ауа қысымы манометрдің жасыл түсті аймағына жеткен кезде компрессорды өшіріңіз. Ашаны электр қуаты ағытпасынан суырыңыз.



Шинаға ауа толтырып болғаннан кейін құбыршекті ағытыңыз және баллонның қақпағын бұрап қатырыңыз.






900891

Қалған герметиктің жылыстауына жол бермеу үшін баллон құбыршегін айналдыра отырып баллон клапанына жалғаңыз.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Герметик киіміңізді бүлдіруі мүмкін.




901076

7. Жиынтықты қайтадан автокөлікке салып қойыңыз және автокөлікпен 10 минут жол жүріңіз (шамамен 5 км немесе 3 миль мәніне сәйкес келеді).

### ▲ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде абай болыңыз. Жылдамдықты 80 км/сағ (50 миль/сағ) шамасынан асырмаңыз. Жоғары жылдамдықпен жүру автокөліктің селкілдеуіне алып келуі мүмкін.
- Уақытша жөнделген шинаға сырғытпайтын шынжырлар орнатпаңыз.
- Егер қозғалыс кезінде күшті дірілдер, рульмен басқарудың тұрақсыз әрекеті немесе шулар пайда болса, жылдамдықты түсіріңіз және автокөлікті қауіпсіз тоқтатуға болатын жерге қарай абайлап жүріңіз. Шинаны және ішіндегі қысымын тағы бір рет тексеріңіз. Егер шинадағы қысым

манометрдің қызыл түсті аймағында болса немесе шинада жарықтар, кедір-бұдырлар немесе осыған ұқсас зақымдану белгілері байқалса, жөндеу жиынтығының көмегімен уақытша жөндеу жүргізуге болмайды. Кеңес алу үшін SUBARU дилеріне немесе жолдағы автокөліктерге көмек қызметіне хабарласуға кеңес береміз.



900892

8. Қайсысының бұрын орын алатынына қарай 10 минут бойы жол жүргеннен кейін немесе қозғалысты бастағаннан кейін 5 км (3 миль) өткеннен кейін ауаның қысымын қайталап тексеру үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз (4-тармақты қараңыз). Қажет болса, шинаға белгіленген қысым мәніне дейін қайтадан ауа үрлеңіз және шинаны, клапан штоғын және герметигі бар баллонды ауыстыру үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне абайлап жүріп барыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Компрессорды тек шинаның шұрасына жалғаңыз.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Егер ауа қысымы манометрдің қызыл түсті аймағында тұрса, тесіктің дұрыс бітелмегенін білдіреді. Бұл жағдайда қозғалысты тоқтатыңыз және SUBARU дилерінің көмегіне жүгініңіз.
- Уақытша жөнделген шинамен жүріп өтуге болатын қашықтық 200 км (125 миль) шамасынан аспауы тиіс. Егер шұраның штогы ауыстырылмаса, бұл шұрадан ауаның жылыстауына алып келуі мүмкін.

Шинаны дискіден шешіп алмас бұрын SUBARU дилеріне немесе шиналар сатушысына шина ішінде герметиктің бар екенін айтыңыз.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықты пайдаланғаннан кейін герметигі бар баллонды және жылдамдық шектеуі бар жапсырманы ауыстырып қою қажет.


**ЕСКЕРТПЕ**

Жаңа герметикті және ауыстырылатын компоненттерді уәкілетті жөндеу шеберханасынан немесе SUBARU дилерінен сатып алуға болады. Оларды маман орнатуы тиіс. Герметиктің босаған баллондарын және ауыстырылатын компоненттерді SUBARU дилеріне

қайтарып өткізу немесе жергілікті қалдықтарды жою ережелеріне сәйкес кәдеге жарату қажет.

**▼ Компрессордың техникалық сипаттамалары**

Желі кернеуі	12 В тұрақ. ток
Жұмыс кернеуі	10–15 В тұрақ. ток
Ток күші	макс. 10 А

**■ Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)**

Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы

Егер шинадағы қысым TPMS жүйесінің шекті мәнінен айтарлықтай төмен түсіп кетсе, шиналардағы қысымды бақылау жүйесі әрбір дөңгелекке орнатылған датчиктер сигналдарының негізінде жүргізушіге ескерту хабарламасын береді.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі автокөліктің жылдамдығы 40 км/сағ (25 миль/сағ) шамасынан асқан кезде ғана бөлсендіріледі. Оған қоса, бұл жүйе шинадағы ауа қысымының күрт төмендегенін (мысалы, өткір затты басып кеткен кездегі жарылу) дереу көрсетпеуі мүмкін.

**▲ ЕСКЕРТУ**

Егер қозғалыс кезінде шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы жанатын болса, ешбір жағдайда шұғыл тежеуші болмаңыз, бірте-бірте жылдамдықты түсіріп, тұзу қозғалуды жалғастырыңыз. Содан кейін жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөліктің қатты зақымдалуына және ауыр жарақат алу жағдайларына ұласатын апат орын алуы мүмкін.

Барлық төрт шинадағы қысымды тексеріңіз және жүргізуші есігінің тіреуінде орналасқан жапсырмада көрсетілгендей САЛҚЫН шиналардағы екі мәннің (кәдімгі немесе толық жүктеме кезіндегі) біріне сәйкес нормаға келтіріңіз. Егер бұл шам шинаның қысымын реттегеннен кейін де өшпесе, шина айтарлықтай зақымдалған болуы мүмкін және ауаның қатты шығуы оның тез жоғалуына әкеп соғады. Шинадағы қысым төмендеген жағдайда «Желі шыққан шиналар» бөлімін қараңыз, 368-б.

Егер қосалқы дөңгелек орнатылып тұрса немесе түпнұсқа қысым датчигі/таратқыш ауыстырылған дөңгелектің дискісіне көшірілмесе, шиналардағы


төмен қысымның сигнал шамы шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады. Бұл TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті қадағалауға қабілетсіз екенін көрсетеді. Шиналар мен датчиктерді ауыстыру және/немесе жүйе баптауларын қалпына келтіру үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз.

Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

Егер шина сұйық герметикпен жөнделсе, шинадағы ауа қысымының датчигі мен таратқыш дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер сұйық герметик қолданылған болса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жақын маңдағы SUBARU дилеріне немесе басқа білікті сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі. Шинаны ауыстырған кезде шинадағы ауа қысымының датчигі мен таратқышты ауыстыруды ұмытпаңыз.

Дөңгелек дискісінің зақымдалған жерлері болмаса, ал герметиктің қалдықтары жақсылап жойылған болса, оны қайта пайдалануыңызға болады. Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

### ■ TPMS жүйесінің экраны



Бұл экранда әрбір шинадағы ауа қысымы көрсетіледі. «Негізгі экрандар» бөлімін қараңыз, 183-б.

## 9-4. Сыртқы қуат көзінен оталдыру

- Аккумулятор батареясымен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары

### ⚠ ЕСКЕРТУ



Осы нұсқаулармен мұқият танысыңыз

Аккумулятор батареясына қауіпсіз және тиісті күтімді қамтамасыз ету мақсатында аккумулятор батареясымен жұмыс істеу немесе оны тексеру алдында төменде келтірілген сақтық шараларымен мұқият танысып алыңыз.



Қорғаныс көзілдірігін киіңіз

Автокөлігіңіздің аккумулятор батареясына жақын жерде жұмыс істеген кезде міндетті түрде көзді қорғау құралдарын киіңіз. Электрлиттің құрамында күкірт қышқылы бар, ол көзге тиген кезде көру қабілетінен айыруы мүмкін. Оған қоса, аккумулятор батареясы жеңіл тұтанғыш және өте жарылғыш сутегі газын шығарады. Газ жанған кезде міндетті түрде көзді қорғау қажет.



Электрлиттің құрамында күкірт қышқылы бар

Электрлитте күкірт қышқылы болғандықтан, аккумулятор батареясының күйін тексерген кезде

кезді қорғайтын заттар мен қорғаныс қолғаптарын киюді ұмытпаңыз. Аккумулятор батареясын төңкермеңіз, механикалық соққылар тигізбеңіз, себебі электротит ағып кетуі мүмкін.

Ешбір жағдайда электролиттің төріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл күйіп қалуға және көру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін. Электролит шашыраған кезде тамшылары төріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге тиген болса, оларды дереу судың көп мөлшерімен шайыңыз. Электролит шашыраған кезде тамшылары көзіңізге тисе, дереу дәрігерге көрініңіз.

Электролит ауыз қуысына, өңешке немесе асқазанға кездейсоқ түссе, дереу көп мөлшерде сүт немесе су ішіңіз, содан кейін дәрігерге көрініңіз.

Электролит — күйдіргіш сұйықтық. Электролит тамшылары автокөлігіңіздің боялған беттеріне немесе қаптау матасына тиген кезде, оларды судың көп мөлшерімен жуыңыз.



#### Балалардан сақтаңыз!

Аккумулятор батареяларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын онымен жұмыс істеген кезде болатын ықтимал қауіптер туралы хабардар тұлғалар жүргізуі тиіс. Балалардың батареяға жақын болуына жол бермеу үшін арнайы сақтық шараларын қолданыңыз. Аккумулятор батареясын дұрыс пайдаланбау көру қабілетінен айыруы және күйік шалуға әкелуі мүмкін.



#### Оттан қорғаңыз!

Аккумулятор батареясымен жұмысты бастамастан бұрын немесе оған жақын маңайда жұмыс кезінде барлық шылымдарды, сіріңкелерді және оттықты өшіріп тастаңыз. Аккумулятор батареясының жанында электр ұшқындарының пайда болуына, сондай-ақ оның жанында тез тұтанатын заттардың болуына жол бермеңіз. Аккумулятор батареясы тез тұтанғыш және өте жарылғыш сутек шығаратындықтан, аккумулятор батареясының жанында ұшқын разрядтарының пайда болуы немесе оның жанында ашық от көздерінің болуы жарылысқа әкелуі мүмкін.

Автокөлігіңіздің аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде жұмыс жүргізген кезде оның клеммаларының (+) және (-) металл аспаптармен өзара тұйықталуына, сондай-ақ оның оң (+) клеммасының автокөлік шанағына тұйықталуына жол бермеңіз. Бұл жағдайда қысқа тұйықталу пайда болады, ол ұшқын разрядтарының пайда болуымен бірге болуы мүмкін, бұл өз кезегінде жарылысқа әкеп соғады. Аккумулятор батареясымен жұмыс істеу немесе оған жақын жерде жұмыс істеу алдында ұшқын разрядтарының пайда болуын болдырмау үшін барлық сақиналарды, қол сағаттарды және басқа да металл әшекейлер мен аксессуарларды өзіңізден алып тастаңыз.



#### Жарылу қаупі бар!

Қуаттау барысында аккумулятор батареясы тез жанғыш және өте жарылғыш сутегі газын шығарады. Жарылыстардың алдын алу үшін автокөліктің аккумулятор батареясын жақсы желдетілетін бөлмеде қуаттаңыз, сондай-ақ оның жанында жанғыш заттардың болмауын қадағалаңыз.

## ■ Сыртқы қуат көзінен оталдыру кезіндегі сақтық шаралары!



### ЕСКЕРТУ

- Қуаты таусылған аккумулятор батареясы мұздап қалған болса, автокөліктің қозғалтқышын сыртқы қуат көзінен оталдыруға тырыспаңыз. Бұл аккумулятор батареясы корпусының бұзылуына немесе тіпті оның жарылуына әкеп соғуы мүмкін.
- Оталдыру кабельдері мен қысқыштары оқшаулағышының тиісті күйде екеніне көз жеткізіңіз. Ақаусыз оталдыру кабельдері жоқ болса, сыртқы қуат көзінен оталдыру әрекетін жүргізбеңіз.
- Жұмыс істеп тұрған e-BOXER жүйесі қауіп төндіруі мүмкін. Саусақтарыңызды, қолдарыңызды, киіміңізді, шашыңыз бен жұмыс құралдарыңызды радиатор желдеткішінен, белдіктерден және қозғалтқыштың басқа да қозғалмалы бөліктерінен алыс ұстаңыз. Жұмысты

бастау алдында сақиналарды, сағатты және галстукті шешіп қою керек.


- Дұрыс жүзеге асырылмаса, сыртқы қуат көзінен оталдыру қауіпті болуы мүмкін. Егер сыртқы қуат көзінен оталдыру кезіндегі әрекеттеріңіздің дұрыстығына сенімді болмасаңыз, білікті механиктің кеңесін алыңыз.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқышты оталдыру үшін қолданылатын аккумулятор батареясының кернеуі 12 В құрауы тиіс. Оталдыру үшін қолданылатын аккумулятор батареясының талапқа сәйкес келетініне көз жеткізбей тұрып, сыртқы қуат көзінен оталдыру әрекетін жүзеге асырмаңыз.

Егер аккумулятор батареясы зарядының отыруына байланысты автокөлігіңіздің қозғалтқышын оталдыра алмай жатсаңыз, оны екі аккумулятор батареясын оталдыру кабельдері арқылы қоса отырып, оны өзге (сыртқы) аккумулятор батареясынан оталдыруыңызға болады.

### ■ Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру тәртібі




1 12 В стартерлік аккумулятор батареясы

### ▲ ЕСКЕРТУ

Төмендегі сақтық шараларын сақтаңыз. Әйтпесе аккумулятор батареясы жеңіл тұтанғыш және өте жоғары жарылыс қаупі бар сутегін бөлетіндіктен аккумулятор батареясының жанында ұшқын разрядтарының пайда болуы немесе оның жанында ашық от көздерінің болуы жарылысқа алып келуі мүмкін. Сонымен бірге e-BOXER жүйесінің электр жабдықтарының компоненттері зақымдалуы мүмкін.

- Аккумулятор батареясының оң (+) және теріс (-) шықпаларын шатастырып алмаңыз.
- Оталдыру кабельдерін жалғау кезінде оң (+) және теріс (-) клеммалардың бірібіріне түйісуіне жол бермеңіз.


- Оталдыру кабелін 12 В стартерлік аккумулятор батареясына жалғамаңыз.
- Оталдыруға әрекет жасаған кезде 12 В қосымша аккумулятор батареясы мен 12 В стартерлік аккумулятор батареясының айқыш қосылуына жол бермеңіз.



1 Сақтандырғыш


### ▲ ЕСКЕРТУ

Ешбір жағдайда оталдыру кабелін 12 В қосымша аккумулятор батареясы шықпасының жанындағы сақтандырғышқа жалғаушы болмаңыз. Бұл батареядан бөлінетін газдардың тұтануына және жарылысқа алып келуі мүмкін, мұның нәтижесінде электрондық құрылғылар және қозғалтқыш зақымданады.



**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Аккумулятор батареясын ауыстырғанда немесе сыртқы қуат көзінен оталдыру кезінде алдыңғы бампердің айналасындағы аймақтан ұстамаңыз. Сонымен бірге бұл аймаққа құрал-сайманды немесе киіміңізді қалдырмаңыз. Егер салқындату жүйесінің қандай да бір функциясы жұмыс істеп тұрса, бұл жарақатқа немесе салқындату жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.



A Сыртқы қуат көзі ретінде қолданылатын сыртқы аккумулятор батареясы  
B Тіреуді бекіту сомыны

1. Сыртқы аккумулятор батареясының кернеуі 12 В құрайтынына, ал оның теріс шықпасының массаға жалғанғанына көз жеткізіңіз.
2. Егер сыртқы аккумулятор батареясы басқа автокөлікте орналасқан болса, екі автокөліктің бір-біріне жанасуына жол бермеңіз.
3. Барлық қажетсіз жарық аспаптары мен өзге электр тұтынушыларын өшіріп қойыңыз.
4. Оталдыру кабельдерін тура көрсетілгендей ретпен жалғаңыз.
  - (1) Бір оталдыру кабелін заряды отырған 12 В қосымша аккумулятор батареясының оң (+) шықпасына жалғаңыз.
  - (2) Осы оталдыру кабелінің екінші ұшын сыртқы аккумулятор батареясының оң (+) шықпасына жалғаңыз.
  - (3) Екінші оталдыру кабелінің бір ұшын сыртқы аккумулятор батареясының теріс (-) шықпасына жалғаңыз.
  - (4) Осы оталдыру кабелінің екінші ұшын заряды отырған 12 В қосымша аккумулятор батареясы бар автокөліктің тіреуінің бекіту сомынына жалғаңыз.

Кабельдердің қандай да бір қозғалмалы бөлікке жақын өтпейтініне және олардың қысқыштары басқа металл бөлшектерге жанаспайтынына көз жеткізіңіз.

5. Сыртқы аккумулятор батареясы орнатылған автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз және оны орташа айналу жиілігімен жұмыс істетіп қойыңыз. Содан кейін заряды отырған 12 В қосымша аккумулятор батареясы бар автокөліктің e-BOXER жүйесін оталдырыңыз.
6. Оталдыру жүзеге асырылған сәтте оталдыру кабельдерін қатесіз кері тәртіппен ажыратыңыз.

## 9-5. Қозғалтқыштың қызып кетуі

### ЕСКЕРТУ

Радиатордың қақпағын қозғалтқышты өшірмей және оның толығымен салқындауына мүмкіндік бермей, шешуші болмаңыз. Ыстық қозғалтқыштағы салқындату сұйықтығы қысыммен тұрады. Егер қозғалтқыш әлі салқындамаған болса, онда радиатордың қақпағын ашқанда, сіз қайнап тұрған салқындату сұйықтығының төгілуінен қатты күйіп қалуыңыз мүмкін.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыш қызып кеткен жағдайда иінді біліктің айналу жиілігі немесе автокөлік жылдамдығы төмендетілуі мүмкін. Автокөлігіңізді қауіпсіз жерге дереу тоқтатыңыз.

### ■ Егер капот астынан бу шықса

Қозғалтқышты сөндіріп, қозғалтқыш салқындағанша барлық жолаушылардың көліктен шығуын қамтамасыз етіңіз.

### ■ Егер капот астынан бу шықпаса

### ЕСКЕРТПЕ


Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру және салқындату сұйықтығын толтыру тәртібі туралы қосымша ақпарат алу үшін «Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы» бөлімін қараңыз, **☎421-6**.

1. Қозғалтқышты бос жүріспен істетіп қойыңыз.
2. Мотор бөлімін желдетуді қамтамасыз ету үшін капотты ашыңыз. «Қозғалтқыш капоты» бөлімін қараңыз, **☎413-6**.
3. Радиатор желдеткішінің айналып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер радиатор желдеткіші айналмаса, қозғалтқышты дереу сөндіріп, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU ресми дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.
4. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы төмендегеннен кейін қозғалтқышты өшіріңіз.  
Егер температура көрсеткішінің тілі қозғалтқыштың қызып кетуіне сәйкес келетін секторда қалса, қозғалтқышты өшіріңіз.
5. Қозғалтқыш толығымен салқындағаннан кейін, кеңейткіш бақтағы салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының деңгейі LOW белгісінен төмен болса, салқындату сұйықтығын FULL белгісіне дейін толтырып құйыңыз.



6. Егер кеңейткіш бак бос болса, оған салқындату сұйықтығын құйыңыз. Содан кейін радиатордың қақпағын шешіп алып, салқындату сұйықтығын радиаторға құйыңыз.
- Егер ыстық радиатордан қақпақты шешіп алу қажет болса, алдымен радиатордың қақпағын қалың шүберекпен ораңыз, содан кейін баяу, баспай, оны теріс бағытта тірелгенше бұраңыз. Радиатордағы қысымды босатыңыз. Радиатордағы қысым толығымен босаған кезде, радиатордың қақпағын төмен қарай басып, қақпақ босағанға дейін бұрап шешіп алыңыз.

## 9-6. Сүйреу



### ⚠ ЕСКЕРТУ

Толық жетекті автокөліктерді дөңгелектерінің бір жұбы (алдыңғы немесе артқы) жол бетінен көтеріліп тұрған, ал сол уақытта дөңгелектерінің екінші жұбы жолда дөңгелеп келе жатқан күйде тіркеп сүйреуге тыйым салынады. Бұл осьаралық дифференциалдың іске қосылуы немесе зақымдануы салдарынан автокөліктің шетке қарай сырғып кетуіне әкеп соғады.

Автокөлігіңізді сүйреу қажеттігі туындаған жағдайда SUBARU өз SUBARU дилеріңізге немесе автокөліктерді эвакуациялау жөніндегі коммерциялық қызметке жүгінуге кеңес береді.

## ■ Сүйреу құлақшасы және бекіту құлақшалары

Сүйреу құлақшасы тек төтенше жағдайда ғана қолданылуы тиіс.


**SUBARU** сүйреу үшін өз **SUBARU** дилеріңізге немесе автокөліктерді эвакуациялау жөніндегі коммерциялық қызметке жүгінуге кеңес береді.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Тек осы мақсатқа арналған сүйреу құлақшасы мен бекіту құлақшаларын қолданыңыз. Автокөлікті сүйреу немесе бекіту үшін ешбір жағдайда аспа бөліктерін немесе шаңақ элементтерін пайдаланушы болмаңыз.
- Ешбір жағдайда сүйреу үшін бөсеңдеткішке бәрінен жақын орналасқан бекіту саңылауларын қолданбаңыз.

Алдыңғы жақтан орнатылатын сүйреу құлақшасы:


1. Жүксалғыш қуыс еденінің астынан бұрауышты, сүйреу құлақшасын және домкраттың тұтқасын алыңыз.



2. Бампердің бетін сырып алмау үшін жалпақ бұрауыштың ұшын винил таспамен немесе матамен ораңыз. Бұрауышты тұтқа ретінде пайдаланып, сүйреу құлақшасы бұралатын бұрандалы саңылауға қол жеткізу үшін артқы бамперден бітеуішті шешіп алыңыз.



3. Сүйреу құлақшасын оның бұрандалы бөлігінің бүкіл ұзындығына бұрандалы ұяшыққа бұрап кіргізіңіз.



4. Домкрат тұтқасының және баллон кілтінің көмегімен сүйреу құлақшасын сенімді етіп бұрап қатырыңыз.

Сүйрегеннен кейін сүйреу құлақшасын шешіп алыңыз да, жүксалғыш қуыс еденінің астындағы ұсақ-түйек бөліміне салып қойыңыз. Бамперге сүйреу құлақшасына арналған ұяшықтың бітеуішін салыңыз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Сүйреу құлақшасын автокөлікті сүйреуден басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Сүйреу аяқталғаннан кейін сүйреу құлақшасының автокөліктен шешіп алынғанына көз жеткізіңіз. Егер сүйреу құлақшасын автокөлікте қалдырсаңыз, бұл бетпе-бет соқтығысу жағдайында қауіпсіздік жастықтары жүйесінің


тиісінше іске қосылуына кедергі болуы мүмкін.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Бампердің және сүйреу құлақшасының деформациялануын болдырмау үшін сүйреу құлақшасына шектен тыс жүктеме түсірмеңіз.

Артқы жақтан орнатылатын сүйреу құлақшасы:


1. Жүксалғыш қуыс еденінің астынан бұрауышты, сүйреу құлақшасын және домкраттың тұтқасын алыңыз.



2. Бампердің бетін сырып алмау үшін жалпақ бұрауыштың ұшын винил таспамен немесе матамен ораңыз. Бұрауышты тұтқа ретінде пайдаланып, сүйреу құлақшасы бұралатын бұрандалы саңылауға қол жеткізу үшін артқы бамперден бітеуішті шешіп алыңыз.



3. Сүйреу құлақшасын оның бұрандалы бөлігінің бүкіл ұзындығына бұрандалы ұяшыққа бұрап кіргізіңіз.



4. Домкрат тұтқасының және баллон кілтінің көмегімен сүйреу құлақшасын сенімді етіп бұрап қатырыңыз.

Сүйрегеннен кейін сүйреу құлақшасын шешіп алыңыз да, жүксалғыш қуыс еденінің астындағы ұсақ-түйек бөліміне салып қойыңыз. Бамперге сүйреу құлақшасына арналған ұяшықтың бітеуішін салыңыз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ


- Сүйреу құлақшасын автокөлікті сүйреуден басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Сүйреу аяқталғаннан кейін сүйреу құлақшасының автокөліктен шешіп алынғанына көз жеткізіңіз. Егер сүйреу құлақшасын автокөлікте қалдырсаңыз, бұл артқы жақтан соққы тиген жағдайда отын сорғысын өшіру функциясының тиісінше іске қосылуына кедергі болуы мүмкін.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Бампердің және сүйреу құлақшасының деформациялануын болдырмау үшін сүйреу құлақшасына шектен тыс жүктеме түсірмеңіз.
- Автокөліктердің артқы жақтан жақындағанын анықтау жүйесімен (SRVD) жабдықталған модельдерде басқа автокөлікті сүйреген кезде жүйені өшіру үшін «Автокөліктердің артқы жақтан жақындағанын анықтау (SRVD)» түймесін басыңыз. Радиотолқындар жолында кедергілердің болуына байланысты жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Автокөліктердің артқы жақтан

жақындағанын анықтау жүйесін (SRVD) қосу/өшіру туралы толық ақпаратты «Автокөлік баптаулары» бөлімінен қараңыз, ☎202-6.


Алдыңғы бекіту құлақшалары:



Алдыңғы бекіту құлақшалары алдыңғы дөңгелектердің әрқайсысы мен алдыңғы бампер арасында орналасқан.

Алдыңғы бекіту құлақшалары автокөлікті бекітуге арналған. Олар сүйреуге арналмаған.

## Артқы бекіту саңылаулары



1 Артқы бекіту саңылауы

Артқы бекіту саңылаулары домкратты бекіту нүктесінің әр қаттылық элементінің жанында орналасқан.


Әрбір артқы бекіту саңылауында бітеуіш бар. Артқы бекіту саңылауларын пайдалану үшін бітеуіштерді алып тастаңыз. Артқы бекіту

саңылауларын қолданғаннан кейін бітеуіштерді орнына қайтарыңыз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

Артқы бекіту саңылауларын тек автокөлікті сымарқандармен оларды төмен қарай көріп, бекіту үшін қолданыңыз. Олар автокөлікті бекіту үшін басқа бағытта қолданылса, сымарқандар саңылаулардан шығып кетуі мүмкін, бұл қауіпті жағдайды тудыруы мүмкін.

### ■ Автокөлікті эвакуатор платформасына тиеп тасымалдау



901322-M

Бұл тәсіл автокөлігіңізді тасымалдау үшін ең қолайлы болып табылады. Автокөлігіңізді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.


1. Селектор тұтқасын Р күйіне қойыңыз.

2. Автокөліктің күйін тұрақ тежегішімен мықтап бекітіңіз.
3. Автокөлікті платформаға бекіту шынжырларымен мықтап бекітіңіз. Барлық бекіту шынжырлары бірдей күшпен тартылуы керек. Бекіту шынжырларының шамадан тыс тартылмауын және автокөлігіңіздің жол бетінен биіктігін төмендетпейтінін тексеріңіз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті эвакуатор платформасында тасымалдау салдары фаралардың реттелуін бұзуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлікті эвакуатор платформасында тасымалдағаннан кейін фаралардың реттелуін SUBARU дилерінде тексертуге кеңес береміз.

## ■ Тиемей сүйреу



### ▲ ЕСКЕРТУ

- Автокөлігіңізді сүйреген кезде оның оталдыру жүйесінің құлпын OFF күйіне ауыстырмаңыз. Өйтпесе руль мен оның алдыңғы дөңгелектерінің күйі құлыпталып қалады.
- e-BOXER жүйесі өшірулі тұрған кезде тежегіштер күшейткіші мен руль күшейткіші жұмыс істемейтінін есте ұстау қажет. e-BOXER өшірулі тұрғанда тежегіш педалін басуға және рульді басқаруға әлдеқайда көп күш салуыңыз қажет болады.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлігіңіздің трансмиссиясында ақаулар анықталған жағдайда, оны платформалық эвакуатормен тасымалдау қажет.
- Кейде автокөліктің зақымдалуына байланысты оны тіркеп сүйреу мүмкін болмайды. Бұл жағдайда оны тасымалдау үшін платформасы бар эвакуатор қолданыңыз.
- Көрсетілген тәсілмен сүйреу кезінде e-BOXER жүйесін іске қоспаңыз. Автокөлікті қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған күйі сүйреу трансмиссияны зақымдауы мүмкін.
- Сүйреу кезіндегі жылдамдық 30 км/сағ (19 миль/сағ), ал максималды сүйреу қашықтығы 50 км (31 миль) шамасынан аспауы тиіс. Автокөлігіңізді ұзақ қашықтыққа немесе жоғары жылдамдықпен сүйреу үшін платформалы эвакуаторды пайдалану қажет.
- Ылдиға қарай ұзақ түсетін немесе тік өрлерге көтерілетін жағдайларда платформасы бар эвакуаторды пайдаланыңыз. Сүйреген кезде қозғалтқышпен тежеу жұмыс істемейтіндіктен, тежегіш педалін ұзақ басып тұрмаңыз. Себебі тежегіш қызып кетуі мүмкін.
- Абайлап қозғалыңыз, күрт қозғалған кезде сүйреу сымарқанының жұлқуына жол бермеңіз.

- Сүйреу үшін арнайы сүйреу сымарқанын пайдаланыңыз. Егер сүйреу үшін болат сымарқанды немесе металл шынжырларды пайдалану қажет болса, бамперді зақымданудан қорғау үшін оған тиіп тұратын жерді матамен ораңыз.

1. Тұрақ тежегішін өшіріңіз және беріліс қорабын бейтарап күйге ауыстырыңыз.
2. Сүйреу барысында оталдыру жүйесі құлпының ON күйінде болуы шарт.
3. Автокөлігіңізге зақым келтірмеу үшін сымарқанның салбырауын жайлап таңдаңыз.

## 9-7. Электр-механикалық тұрақ тежегіші — егер электр-механикалық тұрақ тежегішін өшіру мүмкін болмаса

Электр-механикалық тұрақ тежегішін өшіру үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

## 9-8. Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар

### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**


Қашықтан басқару салпыншағы мен қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесі арасындағы аймақта металл заттарды, магнит өрісі көздерін және радиосигнал таратқыштарын орналастырмаңыз. Олар қашықтан басқару салпыншағы мен қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесі арасында деректер алмасуға кедергі келтіруі мүмкін.

Төмендегі функциялар қоршаған аймақта күшті радиосигналдардың болуына немесе қашықтан ашу салпыншағының қуат элементінің қуаты таусылғандықтан жұмыс істемеуі мүмкін.

- Есіктерді, сондай-ақ жүксалғыш есігін құлыптау/құлпын ашу.
- Электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу.
- e-BOXER жүйесін іске қосу

Мұндай жағдайларда төменде көрсетілген процедураны орындаңыз. Егер қашықтан ашу салпыншағының қуат элементінің қуаты таусылса, оны жаңасына ауыстырыңыз. «Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру» бөлімін қараңыз, ☎453-б.

## ■ Есіктерді құлыптау және құлпын ашу



- 1 Бекіткіш түйме
- 2 Апаттық кілт

Қашықтан ашу салпыншағының бекіткіш түймесін басып, апаттық кілтті алыңыз.


«Есіктерді сыртынан құлыптау және құлпын ашу» бөлімінде (☎132-б.) сипатталған процедураға сәйкес апаттық кілтпен жүргізуші есігін құлыптаңыз немесе құлпын ашыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Құлыптаудан немесе құлпын ашудан кейін апаттық кілттің көмегімен оны қайтадан қашықтан ашу салпыншағына салыңыз.

## ■ Электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу

1. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Селектор тұтқасын Р күйіне қойыңыз.
3. Тежегіш педалін түбіне дейін басыңыз.



4. Қашықтан ашу салпыншағының түймелерін өзіңізге қаратып ұстап тұрып, қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесін түрткіңіз. Қашықтықтан ашу салпыншағы мен автокөлік арасындағы деректер алмасу үдерісі аяқталған кезде дыбыс сигналы беріледі. Сонымен қатар қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесінің күйі келесідей өзгереді.
  - Егер қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі түйме арқылы ажыратылған болса: ACC.
  - Басқа жағдайларда: ON.


5. Қозғалтқышты оталдыру/өшіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі түйме арқылы ажыратылған болса, тежегіш педалін жіберіп, қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесін басыңыз. Қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесі ON күйіне өзгереді.

## ЕСКЕРТПЕ

**Электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу жоғарыда сипатталған процедураны дәл орындағаннан кейін де орындалмаса, өз SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.**

## ■ e-BOXER жүйесін іске қосу

1. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Селектор тұтқасын Р күйіне қойыңыз.
3. Тежегіш педалін түбіне дейін басыңыз.




4. Қашықтан ашу салпыншағының түймелерін өзіңізге қаратып ұстап тұрып, қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесін түрткіңіз. Қашықтықтан ашу салпыншағы мен автокөлік арасындағы деректер алмасу үдерісі аяқталған кезде дыбыс сигналы беріледі. Сонымен қатар қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесінің күйі ACC немесе ON күйіне өзгереді.
5. Қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесі ACC не ON күйіне ауысқаннан кейін тежегіш педалін басып ұстап тұрып, қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесін басыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

**Егер e-BOXER жүйесі жоғарыда сипатталған әрекетті дәлме-дәл орындағаннан кейін де іске қосылмаса, SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.**

### 9-9. Жүксалғыш қақпағы — егер жүксалғыш қақпағы ашылмаса


Жүксалғыш қақпағын жүксалғышты ашу түймесінің көмегімен ашу мүмкін болмаған жағдайда, оны жүксалғыштың ішінен аша аласыз.



1. Белшектерді сырып алмау үшін жалпақ бұрауыштың ұшын винил таспамен немесе матамен ораңыз. Ұшы жалпақ бұрауыштың көмегімен жүксалғыш бөлім қақпағының ішкі қаптауышының астыңғы ортаңғы бөлігіндегі сервистік қақпақты шешіп алыңыз.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу тұтқасын ешқашан саусақтарыңызбен жылжытпаңыз, өйткені бұл жарақат келтіруі мүмкін. Жалпақ бұрауышты немесе ұқсас құралды қолданыңыз.



- 1 Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу тұтқасы.
2. Жүксалғыш қақпағының құлпын ашу тұтқасын ұшы жалпақ бұрауыштың немесе осыған ұқсас құралдың көмегімен оңға бұраңыз. Жүксалғыш бөлімінің қақпағы ашылады.


### 9-10. Төбедегі люк (бар болса) — егер төбедегі люк жабылмай жатса

Егер люк жабылмай жатса, жүйені SUBARU дилерінде тексертіңіз.




## 9-11. Орталық ақпараттық дисплейдің ақаулары

Келесі экрандардың пайда болуы ықтимал уақытша қателерді немесе орталық ақпараттық дисплейдің ақауларын көрсетеді. Егер тек уақытша қателер туралы айтатын болсақ, төменде келтірілген процедура оларды жоюға көмектеседі.




Экранның өшуі

901090




901091

Экранның қатып қалуы




901092

Қара экран



901093


А қатесі



901094

В қатесі

1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
2. Алдымен оталдыру жүйесінің құлпын OFF күйіне ауыстырыңыз, содан кейін қозғалтқышты оталдырыңыз.



- 1 Дыбыс деңгейін реттеу түймесі
3. Егер орталық ақпараттық дисплейдің жұмысы қозғалтқышты өшіріп қосқаннан кейін де қалпына келмесе, дыбыс деңгейін реттеу түймесін 10 секундтан ұзақ басып тұрыңыз. Орталық ақпараттық дисплей өшіп қайта қосылады.
4. Егер өшіріп қайта қосқаннан кейін орталық ақпараттық дисплейдің жұмысы қалпына келмесе, өз SUBARU дилеріңізге жүгінуге кеңес береміз.

## 9-12. Өрге қарай көтерілу кезіндегі қиындықтар

Егер автокөлігіңіз өрге қарай қиындықпен көтеріліп жатса, жоғары вольтті аккумулятор батареясының заряд деңгейінің төмендігінен электр қозғалтқышы ІЖҚ-мен бірге жұмыс істеуін доғарған болуы мүмкін. Бұл жағдайда электр тарту күшін қалпына келтіру үшін жоғары вольтті аккумулятор батареясын уақытша зарядтап алыңыз. Жоғары вольтті аккумулятор батареясын қалай уақытша зарядтауға болатыны туралы қосымша ақпарат алу үшін «Жоғары вольтті аккумулятор батареясына қатысты кеңестер» бөлімін қараңыз, ►18-б.

## 9-13. Егер автокөлігіңіз апатқа ұшыраса

- Апатқа ұшырағаннан кейін автокөлік қозғалтқышын оталдыру

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер автокөлік апатқа ұшыраған болса, е-BOXER жүйесін іске қоспас бұрын міндетті түрде автокөлік астындағы жер бетін тексеріңіз. Егер отынның аққан іздерін байқасаңыз, е-BOXER жүйесін оталдырушы болмаңыз. Отын жүйесі зақымдалған және жөндеуді қажет етеді. Дереве жақын маңдағы автокөлікке техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

Автокөлігіңіз отын сорғысын ажырату жүйесімен жабдықталған. Егер автокөлік апат салдарынан соққыға және т.б. ұшыраса, отын сорғысы отынның ағып кетуін азайту үшін жүйеге отын беруді тоқтатады. Өйтсе де соқтығысу сәтіндегі әсер ету жағдайларына байланысты отын сорғысының ажырату жүйесі жұмыс істемей қалуы мүмкін. Жүйе іске қосылғаннан кейін е-BOXER жүйесін оталдыру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесі арқылы ACC немесе OFF электр қуаты режимін орнатыңыз.
2. e-BOXER жүйесін қайта іске қосыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

e-BOXER жүйесін өшіріп, қайта қосқаннан кейін шамамен 25 км/сағ (16 миль/сағ) немесе одан төмен жылдамдықпен ғана қозғала аласыз. Автокөлікке диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне жүгініңіз.

### ■ Соқтығысудан кейін тежеу функциясы

Соқтығысқаннан кейін екіншілік зақымдардың алдын алу немесе ауырлығын азайту үшін, егер автокөлік 12 км/сағ (7 миль/сағ) немесе одан жоғары жылдамдықпен жүріп келе жатқанда соқтығысуды анықтаса, соқтығысудан кейін тежеу функциясы автоматты түрде тежегішті қосады.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Соқтығысудан кейін тежеу функциясы тікелей соқтығысудан кейін автокөлікті тоқтатуға арналған. Соқтығысудан кейін міндетті түрде тежегіш педалін басып, автокөлікті қауіпсіз жерге дереу тоқтатыңыз.
- Егер автокөлік соқтығысудан кейін тежелу функциясы іске қосылған кезде автоматты түрде тежелудің нәтижесінде тоқтайтын болса, автокөлік тоқтағаннан кейін автоматты түрде тежеу бірден тыйылады.

Автокөліктің тұрақты күйін сақтау үшін тежегіш педалін дереу басыңыз.

- Апаттың мән-жайларына, атап айтқанда жол жағдайларына, автокөліктің зақымдалу дәрежесіне немесе өзге факторларға байланысты тіпті соқтығысудан кейін тежеу функциясының іске қосылуының нәтижесінде автоматты тежелу автокөлікті баяулатса да, бұл функцияның көмегімен автокөлікті толық тоқтату мүмкін емес болуы ықтимал.


## ЕСКЕРТПЕ

- Егер автоматты түрде тежеу кезінде акселератор педалін бассаңыз, соқтығысудан кейін тежеу функциясы өшеді және автоматты түрде тежеу тыйылады.
- Егер соқтығысу нәтижесінде компоненттері зақымдалған болса, соқтығысудан кейін тежеу функциясы жұмыс істемейді.

## 9-14. Егер автокөліктен шыға алмай отырсаңыз

### ■ Егер автокөліктен шыға алмай отырсаңыз

Алдыңғы жолаушы жақтағы ұсақ-түйек тартпасында пластик пакетте сақталатын әйнекті сындыруға арналған құралды (бар болса) қолданыңыз.




**Әйнекті сындыруға арналған құрал**

1 Қолдану арқылы әйнекті сындыру қажет элемент

Егер автокөлікті су басқандықтан және т.с.с. бүйір есік немесе бүйір терезе ашылмай жатса және автокөліктен шыға алмай жатсаңыз, бүйір терезені сындыру және автокөліктен шығу үшін әйнекті сындыруға арналған құралды пайдаланыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Алдыңғы әйнектің құрылымы көп қабатты болып келеді және оны бұл құралмен сындыру мүмкін емес.



Құралды суретте көрсетілгендей қолыңызға ұстап, бүйір терезені сындырыңыз.

# Автокөлікке күтім жасау

<b>10-1. Сыртқы күтім.....</b>	<b>396</b>
Жуу .....	396
Балауызбен өңдеу және жылтырату .....	397
Жеңіл қорытпалы дискілерді тазарту .....	398
<b>10-2. Коррозиядан қорғау.....</b>	<b>398</b>
Коррозияның ең көп таралған себептері.....	398
Коррозияның алдын алу шаралары .....	399

<b>10-3. Салонды тазалау .....</b>	<b>399</b>
Орындықтардың мата қаптауышы .....	399
Орындықтардың былғары қаптауышы.....	400
Синтетикалық былғары қаптауыш.....	400
Қауіпсіздік белбеулері .....	400
Алдыңғы панель, орталық консоль, ауыстырып қосқыштар, аспаптар тақтасы және өзге де пластик беттер .....	400
Орталық ақпараттық дисплей .....	401

## 10-1. Сыртқы күтім

### ■ Жуу

#### **А** АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлікті жуған кезде оның тежегіштері сулануы мүмкін. Соның нәтижесінде автокөліктің тежеу ізі артады. Тежегіштерді кептіру үшін қауіпсіз жылдамдықпен жүріп отырып, тежегіштерді жылыту үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз.
- Мотор бөлімін және оған іргелес аймақтарды жумаңыз. Егер су қозғалтқыштың ауа қабылдағышына немесе электр жабдықтың компоненттеріне тисе, қозғалтқыш немесе руль күшейткіші дұрыс жұмыс істемей қалады.
- Қанаттардың ішкі беттерін, автокөліктің астын, бамперлерді және газ шығару құбырлары мен олардың ұштық секциялары секілді шығыңқы элементтерді жуған кезде өткір шеттеріне тиіп кетіп, жарақаттанып қалмау үшін абай болыңыз.
- Жарық аспаптарының беттерін жуған кезде ешқандай органикалық еріткіш қолданбаңыз. Алайда органикалық еріткіші бар жуғыш зат жарық аспабының сыртқы бетін жуу үшін қолданылса, жуғыш затты сумен толық шайып кетіріңіз. Әйтпесе жарық аспабының беті зақымдалуы мүмкін.
- Автокөлікті жуған кезде өшіріп қойыңыз. Егер өйнектасартқыштардың

ауыстырып қосқышы AUTO күйіне орнатылса, онда автокөлікті жуған кезде өйнектасартқыштар кенеттен іске қосылып кетіп, жарақат келтіруі мүмкін.

- Автокөлігіңіз артқы өйнектасартқышпен жабдықталғандықтан, автокөліктерді автоматты жуатын щеткалар оған ілініп қалуы мүмкін, бұл өйнектасартқыштың жетектемесіне және басқа бөлшектерге зақым келтіруі мүмкін. Автоматты автокөлік жуу операторынан щеткалар артқы өйнектасартқыштың жетектемесіне тимейтіндей жуу режимін орнатуды сұраңыз немесе жумамай тұрып артқы өйнекке өйнектасартқыштың жетектемесін жабысқақ таспамен бекітіңіз.
- Егер автокөлікті жуу кезінде климаттық қондырғы жұмыс істеп тұрса, сырттан ауа келтіретін желдету режиміне қоймаңыз. Мұндай режимде ауа қармауыштар арқылы автокөлік ішіне судың кіріп кету қаупі бар.

### ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөліктерді автоматты түрде жуу қызметтерін пайдаланбақшы болсаңыз, алдымен жуу түрінің автокөлігіңізге сәйкес келетініне көз жеткізіп алыңыз.
- Жаңбыр датчигінің сигналы бойынша өйнектасартқыштарды қосу функциясы бар автокөлікті жуған кезде өйнектасартқыштардың өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер өйнектасартқыштардың ауыстырып қосқышы AUTO күйіне орнатылса, онда автокөлікті жуған кезде

өйнектасартқыштар кенеттен іске қосылып кетіп, нәтижесінде өйнектасартқыш щеткалары зақымданады.

- Артқы көрініс камерасының объективінде сызаттардың пайда болуынан сақтануға көмектесетін қорғаныш жабын бар. Осыған қарамастан автокөлікті жуу немесе камера объективін тазалау кезінде объективті сызып алмау үшін абай болыңыз. Камераның объективін тікелей щеткамен ысқыламаңыз. Артқы көрініс камерасының кескінінің сапасы нашарлауы мүмкін.

Автокөлігіңіздің мінсіз сыртқы көрінісін сақтап отырудың ең жақсы тәсілі жүйелі түрде жуу болып табылады. Боялған беттеріне жолдың кірі сіңіп кетпес үшін автокөлікті кемінде айына бір рет жуып тұрыңыз.

Кірді жылы немесе суық судың көп мөлшерімен, ылғал ысқышпен жуып кетіріңіз. Автокөлікті жуған кезде ыстық суды пайдалануға болмайды. Оған қоса, автокөлікті ашық күн сәулесінің астында жууға болмайды.

Тұздарды, химикаттарды, жабысқан жәндіктерді, гидронды, күйені, ағаш шайырын және құс саңғырығын жұмсақ жуғыш затты пайдалана отырып жуу керек. Жұмсақ жуғыш зат бейтарап болуы керек. Күшті әсер беретін сабынды немесе химиялық жуғыш заттарды қолдануға болмайды. Барлық жуғыш заттарды тез шайып тастап, олардың автокөлік шанағының бетінде кеуіп қалуына жол бермеу керек. Автокөлікті мол жылы сумен шайыңыз. Қалған суды күдері былғарымен немесе жұмсақ шүберекпен сүрту керек. Автокөліктің астын, қанаттарының ішкі беттерін және

аспаларын жуған кезде резеңке қолғап киіп, кірді тиімді кетіру үшін щетка қолданыңыз.

### ▼ Автокөліктің астын жуу

Қыста жолдарды өңдеу үшін қолданылатын химиялық заттар, тұздар мен құм пайдаланылған газдарды шығару жүйесі, отын және тежеу жүйелерінің өткізгіш құбырлары, тежеу жүйесінің сымарқандары, түп панельдері мен қанаттар, сондай-ақ аспа бөлшектері секілді автокөліктің астында орналасқан компоненттердің коррозияға ұшырауына ықпал етеді.

Осы заттардың зиянды әсерін азайту үшін автокөліктің астын және дөңгелек қуыстарын жылы немесе суық сумен жүйелі түрде және мұқият жуып тұру керек.

Көлік түбінің астында орналасқан компоненттерге жабысқан балшық пен құм коррозияны үдетуі мүмкін.

Құмда, жолдан тыс жерде немесе лайлы жолдарда жүргеннен кейін автокөліктің астындағы балшық пен құмды жуып тастаңыз. Автокөліктің аспа бөлшектері мен осьтерін жақсылап шайыңыз, өйткені оларға балшық пен құм ерекше көп жабысады. Қатып қалған кірді кетіру үшін өткір заттарды пайдаланбаңыз.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Аспа бөлшектерін шауу кезінде тежегіш құбыршектерін, датчиктердің сымдарын және басқа бөлшектерді зақымдамау үшін сақ болыңыз.**
- **Абай болыңыз және қозғалтқыштың астынан ұзақ жуылуына жол бермеңіз. Бұл электр жабдық компоненттерінің зақымдануына әкелуі мүмкін.**

### ▼ Жылы сумен жууға арналған жабдықты қолдану

- Жуу кезінде құбыршектің ұшы автокөліктен кемінде 30 см (12 дюйм) қашықтықта болуы керек.
- Бір жерді ұзақ уақыт жуып тұруға болмайды.
- Егер дақ сумен жуғанда кетпесе, оны қолмен кетіріңіз. Кейбір жуу қондырғыларында су қысыммен беріледі және температурасы жеткілікті мөлшерде жоғары болады. Бұл полимер материалдардан жасалған бөлшектердің (мысалы, молдингілердің) зақымдалуына немесе деформациялануына немесе автокөлік ішіне судың кіріп кетуіне алып келуі мүмкін.

### ■ Балауызбен өңдеу және жылтырату

Балауызбен өңдемес және жылтыратпас бұрын автокөлікті міндетті түрде жуып, кептіріп алыңыз.

Өндірушінің нұсқауларын орындай отырып, тек жоғары сапалы жылтыратқыштар мен балауызды пайдаланыңыз. Автокөлігіңіздің

боялған беттері салқын күйде болса ғана жылтыратқыштар мен балауызды жағыңыз.

Автокөлігіңіздің боялған беттерін ғана емес, сонымен қатар хромдалған сәндік бөлшектерді де жылтыратып, балауызбен өңдеу қажет. Балауыз болмаса, автокөліктің боялған беттері солып, бастапқы жылтырлығын жоғалтады және бояу тезірек ескіреді. Балауыз қабатын кем дегенде айына бір рет немесе су беттерден ағын тоқтатқан жағдайларда қолдану ұсынылады.

Егер бояу оның жылтырлығы мен реңін қалпына келтіру мүмкін болмайтындай күңгірттенсе, бетті жеңіл түрде, майда түйіршікті жылтырату қоспасымен жылтыратыңыз. Тек күңгірт бетті жылтыратумен шектелмеңіз: іргелес аймақтарды да жылтыратыңыз. Жылтырату кезінде міндетті түрде тек бір бағытта ғана қозғалыс жасау керек. Жылтырату кезінде түйіршіктігі 2000 қоспаны пайдалану ұсынылады. Ірі түйірлі қоспаны қолданбаңыз. Ірі түйірлі жылтырату қоспаларының түйір нөмірі кем әрі бояуды зақымдауы мүмкін. Күңгірттенген беттің бастапқы жылтырлығын қалпына келтіру үшін күңгірт жерлерді жылтырататын қоспамен жылтыратқаннан кейін оларға балауыз қоспасының қабатын жағыңыз. Жылтырату қоспасын жиі пайдалану, сондай-ақ жылтырату технологиясын бұзу бояу қабатының жойылуына әкелетінін және астар қабаты көрініп қалатынын есте ұстаған жөн. Қандай да бір күмән туындаса, SUBARU дилеріне немесе лак-бояу жабындары жөніндегі маманға хабарласуға кеңес береміз.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жарық аспаптарының беттерін ешқандай органикалық еріткішпен өңдемеңіз. Алайда егер жарық аспабының бетіне органикалық еріткіштері бар полироль немесе балауыз тиген болса, полирольды немесе балауызды беттен мұқият кетіріңіз. Әйтпесе жарық аспабының беті зақымдалуы мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлік шанағына балауыз жаққан кезде әйнектазартқыш бүріккіштерінің бітеліп қалуына жол бермеңіз.
- Артқы көрініс камерасын спиртпен, бензинмен немесе бояуға арналған еріткішпен сүртпеңіз. Сүрткен жағдайда түсі оңып кетуі мүмкін. Кірін кетіру үшін камераны бейтарап жуғыш зат ерітіндісіне малынған дәкемен сүртіңіз, содан кейін жұмсақ құрғақ матамен сүртіңіз.
- Автокөлік шанағына балауыз жаққан кезде оның артқы көрініс камерасына тиюіне жол бермеңіз. Балауыз камераға тиген жағдайда, таза дәкені бейтарап жуғыш зат ерітіндісіне малып алыңыз да, балауызды жуып кетіріңіз.

## ■ Жеңіл қорытпалы дискілерді тазарту

- Жеңіл қорытпалы дискісі бар дөңгелектерді жолдың кірінен немесе жолдарды өңдеуге арналған химиялық заттардан мүмкіндігінше жиі тазалап тұрыңыз. Егер мұндай кірді ұзақ уақыт тазаламаса, оны тазалау қиын болады.
- Дискілерді тазалау үшін абразивтері бар тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Бейтарап жуғыш затпен тазартыңыз, содан кейін сумен мұқият шайыңыз. Дискілерді тазалау үшін қатты щеткаларды пайдаланбаңыз. Дискілерді жоғары жылдамдықпен айналатын автокөлік жуу щеткаларымен тазаламаңыз.
- Автокөлікке теңіз суы шашырса немесе теңіз желінде немесе тұзбен не басқа химиялық заттармен өңделген жолдармен жүргеннен кейін бүкіл автокөлікті (соның ішінде жеңіл қорытпалы дискісі бар дөңгелектерді) мүмкіндігінше тезірек сумен жуып тастаңыз.

## 10-2. Коррозиядан қорғау

Автокөліктің құрылымы және жасалу технологиясы оның коррозияға жоғары төзімділігін қамтамасыз етеді. Автокөлік бөлшектерінің көпшілігі автокөліктің мінсіз келбетімен қатар оның беріктігін, сондай-ақ пайдаланудағы сенімділігін қамтамасыз ететін арнайы материалдардан жасалған немесе оның арнайы қорғау жабындары бар.

### ■ Коррозияның ең көп таралған себептері

Коррозияның ең көп таралған себептері мыналар:

- Балшықта және басқа да бөгде заттарда, шанақтың жеке панельдерінде, сондай-ақ ішкі қуыстарда және басқа жерлерде болатын ылғалдың жиналуы.
- Ұсақ тастар мен қиыршық тастардан немесе болмашы жол апатының нәтижесінде лак-бояу және басқа да қорғау жабындарының зақымдануы.

Коррозияны жеделдететін факторларға мыналар жатады:

- Автокөлік шанағына жол тұзының немесе шаңмен күресу үшін қолданылатын химиялық заттардың әсері; ауада әртүрлі тұздардың жоғары мөлшерімен ерекшеленетін жағалаудағы аудандарда, сондай-ақ елеулі өнеркәсіптік шығарындылары бар аймақтарда автокөлікті пайдалану.
- Ылғалдығы жоғары жерлерде, әсіресе судың қату температурасынан сәл жоғары температурада көлікті пайдалану.



- Автокөліктің басқа бөліктері кепкеннен кейін де автокөліктің кейбір бөліктеріндегі ылғалдың ұзақ уақыт сақталуы.
- Жоғары температура желдетудің нашарлығына байланысты ылғалдың тез кебуі мүмкін емес автокөлік бөлшектерінің коррозияға ұшырауына ықпал етеді.

### ■ Коррозияның алдын алу шаралары

Автокөлік шанағын, сондай-ақ оның аспа бөлшектерін коррозияға ұшыратпау үшін автокөлікті үнемі жуу керек. Сонымен бірге төмендегідей жағдайларда автокөлікпен жүргеннен кейін оны дереу жуу қажет:

- қыс мезгілінде түзбен өңделген жолдармен;
- балшықта, құмда немесе қиыршық таста;
- жағалау аймақтарындағы жолдарда.

Қыстан кейін автокөліктің түбін мұқият жуып алған жөн.

Қыс басталмас бұрын, автокөліктің астында орналасқан компоненттердің, мысалы, пайдаланылған газдарды шығару жүйесі, отын және тежеу жүйелерінің өткізгіш құбырлары, тежеу жүйесінің сымарқандары, аспа, рульмен басқару жүйесінің бөлшектері, шанақ асты және қанаттар сияқты тораптардың жағдайын тексеру қажет. Қандай да бір компонентте тот анықталған жағдайда бұл компоненттерге коррозияға қарсы өңдеу жүргізу немесе оларды ауыстыру қажет. Бұл жұмыстарды жүргізу үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

Егер бояуда сызаттар табылса, оларды дереу жөндеу керек.

Еден төсеніштерінің астында судың немесе кірдің жиналмағанын тексеріңіз. Бұл да коррозияға әкелетін себеп болуы мүмкін. Еден төсеніштерінің астында су немесе кір жоқ екеніне көз жеткізу үшін осы тексерулерді әр мезгіл қайталаңыз.

Көлікжайды құрғақ күйде ұстаңыз. Автокөлігіңізді дымқыл, жеткіліксіз желдетілетін көлікжайда сақтамаңыз. Мұндай көлікжайдағы жоғары ылғалдық коррозияға қолайлы жағдай жасайды. Оған қоса, сіз автокөлікті көлікжайда жусаңыз және көлікжайға кірер алдында автокөлікті ылғалдан немесе қардан тазартпасаңыз, ылғалдық артады.

Автокөлігіңізді суық ауа райында және/немесе жолдар түзбен немесе басқа коррозиялық белсенді материалдармен өңделген жерлерде пайдаланған кезде есіктің топсалары мен құлыптарын, сондай-ақ капот ілмегін үнемі тексеріп, майлаңыз.

## 10-3. Салонды тазалау

Климаттық қондырғыны басқару панелін, аудиожүйені, алдыңғы панельді, орталық консольді, аспаптар тақтасын және ауыстырып қосқыштарды тазалауға жұмсақ ылғал матаны қолданыңыз. (Осы мақсаттар үшін ешқандай органикалық еріткішті қолданбаңыз).

### ■ Орындықтардың мата қаптауышы

Шаңды, кірді және ұсақ қоқысты шаңсорғышпен тазалаңыз. Егер кір қатып қалып, оны шаңсорғышпен кетіру мүмкін болмаса, оны кетіру үшін жұмсақ щетканы пайдаланыңыз, содан кейін орындықты шаңсорғышпен тазалаңыз.

Матаның бетін жақсы сығылған дымқыл матамен сүртіңіз, содан кейін орындықтарды жақсылап келтіріңіз. Бүкіл кірді кетіре алмасаңыз, орындық қаптауышын екінші рет жылы, әлсіз сабын ерітіндісімен сүртіңіз. Осыдан кейін орындықтарды жақсылап келтіріңіз.

Орындықта әлі де дақтар қалса, сатылатын мата тазалағыш құралдарды пайдаланыңыз. Тазалағыш құралдардың матаға зақым келтірмейтініне көз жеткізу үшін алдымен қаптауыштың жасырын жерінде тексеріп көріңіз. Тазалағыш құралды пайдалану нұсқауларына сәйкес пайдалану керек.

## **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

**Орындықтарды тазалау үшін бензинді, еріткіштерді немесе ұқсас заттарды қолданбаңыз. Олар бетті зақымдауы және түсінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.**

### ■ **Орындықтардың былғары қаптауышы**

SUBARU компаниясы орындықтарды жасау үшін жоғары сапалы табиғи былғарыны пайдаланады. Дұрыс күтім көрсетілсе, ол өзіне тән табиғи сыртқы түрін сақтайды және көптеген жылдар бойы ұстауға жағымды болып қалады.

Сонымен қатар былғары бетінде шаң мен кір жиналса, ол иілгіштігін жоғалтады және мерзімінен бұрын тозады. Былғарының иілгіштігін сақтау үшін оны ай сайын немесе ластануына қарай тазалап отыру қажет.

Былғары тыстаманы тазартпас бұрын шаңын шаңсорғышпен тазалап алыңыз. Жұмсақ сабын қосылған жылы суға малынған түксіз жұмсақ мата қолданыңыз. Былғарыны қатты сулап алмау және тігістері арқылы ішіне су кіргізбеу үшін абай болыңыз. Былғарыны қолдарыңызды жай айналдыра отырып тазалаңыз, былғарыны ысқыламаңыз және артық күш салмаңыз. Сабынның қалдықтарын кетіру үшін былғарыны басқа таза, сәл ылғалданған матамен сүртіңіз, содан кейін құрғақ матамен кептіріңіз.

Былғарының азын-аулақ зақымдалған жерлерін немесе кетуі қиын дақтарды сатылымда бар былғарыны тазалауға арналған аэрозольмен өңдеуге болады. Былғарыны өңдеу үшін спиртті, тазартатын

еріткіштерді, былғарыға арналған майды, лактарды немесе полирольдарды қолданушы болмаңыз, себебі олар былғарының бетін кептіріп жіберуі мүмкін.

Автокөлігіңіз ашық күн сәулесінің астында ұзақ уақыт тұратын болса, былғары бояуы оңып, былғары отырып кетпес үшін терезелердің пердесін жабу керек немесе орындықтар мен бассүйегіштерді жапқышпен жапқан жөн.

Біраз уақыттан кейін былғарыда жұмсақ қатпарлар мен әжімдер пайда болғанын байқайсыз, бұл табиғи былғарыға тән.

### ■ **Синтетикалық былғары қаптауыш**

Синтетикалық былғары қаптауышын тазалау бетін шаңсорғышпен тазалағаннан кейін немесе щеткамен кірді кетіргеннен кейін әлсіз сабын ерітіндісімен немесе жуғыш затпен орындалады. Жуғыш ерітіндіні жағып, оның тазартылатын бетке сіңуін бірнеше минут күтіңіз. Содан кейін жуғыш ерітіндіні таза, дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Қажет болса, сатылымдағы синтетикалық былғары тазалауға арналған көбікті тазартқыш құралдарды пайдалануға болады.

## **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

**Автокөлік салонының қаптауышында қолданылатын былғарыға немесе синтетикалық материалдарға ешқашан күшті тазартқышты (өртүрлі еріткіштер, сұйылтқыштар, әйнектерді жууға арналған сұйықтықтар немесе бензин) қолданбаңыз. Олар бетті зақымдауы және түсінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.**

### ■ **Қауіпсіздік белбеулері**

Қауіпсіздік белбеулерін тазалау туралы толық ақпарат «Қауіпсіздік белбеулеріне күтім жасау» бөлімінде келтірілген, 58-б.

### ■ **Алдыңғы панель, орталық консоль, ауыстырып қосқыштар, аспаптар тақтасы және өзге де пластик беттер**

Алдыңғы панельді, орталық консольді, аспаптар тақтасын және ауыстырып қосқыштарды тазалауға жұмсақ ылғал матаны қолданыңыз.

## **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

- **Ешбір органикалық еріткішті (бояу сұйылтқыштар, бензин) немесе құрамында осындай еріткіштері бар күшті тазартқыштарды қолданбаңыз. Олар бетті зақымдауы және түсінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.**
- **Құрамында силиконы бар еріткіштерді автокөлік аудиожүйесінің бөлшектеріне, климаттық қондырғының электр компоненттеріне немесе кез келген ауыстырып қосқышқа жақпаңыз. Бұл бөлшектерге силиконның жабысуы электр жабдықты зақымдауы мүмкін.**

## ■ Орталық ақпараттық дисплей

Орталық ақпараттық дисплейді тазалау үшін оны силикон немесе жай жұмсақ дәкемен сүртіңіз. Дисплей(лер) өте кір болған жағдайда, оны/оларды бейтарап жуғыш зат ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін қалған жуғыш зат қалдығын мұқият кетіріңіз.

### **▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Бейтарап жуғыш затты тікелей дисплей(лер)ге шашпаңыз. Әйтпесе дисплей бөліктері зақымдануы мүмкін.
- Дисплей(лер)ді қатты матамен сүртпеңіз. Әйтпесе экранда сызаттар пайда болуы мүмкін.
- Құрамында еріткіштер, бензин немесе кез келген басқа ұшатын зат бар тазалағыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Бұл тазалағыш сұйықтықтармен дисплей(лер)дің ауыстырып қосқыштарының үстіндегі жазуларды кетіріп алуыңыз мүмкін.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

# Техникалық қызмет көрсету

11-1. Техникалық қызмет көрсету кестесі.....	405
11-2. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары кезіндегі сақтық шаралары. ....	409
Мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізер алдында.....	409
Мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу кезінде.....	410
Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу.....	410
11-3. Техникалық қызмет көрсету бойынша кеңестер .....	411
Бөлшектерді ауыстыру .....	411
Бекіткіштерді алу және орнату .....	411
11-4. Капот.....	413
11-5. Мотор бөліміне шолу .....	416
11-6. Мотор майы .....	417
Мотор майының шығыны .....	417
Май деңгейін тексеру .....	417
Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру .....	419
Ұсынылатын май класы және тұтқырлығы .....	419
Синтетикалық май .....	419
11-7. Салқындату жүйесі.....	420
Радиатор желдеткіші, құбыршектер және қосылыстар .....	420
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы .....	421
11-8. Ауа сүзгісінің сүзу элементі .....	422
Ауа сүзгісінің сүзу элементін ауыстыру .....	423
11-9. Оталдыру бітелелері .....	424
Ұсынылатын оталдыру бітелелері.....	424
11-10. Жетек бөлдігі.....	424
11-11. Сатысыз беріліс қорабына арналған жұмыс сұйықтығы .....	425

11-12. Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған трансмиссия майы .....	425
Ұсынылатын май класы және тұтқырлығы.....	425
11-13. Тежегіш сұйықтығы.....	425
Сұйықтық деңгейін тексеру .....	425
Ұсынылатын тежегіш сұйықтығы .....	426
11-14. Тежегіш педалі .....	426
11-15. Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші.....	427
11-16. Тежегіш қыспақтарын ауыстыру .....	427
Жаңа тежегіш қыспақтарының үйкелісі .....	427
11-17. Шиналар мен дөңгелек дискілері .....	428
Шина түрлері .....	428
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) .....	428
Шиналардың жағдайын тексеру .....	430
Шиналардағы қысым және шиналардың тозуы .....	431
Дөңгелектерді теңгеру.....	432
Тозу индикаторлары.....	433
Шиналардың айналу бағыты .....	433
Шиналарды алмастырып салу .....	434
Шиналарды ауыстыру .....	434
Дөңгелек дискілерін ауыстыру .....	438
11-18. Жеңіл қорытпалы дискілер .....	438
11-19. Әйнекжуғыш сұйықтығы .....	439
11-20. Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру.....	440
Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасы .....	441
Әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышы .....	442
Артқы әйнектазартқыш щеткасы .....	443
Артқы әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышы.....	443
11-21. Аккумулятор батареясы .....	444
12 В қосымша аккумулятор батареясы және 12 В стартерлік аккумулятор батареясы.....	444
Жоғары вольтті аккумулятор батареясы.....	446
11-22. Сақтандырғыштар .....	446

<b>11-23. Қосымша жабдықты орнату .....</b>	<b>448</b>
<b>11-24. Шамдарды ауыстыру.....</b>	<b>448</b>
Фаралар .....	448
Артқы құрама шамдар .....	449
Артқа жүру шамдары .....	450
Нөмір белгісінің көмескі жарығының шамдары .....	451
Басқа шамдар .....	451

<b>11-25. Қуат элементін ауыстыру.....</b>	<b>452</b>
Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру .....	453
«Таблетка» типіндегі қуат элементтерін қауіпсіз кәдеге жарату.....	454

## 11-1. Техникалық қызмет көрсету кестесі

Автокөлігіңізді үнемі жұмыс жағдайында ұстау және оңтайлы пайдалану сапасын қамтамасыз ету үшін техникалық қызмет көрсету бойынша ұсынылатын жұмыстар техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес орындалуы тиіс.

### ЕСКЕРТПЕ

- Келтірілген сервисаралық интервалдар ең жоғары болып табылады. Жол жағдайларын, ауа райын, атмосфераның жай-күйін және автокөлікті пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып, техникалық қызмет көрсетуді жиі жүргізу қажеттігі туындауы мүмкін. Өртүрлі елдерде бұл жағдайлар өртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан сіздің елде автокөлікті пайдалану шарттары ерекше талаптар қоюы мүмкін. Біз сіздің автокөлігіңізге қолданылатын техникалық қызмет көрсету кестесін SUBARU ресми дилерінен білуді ұсынамыз.
- Техникалық қызмет көрсету мерзімі жақындаған кезде көрсетілетін ескертуді баптай аласыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Жалпы баптаулар» бөлімін қараңыз, ☎198-б.

120 000 км (75 000 миль) немесе 96 ай пайдаланудан кейін техникалық қызмет көрсету кестесінің үшінші бағанына қайта оралып және бағандардың тақырыптарына 120 000 км (75 000 миль) немесе 96 ай қосып, мерзімді техникалық қызмет көрсетуді жалғастырыңыз.

Қолданылатын таңбалар:

R: ауыстыру

I: инспекциялық сервис, содан кейін қажет болған жағдайда реттеу, жөндеу немесе ауыстыру

P: орындау

(I): автокөлікті қауіпсіз пайдалану үшін ұсынылатын техникалық қызмет көрсету

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯСЫ		СЕРВИСАРАЛЫҚ ИНТЕРВАЛ								ЕСКЕРТПЕЛЕР	
		(қай мерзім ертерек келетініне байланысты пайдалану айларының саны немесе автокөліктің километрмен (милямен) жүрген жолы)									
		Айлар	12	24	36	48	60	72	84		96
		× 1000 км	15	30	45	60	75	90	105		120
	× 1000 миль	9	19	28	38	47	56	66	75		
1	Мотор майы	R	R	R	R	R	R	R	R	1) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
2	Қозғалтқыштың май сүзгісі	R	R	R	R	R	R	R	R	1) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
3	Жетек бөлігі	I	I	I	I	I	I	I	I		

## 406 Техникалық қызмет көрсету кестесі

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯСЫ		СЕРВИСАРАЛЫҚ ИНТЕРВАЛ								ЕСКЕРТПЕЛЕР	
		(қай мерзім ертерек келетініне байланысты пайдалану айларының саны немесе автокөліктің километрмен (милямен) жүрген жолы)									
		Айлар	12	24	36	48	60	72	84		96
		× 1000 км	15	30	45	60	75	90	105		120
		× 1000 миля	9	19	28	38	47	56	66	75	
4	Салқындату жүйесі, құбыршектер мен қосылыстар			I		I		I		I	
5	Салқындату сұйықтығын ауыстыру (SUBARU SUPER COOLANT салқындату сұйықтығы немесе оның баламасы)		1-ші ауыстыру: <b>132 айдан кейін (11 жыл)/220 000 км (137 500 миля)</b> , 2-ші және одан кейінгі ауыстыру: <b>72 айдан кейін (6 жыл)/120 000 км (75 000 миля)</b>								
6	Отын жүйесі, отын желілері және қосылыстары			I		I		I		I	2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
7	Отын сүзгісі	Еуропа үшін*								R	Әрбір 120 000 км (75 000 миля) сайын ауыстыру
		Еуропаны қоспағанда						R			Әрбір 90 000 км (56 000 миля) сайын ауыстыру
8	Ауа сүзгісінің сүзу элементі		I	I	R	I	I	R	I	I	Әрбір 45 000 км (28 000 миля) сайын ауыстыру
9	Оталдыру бітелері								R		Әрбір 105 000 км (66 000 миля) сайын ауыстыру
10	Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған майлау материалы (трансмиссия майы)			I		R		I		R	3) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз

\*: ТМД және Израиль елдерін қоспағанда



ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯСЫ		СЕРВИСАРАЛЫҚ ИНТЕРВАЛ								ЕСКЕРТПЕЛЕР	
		(қай мерзім ертерек келетініне байланысты пайдалану айларының саны немесе автокөліктің километрмен (милямен) жүрген жолы)									
		Айлар	12	24	36	48	60	72	84		96
		× 1000 км	15	30	45	60	75	90	105		120
× 1000 миля	9	19	28	38	47	56	66	75			
11	Сатысыз беріліс қорабына арналған жұмыс сұйықтығы		I		I		I		I	4) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
12	Тежегіш сұйықтығы		R		R		R		R	5) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
13	Дискілі тежегіштердің қыспақтары және тежегіш дискілері/алдыңғы және артқы осьтердің қорғаныс тыстары мен топсалары	I	I	I	I	I	I	I	I	2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
14	Тежегіш жапсырмалары мен барабандары (тұрақ тежегішінің жапсырмалары мен барабанын қоса алғанда)		I		I		I		I	2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
15	Тежегіш жүйесі құбырларының инспекциялық сервисі, тұрақ тежегіші мен жұмыс тежегіштерінің жұмысын тексеру		P		P		P		P	2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
16	Руль жүйесі және аспа		I		I		I		I	2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
17	Алдыңғы және артқы дөңгелектердің мойынтірекері								(I)		
18	Салон сүзгісі (ТМД елдері мен Израильді қоспағанда)	I	R	I	R	I	R	I	R	6) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
19	Салон сүзгісі (ТМД елдері мен Израиль үшін)	Қай мерзім ертерек келетініне байланысты жүрістің әр 12 айы немесе 12 000 км (7500 миля) сайын								6) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	
20	SUBARU ОТЫНЫНЫҢ ТҮПНҰСҚА ҚОСПАСЫ (отын қосындылары жоғары аймақтарда)	Отын бағына құтының ішіндегісін әрбір 15 000 км (9000 миля) сайын қосу								7) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз	

## ЕСКЕРТПЕ

- 1) Автокөлік келесі мысалдарда сипатталғандай ауыр жағдайларда пайдаланылса\*, қозғалтқыш майы мен май сүзгісін жиі ауыстыру керек.
- 2) Егер автокөлік келесі мысалдарда сипатталғандай ауыр жағдайларда пайдаланылса\*, инспекциялық сервисті әрбір 15 000 км (9000 миля) немесе қай мерзім ерте келетініне байланысты автокөлікті пайдаланудың 12 айы сайын жүргізу керек.
- 3) Автокөлік тіркемені жиі сүйреу сияқты ауыр жағдайларда жиі пайдаланылса, онда алдыңғы және артқы дифференциалдың трансмиссия майы жиірек ауыстырылуы керек.
- 4) Егер автокөлік келесі мысалдарда сипатталғандай ауыр жағдайларда пайдаланылса\*, сатысыз беріліс қорабы үшін жұмыс сұйықтығын әрбір 45 000 км (28 000 миля) сайын ауыстыру керек.
- 5) Қай мерзім ертерек келетініне байланысты келесі жерлерде автокөлікті пайдалану кезінде тежегіш сұйықтығын әр 15 000 км (9000 миля) немесе 12 ай сайын ауыстырыңыз:
  - (1) Ылғалдығы жоғары аймақтар.
  - (2) Таулы аймақтар.
- 6) Автокөлік келесі мысалдарда сипатталғандай ауыр жағдайларда пайдаланылса\*, ауа сүзгісінің және салон сүзгісінің сүзгіш элементін жиі ауыстыру керек.
- 7) Отын құрамындағы қоспалары жоғары өңірлерде.

\* Ауыр пайдалану жағдайларының үлгілері:

- (1) Өте төмен температурада пайдалану (тек 1, 2 және 16-тармақтар).
- (2) Тіркеме сүйреу (тек 1, 2, 10, 11, 13, 15 және 16-тармақтар).
- (3) Қысқа қашықтыққа жиі сапарлар (тек 1, 2, 13 және 14-тармақтар).
- (4) Шаң көтерілетін жолдарда жүру (тек 8, 13, 14, 18 және 19-тармақтар).
- (5) Ойлы-шұңқырлы және/немесе саз жолдармен жүру (тек 13, 14, 16, 18 және 19-тармақтар).
- (6) Жолдары жол тұзымен немесе коррозия тудыратын басқа реагенттермен өңделген аумақтарда жүру (тек 6, 13, 14, 15 және 16-тармақтар).
- (7) Автокөлікті жағалау маңындағы аймақтарда пайдалану (тек 6, 13, 14, 15 және 16-тармақтар).

## 11-2. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары кезіндегі сақтық шаралары.

Егер техникалық қызмет көрсету жұмыстары қажет болса, оны SUBARU ресми дилерінде жүргізуді ұсынамыз.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын өз бетіңізше орындамас бұрын, осы тараудағы SUBARU автокөлігіне жалпы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу тәртібі туралы ақпаратты мұқият оқып шығу керек.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын дұрыс немесе толық орындамау автокөлік жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне әкеп соғуы және пайдалану қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін. Көпілдік техникалық қызмет көрсету жұмыстарының дұрыс жүргізілуіне туындаған кез келген жағдайға қолданылмайды.

### ЕСКЕРТУ

- Автокөлікке техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек қауіпсіз жерде орындаңыз.
- Жарақат алмас үшін автокөлікте жұмыс істегенде өте сақ болыңыз. Автокөліктегі кейбір материалдар (мысалы, аккумулятор электролиті) дұрыс пайдаланылмаса, денсаулығыңызға қауіп төндіретінін ескеріңіз.

- Автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсетуді білікті және епті адамдар ғана жүргізуі тиіс. Автокөлікке техникалық қызмет көрсетуде жеткілікті тәжірибесі жоқ адамдар ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Тек осы жұмыстарды жүргізу үшін арнайы жасалған, жарамды күйде тұрған құралдарды пайдаланыңыз.
- Егер автокөлік тек домкратқа ғана сүйенсе, оның астында болуға жол берілмейді. Автокөлікті тіреу үшін міндетті түрде тіреулерді пайдаланыңыз.
- e-BOXER жүйесін көлікжай немесе басқа жабық үй-жайлар сияқты жеткілікті желдетілмейтін кеңістікте ешқашан қалдырмаңыз.
- Ашық оттың жанында аккумулятормен немесе отынмен жұмыс жасамаңыз және мұндай жұмыс кезінде темекі тартпаңыз. Бұл өртке әкеледі.
- Отын жүйесі қысыммен тұратындықтан, отын сүзгісін ауыстыруды SUBARU дилеріне тапсыруды ұсынамыз.
- Көзге майдың және басқа да пайдалану сұйықтықтарының түсуін болдырмау үшін көзді қорғауға арналған тиісті құралдарды киіңіз. Егер май немесе басқа да пайдалану сұйықтығы көзіңізге тисе, көзді таза сумен жақсылап жуыңыз.
- Қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белбеулері жүйесінің алдын ала тартқыштарының электр сымдарында өзгерістерге жол бермеңіз, сондай-ақ олардың ажыратқыштарын ажыратуға

әрекет жасамаңыз, өйткені бұл жүйенің іске қосылуына немесе қажет болған кезде жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін. Осы электр сымдарын тексеру кезінде мультиметрді пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Қауіпсіздік жастықтарына немесе қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу қажет болса, жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

- Мотор бөлімінің ішінде ұмытылған құралдар мен шүберектің жоқтығына көз жеткізіңіз. Ішінде ұмытылған жағдайда олар ақау немесе өрт тудыруы мүмкін.


- Мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізер алдында

### ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің сырғанауын болдырмау үшін e-BOXER жүйесін міндетті түрде сөндіріп, тұрақ тежегішін қосыңыз.
- Міндетті түрде қозғалтқыш суығанша күтіңіз. Жұмыс кезінде қозғалтқыш бөліктері қатты қызды және ол тоқтағаннан кейін де біраз уақыт ыстық күйде қалады.

- Қозғалтқыш майының, салқындату сұйықтығының, тежегіш сұйықтығының және басқа да пайдалану сұйықтықтарының қозғалтқыштың ыстық бөліктеріне түсуіне жол бермеңіз. Бұл өртке әкелуі мүмкін.
- Егер оталдыру құлпы ON күйінде болса, онда e-BOXER жүйесі жұмыс істемей тұрғанда да кенеттен радиатор желдеткіші қосылуы мүмкін. Егер дене бөліктері немесе киім айналып тұрған желдеткішке тиіп кетсе, ауыр жарақат алуыңыз мүмкін. Жарақат алу қаупін болдырмау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:
  - Міндетті түрде қозғалтқышты оталдыру/өшіру түймесі арқылы қуат беру режимі OFF күйіне қойылғанын және түймедегі жұмыс режимі индикаторының өшірілгенін тексеріңіз. Содан кейін қашықтан ашу салпыншағын автокөліктен алып шығыңыз.

- Мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу кезінде



### ⚠ ЕСКЕРТУ

Тексеру немесе техникалық қызмет көрсету кезінде, егер қозғалтқышты іске қосу қажет болмаса, оталдыру жүйесінің ажыратқышы OFF күйінде екеніне көз жеткізіңіз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Мотор бөліміндегі компоненттерді тексеру кезінде қозғалтқыштың қақпағына тиіспеңіз. Әйтпесе қолыңыз қозғалтқыштың қақпағынан тайып кетіп, кенет жарақатқа әкелуі мүмкін.

- Қозғалтқыш толығымен суығанша май сүзгісін ұстаушы болмаңыз. Әйтпесе бұл күйкке немесе басқа жарақатқа әкелуі мүмкін. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда май сүзгісінің қатты қызып кететініне және қозғалтқыш өшкеннен кейін де біраз уақыт ыстық болып қалатынына көңіл аударыңыз.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу

### ⚠ ЕСКЕРТУ

Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш қауіпті болуы мүмкін. Саусақтарыңызды, қолдарыңызды, киіміңізді, шашыңыз бен жұмыс құралдарыңызды радиатор желдеткішінен, жетек бөліктерінен және қозғалтқыштың басқа да қозғалмалы бөліктерінен алыс ұстаңыз. Жұмысты бастау алдында сақиналарды, сағатты және галстукті шешіп қою керек.



1 Тірек бағаны

e-BOXER жүйесі жұмыс істеп және дөңгелектері айналып тұрған толық жетекті модельдерде тексеру және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу үшін барлық төрт дөңгелекті домкраттар арқылы көтеріп қою керек немесе дөңгелектерді еркін айналатын роликтерге орнату қажет. Қозғалтқышты иінді біліктің жоғары айналу жиілігіне дейін жеткізуге немесе тежегіш педалін күрт басуға жол бермеңіз.

### 11-3. Техникалық қызмет көрсету бойынша кеңестер

#### ■ Бөлшектерді ауыстыру

Техникалық қызмет көрсету кезінде ауыстыру бөлшектері туралы ақпарат алу үшін SUBARU кез келген ресми дилеріне, жөнделу шеберханасына немесе тиісті түрде білікті және жарақталған басқа да кәсіби мамандарға хабарласуға кеңес береміз.


#### ■ Бекіткіштерді алу және орнату

Ауа сүзгісінің сүзу элементін және жеке шамдарды ауыстырмас бұрын, кейбір бекіткіштер мен қанаттардың ішкі қаптамаларын алып тастау керек.


#### ▼ Бекіткіштерді алу

Автокөлігіңізде бекіткіштердің бірнеше түрі қолданылады.

#### ▼ А және D типті бекіткіштер



A типті бекіткіштер




B02199-M

**D типті бекіткіштер**

1. Жалпақ бұрауышты пайдаланып, бекіткіштің орталық бөлігі көтерілгенге дейін бекіткішті теріс бағытта бұраңыз.
2. Тұтқа ретінде жалпақ бұрауышты пайдаланып, бекіткіштің ортаңғы бөлігін көтеріңіз.


▽ **B типті бекіткіштер**



B02200-M

1. Жалпақ бұрауышты пайдаланып, бекіткіштің орталық бөлігін суретте көрсетілгендей итеріп көтеріңіз.
2. Бекіткіштің шығып тұрған ортаңғы бөлігін тартып, бүкіл бекіткішті алыңыз.


▽ **C типті бекіткіштер**



B02201-M


1. Айқыш бұрауышты пайдалана отырып, бекіткіштің орталық бөлігі көтерілгенге дейін бекіткішті теріс бағытта бұраңыз.
2. Жоғары қарай тартып, бекіткішті шығарыңыз.

## ▼ Бекіткіштерді орнына орнату




B02202-M

А типті бекіткіштер




B02203-M

В типті бекіткіштер



B02204-M

С типті бекіткіштер



B02205-M

D типті бекіткіштер

Алдымен бекіткішті ортаңғы бөліксіз салыңыз, содан кейін оның ортаңғы бөлігін бекіткіштің тесігіне салыңыз да, батырып басыңыз.

## 11-4. Капот

## ▲ ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыш автоматты түрде өшірілгенде капотты ашпаңыз. Егер капотты ашсаңыз, жүргізуші төлегіш басқышын басса да, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін e-BOXER жүйесі автоматты түрде өшеді. Бұл жағдайда келесілердің орын алу мүмкіндігі бар:

- Автокөлік еңіске қарай қозғала бастайды.
- Руль дөңгелегін бұру қиын болады.
- Тежеу жүйесі дұрыс жұмыс істеуін тоқтатады.

## ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Капотты жапқан кезде саусақтарыңызды немесе басқа заттарды қысып алмау үшін өте сақ болыңыз.
- Капотты жабу үшін оны баспаңыз. Бұл оның металл панелінің деформациясына әкелуі мүмкін.
- Қатты жел кезінде капотты ашқанда ерекше абайлаңыз. Сорғыш кенеттен жабылып, жарақат әкелуі мүмкін.
- Капотқа SUBARU тұлнұсқа бөліктерінен басқа ешқандай аксессуарды орнатпаңыз. Егер капоттың салмағы артса, газ тіреулері оны ашық күйде ұстай алмауы мүмкін.


- Капот тірегінің ұшы ұяға салынғанын тексеріңіз. Егер ол дұрыс сұғылмаған болса, капот құлап кетуі және жарақат келтіруі мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер капот тірегінің негізі сыналап қалса, шамадан тыс күш салмай, капот тірегін орнына қайтарыңыз.


### Капотты ашу

1. Егер әйнектасартқыштың щеткалары алдыңғы әйнектен шығарылса, оларды орнына қайтарыңыз.




B02206-M

2. Алдыңғы панельдің астында орналасқан капотты ашатын тұтқаны тартыңыз.



B02308

3. Радиатор торы мен капоттың ортасындағы тұтқаны солға жылжытып, қосымша бекіткішті босатыңыз.



B02327

- 1 Тұтқа
4. Капотты көтеріңіз, капоттың тірегін бекіткіштен босатыңыз және тіректің ұшын капоттағы ұяға салыңыз. Капоттың тірегін жылжыту үшін тұтқаны ұстаңыз.

### Капотты жабу

1. Капотты аздап көтеріңіз, капоттағы капот тіреуін ұядан алып, тіреуді бекіткішке қайтарыңыз.
2. Капотты жабық күйінен шамамен 20–30 см (7,8–11,8 дюйм) биіктікке дейін түсіріңіз, содан кейін капотты жібере салыңыз.
3. Капотты жапқаннан кейін оның мықтап бекітілгенін тексеріңіз.




Егер жоғарыда сипатталған әрекеттерден кейін капот жабылмаса, онда оны жоғарырақ позициядан жіберу керек.

**⚠ ЕСКЕРТУ**

Қозғалысты бастамас бұрын, капоттың мықтап бекітілгенін тексеріңіз. Әйтпесе қозғалыс кезінде капот ашылып, көріністі жауып қалуы мүмкін, бұл апатқа және ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

## 11-5. Мотор бөліміне шолу



- 1 Ауа сүзгісінің корпусы (422-б.)
- 2 Тежегіш сұйықтыққа арналған өтемдік бак (425-б.)
- 3 Сақтандырғыштар блогы (446-б.)
- 4 Қосымша 12 В аккумулятор батареясы (444-б.)
- 5 Әйнекжұғыштың бағы (439-б.)
- 6 Радиатор қақпағы (421-б.)
- 7 Май құятын мойынның қақпағы (417-б.)
- 8 Салқындату сұйықтығына арналған кеңейткіш бак (421-б.)
- 9 Май сүзгісі (419-б.)
- 10 Май өлшегіш сүңгі (417-б.)
- 11 Салқындату сұйықтығының түтікшесінің қақпағы (422-б.)
- 12 Стартерлік 12 В аккумулятор батареясы (444-б.)

Сурет рулі сол жақта орналасқан модельдерге қатысты. Рулі оң жақта орналасқан автокөліктерде № 2 позиция (тежегіш сұйықтыққа арналған өтемдік бак) қарсы бетте орналасқан.

## 11-6. Мотор майы

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер май деңгейін тексеру үшін сүңгіні аларда ол жабысып қалса, сүңгіні оңға және солға бұрап, содан кейін шығарыңыз. Өйтпесе май өлшегіш сүңгіні күшпен шығаратын болсаңыз, жарақат алуыңыз мүмкін.
- Тек ұсынылған кластағы және тұтқырлықтағы мотор майын пайдаланыңыз.
- Толықтырып құю кезінде мотор майын төгіп алудан абайлаңыз. Шығару құбырына майдың түсуі өткір иіс пен түтін шығарып, өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Егер мотор майы шығатын құбырға түссе, оны мұқият сүртiңiз.

### ■ Мотор майының шығыны

Қозғалыс кезінде мотор майының белгілі бір мөлшері жұмсалады. Майдың шығыны трансмиссия түрі, жүргізу стилі, жергілікті жер түрі және температура сияқты факторларға байланысты. Төмендегі жағдайларда май шығыны артып, қызмет көрсету аралықтары арасында толықтырып құюды қажет етуі мүмкін:


- Жаңа қозғалтқышта сынау кезеңі ішінде.
- Мотор майы сапасының төмен деңгейінде.

- Тұтқырлығы дұрыс емес маймен қолданған кезде.
- Қозғалтқышпен (жиі) тежеу кезінде.
- Қозғалтқыштың иінді біліктің жоғары айналу жиілігінде жұмыс істеуі кезінде (ұзақ уақыт кезеңдері ішінде).
- Қозғалтқыштың жоғары жүктемемен жұмыс істеуі кезінде (ұзақ уақыт кезеңдері ішінде).
- Қозғалтқыш ұзақ уақыт бойы бос жүріс режимінде жұмыс істеген кезде.
- Қозғалтқыш жиі тоқтау және бастау режимінде жұмыс істеген кезде және/немесе қарбалас жол қозғалысы кезінде.
- Автокөлікті ауыр температура жағдайында пайдалану кезінде.
- Автокөлікті жиі үдету мен тежеу кезінде.

Осындай немесе ұқсас жағдайларда кем дегенде әрбір 2-ші отын құю кезінде майды тексеріп, оны жиі ауыстырып отыру керек. Егер май шығыны 2000 километрге 1 литрден (1200 миляға 1 АҚШ квартасынан, 1413 миляға 1 британ квартасынан) асатын болса, бақыланатын жағдайларда сынақ жүргізе алатын SUBARU дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

### ■ Май деңгейін тексеру

1. Автокөлікті теріс жерге орнатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Егер сізге қозғалтқыш тоқтағаннан кейін бірден майдың деңгейін тексеру қажет болса, барлық майдың май табанына қайта ағуы үшін кемінде 5 минут күту керек.




- 1 Май өлшегіш сүңгі
- 2 Май құятын мойынның қақағы
- 3 Май сүзгісі
- 4 0W-20 майдың тұтқырлығы
- A МОТОР МАЙЫ
- B ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҚАРАҢЫЗ

## АБАЙЛАҢЫЗ

Егер май өлшегіш сүңгіні алу қиын болса, сүңгіні оңға және солға бұрыңыз, содан кейін оны шығарыңыз. Әйтпесе май өлшегіш сүңгіні күшпен шығаратын болсаңыз, жарақат алуыңыз мүмкін.

2. Май өлшегіш сүңгіні шығарып, оны сүртіп, кері қойыңыз.
3. Май өлшегіш сүңгіні тиісті түрде тірелгенше орнатыңыз.



- 1 Жоғарғы деңгей белгісі
- 2 Төменгі деңгей белгісі
- 3 Төменгі деңгейден жоғарғы деңгейге дейін шамамен 1,0 л (1,1 АҚШ квартасы, 0,9 британ квартасы)
4. Май өлшегіш сүңгіні қайтадан алыңыз.

5. Сүңгінің екі жағындағы май деңгейін тексеріңіз. Мотор майының деңгейі екі деңгейдің төменгі деңгейімен анықталуы керек. Егер май деңгейі төменгі деңгейден төмен болса, майды жоғарғы деңгей белгісіне дейін құйыңыз.

## АБАЙЛАҢЫЗ

- Сақ болыңыз, май құю аузының қақағын шешкенде май сүзгісіне тимеңіз. Бұл күйік шалуға, саусақтың қысылуына немесе басқа жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Тек ұсынылған кластағы және тұтқырлықтағы мотор майын пайдаланыңыз.
- Толықтырып құю кезінде мотор майын төгіп алудан абайлаңыз. Шығару құбырына майдың түсуі өткір иіс пен түтін шығарып, ерттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Егер мотор майы шығатын құбырға түссе, оны мұқият сүртіңіз.

Мотор майын толтыру үшін май құйғыш мойынның қақағын алып тастаңыз және мотор майын баяу құйыңыз. Майды қозғалтқышқа құйғаннан кейін, май деңгейін тексеруге арналған сүңгінің көмегімен май деңгейін тексеру керек.

## ЕСКЕРТПЕ

- Мотор майын артық құймау үшін майды суық қозғалтқыштағы жоғарғы деңгей белгісінен жоғары толтырмау керек.

- Егер қозғалтқыш мотор майын қосымша құйғаннан немесе ауыстырғаннан кейін бірден қосылған болса, мотор майының төмен деңгейінің сигнал шамы қосылған күйінде қалуы мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөлікті тегіс алаңға тоқтатыңыз және май деңгейі тұрақтанғанша бір минуттан ұзағырақ күте тұрыңыз, содан кейін сигнал шамы сөнеді. «Мотор майының төмен деңгейінің сигнал шамы» бөлімін қараңыз, 4160-б.

### ■ Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру

Май мен май сүзгісін ауыстыру автокөлікке техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Қысқа қашықтыққа жиі сапар шегу кезінде немесе автокөлікті өте төмен температура жағдайында пайдалану кезінде мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілгеннен жиі жасалуы керек.

### ЕСКЕРТПЕ

- Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыруды жақсы дайындалған маман жүргізуі керек. Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Жақсы дайындалған SUBARU дилерлік механиктері осы жұмыстарды орындау кезінде арнайы құралдарды, қосалқы бөлшектерді және ұсынылған майды пайдаланады, сонымен қатар

пайдаланылған майды дұрыс кедеге жаратады.

- Егер сіз майды өз бетіңізше ауыстырсаңыз, жергілікті заңнама талаптарын сақтаңыз және майды тиісті түрде кедеге жаратыңыз.

### ■ Ұсынылатын май класы және тұтқырлығы

#### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Тек ұсынылған кластағы және тұтқырлықтағы мотор майын пайдаланыңыз.

«Мотор майы» бөлімін қараңыз, 4458-б.

### ЕСКЕРТПЕ

Мотор майының тұтқырлығы (тығыздығы) отын шығынына әсер етеді. Тұтқырлығы неғұрлым төмен майлар отынның аз жұмсалуына ықпал етеді. Сонымен қатар тұтқырлығы жоғары майлар ыстық ауа райында жақсы майлауды және қозғалтқышты қорғауды қамтамасыз етеді.

### ■ Синтетикалық май

Сіз кәдімгі минералды мотор майларына қойылатын талаптарға сәйкес келетін синтетикалық мотор майын пайдалануыңыз керек. Синтетикалық майды пайдалану кезінде осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілген бірдей классификациядағы, тұтқырлықтағы және кластағы майды таңдауыңыз керек. «Мотор майы» бөлімін қараңыз, 4458-б. Сонымен қатар техникалық қызмет көрсету кестесінде келтірілген май мен май сүзгісін

ауыстыру аралықтарын сақтау керек. «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімін қараңыз, 4405-б.

### ЕСКЕРТПЕ

12-тарауда көрсетілген синтетикалық май класы мен тұтқырлығы қозғалтқыштың оңтайлы сипаттамаларына қол жеткізу үшін ұсынылады. Егер синтетикалық май қолжетімді болмаса, кәдімгі минералды майды пайдалануға болады.

## 11-7. Салқындату жүйесі

**⚠ ЕСКЕРТУ**

- Ешқашан радиатордың қақпағын қозғалтқышты өшірмей және оның толығымен салқындауына мүмкіндік бермей, шешуші болмаңыз. Салқындату сұйықтығы қысыммен тұратындықтан, радиатор қақпағын шешкен кезде шашыраған қайнап тұрған салқындату сұйықтығынан қатты күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Капот ашық болғанда радиатордың айналып тұрған желдеткішінен абайлаңыз. Қозғалтқыштың жоғары температурасы кезінде қозғалтқыш бөлігіндегі радиатор желдеткіші, тіпті қозғалтқыш жұмыс істемесе де, оталдыру жүйесінің қосқышы ON күйінде болған кезде жұмыс істеуі мүмкін. Радиатордың айналып тұрған желдеткішіне жанасу жарақатқа әкелуі мүмкін.

**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Өндіруші зауытта автокөлігіңіздің салқындату жүйесі  $-36\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $-33\text{ }^{\circ}\text{F}$ ) дейінгі температурада қатып қалуға төзімді және барлық маусымға арналған жоғары сапалы коррозияға қарсы салқындатқыш сұйықтықпен толтырылған. Өрқашан тек түпнұсқа SUBARU SUPER COOLANT салқындатқыш сұйықтығын немесе оның аналогін (құрамында амині жоқ


салқындатқыш сұйықтықты) пайдаланыңыз.

- Егер салқындатқыш сұйықтық концентратын сумен араластыру қажет болса, міндетті түрде жұмсақ суды (немесе таза ауыз суды) пайдаланыңыз және су мен концентраттың қажетті пропорциясын сақтаңыз.
- Өртүрлі типтегі салқындатқыш сұйықтықтарды араластыру және/немесе кермек сумен араластыру қозғалтқыш компоненттерінің ұзақ қызмет етуін төмендетуді, салқындату жүйесінің бітелуін, салқындатқыш сұйықтықтың ағуын және қызып кету нәтижесінде қозғалтқыштың зақымдануын қоса алғанда (бірақ олармен шектелмей), өртүрлі проблемаларға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты өртүрлі типтегі салқындату сұйықтықтарын ешқашан араластырмаңыз және/ немесе мұздату температурасы күтілмеген жағдайларда да сұйылту үшін кермек суды пайдаланбаңыз.
- Боялған бөлшектерге қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының шашырауына жол бермеңіз. Салқындату сұйықтығының бойындағы спирт боялған бетті зақымдауы мүмкін.

### ■ Радиатор желдеткіші, құбыр-шектер және қосылыстар

Сіздің автокөлігіңізде қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын белгілі бір температураға дейін қыздыру кезінде температура датчигінің сигналы бойынша

қосылатын радиатордың электр желдеткіші орнатылған.



1 Қалыпты жұмыс диапазоны


Егер радиатор желдеткіші қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші қалыпты жұмыс диапазонының шегінен асып кеткен жағдайда да қосылмаса, бұл радиатор желдеткішінің электр тізбегіндегі ақаулықты көрсетуі мүмкін. «Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші» бөлімін қараңыз, 153-б.

Балқымалы сақтандырғыштың күйін тексеріп, қажет болған жағдайда оны ауыстырыңыз. «Сақтандырғыштар» бөлімін қараңыз, 446-б. Егер сақтандырғыш күймесе, қозғалтқыштың салқындату жүйесін тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Егер сервис орталығына бару арасында салқындатқыш сұйықтықты жиі толтыру қажет болса, SUBARU ресми дилерінде автокөлік қосылыстарының ағуын, зақымдануын және әлсіреуін тексерту ұсынылады.

■ Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы

▼ Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру




- 1 Толық деңгей белгісі (FULL)  
2 Төмен деңгей белгісі (LOW) A САЛҚЫНДАТҚЫШ СҰЙЫҚТЫҚ

В ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҚАРАҢЫЗ


Салқындату сұйықтығының деңгейін автокөлікке отын құйған сайын тексеріңіз.

1. Кеңейткіш бактың сыртындағы белгілер бойынша салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін қозғалтқыш қыздырылмаған кезде тексеріңіз.
2. Егер сұйықтық деңгейі LOW белгісіне жақындаса немесе осы белгіден төмен түссе, салқындату сұйықтығын FULL белгісіне дейін толтырып құйыңыз.




- A Радиатор қақпағы  
B Салқындату сұйықтығы түтікшесінің қақпағы  
**Қақпақтағы жапсырма**  
a НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!  
b ЫСТЫҚ КҮЙІНДЕ АШУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.  
c 108 кПа  
d 137 кПа

3. Егер кеңейткіш бақта салқындату сұйықтығы болмаса, радиатордың қақпағын ашыңыз да, суретте көрсетілгендей салқындату сұйықтығын құю аузының астындағы деңгейге дейін толтырып құйыңыз.



- 1 Салқындату сұйықтығын осы деңгейге дейін құйыңыз.



4. Салқындату сұйықтығын кеңейткіш баққа және радиаторға толтырғаннан кейін, радиатор қақпағының резеңке тығыздағыштарының дұрыс орналасқанына көз жеткізіп, оған қақпақты орнатыңыз.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Толтыру кезінде салқындату сұйықтығын төгіп алмау үшін абайлаңыз. Газ шығару құбырына тиген салқындату сұйықтығынан түтін шығуы, сонымен қатар өрт пайда болуы мүмкін. Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы газ шығару құбырына тисе, оны мұқият сүртіп алыңыз.
- Боялған бөлшектерге қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының шашырауына жол бермеңіз. Салқындату сұйықтығының бойындағы спирт боялған бетті зақымдауы мүмкін.

### ▼ Салқындату сұйықтығын ауыстыру

Салқындату сұйықтығын ауыстыру белгілі бір қиындық тудырады. Салқындату сұйықтығын ауыстыру қажет болса, SUBARU дилеріне ауыстыруды ұсынамыз.

Салқындату сұйықтығын «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімінде келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру қажет, ☎405-б.

## 11-8. Ауа сүзгісінің сүзу элементі

### А ЕСКЕРТУ

Ауа сүзгісінің сүзу элементінсіз қозғалтқыштың жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Ол кіретін ауаны тазартып қана қоймайды, сонымен қатар қозғалтқыштың кері жалындауында жалын сөндіргіш ретінде қызмет етеді. Қозғалтқыштың кері жалындауы кезінде ауа сүзгісінің сүзу элементі болмағандықтан күйік шалуы мүмкін.

### А АБАЙЛАҢЫЗ


Ауа сүзгісінің сүзу элементін ауыстыру кезінде түпнұсқа SUBARU сүзу элементін пайдаланыңыз. Түпнұсқа емес сүзу элементін пайдалану қозғалтқыштың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Ауа сүзгісінің сүзу элементі механикалық сүзгі сияқты жұмыс істейді. Элементтің сүзгі беті зақымдануы немесе оның болмауы қозғалтқыштың тозуын жеделдетеді және оның қызмет ету мерзімін қысқартады.


Ауа сүзгісінің сүзгіш элементі ретінде құрғақ түрдегі элемент пайдаланылады. Ауа сүзгісінің сүзу элементі тазалауды немесе жууды қажет етпейді.




■ Ауа сүзгісінің сүзу элементін ауыстыру




1. Қақпақтың алдыңғы бөлігін көтеріңіз, содан кейін суретте көрсеткішпен көрсетілгендей қақпақтың артқы бөлігін автокөліктің артқы бөлігіне қарай жылжытыңыз.




1. Сым орамын бекіткіш
2. Сым орамының бекіткішін алып тастаңыз.




1. Қысқыштар
3. Ауа сүзгісі корпусының алдыңғы жағын ұстап тұрған екі қысқышты ашыңыз.



4. Ауа сүзгісінің корпусын (артқы бөлігін) ашып, қақпақты көтеріп, артқа шығарыңыз.



5. Ауа сүзгісінің сүзу элементін алыңыз.
6. Ауа сүзгісі корпусының ішкі бөлігін (алдынан да, артынан да) ылғалды матамен тазалап, жаңа сүзгі элементін орнатыңыз.



7. Ауа сүзгісі корпусының артқы жағын орнату үшін ауа сүзгісі корпусының артындағы үш шығыңқы жерді ауа сүзгісі корпусының алдыңғы жағындағы ойықтарға салыңыз.
8. Орнатуды шешу тәртібіне қарсы ретпен орындаңыз.

## 11-9. Оталдыру білтелері

Оталдыру білтелерін ауыстыру белгілі бір қиындық тудырады. Оталдыру білтелерін ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Оталдыру білтелерін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру қажет. «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімін қараңыз, 405-б.

### ■ Ұсынылатын оталдыру білтелері

«Электр жабдығы» бөлімін қараңыз, 461-б.

## 11-10. Жетек белдігі

Автокөліктің қозғалтқышы автоматты белдік тартқышымен жабдықталғандықтан, жетек белдігінің бүгілуін мерзімді түрде тексеру қажет емес. Дегенмен белдікті ауыстыру «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімінде келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізілуі керек, 405-б. Оларды ауыстыру қажет болса, SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз. Белдік әлсіреген кезде, сондай-ақ онда жарықтар немесе тозу белгілері болған кезде, SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

## 11-11. Сатысыз беріліс қорабына арналған жұмыс сұйықтығы

Сұйықтық деңгейін тексеруге арналған сүңгі жоқ. Сатысыз беріліс қорабы үшін жұмыс сұйықтығының деңгейін тексерудің қажеті жоқ. Алайда қажет болған жағдайда тексеру үшін SUBARU дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

## 11-12. Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған трансмиссия майы

Май деңгейін тексеруге арналған сүңгі жоқ. Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған трансмиссия майының деңгейін тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

### ■ Ұсынылатын май класы және тұтқырлығы

Әрбір май өндіруші өзінің негізгі майлары мен қоспаларын пайдаланады. Өртүрлі өндірушілердің майларын араластыруға жол бермеңіз. Толығырақ ақпаратты «Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған трансмиссия майы» бөлімінен қараңыз, ☎460-б.

### АБАЙЛАҢЫЗ

Көрсетілгеннен өзгеше дифференциалға арналған трансмиссия майын қолдану автокөлік сипаттамаларының нашарлауына әкелуі мүмкін.

## 11-13. Тежегіш сұйықтығы

### ■ Сұйықтық деңгейін тексеру

#### ЕСКЕРТУ


- Тежегіш сұйықтығының көзге түсуіне жол бермеңіз, өйткені ол көзге зиянды. Егер тежегіш сұйықтығы сіздің көзіңізге тисе, оны дереу таза су ағынымен шайыңыз. Қауіпсіздік мақсатында осы жұмысты орындау кезінде қауіпсіздік көзілдірігін кию ұсынылады.
- Тежегіш сұйықтығы ауадағы ылғалды сіңіреді. Тежегіш сұйығында ылғалдың болуы автокөліктің тежеу өнімділігін едәуір нашарлатуы мүмкін.
- Сұйықтықты жиі құю қажеттігі ағатын ақаулар болуын көрсетуі мүмкін. Ақау бар деген күмән туындаған кезде, автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Тежегіш сұйықтығын құйған кезде өтемдік баққа балшық түсірмеңіз.
- Тежегіш сұйықтығын боялған беттерге немесе резеңке бөліктерге шашыратпаңыз. Тежегіш сұйықтығындағы спирт оларды зақымдауы мүмкін.

- Толтыру кезінде тежегіш сұйықтығын төгіп алмау үшін абайлаңыз. Газ шығару құбырына тиген тежегіш сұйықтығынан түтін шығуы, сонымен қатар өрт пайда болуы мүмкін. Егер тежегіш сұйықтығы шығару құбырына тисе, оны мұқият сүртіп алыңыз.

Ай сайын көлікті тегіс жерге орнатып, өтемдік бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.



- 1 MAX деңгейінің сызығы
- 2 MIN деңгейінің сызығы

Тежегіш сұйықтығының деңгейін міндетті түрде өтемдік бактың сыртындағы белгілер бойынша тексеріңіз. Егер сұйықтық деңгейі MIN белгісінен төмен түссе, өтемдік бакқа MAX белгісіне дейін тежегіш сұйықтығын құйыңыз.

Тек бітеу ыдыста сақталатын тежегіш сұйықтығын қолданыңыз.

## ■ Ұсынылатын тежегіш сұйықтығы

«Пайдалану сұйықтықтары» бөлімін қараңыз, 461-б.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Әртүрлі маркалы тежегіш сұйықтықтарын араластыруға жол бермеңіз. Оған қоса, бір өндірушіден болса да, DOT 3 және DOT 4 тежегіш сұйықтықтарын бір-бірімен араластырмаңыз.

## 11-14. Тежегіш педалі

Автокөліктің техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес тежегіш педалінің еркін жүруін және еденге дейінгі қашықтықты тексеріңіз.

## 11-15. Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші

Өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші келесі жағдайларда тиісті түрде жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз:


1. Көтерілу кезінде автокөлікті қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған күйінде тежегіш педалін басып, тоқтатыңыз.
2. Тежегіш педалін жібергеннен кейін бірнеше секунд бойы автокөліктің артқа қарай қозғалмайтынына көз жеткізіңіз.
3. Содан кейін әдеттегі іске қосу процедурасын орындаңыз және автокөліктің көтеріле бастағанына көз жеткізіңіз.

Егер өрде орыннан қозғалу кезіндегі көмекші жоғарыда сипатталғандай жұмыс істемесе, SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

## 11-16. Тежегіш қыспақтарын ауыстыру

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер тежегіш қыспақтарының тозуының дыбыстық индикаторлары шығарған қатты шықырлауға қарамастан, сіз автокөлігіңізді пайдалануды жалғастыра берсеңіз, онда бұл тежегіш дискіні жөндеу немесе ауыстыру үшін қымбат операцияны қажет етеді.
- Тежегіш қыспақтарын ауыстыру алдында автокөліктің қосымша 12 вольтті батареясын ажырату ұсынылады. Алайда қосымша 12 В аккумулятор батареясын өшіру қауіп-қатермен байланысты. Тежегіш қыспақтарын ауыстыру жұмыстарын өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жасатуға кеңес береміз.



Дискілі тежегіштер тежегіш қыспақтарының тозуының дыбыстық индикаторларымен жабдықталған. Тежегіш қыспақтарының тозу дәрежесі нормативтік шегіне жақындаған кезде, тежегіш педалін басқанда, тозу индикаторы өте қатты шықырлаған дауыс береді.

Егер сіз тежегіш педалін әр басқан сайын осындай шықырлаған дыбыс естісеңіз, мүмкін болған кезде тежегіш қыспақтарын ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

### ■ Жаңа тежегіш қыспақтарының үйкелісі

Тежегіш қыспақтарын ауыстыру кезінде тек SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін қолдануды ұсынамыз. Ауыстырғаннан кейін төменде көрсетілгендей жаңа бөлшектердің үйкелісін жүргізу қажет.

### ▼ Тежегіш қыспақтары

Автокөліктің жылдамдығын 50–65 км/сағ (30–40 миль/сағ) деңгейінде ұстап тұрып, тежегіш педалін аздап басыңыз. Бұл әрекетті кем дегенде бес рет қайталаңыз.

### ЕСКЕРТУ

Тежегіштер үйкелісі үшін қауіпсіз орын мен ортаны таңдау керек.

## 11-17. Шиналар мен дөңгелек дискілері

### ■ Шина түрлері

Сіз өзіңіздің автокөлігіңізге орнатылған шиналардың түрін білуіңіз керек.

### ▼ Барлық маусымдық шиналар

Барлық маусымдық шиналар, тіпті қарлы және мұзды жолдарда жүргенде де, жыл бойына жеткілікті дәрежеде басқаруды, жол жамылғысына ілінісу күшін және автокөліктің тежегіш сипаттамаларын қамтамасыз етуге арналған. Дегенмен барлық маусымдық шиналар борпылдақ қармен немесе қардың терең қабатымен жабылған жолдарда, сондай-ақ қысқы (бүрлі) шиналар қамтамасыз ететін мұзды жолдарда бірдей іліністі қамтамасыз ете алмайды.

Барлық маусымдық шиналардың бүйір бетінде ALL SEASON («БАРЛЫҚ МАУСЫМДЫҚ») және/немесе M + S («балшық және қар») деген жазуы бар.

### ▼ Жазғы шиналар

Құрғақ ауа райында, автомагистральда жоғары жылдамдықпен жүру үшін жазғы шиналар жақсы.

Жазғы шиналар тайғақ (қарлы немесе мұзды) жолдарда жүруге жарамайды.

Қарлы немесе мұзды жолдарда жүру үшін міндетті түрде қысқы шиналарды қолдануды ұсынамыз.

Қысқы шиналарды орнатқан кезде барлық төрт дөңгелектегі шиналарды ауыстыруды ұмытпаңыз.

### ▼ Қысқы шиналар

Қысқы шиналар қарлы және мұзды жолдарда жүру үшін жақсы. Сонымен қатар қысқы шиналар басқа жолдармен жүру кезінде жазғы және барлық маусымдық шиналардан жүру сапасы төмен болады.

### ■ Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)

Егер шинадағы қысым айтарлықтай төмендесе, шиналардағы қысымды бақылау жүйесі жүргізушіге әр дөңгелекке орнатылған датчиктерден сигнал бойынша ескерту хабарламасын береді. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі автокөлік қозғалысы кезінде ғана іске қосылады. Оған қоса, бұл жүйе шинадағы қысымның күрт төмендегенін (мысалы, өткір затты басып кеткен кездегі жарылу) дереу көрсетпеуі мүмкін.

Егер сіз шиналардағы қысымды жылы көлікжайда қалыпқа келтірсеңіз, содан кейін температура айтарлықтай төмен көшеге шықсаңыз, шиналардағы қысымның төмендеуі шиналардағы төмен қысымның сигнал шамының қосылуына әкелуі мүмкін. Бұл проблеманы болдырмау үшін жылы көлікжайда шиналардағы қысымды нормаға келтіру кезінде шиналарды жапсырмада көрсетілген қысымға қарағанда неғұрлым жоғары қысымға дейін толтырыңыз. Атап айтқанда көлікжайдағы температура мен сыртқы температура арасындағы айырмашылықтың әр 10 °C (5,6 °F) үшін оларды қосымша 6,9 кПа (0,07 кг/см<sup>2</sup>, 1 psi) шамасына үрлеп алыңыз. Төмендегі кестедегі мысалда, көлікжайдағы температура 15,6 °C (60 °F) болса, сыртқы температураның әртүрлі

мәндеріне сәйкес келетін шиналардағы қысымның қажетті мәндері көрсетілген.

**Мысалы:**

Шиналардың өлшемі: 215/50R17 91V

Шиналардағы ұйғарылған қысым:

Алдыңғы дөңгелектер: 250 кПа (2,5 кгк/см<sup>2</sup>, 36 psi)

Артқы дөңгелектер: 240 кПа (2,4 кгк/см<sup>2</sup>, 35 psi)

Көлікжайдағы температура: 15,5 °C (60 °F)

Сыртқы температура	Шиналардағы реттелген ауа қысымы [кПа (кгк/см <sup>2</sup> , psi)]	
	Алдыңғы бөлігі	Артқы бөлігі
-1 °C (30 °F)	270 (2,7, 39)	260 (2,6, 38)
-12 °C (10 °F)	285 (2,85, 41)	275 (2,75, 40)
-23 °C (-10 °F)	300 (3,0, 44)	290 (2,9, 42)

Егер шиналардағы қысымды жылы көлікжайда реттегеннен кейін, автокөлік сыртқы ауаның төмен температурасында қозғалып, шиналардағы төмен қысымды ескерту шамы қосылса, жоғарыда сипатталғандай қайта реттеңіз. Содан кейін автокөлікті кем дегенде 40 км/сағ (25 миль/сағ) жылдамдатыңыз және шинадағы төмен қысымның сигнал шамының бірнеше минуттан кейін өшірілетініне көз жеткізіңіз. Егер шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы өшпесе, шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің жұмысы қалыпты болмауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек баруды ұсынамыз.

Қозғалыс кезіндегі шина мен жол жабынының арасындағы үйкеліс шинаның қызуына әкеледі. Шиналардағы төмен қысымның сигнал шамын қосқаннан кейін, сыртқы

температураның немесе шиналардағы температураның өсуінен туындайтын шиналардағы қысымның кез келген артуы шиналардағы төмен қысымның сигнал шамының өшуіне әкелуі мүмкін.

Өткізу нарығында сатылатын кейбір дөңгелек дискілеріне TPMS жүйесінің шұраларын орнату мүмкін емес. Сондықтан дөңгелектерді ауыстыру кезінде (мысалы, қысқы шиналарға ауысу кезінде) стандартты жиынтықта орнатылатын бөлшектердің нөмірімен дөңгелек дискілерін пайдаланыңыз. Шиналардағы қысымның жұмысқа қабілетті төрт датчигі болмаса, шиналардағы қысымды бақылау жүйесі толыққанды жұмыс істемейді және алдыңғы панельдегі сигнал шамы жыпылықтағаннан кейін шамамен бір минут бойы үздіксіз жанады.

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Егер шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы оталдыру құлпын қосылған күйге ауыстырғаннан кейін қысқаша жанбаса немесе шам жыпылықтағаннан кейін шамамен бір минут бойы үздіксіз жанса, біз SUBARU дилерінде шиналардағы қысымды бақылау жүйесін мүмкіндігінше тезірек тексеруді ұсынамыз.
- Егер бұл шам қозғалыс кезінде қосылса, кенеттен тез төжемеңіз, жылдамдықты біртіндеп төмендетіп, тіке жүре беріңіз. Содан кейін жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөліктің қатты зақымдалуына және ауыр жарақат алу

жағдайларына ұласатын апат орын алуы мүмкін.

Егер бұл шам шиналардағы қысымды реттегеннен кейін қозғалыс кезінде жануын жалғастырса, шина желдің тез шығуына әкелетін едәуір зақым алуы мүмкін. Шинадағы қысым төмендеген жағдайда «Желі шыққан шиналар» бөлімін қараңыз, ☎368-6.

- Егер қосалқы дөңгелек орнатылып тұрса немесе түпнұсқа қысым датчигі/таратқыш ауыстырылған дөңгелектің дискісіне көшірілмесе, шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады. Бұл TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті қадағалауға қабілетсіз екенін көрсетеді. Шиналар мен датчиктерді ауыстыру және/немесе жүйе баптауларын қалпына келтіру үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз. Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.
- Егер шина сұйық герметикпен жөнделсе, шинадағы қысымның датчигі мен таратқыш дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер сұйық герметик қолданылған болса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жақын маңдағы SUBARU дилеріне немесе басқа білікті сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі. Шинаны ауыстырған кезде шинадағы қысым датчигі мен таратқышты ауыстыруды

Техникалық Қызмет көрсету

ұмытпаңыз. Дөңгелек дискісінің зақымдалған жерлері болмаса, ал герметиктің қалдықтары жақсылап жойылған болса, оны қайта пайдалануыңызға болады. Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

#### ▼ TPMS шұрасын өздігінен тіркеу

Дөңгелектерді ауыстыру кезінде (мысалы, қысқы шиналарды орнату кезінде) немесе дөңгелекке жаңа TPMS шұрасын орнату кезінде TPMS шұрасын өздігінен тіркеуді орындау қажет. TPMS шұрасын өздігінен тіркеу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Автокөлікке TPMS шұралары бар дөңгелектерді орнатыңыз.
2. Шиналардағы қысымды белгіленген мөнге дейін реттеңіз. Шиналардағы ұйғарылған қысым туралы ақпаратты «Шиналар» бөлімінен қараңыз, ☛462-б.
3. Шамамен 6 км (4 миля) жолды 40 км/сағ (25 миля/сағ) шамасынан асатын жылдамдықпен немесе шиналардағы төмен қысымның сигнал шамы сөнгенге дейін жүріңіз.

#### ЕСКЕРТПЕ

- TPMS жүйесінің шұраларын орнату кезінде тек түпнұсқа SUBARU бөлшектерін пайдаланыңыз.
- TPMS шұраларын тіркеуді SUBARU дилерінен де орындауға болады. SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

#### ■ Шиналардың жағдайын тексеру

Күн сайын автокөлік шиналарының елеулі зақымдану белгілері бар-жоғын тексеріңіз, сондай-ақ қадалған шегелер мен тастардың жоқтығын тексеріңіз. Сонымен бірге шиналардың шамадан тыс тозуын тексеріңіз. Егер сізде қандай да бір мәселе туындаса, дереу SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.


#### ЕСКЕРТПЕ

- Жиекке тигеннен кейін немесе автокөлікті ауыр жағдайда қолданғаннан кейін (мысалы, бұзылған жолдармен жүру), сіздің автокөлігіңіздің дискілері мен шиналары көзге көрінбейтін зақым алуы мүмкін. Мұндай зақымдардың нәтижелері белгілі бір уақыттан кейін ғана айқын болады. Жиектерге кіруден аулақ болыңыз, жолдардағы шұңқырларға түспеуге және бұзылған жолдармен жүрмеуге тырысыңыз. Егер бұл жағдайды болдырмау мүмкін болмаса, жиектер мен басқа кедергілерді дұрыс бұрыштардан өтуге тырысып, автокөліктің жылдамдығын жаяу жүргіншінің жылдамдығына дейін төмендетіңіз. Сонымен қатар тұрақ кезінде автокөліктің шиналары жиекке жабысып қалмауын қадағалаңыз.
- Егер сіз автокөлігіңізді қозғаған кезде өдеттегідей емес діріл сезінсеңіз немесе түзу жолда автокөлікті рульмен жүргізу қиын болса, онда бұл сіздің автокөлігіңіздің шиналарының және/немесе дискілерінің біреуінің зақымдалғанын көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөлігіңізді тексеру үшін ең жақын ресми SUBARU дилеріне баяу баруды ұсынамыз.



## ■ Шиналардағы қысым және шиналардың тозуы

Шиналардағы қысымды дұрыс ұстау олардың қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Айына кемінде бір рет, сондай-ақ әрбір ұзақ сапардың алдында әрбір шинадағы қысымды тексеріңіз. Қажет болған жағдайда қысымды нормаға келтіріңіз.



Шиналардағы қысымның нормативтік шамасының кестесі

Қысымды тек шиналар салқын кезде тексеріңіз. Қысымды автокөліктегі арнайы жапсырмада көрсетілген мәндерге сәйкес келтіру үшін манометрді пайдаланыңыз. Шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының кестесі жүргізуші жақтағы ортаңғы тіреуде болады.

Қысқа сапардан кейін де шиналар қызады және олардағы ауа қысымы артады. Бұдан басқа, шиналардағы қысым сыртқы температураға байланысты болады. Жол жүру

алдында шиналардағы қысымды ашық ауада тексеру орынды.

Шина қызған кезде оның ішіндегі ауа кеңейеді, нәтижесінде шинадағы қысым да артады. Қысымды төмендету мақсатында қыздырылған шинадан ауаны қателесіп шығарып алмау үшін абайлаңыз.

## ЕСКЕРТПЕ


- Шина қызған кезде ондағы қысым шамамен 30 кПа (0,3 кгк/см<sup>2</sup>, 4,3 psi) шамасына артады.
- Автокөлік кем дегенде 3 сағат қозғалыссыз тұрғанда немесе 1,6 км (1 миля) шамасынан аз қашықтыққа жүргенде шиналар суық болып саналады.

## ▲ ЕСКЕРТУ

Шиналардағы қысымды реттеу үшін жылы шиналардан ауаны шығармаңыз. Бұл шиналардағы қысымның төмендеуіне әкеледі.


Шинаның сәйкес емес қысымы автокөліктің маневрлігін және қозғалыс ыңғайлылығын нашарлатып қана қоймайды, сонымен қатар шиналардың тозуының жоғарылауына ықпал етеді.

- Шинадағы дұрыс қысым (протектордың тозуы біркелкі)




Жол төсемімен ілінісуі жақсы, автокөлік руль бұрылыстарына нақты жауап береді. Тербеліске қарсылық төмен болғандықтан, бұл отын шығынын да азайтады.

- Желі шыққан шина (протектор шеттері тозған).



Тербеліске қарсылық жоғары болғандықтан, отын шығынын арттырады.

- Шинадағы шамадан тыс жоғары қысым (протектордың ортасының тозуы)



Сапардың жайлылығы төмен. Сонымен қатар шина автокөлікке жол жамылғысының әсерін күшейтеді, бұл автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Егер шиналар толық тиелген автокөлікке арналған шиналарда ұйғарылған қысым көрсетілген жапсырмадағы деректерге сәйкес келетін қысым мөндеріне дейін толтырылса, автокөлікті нақты тиеу деректеріне сәйкес шиналардағы қысымды реттеңіз.

### ЕСКЕРТУ

Шиналардағы қысымның едәуір төмендеуі кезінде жоғары жылдамдықпен қозғалу шиналардың қатты деформациялануына және олардың тез қызуына әкелуі мүмкін. Температураның күрт өсуінен протектор қабыршақтануы және шиналар бұзылуы мүмкін. Нәтижесінде көлікті басқаруды жоғалту жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.

### ■ Дөңгелектерді теңгеру

Сіздің автокөлігіңіздің барлық дөңгелектері автокөлікті құрастыру кезінде дұрыс теңдестірілген, бірақ шиналар тозған сайын автокөлікті пайдалану кезінде дөңгелектердің теңгеруі бұзылады. Дөңгелектердің теңгерімінің бұзылуы рульдің белгілі бір жылдамдықта тербелуіне, сондай-ақ автокөліктің түзу қозғалыстан ауытқуына себеп болады. Сонымен қатар дөңгелектердің теңгерімінің бұзылуы рульді басқару жүйесіне және автокөліктің аспасына зақым келтіруі мүмкін, сонымен қатар шиналардың біркелкі тозуына алып келеді. Дөңгелектердің теңгерімі бұзылған деп күдіктенген кезде, дөңгелектердің күйін тексеру және оларды теңгеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Сонымен қатар дөңгелектерді теңгеру шиналарды жөндеуден кейін және орындарын ауыстырып салғаннан кейін жүргізілуі керек.


### АБАЙЛАҢЫЗ

Дөңгелектерді орнату бұрыштарының бұзылуы шиналардың бір жағынан көбірек тозуына ғана емес, сонымен қатар автокөлік тұрақтылығының төмендеуіне әкеледі. Шиналардың қалыптан тыс тозуы анықталса, SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Тіке қозғалыстың оңтайлы тұрақтылығын, сондай-ақ бұрылыстардағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін сіздің автокөлігіңіздің аспа құрылымы әр дөңгелектің басқа дөңгелектерге де, жол төсеміне де қатысты белгілі бір бұрышқа орнатылуын қамтамасыз етеді.

### ■ Тозу индикаторлары



- 1 Жаңа протектор
- 2 Тозған протектор
- 3 Протектордың тозу индикаторы

Әрбір шинада тозу индикаторы бар, ол шинаның ойықтарының тереңдігі 1,6 мм (0,063 дюйм) шамасына дейін төмендеген кезде көрінеді. Тозу индикаторының үздіксіз көлденең жолағы көрінген кезде шинаны ауыстыру керек.


## ⚠ ЕСКЕРТУ

Тозу индикаторы көрінетін болған кезде, бұл шинаның тозу деңгейі рұқсат етілген шектен асып кеткенін және шина дереу ауыстырылуы керек екенін көрсетеді. Егер сіз осындай шинамен автокөлікті пайдалануды жалғастырсаңыз, онда ылғал ауа райында жоғары жылдамдықпен жүру кезінде автокөлік аквакалықтау режиміне өтуі мүмкін. Осыдан кейін автокөлікті басқара алмай қалып, апаттық жағдай туындауы мүмкін.

## ЕСКЕРТПЕ

Жалпы қауіпсіздік мақсатында шиналардың тозу индикаторлары пайда болғанға дейін шиналарды ауыстырып, олардың жай-күйін үнемі тексеріп отырыңыз.

### ■ Шиналардың айналу бағыты




Бүйірінде көрсетілген шиналардың айналу бағытының мысалы

- 1 Алдыңғы бағыт


Егер шиналар белгілі бір айналу бағытына ие болса, бүйір бетінде көрсетілген көрсеткішке назар аударыңыз. Дөңгелектерді орнатқан кезде көрсеткіш алға бағытталуы керек.

■ Шиналарды алмастырып салу



Белгілі бір айналу бағыты жоқ 4 шиналы модельдер

1 Алдыңғы бағыт



Бір бағытты шиналары бар модельдер

1 Алдыңғы бағыт

Әдетте әртүрлі дөңгелектердегі шиналардың тозуы әртүрлі. Әр шинаның қызмет ету мерзімін ұзарту және олардың біркелкі тозуын қамтамасыз ету үшін оларды әр 10 000 км (6000 миля) жүргеннен кейін ауыстыру керек. Шиналардың орнын әр ауыстырған кезде олардың орналасуын берілген сызбаларға сәйкес өзгертіңіз.

Шиналарды алмастырып салумен бірге, зақымданған шиналарды немесе біркелкі тозбаған шиналарды ауыстыру керек. Шиналардың орнын ауыстырғаннан кейін, шиналардағы қысымды реттеңіз, сонымен қатар дөңгелектерді бекіту сомындарының беріктігін тексеріңіз.

Шамамен 1000 км (600 миля) жүргеннен кейін дөңгелек сомындарының тартылуын қайта тексеріңіз және босаған сомындарды тартыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Шиналарды алмастырып салу белгілі бір қиындық тудыруы мүмкін. Шиналарды алмастырып салу үшін SUBARU дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

■ Шиналарды ауыстыру

Дискілер мен шиналар сіздің автокөлігіңіздің маңызды және ажырамас бөлшектері болып табылады, оларды өздігінен өзгертуге болмайды. Автокөліктің стандартты жиынтығының құрамына кіретін шиналар жоғары жүріс сапасы мен жайлылығын үйлестіретін, сондай-ақ сіздің автокөлігіңіздің ұзақ қызмет мерзіміне ықпал ететін автокөлігіңіздің оңтайлы пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін іріктелген. Сіздің автокөлігіңіздің әрбір

шинасының өлшемі, конструкциясы, жылдамдық индексі мен жүктемесі шиналардағы белгіленген қысымды көрсете отырып, жапсырмадағы деректерге сәйкес келуі өте маңызды.

Белгіленген өлшемдерге сәйкес келмейтін шиналарды пайдалану автокөліктің басқарылуын, сапарлардың жайлылығын төмендетеді, автокөліктің тежегіш сипаттамасын нашарлатады, спидометр мен одометр көрсеткіштерінің бұрмалануына әкеледі. Бұл дөңгелектер мен автокөлік шаңағының арасында дұрыс емес алшақтық жасайды, сондай-ақ осы автокөлік үшін қарастырылған клиренс өзгереді.

Барлық төрт шинаны бір өндіруші шығаруы керек, бірдей маркаға (протектор суреті), бірдей құрылым мен өлшемге ие болуы керек. Шиналарды ауыстыру кезінде тек автокөлігіңіздің стандартты жинақтамасына сәйкес келетін шиналарды ғана орнатуды ұсынамыз.

Автокөліктің қауіпсіздігін арттыру үшін SUBARU барлық төрт шинаны бір уақытта ауыстыруды ұсынады.

**▲ ЕСКЕРТУ**

- Шиналарды (шинаны) ауыстырған немесе орнатқан кезде барлық төрт шинаның төмендегі сипаттамалары бірдей болуы тиіс.
  - (а) Өлшемі
  - (ә) Жылдамдық индексі
  - (б) Жүктеме индексі
  - (в) Шеңбер ұзындығы
  - (г) Құрылымы

- (ғ) Өндіруші
- (д) Модель (протектор бедері)
- (е) Тозу дәрежесі

(а)–(б) сипаттамаларына қатысты шиналардағы тағайындалған қысым мәні көрсетілген жапсырмадағы талаптар сақталуы тиіс. Шиналардағы тағайындалған қысым мәні көрсетілген жапсырма жүргізуші есігінің тіреуіне орналастырылған.

Егер барлық төрт шинаның (а)–(е) сипаттамалары әртүрлі болса, бұл автокөлік жетегінің күрделі механикалық ақаулығына алып келуі және төмендегілерге әсер етуі мүмкін:

- Жүріс сапасы
- Басқарылу
- Тежеу
- Спидометрді/одометрді калибрлеу
- Шанақ пен шиналар арасындағы саңылау

Бұл да қауіпті болуы мүмкін және автокөлікті басқара алмай қалып, апатқа ұшыратуы мүмкін.

- Тек радиалды шиналарды қолданыңыз. Радиалды және диагоналды немесе диагоналды-белдеуленген шиналарды бір уақытта қолдануға жол бермеңіз.

Бұл автокөлікті басқаруға қауіпті әсер етуі мүмкін және апатқа әкелуі мүмкін.

### ▼ Ауыстыру тәртібі

#### ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті еңісте немесе тұрақсыз негізде домкратпен көтермеңіз. Домкрат тірек нүктесінен шығып кетуі немесе жерге батуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеледі.
- Автокөлікті жеткізу жиынтығына кіретін домкрат пен домкрат тұтқасын ғана пайдаланыңыз. Автокөлікпен жеткізілетін домкрат тек шиналарды ауыстыруға арналған. Домкратқа сүйенген кезде дененің қандай да бір бөлігін ешқашан автокөліктің астына қоймаңыз. Бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.
- Автокөлікті домкратпен көтерер алдында онда адамдардың немесе жүктің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Егер домкрат үстінде немесе оның астында қандай да бір зат болса, автокөлікті көтеруші болмаңыз. Домкрат тұрақтылығын жоғалтуы мүмкін, бұл жазатайым оқиғаға әкеледі.
- Автокөлікті домкратпен көтерген кезде, автокөліктің дөңгелектері домкраттардың көмегімен ілінбес бұрын, е-BOXER жүйесін әрқашан өшіріңіз. Домкратқа сүйеніп тұрған автокөлікті ешқашан шайқамаңыз немесе итермеңіз. Домкратты итеру нәтижесінде тірек нүктесінен шығып кетуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеледі.

- Автокөлікті домкраттың көмегімен көтерер алдында барлық жолаушылар автокөліктен шығуға тиіс. Автокөлікті ондағы адамдармен көтеру ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.
- Домкратта тұрған кезде автокөлікті іске қоспаңыз. Бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.


#### АБАЙЛАҢЫЗ

Шинаны алу және орнату кезінде тежегіш дискісінің тірек пластинасын ұрмаңыз немесе деформацияламаңыз. Деформация нәтижесінде тірек пластинасы автокөлік қозғалысы кезінде тежегіш дискісін соға бастайды.

### ЕСКЕРТПЕ

Сервистік шеберхана жағдайында кәсіби домкратпен автокөлікті көтеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.


1. Мүмкіндігінше автокөлікті қатты және тегіс жерде тоқтатыңыз, содан кейін е-BOXER жүйесін өшіріңіз.
2. Тұрақ тежегішін мықтап қатайтыңыз және селектор тұтқасын Р («тұрақ») күйіне қойыңыз.
3. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және барлық жолаушылар мен багажды автокөліктен түсіріңіз.




4. Ауыстырылатын дөңгелектен бастап диагональ бойынша орналасқан дөңгелектің алдына және артына сырғуға қарсы тіреулерді қойыңыз.
5. Домкратты, домкрат тұтқасын және баллон кілтін алыңыз. «Борттық құрал-сайман» бөлімін қараңыз, 366-б.

## ЕСКЕРТПЕ

Домкратты пайдалану алдында оның жақсы майланғанын тексеріңіз.




6. Баллон кілтінің көмегімен дөңгелек сомындарын босатыңыз (бірақ шешпеңіз!).




### Домкраттың тірек нүктелері

7. Домкратты ауыстырылатын шинаға жақын алдыңғы немесе артқы тірек нүктесінде табалдырықтың астына орнатыңыз.




Домкрат винтін домкрат басы тірек нүктесіне кіргенге дейін қолмен бұраңыз.



900588


8. Домкрат тұтқасын баллон кілтінің тесігіне салыңыз.




900749

9. Домкрат тұтқасын винтке салыңыз және шина жерге түскенге дейін тұтқаны бұраңыз. Автокөлікті қажет болғаннан жоғары көтермеңіз.

10. Алмастыруға жататын дөңгелек сомындары мен шинаны алып тастаңыз.



900009



900073


11. Жаңа шинаны орнатар алдында дөңгелек пен күпшектің монтаждау бетін матамен тазалаңыз.

12. Жаңа шинаны орнатыңыз. Дөңгелек сомындарын орнына орнатыңыз. Оларды қолмен тартыңыз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

Жаңа шинаны орнату кезінде болттарға немесе сомындарға май немесе майлағыш жағуға болмайды. Бұл сомындардың босауына және апатқа әкелуі мүмкін.

13. Домкраттың тұтқасын теріс бағытта бұрап, автокөлікті түсіріңіз.



600192

14. Баллон кілтінің көмегімен дөңгелек сомындарын суретте көрсетілген реттілікпен белгіленген сәтке сай сенімді етіп тартыңыз.

Дөңгелек сомындарын тарту сәтін «Шиналар» бөлімінен қараңыз, 462-б. Аяғыңызды ешқашан баллон кілтіне қоймаңыз және баллон кілтінің ұзартқышын пайдаланбаңыз, өйткені сіз

белгіленген керу сәтін асыруыңыз мүмкін. Жақын маңдағы сервис орталығында дөңгелек сомындарының тартылу сәтін тексеріңіз.

15. Домкратты, домкрат тұтқасын және баллон кілтін белгіленген сақтау орындарында сақтаңыз.

### ЕСКЕРТУ

Ешқашан алып тасталған шинаны немесе шиналарды ауыстыру құралдарын ауыстырғаннан кейін көлік салонына салмаңыз. Кенеттен тоқтаған немесе соқтығысқан кезде бос жабдықтар жолаушыларға ұшып, жарақат әкелуі мүмкін. Барлық құралдарды тиісті орнында сақтаңыз.

### ■ Дөңгелек дискілерін ауыстыру

Дискілерді, мысалы, бүлінгендіктен ауыстырған кезде, жаңа дискілер стандартты жинақтағы дискілердің техникалық сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Қосалқы дискілерді SUBARU дилерлерінен сатып алуға болады.

### ЕСКЕРТУ

Тек техникалық сипаттамалары сіздің автокөлігіңізде қолдануға жарамды дөңгелек дискілерін ғана қолданыңыз. Бұл талаптарға сай келмейтін дискілер тежегіш суппортының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін, сонымен қатар бұрылыс кезінде шиналардың дөңгелек доғаларына үйкелуіне себеп болуы мүмкін. Нәтижесінде көлікті басқаруды жоғалту жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.

### ЕСКЕРТПЕ

Шиналарды ауыстыру кезінде кез келген дөңгелекті алып тастағаннан және ауыстырғаннан кейін немесе шинаның зақымдануынан кейін шамамен 1000 км (600 миля) жүрістен кейін дөңгелек сомындарының тартылуын міндетті түрде тексеріңіз. Босаған сомындарды белгіленген қатайту мезетіне дейін тартыңыз.


## 11-18. Жеңіл қорытпалы дискілер

Жеңіл қорытпалы дискілер оңай жырылады және механикалық зақымға бейім. Мұндай дискілердің қауіпсіз жүруін және қалыпты пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ оларды пайдалану кезінде сыртқы түрін сақтау үшін абай болу керек.

- Шиналарды ауыстыру кезінде кез келген дөңгелекті алып тастағаннан және ауыстырғаннан кейін немесе шинаның зақымдануынан кейін шамамен 1000 км (600 миля) жүрістен кейін дөңгелек сомындарының тартылуын міндетті түрде тексеріңіз. Босаған сомындарды белгіленген қатайту мезетіне дейін тартыңыз.
- Бұрандалы бөліктерге, дөңгелек сомындарына немесе дөңгелек дискілерінің конустық бетіне ешқандай жағармай қолданбаңыз.
- Дискілердің шығып тұрған өткір заттарға немесе жиектастарға үйкелуіне жол бермеңіз.
- Сырғуға қарсы тізбектерді орнатқан кезде, оларды шиналар бойымен біркелкі таратуды қамтамасыз етіңіз, әйтпесе олар дискінің бетіне сызат түсіруі мүмкін.
- Дөңгелек сомындарын, теңгермелі жүктерді немесе күпшектердің қалпақшаларын ауыстыру кезінде міндетті түрде жеңіл қорытпалы дискілерге арналған SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін пайдаланыңыз.
- Шешіп алынған дөңгелектерді қоймаға қойған және сақтаған кезде, дискілерді сызылудан қорғау үшін араларына амортизациялық материал қойыңыз.




## 11-19. Әйнекжуғыш сұйықтығы



B01704

### Әйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы

Егер әйнекжуғыш сұйықтығы бағында сұйықтық аз ғана мөлшерде қалса, әйнекжуғыш сұйықтығы деңгейінің сигнал шамы қосылады. Бұл жағдайда әйнекжуғыш сұйықтығын келесідей толтырыңыз.



B02301

### 1 FULL белгісі

Әйнекжуғыш бағының құю мойнының қақпағын шешіңіз және сұйықтықты бактағы FULL белгісіне дейін құйыңыз.

Арнайы әйнекжуғыш сұйықтығын пайдаланыңыз. Арнайы әйнекжуғыш сұйықтығы болмаған жағдайда таза суды пайдаланыңыз.

Қыста су қатып қалған аудандарда арнайы мұз қатпайтын әйнекжуғыш сұйықтығын қолданыңыз.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Ешқашан әйнекжуғыш зат ретінде салқындату сұйықтығын пайдаланбаңыз, себебі бұл автокөліктің бояуына зақым келтіруі мүмкін.

Егер сіз әйнекжуғыш бағына концентрациясы бұрын құйылған сұйықтықтан өзгеше сұйықтық құйған болсаңыз, бак пен әйнекжуғыш форсуноктары арасындағы түтіктерді әйнекжуғышты біраз уақытқа қосу арқылы жаңа сұйықтықпен шайыңыз. Әйтпесе түтіктерде қалған сұйықтықтың концентрациясы осы сәттегі сыртқы температура кезінде қажеттіден аз болса, ол қатып қалуы және форсуноктардың қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.

### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Әйнекжуғыш сұйықтығының концентрациясын сыртқы температурамен сәйкестікке келтіріңіз. Концентрация сәйкес келмесе, алдыңғы әйнекке шашыратылған сұйықтық қатып қалып, көру мүмкіндігін шектеуі мүмкін, сондай-ақ бактың ішінде қатып қалуы мүмкін.

- Бакқа құю кезінде әйнекжуғыш сұйықтығының бөгде заттармен ластануына жол бермеңіз. Ластану ақауларға, мысалы, сорғының бітеліп қалуына әкелуі мүмкін.
- Ұспа органикалық қосылыстарға қатысты мемлекеттік немесе жергілікті нормалар алдыңғы әйнекжуғыш үшін қатпайтын сұйықтықтардың таралған компоненті — метанолды пайдалануды шектеуі мүмкін. Егер суық ауа райында бояуға, әйнектазартқыш щеткаларына немесе әйнектазартқышқа зақым келтірместен қорғауды қамтамасыз етсе ғана, метанолсыз әйнекжуғыштың мұздатпайтын сұйықтықтарын қолдану керек.

## 11-20. Әйнектазартқыш щеткаларың ауыстыру

Алдыңғы әйнекке немесе әйнектазартқыштың щеткаларына жәндіктердің, балауыздың, майдың және басқа заттардың жабысып қалуы әйнектазартқыштың біркелкі жұмыс істеуіне және әйнекте лас жолақтардың пайда болуына әкеледі. Егер әйнекжуғышпен жуғаннан кейін алдыңғы әйнекте лас жолақтар қалса немесе әйнектазартқыш біркелкі жұмыс істемесе, алдыңғы және артқы әйнектің сыртқы бетін бейтарап жуғыш зат ерітіндісінің немесе орташа абразивті тазартқыш заттың көмегімен губкамен немесе жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Алайда әйнектазартқыш щеткаларының резеңке қырғыштарын тазалау үшін жуғыш затты пайдаланбаңыз. Резеңке қырғыштарды тазалау үшін тек ысқышты немесе жұмсақ майлықты (жуғыш затсыз немесе абразивті тазартқышсыз) пайдаланыңыз. Щетканың резеңке таспасын айтарлықтай күш салып сүртсеңіз, жабынның қара құрамдас бөлігі қыртыстанып, әйнектазартқыш щеткалары дірілдеуі мүмкін. Сондай-ақ сүрткеннен кейін резеңке таспаның ажыратылған-ажыратылмағанын тексеріңіз. Әйнек пен әйнектазартқыш щеткаларының резеңке қырғыштарын тазалағаннан кейін оларды таза сумен шайыңыз. Әйнекті су әйнектің бетінде тамшы түзуді тоқтатқанша шайыңыз. Бұл әйнектің таза екенін көрсетеді.

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Әйнектазартқыштың щеткаларың бензинмен немесе еріткішпен (мысалы, бояуларға арналған

сұйылтқышпен немесе бензинмен) тазаламаңыз. Бұл әйнектазартқыш щеткаларының бұзылуына әкеледі.

- Егер сіз әйнектазартқыштың тұтқасын алдыңғы орындықтың жолаушысы жағынан көтергіңіз келсе, алдымен жүргізуші жағынан әйнектазартқыштың тұтқасын көтеріңіз. Әйтпесе әйнектазартқыштың тұтқалары жүргізуші тарапынан және алдыңғы орындықтың жолаушысы тарапынан жанасып, сызаттарға әкелуі мүмкін.
- Жүргізуші жағындағы әйнектазартқыштың тұтқасын бастапқы күйіне қайтармас бұрын, алдыңғы орындықтың жолаушысы жағынан әйнектазартқыштың тұтқасын бастапқы күйіне қайтарыңыз. Әйтпесе әйнектазартқыштың тұтқалары жүргізуші тарапынан және алдыңғы орындықтың жолаушысы тарапынан жанасып, сызаттарға әкелуі мүмкін.
- Әйнектазартқыштың көтерілген тұтқаларын қайтадан әйнекке түсіргенде, оларды қолыңызбен ұстап, ақырын төмендетіңіз. Әйнектазартқыш тұтқаларының серіппелердің әсерінен көтерілген жағдайдан қайтуы олардың деформациясына немесе алдыңғы әйнекте сызаттардың пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Әйнектазартқыштың щеткаларың әйнектазартқыштың тұтқаларынан алу кезінде, әйнектазартқыштың тұтқаларын әйнек үстіне қоймаңыз. Әйтпесе әйнектің беті жырылуы мүмкін.


Егер сіз әйнектегі жолақтарды жоғарыда көрсетілген тәсілмен шеше алмасаңыз, төменде сипатталған қадамдарды орындау арқылы әйнектазартқыштың щеткаларын ауыстырыңыз.

■ **Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасы**

**ЕСКЕРТПЕ**


Әйнектазартқыштың щеткасы алынған кезде, әйнектазартқыштың тұтқасын төмендетпеңіз.

1. Әйнектазартқыштың тұтқасын алдыңғы әйнектен алыңыз. Алдымен әйнектазартқыш тұтқасын жүргізуші жағынан, содан кейін алдыңғы жолаушы жағынан көтеріңіз.



**АБАЙЛАҢЫЗ**


Әйнектазартқыштың щеткасын оның тұтқасынан ұстап тұрып ауыстырыңыз. Егер әйнектазартқыштың щеткасын ұстап тұрсаңыз, бұл щетканың деформациясына әкелуі мүмкін.



1. Бекіткіш түйме
2. Әйнектазартқыштың щеткасын қолмен ұстап тұрып, бекіткішті ажырату үшін бекіткіш түймесін басыңыз, содан кейін жинақталған әйнектазартқыш щеткасын тартыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**


Бекіткіш түймесін басу үшін қатты затты пайдаланбаңыз. Бекіткіш түймесі жырылуы мүмкін.



3. Жинақталған әйнектазартқыш щеткасын орнатқан кезде, оны әйнектазартқыш тұтқасының байланыстырушы бөлігімен қиыстырыңыз, содан кейін орнату үшін алып тастау бағытына қарама-қарсы бағытта жылжытыңыз. Жинақталған әйнектазартқыштың щеткасын орнатқаннан кейін, байланыстырушы бөліктің толық бекітілгенін тексеріңіз.
4. Әйнектазартқыштың тұтқасын қолыңызбен ұстап тұрып, оны әйнекке баяу түсіріңіз.


■ Әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышы

Әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышын келесі тәртіппен ауыстырыңыз.




1 Кертiк

1. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышын әйнектазартқыш щеткасындағы кертiк көрiнетiндей (1), (2) және (3) сандарымен көрсетiлген кезектiлiкпен оң жағынан тартыңыз.




2. Алу үшін әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышының ұшын кертiк арқылы тартыңыз.




3. Әйнектазартқыш щеткасының жаңа резеңке қырғышын кертiкке салыңыз. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышын сәйкес келмейтiн кертiкке салмаңыз.

■ **Артқы әйнектазартқыш щеткасы**

1. Әйнектазартқыштың тұтқасын артқы әйнектен алыңыз.




2. Әйнектазартқыш щеткасын теріс бағытта бұраңыз.




3. Әйнектазартқыш щеткасын тұтқадан шығару үшін оны өзіңізге тартыңыз.


■ **Артқы әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышы**



1. Пластик ұстағыштан ажырату үшін әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышының шетінен тартыңыз.




2. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышын пластик ұстағыштан алып тастаңыз.




1. Металл бағыттауыштар
3. Егер әйнектазартқыш щеткасының жаңа резеңке қырғышы екі металл бағыттауышпен жабдықталмаса, оларды әйнектазартқыш щеткасының бұрынғы

резеңке қырғышынан алып, жаңа қырғышқа орнатыңыз.



4. Пластик ұстағыштың аяқтарын әйнектазартқыш щеткасының резеңке қырғышындағы керткітермен қиыстырыңыз және резеңке қырғышты орнына қойыңыз.



Пластик ұстағыштың ұштарында орналасқан резеңке таспаның екі ұшын бекіткіштермен мықтап бекітіңіз. Егер резеңке таспаның сенімді бекітілуі қамтамасыз етілмесе, әйнектазартқыш щеткасы артқы әйнекті жыруы мүмкін.

5. Әйнектазартқыш щеткасын әйнектазартқыш тұтқасына орнатыңыз. Оның мықтап бекітілгенін тексеріңіз.
6. Әйнектазартқыштың тұтқасын қолыңызбен ұстап тұрып, оны әйнекке баяу түсіріңіз.

## 11-21. Аккумулятор батареясы

- 12 В қосымша аккумулятор батареясы және 12 В стартерлік аккумулятор батареясы

- ▼ Аккумулятор батареясымен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары

### ▲ ЕСКЕРТУ



Осы нұсқаулармен мұқият танысыңыз

Аккумулятор батареясына қауіпсіз және тиісті күтімді қамтамасыз ету мақсатында аккумулятор батареясымен жұмыс істеу немесе оны тексеру алдында төменде келтірілген сақтық шараларымен мұқият танысып алыңыз.



Қорғаныс көзілдірігін киіңіз

Автокөлігіңіздің аккумулятор батареясына жақын жерде жұмыс істеген кезде міндетті түрде көзді қорғау құралдарын киіңіз. Электролиттің құрамында күкірт қышқылы бар, ол көзге тиген кезде көру қабілетінен айыруы мүмкін. Оған қоса, аккумулятор батареясы жеңіл тұтанғыш және өте жарылғыш сутегі газын шығарады. Газ жанған кезде міндетті түрде көзді қорғау қажет.



Электролиттің құрамында күкірт қышқылы бар

Электролитте күкірт қышқылы болғандықтан, аккумулятор батареясының күйін тексерген кезде көзді қорғайтын заттар мен қорғаныс қолғаптарын киюді ұмытпаңыз. Аккумулятор батареясын төңкермеңіз, соққылар тигізбеңіз, себебі электролит ағып кетуі мүмкін.

Ешбір жағдайда электролиттің тереңізге, көзіңізге немесе киіміңізге тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл күйіп қалуға және көру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін. Электролит шашыраған кезде тамшылары тереңізге, көзіңізге немесе киіміңізге тиген болса, оларды дереу судың көп мөлшерімен шайыңыз. Электролит шашыраған кезде тамшылары көзіңізге тисе, дереу дәрігерге көрініңіз.

Электролит ауыз қуысына, өңешке немесе асқазанға кездейсоқ түссе, дереу көп мөлшерде сүт немесе су ішіңіз, содан кейін дәрігерге көрініңіз.

Электролит — күйдіргіш сұйықтық. Электролит тамшылары автокөлігіңіздің бояласын беттеріне немесе қаптау матасына тиген кезде, оларды судың көп мөлшерімен жуыңыз.



Балалардан сақтаңыз!

Аккумулятор батареяларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын онымен жұмыс істеген кезде болатын ықтимал қауіптер туралы хабардар тұлғалар жүргізуі тиіс. Балалардың батареяға жақын болуына жол бермеу

үшін арнайы сақтық шараларын қолданыңыз. Аккумулятор батареясын дұрыс пайдаланбау көру қабілетінен айыруы және күйік шалуға әкелуі мүмкін.



Оттан қорғаңыз!

Аккумулятор батареясымен жұмысты бастамастан бұрын немесе оған жақын маңда жұмыс кезінде барлық шылымдарды, сіріңкелерді және оттықты өшіріп тастаңыз. Аккумулятор батареясының жанында электр ұшқындарының пайда болуына, сондай-ақ оның жанында тез тұтанатын заттардың болуына жол бермеңіз. Аккумулятор батареясы тез тұтанғыш және өте жарылғыш сутек шығаратындықтан, аккумулятор батареясының жанында ұшқын разрядтарының пайда болуы немесе оның жанында ашық от көздерінің болуы жарылысқа әкелуі мүмкін.

Автокөлігіңіздің аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде жұмыс жүргізген кезде оның клеммаларының (+) және (-) металл аспаптармен өзара тұйықталуына, сондай-ақ оның оң (+) клеммасының автокөлік шанағына тұйықталуына жол бермеңіз. Бұл жағдайда қысқа тұйықталу пайда болады, ол ұшқын разрядтарының пайда болуымен бірге болуы мүмкін, бұл өз кезегінде жарылысқа әкелуі мүмкін.

Аккумулятор батареясымен жұмыс істеу немесе оған жақын жерде жұмыс істеу алдында ұшқынразрядтарының пайда болуын болдырмау үшін барлық сақиналарды, қол сағаттарды және басқа

да металл әшекейлер мен аксессуарларды шешіп қойыңыз.



Жарылу қаупі бар!


Қуаттау барысында аккумулятор батареясы жеңіл тұтанғыш және өте жарылғыш сутегі газын шығарады. Жарылыстардың алдын алу үшін автокөліктің аккумулятор батареясын жақсы желдетілетін бөлмеде қуаттаңыз, сондай-ақ оның жанында жаңғыш заттардың болмауын қадағалаңыз.

## АБАЙЛАҢЫЗ

Батареяны зарядтау кезінде зарядтау тогының күші 10 А шамасынан аспауы керек, әйтпесе бұл батареяның қызмет ету мерзімін қысқартады.

## ЕСКЕРТПЕ

Аккумулятордың таусылуын болдырмау үшін электр энергиясын тұтынушыларды (мысалы, фаралар, әйнектазартқыштар, климат-контроль, орындық жылытқышы және т.б.) қозғалтқыш өшірулі күйде қажетінен ұзақ уақыт пайдаланбаңыз. Қозғалтқыш өшірілген күйде аудиожүйені, кабинаны жарықтандыруды немесе басқа электр жабдықтарын пайдаланған кезде, оталдыру жүйесінің ажыратқышы АСС күйінде болса да, аккумулятор батареясының заряды таусылады.



- 1 Қақпақ
- 2 Жоғарғы деңгей
- 3 Төменгі деңгей

Аккумулятор батареясындағы электролит деңгейін мезгіл-мезгіл тексерудің немесе тазартылған суды қосудың қажеті жоқ. Алайда электролит деңгейі төменгі деңгейден төмен болса, қақпақтарды шешіңіз. Тазартылған суды жоғарғы деңгейдегі белгіге дейін құйыңыз.

### ■ Жоғары вольтті аккумулятор батареясы

Жоғары вольтті батарея жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштан және рекуперациялық тежеу жүйесінен зарядталады. Осының арқасында жоғары вольтті батареяны сыртқы энергия көзінен зарядтаудың қажеті жоқ.

Дегенмен батареяны тиісті жағдайда ұстау үшін айына кемінде бір рет автокөлікпен кемінде 30 минут бойы жол жүріңіз. Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы қозғалмаса, батарея тоғынан айырылуы немесе батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.

## 11-22. Сақтандырғыштар


### ▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Сақтандырғышты ауыстыру кезінде жаңа сақтандырғыштың үлкен номиналға ие болуына жол бермеңіз, сонымен қатар сақтандырғыш ретінде әртүрлі қолдағы материалдарды пайдаланбаңыз, өйткені екі жағдайда да бұл үлкен зақымға немесе өртке әкелуі мүмкін.

### ЕСКЕРТПЕ


Сақтандырғыштың номиналы және ол қорғайтын тізбек сақтандырғыш блоктарының әрқайсысының қақпағының ішкі жағында көрсетілген.

Электр сымдар мен электр жабдықтардың зақымдануын болдырмау үшін электрлік шамадан тыс жүктеме кезінде сақтандырғыштардың құрылымы олардың қосқышын балқытып ерітуді қарастырады. Сақтандырғыштар екі сақтандырғыш блокқа орналасқан.






Олардың біреуі жүргізуші жағындағы алдыңғы аспаптар тақтасының астындағы қақпақтың артында орналасқан. Қақпақты ашу үшін оны өзіңізге қарай тартыңыз.



- 1 Қосалқы сақтандырғыштар
- 2 Сақтандырғышқа арналған пинцет

Басқа (негізгі сақтандырғыш блок) мотор бөлімінде орналасқан. Бұдан басқа, сақтандырғыштар блогының қақпағында қосалқы сақтандырғыштар мен сақтандырғыштарға арналған пинцет сақталады.


Сақтандырғыштың жоғарғы жағын пинцетпен қысыңыз, содан кейін оны негізгі сақтандырғыш блогынан алыңыз.



- 1 Жарамды сақтандырғыш
- 2 Күйіп кеткен сақтандырғыш

Егер шамдар, қосалқы электр жабдықтар немесе басқа электр басқару органдары жұмыс істемесе, тиісті сақтандырғыштың күйін тексеріңіз. Егер сақтандырғыш жанып кетсе, оны жаңасына ауыстырыңыз.

1. Автокөліктің барлық электр құрылғыларын өшіру үшін оталдыру құлпын OFF күйіне бұраңыз.
2. Сақтандырғыш блогының қақпағын шешіңіз.
3. Сақтандырғыштардың қайсысы күйіп кетуі мүмкін екенін анықтаңыз. Өр сақтандырғыш блоктың қақпағының артқы жағын қараңыз.



4. Сақтандырғышты арнайы сақтандырғышқа арналған пинцетпен алыңыз.
5. Сақтандырғыштың күйін тексеріңіз. Егер ол жанып кетсе, оны бірдей номиналды қосалқы сақтандырғышқа ауыстырыңыз.
6. Қандай да бір сақтандырғыштың қайта жанып кетуі осы сақтандырғыш қорғауды қамтамасыз ететін жүйедегі ақаулық туралы куәландырады. Мұндай жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

## 11-23. Қосымша жабдықты орнату

Автокөлігіңізге тұман шамдарын, сондай-ақ басқа электр жабдықтарды орнатпас бұрын, SUBARU дилерінен кеңес алуды ұсынамыз. Егер мұндай қосымша жабдықты орнату дұрыс жасалмаса немесе ол осы автокөлікке арналмаған болса, онда бұл жабдық автокөліктің электрондық жүйелерінің істен шығуына әкелуі мүмкін. Сіздің автокөлігіңізге тек түпнұсқа SUBARU қосымша жабдықтарын орнатуды ұсынамыз.

Сонымен қатар автокөлігіңізге радиоқабылдағышты орнатпас бұрын SUBARU дилерінен кеңес алуды ұсынамыз.

## 11-24. Шамдарды ауыстыру

### ⚠ ЕСКЕРТУ


Қосылып тұрған шамдар қатты қызуы мүмкін. Шамдарды ауыстыру алдында жарықты өшіріп, шамдар суығанша күте тұрыңыз, әйтпесе күйік алу қаупі бар.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Шамдарды қуаты дәл сондай жаңа шамдарға ауыстырыңыз. Қуаты өзгеше шамдарды қолданудан тұтану орын алуы мүмкін. Шамдар қуатының мәндерін «Шамдарды орнату схемасы» бөлімінен қараңыз, ☎463-6. Ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Шамның әйнек бөлігін жалаңаш қолыңызбен ұстамаңыз. Егер шамның әйнек бөлігін ұстап алмау мүмкін болмаса, шамға ылғал мен майдың түсуіне жол бермеу үшін оны таза, құрғақ шүберекпен ұстаңыз. Шамның шыны колбасындағы кез келген майдың немесе саусақтардың іздері спиртке малынған жұмсақ шүберектің көмегімен мұқият сүртілуі тиіс. Сонымен қатар шамда сызаттар пайда болса немесе құласа, ол жарылуы немесе сынуы мүмкін.


## ■ Фаралар



Жарықдиодты фаралардың сигнал шамы


Жарықдиодты фаралар дұрыс жұмыс істемеген жағдайда, жарықдиодты фаралардың сигнал шамы қосылады. Мұндай жағдайда автокөлігіңізді тексерту үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

## ■ Артқы құрама шамдар




B02275

1. Бұрауыштың көмегімен қақпақ бекіткіштерін алыңыз.




B02276

2. Бүйірлік қақпақты шешіңіз.




B02277

3. Үстіңгі және астыңғы винттерді бұрап шығарыңыз.




B02278

4. Артқы құрама шамды артқа сырғытыңыз және оны автокөліктен алыңыз.



B02279

5. Электр ағытпасын ажыратыңыз.




B02280


- 1 Артқы бұрылыс көрсеткішінің шамы.  
6. Теріс бағытта бұрап, шамның ұстағышын артқы құрама шамнан алыңыз.

## 450 Шамдарды ауыстыру

7. Шамды ұстағыштан шығарып, жаңасына ауыстырыңыз.
